



«ҒЫЛЫМИ ҚАЗЫНА»

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
«Ғылыми қазына» мақсатты бағдарламасы  
қоғамдық кеңесінің құрамы

---

ЖҰМАҒҰЛОВ Б.Т. – кеңес төрағасы, Бас редактор,  
ҚР ҰҒА академигі.

Орынханов М.Қ. – төраға орынбасары

Бйбырайым Н.М. – жауапты хатшы

Аяған Б.Ғ.

Әбжанов Х.

Әбусейітова М.Қ.

Байтанаев Б.Ә.

Еспаев С.С.


Қалижанов У.Қ.

Малбақов М.М.


Шаукенова З.К.

КЛАССИКАЛЫҚ  
ЗЕРТТЕУЛЕР

6-ТОМ



# Көне түркі әдебиеті туралы зерттеулер



Алматы 2012

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3 (5 Каз)

К 17

**Ғылыми қазына» мақсатты бағдарламасы**  
**Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қалижанов У.Қ. (төраға), Әлібекұлы А. (төрағаның орынбасары),  
Қалиева А.Қ. (жауапты хатшы), Ананьева С.В., Әзібаева Б.У., Әлбеков Т.,  
Елеуқенов Ш.Р., Ерғалиева Р.Ә., Күзембай С.Ә., Қирабаев С.С., Қонаев Д.А.,  
Қосанов С.Қ., Қорабай С.С., Мұқан А.О., Ісімақова А.С.

**Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының**  
**Ғылыми кеңесі ұсынған**

**Томды баспаға дайындағандар:**

Қосанов С. (жауапты редактор), Хаван А. (жауапты шығарушы),  
Әлібекұлы А., Тоекина Б., Құдайбергенов Н. (құрастырушылар)

**Пікір жазғандар:**

**Пірәлиева Г.** – филология ғылымдарының докторы.  
**Қалиева А.** – филология ғылымдарының кандидаты.

**К 17 Классикалық зерттеулер:** Көп томдық. – Алматы, «Әдебиет Әлемі», 2012.  
Т.6: Көне түркі әдебиеті туралы зерттеулер. – 408 бет.

**ISBN 978-601-7414-05-4**

Ғылыми жинақта қазақ әдебиет тарихының ежелгі дәуірін зерттеуде бастамашылдық танытқан бірнеше ғалымның зерттеу еңбектері топтастырылды. Атап айтқанда, Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, М.Жолдасбеков, А.Қыраубаева сынды зерттеушілердің түркі әдебиетіне қатысты ХХ ғасырдың 60-70 жылдарында жазылған ғылыми жұмыстарында ежелгі әдеби мұралардың генезисі, даму, таралу аймақтары, сюжеттік-типологиялық және көркемдік ерекшеліктері жеткілікті сараланған.

Кітап ЖОО филология факультетінің студенттері мен магистрлеріне, докторанттарға және әдебиеттанушы ғалымдарға арналған.

**УДК 821.512.122.0**


**ББК 83.3 (5Каз)**

**ISBN 978-601-7414-05-4 (Т.6)**

**ISBN 978-601-7414-00-9**

© М.О.Әуезов атындағы  
Әдебиет және өнер институты, 2012.

© «Әдебиет Әлемі» баспасы, көркемдеу, 2012.



## АЛҒЫСӨЗ

Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу, дәуірлеу мәселесі ХХ ғасырдың өн бойына созылған ұзақ дау-талас, ғылыми-әдеби және идеологиялық тартысты бастан кешіргені мәлім. Кеңестік таптық көзқарас, Компартияның солақай саясаты қазақ халқының ұлттық төл әдебиетінің төркінін ежелгі сақ-ғұн, көне түркі жазба жәдігерлерінен бастауға әу-бастан-ақ қарсы болды. Сол себепті ХХ ғасырдың 60-70 жылдарына дейін қазақ әдебиетінің тарихы арысы Бұқар жыраудан, берісі Абайдан басталады дейтін үстірт пікір үстемдік құрып келді.

Алайда, уақыт өтуімен, қоғамдық өзгерістердің орын алуымен бірге әдебиет тарихы да қайта жаңғыру, түлеу кезеңіне қадам басты. Мұндай оңды өзгерістер, әсіресе, 1957, 1959 жылдардағы әдеби пікірталастардан (дискуссия) соң, Кеңестік саясаттағы «жылымық» мезгілінде көрініс тапты. Десек те, әдебиетіміздің көне дәуірлерін зерттеу мәселесі тек өткен ғасырдың 60-жылдарының соңына қарай қолға алына бастады.

Ежелгі әдебиетіміздің тарихын толықтыру, дәуірлеу, жүйелеу, зерттеу жұмыстары көп жылғы кедергілерден бірден аттап өте қойған жоқ, бұл бағыттағы зерттеулер там-тұмдап, жекелеген ғалымдарымыздың тертөкті еңбектерінің нәтижесінде біртіндеп жолға қойылды. Бірден айта кету керек, ежелгі жазба ескерткіштерін зерттеуде академик Н.Сауранбаев, Ғ.Айдаров, І.Кеңесбаев, профессор Е.Жанпейісов, Ә.Құрышжанов, Ә.Ибатов, М.Томанов, Ж.Бектұров, М.Балақаев, С.Аманжолов, Р.Сыздықова, Б.Әбілқасымов, М.Исаев, т.б. тілші-ғалымдардың қосқан үлкен үлесі бар. Осы қатарда академик-жазушы М.Әуезов, С.Мұқанов, ғұлама, әмбебап оқымысты Ә.Марғұлан, көрнекті әдебиет және фольклор зерттеушісі Ә.Қоңыратбаев т.б. зерттеушілердің есімін ерекше атар едік. Десек те, ұлттық әдебиетіміздің ілкі кезеңдерін зерттеу мәселелеріне көп көңіл бөліп, қадім заман мұраларына алғаш мойын бұрған ғалым – көне әдебиеттің жоқшысы һәм білімпазы профессор Б.Кенжебаев екендігі еш шүбәсіз. Себебі, дәл осы зерттеуші қазақ әдебиетінің тарихын ежелгі дәуірлеуден бастау жөніндегі принципті, ғылыми тұрғыдан пайымды пікір-тұжырымдарын табанды түрде қорғай білген және іс жүзінде жүзеге асыруға белсене кіріскен бірден-бір әдебиеттанушы ретінде танылады.

Б.Кенжебаев әдебиеттану майданына сонау өткен ғасырдың 20-жылдарының соңын ала араласты. 1925 жылы «Лениншіл жас» газетінде жарық көрген «Абай» атты мақаласы дарынды ғалымның

болашағынан үлкен үміт күттіргені анық. Сол бір алмағайып уақытта Мәскеуде оқыған көзі ашық, көкірегі ояу жас жігіттің Алаш оқығандарына тілеулес болғандығы өз еңбектерінен қапысыз байқалады. Оның осы мақаласындағы «Абай – шыққан тегіне, табына қарамай халық ақыны» дейтін пікірлері де ұлы ақынның мұрасы мансұқталып жатқан тұста жасындай жалт еткен жігерлі, жосықты ойларымен назар аударған-ды. Бейсекең бұдан кейін де Абай тақырыбына қайтара соғып, бірнеше бағалы еңбектер жазғаны белгілі. Соның нәтижесі болар, 1945 жылы М.Әуезовпен бірлесіп қазақтың бас ақыны туралы орыс және қазақ тілдерінде кітап та шығарған. Жұртшылыққа мәлім, профессор Б.Кенжебаев саналы өмірінің бір бөлігін алаш ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылық мұрасын зерттеуге арнады. Бұл орайда ғалымның мұрагер шәкірті талантты әдебиеттанушы Қ. Ергөбектің: «Ғұмырлық қызығына айналдырам деп, талай мәрте өмірлік қасіретіне ұласып кете жаздаған ұлы ақын мұрасын ғалым үзіліс-үздіксіз зерттеген, әр қырынан қарастырып, қызықты, күрделі еңбектер берген»<sup>1</sup>, – деген пікірлеріне толықтай қосыламыз. Ғалымның әр жылдардағы мақалаларында Сұлтанмахмұт өлеңдерінің тілі мен көркемдік кестесі, ақынның сыншылдығы мен дүниетанымы жайында сүбелі ой, сындарлы пікірлер мол ұшырасады.

Әдебиеттанушының 40-жылдардағы бірқатар зерттеу еңбектері қазақтан шыққан алғашқы ағартушы ғалымдарымыздың бірі Ш.Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығына арналды. Атап айтқанда, зерттеушінің 1944 жылы «Әдебиет және искусство» журналында жарияланған «Кемеңгерлік кепілі» атты мақаласында Шоқан өмірінің соңғы жылдарына қатысты кейбір тарихи деректердің дұрыс-бұрыстығы тексеріліп, нақты айғақтарға сай қисынды тұжырымдар жасалғанын көреміз. Осы кездері ол алаштың тағы бір зиялы азаматы, Арқадағы алғашқы қазақ мектептерін ашқан ағартушы-ұстаз, талантты қаламгер Ыбырай Алтынсарин жайында деректі мақала жазған. Сондай-ақ 1941 жылы жарық көрген Ақмолла ақын жөніндегі зерттеу мақаласы да ХІХ ғасырда өмір сүрген әрі қазақ, татар, башқұрт халықтарына ортақ данқты шайыр хақында жазылған бағалы еңбектердің бірінен саналады. Бұдан кейін Б.Кенжебаев 20-ғасыр басындағы қазақ поэзиясы мен оның бірқатар дарынды өкілдері туралы сериялық әдеби мақалалар жариялағаны мәлім. Мұхамеджан Сералин, Әсет Найманбайұлы, Мақыш Қалтаев, Әкірам Ғалымов т.б. ақындар шығармашылығы жөнінде білдірген ойлы пікір-тұжырымдары әлі күнге маңызын жоймаған. Оның үстіне өткен ғасырдың 50-жылдарында аталған қалам иелерінің есімі қызыл саясат көленкесінде елеусіз қалғандықтан, баспасөз беттерінде де көп айтыла бермейтін. Әсіресе, Алаш баспа ісінің басында жүріп қыршын кеткен

<sup>1</sup> Тұрлаулы толғаныс //Кітапта: Б.Кенжебаев. Түрік қағанатынан бүгінге дейін. – Алматы: «Ана тілі», 2004, 7-б.



Б.Күлеев, Алтайдың арғы жағына өткен әнші Әсет, кітаби, ескішіл ақын Мақыш туралы жазу – сол кезең үшін үлкен ерлік болатын-ды.

Жоғарыда жазғанымыздай, профессор Б.Кенжебаев негізінен туған әдебиетіміздің көне дәуірлердегі тарихын зерделеуге жанын сала кірісті. Мәселен, ғалым осы тақырыптағы алғашқы мақалаларының бірінде былайша келелі ой толғайды: «Әдебиет тарихы халық тарихымен тығыз байланысты, соның бейнелі көрінісі, сурлеуі: ол қай кезде болсын халық тарихының ізімен жасалады. Демек, қазақ әдебиетінің ғылыми тарихы да қазақ халқы азаматтық тарихының ізімен жасалуы тиіс». Профессор мұнда қазақ әдебиетінің тарихын бес дәуірге бөле отырып, оның ілкі кезеңі *«Бұрынғы әдебиет(Ү-ХҮ ғасырлар арасы). Қазақ ру-тайпаларының ежелгі ру-ұлыс дәуірлеріндегі әдебиеті. Көбінесе сол замандардағы түркі ру-тайпаларымен бірге жасаған ортақ әдебиет»*<sup>2</sup> екендігін атайды. Бұдан қазақ әдебиетінің тарихын түркі қағанатының туу, қалыптасу, даму кезеңдерімен байланыстыра отырып, зерттеушінің ту бастан дұрыс бағыт ұстанғанын аңғарамыз. Ғалым қазақ халқының үнемі көшіп жүрмегенін, жартылай отырықшылық тұрмыс кешіріп, егін егіп, қалалар салып қана қоймай, кейінгі ұрпақтарға өлместей мол мәдени мұра қалдырғанын жазады. Ол әрідегі сак-ғұн жәдігерлері, түркілер дәуірінің «Күлтегін», «Тонькөк», «Білге қаған» сына жазбаларын, оғыз-қыпшақ кезеңінің «Қорқыт Ата», Оғыз-нама», Қарахандықтар тұсында туған «Диуани лұғат ит-түрки», «Құтты білік», «Диуани хикмет», Алтынорда заманында жазылған «Қисас ул-әнбия», «Кодекс куманикус» сынды көптеген жазба ескерткіштерді өзге түркі ұлыстарымен қатар қазақ халқына да ортақ рухани қазына ретінде қарастыру ләзім деп біледі. Сондай-ақ ғалымның түркі халықтары әдебиетінің тілі туралы жазған пікірлерінде де ғылыми тұрғыдан алғанда барынша дұрыс бағыт ұстанғанын көреміз. Мысалы, бір кездері бүтін Орта Азия аймағында ортақ жазба немесе кітаби тіл қызметін атқарған ескі шағатай тілі хақындағы мына пікірі сол уақыт бедеріндегі аса бағалы тұжырым болғандығына күмән келтірмейсіз: *«Қысқасы, шағатай тілі ертедегі өзбек тайпасының ғана тілі емес, Орта Азия мен Қазақстан жерлерін мекендеген көп тайпаның тілі, солардың ортақ тілі. Батыс Еуропа халықтарының бір кездегі әдеби тілі латын тілі болғаны сияқты, шағатай тілі – Орта Азия, Қазақстан жерлерін мекендеген халықтардың бір кездегі әдеби тілі»*<sup>3</sup>. Бір атап өтер нәрсе, әдебиеттанушы қай пікірін де белгілі бір дәлелге, қисынды ойға немесе мәдени-тарихи айғақтарға сүйеніп жазғандығы.

Б. Кенжебаев – ғылымдағы жетістіктерін өз шәкірттеріне үйрете білген, соңына қымбат мұра ғана емес, қабырғалы мектеп қалдырған ұлық ұстаз. Ғалым Қазақ мемлекеттік университетінің филология, журналистика факультеттерінде дәріс оқи жүріп, қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірлерін

<sup>2</sup> Кенжебаев Б. Түрік қағанатынан бүгінге дейін. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2004, 19-б.

<sup>3</sup> Сонда, 17-б.

зерттеу мақсатында бірнеше дарынды шәкірттер дайындады. Жоғарғы курс студенттері мен аспиранттарға көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеу мақсатында жеке тақырыптар ұсына отырып, оларға өзі тікелей жетекшілік жасады, қиын-қысталаңы мол түркітану – қазақтану соқпағына соны жол сілтеді. Соның нәтижесінде М.Мағауин «ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы ақын-жыраулар поэзиясы» (1967), М.Жолдасбеков «Көне түркі әдеби ескерткіштері және олардың қазақ әдебиетіне қатысы» (1969), А.Қыраубаева қыпшақ әдебиетінің жазба мұрасы «Мұхаббатнама» (1974) тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

Бұған қоса, Б.Кенжебаевтың «Қазақ әдебиетінің көне дәуірі» (1970), «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» (1973), М.Жолдасбековтің «Асыл арналар» (1986), Х.Сүйіншәлиевтің «Ғасырлар поэзиясы» (1987), А.Қыраубаеваның «Ғасырлар мұрасы» (1988), Қ.Сыдықовтың «Ақын-жыраулар» (1974), М.Мағауиннің «Қобыз сарыны» (1968) монографиясы мен «Алдаспан» (1970) атты антологиялық кітаптары жарық көрді. Сондай-ақ осы топтағы бірнеше зерттеуші атсалысқан «Ертедегі қазақ әдебиеті» (1967) хрестоматиясы да өз кезеңі үшін елеулі жаңалық болып саналды. Бұл ретте Н.Келімбетовтің ЖОО студенттеріне арнап жазылған «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі» (1986) атты оқулық кітабын да атап өткен абзал.

1960-жылдардың орта шенінде қолға алынған ежелгі әдебиет тарихын зерттеу жұмыстарына филология ғылымдарының докторы, профессор Х.Сүйіншәлиев те белсене араласқанын көреміз. Саналы ғұмырын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде ұстаздыққа арнаған ол сонымен бірге көне дәуір мұраларын зерттеуге барынша ден қойды. Еңбеккер ғалымның 1967 жылы «Қазақстан» баспасынан жарық көрген «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» атты монографиясы ұлттық әдебиетіміздің терең қатпарларына тыңнан түрен салып қана қоймай, осы бағыттағы алғашқы арнайы зерттеу еңбегі әрі қазақ әдебиетінің ерте дәуірлеріне арналған тұңғыш оқулықтың бірінен саналды. Кейіннен аталған оқу құралы толықтырылып, әлденеше рет басылым көруінің өзі ғалым еңбектерінің қаншалықты рухани сұранысқа ие болғандығын айқын аңғартса керек.

«Әдебиет тарихы еліміздің басынан кешкен ұзақ өмір сапары мен мәдени өсу кезеңдеріне байланысты баяндалуға тиісті. Сондықтан көркем сөз өнерінің даму жолын халқымыздың тарихына ұштастыра қарастыру абзал»,<sup>4</sup> – деп жазған зерттеуші атақты түркітанушы Л.Н. Гумилевтің төмендегі пікірін ғылымдағы басты ұстанымына айналдырады. Яғни: «*Өзіңнің тарихыңды жете білмей, оған деген көзқарасыңды әбден анықтап алмай тұрып мәдениетті ешқашан дамыта алмайсың*». Тырнақалды ғылыми жетістігі 1956 жылы «Абай

<sup>4</sup> Сүйіншәлиев Х. Ғасырлар поэзиясы: Зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1987, 7-б.





кара сөздерінің текстологиясы» кандидаттық диссертациясын қорғаудан басталған Х.Сүйіншәлиевтің көне әдебиет тарихы сияқты көп тер төгуді, ыждахатты, ұзақ та іргелі ізденістерді қажетсінетін, өзіндік қиыны мен құпиясы жетерлік осы салаға әжептәуір дайындықпен келгенін байқаймыз. Оның мұндай қасиеттерін хатқа түскен пайымды ой-пікірлерінен де сезіну қиын емес.

Ең алдымен зерттеуші ескі мұраны, оның ішінде көркем сөздің ерте үлгілерін тәрбие құралы ретінде пайдалану мақсаты мен сол ерте дәуір поэзиясының тарихын зерттеу міндетін ажырата білу керек деп есептейді. Оның пікірінше: «Бірыңғай бұқарашыл идеядағы қайраткерлердің өмір жолына құрылған әдебиет тарихы ешқашан өткен дәуір әдебиеті тарихын толық танытқан емес. Асылы, бұлай баяндау сыңаржақтыққа әкелер тағы бір теріс жол. Тарихты тарих деп түсіну абзал. Оның әрбір кезеңінде өмір сүрген қайраткерлердің өмір талғамы, түсініктері, қиялдауы, ой-өрістері бір емес. Озық ойлыларына қоса, қайшы пікірлерге бой ұрған өнер өкілдері де аз болған жоқ. Зерттеушінің міндеті сол шындықты бұрмаламай, орынсыз сақтыққа салынып, жалтақтамай, озық ілім тұрғысында баяндай білу. Олардың шығармаларындағы идеялық ақауды сылап-сипамай, сынап отырып, әдебиетке қосқан үлестеріне жете назар аудару».<sup>5</sup> Ғалым әдебиет тарихын көркем шығармалар мен өткен дәуір жазушыларының тізіміне айналдыруға қарсы. Өйткені, әдебиет тарихы күрделі де жанды процесс. Таратып айтқанда ол әрбір идеялық, көркемдік ағымдар мен бағыттардың, жеке топтар мен таптардың идеялық күресін, әдебиет жанры, стилі, әдістерінің есею, кемелдену, қалыптасу сатыларын, көркем сөз өнерінің даму кезеңдерін, тілдік құралдарының жетілу жолдарын, оның т.б. тарихи заңдылықтарын танытады. Бұл түйінді тұжырымдар бүгінгі әдебиет зерттеушілері мен жас жас филологтар үшін де елеуге тұрарлық ереже екендігін еске салудың еш артығы жоқ.

Профессор қазақ әдебиетінің тарихын ғылыми тұрғыдан дұрыс межелей отырып, осы пәнді жоғарғы оқу орындарында арнаулы бағдарлама бойынша оқытуды жолға қоя білген білікті ұстаз әрі зерделі ғалым ретінде танылды. Ол, әсіресе, қазақ әдебиетінің тарихын ежелгі сақ-ғұн, көне түркі дәуірінен бастауды ұсынған Б.Кенжебаевтың пікірін ақырына дейін қолдаған және оның принципті бағытын жалғастыруға бар күшін салған бірден-бір ғалым ретінде бағалануға лайық тұлға. Ғалым көне түркі жазба ескерткіштерінен бастап, «Қорқыт Ата», «Оғыз-нама», «Диуани луғат ит-түрки», «Құтадғу білік», «Ақиқат сыйы» т.б. орта ғасырлық әдебиет мұраларына арнап еңбектер жазды. Осы дәуірлерде өмір сүрген әл-Фараби, Ахмет Иасауи, Ахмет Иүгнеки, Хакім ата, Хорезми, Рабғұзи, Сәйф Сараи секілді түркі-қыпшақ қаламгерлерінің шығармашылығы хақында зерттеулер жүргізді. Соның нәтижесінде

<sup>5</sup> Бұл да сонда.

«IX-XII ғасырлардың әдеби ескерткіштері» (1978), «XV-XVII ғасырлар әдебиеті» (1972), «Орта ғасыр әдеби ескерткіштері» (1975), «XVIII ғасыр ақындары поэзиясы» (1982), «Ғасырлар поэзиясы» (1987), т.б. құнды монографияларын жарыққа шығарды.

Қазақ әдебиетінің ілкі бастаулары жайынан алғаш қалам тербеушілердің бірі – белгілі әдебиет тарихшысы, бүгінгі мәдениет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбеков екенін білеміз. Қабілетті әрі білімді жас зерттеуші 1969 жылы ұстазы профессор Б.Кенжебаевтың жетекшілігімен кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. Зерттеу жұмысының тақырыбы – «Көне түркі әдеби ескерткіштері және олардың қазақ әдебиетіне қатысы» деп аталады. Қазір айтуға оңай болғанмен, сол кезең, сол тұстағы партиялық саясат, әсіреқызыл идеологиялық көзқарас тұрғысынан қарағанда, едәуір «берік бекіністің» бірі. Қалай дегенмен, табанды жас өзіне жүктелген ауыр міндетті абыроймен орындап шықты.

Шынында да, өткен ғасырдың 70-жылдарына дейін Орхон-Енисей ескерткіштері Қазақстанда көбіне-көп тілдік жағынан ғана зерттеліп, ескі жәдігердің әдеби әлемі, көркемдік ерекшеліктері олардың қазақ әдебиетінің өткен дәуіріне, әсіресе, көне эпостар мен поэзиямызға қатыстылығы туралы арнайы зерттеу жұмыстары әлі туа қоймаған-ды. Осы орайда аталған диссертация әлгіндей олқылықтың орнын толтырарға жасалған жақсы жоралғыдай көрінді.

М.Жолдасбеков өз еңбегінде көне түркі жазба ескерткіштерінің генезисін, зерттелу тарихын, дәуір шындығы мен түркі қағанатының қалыптасу кезеңдерін ой көзімен саралайды, мәтіндердің ортақ және айырма мазмұнына салыстыра талдау жасайды, тіпті, кейде С.Е.Малов, А.М.Щербак, И.В.Стеблева сынды атақты түркітанушылардың аудармаларына түзетулер енгізеді. Иә, жас зерттеуші Орхон-Енисей ескерткіштері мәтіндерінің қазақ тіліндегі тың нұсқасын – ғылыми әрі әдеби аудармасын өзінше түзіп, ғалымдар назарына ұсынады. Сөз жоқ, бұл – ғылымға енді ғана аяқ басқан әдебиетші үшін тым батыл қадам. Мұның сыртында Орхон ескерткіштерінің жанрлық сипатына тоқталып, шығарманың стильдік қырларына назар аударады. Көне түркі жәдігерінің поэзиялық қасиеттерін, ондағы арынды эпикалық стильдің белгілерін талдай келе, мәтіндердің әдеби сипаттарына ерекше мән берген И.Стеблеваның тұжырымдарын қуаттаған зерттеуші осы пікірді алғаш қазақ топырағында айтқан қос академиктің есімін қатар атайды: «... Орхон ескерткіштерінің жанры туралы мәселені күн тәртібіне алғаш қойған ғалымдар: Мұхтар Әуезов пен Әлкей Марғұлан деп есептеліп, И.В.Стеблева болса, осы зерттеушілердің концепциясын ғылымда тұңғыш рет дәлелдеуші ретінде танылуы тиіс»<sup>6</sup>. М.Жолдасбеков бірқатар Еуропа оқымыстылары мен қазақ ғалымдарының түрлі ой-пікірлерін қорыта келе: «Сол себепті Орхон ескерткіштерін жалаң

<sup>6</sup> Жолдасбеков М. Асыл арналар. Зерттеулер.– Алматы: «Жазушы», 1990, 72-б.



тарихи фактілер тізбегі деп карамай, түркі халқының ізгі арманын, кескілескен соғысын, айбынды батырларын өзгеше әуезбен жыр еткен ерлік эпосының ең әдепкі үлгісіне жатқызу орынды»<sup>7</sup>, – деп тұжырымдайды. Автордың пікірінше, эпостың дәстүрі айрықша дамыған қазақ халқының бай мұрасы мен Орхон ескерткіштерін салыстыра зерттеудің ерекше мәні бар. Өйткені, Орхон жырларын зерттеу проблемасын жалпы әдеби процесімізден бөліп қарауға болмайды. Қайта біз халқымыздың тарихи өткенімен, рухани өсуінен мол мағлұмат беретін шығарманы терең зерттей түссек, онда бұл шығармалар эпикалық мәдениетіміздің көп сырларын ашуға мүмкіндік береді. Ғалым Орхон ескерткіштерін «Алпамыс», «Қобланды» секілді қазақ эпостарынымен салыстыра зерттей отырып, олардың мазмұны мен көркемдік құрылысынан көптеген ұқсастықтар табады, образ жасаудағы ортақ белгілерді тізбелеп көрсетеді. Эпостардағы батыр мен оның жауынгерлік серігі – тұлпар ат бейнесі жайында бірқатар сәтті мысалдар келтіреді. Ақыр соңында, «Дәлірек айтқанда, олардың бәрі де ерте дәуірдегі ерлікті дәріптеген эпикалық дәстүрдің мұралары. Айырмашылығы тек «Күлтегін» жырының тасқа басылып, ондағы шығармаға қатысты нақтылы тарихи деректердің өзгеріссіз сақталып қалғандығында»<sup>8</sup>, – деген қорытындыға келеді.

Зерттеушінің осы ғылыми еңбегіне ресми пікір жазған ғалым-жазушы М.Мағауин: «Бұдан әрі зерттеуші Орхон жазушыларының көркемдік қасиеттерін бажайлап, жан-жақты талдайды. Олардың өзіндік ерекшеліктерін, бейнелеу құралдарын, өлең құрылысын түбегейлі талдап, құнды пікірлер айтады. Жас ғалымның бұл реттегі кейбір қорытынды түйіндері бүкіл одақ түркологтарының назарын аударуы тиіс»<sup>9</sup>, – деп әріптесінің жұмысына жоғары баға береді.

Қазақтың сөз ұстаған айтулы ақындарының бірі Әбділда Тәжібаевтың төмендегі пікірлері де автор еңбегінің құндылығын қуаттай түседі: «Қазір ол кітапты іздесек, таба алмаймыз. Сондықтан аударманың екінші рет «Асыл арналарға» енгізілуі өте орынды болған. Аудармадан автордың халқымыздың байырғы ақындық тіл ньюанстарын сезінуі, жыраулық шығармашылықтың ерекшеліктерін жетік түсінуі, өлеңдік ішкі ырғақты нәзік аңғарғыштығы айқын көрініп тұр»<sup>10</sup>. Осы айтылғанның қай-қайсысы да М.Жолдасбеков зерттеулерінің қазақ әдебиеттануындағы құндылығына ұпай салары талассыз.

Көне әдебиетімізді зерттеуге өзінің аз ғұмырын толайым арнаған қазақтың аса дарынды аяулы қыздарының бірі – Алма Мүтәліпқызы Қыраубаева (1947-2001) болды. 1967 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ

<sup>7</sup> Бұл да сонда.

<sup>8</sup> Сонда, 81-бет.

<sup>9</sup> Мағауин М. Ғасырлар бедері. Әдеби зерттеулер. – Алматы: «Жазушы», 1991, 209-б.

<sup>10</sup> Тәжібаев Ә. Асыл арналарды оқығаннан кейін. Кітапта: Асыл арналар. Алматы: «Жазушы», 1990, 341-б.

Мемлекеттік университетін жаңадан бітірген жас ғалымның тырнақалды еңбегі – ортағасырлық қыпшақ ақыны Хорезмидің «Мұхаббатнама» дастанының аудармасы. Оның бұл жұмысы қазақ түркітануының қарлығашы – «Ежелгі дәуірдегі әдебиет» хрестоматиялық оқулығына енді. Міне, сол уақыттан бері қарай Алма Мүтәліпқызының ұстаздық қызметімен бірге қазақ әдебиеті тарихының көне дәуірін зерттеу бағытындағы қызығынан қиындығы мол әрі ғылымдағы жемісті жолы басталды. 1970-1973 ж.ж. аталған университеттің қазақ әдебиеті кафедрасының қабырғасында аспирантураны тәмамдаған соң, 1971 жылы ұстазы профессор Б.Кенжебаевтың жетекшілігімен «Қисас ул-Рабғұзи» мен «Мұхаббатнаманың» идеялық-көркемдік ерекшеліктері» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. Әрине, оңай болмаған. Мұны диссертант еңбегіне пікір жазған аталмыш М.Мағауин пікірі де растайды: «Мәселен, М. Жолдасбековтың жоғарыда аталған монографиясы 1969 жылы жазылып бітіп еді. А.Қыраубаеваның зерттеуі 1974 жылы талқыға түсті. Мырзатай еңбегі он жеті жыл қоймада жатса, Алманың еңбегі көпке жету үшін он төрт жыл керек болыпты»<sup>11</sup> – дейді жазушы. Бейсекең сияқты ұлағатты ұстаздың шапағатын, көне әдебиетті зерттеушілердің тауқыметі зор соқпақты жолдарын шола отырып, пікір иесінің: «Әйткенмен де, дәл қазір жазсам, қазақ әдебиеттану ғылымында Орхон ескерткіштерін тұңғыш зерттеген, қазақ сөз өнерінің тарихына қаншама жаңалық әкелген Мырзатай монографиясын ғана емес, жолының жіңішкелігіне қарамай қиынға сермеген үлкен іс тындырған Алманың еңбегін де бұдан гөрі толымдырақ бағалар едім»<sup>12</sup>, – деген ойлары да біраз жайды аңғартады. Әйтпесе, туа бітті көп нәрсеге сын көзбен қарап, көп мәселеге көңілі толмайтын жылы пікірге сараң жазушының: «Діни аңыздар жөнінде сөз болғанда оның ислам, христиан, иудей діндері төңірегіндегі ғылыми еңбектермен жақсы таныстығы аңғарылады. Ал, дүнияуи әңгімелер сөз болғанда жас зерттеушінің революцияға дейінгі қазақ әдебиетін жете танығаны, көршілес түрік халықтарының әдебиетінен де жақсы хабардар екендігі көрінеді. Осының нәтижесінде жас зерттеуші «Қисас ул-әнбия» жөнінде құнды ғылыми пікірлер айта алған»<sup>13</sup>, – деуі сол кезең үшін ғалым зерттеуіне берілген жоғары баға деп санаймыз. Зерттеушінің бұл еңбектері кейіннен «Ғасырлар мұрасы» атаумен «Мектеп» баспасында (1988) жарық көрді.

Аяулы ұстаз әрі дарынды ғалым өзінің ежелгі дәуір әдебиеті бойынша бастаған ілгері зерттеулерін үнемі жалғастырып, үлкен жетістіктерге жетті. Ғалым тоқсаныншы жылдардың материалдық қиыншылықтарына, сыр бере бастаған денсаулығына қарамастан, «Шығыстық қисса-дастандар» тақырыбындағы докторлық диссертациясын жазып бітіріп, аталған зерттеу жұмысын 1997 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

<sup>11</sup> Мағауин М. Ғасырлар бедері. Әдеби зерттеулер. – Алматы: «Жазушы», 1991, 202-б.

<sup>12</sup> Сонда, 203-б.

<sup>13</sup> Бұл да сонда, 212-б.



филология факультеті жанындағы Докторлық кеңесте сәтті қорғап шықты. Әрине, сондағы З.Қабдолов, Х.Сүйіншіалиев, Р.Бердібаев, Т.Кәкішев, Т.Қожакеев, М.Жолдасбеков секілді қазақ оқымыстылары мен алыс-жақын шетел ғалымдарының аталмыш жұмысқа берген биік бағалары және оң пікірлері – Алма Мүтәліпқызының ғылыми қарымы мен жетістіктерінің мейлінше маңыздылығын айғақтайды.

Алманың еңбекқорлығы мен ғалымдығы шәкірттерін ғана емес, алдыңғы толқын ағаларды да ерекше тәнті етеді. Бұл орайда оның ұзақ жылдар бірге қызмет істеген әріптесі, профессор Т. Кәкішевтің мына естелігі ойға оралады: «Алма Қыраубаеваны докторлық қорғап алған соң, көне түрік заманын, яғни, YI-XV ғасырлардағы ортақ мұралардың шындығын ашып беруге міндеттедік. Сол екі томдықтың ең сүбелі екінші тарауын Алма жазды. Оның негізгі арқауы кейіннен орта мектептің 8-сыныпқа арналған оқулықтың ұлы жаңалығына айналды. Өзіміздің жәреуке жадымыздағы қатып қалған көзқарасты, яғни қазақ әдебиетінің тарихы XYP ғасырдан басталады дегеннің күл-талқанын шығарып, тұңғыш рет мектепте, жас ұрпақтың санасына жеткізді, – дейді қазақ әдебиетінің бүгінгі ақсақалдарының бірі, – Алма Қыраубаеваның «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихына» жазып берген «Ежелгі түрік әдебиеті» бөлімінің әрбір тақырыпшасының өзі арнайы зерттеуді қажет ететін және күні бүгінге дейін көбіміздің тісіміз батпайтын арналар екендігін мойындауға тиістіміз. Осындай ауыр да абыройлы кезеңге Алмадан басқаларымыздың аяқ баспай қоюымыз әдебиеттану ғылымы үшін абырой емес»<sup>14</sup>. Өмірден ерте озған дарынды зерттеуші, талантты ұстаз хақында мұндай жылы лебіздерді жиі кездестіруге болады.

Сондай-ақ, А.Қыраубаева қазақ әдебиетінің сан ғасырлық тарихын жаңаша дәуірлей отырып, көне мәдени мұраларымыздың сюжеттік-типологиялық ерекшеліктерін айқындауға көп тер төкті. Алып Ер Тоңға, Тұмар патшайым, Ширақ батыр, Мөде қаған, Зарина, Тарғытай батыр сияқты бірқатар сақ-ғұн, түркі көсемдерінің өмірі туралы әдеби және фольклор туындыларын жинақтап, ғылыми айналымға шығарды. Ғалымның Орта ғасыр ақын-жазушыларының шығармаларын, «Шаһнама», «Мың бір түн», «Тотынама», «Бахтиярдың қырық бұтағы» т.б. шығыстық сюжеттерді XIX ғасырдағы қазақ шайырлары жырлаған нәзіралық қисса-дастандармен салыстыра зерттеуі өте нәтижелі әрі бағалы ғылыми жұмыстардың бірі болғандығын атап өту парыз. А.Қыраубаеваның қаламынан туған «Қисса жанрының өзіндік ерекшеліктері» (1985), «Абайдың поэмалары» (1986), «Махаббатнама» (1985), «Ғасырлар мұрасы» (1988), «Түркі әдебиеті» (1988), «Шығыстық қисса-дастандар» т.б. зерттеу еңбектері жарық көрді. Өкініштісі, Алма Мүтәліпқызы өмірден ерте озбағанда, оның қаламынан әлі де талай ойлы, салмақты зерттеулер жазылары анық еді...

<sup>14</sup> Алма апай. Естеліктер. – Алматы: «Нұрлы әлем», 2007, 12-13-бб.

Жоғарыда сөз болған ғалымдардың көптеген еңбектері бүгінгі күні де құнын жойған жоқ. Алдыңғы толқын зерттеушілердің ежелгі әдебиет тақырыбындағы үздік туындылары бүгінгі әдебиет тарихын зерттеушілері үшін де, ЖОО филология факультеттерінің студенттері мен магистрлері үшін де бірден-бір қажетті оқу құралы болып табылады. Сонымен бірге қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірлері бойынша жазылған осындай бағалы кітаптар түркітану пәніне қызығатын жалпы оқырман арасында да үлкен сұранысқа ие. 70-80 жылдары жарық көрген ғылыми еңбектердің көпшілігі бүгінде сирек басылымға айналды. Осы жайттарды ескере отырып, ҚР БҒМ Ғылым комитеті М.О.Әуезов Әдебиет және өнер институтының «Ғылыми қазына» мақсатты бағдарламасы аясында таңдаулы зерттеулер топтамасын әзірлеуді қолға алды. Осыған орай, баспаға ұсынылып отырған «Көне түркі әдебиеті туралы зерттеулер» атты ғылыми жинаққа қазақ әдебиеті тарихының ежелгі дәуірін зерттеудің өзекті мәселелері, оны шешудің әдістемелері мен басты бағыттары жан-жақты талданған зерттеулер енгізілді. Ғылыми тұрғыдан алғанда өзекті тақырыптарды қарастыратын бұл еңбектерде ежелгі әдеби мұралардың генезисі, даму, таралу аймақтары, сюжеттік-типологиялық және көркемдік ерекшеліктері жеткілікті сараланған.


Ғылыми жинақтың «Алғысөзін» жазған – түркітанушы, филология ғылымдарының кандидаты С.Қосан. Ұсынылып отырған томға филология ғылымдарының докторы, профессор **Б.Кенжебаевтың** «Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу», «Әдебиет тарихын зерттеудің кейбір мәселелері»; филология ғылымдарының докторы, профессор **Х.Сүйіншәлиевтің** «VIII-XIV ғасырдағы әдебиет», «Көне түркі жазба ескерткіштері», «Қорқыт ата кітабы», «Оғыз нама», «Диуани лұғат ит-түрки» – көне түркі поэзиясының тұңғыш жинағы», «Құтадғу білік» – даналық дастан», «Ахмет Йүгнеки» (ғылыми түсініктемелерін, қосымшаларын жазған аға ғылыми қызметкер Б.Тоекина); филология ғылымдарының докторы, профессор **М.Жолдасбековтің** «Орхон ескерткіштері (ҮІІ-ҮІІІ ғғ.), «Орхон ескерткіштерінің жанрлық сипаты», «Орхон ескерткіштері және қазақ эпосы», «Орхон ескерткішіне тән қасиеттер», «Орхон ескерткіштерінің көркемдігі» (ғылыми түсініктемелерін әзірлеген бас ғылыми қызметкер А.Әлібекұлы, қосымшаларын жазған кіші ғылыми қызметкер Н.Құдайбергенов); филология ғылымдарының докторы, профессор **А.Қыраубаеваның** «Аударма – нәзира әдебиет», «Тыңтума әдебиет. Махаббатнама», «Қисса дастандардың мифтік негіздері», «Түрік әдебиетіндегі Оянушылық және нәзира дәстүрінің тууы» (ғылыми түсініктемелерін, қосымшаларын жазған кіші ғылыми қызметкер А.Хаван) атты іргелі зерттеулері мен таңдаулы ғылыми мақалалары енді.






**Б. КЕНЖЕБАЕВ**

**ӘДЕБИЕТ  
БЕЛЕСТЕРІ**







## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫН ДӘУІРЛЕУ

Әдебиет тарихы халық тарихымен тығыз байланысты, соның бейнелі көрінісі, сүрлеуі: ол қай кезде болсын халық тарихының ізімен жасалады. Демек, қазақ әдебиетінің ғылыми тарихы да қазақ халқы азаматтық тарихының ізімен жасалуы тиіс.

Қазақ халқының құрамына енген рулар ежелден, арғы заманнан осы күнгі Орта Азияны, Қазақстанды, Орталық Азияны, шығыс-оңтүстік Сібірді, орта, төмен Еділді, Каспий жағалауларын мекендеген. Сол жерлерді ертеде мекендеген көптеген түрік, моңғол руларымен, кейін азербайжан, түрікпен, карақалпақ, өзбек, қырғыз, ұйғыр, ойрат, тува, хакас, башқұрт, татар халықтарының құрамына енген ру-тайпалармен бірге, кейде қатар жасаған. Солардың біразымен кейде жауласып, қақтығысып, соғысып; кейде одақ құрып, қыз алысып, құда болып, әскери топ жасап, анда<sup>15</sup> болып жүрген.

Біздіңше, тегі ерте уақыттарда арғы, бергі тарихтарда аталатын скиф, ғұн, қаңлы, сак, сармат, алан, қарлұқ, қазар, оғыз, куман – бәрі де есте жоқ ерте замандардан Орталық Азия мен Византия аралығын мекендеген түрік, моңғол ту-тайпаларының қай-қайсысы да болмасын үнемі бір орында, өзі әуелі мекендеген жерінде отыра бермеген. Кейде өзара жауласып, соғысу салдарынан, кейде басқа жақтан келген ру-тайпалардың, халықтардың жорығы, көшіп-қонуы салдарынан бір жерден екінші жерге, бір өлкеден екінші өлкеге ауып, мекендерін жиі өзгертіп отырған.

Әсіресе, Александр Македонскийдің жорығы, ғұндардың босқыны, арабтардың жаулап алуы, моңғолдар шабуылы, онан кейінгі түрлі жаугершіліктер әлгі өлкелер мен ру-тайпаларды әр кезде зор жойқынға ұшыратып отырды әрі әбден сапырылыстырып жіберді.

Тек осыдан деп білу қажет, тарихи деректер бойынша, мысалы, қазақ халқы болып құралған рулардың дені біздің жыл санауымыздан бұрынғы IV ғасырда Сырдарияның орта, жоғары бойын жайлаған, I ғасырда Ыссық көл төңірегін қоныстанған. Біздің жыл санауымыздың алғашқы ғасырларында Шу, Талас, Қаратау, Сарысу жағын алып жатқан; IV-VIII ғасырларда Орталық Азия мен шығыс, оңтүстік Сібірді жайлаған; X-XIV ғасырларда орта, төменгі Еділ бойын, Каспийдің шығыс, солтүстік, батыс жағлауларын мекендеген.

<sup>15</sup> Анда - әрі әскери одақ, әрі құдандалық





Қазақ ауыз әдебиетінде: «Барар жерің Балқан тау, ол да біздің барған тау» деген сөз тіркесі бар. Бұл қазақ руларының бір заманда Балқан түбегіне дейін ығысып барғандығын аңғартады. Яғни қазақ рулары басқа түрік, моңғол ру-тайпаларымен бірге ерте уақыттардан шығыс жағы Орталық Азия, батыс жағы Византия аралығын жайлаған, әр кезде сол араның әр жерінде болған. Осы күнгі Қазақстан жеріне XV ғасырдан, негізінде өз алдына халық, хандық боп құрылғаннан бастап жайғасқан.

Әлгідей әр кезде әр өңірді жайлағанынан болуға тиісті, тарихшылар арасында қазақ рулары түгелдей әуел бастан, өмірбақи көшпелі болды, тек мал шаруашылығымен ғана айналысып, үнемі жөңкіліп көшіп жүрді деген пікір, көзқарас бар. Бұл пікірді түгелдей дұрыс деуге, түбірімен қостауға болмайды.

Қазақ рулары түгелдей өмір бақи көшіп жүрмеген, ерте уақыттан жартылай көшпенді болған. Яғни, бірқатары көшпенді, бірқатары отырықшы боп өмір сүрген. Қыстақты, кентті, қалалы жерлерді мекендеген, солардың маңында тұрған. Мал өсірумен қатар, егіншілікпен де, ұсақ қолөнер кәсібімен де айналысқан. Сондай-ақ, әлеуметтік, шаруашылық тіршілігіне сай қазақ руларының әр кезде өзіндік мәдениеті де болған. Өйткені, тарихта ешқандай мәдениеті болмайтын, әртүрлі өнер, мәдени, әдеби шығарма жасамайтын адам қоғамы, ру-тайпа, халық болған емес, болмайды да.

Ертедегі қазақ рулары жөніндегі біздің бұл айтып отырғанымызды олар мекендеген, жүрген өлке-өңірлерде, Қазақстан жерінде әр кезде болған әртүрлі қалалар, кенттер, мекенді жерлер тарихы мен тарих, археология ғылымдарының бүгінгі табыстары айқын дәлелдеп отыр.

Тарихтан мәлім, ертедегі түрік, моңғол ру-тайпалары мекендеген жерлерде әр заманда әртүрлі одақ-бірлестіктер, қауым-мемлекеттер болған. Хорезм патшалығы, Қыпшақ бірлестігі («Дәшті Қыпшақ»), Алтын Орда (Ақ Орда, Көк Орда) мемлекеті, түрлі хандықтар өмір сүрген.

Кейбір тарихшылар осы одақ-бірлестіктердің, қауым-мемлекеттердің қай-қайсысы болсын бірді-екілі ру-тайпалардан құралған болатын деп түсіндіреді. Үйсін мемлекеті тек Үйсін руынан, түрік қағанаттары тек ұйғыр, ойрат, руларынан құралған еді деп жориды.

Бұл дұрыс емес. Арғы-бергі тарих мәліметтеріне қарағанда, ол одақтар мен мемлекеттердің ешқайсысы бірді-екілі ру-тайпалардан ғана құралмаған. Керісінше, қай-қайсысы болсын әлденеше ру-тайпалардан құралған, көп ру-тайпалы одақ, мемлекет болған. Айта берсек, кейбіреулері бірнеше ұлыстардан құралған. Басқа сөзбен айтқанда, аталған одақтар мен мемлекеттердің құрамында бұрынғы қазақ ру-тайпалары да болды; бірінде көпшілігі, екіншісінде азшылығы болды; солардың саясатына, соғыс, шарушылық, мәдени өміріне араласты, өз әлінше қызмет атқарды.

Қысқасы, ертедегі қазақ ру-тайпалары бұрынғы уақытта, қазақ халқы, қазақ хандығы болып құрылғанға дейін Қытай, Рим аралығындағы аймақтар мен өлкелерді мекендеген түрік, моңғол руларымен бірге, тіпті солардың құрамында тірлік еткен. Сондықтан бәрінің тарихи, қоғамдық, мәдени өмірі ұқсас болған.

Ерте кездерде Қытай, Рим арасын мекендеген көптеген ру-тайпалар, шамамен айтқанда, IX ғасырға дейін қоғамдық дамудың ру-ұлыстық сатысында болды. Соған лайық олардың тұмыс-тіршілігі, шаруашылығы, тілі, мәдениеті, әдебиеті болды.

Бірте-бірте халықтың наным-сенімі, ұғым-әдеті, салт-санасы, даналығы пайда болады; халық түрлі өнер, жазу-сызу ойлап шығарады.

Халық даналығы дегеніміз – оның ауыз әдебиеті: еңбек, шаруа, ғұрып-әдет, өлең-жырлары, жұмбақ, мақал-мәтелдері, ертекертер, аңыз-әңгімелері.

Қай халықтың болсын ауыз әдебиетіндегі төрт түлік мал, аң, құс, аңшылық, малшылық жөніндегі өлең-жырлар, тұрмыс-салт өлең жырлары осы ру-ұлыстық дәуірде, соның алғашқы кезінде туа бастайды.

Бері келе тайпа, ұлыс өзінің басынан өткендерін, бұрын-соңды болған атақты ер, батыр адамдарын әңгіме, аңыз, жыр еткен. Олардың өлісін жоқтаған, тірісін мақтаған. Осыдан аңыз-әңгімелер, ертекертер, батырлар жырлары шыққан.

Біз айтып отырған ру-пайпалардың ұлыстық дәуірдегі ондай туындылары: қиял-ғажайып ертекертер, алып батыр, Қорқыт жөніндегі аңыздар, Оғыз, Алпамыс, Күлтегін туралы дыр-дастандар деп айтуға болады.

Осы күні біз Қорқыт жөніндегі аңыздар, Оғыз, Алпамыс, Күлтегін жөніндегі жыр-дастандар қазіргі түрік текті халықтардың анасының әдебиетінде бар, мынасының әдебиетінде кездеседі; оларды бұл халықтар бірінен бірі ауысып, үйреніп алған деп түсіндіреміз. Кейде тіпті пәлен халық жасаған, басқасы сол халықтан үйренген деп дәлелдеуге тырысамыз. Біздіңше, осының бәрі бекер. Себебі, айтылған аңыздар мен жыр-дастандар түркі халықтар бірге араласып, жиі қатынасып жүрген кезде жасалған. Солардың бәріне ортақ, бәріне бірдей туынды. Сондай-ақ, түркі ру-тайпаларының ру-ұлыстық дәуірде бәріне ортақ әліппесі, жазу-сызуы болған. Олар бұрынғы ұйғыр, арамей әліппелері, Орхон-Енисей, Талас, Шу жазулары деп аталады.

Тегі тарих, археология ғылымдарының қазіргі табыстарына қарағанда, Орталық Азия мен Шығыс Еуропа аралығында жасаған ру-тайпалар біздің жыл санауымыздың V-VII ғасырларында қоғамдық тіршілігі, шаруашылығы, мәдениеті, бірталай жетілген ел болған. Халықтың біразы мал шаруашылығы, мәдениеті бірталай жетілген ел болған. Халықтың біразы мал шаруашылығымен, біразы егіншілікпен тірлік еткен. Меру,



Самаркан, Үргеніш, Бұхар, Пенжікент, Отырар, Тараз, сияқты үлкенді-кішілі қалалар, кенттер мәдениет орталықтары жасалған. Оларда керамика, тоқыма, зергерлік сияқты әртүрлі қол өнер кәсібі, астрономия, математика сияқты ғылымдар дамыған; сурет, сәулет, музыка өнерлері болған.

К.Маркс арғы замандағы гректердің әдебиеті мен өнері туралы сөз еткенде: «рулық дәуірде халықтың әдебиеті мен өнері мейлінше өркендейді; бірді-екілі халықтың әдебиеті мен өнері өзін туғызған қоғамдық құрылыстан әлдеқайда озып кетеді, – » дегенді айтады. К.Маркстің осы қорытындысына сүйеніп, сөз болып отырған дәуірде түрік, монғол, ру - тайпаларының да әдебиеті, өнері өркендеді, гректің әдебиетіндей өз дәуірінен озып кетпесе де, заманына лайық едәуір гүлденді деп айтуға әбден болады.

Арабтардың осы күнгі Орта Азия, Қазақстан жерлерін жаулап алу әрекеті ІХ ғасырдың басынан басталады. Көп жылдар бойы кескілескен соғыстар болды, арабтар жергілікті халықтарды «ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен» бағындырды. Арабтар өте қатал келді: жергілікті халықтарды, олардың бұрынғы мәдениеттерін набыт қып қырды, жойды. Әсіресе, мәдениеттерінен ешқандай жұрнақ, нұсқа қалдырмауға тырысты.

Хорезмдік ғалым **Әбурайхан әл-Беруни** (973-1048) Х ғасырдың басында жазған «Өткен буындардың ескерткіштері» атты кітабында арабтардың осы қырғын-жойқыны туралы былай деп жазады:

«Кутайба бин Муслим әл Балиқи әртүрлі тәсілмен бұрынғының бәрін таратты, жойды; Хорезмдіктердің жазу-сызуларын, кітаптарын, бумаларын өртеді; дін қызметкерлерін, аңыз-әңгімелерін білетін адамдарын, ғалымдарын түгел құртты: Хорезмдіктердің исламға дейінгі тарихы түгел көрге көмілді, оны қазір ешкім білмейді».

Сонымен бірге, арабтар жаулап алған жерлерінде өзінің мемлекеттік тәртібі – халифат орнатты; жергілікті халықтарға өзінің ислам дінін зорлап енгізді; араб тілін, араб әліппесін үйретті, араб мәдениетін таратты.

Арабтар жаулап алған кезден бастап сөз болып отырған өлкелер, халықтар, олардың әлеуметтік өмірі қоғамдық дамудың жаңа сатысына көтерілді – феодалдық қалыпқа көшті. ІХ ғасырдың аяғы мен Х ғасырдың басынан өлкенің, ондағы халықтардың шаруашылығы, мәдениеті қайтадан өркендеді. Бұл кезде оқу, білім, өнер, әдебиет – бәрі де араб тілі, араб мәдениеті ықпалында дамыды.

Осыдан бірқатар оқымыстылар осы күнге дейін Орта Азия мен Қазақстанда бұрынғы уақыттарда жасалған мәдени, әдеби үлгі-нұсқаларды арабтікі деп, жергілікті халықтардан шыққан кейбір жазушылар мен ғалымдарды араб жазушысы, араб ғалымы деп көрсетеді, түркі текті халықтарды өз мәдениеті болмаған деп кемітеді.

Дұрысында, тарихтан көріп отырмыз, X-XII ғасырларда Орта Азия мен Қазақстанда қала, кенттер өркендеген, жергілікті халықтардан талай ұлы жазушылар, ұлы ғалымдар шыққан; жергілікті ру-тайпалар өкілдері шығарған, жазған түрлі әдеби шығармалар, ғылыми еңбектер болған. Бұл жерде оларды түгел теріп отырмай, Мұхамед Хорезмиді, Әбунасыр әл-Фарабиді, Әбурайхан әл-Беруниді, Әбуғали Ибн Синаны Әбілқасым Фердоусиді, Рабғузиді, Махмут Қашқариді, Қожа Ахмет Ясауиді, Омар һаямды, Баласағұндық Жүсіпті және солардың көркем шығармалары мен ғылыми еңбектерін атасақ, біздің әлгі пікірімізді толық дәлелдей алады.

Оның үстіне, тарих мағлұматтары бойынша, Орта Азия, Қазақстан халықтарының өкілдері арабтың сол уақыттағы өз әдебиеті мен ғылымын дамытуға да араласқан. «Бағдад шаһарында мұсылман елдерінің көптеген әдебиетшілері мен ғалымдары болған, олардың басым көпшілігі Таяу Шығыс пен Орта Азиядан еді», - деп жазады, бір еңбегінде академик В.В.Бартольд.

Араб әдебиеті мен ғылымының тарихында «Әл-Сығанаки, Әл-Түркістани, Әл-Қыпшақи, Бин-Түрік» деген әдебиетшілер мен ғалымдар аттары кездеседі. Археолог А. Якубовский өзінің «Сығанақ қалдықтары» деген археологиялық еңбегінде Сығанаки деген бір ақынның Бағдатта жүріп араб тілінде өзінің туған жерін, елін, сағынып жазған мынадай өлеңін келтіреді:

*Бұл ел бұрын бейбіт, еркін ел еді,  
Білімділер мекен еткен жер еді.  
Мұнан «Ныхаяны» жазған ақын шыққан,  
Мұнан «Қидаяны» жеңілдеткен ғалым шықан.,  
Егер бізге қайта туу нәсіп болса.,  
Біз екінші рет осы Сығанақта тұрар едік<sup>16</sup>*

Рас түрік ру-тайпаларының бұл тұстағы әдебиеті араб әрпімен, араб тілінің ықпалымен жазылды. Бірақ араб әдебиеті болып кетпеді. Өздерінің ежелгі әдебиетінің жалғасы, жаңа жағдайдағы жаңаша өсіп-дамуы болды.

Түркі тайпалары мен ұлыстарының ертедегі әдеби нұсқаларынан «Оғыз-нама», «Мұхаббат-нама» деген шығармаларды зерттеген түрколог ғалым А.М.Щербак: «бұлардың алдыңғысы IX ғасырға, ұйғыр дәуіріне, екіншісі XIII ғасырға, араб, моңғол билеген дәуірге жатады. Бірақ екеуінің тілдік, әдебиеттік негізі бір. Екеуі бір әдеби дәстүрдің екі дәуірін сипаттайды» дегенді айтады<sup>17</sup>.

Көпке мәлім, Орта Азия мен Қазақстанға XIII ғасырдың басынан тағы бір шапқыншылық келеді. Ол – күншығыстан келген Шыңғысхан бастаған моңғол шапқыншылары еді. Моңғолдар Қытай, Рим аралығындағы кең-

<sup>16</sup> «Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары». жинақ, Алматы, «Қазақстан»

<sup>17</sup> А.М.Щербак: «Огуз нама», «Мухаббат нама», М., Издательство Восточной литературы, 1959, стр 5



байтақ жерлерді түгел жаулап алды. Онда үлкен мемлекет құрды, ол Алтын Орда (Ақ Орда, Көк Орда) деп аталып, үш ғасыр шамасы уақыт өмір сүрді.

Араб басқыншылары сияқты моңғол шапқыншылары да өлкенің елін, жерін әбден ойрандады. Ертедегі батырлық жырлардың сөзімен айтқанда, оның «халықтарын қан қылды, қалаларын шаң қылды»; шаруашылығын әбден күйретті, өлкенің өңін мүлде өзгертіп жіберді. Ол замандарда Орта Азия мен Қазақстанға, ондағы халықтарға қарағанда араб елінің, арабтардың мәдениеті жоғары еді, олар мәдениетті халық деп саналушы еді. Ал, моңғолдардың мәдени дәрежесі арабтарға қарағанда да, Орта Азия мен Қазақстан халықтарына қарағанда да біраз төмен болушы еді. Сондықтан моңғолдар билеп-төстеп тұрған кезде, Алтын Орда тұсында, XIII-XV ғасырлар арасында Орта Азия мен Қазақстан өлкелерінің, ондағы халықтардың мәдениеті оншалықты өркендемеді. Бұрынғы қалпына келтірілген қала-кенттер мәдениет орындары Алтын Орда ыдырағаннан кейінгі болған бірсыпыра хандар соғысы кезінде тағы қиратылды. Халықтың мәдениеті онша көтерілмеді.

\* \* \*

Қазақтың кейбір әдебиетші ғалымдары біз жоғарыда көрсеткен ертедегі әдеби, ғылыми шығармаларды, жазушылар мен ғалымдарды қазақтікі емес, қазаққа олардың тілдері түсініксіз, рухы жат дейді. Бұл дұрыс емес.

Себебі: бірінші, қай халықтың болсын ерте замандардағы алғашқы әдебиеті, жазба әдебиет нұсқалары сол халықтың бүгінгі тілінде болуы шарт емес. Кейбір халықтардың ондай әдебиетінің басқа тілді, сол халыққа осы күнде түсініксіз тілде болуы, бірақ, сол халық жерінде, сол халық өкілдері тарапынан жасалған, сол халықтың бір кездегі өмірін көрсететін әдебиет нұсқалары болуы ықтимал.

Бұған француз, орыс, белорус, украин халықтары жазба әдебиеттерінің тарихы куә бола алады. Француздың ертерек орта ғасырдағы жазба әдебиетінің басым көпшілігі француз тілінде жасалмай, латын тілінде, француз халқы үшін бөгде тілде жасалған: орыс, белорус, украин халықтары бұрынғы әдебиетінің көп нұсқалары ертедегі бұлғар тілінен өрбіген шіркеу-славян тілінде, қазіргі орыс, белорус, украин халқына түсініксіз тілде жасалған.

Екінші, көрсетілген әдеби, ғылыми шығармалардың бірқатары түрік, ұйғыр, шағатай тілдерінде, бірқатары бұрынғы түрік, шағатай, араб тілдерінде (көбірек шағатай тілінде) жасалған. Ал шағатай тілі араб, парсы сөздері араласқан, араб, парсы тілдеріндегі кітаптар стиліне түскен түрік тілі, түркі ру-тайпаларының кітаби тілі еді.

Осы күні бірқатар ғалымдар шағатай тілі жөнінде әртүрлі пікір айтады: бірі оны Орта Азия мен Қазақстанда жасалған бір тайпаның

өзбек тайпасының тілі еді дейді: енді бірі – шағатай тілі қазақ ру-тайпаларына мүлде түсініксіз тіл болған еді дейді. Мұның бәрі әбес, жаңылыс. Себебі, «Өзбек тайпасы, Өзбек хандығы тарихта XV ғасырдың жиырмасыншы жылдарында, Алтын Орда мемлекеті ыдыраған кезде пайда болды»<sup>18</sup>. Ол басқа жақтан ауып келмеді, ежелден Орта Азия мен Қазақстанды мекендеген, Алтын Орда қол астында болған көптеген түркі ру-тайпаларынан іріктеліп, бөлініп шықты.

Ал, шағатай тілі Орта Азия мен Қазақстан жерлерін мекендеген ру-тайпалардың кітаби тілі ретінде Өзбек тайпасы, Өзбек хандығы пайда болғаннан көп бұрын, аталған жерлерді арабтар жаулап алғаннан бастап жасала, қалыптаса бастаған болатын. Сол өлкелердегі ру-тайпалардың бәріне ортақ, бәріне түсінікті тіл болатын. Тіпті XI ғасырда нағыз шағатай тілінде жасалған Рабғузидің «Қисса-сұл Әнбия» деген кітабын алсақ, оның тілі сол дәуірдегі қазақтарға ғана емес, бүгінгі қазақтарға да түсінікті. Мысалы, былай болып келеді:

*«...Зұлиқаның сабыры қалмады. Бір күні Юсіпті бостанға келтірді. Айтты: Ей, Юсіп, менің көңілімде бір сөзім бар, кімсеге айта алмасмын. Сен білермусің? – деді. Юсіп: Ей, Зұлиқа, сенің көңліңдегіңді мен не білейін? – деді. Зұлиқа айтты: – Ей, Юсіп, менің көңілімде сенің сүйіклігің бар, сені бегаят сүйемін, – деді. Юсіп айтты: менің сүйгенге, өз еріңнің сүйгілі. Зұлиқа айтты: - Мен бәрі сенсіз сабыр қылмаспын, нечік қарар қылайын.»*

Және осы «Қисса-сұл-Әнбияны» XX ғасырға дейінгі, Қазан революциясынан бұрынғы хат таныған қазақтың бәрі оқыған, білген. Мысалы, әйгілі Біржан сал мен ақын Сараның айтысында Сара осы кітаптан мысал келтіре сөйлейді:

Біржан: «Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері...» деп келіп, Сараға «алдымнан шық, аттан түсір» деп әмір етеді. Сонда Сара Біржанға: «Қисса әнбиядын» оқымадың ба? Онда Адам ата Хауа анаға бұрын барған, еркектен әйелдің жолы үлкен» дегенді айтады.

Қысқасы, шағатай тілі ертедегі өзбек тайпасының ғана тілі емес, Орта Азия мен Қазақстан жерлерін мекендеген көп тайпаның тілі, солардың ортақ тілі. Батыс Еуропа халықтарының бір кездегі әдеби тілі латын тілі болғаны сияқты, шағатай тілі – Орта Азия, Қазақстан жерлерін мекендеген халықтардың бір кездегі әдеби тілі.

Бірақатар ғалымдар Қытай, Рим аралығында жасаған ру-тайпаларда сөз болып отырған замандарда шыққан жазушылар мен ғалымдарды анасы ана ру-тайпаның уәкілі, мынасы мына халықтың перзенті деп бөледі: пәлен өзбек, түген түрікпен деп жіп тағады. Бәрін дерлік қазаққа қатысы жоқ етіп шығарады. Бұл мүлде бекер.

<sup>18</sup> Б.А.Ахметов. Государство кочевых узбеков. М.,Изд «Наука», 1965, стр 5



Өйткені, алдымен, бірқатар жазушылар мен ғалымдар өздерін «Әл-Фараби», «Әл-Беруни», «Әл-Қыпшақи», «Әл-Сығанақи», «Әл-Түркістани», «Яссауи» деп атаған. Бұл олардың қазақ жерінен, қазақ жерінде әр кезде болған белгілі қала-кенттерден, қазақ руларынан шыққанын, қазаққа қатысы болғанын аңғартады.

Онан соң, мәселе қай жазушының, қай ғалымның қай ру, қай тайпадан шығуында емес, көбінше, әсіресе, оның шығармасы мен еңбегінде, өз шығармасы, еңбегін қай тілде жазғанында болуға тиісті. Мәселеге осы жағынан келсек, біз сөз етіп отырған жазушылар мен ғалымдар әрқайсысы әр ру-тайпадан шықса да, шығармалары мен еңбектерін жалпы түрік тілінде, өз тұстарындағы барлық түркі ру-тайпаларына бірдей тілде, солар бір кезде білген, түсінген, ортақ әдеби тілдерде жазды.

Сондықтан жоғарыда аталған жазу-сызуларды, жазба әдебиет нұсқаларын, әдеби шығармаларды, жазушылар мен ғалымдарды өзбек пен ұйғыр да, эзербайжан мен түрікпен де, қырғыз бен қарақалпақ та, қазақ та, өз әдебиетіміз, жазушыларымыз бен ғалымдарымыз деп иемденуіне, әдебиеттердің тарихына енгізулеріне әбден болады, солай иемденуге, қабылдауға міндетті де.

Міне, сонда еліміздегі түркі текті, түркі тілді халықтардың ертедегі әдебиеттерінің тарихы бір болып келеді. Бәрінің ертедегі әдебиеттері тарихында бір әдеби нұсқалар, шығармалар, бір жазушылар, ғалымдар қарастырылатын болады. Мұның ешбір оғаштығы жоқ.

Өткені, орыс, белорус, украин әдебиеттерінің ертедегі тарихын алсақ, олар да бір болып келеді: бір кезде бәріне ортақ, бірдей болған жазба әдебиет нұсқаларын әрқайсысы өзінің ертедегі әдебиеті деп есептеп, әрқайсысы өзінің ертедегі әдебиетінің тарихында зерттейді, тексереді.

\*\*\*

XV ғасырдың басында Алтын Орда мемлекеті ыдырады, жойылды. Оның орнына жеке-жеке шағын хандықтар құрылды. Солардың бірі **Қазақ хандығы** деп аталады. Қазақ ру-тайпалары Қазақ хандығы құрылғаннан бастап халық болып қалыптасты.

Қазақ хандығы бірде тұтас, бірде жүз-жүз болып бөлініп, XVIII ғасырдан бастап, біртіндеп Ресейге қосыла бастады. Қазақ хандығы тұсында да халық қоғамдық тұрмысына лайық, қабілеті келгенше жаңа, өз мәдениетін, әдебиетін, өзінің халықтық әдеби тілін жасады.

Қазақтың ертеден келе жатқан дәстүрлі ауыз әдебиеті, көбінесе бұрынғы әдет-ғұрыпқа, қоғамдық тірлік, шаруашылыққа байланысты әр кезде туған салт өлеңдері, кәсіп жырлары, батырлық дастандары бар еді. Осылар тағы да дамыды. Мысал ретінде айтқанда, қазақ хандығы тұсында «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын» сияқты эпостық жырлар, «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» «Қыз Жібек» секілді салт жырлары жасалды.



Сөз болып отырған дәуірде қазақтың Асан Қайғы, Мұхамед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалаири сияқты ойшылдары, тарихшылары; Сыпыра жырау, Шалғез, Қодан тайшы, Қазтуған, Доспамбет, Марқасқа, Ақтамберді, Жиенбет, Тәтіқара, Үмбетей, Шал, Бұқар сияқты ақындары мен жыраулары болған. Осыған қарағанда, бұл дәуірде көшпенділік жағдайға байланысты, қазақ халқының ауыз әдебиеті, соның ішінде эпостық, салттық жыр-дастандары, акындық, жыраулық өнері молырақ дамығаны байқалады.

Қазақ хандығы дәуірінде шығарылған көркем әдебиет туындылары көбінше бұрынғы қыпшақ диалектінде шығарылды да, жазба әдебиет нұсқалары, ғылыми еңбектер бұрынғы кітаби тілде жасалды. Осылар негізінде қазақтың әдеби тілі қалыптасты.

Қазақ халқы XIX ғасырда Ресейге қосылып болды. Ресейге қосылғаннан бастап өскен, капиталистік қалыпқа жеткен XX ғасыр басында оның жоғары сатысында – империализмге ұласқан елдің әсер-ықпалымен қазақ халқының саяси-әлеуметтік тұрмысы, шаруашылығы мен мәдениеті өзгерді.

XIX ғасырда, XX ғасырдың басында қазақ тілінде кітаптар көп басылды, газет-журналдар шығып тұрды; қазақтың жаңа оқығандары, озат идеялы орыс мәдениетінен үлгі алған адамдары Шоқан, Ыбырай, Абай, Сұлтанмахмұт, Мұхаметжан, т.б. шықты.

Бұл дәуірде қазақ халқының жаңа әдебиеті: демократияшыл, ағартушылық идеялы, сыншыл реалистік әдебиеті туып, өркендеді. Онда әдебиет жанларының жаңа түрлері, көркем проза, публицистика пайда болды. Бірді-екілі драмалық шығармалар көрінді.

Ал Қазан төңкерісінен кейін қазақ халқы қоғамдық дамудың социалистік жолына түсті. Сонымен, жинақтап айтқанда, қазақ халқының бұрын-соңды әдебиетінің тарихын былай жүйелеген дұрыс деп білеміз.

I. Бұрынғы әдебиет (V-XV ғасырлар арасы). Қазақ ру-тайпаларының ежелгі ру-ұлыс дәуірлеріндегі әдебиеті. Көбінше сол замандардағы түркі ру-тайпаларымен бірге жасаған ортақ әдебиет.

II. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет (XV-XVIII ғасыр арасы). Қазақтың өзіндік әдебиеті.

III. Қазақтың XX ғасырдағы жаңа, сыншыл реалистік әдебиеті.


IV. Қазақтың XX ғасыр басындағы (1900-1920 жылдарындағы) әдебиеті.

V. Қазақ халқының Қазан төңкерісінен кейінгі әдебиеті. Біз қазақ халқы әдебиетінің тарихын дәл осы жүйемен жасауды, оқырман көпшілікке осы жүйеде талдап, таныстыруды жөн көреміз.

*1955 жыл.*







## ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әрбір республика ғалымдары бар ғұмырымызды арнаған ғылым салаларының жетістігі мен кемшілігін сарапқа салып, екшеп отыруымыз керек. Ортаға салатын осындай толғағы жеткен мәселенің бірі – қазақ әдебиеті тарихын зерттеудің кейбір методологиялық мәселелері болса керек. Өйткені, кезінде қазақ әдебиетінің түркі халықтарына ортақ ерте дәуірі, ақын-жыраулар (XV-XVIII) поэзиясы тәп-тәуір зерттелгенімен, қазір осы кезең әдебиетіне тереңдей зерттеу орнына із қуа қайталау байқалып жүр. Біздіңше, бұл дұрыс емес, ерте дәуір әдебиетін, ақын-жыраулар поэзиясын тереңдей зерттеу, тың бетін ашу, жете тану, кейінгі ұрпаққа барынша мол таныту аса қажет-ақ.

Менің күні бүгінге дейін түсінбей келе жатқан бір мәселем - әдебиетіміздің тарихының байлығына, тереңдігіне енжарлық. Қай халықтың да азаматтық тарихы ғасырлар тереңіне жатпас па?! Ал, әр халықтың рухани мәдениетінің тарихы сол азаматтық тарихымен байланысып, сабақтасып тереңдей бермес пе?!

Тарих – біздің бабамыз. Әдебиет тарихы – көркем өнердің асыл арнасы. Ата-бабалардан қалған асыл қазынасы. Әр халық та өзінің баба тарихымен, көне мәдениет үлгілерімен мақтанатын болса керек. Сондай мұрасына мойынсұнар көне мәдениет үлгісі мол халықтың бірі – көне түркі халқы. Бізде бір жаман әдет бар. Қазақ әдебиеті – жас әдебиет деуге құмармыз. Солай деуге бейім тұрамыз. Әдебиеттің жастығы, әдебиет тарихының кенжелігі мақтаныш болмаса керек. Шын мақтанатын қасиет сонда, егерде халқымыздың рухани мәдениеті тым тереңде жатқан болса, оны қазып, аршып алып, дәлелдеп, бүгінгі жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеуге қызмет еткізе білсек.

Өзіміз зерттеп жеткізе алмай жатқанымыз болмаса – қазақ әдебиетінің тарихы да тым тереңде жатыр. Соның кейбір мәселелерін айтумен келеміз. Кейбір әдебиет нұсқаларын тарата айтқан кездеріміз де бар. Түркі халықтарының қадім заманғы, көне дәуірдегі ерлік ісі, азаматтық болмысы жайлы білгір орыс ғалымы Л.Гумилев өзінің үш томдық тарихи «Древние тюрки» аталатын трилогиясында жеткізе айтқанды. Менің білуімше, ерлікке бара-бар бұл ісін ғалым тарихи-географиялық аспектіде жалғастырып жатса керек. Бұған көне түркі халықтарының кіндігі ажырамай анда (одақ) болып бірге тіршілік кешкен кезіндегі ортақ рухани мұрасын зерттеген филолог-тюрколог ғалымдардың әр дәуір,

әр кезеңде жасаған еңбектерін қоссақ, орасан бай әдеби мұраға біз ие болмағанда, кім ие болмақ? Түркі халықтарының көне мәдениеті шет ел ғалымдарының да ұдайы назарын аударып келгені мәлім.

Түркі тектес халықтардың бір бұтағы – қазақ халқы. Көне түркі жазба ескерткіштері – рухани мұра ретінде бізге де ортақ. Қайталап айтсақ, Қазақ әдебиетінің тарихы V-VIII ғасырлардағы Орхон-Енисей ойма жазуларынан басталады. Біздің 1960-70 жылдары дәлелдеп, қол жеткізген табысымыз – осы концепция болатын. Күні ертең білімді, зиялы бір талапкер ғалым шығып, әдебиетіміздің тарихын одан әрі тереңдете түсетін болса, танданудың, тартынып, дауға айналдырудың қажеті жоқ. Диалектикалық тұрғыдан қарап, қуана, қуаттай қарсы алу жөн. Бұл – бүгінгі оқушы алдына тартылар жаңа проблема емес, ақжем болып дәлелденген аксиома.

Бір қарағанда, ешқандай таласы жоқ, тарихқа жүгінсек, өзінен-өзі түсінікті болып шыға келетін «Қазақ әдебиетінің тарихы қайдан басталады?» деген мәселе төңірегінде аға буын әдебиет зерттеушілері – біздер қыруар уақытымызды, бар өмірімізді сарп етіппіз. Қайтесің, ғылым балаңдығы. Ұлттық психологиямыздың өзгешелігі... Қазақ филологиясы ол дәуірді бастан кешірмей, зерттеу методологиясын жетілдірмей, әдебиет тарихын тереңдеп зерттеудің келесі келелі кезеңдерінен өте алмасы және белгілі. Ол кезеңдерден бұл күнде біз де өттік-ау. Енді, жүріп өткен ізімізге қарасақ, неге «Қазақ әдебиетінің тарихы қайдан басталады?» деген балаң сұрақтың төңірегінде сонша ұзақ аялдағанбыз, тарихтың өзіне жүгініп, бір ауызды, ынтымақты болып іле, ілгері неге қарыштап өсіп кетпегенбіз деп өкінемін. Өкінетін себебім, біз әлі сұрақтың төңірегінде айтысып-тартысып жүргенімізде ағайындас басқа халықтар әр дәуір мұрасын, әр дәуір ақын-жырауын, мәдени ескерткішін жеке-жеке зерттеп, жаңаша аударып, ілгерілеп-ақ кетті ғой.

Жоғарыда, ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті алпысыншы-жетпісінші жылдары тәп-тәуір зерттелді дедік. Бірақ, бұл да қиындықсыз жүзеге аса қоймаған еді. Тіпті проблеманың қойылысының өзі бірсыпыра дау туғызғаны бар. Ескіден есеп бере сөйлесек, қазақ әдебиетінің тарихын түркі халықтарына ортақ кезеңмен бастау керектігі жайлы проблеманы жиырмасыншы жылдары Сәкен Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» атты оқулығына байланысты рецензиялық мақаламда алғаш сөз арасында айтқан едім. Ол тұста ертерек болды ма, құлаққа ілінбей қалды. Сәкен ағай бұл пікіріме онша мән бермесе де: «Әлі тереңдетеміз» - деп, іш тарта ақылды жауап берді. Әдебиет дүниесі екіге жарылып, айтыс-тартыс үстінде жүргенде одан артық жауап та күту қиын еді.

Қыркыншы жылдар Қазан төңкерісіне дейінгі дәуір әдебиетін де, ақын-жазушыларын да бір өлшеммен қарап, бәрін бірдей кертартпа, бәрін бірдей феодалшыл, ұтшыл етіп шығарған сұрғылт, сұрқай мінездер



белең алды. Ол жылдары әдебиетіміздің тарихы тереңде жатыр деп айту қиын еді. Сонда да болса, қырқыншы жылдары, «Қазақ тілі мен әдебиеті» жинағында, «Социалистік Қазақстан» газеті бетінде бұл проблеманы жаңғырта айтуға тура келді. Айттық та, «күнәға» баттық. Концепцияға қарсылардан талай-талай сөз естідік...

Отан соғысы жылдарында Алматыға Санкт-Петербург, Мәскеу ғалымдары, ірі өнер қайраткерлері уақытша қоныс аударды. Ығысып келіп, жұмысын Алматыда жалғастырып жатты. Солардың бірі – ірі түрколог Сергей Ефимович Малов болатын. Біз атақты түркологпен қазақ әдебиеті кафедрасында ҚазМУ-де қызметтес жүрдік. Жарасты көңілмен сыйластық. Қазақ әдебиеті тарихына қызмет етпейін, жәрдем бермеймін деген ой түрколог ғалымда болған емес. Мына бір мәселемізге жәрдем берсеңіз дерлік хал бізде болмаған секілді.

Әйтпесе, Ташкентке қоныс аударған ғалым А.Жирмунский өзбек фольклористикасына да үлес қосып кетті ғой. Кейін С.Е.Малов Санкт-Петербургқа қайта қоныс тепті. Соңынан іздеп бардым. Үйінде болып жүрдім. Аспиранттарымды Сергей Ефимовичтің жәрдемімен Санкт-Петербургте қорғатқан қуанышты сәттерім бар. Айта кетейік, болашағынан үлкен үміт күтіп, Санкт-Петербургқа алып барған, Сергей Ефимовичпен таныстырып, сонда қорғатқан шәкірттерімнің бірі – қазіргі академик Зәки Ахметов. Көз жұмғанша Сергей Ефимовичпен арамызда ықыласты байланыс үзілген емес. Өткен күндерді еске алып отырған себебім – қазақ әдебиеті тарихын түркі халықтарына ортақ ерте дәуірден бастау керектігі жайлы пікірімді С.Е.Маловпен әр тұста жиі ақылдастым. Ол кісі қоштап, дем берумен болды. Бірде осы мәселе жөнінде ҚазМУ-дің қазақ әдебиеті кафедрасында ғылыми кеңесте баяндама жасадым. С.Е.Малов шығып сөйлеп, қолдап, бұл мәселені қазақ ғалымдары алдында тұрған күрделі проблема деді. Бірақ, әдеби проблеманың орнығуы – ғылыми ортаға байланысты ғой. Жазушы Мұхтар Әуезов пен Әлкей Марғұлан ауызекі әңгімеде қолдап жүрді. Ол кезде проблеманың шешілуіне, концепцияның орнығуына бұл аздық ететін еді.

1959 жылы «Әдеби мұра және оны зерттеу» деп аталатын үлкен ғылыми конференция болып өткені мәлім. Мұқаңа айтып, өтініп жүріп, қазақ әдебиетінің тарихын әріден бастау керектігі жайлы ойларымды ғылыми көпшілікке баяндадым, ортаға салдым. Баяндағаным бар болсын, сөзге қалдым, күлкіге ұшырадым... осы ойларымды «Қазақ әдебиеті» газеті арқылы көпшілікке ұсындым. Мақала етіп жаздым. Мақаланы басу, баспау туралы Мұқаңа жүгініпті (Мұқаңа газеттің Әбілмәжін Жұмабаев деген қызметкері мақалаңды маған әкеліп оқытып алды. Басындар дедім» деген ойын кейін маған айтқан.–Б.К.). Мұқаң қолдаса керек, қазақ әдебиетінің тарихы жайлы ой-пікір бұл жолы қатты резонанс туғызды. Қолдағандар да, қарсы дау айтқандар да өз пікірлерін

газет жүзінде білдірді. Кабинетке тығылып алып ұрысқаннан бұл дұрыс еді... Үміт сәулесі ояңғандай болды.

Енді проблемадан практикалық зерттеуге ойысу қажеттігі туды. Университеттің «Қазақ әдебиеті» кафедрасының аспиранттары мен ізденушілерін әдебиетіміздің ерте дәуірін зерттеуге жұмылдырдық. Көп жылдық қиындықты жеңе жүріп, ғалымдар диссертация қорғады. Жаңа зерттеулер дүниеге келді. Қазіргі белгілі ғалымдар Х.Сүйіншәлиев, Ә.Қоңыратбаев, М.Жолдасбеков, М.Мағауин, Қ.Сыдиықов, А.Қыраубаевалар қазақ әдебиеті тарихының ерте дәуірін бірде жинақтай, ендігі бір кезекте белгілі бір әдеби мұраның табиғатын ашқан, қазақ тіліне аударып көпшілікке осы тұста ұсынған болатын. Олардың көп жыл көз майын тауысып жасаған еңбектері халықтың қолынан түспес қымбатына айналды. Атап айту қажет болса, М.Жолдасбеков «Орхон-Енисей ескерткіштерін», А.Қыраубаева «Мұхаббат наманы» қазақ тіліне аударды, М.Мағауин XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясын жинақтап, зерттеді. Х.Сүйіншәлиев қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдерін, Ә.Қоңыратбаев ерте дәуір әдебиеті мен қазақ фольклорының арақатынасын зерттеді. Мен аталмыш ғалымдарға жетекшілік ете жүріп, кейін «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» аталатын кітабыма енген көптеген зерттеулерімді жүргіздім. Мақалалар жаздым. Міне, осылайша, қазақ әдебиетінің ерте дәуірі алпысыншы жылдардың ортасында ғылыми тұрғыдан негізделді. Даулы мәселенің басы ашылып, жоғары оқу орындары үшін оқу бағдарламалары, оқу құралдары жарық көрді. Студенттер әдебиет тарихының тамыры тереңде жатқанына көз жеткізіп, ұядан ұшты. Азғантай ғалымдар бейтарап қалғанымен, халық өз тарихына енжар қарай алмайды екен. Халық алдында әдебиетіміздің көне дәуірін ғылыми негіздеген кім? Жасырары жоқ, ҚазМУ-дің қазақ әдебиеті кафедрасының ғалымдары.

Қазақ әдебиетінің көне дәуірін зерттеуге біз өзбек ғалымдарынан сәл кейіндеу, іле-шала кіріскен болатынбыз. Ал, татар, әзербайжан, башқұрт, қарақалпақ ағайындар бұл мәселеде бізден кейінірек қамданды. Осы тұста тағы бір мәселені айта кетейін. Қарындас қарақалпақ ғалымдары ерте дәуір әдебиетін зерттеуді бізден, қазақ ғалымдарынан көріп, біліп кірісті. Қарақалпақстаннан Мәмбетов деген жігіт маған хат жазды. Сіздің шәкіртіңіз Мұхтар Мағауин қарақалпақ жырауларын қазақ әдебиеті тарихына енгізіп, тексеріпті, мұнысы қалай? – дейді. Мен оған кезең ақын-жырауларының көбі қазақ – қарақалпақ халықтарына ортақ екенін, Сырдария, Әмудария бойын сағалай көшіп жүрген бауырлас екі халықтың көп жағдайда бір-бірінен енші алыспағанын, сондықтан бұл мәселенің бауырлас екі әдебиетке ортақ қарастырылуы қажеттігін түсіндіріп хат жаздым. Сөйтіп, М.Мағауин зерттеген кезеңнен ол жігіт кейін каидаттық диссертация қорғады. Шығарған еңбегін маған



ұдайы жолдап отырды. Қазір өз әдебиетінің тарихын одан әрі тереңдете зерттеуге кірісті.

Сол секілді, жоғарыда айтқан әзербайжан, татар, башқұрт ғалымдары да кеш бастаса да, бұл мәселеде қазір бізден көп ілгерілеп кетті. Олардың ғылым академиясы институттары, ғылыми қызметкерлері көне ескерткіштерді өз тілдеріне аударып, жариялау ісін жедел қолға алды. Ал, қазақ әдебиеттану ғылымындағы жағдай қандай? Бұл салада да өсу жоқ емес. Бірақ батылдық пен іскерлік жетіспейді. Оның үстіне, Қазақстан Ғылым академиясы, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының әдебиет тарихын зерттейтін бөлімінің жұмыс бағыты бізді қуандыра алмайды. Қанағаттандырмайды. Олар көп жыл бойы әдебиет тарихы жайлы жаңа концепцияны мойындағысы келмей жүрді. Кейін ол концепция қарапайым оқушының өзіне мәлім және қонымды болған соң шетпұшпақтап іске кіріскен болды. Бірақ олар бұл мәселені тың арнаға бастау орнына ҚазМУ ғалымдары атқарып өткен істерді қайталаумен келеді. Көне әдеби ескерткіштерді қазіргі түсінікті тілімізге аударып, солар туралы қозғау, жаңа зерттеу жүргізу орнына ғалымдар зерттеп өткен шаруаларды өңін айналдыра қайталап жүр. Алпысыншы жылдардың басында-ақ қазақ әдебиетінің тарихын түркі халықтарына ортақ кезеңдерден бастау керектігі жайлы бітім-бәтуаға келгендей болғанбыз. Өкінішке қарай, сол жылдары жарық көрген алты кітаптан тұратын үш томдық «Қазақ әдебиетінің тарихында» - «Қазақ әдебиетінің тарихын Бұхардан бері қарай зерттейміз» (2 том, I кітап, 29-бет) деген қате пікір қайталап айтылды. 1979-1980 жылдары жарық көрген «История казахской литературы» үш томдығының екінші томында да осы пікір тағы үстемдік алды.

Әлі күнге дейін көптеген ғалымдар осы қате концепцияны ұмыта алмай келеді. Егер ол концепция әдебиетімізге жеміс беретін болса, әдебиетіміздің тарихын тереңдетуге септесетін болса, осы мен-ақ райымнан қайтып, қазақ әдебиеті тарихын Бұхар жыраудан бастау керек деген пікірге қосылар едім. Бірақ ол концепциядан әдебиетімізге ешқандай пайда жоқ қой. Ешкімді ешкіммен қарама-қарсы қойып, тартысқа салудың қажеті жоқ, әлбетте. Уақыт өтті. Жаңа іс бастауымыз керек емес пе?! Ал, бізде қазақ әдебиетінің ерте дәуіріне, оның бастапқы зерттеушілеріне енжер қараушылық, оларға теріс түсінік беруге әуестік әлі күнге етек алуда. Соңғы жылдарға дейін Қазақстан Ғылым Академиясы, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, әдебиет тарихы бөлімі тартыншақтап, бұл мәселеге бармай келген болатын. Енді атсалысып «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы» (1982 ж), «Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті» (1983 ж) деген жинақтарды жарыққа шығарды. Бөлім меңгерушісі Әнуар Дербісәлин «Көне әдебиет және оның зерттелуі» деп аталатын мақала жариялады. Жоғарыдағы жинақтарға кіріспе сөз жазды.

Игілікті іс екен, әдебиет тарихына бетбұрыс болды ғой деп оқып қарасаңыз, әлі жаға ұстасудан, біреумен-біреуді айтыстырар даушыкеш пікір туғызу, жұрттың намысына тиюден тиылмағанын ғана аңғарсың. Өкінішті жай бұл. Уақытында қазақ әдебиеті тарихы үшін айтыстық-тартыстық. Бәрі де өтті. Сол кезде де біз әдебиет мүддесін, халық тілегін пендешіліктен жоғары қоя білдік. Енді әруақпен айтысу менің ойымда жоқ, айтыстыруды сендер ойламаңдар.

Жоғарыда аталған еңбектерді жазған авторлар коллективі ғылыми этикаға жат мінез көрсетеді. Олар біздің көне дәуір әдебиеті жайлы концепциямызға қосылатын да секілді, қосылмайтын да секілді. Олар өте қиын жағдайда жасалған ерте дәуір әдебиетін зерттеушілер еңбегін мүлде көргісі, мойындағысы келмейді. Бұл салада ештеңе істелмеген еді, соған енді біз кірісіп жатырмыз деп әдейі шапқа түртеді. Екі ұшты пікір айтып, оқушыны әдейі адастыруға тырысатын секілді.

Ғылымның мәні сонда, өзіне дейінгі істелген істі объективті көзқараспен екшеп, барын бар, кемшілігін кемшілік деп атап айтып отыру шарт. Әдебиет тарихы жайлы зерттеу жүргізетін жолдастардың бір кезде бұл мәселеге мұрындық болған ҚазМУ оқымыстыларын атағысы келмеуі, атай қалса, кекетінді көзқараста болуы тіпті ұнамсыз-ақ.

ҚазМУ демекші, осы қара шаңырақ оқу орнындағы әдебиет тарихын зерттеушілер тобының халі нешік? Олардың үндері бәсең? Одақтық «Вопросы литературы» (1968, 6-кітабы) жоғары бағаланған «Ертедегі әдебиет нұсқалары» (1967 ж) атты хрестоматияны шығарған, ерте дәуір әдебиеті тарихын пән ретінде негіздеген ҚазМУ зерттеушілері емес пе еді? Ол аз десек, Сүйіншәлиев, Мағауин, Сыдиықов, Жолдасбеков, Қыраубаевалар алды монография, оқулық, оқу құралы, соңы көптеген мақала-зерттеулер жүргізген жоқ па еді? Солайы солай. Бәрі де рас. Баршасы шындық. Халқымызға қажетті зәру еңбектердің алғашқы авторлары да осылар. Халыққа өзінің әдебиетінің терең тамырларын көрсетіп, насихаттаушылар – осылар. Әйтсе де, университет ғалым-оқытушылары еңбектерін жариялауда қағажу көріп келе жатқанын жасырмайық. Көпшілік авторлар дайындаған «Ерте дәуір әдебиеті» оқулығы, Ә.Қоңыратбаевтың «Қазақ эпостарының көне көріністері», М.Жолдасбековтың «Тастар сөйлейді» (Орхон-Енисей ескерткіштері жайлы), А.Қыраубаеваның «Махаббат нама», «Қиса-сұл әнбия», Ш.Ыбыраевтың «Қорқыт ата кітабының поэтикасы», т.б. жолдастардың жаңа монографиялық зерттеулері талапқа сай келетіндігіне қарамастан, сырмінез емес дәуір, көпшілікке түсініксіз тілде жасалған әдеби мұра жайында деген сылтау, себептермен жарыққа шықпай келеді. Еткен еңбектері еленіп, ілтипат көрсетілмегендіктен, маңдайы тасқа соғылғандай болған ғалымдардың алды қазір бұрынғы тақырыптарын өзгерту қамында жүр... Көне ескерткіштерді оқи алатын ендігі бір буын



мамандар – А.Қыраубаева, Ш.Ыбыраев, Б.Сағындықов, Ә.Керімов секілді жас зерттеушілер алғы буынға қарап көбірек алаңдайды. Ертедегі әдебиет ескерткіштерін зерттеуге машықтанған, аударып, еңбек сіңірген бұл ғалымдарды мамандығынан қашыртқанда ғылымға нендей пайда түседі? Әдебиетіміздің тарихын сырттан басқа біреу келіп зерттеп бере ме? Ойланайық жолдастар. Тым кеш болып қалмай тұрғанда ойланайық.

Ғалымдар Қ.Өмірәлиев пен М.Мырзахметов «Қазақ әдебиеті» (16 сентябрь, 1983 жыл) газеті бетінде «Қазақ филологиясының актуальды проблемалары» деп аталатын мақала жариялады. Ерте дәуір әдебиетін зерттеу, кадрларын даярлау жайлы орынды ойлар айтылды. Олардың игі пікірін, негізінен, қолдауымыз қажет. Әсіресе, Қазақстан Ғылым Академиясының М.О.Әуезов атындағы әдебиет институты коллективі осы мақаладағы ойларды дұрыс қабылдаса екен деп ойлаймын. Ерте дәуір әдеби мұраларын әдебиет пен тіл мамандары тізе қосып, ынтымақтасып зерттесе, жемісті болмақ. Аталған қос автордың ойын қолдай отырып, жоғарыда аталған мақаладағы ауызды қу шөппен сүртіп, көне әдебиет жайлы ілкі зерттеулерді жоққа шығаруын, әдебиет тарихын жүйелеуді көрмегендігін де ескерте кету жөн. Өзіне дейін жасалған еңбекті көрмегенсу мәдениеттілік емес. Бұл мақала да түбі бөстекі сөз, дауға бастайтын пікір болып қалмай, ынтымақпен, ойласып шешетін, мәселемізге айналса дейміз. Сөз әдебиет тарихын зерттеудің методологиясына ойысты. Расында, бұл да ойланарлық мәселеміз.

Аға буын әдебиетшілер – біздер мәселенің қойылуы, кейбір ескерткіштерді жеке талдау, шола түсіндіру, жинақтау, оқулық, оқу құралын шығарумен шектелдік. Қазіргі әдеби процесс үшін біз істеген істі қайталау жаңалық та, қызықты да емес. Ерте дәуір әдебиетін біздің ізімізбен ғана зерттеу енді қанағаттандырмайды. Қазір әдебиет тарихын зерттеу методологиясы жетілген. Көп жағдайда бізге аға буын орыс әдебиет зерттеушілерінің еңбектері бағыт-бағдар, үлгі бола алады. Академик Д.С.Лихачев бастаған орыс әдебиеті тарихын зерттеушілер қазір әдебиет тарихын славян халықтарына ортақ эпистолярлық жазба, патша, әкімшілік жарлығынан бастап отыр. Соларды зерттеу арқылы әдебиетінің тарихын байытып отыр. Соларды зерттеу арқылы бір кезгі орыс халқының іс-әрекеті, тұрмыс-тіршілігі, психологиясына барлау жасау үстінде. Және осының баршасын жалаң ұран, айқай түрінде емес, жетілген ғылыми әдіс, тәсілдермен жүргізуде. Көне жазбалар жанрлық, стильлік тұрғыдан қарастырылуда. Әр дәуірдің ойлау жүйесі, соған орай тілдік ерекшелігі деген мәселелер қабындас, ынғайлас қойылып, біртұтас байланыста зерттелуде.

Әлі күнге, қазақ әдебиетінің тарихы қайдан басталады, көне дәуір әдебиетін зерттеу қажет пе, жоқ па деген ескі әңгімені көңірісіте бергенше, бізге де осындай елдік, ерлік істерге кірісетін кез келген секілді.



Жоғарыда аталған үш том, алты кітаптық «Қазақ әдебиетінің тарихын» да қайта жазатын уақыт жетті. Қате көзқарас, ескі концепция бойынша орындалған әдебиет тарихымен кейінгі ұрпақ бетіне қалай қараймыз? Қатемізді түзеп, жетілген методологиялық тәсілмен жазғанымыз дұрыс. Содан кейін Қазақстан Ғылым Академиясы ғалымдары университет зерттеуші-мамандарымен тізе қоса отырып (бірін-бірі қайталамас үшін), жетілген методологияны меңгеріп, маңызды зерттеуге кіріссе, «Ғылым» баспасы Академияда қызмет атқармайтындығына карамастан, ҚазМУ оқытушы-ғалымдарының еңбектерін басып шығаруға ниет етсе, дұрыс болмақ. Өзге баспалар да осы мәселенің жайына жәрдемдесіп, қол ұшын берсе, нұр үстіне нұр. Қазақ әдебиетінің тарихы кім-кімге де ортақ. Оны зерттеу ортақ мүдде тұрғысынан жүзеге асырылуы керек. Ортақ мүдде тұрғысынан табылу ынтымақты тілейді.

Сонда баба-тарихтың алдындағы міндет-парызымызды абыроймен атқарар едік. Жұрттың жүзіне тік қарай алар едік. Осындай келелі, маңызды істер тындыруға жұмылайық. Іске сәт, достар.

*1984 жыл.*









**М. ЖОЛДАСБЕКОВ**

# **Жазба әдебиет бастаулары**





## ОРХОН ЕСКЕРТКІШТЕРІ

(VII—VIII ғ. ғ.)

Қазіргі Орта Азия, Қазақстан, Сібір жерлерін аралаған жиһангер әсем қалаларын, зәулім заводтарын, алып фабрикаларын қызықтап-тамашалары сөзсіз. Сонымен бірге бұл өлкелерден қол қусырып мүлгіген жансыз, меңіреу балбал тастарға да, опат соғыстардан қирап жер астына түскен ескі қалалардың жал-жал көмескі қорғандарына да, сол бір жойқын бүліншіліктерге төтеп берген сәулет өнерінің не бір ғажап ескерткіштеріне де көз тоқтатып, тарих түбіне ой жіберіп өтері де ақиқат.

Сол көне ескерткіштерге, шексіз сахарада мүлгіп қалған меңіреу тастарға бүгінде тіл бітіп, іргелі ел болып қанат жайған түрк халықтарының бақытты ұрпағына тарих шежіресін баян етуде.

Бір кездерде сақтар жайлаған, гундер шарлаған кең атырапты заманымыздың VI—VIII ғасырлары арасында үш жүз жыл бойы ұзын найзалы, жарау атты түркілер еркін билеген. Бертінде Дешті Қыпшақ аталған, моңғолдар ат тұяғына таптатқан бұл өлкені ежелден-ақ қазіргі түрк тілдес халықтардың түпкі төркіні болып табылатын көк түркілер мекен етуші еді.

Әрбір дәуірдің елеулі, кезеңді оқиғаларын заманының белгілі ақын-жазушылары дастан-жырларға, ойшылдары тарих-шежіреге айналдырып, шеберлер сәулет өнерінде бейнелеп қалдырған ғой.

Тек түрк халықтары мәдениетінің ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзі мәдениетінің тарихында елеулі орын алатын ондай ескерткіштердің мәні өте зор. Сондай құнды рухани мұралардың қазақ жерінде де көптеп жасалғандығы біздің халқымыз үшін үлкен мақтаныш.

Біздің ендігі әңгімеміз ежелгі мәдениет ескерткіштерінің ең бір кереметі, бүкіл әлемге әйгілі болған ақын тас, жыршы тас — Орхон ескерткіштері (VIII ғ.) жайында, Білге Қағанға, Күлтегінге, Тоныкөкке арналған құлпытастағы жазулар жайында болмақ.

Бұл ескерткіштер Селенга, Орхон өзендерінің бойынан табылған<sup>19</sup>. Көздің жасымен, жүректің қанымен құлпытастарға қашалып тұрып

<sup>19</sup> Тасқа қашалып жазылған жазуларды ғылымда руналық жазулар деп атайды. Мұндай жазбалар, таңбалы тастар Қазақстан жерінен көптеп табылған. Солардың ең көлемдісі — Талас ескерткіші.



жазылып, қаймағы бұзылмай бізге жеткен осы бір ғажайып руналық жазулардан кейде жоқтау, кейде мадақтау ыңғайында айтылған шешендік сөздердің, өлеңдік ұйқастардың, мақалды тіркестердің не бір көне үлгілерін көреміз.

Онда VIII ғасырдың іргелі мемлекеті — Түрк қағанатының құрамындағы толып жатқан рулардың өзара есепсіз жауласуы, сабылған жорықтары мен соғыстары суреттеледі. Бұл ескерткіштердің басты кейіпкерлері хандар, бектер, тектілер болғанмен, біз олардан неше түрлі қанау-тонауды көрген, азап-мехнат шеккен бұқара халықтың аянышты өмірін суреттеу талабын да анық көреміз.

Текстологиялық жағынан жан-жақты зерттелген бұл ескерткіштердің жанры жайындағы мәселе күн тәртібіне беріректе ғана қойыла бастады, сондықтан да ғылымда пікір таласы әлі өте көп.

Орхон жазбаларын кейбір зерттеушілер тарихи деректер жиынтығына жатқыза, енді біразы оларды тарихи ерлік жыры деп тануда. Қалай дегенде де өте ертеде жасалған бұл ескерткіштердің түрк халықтары тарихынан, мәдениеті мен әдебиетінен, ой-санасынан, әдет-ғұрпынан, дәстүрінен құнды деректер беретін бағалы мұра екендігі даусыз. Біз олардың қазақ әдебиетіне қатысы жағын сөз еттік. Бұл ретте өз ойларымызды, пікір-тұжырымдарымызды ашық айтуды, ортаға салып отыруды жөн көрдік.

Мәселен, Орхон жазбаларының жанрлық табиғаты, құрылыс-ерекшелігі деген мәселеге өзге ғалымдардан біз басқаша қараймыз.

Сөз болғалы отырған ескерткіштердің авторлары да анықталған жоқ. Біздіңше олар — Иоллығ-тегін мен Тоныкөк.

Халқымыздың ерекше дамыған жыраулық дәстүрін қалыптастыруда бұл тәрізді көне ойшылдардың, ең ежелгі ақын-жыраулардың белгілі дәрежеде роль атқарғандығы сөзсіз. Ал, есімдері тарихта сақталмаған, байтақ мұра тудырған ақын-жыраулар қаншама?

Орхон ескерткіштерінің өте ерте замандарда туғандығын ескеріп және де оқушыға түсініктірек болу үшін, бұл шығармаларды таныстырудан, талдаудан бұрын, әуелі сол ескерткіштерді тудырған дәуір мен ондағы тарихи деректерге тоқталайық.

### **Орхон ескерткіштері туған дәуір, ондағы тарихи шындық**

Тарихтан жиі ұшырасатын Скиф (Сақ), Үйсін, Қаңғы (Қаңлы), Дулат, Оғыз, Қыпшақ — бәрі де Сібірді, Қазақстанды, Орта Азияны, Орта-Төменгі Еділді, Каспий жағалауларын сонау ерте замандардан-ақ мекендеген түрк-моңғол руларының әр кездегі ру-ұлыстық, түрлі бірлестік аттары еді.

Заманымыздың V ғасырынан бастап бұл өңірлерде әлгі аталған

бірлестік-мемлекеттердің негізінде түрк халқы қоғамдасып, соның негізінде Түрк қағанаты орнады. Бүгінде түрк халықтары деп аталатын қазіргі әзербайжан, түркмен, қырғыз, қазақ, өзбек, қарақалпақ, башқұрт, татар, алтай, хақас, ұйғыр, чуваш, ойрат, тува халықтары осы Түрк қағанатына топтасқан ру-тайпалар негізінде қалыптасқан.

Түрк халқын әдетте хан басқарған. Ханның Ордасы болған. Ордада ханмен бірге әр уақытта ақылшы жырау тұрған. Ханнан кейінгі басшыны — жабғы (бас уәзір), ханның өз мұрагерін — тегін деп атаған. Ал дулаттар (дулу) билеген Батыс Қағанатында ханнан кейінгі дәреже жора деп аталған.

Әскери демократияға негізделген түрк қоғамында халық: бек (ақсүйек), қара будун (бұқара), құл, күң деп жіктелген.

Күші жағынан да, мекені жағынан да заманының іргелі мемлекеті болған Түрк қағанатының тарихы V ғасырда Хундардан қашып шығып, Алтай тауының түстігіне қоныс тепкен Ашындардан басталады.

Тарихи деректерге қарағанда, Ашындар көшіп келген Алтай тауын ол кезде өздерін түркпіз деп есептеген қаңлылар, қыпшақтар, телістер, қырғыздар, байырқылар, басмалдар, құрықандар, отыз татарлар, ізгілдер, едіздер, қарлұқтар, кеңгерестер, дулаттар, үйсіндер, сол сияқты бертінде түрк халықтарының негізін құрған басқа да көптеген дала тайпалары мекендеген.

V ғасырдан бастап осы аталған рулардың бәріне түсінікті, ортақ түрк тілі қалыптаса бастайды.

Бүкіл Сібірді, қазіргі Қазақстан мен Орта Азияны түгел жайлаған «ұзын найзалы, жарау атты» түрктер үш ғасыр (VI—VII—VIII ғ.ғ.) бойы кең далада адам айтқысыз алапат, жойқын соғыстарды басынан кешкен.

Түрк халықтарының бірлесуін тарихшылар Бумын қаған үстемдік еткен 545 жылдан санайды.

Бумын — саясатқа мықты, айлакер адам болса керек. 551 жылы өзімен көршілес жужандарды талқандап, көшпелілердің арасында даңқы асқан ол Елханы деген атқа ие болады. Бумын қайтыс болған соң, таққа бірінен кейін бірі қатарынан оның үш ұлы отырады. Солардың ішінен тарихта *Муганханның* есімі ерекше аталады. Ол өзімен көршілес жужандарды, татабыларды, қидандарды түгел бағындырды.

Түрктердің жойқын соғыстарының біразы Бумын ханның інісі Естеми (Есті-ми, ақылды деген мағынада) ханның атымен сабақтасады. Ол — Бумынның тірісінде-ақ қол басқарып көзге түскен, ханның жабғысы (уәзірі) болған адам. Естеми Батыс жорықтарын басқарған. 555 жылы Шаш (Ташкент) қаласын, Жейхун (Амудария), Інжу (Сырдария) өзендерін қаратып, Арал теңізіне дейін жеткен. Осымен Естеми жорығы тәмамдалады.

VI ғасырдың 80 жылдары хан тұқымдарының арасында дау-



жанжал өршіп, соның салдарынан Түрк қағанаты Батыс және Шығыс қағанаты болып екіге бөлінеді. Жетісу өңіріндегі, Шу бойындағы, Еділдің төменгі, Ертіс, Есіл өзендерінің жоғарғы сағасындағы өзара жауласып, әбден титықтаған түрк рулары Батыс қағанаттың құрамына енеді.

Батыс қағанаттың құрамына енген рулардың ішіндегі ең бастылары Дулу (дулаттар) одағы мен Шу, Талас, Ыстықкөл маңындағы нушебилер (үйсіндер) еді. Дулаттар мен нушебилердің әрқайсысы дербес бес рудан тұрса керек. Батыс қағанатын кейде «он ру» немесе «он оқ»<sup>20</sup> халқы деп атайтыны да сондықтан.

604 жылы Батыс қағанат құлайды. 635 жылы дулаттың бес руы, нушебидің бес руы бөлініп, өз араларынан бек сайлап, биліктің белгісі ретінде оларға оқ береді. «Он оқ түрк» деген сөз содан қалған. Дулаттар мен нушебилердің шекарасы ретінде Шу өзені белгіленеді.

Қолдарына билік тимеген қарлық, яғма, қыпшақ, басмал тәрізді ру басылары жаңа тәртіпке көне қоймайды да, өршіген наразылық ақыры *Шұбар Төліс* басқарған он оқ ордасына қарсы көтеріліске ұласады. Шұбар Төліс хан төңірегіндегі достарымен қашып, Ферғанаға жетіп, 639 жылы дүние салады. Ал жауласқан екі жақ бітім жасап, Іле өзенінің екі бетін бекініс етеді.

Іле өзенінен бастап Сібір тайгасына дейінгі аралықты жайлаған батыс түрк руларының басына 641 жылы Үкі шад таққа отырады. Олардың құрамына Жоңғариядағы басмалдар, Алтайдағы қыпшақтар, Минусинск ойпатындағы қырғыздар, Енисей, Тарбағатайдағы басқа да көптеген тайпалар енеді.

Үкі шад Жетісудың оңтүстігінде дулаттармен жойқын соғыс жасайды. Бірақ дулаттардан жеңілген ол қашып Байшынху (ертеректе Исфиджаб, бертінде Сайрам аталған қала, Шымкенттің шығысында) қаласына жасырынады. Бұл жерден қол жинап, қайта шабуыл жасайды. Бірақ жауынгерлікпен атағы шыққан дулаттар батыс ашын руларының бірінен шыққан Халлығы (лақап аты, оның шын аты тарихта сақталмаған) хан көтеріп, Үкі шадтың қолын қайта талқандайды. Сөйтіп, Халлығы соғыстан әбден шағылған, қалжыраған он оқ халқына көп жылдар бойы олардың аңсаған бейбітшілігін қамтамасыз етеді. Дулаттарға—«Чур» (Шора), нушебилерге — «иегін» атағын беріп, өзіне және өзінің сарбаздарына арнап Мыңбұлақ (қазіргі Жамбыл қаласының маңында) алқабында камал салдырады. Өзінің ұлына «Багадүр жабғы» деген дәреже тағып, оны өзінен соңғы Батыс қағанаттың әміршісі етіп сайлайды.

<sup>20</sup> Қазақ арасында халықтың құрамын білдіретін буын, бау, сан деген сөздер де кездеседі. Мәселен, «Тоқсан баулы қыпшақ», «Он санды оймауыт, тоғыз санды торғауыт» дейді. Мұның өзі бір ғана қыпшақтың тоқсан тараудан, оймауыттың—он, торғауыттың — тоғыз тармақтан тұратындығын білдіреді.

656 жылдың қақаған қысын пайдаланып, Қытай империясы Батыс қағанатқа төтеннен шабуыл жасайды. Тұтқиылдан лап берген есепсіз күшке төтеп бере алмаған нушебилер, дулаттар бірінен соң бірі жеңіліп, олардың басшысы Халлығ қалған қолымен Іле өзеніне шегінеді. Сөйтіп, он оқ халқынан бүтіндей қол үзген ол шегінгеннен шегініп, ақыры Шу өзенінде тізе бүгеді.

Бірақ Халлығ соңына баласын ертіп, аздаған атты әскерімен жауды адастырып, оңтүстікке қашып кетеді. Шаш (Ташкент) қаласына жақындағанда әбден титықтап, болдырған аттары төрт аяқтап табандап тұрып алыпты. Шаш қаласының тарханы бұларды ұстап, қол-аяғын байлап, қуғыншылардың қолына берген екен. Сөйтіп, Халлығ 659 жылы зындан түбінде азап шегіп, жалғыздықтың тақсыретінен дүние салады.

Ал, көп жылдар өктемдік еткен қытайлар 692 жылға дейін дулаттар мен нушебилердің 60—70 мыңдаған кісісін қырып тынады. Осыдан бастап Түрк қағанаты күйреді деп есептеледі.

Әбден қорлық көрген түркілер VII ғасырдың аяғында Қытай империясына қарсы көтеріліске шығады. Әдепкіде біраз табысқа жеткенмен, Қытайдан жаңа күш келіп, Қарақұмға шегінген көтерілісшілер ақырында, аштыққа ұрынады.

Бірақ түрк халқы бұл жолы жеңілгенмен, тойтарыс алдық деп босқа қарап отырмаған. Бір жылдан соң *Гудулу* (Құтлығ) басқарған түрк халқының жаңа толқыны қайта өршиді. Құтлығ — әскери білімі бар, айла-тәсілге жетік кісі болса керек. Ол тоз-тоз болған түрк халқын қайта жиып, дана Тоныкөкті соңына ертіп, 683 жылы Қытай басқыншыларынан түрк жерін азат етеді. Осы әрекеті үшін халық Құтлығты Елтеріс (елді теруші, жинаушы мағынасында) хан деп атап кетеді.

Түрк халқын құрап іргелі ел еткен Елтеріс 693 жылы дүние салады. Соңында әлі де балағатқа жетпеген, әжетке жарай қоймаған екі ұлы қалады. Сондықтан да таққа оның інісі-Мочур (*Қапаған*) отырады.

Қапаған тым арманшыл, қиялшыл, қатал кісі болыпты. Ол бір кезде даңқы жайылған Түрк қағанатындай мемлекет орнатуды арман етеді. Оның тым әсіре қаталдығы халық наразылығын күшейтіп, ақыры Қапаған 716 жылы көтерілісшілердің қолынан қаза табады.

Бұл жағдай Елтеріс ханның буыны бекіп, бұғанасы қатайған заңды екі мұрагері — Білге мен Күлтегінді таққа әкеледі.

Кішісі — Күлтегін өте ер болған. Қарлұқтармен арада болған соғыста (711—715) даңқы жайылған жас батыр бұрыннан келе жатқан ата дәстүрін бұзбай, «Білге хан» деген ат беріп, таққа өзінің ағасын отырғызады. Ал, Білге хан болса, інісі Күлтегінді әскер басы етіп сайлайды. Басқаша айтқанда, бұл шын мәніндегі Қағанат иесі деген сөз еді.

Білікті түгел қолдарына алған Елтеріс (Құтлығ) Қағанның үйелмелі-сүйелмелі екі ұлы (Білге мен Күлтегін) саясатты әуелі ағасы Қапағанмен



сыбайлас болған ақсақалдарды жоюдан бастайды. Бұрын-соңды соғысқа араласып жүрген кәрі тарландардан Елтерістің тұсында да көрегендігімен көзге түскен, Қапағанға да кеңесші болған Тоныкөкті ғана ақылшы етіп қалдырып, оған Баға Тархан (мемлекеттік кеңесші) атағын береді. Қарт данышпан бұл кезде 70 жаста еді. Көп кешікпей айлакер Тоныкөк өз қызын Білге Қағанға қосады. Сөйтіп, осы үшеуінің тұсында түрк халқының даңқы қайта жер жарады.

731 жылы Күлтегін қайтыс болады. Батырдың азасына ат қойып елден келген көңіл айтушыларда есеп болмаған. Батырлығының куәсі ретінде оның басына мәңгілік ғажап ескерткіш орнатылды.

Көп кешікпей, 734 жылы дүниеден Білге Қаған да өтеді. Оны сатқындар у беріп өлтіреді.

Таққа отырған Иоллығ-тегін әкесі Білге ханның басына зәулім ескерткіш орнатады. Сөйтіп, ағасына да, әкесіне де арнап тасқа қашап олардың ерліктерін дәріптеген жоқтау-мадақ жырын жазады.

Иоллығ-тегін ақын әрі тарихта болған адам. Ол 739 жылы өз ажалынан қайтыс болады.

Міне, Түрк халықтарының тарихына қатысты және біз осы кітапта жариялап отырған Орхон жырларында (Күлтегін, Тоныкөк ескерткіштері) бейнеленген тарихи оқиғалардың желісі осындай. Біз мұны негізінен Н. Я. Бичуриннің «Собрание сведений Азии в древние времена (М.—І т, 1950—1953), А. Н. Бернштамның «Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена» (Москва, т. I—III, 1950—1953); Л. Н. Гумилевтің «Древние тюрки» (Москва, 1967) деп аталатын еңбектеріне сүйеніп жаздық.

Түрк қағанатының құрамына енген, бертінде түрк халықтарына ұйытқы болған және Орхон ескерткіштерінде аталатын рулар, тайпалар өте көп. Олардың басты-бастылары жайында қысқаша мынаны айтуға болады:

*Төлістер* — қазіргі таулы Алтайдың шығыс бөлігін мекендейтін телеуіттердің арғы ата-тегі. Телеуіттер терістігінде — татарлармен, шығысында — тувамен, түстігінде — қазақтармен, батысында — алтайлықтармен шектеседі.

Мәдениеті, тілі жағынан түрк руларымен төркіндес келетін ру — *қырғыздар*. Олар VII—VIII ғасырларда Енисей бойын мекендеп, өзімен көршілес қарлұқ, құрықан, дубо (тува), меркіт тайпаларымен үнемі қактығысып тұрған.

Тарихшылардың айтуына қарағанда, құрықандар қазіргі якуттердің ата-тегі де, ал қырғыздар — хақастардың арғы тегі. Екеуінің де тілі, әдет-ғұрпы түрк тектес. Әйткенмен, қырғыздарды тек қана хақастардың арғы тегі деу жеткіліксіз. Біздіңше, көне Орхон ескерткіштерінде жиі кездесетін қырғыздар бірнеше рулардың бірлікті аты болуға тиіс. Өйткені, оларды

қазіргі қырғыздардан бүтіндей бөліп қарау дұрыс болмас еді. Сондықтан да байырғы қырғыздарды қазіргі хақас, қырғыз халықтарына бірдей қатысы бар бірнеше рудың бірлікті одағы деп түсінген жөн.

Сырдария мен Амударияның аралығында оғыздар тұрған. *Оғыздар* — қазіргі әзербайжан, түркпен халықтарының арғы тегінен саналады.

Жоңғария мен Жетісу өлкелерін мынадай елдіктер жайлаған: Қара Ертісте — *қарлұқтар*, Орталық Тянь-Шандағы Іле өзенінің бойында — түргештер. Ертістің жоғарғы сағасында *басмалдар* тіршілік еткен.

Түрк руларының бірінен саналатындар — *кеңгерестер*. Кеңгерестердің тарихтағы басқаша бір аты — *Қаңғарлар* (қаңлы). Олар Сырдарияның төменгі және орта сағасын мекендеген. Қара Ертістегі қарлұқтар мен Сырдариядағы печенег — қаңғарлардың арасында бұл кезде қыпшақтар келіп қоныстана бастаған кең дала жатады. Қазіргі Қазақстандағы далалы өлкенің Дешті қыпшақ — Қыпшақ даласы аталуы осыдан. Бұл жерде қыпшақтар қаңғарлармен араласып, шығыста — қыпшақ, Еуропада — коман (құман) ал, Россияда — половецтер деп аталып кеткен халықты құрайды.

Тарихта аты сақталған Орта Азия, Қазақстан, Сібір жерлерін мекендеген ол кездегі басты ру одақтары жайындағы қысқаша деректер осындай. Ал, заманымыздың III—V ғасырларына дейін өзара қақтығыс салдарынан аты жоғалып кеткен, не бергінде өзгеріп кеткен шағын рулардың есебі жоқ.

Жоғарыда аталған түрк рулары үнемі бір орында өздерінің алғаш қоныс тепкен жерінде тұрақтап отыра бермеген. Кейде өзара жауласу, соғысу салдарынан, кейде бөгде ру-тайпалардың, яки халықтардың жорық-шапқыншылықтары салдарынан зор жойқыншылыққа ұшырап, бір өлкеден екінші бір өлкеге өтіп, қоныстарын жиі өзгертіп отырған. Сондықтан да болу керек, тарихшылар арасында қазақ рулары түгелдей әуел бастан, өмірбақи көшпелі болды, тек мал шаруашылығымен ғана айналысып, үнемі жөңкіліп көшіп жүрді деген пікір бар. Бұл пікірді түгелдей дұрыс деуге, қостауға болмайды.

«Күн шығыстағы ру, тайпалар тарихтың басынан-ақ бір жағы көшпелі, бір жағы отырықшы өмір сүрген» деп адамзаттың ұлы ойшылы Карл Маркс айтқандай, қазақ рулары да түгелдей өмірбақи жөңкіліп көше бермеген, біразы көшпелі мал шаруашылығымен айналысса, бірқатары отырықшы өмір сүрген — қыстақты, кентті, қалалы жерлерде, солардың төңірегінде тұрып егіншілікпен, қол өнер кәсібімен шұғылданған. Олардың теріден, ағаштан, киізден, жібектен жасаған небір әсем жиһаздары опат соғыстардың салдарынан жойылып кеткен.

Түрк сарбаздары металмен қаптаған қазіргі қазақ тымағы тәрізді бас киім, үстіне жезден істелген ұзындығы тізеден, жеңі шынтақтан сәл жоғары сауыт, аяқтарына етік киеді екен. Жауға аттанған жауынгер





сауыт киіп, садақ асынып, беліне алдаспан байлап, білегіне шоқпар іліп, кеудесіне қалқан, қолына найза ұстап шығады екен.

Олар соғыстан бос уақытында мал шаруашылығымен, аңшылықпен айналысқан. Сойылған малдың, ұстаған аңның терісін киім етіп киген. Ол заманда киімнің жалпы аты «тон» делінген. Осы сөз киім мағынасында әлі де кездеседі. Мәселен: «Әркім өз бойына қарап тон пішеді», «Кеңеспен пішкен тон келте болмас», «Апасы киген тонын сіңлісі де киеді» тәрізді мақалдар бар.

Негізгі баққан, өсірген малдары — қой, жылқы. Жылқының қымызын, қойдың ағын ішіп түркітер малдың қамымен қыс-қыстауға, жаз-жайлауға көшіп жүрген. Осы кәсібі жайында тарихшы Л. Гумилев былай дейді: «Түркітердің әйелге деген құрметін есептегенде, олардың семьясын ХІХ ғасырдағы қазақтардың семьясынан пәлендей өзгешілігі бар еді деп айтуымызға ешқандай негіз жоқ», (Л. Гумилев. Древние тюрки, М., 1967, 71-бет). Жаз салқын тау қойнауын саялап, қыс түссе жазықты жайлайтын түркітердің басты панасы көшіп-қонуға жеңіл киіз үй болған.

Октябрь революциясына дейін қазақ арасына кең жайылған әменгерлік салт сол замандардан қалған. Түрк халқының салты бойынша ағасы өлсе, інісі жеңгесіне үйленетін болған. Деректерге қарағанда, түркітер әйелді ерекше құрметтеген. Жолаушылап келген баласы үйге кіргенде, әкесінен бұрын әуелі шешесіне бас иеді екен. Мұның үлгісін Орхон ескерткішіндегі Күлтегінге арналған үзінділерден көреміз.

*Түрк халқының діни көзқарастары жөнінде.* Ол уақытта (Ислам діні тарамаған кез) халық құдайды, әулиені білмеген. Көкке-Тәңіріге, қара жерге, суға табынған. Небір қысылшаң тар кезеңдерде дағдарған, есеңгіреген түрк халқына дем беретін де осылар — түрктің қасиетті жер-суы. Демек, түрк халқы жеке бір адамға емес, көбінесе табиғатқа, жер көкке табынған: «Тәңірідей, тәңіріден жаралған» деп басталатын Орхон жазбалары жасанды, жалған дінмен әлі уланбаған, діннің үрейінен шошынбаған елдің кескінін аңғартады.

Түрк халқы о дүниені жер үстіндегі тірліктің жалғасы деп түсінген. Дүниеден қайтқан кісінің қазасына жоқтау шығарып айтатын болған. Жоқтау шығаратындар *сығытчылар* (жоқтаушылар) деп аталған. Өлгендерге қайғыру белгісі ретінде әйелдер бетін жыртқан, кейде тіпті өзін құрбан ететін болған. Сол дәуірдің мәліметтерінде: «Қаны мен көз жасы бірдей ағылды» деп жазады.

Көңіл көтерген сауық кештерінде жұрт қақ жарылып бетпе-бет тұрып өлең айтысатын болған. Қазақ халқының арасында кең тараған жар-жар, айтыс содан келеді.

Жоғарыда аталған тарихи деректер түрк халқы жасаған эпиграфиялық ескерткіштерде сақталып бізге жетіп отыр. Орхон, Талас өзендерінен, Қазақстанның басқа да жерлерінен көптеп табылған мұндай ескерткіштер

бұл өңірді мекен еткен үйсін, дулат, қаңлы, найман, қыпшақ, керей, қоңырат тәрізді ру, тайпалардың VII-IX ғасырларда-ақ өз дәуіріне лайықты мәдениетінің болғандығын айқындайды. Мұны әр кезде жүргізілген археологиялық зерттеулер бүгінде мүлтіксіз дәлелдеп отыр. Ол мәдениет жанадан қалыптасып келе жатқан феодалдық қатынастар негізінде дамыған еді.

Қазақстан жеріндегі халықтар Византиямен, Қытаймен, Киев Русімен мәдени, сауда қатынасын ерте кезде-ақ өрістеткен. Қазақстанның, әсіресе батыс, солтүстік батыс аудандарының халқы Русьпен етене берік ынтымақта, байланыста болған. Мұндай қатынастар Қазақстан тайпалары мен халықтарының мәдениетінің өрлеуіне үлкен ықпал жасайды.

Аталған дәуірде материалдық мәдениет, тоқыма өнеркәсібі, қала құрылысы өрістейді. Ол кездегі қалалардың шоғырланған жерлері — Қаратау маңы, Сырдария алабы, Талас, Шу жағалаулары, Жетісу өлкесі.

### Тастар сөйлейді

Жеті жүз отыз бірінші жылдың жазында шексіз даланы армансыз билеген Бумын, Қапаған, Естеми, Құтлық қағандардың ұрпағы; ұзын найзалы, жарау атты түрк руларының ырысы әрі бақыты — Бозайғырлы айбынды ер Күлтегін дүние салады.

Бетіне дұшпан қаратпаған айбынды ердің қазасы қасірет пен қайғы болып бүкіл түрк қауымының арасын лезде-ақ шарлап шыққан. Оның басына тізе қосқан досы да, кескілескен қасы да тегіс жиылған. Ұшы-қиырсыз, дамылсыз ағылған халықтың қаралы шеруі даңқты батырға деген ықылас-пейілдің куәсіндей еді.

Заманының атақты ақын-жырауы, Күлтегіннің немере інісі Иоллығ тегін жан-жақтан шеберлер алдырып, келесі жылдың күзінде Күлтегіннің басына оның батырлығының белгісіндей мәңгілік ескерткіш — зәулім құлпытас орнаттырады. Әдемі әшекеймен ойышталып, өзгеше нақышпен өрнектелген заңғар құлпытаста ел сүйген ерге халық жоқтауын көне түрк тілінде мәңгілікке өшпестей қашатып тұрып жаздырады:

Сонау бастан, о бастан  
Жаралғалы қара жер,  
Жаралғалы көк Аспан,  
Естеми мен Бумынның  
Адамзаттан бағы асқан.  
Төрт бұрышы дүниенің  
Соларменен санасқан.  
Бүкіл түрк үмітпен  
Екеуіне қарасқан,



Қол астына жиылып,  
Қол астынан тарасқан.  
Олар салған дүбірден  
Қаптап жатқан қалың жау  
Шыбын жаннан түңілген.  
Дырдай болып келгенмен,  
Бордай болып үгілген.  
Басы барлар иіліп,  
Тізесі бар бүгілген.<sup>21</sup>

Тастың бетіне қашалған тарихи жыр осылай басталады...

Содан бері мың екі жүз елу бес жыл өтті. Тарихтың беті сан өзгеріске ұшырады. Жылдар жылжып, ғасырлар алмасып жатты. Жер жаңарып, қоныс өзгеріп жатты. Бірақ Орхон өзенінің бойындағы қас батырдың ерлігіндей тәкаппар, сұсты, маңғаз тас ескерткіш он екі ғасырдан аттап, өз заманының шындығын, қайғы-қасіретін, амал-әрекетін арқалап, сол күйінде бұзылмай, бүлінбей бүгінгі күнге аман жетті. Ол ескерткіштер кімдікі, қалай табылды, кім ашты, кім аударды, кім зерттеді; жазбалардың мазмұны, жанры қандай — міне, ендігі әңгіме сол туралы.

### Орхон ескерткіштерінің табылуы және ашылуы

...XVIII ғасырдың басы еді. Орыс армиясының қолына түскен тұтқын швед офицері Филипп Иоганн Страленберг Сібірді түгел аралап, Орхон өзенінің бойын жағалай жоғары өрлеп келе жатты. Ұзақ жүрді, бірақ бұл өңірден пәлендей тіршіліктің белгісін көре алмады. Әбден шаршап-шалдыққан саяхатшы алдағы жолдың қызығынан біржолата күдер үзгендей еді, бір кезде сонау көз ұшынан бұлдырап сағымға малтыққан кереметті көзі шалғандай болды.

Қызыл көрген бүркіттей шаршағанын ұмытып, Иоганн жүрісті жылдамдата түсті. Жақындаған сайын оны әрі үрей, әрі өзгеше бір жұмбақ сезім билей бастаған тәрізденді. «...Зәулім тастар, белгісіз таңбалар, тас болып қатып қалған адамдар... Әйтеуір ұзына бойы созылған, қол қусырып мөліген тас мүсіндерде шек жоқ. Бұл не ғажап? Табиғаттың өзі жасаған құдірет пе, жоқ әлде адамның сиқырлы қолынан туған керемет пе?!...»

Ол ұзақ ойланды, ұзақ толғанды; бірақ түпсіз шыңырау, тұңғыық ойдың түбіне жете алған жоқ.

Иә, бұл осыдан үш жүз жыл бұрын болған еді. Бейшара Иоганн алдында тұрған меңіреу тастардың бетінде ғажап сыр барын қайдан білсін, біле алған жоқ.

<sup>21</sup> Күлтегінге арналған ескерткішті ақындық тәсілмен жаңашалаған – ақын Қадыр Мырзалиев.

Содан бері үш жүз жылдай уақыт өтті, бірақ сол меңіреу тастар «Орхон ескерткіштері» аталып, дүние жүзі ғалымдарын әлі күнге дейін тамсандырып келеді.

Бұл мұралар жайындағы алғашқы мәліметтер XVIII ғасырдың басында көріне бастайды.

XIX ғасырдың алғашқы ширегінде біраз мағлұматтарды өзі шығарып тұрған «Сибирский вестник» журналында Григорий Спасский жариялайды. (Г. Спасский. Древности Сибири) с приложением альбома «Сибирьский вестник», 1818 г.) Оның мақаласы көп кешікпей латын тіліне аударылады да, Орхон ескерткіштері басқа елдердің ғалымдарына да белгілі бола бастайды. Бұл хабарды естіген фин Археологиялық қоғамы 1875 жылы Минусинскіге екі рет экспедиция жіберіп, 1889 жылы «Енисей жазбалары» деген атпен 32 таблицалы, 8 фотосуретті атлас жариялайды. Ескерте кететін бір жай, жазбалардың әліппесі табылғанша бұл мұраларды фин ғалымдары өз халқының ескерткіші деп танып келген. Алайда, бұл пікірдің негізсіз екендігін олар кейін мойындайды.

1889 жылы орыс зерттеушісі Н. М. Ядринцев Орхон өзенінің бойынан, Енисей өзені сағасынан табылған ескерткіштерден әлдеқайда үлкен белгісіз таңбамен жазылған зәулім, қолдан қашалған төрт қабырғалы биік тасты көреді.

Н. Ядринцев тасқа мынадай сипаттама береді: биіктігі — 3,5 метр, төменгі ені — 1,32 метр, жоғарғы жағының ені—1,22 метр. Биіктеген сайын жіңішкере береді, жоғарғы бөлігі өрнектелген. Тастың төрт жағы бірдей жазылған. Батысқа қараған бетінде қытай жазуы да, қалған қабырғасы бірдей руналық жазумен толған (Н. М. Ядринцев. Отчет и дневник о путешествии по Орхону в южный Хангай в 1891 г. «Сб. трудов Орхонской экспедиции», V, СПб, 1901 г.)

Н. Ядринцевтің айтуына қарағанда, ескерткіштен 25 метрге дейін созылған аласа дөңес жатыр (кейінгі зерттеудің нәтижесінде бұл қытай кірпішінен жасалған қабырға екендігі анықталды). Осы қабырғаның жанынан басы жоқ, мрамордан жасалған 7 түрк статуясы (*сынтас*) табылған. Ескерткіштің батыс жақ бетінде басы бір-біріне қараған, қираған екі хайуанның мүсіні бар (ғалымдар мұны мазарға кіретін есіктің белгісі болу керек деген болжам айтады.) Ал, осы кіре берістен әрқайсысының арасы 10-12 метрден, беттері шығысқа қараған адам мүсіндес сын тастар ұзындығы 4,5 шақырымға дейін созылып жатыр екен. Мұқият зерттеудің нәтижесінде әлгі мүсіндердің осында жерленген кісінің тіршілігінде өлтірген дұшпандарының келбеті екені және айқындалып отыр.

Көп кешікпей Н. Ядринцев Россия археологтарының VIII конгресінде ғалымдардың назарын сол Орхон бойындағы көне мұраларға аударады.



Осыдан бастап бұрын тек Енисей ескерткіштері деп қана аталып келген жазбалар енді Орхон, яки Орхон-Енисей жазулары деген атқа ие болады.

1890 жылдың көктемінде Н. М. Ядринцевтің ізімен Орхон өзеніне финдердің А. Гейкель бастаған археологиялық экспедициясы және 1891 жылы Санкт-Петербургтен түрколог, ұлы орыс ғалымы В. В. Радловтың басқаруымен (құрамында Ядринцев те болған) Ғылым академиясының экспедициясы аттанады.

1892 жылы осы екі экспедицияның да қорытындысы жазбалардың суретімен екі үлкен атлас түрінде жарияланып, бұл атлас дүние жүзі ғалымдарының алдына ауыр да жауапты міндет — жазудың сырын оқу міндетін қояды.

Әлбетте, ол жазуларды оқудың қиындықтарымен қатар кейбір жеңілдіктері де бар еді. Өйткені бұл уақытта ескерткіштің қытай тілінде жазылған тексті оқылып, сол текстіден ескерткішті жасаған халықтың, оны басқарған бектердің аты белгілі болатын. Дегенмен, әлі де бірде-бір сырын ашпаған тілсіз-үнсіз ескерткіштің әліппесін тауып оқу, оған тіл бітіру кез келген кісінің мүмкіндігінен тыс; жан-жақты, дайындығы мол лингвист ғалымының қолынан ғана келетін іс еді.

Міне, дәл осындай зерттеуші — Дания ғалымы, Копенгаген университетінің салыстырмалы тіл білімі кафедрасының профессоры Вильгельм Томсен болып шықты.

Вильгельм Людвиг Томсен (1842—1927) өзімен замандас ғалымдар сияқты әдепкіде теологиямен шұғылданады. Бертінде біраз жылдар филология, ботаника, физика ілімдерімен әуестеніп жүреді де, ақыры бар өмірін өзінің сүйікті ғылымы — тіл біліміне арнайды.

В. Томсен — көп тілді білген, дарынды ғалым болған.

Славян тілін зерттеу мақсатымен Томсен Берлинде, Лейпцигте, Прагада, Венада, Будапеште, Парижде көптеген жылдар тұрып чех, неміс, серб, поляк, венгер, араб, парсы, цыган, жапон, қытай, түрк тілдерін үйреніп қайтады.

1870 жылы еліне қайта оралып, 1878 жылға дейін грек тілдерінен сабақ береді. 1878-1887 жылдар арасында мектептерде әкімшілік қызметтерде жүреді де, 1887 жылдан бастап Копенгаген университетінің салыстырмалы тіл білімі кафедрасына профессор болып сайланады.

1877 жылы басылып шыққан Ерте Русь және Скандинавияның өзара қатынастарына арналған тарихи еңбегінен соң Томсен Оңтүстік Сібірден табылған Орхон-Енисей ескерткіштерін зерттеуге біржолата ден қояды. Ақыры 1893 жылы Орхон жазуының «кілтін» табады. Біздің ғалымдарымыздың көбісі осылай «кілтін тапты» деп жалпылама бір сөзбен ғана айтып жүр де, ал қалай тапқандығы туралы мәселенің ең қажетті жағы айтылмай келеді.

Сонда В. Томсен Орхон жазбаларын қалай ашады?

1) Ең алдымен ғалым жазудың бағытын айқындайды. Қалай жазылған? Солдан оңға қарай ма, жоқ әлде оңнан солға қарай ма? Бұл сұрақ ғалымды қатты ойландырады. Ұзақ зерттеп, ғалым ескерткіштің оңнан солға (араб жазуы тәрізді) қарай жазылғанын айқындайды.

2) Екінші жолда ғалым әріптерді санап, 38 таңба табады.

3) Осылай ескерткіштің сыртқы көрінісін айқындап болғаннан кейін В. Томсен дауыссыздардың байланысын тексеруге кіріседі. Бұл зерттеу белгілі бір дауыссыз ілгері дыбыстың ықпалымен байланыса ма, жоқ әлде кейінгі дыбыстың ықпалымен байланыса ма деген мәселені шешуге тиіс еді.

Ол үшін Томсен екі шеткі таңбасы бірдей (ұқсас), ортаңғысы олардан бөлек **ХҮХ** тәрізді таңбалар тобын алады да, дауыссыз **Х** дыбысты білдірсе, онда **Ү** дауысты дыбысты білдіру керек; немесе керісінше, **Х**-дауысты болса, **Ү**-дауыссыз деген қорытындыға келеді. Сөйтіп, осы тектес таңбаларды бірнеше жерде салыстырып, ақырында **У** және **У** таңбаларынан дауысты дыбыстарды табады.

Әлбетте, бір дегеннен бұл анықтамалары дәл бола қоймайды: **У(О/У)** таңбасын ол әдепкіде ө (ү дыбысы деп, ал ө (ү) (N)нің өзін ә дыбысы деп қабылдайды. Ал (**^**) ні Томсен бірден табады.

Әйтсе де ғалым бұл таңбалардың баламасын дәл таптым деген қорытындыға келе алмайды. Себебі, ол үшін болжам, тұспалдау ғана емес, бұлжымас дәлел де керек еді. Томсен әрі қарай ізденеді.

4) Сөйтіп, жоғарыдағы жорамалдың растығын дәлелдеу үшін ғалым көне жазу-сызудың сырын ашуда талай сыннан өткен белгілі әдіске көшеді. Қытай тіліндегі текстіде көрсетілген кісі аттарын іздеуге кіріседі. Ал енді мұны қалай таппақ? Дәл осы жерде зерттеушіге мынадай ой келеді: кісі аттары қай текстіде де жиі кездесу керек және ол көбіне үзіндінің бас жағында келіп отыруға тиіс.

Шу дегенде Томсеннің көзіне ескерткіштерде жиі ұшырасатын мына бір **УУУ** таңбалар түседі. Бұлардың ішіндегі ең қажеттісі — соңғы (өйткені жазу оңнан солға қарай) **^** таңбасы. Бұл таңбаның баламасы (і) ғалымға белгілі болатын. Ал, і дыбысының жиі кездесетіндігі, оның орны көбіне сөздің соңында тұратындығы Томсенді бірден: «жоғарыдағы таңбалар тіркесі —эпитет» деген қорытындыға жетелейді де **УУУ** таңбаларын (оңнан солға қарай оқимыз) і — р — ң — т, демек тңрі («Тәңірі», «аспан, көк», құдай мағынасында — М. Ж.) деп оқиды.

Мұны да Томсен болжал деп қарайды да, жеке кісі аттарын іздеуді әрі қарай жалғастыра береді.

Ғалымның назарын енді мына бір **УУУУУУ** таңба тобы аударады. Өйткені, бұл ескерткіш тастың біреуінде кездеседі де, екіншісінде



кездеспейді. Мұның себебі қалай? Томсен мынадай шешімге келеді: бұл таңба осы ескерткіш арналған бектің я батырдың есімі болуға керек. Қытай текстінде оның аты — *Кюэ-те-гин*. Қытай тілінде сөздің соңғы буынында л дыбысының болмайтындығын және басқа тілден ауысқан сөздерді беруде л-дың түсіп қалатындығын ескере отырып зерттеуші **МЕРҮНҮ** таңбалар тобын *Күлтегін* деген сөзбен салыстырады.

Дәл осы принциппен қарағанда, қытай текстіндегі Би-кя ескерткіштің (екінші таста) мынадай **МТЯ** таңбалар тобымен сәйкес келеді. Оның мағынасы Білге деген сөзді білдіреді.

Енді Томсен ескерткіштің екеуінде де қайталана беретін **НҮМН** таңбалар тобын тексереді. Бұл сөздің құрамындағы алғашқы үш таңба ғалымға белгілі. Ежелегенде (оңнан солға қарай) мұның әдепкі үш дыбысы *тур* болып шығады. Демек бұл түрк деген сөз болу керек деген байлау жасайды. Сөйтіп к дыбысының екінші таңбасын **Н** табады. Бұл дыбыстың бір таңбасын **Ү** біз *Күлтегін* деген сөздің құрамында кездестірген едік.

Ескертін бір жәй, қытай текстерінен аталған ескерткіштің тілі қай халықтікі екендігі турасында мәлімет болатын. Ол қытайша — *ту-кюэ* халқы. Демек, бұл сол кезде белгілі болған барлық түрк халықтарының тілінен әлдеқайда әрідегі таза түрк диалектісінің тілі.

Тоғыз таңбаның мағынасын тапқаннан кейін түрк диалектісін жетік білетін ғалым өзі ашқан дыбыстарды басқа сөздерге қолданып, ескерткіш әліппесін түгел таниды. Сөйтіп, академик С. Е. Маловтың сөзімен айтқанда: «Томсен 1893 жылдың 25 ноябрінде өзіне дейін белгісіз болып келген Орхон және Енисей өзендерінің жағасынан табылған жазу-сызулардың бүкіл әліппесіне «кілтті» дәл осылай табады».

Қазіргі дәуірде Томсен ашқан жаңалықты тек Орхон жазуларына ғана табылған кілт деп қарамай, сонымен қатар бүтін Орта Азия мен Қазақстан тарихында кездесетін көне жазу-сызулардың да сырына үңілуге мүмкіндік берген қымбат кілт деп бағалау орынды.

Вильгельм Томсен ашқан алфавитті қолданып, академик В. В. Радлов 1894 жылы тұңғыш рет орыс тіліне аударып, текстінің нұсқасын латын әліппесімен береді. Ал, В. Томсен болса өз аудармасын тек 1895 жылы ғана жариялайды. Бертінде бұл ескерткішті академик С. Е. Малов аударып бастырды. Содан бері Орхон ескерткіштерін зерттеу жұмысы бір сәт те толастаған емес. Бұл ескерткіштерді халқымыздың тарихи, тілдік мұрасы ретінде алып зерттеген қазақ лингвистерінің де біраз еңбегі бар. Олардың ішінен Алтай Аманжоловтың, Ғайнетдин Мұсабаевтың, Ғұбайдулла Айдаровтың еңбектерін ерекше атауымыз керек.

Міне, қысқаша айтқанда, Орхон ескерткіштерінің табылуы, оны оқудың, зерттеудің жәйі осындай.

Сонымен Моңғолия жерінде, Орхон өзенінің бойынан табылған бұл



ескерткіштерді кім жасаған және олар бүгінгі халықтардың қайсысына жақынырақ?

Бұл сұраққа жауап беру үшін біз сол жазбалардың өзіндегі деректерге жүгінуіміз керек. Ол деректердің бірқатарын, шығармаларда кездесетін ру, тайпаларды біз жоғарыда атадық. Бұл айтқандарға не қосуға болар еді?

Иә, ескерткіштерді жасаушылар да, оның бас кейіпкерлері де түрк халқы, түрк жері, оның батырлары. Ал, көне түрк дегенді көбіне көне қазақ тайпалары деп ұққан жөн болады.

Орхон ескерткіштері жайын сөз еткенде, қазақ халқы көшпелі ел, жөңкіліп көшіп-қонып жүріп мәдени мұра қалдырмаған, Қазақстан жеріндегі көне дүниенің ескерткіштерін не сақтардікі (қазақтың өзі сақтардың тікелей ұрпағы ғой), не соғдынікі (Иран тілдес ертедегі халық) деп, ата-бабамыздан қалған мұраны өзімізге жолатпай, алып қашқан кездеріміздің болғаны да рас.

Бартольд бастаған атақты түркологтар мәдениеттің ең жоғарғы сатысы — жазудың түрк халықтарында VII ғасырда болғанына таңдай қағып, таңырқаған еді. Батыс историографтарының бұған таңданып қана қоймай, рун жазуына келеді екен, біздің ата-бабаларымыз бір кезде Саян тауларына барған болар деп, жазбалардың кілтін таба алмай, немістер мен финдердің өздеріне меншіктегісі келіп дал болғанын, бірақ одан ештеңе шықпағанын тарих білмей ме?

Ақыры даулы алфавиттің жұмбағы шешіліп, сыры ашылғанда, олардың иесі түрк халықтары екеніне көз жеткенде ғана дау-талас тоқталған еді. Шынында да ол ескерткіштерді жасаған негізінен қазақ халқының құрамына кірген ру-тайпалар еді. Шығыстану ғылымына ұлы өзгеріс жасаған бұл ескерткіштердің қай тілде жазылғандығын дәл анықтайтын уақыттың жеткендігін В.Бартольд та, В.Радлов та, П.Мелиоранский де, С.Малов та талай жазған және соңғы екеуі ол жазбалардың тілі қазіргі қазақ тіліне көбірек келетіндігін де баса айтқан. Сөйтсе де, өкінішке орай, бір ғасырдан астам уақыт бойы зерттеліп келе жатқан осы бір ғажап шығармаларды халқымыздың мұрасы ретінде соңғы жылдарға дейін қазақ ғалымдарының батылы жетіп, ешкім қолға ала қоймаған. Бір кездерде бұл ескерткіштерді жоғарғы мектепте оқыту талабын қолға алған Құдайберген Жұбанов екен, бірақ осы бір әдепкі әрекет, өкінішке орай, жүзеге аспай ұмыт болады. Ал, қазіргі күндері, жоғарыда айтқанымыздай, жоғары оқу орындарында оқытылып келеді.

Сонда көп замандардан бері толассыз қойылып жатқан сұрақтың жауабы не болмақ. Ол ескерткіштердің иесі кім, қай тілде жазылған? Әрине — түрк халықтары. Десе де бұл мәселені дәлденкіреу керек сияқты. Оған жауап беру үшін бұл жазбалардың алдымен иесін табу керек, сонда оның тілі де анықталады.





Түркілерді Қытай шежірелерінде, ертедегі деректерде *тюкю* деп атайды. Білге хан мен Күлтегінге арналған ескерткіштің авторы Иоллығ-тегін өз шығармаларында сол кезде шығысты мекендеген түрк тайпаларының аттарын атап, мекендерін көрсетіп отырады. Онда ескерткіштің иелері өздерін «түркіміз» дейді де, өзге түрк тайпаларын тоғыз оғыз, отыз татар, қырғыз, аз, шек, он ұйғыр т. б. деп атайды және «бұлардың бәрі де бізге жау» еді, бөтен ұлыс еді деп жазады. Әрине, заманында әр түрлі себептермен көршілес, іргелес, тектес тайпалар да бір-бірімен жауласып, соғысып отырған.

Тағы да аталмыш ескерткіштердің өзіне жүгінейік. Орхонды мекендегендер өздерін түрк деп атап, *он оқ*, оның бөлігі *түргеш* (түрк кіші, түрк ұлығ (үйсін) өзіміздің түркіміз, туысымыз еді, олар мекендеген Іле-Жетісу біздің ата мекеніміз еді, сол мекеніміз, жер-суымыз иесіз қалмасын деп хан сайладық. Бұлар он оқ халық еді, дейді. Он оқ халқының кім екенін біз жоғарыда айтқанбыз. Демек олар (Орхон түркітері) үйсін-дулатпен тектес, солардың туыстары, (334—635 жылдары Түрк қағанаты (шекарасы Іле өзені болып) Батыс және Шығыс Түрк қағанаты деп екіге бөлінгеннің өзінде де екі жағы туыс, тектестігігін ұмытпаған. Ескерткіште *түргеш* — бұлардың бес аймағы, он оқ халқының бір бөлегі еді деген сөз бар. Ендеше олар кейін қазақ халқының құрамына кірген арғын, керей, уақ, алшын, найман одағының жалпы аты болу керек. Түргеш дулаттың бір тайпасы екені анық, оны ғалымдар мойындаған. Бірақ оның Орхон түркітерімен туыстығы ауызға да алынбады. Ал енді Орхон түркітерінің бір кезде Ілеге қайтып келгендігін еске алсақ, онда олардың, қазақ халқының көне тайпаларынан екеніне де көз жетті деп ойлаймыз.

### Орхон ескерткіштерінің аударылуы

Орхон ескерткіштерінің бүгінгі таңда орыс тілінде жарияланған аудармасының екі түрлі үлгісін атай аламыз. Біріншісі — қара сөз үлгісіндегі мағыналық аударма. Бұған В.В. Радлов, П.М. Мелиоранский, С.Е. Маловтардың аудармасы жатады. Екіншісі И. Стеблеваның өлең аудармасы.

Академик С.Е. Маловтың аудармасы дәлдігі тұрғысынан да, ғылыми негізділігі тұрғысынан да өзіне дейінгі еңбектерден әлдеқайда жетік, биік дәрежеде жасалған еді. Дегенмен, түрк тілдерінің білгірі С. Маловтың аудармасының да әлі жетілдіре, жеткізе түсетін жерлері бар. Бұл айтып отырғандарымыз негізінен мынадай мәселелерге әкеп саяды:

Біріншіден, Малов, біздіңше, ескерткіштің мазмұнын, мағынасын беруді басты мақсат етіп қойған. Сондықтан да ондағы жыр шумақтары бүтіндей ескерілмей қалған. Екіншіден, кейбір жеке сөздердің баламасын дәл бермеген және түпнұсқадағы кейбір сөздер түсіп қалған.

Мәселен, Күлтегінге арналған кіші жазудың алғашқы шумағындағы *білге* сөзі түсіп қалған. Оның керісінше Күлтегінге арналған үлкен жазуда кездеспейтін *імі* сөзін қосқан. Немесе мынадай жолдарды алып қарайық:

Кісі оғлынта үзе *ечум-апам*  
Бумын қаған, Істемі қаған олурмыш.

Осындағы асты сызылған тіркесті (ата-баба деген сөз) ғалым ағам деп теріс аударған. (С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. Москва, 1951, 33 бет).

Тағы бір мысал келтірейік. Үлкен жазудың отыз үшінші тобында мынадай жолдар бар: Иарақынта йалмасынта йүз артуғ оқун урты. *Иезек* башына бір (тегүрмеді).

Осыны С. Малов былай аударды: В его вооружение и в его плащ более чем ста стрелами попали; но начальника его авангарда ни одна (стрела) не попала. (Сонда, 141 бет.) Бұл жерде әңгіме авангард басшысы жайында болып отырған жоқ, керісінше жауынгердің сауыты, киімі аталып отыр. Ал текстідегі *йез* сөзі қазақтың *жез* дейтін сөзінен бөтен дәнеңе емес.

Осыған орай көне түркілердің тарихын терең зерттеген тарихшы Л. Н. Гумилевтің мына бір пікірін келтіре кеткеніміз орынды: «Боевая одежда (әңгіме түркілер туралы болып отыр —М. Ж.) не имеет различия, что дает основание толковать ее как униформу. Она состоит из головного убора и панциря. Головной убор напоминает современный казахский малахай. Малахай покрыт металлическими пластинками, как показывает расцветка — сочетание желтого, белого и синего цветов, создающее впечатление металлического набора (железо и медь) (Л. Н. Гумилев «Статуэтки воинов из Туяук — Мазара»—«Сборник музея антропологии и этнографии», XII, М —Л, 1949, 233-бет).

Сауыттың бұл түрін қазақ батырлары бертінге дейін кигені белгілі.

1965 жылы Москвадағы Азия және Африка институтының ғылыми қызметкері И. В. Стеблеваның Орхон ескерткіштерін орыс тіліне аударған бағалы еңбегі жарық көрді (И. Стеблева «Поэзия тюрков VI—VIII веков», М., 1965). Бұл кітабында автор Орхон ескерткіштерін бүтіндей әдеби шығарма деп қарап, түгелдей өлең деп тапты.

Аталмыш мұраны поэзия үлгісіне жатқызған еңбектерді бұдан да бұрын кездестірген болатынбыз. Алайда, дәл Стеблевадай үзілді-кесілді кесімді пікір айтқан, сол тұжырымын жан-жақты дәлелдеген зерттеу жазылған жоқ-ты.

И. Стеблева ескерткіштің жанрлық ерекшелігін анықтауда да айтарлықтай еңбек еткен. Бұған қатысты пікірімізді кейінірек айтамыз.



Әзірге Стеблеваның аудармасы жайында тағы да бір-екі ауыз сөз айта кетелік.

Бұрынғы аудармашылардың бәрі де ескерткіштің қара сөз үлгісіндегі мағыналық аудармасын ғана жасаған болса, И. Стеблева оны өлең жолдарына түсіріп, тұңғыш рет орыс тіліндегі өлең-аудармасын жасады. Осы себептен ескерткіштің стилі біраз дәрежеде сақталған деп айтуға болады.

Одан соң, ғалым өзіне дейінгі нұсқалардың кемшіліктерін ескеріп, көптеген жеке сөздердің де баламасын дәл тапқан.

Дегенмен әлі де жетпей жатқан, дөп баспаған сәттер И. Стеблеваның аудармасында да баршылық. Мәселен, «Анта ічрекі *будун* коп маңа *көрүр»* деген сөйлемдегі асты сызылған сөздің баламасын (бұл шындығында қауым, халық, көпшілік деген сөз) көп (много) деген мағынада алуы дұрыс емес. С. Малов аудармасында да осыны ұшыратқан едік.

Орхон ескерткіштерін орыс тіліне аударудың жәйі әзірге осындай. Сонымен, қорыта айтқанда, екі түрлі аудармамен таныс болып отырмыз. Бірі — қара сөз үлгісіндегі мағыналық аударма. Бұған Радлов, Мелиоранский, Маловтардың аудармасы жатады. Екіншісі — Стеблева жасаған өлең аударма.

Шындығында, мұқият қарасақ, руналық жазулардың кейбір жолдары шығарманың мазмұнын ғана беріп тұрған жоқ, сонымен бірге өлең шумақтарын да жасап тұр. Өлең атаулының ең көне үлгісі — Орхон ескерткіштерін қазақ тіліне аударумен біз біраздан бері шұғылданып келеміз. Қазақ өлеңі Бұқардың, Махамбет пен Абайдың тұсында бірден туа қалған жоқ. Ол сонау бағы замандарда туып, келе-келе түрленіп, Абайдың қолына сан түсті бояуларымен, әдемі өрнектерімен жеткен. Ұлы Абай өлең кестесіне зәру нәр мен жиһазды сол халық өрнектерінен алған.

Енді ескерткіштерді қалай аудардық және нендей принциптерге сүйендік дегенге келетін болсақ, бұл ретте біз алдымызға екі түрлі мақсат қойғандығымызды айтуымыз керек. Біріншіден, сол бір көне әдебиет үлгісін бүгінгі оқушыға бүтін көркем шығарма түрінде жеткізуді мақсат еттік. Өйткені, Орхон ескерткіштерін өзінің эстетикалық нәрін, қуатын әлі күнге дейін жоймаған құнды мұра деп есептейміз. Осыған орай біз көне автор қолданған көркемдік тәсілдерді бүтіндеп сақтауға тырыстық.

Екіншіден, бірді-екілі үзінділерді есептемегенде, Орхон ескерткіштерінің әлі күнге дейін қазақ тіліндегі толық ғылыми аудармасының жоқтығын ескере отырып, біз мүмкіндігінше аудармамызды ғылыми дәлдіктің талаптарына жауап бере алатындай етіп жасауға тырыстық.

Орхон шығармаларын қазақшалаудың қиындығы да, жеңілдігі де бар. Қиындығы дейтініміз, жоғарыда айтқанымыздай, көне түрк мұраларын

қазақ тіліне толық аударудың бұрын-соңды тәжірибесін кездестіре алмадық. Бұл жерде Ғ. Айдаровтың Тоныкөк ескерткішін аударуын ғана атауға болады. Оның өзі де прозалық (мағыналық) аударма.

Бізде көркем аударма мәселесі көп дәрежеде шешімін тапқан да, ал ғылыми аударма жәйі күні бүгінге дейін ауызға да, қолға да алынбай келеді. Мәселен, ғылыми аударма көп еркіндікті, түпнұсқадан ауытқушылықты қаламайды; дәлдікті, нақтылықты қажет етеді. Біз жұмыс үстінде осыны мүмкіндігінше жадымызда мықтап ескеруге тырыстық.

Содан соң, бізге алдымен көне түрк диалектісіндегі өлеңдік ұйқастардың өзін ажыратып, Орхон ескерткіштерінің жыр ізіндегі транскрипциясын жасау керек еді.

Жеңілдігі дейтініміз, өзімізге дейін аталған ескерткіштердің орыс тілінде бірнеше аудармасы, соның ішіндегі өлең аудармасы дайын болатын. Сол себепті кей тұстарда ескерткішті басқа нұсқалармен салыстырып отыруға да мүмкіндік болды.

Алайда біз дайын істің ізіне түскеніміз жоқ, жырды аударуда көбіне қазақ тілінің, қазақ өлең құрылысының тұрғысынан келдік. Сол себептен де біздің жұмысымыздың орыс тіліндегі нұсқасынан көп өзгешеліктері болатыны да өзінен-өзі түсінікті.

Атап айтқанда: Біріншіден, Орхон жәдігерліктерінің қазақ тіліндегі аудармасын орыс тіліндегідей таза аударма деп түсінбей, жартылай аудармаға жатқызу керек. Олай дейтініміз, сол көне ескерткіштің тілі, ондағы өлең ұйқастары мен қазіргі қазақ тілі, қазақ өлең ұйқастарының арасында пәлендей бөгделік, алшақтық жоқ. Толып жатқан сөздер, «Қызыл қанымды ағыздым; Қара терімді төктім» секілді өлеңдік ұйқастар сол күйінде өзгеріссіз алынды. Орыс тіліндегі аудармадан біздің мүмкіндігіміздің мол болғандығын дәл осы ерекшеліктен деп білу керек. Сондықтан да біз аудармамызды осы сөздің тура мағанасындағы аударма демей, бір тілдің көне формасынан сол тілдің дамыған, қазіргі түріне *жаңашалау* деп есептейміз. Басқа сөзбен айтқанда, бұл ескерткіштердің тіліне ана тіліміздің байырғы формасы ретінде қараймыз.

Екіншіден, Орхон ескерткіштерін аударуда біз оның рухын, стилін түгел сақтауды мақсат еттік. Осыған орай жазудың әрбір жолын, ұйқасын, буын санын да өзгертпеуге тырысып отырдық. Бірер мысал.

Түн удусукум келмеді,  
Күнтүз олуресукум келмеді (ТК)

Аудармасы:

Түнде ұйықтағым келмеді,  
Күндіз отырғым келмеді.



Осы үзіндінің түпнұсқасының әрбір жолы сегіз буыннан тұратын болса, жаңашасы да сегіз буынға құрылды.

Немесе:

Қаның субча йүгірті — Қаның судай акты,  
Соңүкүң тағча йатды — Сүйегің таудай жатты.  
Бегілік уры оғлың құл болты — Бек ұлдарың құл болды,  
Сілік қыз оғлың күң болты — Пәк қыздарың күң болды.

Осындағы ұйкастарда да пәлендей өзгешелік жоқ сияқты. Біздің аудармамызды бөгде тіл үлгілерінің аудармасы демей, бір тілдің байырғы формасынан бүгінгі түріне жаңашалау дейтініміз де, міне сондықтан. Ұстаздарымыз – орыс достарымыз жасаған аудармадан біздің аудармамыздың түпнұсқамен бүтіндей үндесіп жататындығын да аударманың пәлендей шеберлігінен деп түсінбей, сол көне түрк тілі мен қазіргі қазақ тілінің туыстығынан, тектестігінен деп білу қажет. Мәселен:

Тізлігіг сөкүртіміз — Тізеліні бүктірдік,  
Башлығығ йүкүнтүртіміз — Бастыны еңкейттік (КТү)

деген жолдарды орыс тіліне мынадан артық етіп аудару еш мүмкін болмас еді: «Имевших колени заставили преклонить колени, имевших головы заставили склонить головы» (С. Малов аудармасы).

Бұған қарай, шығармадағы жолдардың бәрі бірдей осындай түсінікті екен деп ұқпау керек. Ескерткіштерде қазіргі қазақ оқушысы бірден түсіне қоймайтын сөздер де кездесіп отырады. Ондай сөздердің дәл баламасын табуға тырыстық. Түсінеді-ау деген сөздерді сол күйінде қалдырдық.

Сырттай қарағанда мұның өзі біржақтылық болып көрінуі мүмкін де, аударма дәл қазіргі өлеңдердей ойнап, құлпырып тұрмауы ықтимал. Бірақ біз бұдан ұтылмаймыз. Керісінше, осылай еткенде ғана қазақ өлеңдерінің ең ертедегі, байырғы құрылысы, ерекшелігі жайында зерттеулер жасауға мүмкіндік тудыратын боламыз.

Алдағы уақытта Орхон ескерткіштерінің талай аудармалары жарық көріп, бірте-бірте жетіле түсетіні ақиқат.

Бұл тұста орыс әдебиетінің орта ғасырдағы тамаша жыры «Игорь полкы туралы сөздің» 1800 жылы Мусин-Пушкин жасаған аудармасы мен 1965 жылы жарық көрген үлгісінің (аударғандар: В. Стеллецкий, Л. Тимофеев) арасында елуден астам аударманы басынан кешкендігін ескертсек те жеткілікті.

Басқа ғалымдардан, соның ішінде И. Стеблевадан біздің аудармамыздың өзгешелігі неде енді соған тоқталайық.

Руналық ескерткіштердің орыс тіліндегі тұңғыш өлең аудармасын

жасаған И. Стеблева шығарманың табиғатын, құрылысын, стилін негізінен дұрыс сақтаған дедік. Өйткенмен, ғалым көп ретте ескерткіштегі ұйқасты жолдарды түрк халықтарының поэзиясына ортақ болып табылатын төрт жолды бір шумақ өлеңге еріксіз бағындыра бергендігін ескертуге тиіспіз. Басқаша айтқанда, зерттеуші қисыны келсін, келмесін, әйтеуір төрт жолдан тұратын бір шумақты өлең жасай берген. Мәселен, мына бір үзіндіні алып қарайық.

Ілгерү — Шантұң йазыққа тегі сүледім,  
Талуықа кічік тегмедім,  
Біргерү — Токуз ерсенке тегі сүледім,  
Түпүтке кічіг тегмедім.  
Құрығару — Иинчу үгізіг кече  
Темір Қапығқа тегі сүледім,  
Йыргару — Йер Байырку йеріне тегі сүледім,  
Бунча йерге тегі йорытдым (КТ) (Ү)

Жаңашасы:

Ілгері — Шантұң жазыққа дейін жауладым  
Теңізге сәл жетпедім.  
Түстікте — Тоғыз ерсенге дейін жауладым,  
Тибетке сәл жетпедім.  
Батыста — Инжу өзенін кеше  
Темір қақпаға дейін жауладым,  
Терістікте — Байырқы жеріне дейін жауладым,  
Осыншама жерге дейін жорыттым.

Осы сегіз жолдан И. Стеблева екі шумақ өлең жасаған. Біздіңше, бұл дұрыс емес. Өйткені, Орхон ескерткіштерінен өлең шумақтарын жасау үшін тек ұйқас, ырғақ қана іздеу жеткіліксіз. Өйткен жағдайда біз шығарманың болмысын жете анықтамаған боламыз. Сол себепті ондағы ұйқас, ырғақтарға мән берумен қатар, ең негізгісі — белгілі бір тиянақты аяқталған ойға құрылған түйдектерді табуға тиіспіз, олай дейтініміз, ескерткіш көбіне ой ұйқастарына құрылған. Сондықтан да біз жоғарыда келтірілген үзіндіні екі шумақ деп қарамай, жорық сапарларын суреттеген сегіз жолды тұтас шумақ деп қараймыз.

Сонымен қатар дәл Стеблеваның ұғымындағыдай, ескерткіштегі сөз біткеннің бәрін бірдей ағыл-тегіл өлең деуге болмайды. Қазақтың «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Алпамыс», «Қобыланды» тәрізді әйгілі жырларында кездесетін өлең арасындағы әлқисса-түсіндірме көркем қара сөздер мұнда да кездесіп, араласып отырады. Мысалы, «Өтүкен йышда иді йок ерміс, ел тұтсық йер Өтүкен йыш ерміш. Бу йерде олурып, табгач будун бірле түзелтім. Алтун, Күмүш, Ісігі, құтай буңсыз анча берүр



табғач будун сабы сүчiг, ағысы йымшақ ермiс»—«Өтүкен қойнауының нағыз йесi жоқ едi, бiрақ ел тұтатын жер осы Өтүкен қойнауы едi. (Дәл) осы жерде отырып табғаш халқымен тағдырластым. Алтынды, күмiстi, дақылды, жiбектi осыншама шексiз берiп жатқан табғаш халқының сөзi тәттi, бұйымы асыл едi» (КТ к).

Тағы бiр мысал: «Келiгме беглерiн, будунун iтiп йугур (аз)ч) а будун тез — iс ертi, он оқ сүсiн сүлетдiм»— «Келген бектерiн, халқын жайғастырып жатқанда, бiраздаған жұрт кашып кеттi. Он оқтың әскерiн аттандырдым» (КТк).

Келтiрiлген жолдарды И. Стеблеваның зерттеуiндей өлең үлгiлерiне жатқызу қиын-ақ. Көне түрк авторлары, өзiмiзге әбден қанық қазақтың батырлар жырларындағыдай, болашақ жорықтарды немесе өткен оқиғаны ақындық тәсiлмен, үлкен пафоспен баяндай отырып, өздерiне елеусiз деп есептеген сәттердi жыр арасында қара сөзбен жеткiзiп те отырған. Әдетте мұндай прозалық жолдардың көркем болуы шарт емес, керiсiнше түсiнiктi болу жағына баса мән берiлген. Осы заңдылықты Күлтегiн, Бiлге Қаған, Тонькөктерге арналған үш шығарманың үшеуiнде де кездестiреміз. Өз кейiпкерiн дәрiптеуде, оның жойқын соғыстарда көрсеткен есепсiз ерлiктерiн суреттеуде сан түрлi бояуды, бейнелеу тәсiлдерiн мол пайдалана отырып шабытпен жырлаған автор бiр сәт прозалық баяндауды да қолданады. Мұны бiз көне түрк ғұламаларының эпикалық мұра жасаудағы қалыпты, дәстүрлi әдiсi ме деп ойлаймыз.

Екiншiден, Орхон ескерткiштерiндегi өлеңдер тек қана төрт жолды бiр шумақ қана болып келмейдi, онда өзiмiздiң батырлар жырында жиi ұшырасатын аралас ұйқас та, шалыс, шұбыртпалы ұйқас та мол. Осыған сәйкес бiз бiр шумақтың үш жолдан, сегiз жолдан да, он үш, кейде тiптi одан да көп жолдардан тұратындығын аңғардық.

Ескерткiште кейбiр жолдар сол күйiнде түсiнiксiз қалған. Бiрақ текстiнi аса зейiнмен оқыған кiсi түпнұсқадан әнгiменiң не жайында, кiм туралы болып отырғандығын түсiнедi. Ондай жолдарды бiз төменге түсiрiп, түсiнiктеме берiп отырдық.

Сол сияқты, шығарманың табиғатын неғұрлым дәл беру мақсатымен жырдағы кездесетiн байырғы, бiрақ қазiргi оқушы түсiнетiн кейбiр сөздердi де сол күйiнде қалдырып, ол туралы анықтаманы төменде берiп отырдық.

Филология ғылымдарының докторы Ғ. Мұсабаев Күлтегiн ескерткiшiнiң кiшi жазуын қазiргi қазақ тiлiне аударып жариялады («Жұлдыз» журналы, 1963 ж., № 3).

Бұл әбден құптарлық әрi игi жұмыс. Сонымен бiрге бiз мынаны да айтуға тиiспiз. Ғ. Мұсабаевтың аудармасын дәл аудармаға да, еркiн аудармаға да жатқызу қиын. Кей тұста ғалым ескерткiштiң стилiн сақтайды да, кей тұстары бүгiнгi өлеңдердей болып шыққан.



Мәселен, ғалым тек әйтеуір ұйқастыру мақсатымен бір ғана *сүледім* (аттандым) деген сөзді *жүргіздім, өргіздім, кіргіздім* деп аударған. Ал, шындығында бұл үшеуі үш түрлі мағынаны білдіретін сөздер. Көне әдеби ескерткіштерді жаңашалағанда мұндай еркіндікке жол беруге болмайды.

Қысқасы, бұл ескерткіштерді аудару керек; бірақ аударғанда, көне мұраның өзіне тән стилін, ерекшеліктерін берік сақтаған абзал.

Орхон жырларын қазақ тіліне жаңашалау, аудару мәселесі жаңа ғана қолға алына бастады деу керек. Көне мұралардың бірнеше өлең аудармасын, жаңашасын жариялап, соларды салыстыра отырып, әбден жетілген нұсқасын жасау — алдағы міндет. Мұны орыс ғалымдарымен қатар, өздерін Орхон жазуларының мұрагері есептейтін түрк халықтары зерттеушілері де істеуге тиіс.

Қазақ ақындары да бұл игілікті жұмысқа ден қоя бастаған тәрізді. Мұның куәсі ретінде «Жұлдыз» журналының 1970 жылғы 2-санында ақын Қадыр Мырзалиев аударып жариялаған «Күлтегін» жырының үзіндісін атауға болады. Бұл табиғаты жағынан әсілі ақындық тәсілден туған еркін аудармаға жатады. Десе де Қадырдың аудармасы өте сәтті шыққан. Сондықтан да ескерткіштің эпикалық сарыны бүгінгі оқушыға дәл жеткен. Ақындық шабыттан туған бұл аудармадан ежелгі жырау Иоллығ-тегіннің қолтаңбасын да, ұлылығын да танығандаймыз.

Енді Орхон ескерткіштерінің көне түрк тіліндегі нұсқасы мен қазіргі қазақ тіліндегі жаңашаланған үлгісіне назар аударыңыз.

### **Орхон ескерткіштерінің жанрлық сипаты**

Орхон ескерткіштері тіл, тарих мұрасы ретінде толық тексерілгенмен, жанры жағынан әлі тиянақты анықталған жоқ. Бұл маңызды мәселені шешу түркологияның қазіргі таңдағы кезек күттірмейтін жауапты міндетінің бірінен саналады.

Орхон жазбаларынан әдебиеттің белгісін танып, оның өлеңдік қасиетіне мән берген ғалымдардың бағалы сөздері ертеде шыққан кітаптардан да кездеседі.

Мәселен, Түрк халықтар өлеңінің құрылысын алғаш жете зерттеген ғалымдардың бірі Ф. Корш өзінің «Древнейший народный стих турецких племен» (СПб, 1909) деген әйгілі еңбегінде Орхон жазулары мен түрк халықтары өлеңінің арасындағы ырғақ сәйкестігіне назар аударған еді.

«Как строится кара-киргизская былина («Наука и просвещение» журналы, Ташкент, 1922, № I) деп аталатын мақаласында зерттеуші Фалев: «Халық эпосы шығармаларын Орхон жазуларымен салыстыру әбден орынды» деген өте құнды пікір айтады.

Күлтегінге арналған ескерткішті өлең текстіне алғаш жатқызған кісінің бірі — А. Бернштам. Ғалым өлең деп тануын танығанмен, өз





ойын нақтылы дәлелдей алмаған да, соның салдарынан үміт сәулесіндей осы бір құнды пікір кезінде түркологтар тарапынан қолдау таппаған.

Ескерткішті тек лингвистік тұрғыда зерттеген П. Мелиоранский мен С. Малов секілді көрнекті ғалымдар өз еңбектерінде руналық жазулардың тілінде, баяндау стилінде өзгеше жатықтық бар дегенді айтады.

Міне, бір мың тоғыз жүз елуінші жылдардың ортасына дейінгі Орхон ескерткіштерінің сипаты, жанры жайындағы ой-пікірлер осындай болатын.

Орхон жазуларының жанрлық табиғаты туралы түркологияда қазір қарама-қайшы екі түрлі көзқарас қалыптасып келеді. Оның бірі А. Щербактың, екіншісі И. Стеблеваның есімімен байланысты.

А. Щербак былай деп жазады: «Өзінің сипаты жағынан бұл жазуларды ақындық шығармаға жатқызуға болмайды». Басқаша айтқанда, Щербак Орхон ескерткіштерін әдебиет үлгісіне үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, Түрк қағанатының қысқаша, дәл, тарихи деректер жиынтығы деп қарайды.

Осы айтылған пікірді тарихшы Л. Гумилев қуаттайды: «И. В. Стеблеваның монографиясы Күлтегін мен Тоныкөктің құрметіне арналған жазуларды өлеңге жатқызып және оны тарихи поэма ретінде дәлелдеуге әрекеттенген. Автордың сонысына қарамастан, біз одан өлеңге ең қажетті нәрсе — ырғақты таба алмадық. Сол себептен де «Сипаты жағынан бұл жазуларды ақындық шығармаға жатқызуға болмайды» деген А. Щербактың тұжырымына қосыламыз»,—дейді зерттеуші (Л. Н. Гумилев «Древние тюрки», М., 1967, 322 бет).

Демек, Л. Гумилев те көне руналарды жыр емес, түрк халқы тарихының қысқаша шежіресі есебінде танып отыр.

Бұл пікірді біз қостай алмаймыз. Көне түрк руналарын өлең жолына түсіріп, ақындық өнердің үлгісі деп танып, алғаш рет композициялық, жанрлық, стильдік тұрғыдан тексерген И. Стеблеваның монографиясындағы батыл да бағалы тұжырымдарды ескеру қажет.

Ғалым былай деп жазады: «Туған елінің тәуелсіздігі мен құлдыққа қарсы күресін, халқына және оның ерлеріне деген сүйіспеншілігін ақындық шабытпен жазған Орхон текстілерін жалаң тарихи (тарихи-өмірбаяндық) деректемелерге жатқыза қоюға болар ма екен? Керісінше, белгілі бір ақындық дәстүрдің ортасында туған осы жазуларды тарихи-ерлік поэма деп тану әлдеқайда орынды болар еді». (И. В. Стеблева-Поэзия тюрков, Москва, 1965, 61-бет).

Біз И. Стеблеваның осы пікіріне, негізінен, қосыламыз. Бірақ, ол ғалым айтқандай бірегей ағыл-тегіл жырға жата ма?

Орхон жырлары тек қана өлеңге құрылмаған, жоғарыда айтқанымыздай, арасында қара сөз араласып келіп отыратын өзіміздің «Алпамыс», «Қобыланды» тәрізді эпикалық жырларды еске салады.

Мәселен, «Күлтегін қоң йылқа йеті йегірмеке учды. Тоғызынч ай йеті отузқа йок ертүртіміз. Барқын, бедізін, бітіг ташын бечін йылқа йетінч ай йеті отузқа қоп алқадымыз. Күлтегін өл (ліп) қырқ артұқы йа-шық бұлыт».

Жаңашасы: «Күлтегін қой жылы он жетінші күні өлді. Тоғызыншы айдың жиырма жетісінде жерледік. Мазарын, ою-өрнегін, жазба тасын мешін жылы жетінші айдың жиырма жетісінде аяқтадық. Күлтегін өлгенде қырық жаста еді» тәрізді жолдардан зорлап өлең жасаудың еш қисыны жоқ.

Өйткені, эпикалық мұраның ең көне үлгілерінің біркелкі өлеңнен ғана тұруы шарт емес. Әдебиеттің көптеген түрі бір шығармада-ақ араласып жататын (синкретизм) ерте дәуірде өлең де, қара сөз де қатар жүрсе, оған танданбауға тиіспіз. Орхон ескерткіштерін кейбір ғалымдардың (Л. Гумилев) өлеңнен іргесін бүтіндей аулақтатып, көркем прозаға жатқызуының себебі сол араластық белгісінен болу керек.

Алайда: «Мінсіз қара сөз жазу үшін де өлеңдік өлшемдердің үлкен шебері болу қажет» деген ғой ұлы Гейне. Сонда әдебиет әлемінде үлгілі әсем қара сөз жасап қалдырудың өзі ақындық өнердің тамаша бір белгісі болып шықпақ.

Қазақ әдебиетінде өзге халықтар творчествосында кездесе бермейтін шешендік сөздер деп аталатын қызық жанр бар. Соның қай үлгісін алсаң да, өмірдің шындығына суарылған, ешкім өзгерте алмайтындай асыл жолдарды көресің. Тыңдайсың да халқың жасаған ғажап өнерге ғашық боласың. Сонын, бірін тыңдап көріңіз.

Баяғы заманда аяқтыға — жол, ауыздыға сөз бермейтін бір кедей шешен дауда суырылып сөйлеп отырса, дәулетті біреу: «Сөйле, сөйле, құлағы жоқ шұнақ биім, құйрығы жоқ шолақ биім»—деп кекетіпті: сонда әлгі кедейден шыққан шешен: «Сөйлесе несі бар. Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады. Сен мал мен басқа мақтандың. Байлық түбі — бақыл, қазына түбі — ақыл. Ешкі егіз тауып қойдан көп болмас, ит сегіз тауып малдан көп болмас. Құлағым шұнақ болса, сұңқар шығармын, құйрығым шолақ болса, тұлпар шығармын. Тасыма! Құдайдың маған берейін десе баласы жоқ па, саған жіберейін десе, бәлесі жоқ па?»— деген екен. Осы бір аз ғана жолда қаншама өмір, қанша даналық бар?! Осының өзі жосылған мінсіз қыр емес пе?

Екі сөздің бірінде дәл осылай мақалдап сөйлейтін, қара сөзден сан түрлі жарасымды қисындар тауып сан құбылтқан, жадағай сөзді алтайы түлкідей ойнатқан ақын халық-қазақ халқы — Гейне айтқан мінсіз қара сөз жасаудың асқан шебері. Ендеше, қазақ халқындағы асқан шешендіктің бір ұшы сол байырғы Орхон ескерткіштерінде жатыр деуге болады.

Шынында да, Орхон жазулары әдеби мұра ма? Болса, оның қай үлгісіне жатпақ? И. Стеблеваның пікірінде қаншалықты қисындылық бар? Міне, бұл сауалдарға жауап берудің жалпы түрк халықтары әдебиеті үшін, оның ішінде қазақ әдебиеті үшін үлкен мәні бар.



Егер халқымыздың ерлік дәстүрлерін көркем образдарға ұластырған қазақ эпостары мен Орхон жазуларының арасындағы табиғи туыстықты айқындай алсақ, онда заты қазақ өлеңінің ең әдепкі үлгілері хақында нақтылы сөз етудің мүмкіндігі туатыны да ақиқат.

Руналық жазудың жанрын айқындаудағы И. Стеблеваның еңбегін тиісінше бағалай отырып, ғылымдағы дәлділік, әділдік үшін мына бір мәселенің де бетін ашып алу керек-ақ секілді:

Расында ескерткіштің жанры турасындағы концепция бір ғана И.Стеблеваның атымен байланысты айтылуға тиіс пе? Ол туралы бұрын-сонды одан бұрын ешкім ештеңе жазбады ма екен?

Рас, И. Стеблева Орхон ескерткіштерінің жанрлық табиғатына арнайы тәп-тәуір зерттеу жұмысын жүргізді. Бірақ сол шығармалардың жанры туралы ғылыми құнды пікірлерді одан да бұрын кездестірген жоқ па едік.

Бұл ретте біз көрнекті қазақ ғалымдарының қағаберіс қалдыруға еш болмайтын, И. Стеблевадан әлдеқашан бұрын-ақ жасаған аса маңызды тұжырымдарын еске салғымыз келеді.

Түрк қоғамын терең зерттеушілердің бірі академик Әлкей Марғұлан түрк халқының мәдениетін, әдебиетін кеңінен тәптіштей келе былай деп жазады:

«VI—VIII ғасырлардағы халық фольклорында эпостық поэзияның Орхон ескерткіштерінде жазылып қалған ең ертедегі ақындық тәсілдері мен дәстүрлері белгілене бастаған. Бұл поэзияның элементтерін Күлтегін мен Білге-ханның басындағы құлпытастарына жазылған жазулардан көруге болады. Бұл жазулардың текстісі эпостық әңгіме стилінде жазылған».<sup>22</sup>

Ғалымның Орхон ескерткіштерінен ақындық тәсілді де, дәстүрді де тауып, оларды жанры жағынан ерлік жырына жатқызып отырғанын осы мысалдан да көруге болады.

Заманымыздың әйгілі жазушысы, ойшылы академик М. Әуезов Совет түркологтары бас қосқан үлкен мәслихатта<sup>23</sup> мынадай бір құнды пікір айтқан еді:

«Орхон жазулары» деген не?

Бұл күнге дейін оларды тіл тарихының ескерткіші ретінде зерттеп жүр. Соған қоса ол фольклордың мейлінше көне үлгілерінің де ескерткіштері емес пе? Сол жазуларда эпостық аңыздардың шағын да ықшам фабулалық желілері бар ғой»<sup>24</sup>

Ғалым дәл осы жерде Күлтегін мен Тоныкөкке арналған руналық ерлік жырының белгілерін айқын тауып отырған жоқ па?

<sup>22</sup> Ә.Х.Марғұлан. Қазақстан халықтары мен тайпаларының VI-XII ғасырлардағы мәдениеті. «Қазақ ССР тарихы», I том, Алматы, 1957, 117-бет.

<sup>23</sup> Әңгіме 1952 жылы 8 июльде «Манас» эпосын зерттеуге арналған Фрунзе қаласындағы бүкілодақтық конференция жайында болып отыр.

<sup>24</sup> М. Әуезов. «Уақыт және әдебиет». Алматы, 1962, 143-бет.

Орхон мұраларын зерттеуші ғалымдардың, әсіресе оның әдеби сипатына ерекше мән берген И. Стеблеваның жоғарыда келтірілген бағалы тұжырымдарды ескермеуі өте өкінішті-ақ. Біздің мұны әдейі айтып отырған себебіміз, біздің ғасырымыздың елуінші жылдарына дейін советтік түркологияда Орхон ескерткіштерінің табиғатына жақын пікір айтқан бірде бір зерттеуші болған жоқ. Жүздеген жылдар бойы тек тілдік, тарихи мұра ретінде зерттеліп келген Орхон жазуларынан әдебиет сипатын тану, сөз жоқ ғылым әлеміндегі үлкен жаңалық еді.

Сондықтан да Орхон ескерткіштерінің жанры туралы мәселені күн тәртібіне алғаш қойған ғалымдар: Мұхтар Әуезов пен Әлкей Марғұлан деп есептеліп, Стеблева болса, осы зерттеушілердің концепциясын ғылымда тұңғыш рет дәлелдеуші ретінде танылуға тиіс.

Түрк қағанатының тарихын Күлтегін мен Тоныкөкке арналған жазулармен салыстырудың нәтижесі ескерткіш авторының алдында әдеттегідей тарихи жүйелеуден гөрі әлдеқайда бөлек, әлдеқайда биік міндет тұрғандығын көрсетеді. Басқаша айтқанда, Орхон жазуларының авторларын жалаң тарихи фактілер емес, белгілі бір идеяға арқау бола алатын тарихи оқиғалар қызықтырған тәрізді.

Түрколог — тарихшылардың біразы (С. Кляшторный, Л. Гумилев): «Тарихи оқиғалар дәл, алайда жеткіліксіз» деген пікірді айтқанда, руналық жазулардың әдебиет үлгісіне жататындығынан ғана халық тарихын егжей-тегжей баяндамай, оның ең қажетті, тартымды деген сәттерін ғана сұрыптап алып суреттейтіндігін ескермеген.

Екіншіден, егер біз Орхон жазулары сөз етіп отырған фактілер жайында ертеректе жазылған мәліметтерден бұрын-соңды оқып білмеген болсақ, онда ескерткіштердегі там-тұмдап қана берілген сараң тарихи деректерден жарытып ештеңе түсінбеген болар едік.

Сол себепті Орхон ескерткіштерін жалаң тарихи фактілер тізбегі деп қарамай, түрк халқының ізгі арманын, кескілескен соғысын, айбынды батырларын өзгеше әуезбен жыр еткен ерлік эпосының ең әдепкі үлгісіне жатқызу орынды.

Сондықтан да бір кездерде эпостық дәстүрі айырықша дамыған қазақ халқының бай мұрасы мен Орхон ескерткіштерін салыстыра зерттеудің ерекше мәні бар.

Өйткені, Орхон жырларын зерттеу проблемасын жалпы әдеби процесімізден бөліп қарауға болмайды. Қайта біз халқымыздың тарихи өткенінен, рухани өсуінен мол мағлұмат беретін шығарманы терең зерттей түссек, онда бұл шығармалар эпикалық мәдениетіміздің көп сырларын ашуға мүмкіндік береді.

Басқаша айтқанда, эпостарымыздың жасалу процесін, оған қоса ғасырлар құрдымынан бүгінге дейін үзілмей, жалғасып келе жатқан жанды дәстүрді дәлелдей алатын боламыз. Қазақтың ұшан-теңіз



эпикалық, жыр дәстүрінің қайнар бұлағын, оның сарқылмас көзін ендігі жерде біз солардан іздеуге тиіспіз.

Осы уақытқа дейін қазақ эпосының тууы жайындағы қорытындылар тұспалдап қана айтылып келсе, Тоныкөк, Күлтегінге арналған жырлардың зерттелуімен байланысты, бұл мәселені нақты дәлелдермен топшылауға мүмкіндік алатын боламыз. Осы ретпен біз енді Орхон жырларын қазақ эпостарының кейбір үлгілерімен салыстырып көрейік.

### Орхон ескерткіштері және қазақ эпосы

Жалпы эпос (хебос) — жыршы деген сөз. Демек бұл ұғымның ең алғашында белгілі бір елеулі оқиғаны дәріптеумен, жыр етумен байланысты шыққандығы сөзсіз.

«Шынын айтқанда,—деп жазды А. Н. Веселовский,—батырлардың ерлігін жырлаған эпостар халықтың қалыптасуымен қатар туа бастаған. Тарихи кезеңдердің елеулі тұлғалары — ерлердің төңірегінде неше түрлі өлеңдер құрастырылып, солардың негізінде бүгін цикл жасалған», (А.Н.Веселовский. История эпоса, отд. I, СПб, 1882, 267-бет).

Қазақ эпосының тууы жайындағы академик Қажым Жұмалиевтің мына бір пікірін келтірейік: «Қай елдің эпосы болмасын, белгілі бір тарихи оқиғаның ізін баса туғанға ұқсайды және ол бір күн, не бір жылдың ғана жемісі емес, халықтың басынан өткізген талай заман, талай ғасыр, талай тартыстардың нәтижесі... Қазақтың осы күнгі ұзақ эпостарының бастамалары ерте замандағы патриархалдық рулық құрылыс кезінде: үйсін, қаңлы, қоңырат, керей, қыпшақ замандарында, әр рудың өз істерін ерлікке айналдырып жыр еткен қысқа көлемді жырлар жатуы, кейін олар ұмытылса да есте сақталынып қалған аңыздардың негізінде ұзақ жыр, поэмалардың тууы мүмкін» (Қ. Жұмалиев. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері, I том, Алматы, 1958, 10-бет).

Бұл пікірді бір ғана Қ. Жұмалиев емес, әдебиетіміздің тарихын зерттеген: М. Әуезов, Е. Ысмайылов, Б. Кенжебаев, М. Ғабдуллин тәрізді көрнекті ғалымдарымыздың қай-қайсысы да кезінде айтқан болатын.

Демек, А. Веселовский айтқандай, ерлік жырлары халықтың қалыптасуымен бірге қатар туған болса, онда Күлтегінге арналған жыр, дәл осылай, түрк халқының қалыптасу кезеңінде жасалған. Ал, Күлтегін, Тоныкөк жырларының өзі Үйсін, Қаңлы, Қыпшақ, Қоңырат, Дулат, Керей, Найман, Жалайыр, Алшын руларының VI—VIII ғасырлардағы Түрк қағанаты астына топтасқан дәуірдегі мұралары еді.

Сол себепті біз қазақ эпостарының әдепкі арналары Түрк қағанатының кезінен басталады дейміз. Қырғыз әдебиетіне қатысты бұл пікірді академик М. Әуезов баяғыда-ақ айтқан болатын:

«Түрк рулары мен қағанаттарының тілсіз таста із қалдырған

осынау жорықтары қырғыздың сол кездегі эпостық аңыздарының тууына ықпал жасамаған бола ма? Егер мұндай ескерткіштер қара тастан ойылып, қашалып тұрып жасалса, сол жырлардың ауызша айтылып таралған әрі бұдан да толық нұсқалары болмауы мүмкін бе? Егер мұндай жыр-аңыздарды тоғыз оғыздар; түргештер және басқа да тайпалар шығара алған болса, сондай аңыздарды сол дәуірде, тіпті IX ғасырда емес, VI—VII ғасырларда соншалықты бұғауда болған, халықты қорғаушы батырға әсіресе ділгір болған қырғыздар қайтіп шығармайды?.. Эпостың туу дәуірін айқындап анықтағанда осындай жәйттерді ескеру қажет» (М. Әуезов. Уақыт және әдебиет, 244-бет).

Осы айтылғандардың бәрі де тегі бір түрк тілдес халықтардың эпосының, оның ішінде қазақ эпосының тууына қатысты емес деп кім айта алады? Әрине, ешкім де айта алмас еді. Түрк руларындағы Азман атты Күлтегін, қыпшақтағы Тайбурылды Қобыланды, Қоныраттағы Байшұбарлы Алпамыс жалпы түрк халықтарының М. Әуезов айтып отырған сондай ділгірлігінен туған қаһармандары еді.

«Сөз тапқанға қолқа жоқ» деп, қашанда тұрлаулы сөздің төркінін тосып, оған төрелік беретін, өлмес-өшпес мол жырлар тудырған қазақ халқы ежелден-ақ шешен сөйлеген.

Халқымыздың осы жыршылық, шешендік қасиетін ілгергі ғалымдардың көбі тамсана жазған еді.

Соның бірі академик В. Радлов былай дейді: «Қазақ, қырғыз шешен болады. Олар түрк тектес басқа халықтардың қай-қайсысынан болсын сөзге ұста келеді... Сөйлеп тұрғанда кідіру, күрмелу дегенді білмейді... Көп уақытта қазақ, қырғыздың сөзі өлең, жыр тәрізді болып келеді: сөздері ырғақты, ұйқасты шығады.

Қазақ, қырғыз халқы шешен, өткір, көркем сөзді сүйеді. Поэзияны қадірлейді. Сондықтан да оларда халық поэзиясы мейлінше өркендеген. Қазақ, қырғыздың мақал, мәтелі болсын, жоқтау, қоштасуы болсын, айтыстары мен билік сөздері болсын — бәрі де өлең, жыр болып келеді»<sup>25</sup>.

Өткен ғасырдың соңғы ширегінде В. Радлов аралаған кезде Қазақстанның қазіргі байтақ даласында толғау-жырдың әлі де толастамаған шағы еді.

Құйрығы жоқ, жалы жоқ,  
Құлан қайтіп күн көрер?  
Аяғы жоқ, қолы жоқ  
Жылан қайтіп күн көрер?

деген Асан Қайғының (XVI ғасыр);

<sup>25</sup> В.В.Радлов. Образцы народной литературы северных тюркских племен, 1885, 3 – 4 беттер.



Арғымақ атта сын болмас  
Қиған қамыс құлақсыз.  
Азаматта сын болмас  
Арты болса тұяқсыз.  
Айдын көлде сын болмас  
Жағасы болса құрақсыз.  
Асқар тауда сын болмас  
Бауыры болса бұлақсыз.  
Ақ киікте сын болмас  
Арты болса лақсыз.  
Жеті арнада сын болмас  
Аяғы болса тұрақсыз,—

деп айтқан Абылдың (XVIII ғасыр);

Асқар таудың өлгені,—  
Басын мұнар шалғаны.  
Көктегі бұлттың өлгені —  
Аса алмай таудан қалғаны.  
Ай мен күннің өлгені —  
Еңкейіп барып батқаны.  
Айдын шалқар өлгені —  
Мұз болып тастай қатқаны.  
Қара жердің өлгені —  
Қар астында жатқаны.  
Өлмегенде не өлмейді?  
Жақсының аты өлмейді,  
Ғалымның хаты өлмейді,—

сияқты Бұқар жыраудың толғауларын естіген В. Радловтың таңдана жоғары баға беруі де заңды еді. Енді бұған халық арасында туған есепсіз даналық сөздерді қоссақ, онда байтақ қазақ даласының ән қалықтап, күй төгілген, жыр ағылған аңыздай келбетін елестету қиын болмас еді.

Қазақ халқы осындай ақындық қабілет-дарынды өзінің ата-тегі — байырғы түрк тайпаларынан мұра тұтқан.

Олай дейтініміз, соншалықты ерте туғандығына қарамастан, Орхон ескерткіштерінде шешендік арнаудың, келісімді ырғақтың, ойлы мақалдың, азалы жоқтаудың, жойқын соғыс суреттерінің сан үлгілері ұшырасады. Солардың қай-қайсысының да дамыған, жетілген түрлерін әдебиетіміздің әр саласынан қиналмай-ақ тауып жатамыз.

Тәңірідей, тәңіріден жаралған  
Түрк Білге қаған,  
Бұл шақта, отырдым (таққа),  
Сөзімді түгел естіндер!

немесе,

Тоғыз оғыз бектері, халқы!  
Бұл сөзімді мұқият тыңда, терең ұқ —

деген жолдардан қазақ әдебиетінде ерекше дамыған шешендік сөздердің жоралғысын танимыз. Риторикалық сұраққа негізделген шешендік арнаудың мұндай түрлері Орхон ескерткіштерінде өте көп-ақ. Тағы бір мысал:

Түрк халқы, тыңдандар!  
Көктен тәңірі баспаса  
Төменде жер айрылмаса,  
Ел-жұртыңды кім қорлайды?!

О, қасиетті Өтүкен койнауының халқы!  
Біресе ілгері шаптың,  
Біресе кері шаптың,  
Барған жерде не пайда таптың? (КТҮ)

Осының бәрі де кейде адасып, быт-шыт болған, кейде ес жиып іргелі ел болған түрк халқына, оның ерлеріне арналған.

Осындай арнау түрінде жазылғандығына байланысты Орхон ескерткіштерін ерлік жырына жатқызғанның өзінде, үндеу, үгіттеу мақсатында туған деп есептейміз. Бұл олардың эпостық құнын төмендете алмайды. Өйткені, қазақ эпостары да негізінен арнаумен байланысты туған.

«Халық арасында әлдебір батырдың қоштасуы және соны жоқтауға байланысты таралған өлең-жырды алғашқыда бір ақын жинап, басын құрауы, сөйтіп тұңғыш эпостық дастанның тууына негіз қалауы ықтимал», - деген еді М. Әуезов (М. Әуезов «Уақыт және әдебиет», 35-бет).

Дүние салған кісіні жыл бойына ас бергенге дейін жоқтау салты қазақта ежелден бар. Әдетте жоқтау өлеңдерін өлген адамның жанкүйер жақындары шығарады да, ол өлеңдерде әлгі кісінің қадір-қасиеті, тіршілігі ардақталып, қазасының орны толмас өкініш, ауыр қайғы екендігі егіле айтылады. Ал, ел арасына кең тараған даңқты ерлер жайындағы жоқтауларды сол тұстың атақты ақын-жыраулары шығарып отырған емес пе еді?





Міне, халықтың сондайлық аяулы батырының қазасына арналған, олардың тіршіліктегі істеген ерлігін баян еткен жұрт жарасы, ел шері — ежелгі жоқтау өлеңдерінің, М. Әуезов айтқандай, бергінде қазақ эпостарына негізгі қазық болғандығы даусыз. Орхон жырларындағы сондай жоқтау өлеңдерінің бір үлгісін келтіре кетейік.

Жырда Күлтегін жасаған жорықтар мен оның айқастары суреттеліп келеді де былай делінеді:

Інім Күлтегін қаза болды,  
Өзім қайғырдым.  
Көрер көзім көрместей,  
Білгір ақылым білместей болды,  
Өзім қайғырдым.  
Тағдырды тәңірі жасар,  
Адам баласының бәрі өлгелі туған.  
Қайғырғаным соншама:  
Көзге (ыстық) жас келер,  
Көңілге ауыр шер келер,  
Тағы да ойландым,  
Қатты қайғырдым.  
Екі шад, бүкіл жеткіншектерімнің  
Ұландарым, бектерімнің, халқым (ның)  
Қасы-көзі өз болар деп қайғырдым.

Осы жолдар:

Қосабаның жолында,  
Құс қонбас Құла жапанда,  
Жылай-жылай бір жалғыз  
Дүниеден өтті дегейсің,—деп,

қапылыста мерт болып, әуелеп ұшқан алты қаздан ата-ана, іні-қарындасқа жолдаған аяулы Төлегеннің ащы зарымен қалай әдемі үндесіп жатады. Бүгінгі ұрпақ сол Төлеген сәлемінен әділетсіз заманның жалғаса алмай, үзіліп қалған жас арманын, кимас арманын ұғынады. Немесе, Орхон ескерткіштеріндегі:

Көрер көзім көрместей,  
Білгір ақылым білместей болды.  
Жылай-жылай жұртымның,  
Қасы-көзі өз болар деп қайғырдым —

деген жолдар мен «Қобыландыдағы»:

Жайықтың суы лай-ай,  
Көр болды көзім жылай-ай,—

секілді Аналық зарының арасында, «Алпамыстағы»:

Көретін көзім көр болды  
Бір перзентке асық боп.  
Аққан жасым тыя алмай  
Көзімнің жасы төгіліп,  
Жылап-еңіреп, егіліп,  
Арасында шеңгелдің,— деп,

ботадай боздап келе жатқан Байбөрі қасіретінің арасында қаншалықты алшақтық бар?

Біз келтірген үзіндінің бәрі де қаһармандардың басына түскен ауыр шерді баяндайды:

Халық сүйген аяулы ерден, туған інісінен айырылған Білге қаған ақылынан адасып, бүкіл түрк халқының көзінің жасы көл болулы.

Сондайлық батырды зарыға күткен Аналық пен Байбөрінің де жылай-жылай екі көзі көр болады.

Бұл тек перзентке зарыққан ата менен ананың ғана тақсіреті емес, опат соғыстардан титықтап, әбден қалжыраған, сөйтіп, өзіне қорғаныш іздеген, іздегенде Алпамыстай, Қобыландыдай батырды минут сайын, секунд сайын ыждағатсыз, тағатсыз асығып күткен халықтың аңсаулы арманы.

Осы тәрізді перзентке зар болу, сол батырдың өлсе қазасын жоқтау — қазақ эпостарындағы негізгі мотивтерден саналады.

Осындай жоқтау жырларын ең көне деп есептелетін «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» эпосынан да көретінбіз.

Сонымен, жоқтау өлеңдерін, шешендік арнау сөздерді қазақ әдебиетінің ең көне түрлерінің бірі деп есептесек, сол үлгілерді Орхон ескерткішінен де кездестіріп отырмыз. Мұның өзі Орхон жырларының қазақ халқына қатысты туынды екендігін тағы дәлелдей түседі.

Халқымыздың ең көне эпикалық мұрасы — Күлтегін мен Тоныкөк жырларын ерлік жырына жатқызудың тағы бір себебі мынада: қазақтың батырлар жырына тән бұлжымас ортақ қасиеттердің денін біз Орхон жырларынан да табамыз.

Ол ортақ қасиеттер қандай еді?<sup>26</sup>

Біріншіден, Орхон ескерткіштерінің де, қазақ эпостарының да негізгі идеясы бір. Ол — өз елін, өз жерін шет басқыншылардан, сыртқы жаулардан қорғау идеясы.

<sup>26</sup> Біз ендігі жерде Орхон ескерткіштерін қазақтың Қобыланды, Алпамыс жайындағы көне эпостарымен салыстырып отырмыз.



Екіншіден, солардың қай-қайсысында да әлеуметтік сарын басым. Ат жалын тартып, қолына қару алған жас батыр елінің намысы үшін сыртқы жауға қарсы аттанып, есепсіз қиындықтардан өтіп, ақыры жеңіспен оралады. Батырдың ерлігі қырғын қантөгісте көрінеді.

Біздіңше, батырға ер атағын — лақап атын осындай жауапты айкастарда көрсеткен ерлігі үшін беретін болу керек.

Үшіншіден, эпикалық жырларда жеңілуді білмейтін ежелгі батырлардың жас шағынан өмірінің ақырына дейін ерлік әрекеттері түгел, тұтас жырланады: Қобыланды мен Алпамыс батырлардың дүниеге келуінен бастап суреттелсе, Орхон жырларында Күлтегіннің он алты жастан қырық жеті жасына дейінгі өміріндегі ерлік істері баяндалады.

Мұның себебі неде? Біріншіден, біз алдыңғы екі жырдың әуелде қандай үлгіде туғандығын білмейміз. Бізге олардың талай жыраулардың қолынан өтіп, талай ғасырларды аттап, алғашқы нұсқасынан өзгеріп, толығып жетіп отырғандығы белгілі.

Екіншіден, «Күлтегін» тасқа басылған жыр десек, М. Әуезов айтпақшы, оның ауызша одан да толық варианттарының халық арасында таралмауы мүмкін бе?

Тіпті Күлтегіннің мол жорықтарының өзі қазақтың төл жырларының кейбіреулеріне арқау болмады ма екен?

Келешекте бұл мәселені де айқындау қажет. Төртіншіден, эпостарда батырлардың астындағы ұшса — қанат, сенімді, қанатты тұлпар серіктеріне ерекше мән беріледі. Олар: Қобыландының Тайбурылы, Алпамыстың Байшұбары, Қамбардың Қарақасқасы.

Ал, Орхон жырларында бір Күлтегіннің астынан мұндай сәйгүлік, желаяқ аттардың талайын көреміз. Бір өзгешілігі, батырдың жойқын айкастарына шыдай алмай, олардың біразы оққа да ұшып жатады. Әйткенмен, солардың ішінен Күлтегінге шыдағандай, оған айнымас серік болғандай: Алып Шалшы ақ айғыр, Азман ақ, Қаракер, Жетімек тәрізді батырдың даңқына сай тұлпарлар бөлек көрінеді.

Қазақ жырларының басқа халықтар эпосынан бір айырмашылығы да осы ер қанатын аса бір махаббатпен, эпикалық деңгейде, ерекше ықыласпен суреттеуінде.

Бесіншіден, Орхон жырларында да, қазақ эпостарында да дәстүрлі қайталаулар жиі ұшырасып отырады.

Мысалы, «Қобыландыдағы» —

Түтікпенен су берген,  
Түндікпенен күн берген,

немесе,

Жасы құрдас менімен,  
Мұңы мұңдас менімен,—

деген тіркестер «Алпамыстағы» —

Қаланың аузын қан қылды,  
Қақпаның аузын шаң қылды,—

тәрізді жолдар, Орхон жырларындағы —

Бастыны еңкейтті,  
Тізеліні бүктірді.

яки,

Кедейді бай қылдым,  
Азды көп қылдым,  
Тату елге жақсылық қылдым,—

секілді жолдар, жырдың лейтмотивіндей, шығарманың басынан аяғына дейін үнемі қайталанып отырады.

Бір ғана бұл айтқандар емес, Күлтегін, Төныкөк жырлары мен қазақ эпостарының арасында басқа да толып жатқан сәйкестіктер бар. Сондай-ақ, эпостағы көне элементтің бірі — ұланғайыр жорықтар, айбынды айқастар суреті десек, олардағы жоғарыда аталған жырлардың күллісінде ерекше шабытпен әрі өте ұқсас жырланады.

Көршілес оғыздарға, қырғыздарға, табғаштарға қарсы аттанып, жауының елдігін жойып, хандығын қиратып жүрген Күлтегіннің әрекеттері Тайбурылды шиыршық аттырған Қобыландының, күллі қалмақты үрейлендірген Алпамыстың ересен қимылдарына ұқсамай ма?

Бірде найзаласқан, бірде қылыштасқан қанды айқастар кескінін бұл жерде тізіп жатудың қажеті бола қояр ма екен? Оны жоғарыда келтірілген жыр нұсқасынан анық көруге болады.

Салыстырып отырған «Күлтегін», «Алпамыс», «Қобыланды» жырларынан бірінің-бірі көшірмесіндей, егіз, туысты көріністерді қиналмай табуға болады. Батырлар жасаған ерлік көріністердің соншалықты ұқсастығына бірер мысал келтірейік:

«Күлтегінде» — Түнде ұйықтамадым,  
Күндіз отырмадым.

«Қобыландыда» — Түн ұйқыны бөлгендей,  
Қай шаһарға барасың?

«Алпамыста» — Күннен күнге түн қатып.



Бұл жолдардан біз өз халқының тәуелсіздігі, намысы үшін түн ұйқысын төрт бөлген ерлердің үрдіс қимылын, дамылсыз жортуылын көрер едік.

Тағы бір мысал. «Қобыланды батыр» мен «Алпамыс батыр» жырларындағы сөзбе-сөз келетін мына бір:

Қаланың аузын қан қылды,  
Қақпаның аузын шаң қылды,  
Айдарлысын құл қылды,  
Тұлымдысын тұл қылды,—

деген шумақты, «Күлтегіндегі» мына бір жолдармен салыстырып қараңыз:

Бастыны еңкейтті,  
Тізеліні бүктірді.  
Бек ұлдары құл болды,  
Пәк қыздары күң болды.

Осындағы құл, күң сөздерінің бәрінде де бірдей мағынада қолданылуына әрі жоғарыда келтірілген басқа да көптеген ұқсастықтарына қарап, Күлтегін, Алпамыс, Қобыланды жайындағы эпостарды әр дәуірдің, бір әдеби дәстүрдің жалғасты туындылары деп есептеуге болар еді.

Дәлірек айтқанда, олардың бәрі де ерте дәуірдегі ерлікті дәріптеген эпикалық дәстүрдің мұралары. Айырмашылығы тек «Күлтегін» жырының тасқа басылып, ондағы шығармаға қатысты нақтылы тарихи деректердің өзгеріссіз сақталып қалғандығында.

Ал, «Қобыланды», «Алпамыс» эпостарында жеке рулар мен Алпамыстың, Қобыландының және басқа да бірді-екілі басты кейіпкерлердің атауы, есімі ғана сақталғандығы болмаса, ондағы суреттелген оқиға халықтың бертіндегі басынан кешкен дәуірлік кезеңдеріне, оқиғаларына сәйкес бүтіндей өзгеріп кеткен.

Тасқа басылған демекші, «Алпамыс» эпосының Орхон дәуіріне жалғасты шыққандығының айқын бір дәлелін жырдың өз ішінен табамыз:

Шаң астына қараса,  
Айшықта ала ту<sup>27</sup> көрді.  
Ту астына қараса,  
Жер қайысқан қол көрді.  
Қол астына қараса,

<sup>27</sup> Түркі қағанытында әр рудың өз туы болған.

Ақ шатыр мен көк шатыр<sup>28</sup>  
Баратын тура жол көрді,  
Аяғының астында,  
Тақтай тастың бетінде  
Жазылған таста хат жатыр,  
Хатқа бала қараса,  
Іші толған тамаша,  
Талай-талай кеп жатыр.  
Түсінбеген түсінсін,  
Болмаған бұрын сөз жатыр<sup>29</sup>

Әрі қарай оқи түсейік:

Осы жолмен жүрсе деп,  
Алпамыс жалғыз келсе деп,  
Жазған хатты көрсе деп,  
Тасқа қалам басады.  
Алпамыс деп ат жазып,  
Өзінің атын қосады<sup>30</sup>

Көріп отырсыздар, тас бетіндегі жазудың дерегін «Алпамыс» та беріп отыр. Бұл, сөз жоқ, эпостың шығу дәуірін анықтауға септігін тигізетін құнды материал.

Оның үстіне тақтай тастың бетіндегі жазудың

Іші толған тамаша,  
Талай-талай кеп жатыр.  
Түсінбеген түсінсін,  
Болмаған бұрын сөз жатыр —

дейтін жолдары бізді ойландыру керек. Себебі, жырдың ең көне жолдарының бірі осылар деп есептейміз.

«Алпамыстың» ең алғашқы нұсқасында тастағы жазудың мазмұны толық болған деу керек, амал не, ғасырлар өткен сайын ол жазулар ұмытылып, осы күндері «сол жазулардың ішінде» не бір болмаған сөз бар еді» деген тәрізді елесі ғана қалған. Жалпы ұрпақтан-ұрпаққа, ғасырлардан-ғасырға ауызша тараған әдебиет үлгілерінің тағдыры осындай. Жылдар өткен сайын ауызекі таралатын жырлар әр жыраудың тұсында өзгеріске ұшырай береді.

<sup>28</sup> Түркі халқы көбіне көк шатыр тігіп, бектері киімді көк түстен киген. Мұның өзі аспанды тәңірі деп танып, содан жаралдық дейтін халықтың сол Тәңірі-аспан түсіне ұқсатуынан. Түркі халқын кейде көк түрк деп те атайтыны сондықтан.

<sup>29</sup> Қазақ эпосы, 246-бет.

<sup>30</sup> Қазақ эпосы. 247-бет.



Біз салыстырып отырған жырлардың бәрінде бірдей жау — қойға, батыр — бөріге теңеледі.

«Күлтегіндегі»:

Әкем қағанның қосыны бөрідей  
Жаулары қойдай бопты —

деген жолдардың «Алпамыс» пен «Қобыландыдан» дамытылған, жетілген түрін көреміз.

Қойға тиген қасқырдай  
Сойып кетіп барады.  
(«Қобыланды»)

Қойға шапқан бөрідей  
Талқандап қуып бөледі.  
(«Алпамыс»)

Ұнамды кейіпкерлерді бөріге теңеу түрк халқы бөріден тараған деген аңыздан шықса керек. Өзінің түп тегі санаған халық бөріні ерекше қасиеттеген. Қазақта ертеректе бөрімен байланысты Қасқырбек, Бөрібек, Бөлтірік, Бөрібай тәрізді кісі аттарының өте көп болуы осыдан.

Түрк руының батырлары жорыққа аттанғанда өз туларының ұшына қасқырдың бас терісін байлап шығатындығы жайында сол дәуірдің деректерінде жиі кездеседі.

Эпостарда шайқастар да соншалықты ұқсас беріледі.

Мысалға:

Қаны судай ақты,  
Сүйегі таудай (үйіліп) жатты.  
(«Күлтегін»)

Майданнан аққан қызыл қан  
Сарқырап ақты судай боп.  
Өліктері төбе боп,  
Төскейден шапқан қырдай боп  
(«Алпамыс»), *Қазақ эпосы, 302-бет*).

Қанды — аққан суға, өлікгі — үйілген төбеге әйтпесе тауға теңеу — «Эпикалық жырдың тілі, әсіресе ондағы теңеулер үнемі тұрақты болады» дейтін А. Веселовскийдің пікірін толық растап отыр. (А. Веселовский. История эпоса, 307-бет).

Мынадай бір қызықты жайды да айта кеткен жөн.

Жеңілген елге ханды, бекті батырдың өзі сайлауы жырларымызда о бастан-ақ желісін үзбей келе жатқан жалғасты дәстүр екенін аңғарамыз.

Мысалы, Орхон жырларында Білге қаған, Күлтегін өздері жеңген елдерге шад, бек тағайындайтын болса, Алпамыс қалмаққа Кейқуатты патша етеді.

Патша болды Кейқуат  
Қалмақтың қалың еліне

Эпостарда быт-шыт болып ыдырап кеткен, өлімші халге жеткен халықты қайта жиып, қалпына келтіретін де, ел-жұрт ететін де — сол батырлар. Батырлардың негізгі міндеті өз Отанын сыртқы жаулардан қорғау болса, сол қорғаудағы мақсат — ел тұрмысын жақсарту. Жырларда осындай маңызды мәселе де ерекше орын алады.

Табағаштардың «тәтті сөз, асыл дүниесіне алданған», өз арасында іріткі шығып, бағынбай, бағытсыз кеткен түрк халқы жайында «Күлтегін» жыры:

Аштықта тоқтықты түсінбейсің,  
Бір тойсаң аштықты түсінбейсің,  
Сондығың үшін алдандың,  
Ханның тілін алмадың.  
Жер-жерге бардың, (сандалдың),  
Аштықтан әбден арыдың,—

деп, ашына әрі оларды жазғыра жазады.

Әйелі — күң, ері құл болып, осылай тозып кеткен халықты атамекеніне қайта жинап қоныстандыратын — Күлтегін.

Күлтегіннің ерлігінің арқасында түрк халқының:

Кедейі бай болды,  
Азы көп болды,  
Құл құлды болды,  
Күң күнді болды.

Сөйтіп, ешкімге кіріптар болмай бейбіт өмір сүрді. Осындай жәйттерді «Қобыланды», «Алпамыс» жырларынан да кездестіреміз.

Қобыландының жырақта жүргендігін пайдаланып, Алшағыр оның елін шауып алады. Қалмақтың құрсауынан босатып, ызғыған қыпшаққа берекені қайта дарытатын — Қобыландының өзі:





Қалың қыпшақ жағалай  
Қараспан тауға қоныпты.  
Кемшілік көріп кәпірден  
Пенде болып байланған.  
Жылаған қыпшақ баласы  
Бұрынғыдан екі есе  
Бақ-дәулетке жолықты.  
Қалмақтан алған көп олжа  
Бөліп берді еліне,  
Пақыр, кедей кеміне,  
Кедейі байға теңеліп,  
Риза болды бәрі де.

(Қазақ эпосы, 181-бет)

Орхон, «Қобыланды» жырларындағы жағдайды «Алпамыстан» да көреміз.

Байбөрінің қателігінен Қоңырат елі ыдырап, тозып кетеді. Неше түрлі азап-қиындықты басынан кешіріп, ұзақ сапардан Алпамыс батыр еліне қайта оралғанда: Ұлтан құлы бек болған; бабасы — жалшы, әкесі — құл, анасы мен қарындасы күң болған; Жәдігері — доғаға, жесірі саудаға түскен ақыр заманға тап болады.

Осыншама мехнаттан, бұғаудан халқын құтқарып, жұртын қайта түзейтін тағы сол ел батыры — Алпамыс.

Жиылған халық жылады,  
Тозып кеткен ел-жұртын  
Тегіс жиып алады.  
Тентегі мен тезісін  
Түзетіп жөнге салады.

(Қазақ эпосы, 327-бет).

Тағы бір ерекше айта кететін нәрсе — Орхон, «Алпамыс» жырларында жеті санының жиі қайталануы жайлы. Бірнеше мысал келтірейік.

1. Әкем қаған он *жеті* ер ертіпті.
2. Жиылып *жетпіс* ер бопты.
3. Қосыны *жеті* жүз ер бопты.
4. Қырық *жеті* рет аттанды,  
Жиырма шайқас жасады.
5. Әкем өлгенде інім Күлтегін *жеті* жаста қалды
6. Күлтегін қой жылы он *жетінші* күні  
дүниеден ұшты. Тоғызыншы айдың жиырма *жетісінде* жерледік.

Мазарын, ою-өрнегін, жазба тасын мешін жылы *жетінші* айдың жиырма *жетісінде* тегіс аяқтадық. Күлтегін өлгенде қырық *жеті* жаста еді.

«Алпамыста»:

1. *Жеті* жыл жаттым мен деймін  
*Жеті* мың қалмақ өлтірмей  
Сірә де кезек бермеймін.
2. *Жеті* жылдың ішінде  
Көрінбеді кісіге.
3. Енділігі *жеті* кез  
Темір үйді салдырды.
4. *Жеті* күн мен *жеті* түн  
Қолыма менің бер,— деді.
5. Отырған орны жер болып  
*Жеті* күн ұдай түнеді.

Бұл туралы толып жатқан пікірлер бар. Қазақтың жеті өткізу, жеті атадан бері санауы да қызық.

Бірақ бізге керегі әзірге ол емес. Бізді қызықтыратыны VII ғасыр мұрасы — «Күлтегін» мен «Алпамыс» эпосында өсімтал (7—70—700—7000) жұмбақ жеті санның жиі қайталануы.

Мұның өзі бір жағынан «Алпамыстың» көнелігін дәлелдесе, екінші жағынан «Алпамыс» пен Орхон жырларының шыққан уақытының жалғас, іргелес екендігін, бір дәстүрдің мұрасы екендігін тағы да растайды.

\* \* \*

Сонымен, жинақтай келе айтарымыз: Біріншіден, Орхон ескерткіштері — түрк халықтары тарихының көп деректерінің әсерлі желісін жеткізген, эпикалық шығармалардың шағын фабулалық өрістерін қамтыған тарихи — ерлік жырлардың ең әдепкі үлгілері.

Эпостық баяндауға негізделген бұл ескерткіштерде жеңілуді білмеген ежелгі жыр батырларындай, Күлтегіннің басынан кешкен ерлік қимылдары, жорық сапарлары қаншама? Тілсіз тасқа сыйғызған сол жойкын соғыс суреттерінен біз Күлтегіннің жекпе-жек шайқастарын анық елестетеміз.

Орхон жырларының негізіне түрк руларын біріктіру, нығайту, сыртқы жаулардан қорғау идеясы алынған. Әлбетте, сонымен бірге біз олардан рулық дәуірдің әлеуметтік теңсіздігін де көреміз.

Үстем тап өкілдерінің, ақсүйектердің (бек) төменгі бұқараны (қара будун) қалай қанағандығы жайында елеулі деректер табамыз.

Бұл жайында Орхон жырлары: «Ер жыныстың құл болды. Пәк



қыздарың күң болды» деп жазды. Шығарманың ең халықтық сипаттағы жолдары — осылар деп білеміз.

Аталмыш ескерткіштерде жырды шығарушылардың өмірден түйген, білген философиялық толғаныстары да жоқ емес: «Тағдырды тәңірім жасар, адам баласы өлмекке жаралған», «Қай халық болмасын, сол елдің ішінен пәтуәсіз (жұғымсыз, жалқау) табылса, (онда ол халықтың қаншама соры бар десеңізші» деген данышпан Тоныкөктің сөзі қалыптасқан қағида, қазақ арасында кең етек алған толғаудың түпкі сағасы тәрізді.

Екіншіден, Орхон ескерткіштері мен ежелгі қазақ эпостарын салыстырудың нәтижесі олардың арасындағы дәстүрлік байланыстың барлығын дәлелдейді деп білеміз. Бұдан шығатын қорытынды — қазақ халқындағы бай жыр дәстүрінің негізі сол Орхон ескерткіштерінде қаланған.

## Образдар

Орхон жырларында бір топ қағандар образы бар. Олар: Бумын, Естіми, Білге қағандар. Алғашқы екеуінің түрк қауымына иелік етуін адамзаттың жаратылысынан бастайды да, оларды ақылды қаған, алып батырлар дәрежесінде бейнелейді.

Қырық жеті рет аттанып, жиырма шайқас жасаған Елтерістің де есімі ерекше аталады.

Ескерткіште дербес образ дәрежесіне көтеріліп жырланғандардың бірі — Білге қаған.

Білгенің жырда қайда, қандай жорықтарға барғаны, қандай, қаншалықты ерлік көрсеткені толық суреттеледі: ол халықты жинап, ұйымдастырушы ретінде бейнеленеді.

Жырда Білгенің іс-әрекеттері ғана емес, көңіл-күйі де баяндалады. Ол табғаштар салған ылаң мен іріткіге ырық беріп жалған сөздің жетегінде кетіп, қырылып-жойылып бара жатқан халқына қатты назаланады.

Шығармада оның образы түрк халқының иелігін молайтқан, тұрмысын жақсартқан батырдың бірі ретінде суреттеледі.

Жырдың соңында Білгенің түрк халқын біріктірудегі еткен еңбектерін, азаптарын баяндай келе, түрк руларының үстем тап өкілдерін, бектерін жаңылғыштығы (кателескіштігі, ақылсыздығы), жағымпаз таққұмарлығы үшін айыптайды.

Жырдың негізінен суреттеген кейіпкерлері тектіден шыққан батырлар болса, сонымен бірге шығармаларда «ұлдары — құл, қыздары — күң болған»; ұшарын жел, қонарын сай білген; ілгері-кейін бұлттай жөңкілген; «Қаны судай аққан», «аш-жалаңаш, жаяу-жалпы босыған», титықтаған қара халықтың — жалпы бұқараның жиынтық образы жасалған.

Аз күн бейбіт өмірдің дәмін татып, рақатын сезген, сәл тыныстан

ес жиып, көзін ашқан қарапайым халықтың басына табан астында-ақ қаралы күн, ақыр заман орнап жатады.

Сол қорлыққа төзе алмай, шыдамы таусылған көпшіліктің енді бір сәт бектермен айқасқа шыққанын көреміз.

Әлбетте, бұл мақсаты айқын, бітіспес тап күресі емес, сол дәуірдің шындығынан өршіген қанаушы тап пен қаналушы таптың келіспес наразылығы ғана болатын. Ол туралы Орхон ескерткіштерінде «Бек пен халқы жауласты» деп жазады.

Қоғамның негізгі құрамы, басты күші — осы кедей халықты соншалықты ауыр азапқа салып жүргендер — ел билеуші ақсүйектер. Мұның дәлелі ретінде ескерткіштен мынадай жолдарды оқимыз.

Біліксіз қағандар отырған екен,  
Жалтақ қағандар отырған екен.  
Әміршілері де біліксіз екен,  
Жалтақ болған екен.  
Бектерінің, халқының ымырасыздығынан,  
Табғаш халқының алдауына сенгендігінен,  
Арбауына көнгендігінен,  
Інілі-ағаның дауласқандығынан,  
Бекті — халқының жауласқандығынан,  
Түрк халқы елдігін жойды.

Міне, ел ішіндегі бақталастық, ымырасыздық; билеген хандардың, олардың атқамінер әміршілерінің ақылсыздығы салдарынан халық осылай қатты күйзеліске ұшырайды, титықтайды, быт-шыт болып тозады.

Орхон шығармаларында эпостық образ дәрежесіне жеткен басты әрі ең өзекті тұлға — Күлтегін.

Ат жалын тарта халқына қорған болған бала батыр жырда үнемі беку, өсу үстінде суреттеледі.

Жеті жаста атадан жетім қалған Күлтегін он жасқа келгенде ер атанады. Он алты жаста қару-жарақ асынып, ел намысын, халық кегін қуып табғаштарға аттанады.

Жиырма бір жаста Тадықын чурдың Боз атына мініп, чача Сеңүнмен айқасады. Шайқастың тепкісіне төтеп бере алмаған Боз ат та, одан соң мінген Торы ат та қан майданда жан тапсырады. Осы соғыста Күлтегін өзіне жау оғының бірін де дарытпай шығады.

Жиырма алты жасында қырғыздарға қарсы аттанып, найза бойлар қардан өтіп, қырғыздарды ұйқыда басады.

Қырғыздардың жөйіт батырларының бірін оққа ұшырып, екеуін найзаға ілген Күлтегін астындағы байырқылық Ақайғырдың белін мертікгіреді, бірақ жауды жеңіп тынады.



Одан соң түргештерге жойқын соғыс жасайды. Алып Шалшы ақ атқа мінген ер Күлтегін түргешті түгел талқандайды.

Отыз жасында — қарлұқтарды, отыз бір жасында аздарды алады.

Бұл жойқын кескілестерде Күлтегіннің астынан баяғы Алып Шалшы атты көреміз. Оғыздармен ізгілдермен айкаста Күлтегін Азман ақ пен Қаракерді алма-кезек мінеді.

Сөйтіп, қырық жеті жасында дүние салған Күлтегін ылғи жорықты сапар, қанды майдан үстінде, жекпе-жек айқастарда, теңдесі жоқ қолбасшы-кемеңгер бейнесінде көрінеді.

Батырдың сырт пішіні, портреттік суреті жырда берілмегенмен, жаумен бетпе-бет келіп найзаласқан сәттерден қазақ эпостарындағыдай «Буырқанған, бусанған, мұздай темір құрсанған» ер-жүрек алыштың келбетін елестету қиын емес.

Бір ғана Күлтегін жырында сан атаулы сәйгүлік аттар Күлтегіннің мінісіне шыдамай бірінен соң бірі құлап жатса — бұл-дағы батырдың соқталы образын аша түсетін, айқындай түсетін айшықты мотив.

Ал, талай қырғынға Күлтегінмен бірге кіріп, жеңіске ортақ болған атақты Алып Шалшы мен Азман ақтардан «Алты айлық жерді алты аттаған», «Бір төбенің тозаңын бір төбеге қосқан», «Суға салса батпайтын, отқа салса жанбайтын» жүрісте — көлік, жауда — серік өзіміздің сүйікті Тайбурыл, Байшұбарларды көргендей боламыз.

Күлтегін — түрк халқының ерлік сипаттарын бойына дарытқан жиынтық образ. Оның тұлғасында бір кездерде жалпақ даланы еркін билеген түрк тайпаларының өршіл, қайтпас мінезі бар. Оның тұлғасында жойқын соғыстардан жанышты, ерқашты болып, титықтаған халықтың сондай батырым болса деген арманы бар. Батыр мерт болғанда, қазасына досы ғана емес, дұшпандарының да қосыла жылауы оның сол — бұлжымас ерлік қасиеттерін танытады.

Батыр дүние салған күндері әр рудан басшы алып, жылап-сықтап келіп жатқан халықта есеп болмаған. Күлтегіннің қазасымен байланысты түрк жеріне орнаған ауыр түнек пен есепсіз қара шеруді жыр өте жақсы бейнелеген.

Күлтегіннің дұшпаны дегенде айтарымыз кім?

Жырда оның өзімен теңдес, иықтас батырдың аты аталмайды. Бірақ сүңгіге ілінбей берілмеген, есімі аталмаған атсыз ерлер өте көп. Күлтегіннің алып келбетін ашатын да солар. Күлтегін батыр бастаған түрк халқымен шайқасқа түскен елдің ішінде осалы жоқ. Олар бірінен соң бірі қол қусырып, құлдық ұра бермеген, ақтық деміне дейін аяқасқан.

Күлтегінге қарсы шыққан жаудың сондай сұсты кейпін Орхон ескерткіштері аз сөзбен-ақ жеткізіп береді. «Қорқынышты кісілер, алып кісілер шабуыл жасады». «Жауымыз жыртқыш құстай еді», «Отша, бөріше келді» дейді Орхон жырларында.

Бұл отша жанып, бөріше ұмтылған, жыртқыш құстай улы тырнағын жайған үрейлі жау қолын көз алдымызға әкеледі.

Міне, мұның бәрі де жырдың басты тұлғасы— Күлтегін образын жан-жақты толықтырып аша түсетін ақиқатты, жанды кескіндер.

Күлтегіннен басқа Орхон ескерткіштерінде жиі аталатын өзгеше кейіп, оқшау бейнеленетін образ — Тоныкөк.

Ол — Елтеріс, Білге қағандардың ақылгөй дем берушісі, талай жорықтарға бастап, жауды талқандаған қолбасшы, батыр.

«Мен — кемеңгер Тоныкөкпін» деп басталып, соның өз атынан баяндалатын ескерткіште Тоныкөктің барлық айла-тәсілі толық қамтылған.

Ол көбіне, бірнеше ханға ақылгөй болған, телегей жыр тудырған Бұқар тәрізді ғұлама жырауларымызды еске салады. Ол оғыз батырлары жайындағы мол жырларды шығарған Қорқытқа да ұқсайды. Өйткені, Орхон ескерткіштеріндегі Тоныкөк жыр авторы ретінде де белгілі. Мұның өзі, қырғыз халқының әйгілі эпосы «Манастың» тууы жайындағы академик М. Әуезовтің: «Алғашқы жырды аты шулы жорыққа өзі қатысып, көзімен көрген адам шығарған»<sup>31</sup> дейтін өте құнды тұжырымын бекіте түседі.

Ғалым айтып отырғандай, Орхон жырларындағы Тоныкөк те небір жорықтардың куәгері, ізінше сол соғыстар жайында әсерлі дүниелер тудырған эпикалық өнердің иесі. Сонда біздің Тоныкөк деп отырғанымыздың өзі, алдымен жырау болып шығады.

*Екіншіден*, Тоныкөк — ақылды қолбасшы. Оның есімімен Білге эпитеті (*Білге Тоныкөк*) *үнемі егіз аталып отырады*. Біздіңше, бұл Тоныкөктің сондайлық ақылдылығына сәйкес халықтың бергіндегі қосып берген аты. «Ақыл иесі, сөз иесі болдым» — дейді бір сөзінде Тоныкөк. Соған қарағанда оның әрі ақылды, әрі сөзге шешен болғандығы аңғарылады.

Тоныкөк — ұрда-жық асығыстың келте адамы емес, алдағыны күні бұрын болжап білетін сергек ойшыл.

Небір қиын-қыстау күндерде қай мәселенің тұсында да асықпай-аптықпай: «осылай етсем ше?» деп, өзіне сауал қойып барып, шешімін содан соң іздейді.

Әлсіреп жойылып бара жатқан түрк халқын қайта біріктіріп, қайтадан ел ете алатын басшыны сайлаудан бұрын Тоныкөк: «Арық бұқаның, семіз бұқаның барын білер ме екен? деп толғанады. Бұл — оның аксүйектермен бұқараны өштестірмей, жауықтырмай ұстай алар ма екен, жақсы мен жаманды ажырата алар ма екен дегені еді.

Тоныкөктің данышпандық қасиетін түрк халқының жаулары да

<sup>31</sup> М.Әуезов. «Уақыт және қаламгер», 206-бет.



мойындайды. Түрктерден сескенген қидандар, табғаштар, оғуздар өздерінің одақтастарына елші жіберіп, ақыл қосып, күш біріктірудің қажеттігін қайта-қайта пысықтап, әбіржіп жатады. Өйткені, олардың айтуынша: түрк халқының «Қағаны — алып, ақылгөйі — кемеңгер. Осы екеуі тірі болса, бізге жеңу жоқ» деп налиды. Мұндағы түрк халқының ақылгөйі деп отырғаны — Тоныкөк.

Тоныкөк — айлакер, әскери әдістердің жетік білгірі. Оғыздар, табғаштар, құтандар түрк халқына қарсы аттану үшін күш қосқалы жатыр дегенді естіген Тоныкөк күні-түні алдағы болғалы тұрған апаттан құтылар жолдарды, тәсілдерді іздейді ғой. Ақыры күллі ел болып соның дегеніне көшеді.

Тоныкөктің ойынша: «жұқаны бүктеу оңай, жіңішкені — ұзу оңай, ендеше ол үшеуі бірігіп күшеймей тұрғанда шабуылға түрк жауынгерлерінің өзі шығып, оларды шетінен біртіндеп талқандау керек».

Көпті көрген, өмірден түйгені мол Тоныкөктің ақыл-айласы, сөйтіп, түрк халқына жеңіс әпереді.

Жауға ойламаған жерден, дәл осылай, тұтқиылдан шабуыл жасау, бұл да қатал сындардан қапысыз өткен ең сүйікті әскери әдістерінің бірі.

Тоныкөк — саясаттың адамы. Осы қасиетіне байланысты академик Бартольд оны француз тарихындағы Талейранмен салыстырады. Көзі тірісінде өз атынан өзіне ескерткіш орнаттыруы да, тексте басынан аяғына дейін үнемі «мен», «мен» деп сөйлеуі де, оның тарихта өз атын қалдыруға қам жеген саясатшылдығынан еді.

Жоғарғы айтылғандардың үстіне Тоныкөк — жауапты, шешуші жорықтарға қол бастаған ерен батыр.

Ел шетіне жау келгенде түрк халқы үшін ол түн төсегінен түңіліп, ұйқысын төрт бөледі.

Түнде ұйықтамадым,  
Күндіз отырмадым.  
Қызыл қанымды ағыздым,  
Қара терімді төктім,—

деп жазады.

Ол — қорқуды білмейтін, жауға намысын жібермейтін ержүрек батыр. Оның қайсар, батырға тән ерлігін мына бір үзіндіден айқын көреміз:

Алтын тауын асып келдік,  
Ертіс өзенін кешіп келдік,  
Көп екен деп неге қашамыз,  
Азбыз деп неге қорқамыз,  
Неге басындырамыз?  
Шабамыз,—

дейді.

Мұнда мұқалмас жігер, орасан батылдық бар. Өздеріңізге мәлім, Білге қаған таққа отырғанда, оған кеңесші болған қарт данышпан жетпіс жаста еді.

Өзім қартайдым  
Ұлық болдым,—

деген жолдардан біз оның сол ұлғайған шағын көреміз.

Бірақ кәрі тарлан қартайдым деп отырмаған, өле-өлгенше түрк халқының қамында болған:

Мен өзім ұзақ жорықтарға да бастадым,  
Бүкіл түрк халқына  
Қарулы жау келтірмедім,  
Атты әскер жолатпадым,—

деген жолдар Тоныкөк өмірінің мақсаты мен нәтижесіндей. Орхон ескерткіші суреттеген көне дәуірдің жырауы, батыры, білгірі Тоныкөк міне, дәл осындай.

### **Орхон ескерткіштеріне тән қасиеттер**

Ғ. Мұсабаев былай деп жазады: VIII ғасырдың бірінші жартысында эпикалық дастанның өзіне лайық көне дәстүрі болған. Соның ең басты ерекшелігінің бірі — әнге құрылуы еді. Мейлі ол сарын, әлде қара өлең болсын, белгілі бір әуенге құрылған. Ерте кездегі ән, өлең сөзі, музыкасы бөлінбейтін дәстүр түрк халықтарында біздің заманға дейін келгені анық». (Жұлдыз», 1970, № 3, 144-бет).

Орхон жырларының қандай әуенмен орындалғандығын бүгінде айқындау өте қиын. Шынында да қазақ жыршылары жырды белгілі бір мақам, әуенмен орындап келген ғой. Келешекте бұл бағытта да зерттеу жүргізу керек.

Ал, әзірше біз Орхон ескерткіштеріне тән мынадай ерекшеліктер атар едік:

1. Біз талдап отырған Орхон ескерткіштері түгелімен түрк халқына арналған үндеу — жыр үлгісінде жазылған да, ондағы суреттелетін оқиға баяндауға құрылған. Тек Тоныкөк жырындағы Тоныкөктің терең толғаныс үстіндегі ойлы сөздері мен жау елшілерінің, басқа да кейіпкерлердің сөз кезектесуін, сөз алмасуын (диалог) айтпасақ, күллі әрекет, соғыс қимылдары, халықтың әрқилы хал-ахуалы — бәрі де автордың атымен баяндалады. Мәселен,





Мен өзім қаған болып отырғанда,  
Әр жерде босыған халық өліп-жітіп,  
Жаяу-жалпы келіп жатты. (КТү)

немесе

Күлтегін Байырқылық ақ айғырына мініп  
Шабуылға ұмтылды,  
Бір ерін оққа ұшырды,  
Екі ерін найзаға ілді.

Сол шабуылда байырқылық ақ айғырдың белі мертікті:  
Қырғыз қағанын өлтірдік,  
Елін алдық. (КТү)

Алғашқы келтірілген мысалдарымыздан жер-жерден, жан-жақтан, жаяу-жалпы келіп жатқан босқын халықтың титықтаған мүшкіл халін автор кеңінен сипаттап, суреттеп жатқан жоқ.

Сол сияқты, екінші үзіндіден Күлтегіннің ақ айғырға мініп шабуылға ұмтылғанын, бір батырын оққа ұшырып, екі ерін найзамен түйрегенін, астына мінген атының белі мертіккенін, қырғыз қағанының өлгенін, халқының жеңілгенін білеміз. Ал, шындығында, ойға шомып, көзге елестетіп байқаса, осы аз ғана жолдарда қаншама оқиға, қаншама қантөгіс бар?

Біз бұдан бергі эпостарымыздағы жойқын жорық суреттерін, қанды майдан көріністерін, жеңілген халықтың басына туған ауыр күндерді көз алдымызға елестетеміз. Басқасын былай қойғанда, бір ғана Тайбурылдың шабысының өзі «Қобыланды» жырының үлкен бөлігін құрамаушы ма еді?

Ендеше, соншалықты қырғын жасап, қырғидай тиіп жүрген Күлтегіннің айқас үстіндегі сұсты кейпін, қайтпас қаһарын, үрдіс қимылдарын бір ғана жолға сыйғызу мүмкін бе? Бұл сауалдар: «Егер мұндай ескерткіштер қара тастан ойылып, қашалып тұрып жасалса, сол жырлардың ауызша айтылып, таралған әрі бұдан да толық нұсқалары болмауы мүмкін бе?» (Уақыт және әдебиет. 243-бет) деген Мұхтар Әуезовтің тамаша сөзін еріксіз еске түсіре береді.

Шынында да, М. Әуезов айтқандай, тасқа қашалған осы бір жырлардың ел ішінде кеңінен жайылған ұзақ жыр нұсқалары болмауы мүмкін емес. Өкінішке орай, қазіргі кезде мұны анықтау өте қиын.

2. Орхон жырларында батырдың жорықтары, шайқастары, соғыс, нәтижесі біркелкі ұқсас болып келеді де, үнемі қайталанып отырады. Әдетте жау жеңіліп, олардың ханы өлтіріледі. Түрк халқының батыры жеңіске жетеді; оның үстіне батырдың астындағы ат өледі, не белі мертігеді. Мысалы:

Ізгіл халқымен соғыстық,  
Күлтегін алып Шалшы атын мініп,  
Шабуылға ұмтылды.  
Ол ат сонда құлады,  
Ізгіл халқы қырылды (КТҮ).

яки, Күлтегін Байырқының Ақ айғырын мініп, шабуылға шықты. Сол айқаста Байырқылық Ақ айғырдың белі мертікті. Қырғыз қағанын өлтірдік, елін алдық.

Тағы бір мысал:

Соғыстық.  
Талқандадық.  
Ханын өлтірдік.

Сол сияқты, Күлтегіннің жау батырларын жеңу әдісі де бір сарындас болып келеді.

Бірнеше мысал келтірейік:

Бір ерін оққа ұшырды,  
Екі ерін найзаға ілді.  
Қос батырын найзамен шанышты,  
Қарлықтарды қырдық, алдық.  
Алты ерін шанышты,  
Жетінші ерін қылыштады.

Бұл келтірілген үзінділер Орхон жырларында қайталаудың жиі кездесетіндігіне көз жеткізеді.

3. Орхон ескерткіштерінде жоғарыда айтқанымыздай, қара сөз араласып отырады. Ондай жолдардың өзі қазақ эпостарында кездесетін прозалық үлгілердей, мейлінше, көркем болып келеді, кейде ұйқасып жатады.

Мысалы, «Беглері, будуны *түзсіз үшін*, табғач будун теблігін *күрліг үшін*, армақчусун *үчүн*, іні-еңілі *кіншір-түкін үчүн*, беглі-бурунлығ *йониуртікін үчүн* түрк будун ілледүк ілін *учғуну ыдмыс*, қазғанладук қағанун йітіру ыдмыс». (КТҮ).

Жаңашасы: «Бектерінің, халқының ымырасыздығынан, табғаш халқының алдауына *сенгендігінен*, арбауына *көнгендігінен*, інілі-ағаның *дауласқандығынан*, бекті – халқының *жауласқандығынан* түрк халқы елдігін жойды, хандығынан айырылды».

Дәл осындай көркем әрі ішкі ұйқасқа құрылған қара сөзді «Алпамыс» жырынан да оқимыз: «Сол кезде жасы үш жүзге *жеткен*, ыстық ішкен, сұйық *тышқан*, көрінгенмен *ұрысқан*, қабағы қатып *тырысқан*, дамбалы



бұтына қатқан, өзін туғаннан құдай атқан; бір кез ширек бойы бар, адам таппас ойы бар; тізесіне шекпен жетпеген, басынан жаманшылық кетпеген; басы мүйіз, арты киіз бір мыстан кемпір келеді» (Қазақ эпосы, 269-бет).

Асты сызылған сөздер көнгендігінен, сенгендігінен, дауласқандығынан-жауласқандығынан; ұрысқан-тырысқан, жетпеген-кетпеген, мүйіз-киіз деп, өлең тәрізді ұйқасып тұр.

4. Орхон жырлары риторикалы сұрақтарға толы болып келеді. Олар шығармаға ерекше әуез, көтеріңкі леп беріп, жырдан асқақ ерлік сазын танытады.

Елліг будун ертім,  
Елім амты қаны,  
Кемке еліг қазғанүрмен?—

тір ерміс.

Қағынлығ буду ертім,  
Қағаным қаны,  
Но қағанқа ісіг-күчіг бірурмен?—

тір ермес

Жаңашасы:

Елді халық едім,  
Елім қазір қайда,  
Кімге ел-жұрт іздермін?

десті.

Қағанды халық едім,  
Қағаным қайда,  
Қандай қағанға күш-қуатым берермін?—

десті.

Немесе,

Азу бу сабымды ігіц барғу?  
Турк беглер, будун, буны есідін?

Жаңашасы:

Осы сөзімде өтірік бар ма?  
Түрк бектері, халқы, бұны тыңдандар!

Бұл жырлардың риторикаға құрылғанына анық көз жеткізу үшін Қ.Мырзалиев аударған «Күлтегін» жырына тағы бір зер салса да жеткілікті.

Ескерткіштердің құрылысы да назар аударуды қажет етеді. Орхон жазуларын пәлендей тарауларға бөлу қиын-ақ. Дегенмен, олардағы оқиғаның баяндалуына қарай төмендегідей шағын бөліктерден тұрады дер едік.

К ү л т е г і н (к і ш і ж а з у):

1. Қарамағындағы халыққа үндеуі;
2. Түрк қағанатының суреттелуі;
3. Әскери жорықтар;
4. Табғаш халқының араға іріткі салу әрекеттері;
5. Түрк халқының өзіне тағылар кінәлары;
6. Ескерткіштің қойылу себебі;

К ү л т е г і н (ү л к е н ж а з у):

1. Түрк халқының ата-тегі жайындағы әңгіме;
2. Табғаштардың түркілерді жаулап алуы;
3. Елтеріс ханның тұсында ел тұрмысының қайта ерлеуі;
4. Қапаған, Білге қағандар жайындағы әңгіме;
5. Күлтегіннің жорықтары.

Ескерте кететін бір нәрсе, үлкен жазудағы оқиғалар кіші жазудағыдан гөрі әлдеқайда кең, серпінді баяндалған. Айырмашылығы осында ғана.

Ал Тоныкөк құрметіне арналған жырдан аз да болса желілік айырым тауып, ажырату өте қиын. Мұнда Тоныкөктің жақсылықтары мен әр елге жасаған жорықтары үнемі қайталанып отырады. Сондықдан, бірінен-бірінің айырмашылығы шамалы, белгілі бір тақырыпшаларға топтастыруға келмейтін оқиға желістерін бөліп жатуды тиімді деп таппадық.

### Орхон ескерткіштерінің көркемдігі

Орхон жырларындағы арнайы сөз етуді қажет ететін және осы күнге дейін зерттелмеген келелі мәселенің бірі олардың *көркемдік ерекшеліктері*.

Көне түрк әдебиетінің ең әдепкі нұсқаларындағы өлеңнің жасалу тәсілдерін егжей-тегжей талдамай, анықтамай тұрып қазақ өлеңінің тууы, қалыптасуы, дамуы жайында жүйелі, дәлелді сөз айту мүмкін болмас еді. Басқаша айтқанда, Орхон ескерткіштеріндегі поэтикалық заңдылықтарды ашу халқымыздың өлең жасаудағы алғашқы адымдарын, ұйқастың қалыптасқан, жетілген кездері мен оған дейінгі өлеңдік тіркестердің барлық қатысын негіздеумен барабар болып шықпақ.



И. В. Стеблеваның айтуынша, Орхон ескерткіштері түрк халықтары поэзиясына ортақ төрт тармақты өлең принципіне негізделген. Мұның дұрыс еместігін және Орхон жырларының төрт тармақты шумақтардан ғана тұрмайтындығын жоғарыда айттық.

Орхон ескерткіштерінің үш, төрт, бес, алты, сегіз тіпті онан да көп жолды шумақтардан тұратындығын, әр алуан ұйқасты, әр буынды, көбіне 7—8 буынды болып келетін жыр өлшеміне негізделгенін байқауға болады.

Ескерткіштегі өлең жолдары жыр тәрізді бірімен-бірі тығыз байланысты болып келеді де, негізінен бір ой түйдегіне бағынады. Демек, Орхон ескерткіштері жыр өлшемімен жазылған. Мұның дәлелі ретінде «Күлтегін» жырындағы батырдың айқастарын суреттеген жолдарды алуға болады. Онда өзара байланысты ұзақ бір түйдек өлеңдер тобы «оплайу тегді» (шабуылға ұмтылды), «бініп тегді» (мініп шапты), «ол ат анта өлті» (ол ат сонда өлді) тәрізді тіркестердің жиі қайталану арқылы айқас туралы бүтін бір жыр циклін құрайды.

Орхон ескерткіштерінде жетілген өлең ұйқастарының өте аз ұшырасатындығы да біздің пікірімізді дәлелдей түседі. Өйткені өлеңдегідей емес, жырдағы ұйқас көбіне ойға құрылады.

Біздің есебіміз бойынша, Орхон ескерткіштері 727 жыр жолынан тұрады. Жыр жолдарының буын сандары түрліше болып келеді (3-тен 15 буынға дейін кездеседі).

Кестеге қараңыз.

Буындар						үш буынды	төрт буынды	бес буынды	алты буынды
жыр жолдары						3	32	82	102
процент есебімен						0,4	4,4	11,3	14,0
жеті буынды	сегіз буынды	тоғыз буынды	он буынды	он бір буынды	он екі буынды	он үш буынды	он төрт буынды	он бес буынды	Барлығы
119	101	80	71	61	28		13	7	727
16,4	13,9	11,0	9,8	8,4	3,9	3,9	1,9	0,9	100%

Келтірілген кестеден Орхон ескерткіштерінде жеті-сегіз буынды жыр жолдарының (оларды қосып есептегенде бүкіл ескерткіштердің 30,3 процентін қамтиды) басымырақ екенін байқаймыз. Мұның өзі Орхон ескерткіштерін құрылысы жағынан қазақ жырларына тағы да жақындата түседі.

Тегінде Орхон жырларында өте жиі ұшырасатын: іші-тысы, (ішін-ташын), ел-жұрты (ел-төрүсі), жылаған-сықтаған (йұғчы — сығытчы), інілі-ағалы (інілі-еңілі), бейнет-күші (ісіг-күчиг), ата-баба (ечүм-апам), ілгері-кейін (ілгері-құрығару), атақ-даңқы (аты-күчі), от-су (от-суб), ойда-қырда (йер-сайу), өлім-жітім (өлү-йіту), жаяу-жалпы (йодағын-йалаңын), жер-көк (теңірі-йір), қасы-көзі (көзі-қашы), ою-өрнек (барқ-бедіз), күні-түні (күн йеме-түн йеме), қыз-қырқын (қыз-қыдыз) тәрізді *тұрақты-мағыналық бірлікті білдіретін қос сөзді егіз тіркестер мен ыңғайлас мәндес синонимді сөздер тізбегі* өлең жасаудың ең әдепкі тәсілдері болғанға ұқсайды.

Ондай қос сөзді тіркестердің өзі кейде бір жағы мәнді, бір жағы мәнсіз (қыз-қырқын, жылаған-сықтаған, өлім-жітім тәрізді); кейде екі сыңары да мағыналы (қасы-көзі, ойда-қырда, ата-баба) болып келеді.

Енді ыңғайлас мәндестерге мысал келтірейік: Тәтті сөз, асыл қазынасы, сүңіг сабын, йымшақ ағын;

Ақылды кісілерді, батыл кісілерді — Едгү білге кісіг, едгү алп кісіг;

Жоқ, кедей халық	Иоқ, чығай будун;
Қалыптастырғам, иелік еткен	— тұта бірміс, іті бірміс
Қырылайық, жойылайық	Өлүрейін, урығырайун;
Бейшара, мүсәпір халық	Иабыз, йаблақ будун;
Бағынды, жүгінді	Ічікді, йүкүнті т. с. с.

Кейде осы тәрізді ыңғайлас сөздердің бір ғана қатар емес, екі тармақ құрап, өлеңге өте ұқсас болып келетін түрлері де ұшырасады.

Елсіз қалған, хансыз қалған халықты,—Елсіреміс, қағансырамыс будунуғ,

Күн болған, құлданған халықты, Күндеміс, күледміс будунуғ,

Ата-баба мекеніне қайта орнатқан, Ечүм-апам төрүсүнче йаратмыс, болғұрмыс.

Білместігі үшін,	Білмедүкін үчүн,
Бізге жауыздығы үшін	Бізіңе йаңлұқын үчүн
Ханы өлді.	Қағаны елті
Көтерген тәңірі,	Көтүрміс теңрі,
Ел берген тәңірі,	Ел бірігме теңрі.
Іші —ассыз,	Ічре ашсыз,



Тысы — тонсыз  
Ханы алып екен,  
Ақылгөйі дапышпан екен.

Ташра тонсыз,  
Қағаны алп ерміс,  
Айғұчусу, білге ерміс т. с. с.

Мұндағы бірде қатарласа, қабаттаса келетін, бірде ыңғайласа келетін сөздер тіркесі мен тізбегі белгілі бір ойды күшейтіп, әсерлі жеткізу үшін қолданылған. Бұлар сөз жоқ, халқымыздың бейнелі ой, кестелі сөз жасаудағы әдепкі адымын танытады.

Біз жоғарыда Орхон ескерткіштерінің әлденеше тармақты шумақтардан тұратынын, түрліше ұйқасқа құрылатындығын ескерткен едік. Бұл бір.

Екіншіден, егер өлеңде буын саны, ұйқасы нақпа-нақ, дәл келіп отыру бұлжымас заң болатын болса, мұнда біз ондай қасиетті көрмейміз.

Ескерткіштегі тізбектердің өлшемі де, ұйқасы да түрліше болып, кейде ұйқаспай жатады. Күлтегінге, Тонькөкке арналған жазуларды жырға жатқызуымыздың басты себептерінің бірі осында. Өйткені, профессор Б. Кенжебаев айтқандай: «Жырда өлеңдегідей өлшемнің, ұйқастың мәні соншалықты күшті емес. Жыр көп ретте сөз буынына, сөз ұйқасына емес, ой түйдегіне, ой ұйқасына қарай қиыстырылады. Көп жерлері, тіпті, ұйқассыз да келеді» (Б. Кенжебаев. Қазақ өлеңінің құрылысы туралы, Алматы, 1955, 21-бет).

Ескерткіштердегі *үш тармақты сыңар* (ааб яки бба ұйқасты жыр үлгілері төмендегіше болып келеді:

Құтым бар үчүн(а)  
Үлігім бар үчүн(а)  
Өлтечи будунуг тірігүрү ігітім(б).  
Түрк будун үчүн(а)  
Түн удымадым(б)  
Күнтүз олурмадым(б)

Бағым болғандықтан,  
Сәті түскендіктен,  
Өлімші халықты тірілттім.  
Түрк халқы үшін  
Түнде ұйықтамадым,  
Күндіз отырмадым.

Үш тармақты жыр үлгілері үнемі дәл осылай бола бермейді екен. Аракідік олардың әрбір жолы бір ғана сөзден тұратын шумақтары да кездеседі.

Мысалы:

Сүнүсдіміз(а)  
Санчыдымыз(а)  
Қанун өлтүртіміз(а)

Соғыстық,  
Шаныштық,  
Ханын өлтірдік.

Біз келтіріп отырған шумақтардың бүгінгі поэзия тұрғысынан қарағанда тіпті өлеңге ұқсамауы да мүмкін, бірақ аталған ескерткіштің

осыдан бір мың екі жүз жылдан астам уақыт бұрын жазылғандығын ескеруіміз керек.

*Енді төрт тармақты жыр шумақтарына бірнеше мысал келтірейік. Олардың өзі ұйқасы, буын саны жағынан да түрліше болып келеді.*

- |   |   |
|---|---|
| 1. Құл құллығ болмыс ерті(7а)<br>Күң күнліг болмыс ерті(7а)<br>інісі ечісін білмес ерті (10б)<br>Оғлы қаңын білмес ерті(9б)<br>Соңүкүң тағча йатды (7а) | 1. Құл құлды болған еді,<br>Күң күнді болған еді.<br>Інісі ағасын білмес еді.<br>Ұлы әкесін білмес еді.     |
| 2.Қаның субча йүгүрті (7а)<br>Бегілік ұры оғлың құл болты (9б)<br>Сілік қыз оғлың күң болты (8б)  | 2. Қаның судай жүгірді,<br>Сүйегің таудай үйілді.<br>Бек ұлдарың құл болды,<br>Пәк қыздарың күң болды.      |
| 3. Иоруклығ қантан келіп(7а)<br>Иана өлтді? (4б)<br>Сүңігліг қантан келіп (7а)<br>Сүре елтді?   | 3. Қарулылар қайдан келіп,<br>Тағы (сені) құлдыратты.<br>Найзалылар қайдан келіп,<br>Қайта (сені) ыдыратты? |
| 4. Теңрі йарулқазу (6а)<br>Бүкүл түрк будунқа (6б)<br>Иаруқлығ йоғуғ келүрмедім (9в)<br>Төгүнліг атуғ йүртмедім (8г)                                    | 4. Тәңірі жарылқады<br>Бүкіл түрк халқына<br>Қарулы жау келтірдім,<br>Атты әскер жолатпадым.                |

Бұл үзінділерден ұйқасы, буын саны түрліше болып келетін қазақтың жыр үлгілерін көріп отырмыз. Біріншісі мен екіншісі егіз (аабб) ұйқасты, үшіншісі шалыс ұйқасты (абаб) болып келсе, төртіншісінде тіпті, ұйқас жоқ. Ой шумағы, ой ұйқасы мықты болғандақтан мұны да жырға жатқызып отырмыз. Ал, осылардың қай-қайсысында да буын саны әр түрлі (4, 6, 7, 8, 9), айнымалы екендігі байқалады.

Орхон жазуларынан бес тармақты жыр шумақтарын да кездестіреміз. Бірақ оларда өлең ұйқасынан гөрі ой ұйқасы, дыбыс үндестігі әлдеқайда басым жатады.

Мысалы,

- |   |   |
|---|---|
| Елігіт елсіретміс,<br>Қағанлығығ қағансыратмыс<br>Иағығ баз қылмас,<br>Тізлігіг сөкүрміс,<br>Башлығығ йүкүңтірміс | Елдігін елсіз етті,<br>Хандығын хансыз етті.<br>Жауын бейбіт етті,<br>Тізеліні бүкгірді,<br>Бастыны еңкейтті. |
|---|---|

Ескерткіштердегі алты жолдан тұратын жыр үлгілері мынадай болып келеді:





Елліг будун ертім,  
Елім амты қаны,  
Кемке іліг қазғанурмен?— тір  
ерміс.  
Қағанлық будун ертім,  
Қағаным қаны,  
Не қағанқа ісіг-күчіг  
бірүрмін?— тір ерміс

Елді халық едім,  
Елім қазір қайда,  
Кімге ел-жұрт іздермін? –  
десті.  
Ханды халық едім,  
Ханым қайда,  
Қандай ханға күш-қуатым  
беремін? – десті.

Бір өзгешелігі мұнда бірінші мен төртінші, екінші мен бесінші, үшінші мен алтыншы жолдар ұйқасып отырады.

Ескерткіштерден *сегіз, тоғыз*, тіпті, одан да көп тармақты жыр шумақтарын көреміз.

Бірақ тоғыздан әргі жыр шумақтары, көбіне, үндестігі, киноластығы әлі де түгелдей жетіліп бітпеген шұбыртпалы жыр ұйқасын еске салады. Ондай ұзақ шумақтарда да негізінен ой түйдегі, ой сәйкестігі басым жатады.

Эпикалық шығарманың табиғатына желісі ұзақ шумақтар өте-мөте тән болатындықтан, ескерткіштердегі *сегіз, тоғыз тармақты жыр үлгілерінен* бір-бір мысал.

1. Ілгерү — Шантұң йазықа  
тегі сүледім(а)  
Талуықа кічіг тегмедім (о)  
Біргерү — Токуз Ерсенке тегі  
сүледім(а)  
Түпүтке кічіг тегмедім (б)  
Құрығару - - Иинчу үгіз кече  
Темір Қапығқа тегі сүледім(а)  
Пырғару—Иір Байырқу иіріңе  
тегі сүледім(а)  
Бунча иірке тегі йорытдым

1. Ілгері – Шантұң жазыққа  
дейін жауладым,  
Теңізге сәл жетпедім  
Түстікте – Тоғыз Ерсенге дейін  
жауладым,  
Тибетке сәл жетпедім.  
Батыста – Инжу өзенін кеше  
Темір қақпаға дейін жауладым.  
Терістікте – Байырқы жеріне  
дейін жауладым.  
Осыншама жерге дейін жорыттым.

2. Елтеріс қағанқа  
Түрк Бөгү қағанқа  
Түрк Білге қағанқа  
Қапаған қағанқа  
Түн ұдымату  
Күнтүз олұрмату  
Кузул канум төкті  
Қара терім йүгүрті  
Үсіг-күчіг бертім оқ

2. Елтеріс қаған үшін  
Түрк Бөгі қаған үшін,  
Түрк Білге қаған үшін,  
Қапаған қаған үшін,  
Түнде ұйықтамадым,  
Күндіз отырмадым.  
Қызыл қанымды ағыздым,  
Қара терімді төктім  
Күш-қуатымды аямадым.

Осы келтірілген екі үзіндінің алдыңғысы — сегіз, соңғысы тоғыз тармақты. Бірінші мысалдың әдепкі төрт жолы кезекті ұйқасқа, соңғы төрт тармағы ерікті ұйқасқа құрылған. Ал, екінші шумақтың алдыңғы төрт тармағы ұйқасады да, қалған (соңғысынан бөлегі) жолдары екі-екіден ой ұйқасына бағынған.

Енді әдепкі үзіндінің тақ (1, 3, 5, 7) тармақтарының басында келетін *ілгеру-біргеру*, *құрығару-йырғару* тәрізді өзара үндесіп, жымдасып тұрған сөздерге назар аударыңыз. Сөз басында ұйқасып келген дәл осы сөздердің дербес шумағын Күлтегіннің кіші жазуынан кездестіреміз.

<i>Ілгеру</i> — күн тоғысқа	<i>Ілгері</i> – күн шығысында,
<i>Біргеру</i> — түн ортасына	<i>Оңымда</i> – күн ортасында,
<i>Құрығару</i> — күн батысықына	<i>Кері</i> – күн батысында,
<i>Йырғару</i> — түн ортасына	<i>Солымда</i> – түн ортасында

Бұл үзіндінің бастапқы сөздері егіз (аабб) ұйқаспен жазылған. Қарап отырсаңыз, ортадағы сөздердің өзі де (күн, түн) өзара ұйқасып тұр.

Енді осы шумаққа басқа бір жағынан келсек, (*ілгеру-біргеру*, *құрығару-йырғару*) сөздерінің үндесіп, өлең болып естілетінін байқаймыз. Ондай үндестік пен әуезділік аллитерация түріндегі дыбыстық қайталауларға байланысты. Мұнда, тіпті, соңғы ұйқастардан гөрі әдепкі сөздердің дыбыс үндестігі, жарастығы әлдеқайда күштірек екені көрінеді. Демек, мұның өзі әуезділікке, үнділікке ерекше мән берген түрк халқының жырлары аллитерациялы болып келетіндігін яки ұйқастың басында жасалатындығын дәлелдейді.

Сонымен, жыр ұйқастары, жыр шумақтары жайындағы сөзімізді аяқтай келе мынадай тұжырым жасауға болар еді:

Біріншіден, өлең жасаудың, ойды көркем бейнелеудің әдепкі адымдары деп біз жырдағы жиі кездесетін: *іші-сырты*, *қасы-көзі* тәрізді қос сөзді тіркестер мен *тәтті сөз*, *асыл қазына*, *бағынды*, *жүгінді* секілді ынғайлас мәндес сөздердің жарасымды бірлігі деп есептейміз.

Мұндай сөздер қатарласа, жапсарласа келіп, шешендік ынғайға ойысып, содан мақал-мәтелге, қанатты жолдарға, әуезді, ырғақты жырға ұласады.

Екіншіден, Орхон жырларында екі, үш, төрт, бес, алты, сегіз, тоғыз және одан көп тармақты жыр шумақтары кездеседі екен және ұйқасы (сыңар, егіз, кезекті, шұбыртпалы) жағынан да, өлшемі (4, 6, 7, 8, 9, 10 буынды) жағынан да әр түрлі болып, кейде тұлғасы ұйқаспай да жатады екен.



## Бейнелеу тәсілдері

Орхон жырларында «Олар бізден төрт есе артық еді», «есепсіз жау келді» деген тәрізді деректі-дерексіз ұлғайтулар болмаса, әсірелеу жоққа тән.

Бұл, біздіңше, аталмыш жырлардың өзін тудырған тарихи арналармен іргелес, жақын тұрғандығынан әрі олардың шежіре ретімен келетіндігінен болу керек. Өйткені, эпос неғұрлым өзін тудырған тарихи шындықтың желісінен қашықтаған сайын солғұрлым оларда әсірелеудің мол болатындығын аңғарамыз. «Қобыланды», «Алпамыс» тағы басқа қазақ жырлары осыны аңғартады.

1. Орхон ескерткіштеріндегі бейнелеу құралдарының ең молы э п и т е т т е р :

Білге қаған (*білге қаған*), кексіз түрк (аның иоқ түрк, Темір қақпа (Темір қапығ), тәтті сөз (*сүчіг саб*), асыл қазына (йымшақ ағы), жырақ халық (йырақ будун), *әдепсіз қылық* (аңыз біліг), ақылды кісі, (білге кісі), *батыл кісі* (алып кісі) еш адам (аңыз кісі), жаман сыйлық, (йаблақ ағы), жақсы сыйлық (едгү ағы), біліксіз адам (біліг білмез кісі), *кедей*, *халық* чығай будун, кіріптар бектер (көрігме беглер), мәңгі тас (бенгү таш), көк тәңірі (көк теңрі), *қара жер* (йағыз иер), жетім халық (өксіз будун), ұлы қаған (күліг қаған), жалтақ қаған (йаблақ қаған), бек ұл (бегіліг ер оғул, пәк қыз (сілік қыз оғул), қасиетті жер-су (ыдук йір-суб), аш-жалаңаш халық (ічре ашсыз, ташра тоисыз будун), бейшара, мүсәпір халық (йаблақ йабыз будун), *боз ат* (боз ат), *торы ат* (торығ ат), арық ат (түрүк ат), ақ айғыр (ақ адғыр), шағын қол (аз ер), бүлікшіл ел (қамашығ іл), қара көл (*қара көл*), *қаракер ат* (йағыз ат), *қырағы көз* (көрүр көз), терең ақыл (білір біліг) *жазба тас* (біртіг таш), *қара құм* (қара құмұғ), *көшпелі ел* (йоруйур будун), *жасырын сөз* (ічре саб), *қызыл қан* (кузул кан), қара тер, *қарулы жау* (йоруклұғ), атты әскер (төгүнліг атұғ), *сары алтын* (саруғ алтун), *ақ күміс* (орұң күмүш).

Ескерткіштердегі эпитеттерді түгел келтірумен қатар, ондағы тұрақты эпитеттердің астын сыздық. Жоғарыдағы мысалдарға қарап отырып, көне түрк дәуірінде жасалған бейнелеуші тіркестердің бізге фонетикалық жағынан да пәлендей өзгеріске ұшырамай жеткендігін көреміз.

2. Сол сияқты, Орхон жырлары белгілі бір нәрсені көркемдеп жеткізу үшін оны басқа бір затпен де салыстыра суреттеуді кең қолданған. Ескерткіштердегі теңеудің үлгілері мынадай болып келеді.

1. Қаным қаған сусі *бөрі тег* ерміс  
Иағысы қоң тег ерміс
2. Каның *субча* йүгірті

1. Әкем ханның әскері *бөрідей* бопты  
Жаулары қойдай бопты.
2. Қаның *судай* ағылды

Сөнүкүз *тағча* йатды  
3. Түргіс қаған сүсі  
Болшуда  
*Отча, бөріча* келді  
4. Иағумуз төгіре учуқ  
төгерті  
Біз *чег* ергіміз  
5. Екінті күн келті.  
*Өртче* кузуп келті

Сүйегің *таудай* үйілді.  
3. Түргеш халқының әскері  
Болшыда  
*Отша, бөріше* келді  
4. Жауымыз тегіс жыртқыш құстай<sup>32</sup>  
еді.  
Біз *жемтік* едік.  
5. Екінші күн келді.  
*Өртіше* жанып кетті.

Бұл келтірілген мысалдардан соғыс суреттерін терең ашу үшін қолданылған теңеулерді көріп отырмыз.

Өз әскерінің күштілігін, басымдылығын көрсету үшін түрк халқының жауынгерлерін бөріге, жауларын қойға теңейді. Сұрапыл майданнан жосылған қан — селдей аққан суға, өліктер жоталы тауға теңеледі.

Ескерткіштердегі түрк халқына қарсы тұрған жаудың бәрі қой аузынан шөп алмас момақан емес. Өйткен жағдайда Күлтегін, Тоныкөк көрсетіп жүрген теңдесі жоқ делінетін ерліктерден қадір-қасиет қалмас еді. Сол үшін де (түрк батырларының ерлігін дәлелдеу үшін) жырларда жау қолы — жыртқыш құсқа, лаулаған өртке, ашқарақ бөріге теңеледі. Түрк елінің ерлері осындай тажалдарды жеңіп барып зор даңққа ие болады.

3. Орхон жазуларында троптың түрлерінен — аллегория мен метонимия кездеседі.

Аллегорияны біз Тоныкөкке арналған жырдан көреміз.

Тұрұқ бұқалу  
Семіз бұқалу  
Арқада білсер  
Семіз бұқа

Арық бұқаның,  
Семіз бұқаның  
(Артта) барын білсе де,  
Семіз бұқаны,

<sup>32</sup> Қазақтың жыртқыш құс деуі осыдан шыққан болу керек. Жыртқыш құс, ит-құс деп қазақ қасқырды да ағай береді.

Ит-құстың бізде екінші мағынасы және бар. Ол – құмай тазы. Құмай тазы, халықтың айтуынша, ит пен құстан жаралған. Қазақтың осы құмайы туралы Сергей Марков өзінің «Земной круг» (изд. Советский писатель, Москва, 1966, 21—22-беттер) атты кітабында өте орынды айтқан. Бұл сөздің атауын Шөжеден кездестіреміз:

Ақ серкесі Бошанның Алшынбай таз,  
Жаз шілдеде ұшады *итала* қаз.  
Екі сөздің бірінде соқыр дейсің,  
Кепіетің бар болса басыңды жаз.

Халықтың айтуынша, ұшқыр құмай тазы осы Шөже ақын айтып отырған итала қаздың (сарыала қаз деп те айтыла береді) жұмыртқасынан шығады.



Түрүк бұқа тийін  
Білмес ерміс тийін  
Анча сақунтум

Арық бұқаны  
Айыра алмас — дедім.  
Осылай ойладым.

Бұл — метафораның ұлғайтылған түрі.

Бұл жерде Тоныкөк табағаштарға талай жыл кіріптар болған, өз ішінде бақталастық, күншілдік өріс алған түрк халқын ол азаптан құтқарар жолды іздеп отыр. Басқаша айтқанда, Тоныкөк: егер Құтлығты хан етсем, ел ішіндегі жақсы мен жаманды, күйлі мен күйсізді ажыратып, соның бәрін өштестірмей біріктіріп отыра алар ма екен деген ойға келіп отыр.

Ескерткіштерде троптың бір түрі метонимия да ұшырасады.

Мәселен:

1. Будуп боғзу тоқ,— халық тамағы тоқ еді.

2. Алтун, куміш, ісігті, құтай бұнсыз анча бірүр табғач будун *сабысүчиг, ағысы йымшақ*, ерміс (Алтынды, күмісті, дақылды, жібекті соншама шексіз беріп жатқан табағаш халқының, сөзі — тәтті, бұйымы жұмсақ еді).

3. Бірікі будунның *от-суб* қылмадым.— Біріккен халықты от су қылмадым.

4. *Тулуғ, сабуғ* алу олур тіді — Тіл, сөз алып отыр деді.

Міне, бұл келтірілген мысалдардың қайсысында да заттың не құбылыстың қасиет-белгісі тура өз мағынасында емес, басқа бір мағынамен алмастырылып алынған.

Осының бәрі-дағы — жырды әр жағынан безендіру, көркемдеу үшін алынған бейнелеу құралдары.

Ескерткіштердің әсерлі, тартымды болуының өзі осыларға байланысты.

4. Күлтегін мен Тоныкөкке арналған жырларда *мақал-мәтелді* еске салатын әсем қиюласқан өнегелі-өсиетті жолдар бар:

1. Едгүті есід  
Қатығды тыңла  
2. Ырақ ерсер йаблақ ағы  
бірүр  
Иағуқ ерсер едгү ағы бірүр  
3. Ачсық тосық еmezсен  
Бір тодар ачсық emezсен  
4.Өд төңіре йасар  
Кісі оғлу көп өлгелі төрүміс  
5. Келүр ерсер күч үкүлүр

1. Мұқият тыңда,  
Терең ұқ  
2. Жырақ тұрғанға — жаман  
сыйлық,  
Жақын тұрғанға — жақсы сыйлық.  
3. Аштықта тоқтықты білмейсің.  
Бір тойсаң аштықты білмейсің.  
4. Тағдырды тәңірі жасар,  
Адам баласы бәрі өлгелі жаралған.  
5. Қол қосылса, күш өсер.

6. Аруғ обкту иіг
7. Иуйқа ерікліг топлагалу  
учүз
8. Иинчге ерікліг үзгелі үчүз

6. Өлімнен ұят күшті.
7. Жұқаны топтау – оңай,
8. Жіңішкені үзу – оңай.

Талай тәжірибе негізінде қалыптасып барып тұрақты көркем сөз тіркесіне айналған бұл секілді мақал-мәтелдерден өмірдің өзінен туған ойлы тұжырымдарды, терең пайымдауды аңғарамыз.

Задында, мұндай өсиет-нақыл сөздер ертедегі жырларымызға рең, көрік, әр берген ең басты құралдардың бірі болса керек.

Мақал-мәтелдің бірер жылда ғана туа салмайтындығын, талай ғасырларды аттап барып бұлжымас қағидаға айналатындығын ескерсек, қазақтың: «Табы бірдің тәңірісі бар», «Сүңгінің жарасы бітер, тіл жарасы бітпес», «Отыз тістен шыққан сөз отыз ру елге таралар», «Ұлың-ұрымға, қызың-Қырымға», «Барар жерің Балқан тау, ол да біздің барған тау», «Күштіде тәңірі жоқ», «Жазған құлда шаршау бар ма» тәрізді мақал-мәтелдерін түрк дәуірінен келе жатқан көне мұралар деп есептейміз.

Тағы бір ерекше көңіл аударатын жәйт: сол ертеде туған мақал-мәтелдер дами келе бертінде ойы жағынан да, тіркесі жағынан да өзінің жетілген үлгілерін туғызғанға ұқсайды.

Мәселен, «Ашта жеген құйқаны тоқта ұмытпа», «Тоқтың жоқтығы бар, аштың тоқтығы бар», «Аш бала тоқ баламен ойнамайды» немесе «Ат қадірін жоқ білмес, ас қадірін тоқ білмес» тәрізді қазақ халқының мақалдары Орхон жырларынан өзіміз келтірген «Аштықта тоқтықты білмейсің, бір тойсаң аштықты білмейсің» деген секілді мақалды тіркестің дамыған, жетілген түрліше үлгілері деп білеміз.

Сол сияқты, түрк ескерткіштеріндегі «жырақ тұрғанға — жаман сыйлық, жақын тұрғанға — жақсы сыйлық» тіркесі қазақтың «Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала» дейтін мәтеліне көбірек ұқсайды.

Бір ғана мақал-мәтел емес, басқа да кейбір лепті, өлеңді тіркестердің өткірленген, ықшамдалған ұтымды түрлерін кездестіруге болады. Мысалы, Орхон жазуларындағы «Іші-ассыз, сырты-тонсыз»—дейтіміз дами келе бүгінде «аш-жалаңаш», «Түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым» тіркесі «Түнде ұйқы, күндіз тыным» яки «түн ұйқысын төрт бөліп» болып өзгерген.

Немесе, ол кезде «күн ортасы, түн ортасы, күн батысы, күн шығысы» деп сөйлейтін болса, бүгінде олар қысқартылып: түстік, терістік, батыс, шығыс деп қана айтылады.

Осы айтылғандардың бәрі де халық ойының, сөз саптау, тіл ұстартудың, сөйлеу мәдениетінің жетілуін, дамуын дәлелдейтін бағалы, деректі дүниелер.

Халықтың азаматтық тарихы, оның рухани байлық қоры бірден



жасалмайды. Қазақ халқы мен оның қазіргі мәдениеті өзінің даму барысында сан ғасырларды, бірнеше дәуірлерді өткерген. Әрбір дәуірдің өзіне лайықты мәдениеті, салт-дәстүрі, ұғым-нанымы, әдебиеті болған еді.

Әдетте ертеде жасалған ежелгі мұраларда тарих, мәдениет, әдебиет белгілерінің араласа жүретіні анық. Сондықтан да байырғы ескерткіштерді тек тарих мұрасы, яки әдебиет үлгісі ретінде ғана танып бағалау дұрыс болмайды.

Сіз танысқан Орхон ескерткіштері сондай мұрамыз. Онда халық тарихының көптеген құнды деректері де, халықтың сол кездегі ұғым-нанымының, салт-дәстүрінің көріністері де, ежелгі әдебиет белгілері де аралас. Оның үстіне аталған ескерткіштер тіл тарихының аса бағалы мұрасы болып есептеледі.

Әрбір елдің тарихы, оның мәдениет, әдебиетінің шежіресі жалаң ойдан жасалмайды, осындай ежелгі жазба мұраларға, шежірелерге сүйеніп жасалады.

Орхон жазбаларын оқи отырып түрк халықтарының алғаш қалыптасу процесін; өлең жасаудың, ақындық тәсілдің әдепкі адымдарын, бұл ескерткіштерді жасаған қауымның ой-дәрежесін анық байқауға болады. Тасқа басылып, еш өзгеріссіз жеткен Орхон жазуларының осындай деректік мәні өте-мөте күшті-ақ.

Ата-бабадан ұрпаққа мирас болып келе жатқан қазақ сөз өнерінің үлкен мектебі бар. Бірі — өмір жайында терең толғанатын шежіре-шешендік, философиялық, данышпандық мектеп. Мұның аты сақталып бізге жеткен түпкі атасы Асанқайғы, одан бұл өнер ғасырлар аттап кешегі біздің ұлы Абайдың қолына тиді. Екіншісі — өле-өлгенше көмейі күмбірлеп, жағы сембеген дәрия-даңғыл жыраулар мектебі. Мұның әзірге жұрт білетін түпкі арнасы Сыпыра жырау. Оған іліктес Қазтуған, Шалкиіз, Бұқар, Майкөт жыраулар аталады. Сондай ұлықты жыраулардың ең соңғы үздігі Жамбыл мен Нұрпейіс еді.

Ал, Асанқайғы, Сыпыра жыраулардан да бұрын талай-талай ойшылдардың ақын-жыраулардың өткендігі даусыз.

Мәселен, біз сөз еткен Орхон жазуларында, немесе одан беріректегі (IX ғасыр) «Оғыз-нама», «Қорқыт» тәрізді түрк дәуірінің әр циклды тарихи-шежіре, ерлік жырларында әлі де қалыптасып бітпеген, дараланбаған ойшылдардың, ақын-жыраулардың аттары аталады. Орхон ескерткіштеріндегі Иоллығ-тегін мен Тоныккөк (VIII ғасыр), «Оғыз-намадағы» Ұлық Түрк (IX ғасыр), «Қорқыт» аңыз жырларындағы дана Қорқыт —(IX ғасыр) осы ойымыздың айқын дәлелі бола алады.

Орхон ескерткіштеріндегі Тоныккөк талай ханға ақылшы болған Күлтегіннің жорықтарына дем берген қарт данышпан ретінде көрінеді. Демек, жыраулардың ақындық өнері, ойшылдығы оларды сол тайпалық

дәуірдің өзінде-ақ ел құрметіне бөлеп, ру-тайпаның ақсақалы, ақылгөйі дәрежесіне дейін көтерген. Ол дәуірдің бектері мен хандары алдағыны сол жырауларға болжатып отырған. Осы дәстүрді тіпті беріде (XVIII ғасыр) емір сүрген Бұқар жыраудан да анық көреміз. Жорыққа шығар алдында Абылай үнемі алдағыны Бұқарға жорытқан. Ол Абылайдың түсін жорып, алдағы істі көбіне дәл болжап отырған.

Тоныкөкке, дана Қорқытқа жуық бейнені «Оғыз-намеден» де көреміз. Ол — Ұлық Түрк. Ұлық Түрк те көп жасап, көпті көрген көне көз ақылшы, батыр бастаған жорық-сапарлардың айнымас серігі. Жас шағында аттанып, жорықтан еліне қартайған шағында оралған Оғыз батырдың түсін жорып, Оғыздың тақтан тайып, тұғырдан түсетін мезгілінің жеткенін де болжайтын сол — Ұлық Түрк.

Егер, аты бізге жеткен ежелгі қазақ жырауларының бәрі шетінен батыр болғандығын ескерсек, онда тапқырлығымен, болжампаздығымен, шешендігімен дараланатын Ұлық Түрк «Оғыз-наманы» тудырушы жыраудың өзі болуға тиіс.

Задында Тоныкөк пен Асан қайғы, Сыпыра жыраулардың екі аралығындағы жеті-сегіз ғасырдай уақыт мөлшерінде де сөз өнерін дамытуға ықпал жасаған басқа да көптеген ақын-жыраулар өткендігі даусыз. Өкініші — солар әлі күнге дейін анықталмай отыр. Қазір әбден толысқан, ең озық идеялармен қаруланған бүгінгі ғылымымыздың бұрынғы өткен ойшылдарды, ақын-жырауларды анықтап, олардың творчествосын шынайы бағалауға мүмкіндігі толық жетеді.

Орхон жазбалары, «Оғыз-нама», «Қорқыт» тәрізді ескерткіштерден бөлек советтік тюркология ілімі «Құтадғу-біліг» (XI ғасыр); Ахмет Яссауи, Ахмет Югнаки, Сүлеймен Бақырғани (XII ғасыр); «Мұхаббат-наме», «Жүсіп-Зылиқа», «Гүлстан» (XIV ғ.) тәрізді түркі халықтарына ортақ мәдени мұраларды, ақындарды ағайды. Бұларды да арнайы зерттеу – кезектегі міндет.

Орхон ескерткіштерін оқудан, танудан, зерттеуден туған ойлар, міне, осындай.









**Х. СҮЙІНШӘЛИЕВ**

**Ортағасырлық  
әдебиет үлгілері**





## VIII-XIV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ӘДЕБИЕТ

Әрбір халықтың рухани байлығы – ғасырлар бойы даму тарихында жасалған, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын мирас. Басқа халықтар сияқты, қазақ халқының да өзіне тән тарихи басынан кешкен кезеңдері, өрлеу сатылары, әрбір дәуірге лайық мәдени мұрасы, асыл өнері бар.

Әлбетте, біз мұны айтқанда ерте дамыған көне халықтар жасаған мәдениеттің кейіннен дамыған халықтарға өз ықпалын тигізетінін де ұмытпаймыз. Мәселен, ертедегі Египет, Вавилон, Рим, Грек, Үнді, парсы мәдениеті қазіргі Еуропа мәдениетінің дамуына үлкен әсерін тигізді. Бұдан шығатын қорытынды: әрбір елдің мәдениеті – оның басынан кешкен тарихи оқиғаларына, қоғамдық санасына байланысты әр дәуірде әр түрлі көрінеді. Ол әр халықтың тиісті кезеңдегі талап-тілегі, мұң-мұқтажына сай туып, белгілі жағдайға байланысты дамиды. Ерте оянып, мәдениеті ерте дамыған ұлы халықтардың адамзат мәдениетіне қосқан үлесі зор, оның ілгері дамуында атқарған тарихи рөлі де ерекше. Бірақ бүкіл әлем мәдениетінің қазынасы тек бірен-саран ұлы халықтар туындысынан ғана тұрмайды. Поэзиядағы ұлылы-кішілі формалар, оны жасаушы талант иелері әрбір халықтан шығады. Сондықтан да В.Г.Белинский, әрбір халық қаншалықты кенже дамығанымен, өзіне тән поэзиясы болады, ол поэзияда сол халықтың салт-санасы бейнеленеді дейді.

Біздің заманымызға дейін дамып, кейін басқа елдерге ықпалын тигізген көне халықтар жасаған мәдениет ежелгі кезден басталады. Бұл тұрғыда өшпес мұра, ескірмес өнердің бірі – поэзия, халық шығармашылығы. Әдебиет – халықпен үнемі бірге жасайды. Ол адам санасының балалық шағынан бері қарай сатылап жетіліп, өмір көшінде дамылсыз дамып, келешек ұрпаққа рухани нәр береді. Адамға дүние есігін ашатын да, оның көзі жұмылғанда ақырғы сапарға шығарып салатын да сол поэзия, өлең демей ме, кемеңгер ақын Абай. Поэзия – адамның жан серігі, жүрек қаты, дертіне ем, бойына дем берер рухани күш. Олай болса, қай ел, қандай халық болса да – өзінің жасаған дәуірінде әдебиетсіз, поэзиясыз, өнерсіз өмір сүрген емес.

Қазіргі қазақ халқының арғы төркіні көне түркі ұлыстары тайпасынан шығатыны, олардың бір кезде бірлесе мәдениет жасаған ел болғаны қазір ешкімге жаңалық емес. Сөйте тұрса да кейбір батыс ғалымдары Орта Азия мен Қазақстан жеріндегі көне мәдениет үлгілерінің қолжазбасы араб, парсы халықтар тілінде, әліппесінде жазылып қалуы, оларша, соның



ғана айғағы сияқты. Бірақ тарихымыз бұл сияқты ұшқары пікірлердің біржақтылығын дәлелдеп берді.

Қазақстан жерінен табылып жатқан көне дәуір деректері осы өлкені мекендеген ежелгі ұлыстардың көне мәдениетінен тиісті мәліметтер береді. Олар Қазақстан өз алдына мемлекет болып құрылғанға дейінгі мәдениет үлгілерінің сол кездегі тайпалар мен бірлестіктердің бәріне ортақ игілік болғанын бейнелейді. Ал қазақ хандығының құрылуы XV ғасырдан, Жәнібек пен Керейдің хандық құрған жылдарынан басталады екен. Олай болса, XV ғасырға дейінгі мәдениет табыстары қазіргі түркі халықтарының көбіне (өзбек, ұйғыр, қазақ, қырғыз, қарақалпақ және басқаларға) ортақ мұра болмақшы.

К.Маркс арғы заманғы гректердің әдебиеті мен өнері туралы сөз еткенде рулық дәуірдің өзінде әдебиет пен өнер мейлінше өркендейді: бірді-екілі халықтардың әдебиеті мен өнері өзін туғызған қоғамдық құрылыстан әлдеқайдап озып кетеді – деген пікір білдірді.

Моңғол шапқыншылығына дейінгі Қазақстан жерінде дамыған мәдениеті кейіннен қазақ және түркі тілдері құрамына кірген тайпалар жасаған. Олардың ішінде кейін қазақ қауымына негіз болған үйсін, қаңлы, қыпшақ, түркеш, қарлық, кердері, керей, алшын, байұлы, найман сияқты ежелгі тайпалар да бар.

Ф.Энгельс неғұрлым тарих тереңдеген сайын, соғұрлым тектес халықтардың арасындағы айырмашылық жойыла береді деген. Кейін әрқайсысы өз алдына ұлт болып кеткен, ертедегі түркі ұлыстарының түбі бір арнадан таралуы да занды.

Түркі ұлыстарынан шыққан белгілі әдебиетшілер өздері қай ұлыстан шықпасын, өз шығармаларын сол кездің ортақ әдеби тілінде, өз тұсындағы барлық түркі елдер тайпасы қолданған тілде, көне түркі ескі таңба үлгілерінде жазған. Сондықтан, ерте дәуірге жататын кейбір жазба деректер мен көне ескерткіштер, әдеби еңбектер қазіргі түркі тілдес елдерге ортақ мұра болып табылады. Сөйтсе де орта ғасырлық кейбір дана білімдарлар өнерпаздардың туған жеріне, шыққан тайпасына, көркем туындыларының сипатына қарап, мұндай көне мұраларды қазіргі түркі халықтарының біріне жақынырақ па деп болжаулар жасауға болатын сияқты. Мысалы, әл-Фараби, Әл-Қыпшақи, Әл-Бируни, Әл-Сығанақ, Әл-Түркістани, Бақырғани, Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашқари, Хорезми, Қожа Ахмет Яссауи, Хайдар Дулати, Қадырғали Жалаири және басқалары Қазақстан перзенттері, сөйтсе де, бұлардың көбі еңбектерін араб тілінде жазған.

М.П.Мелиоранский 1898 жылы «Народное просвещение» журналында «Орхон-Енисей құлпытастарындағы жазба ескерткіштер» деген мақаласында бұл сияқты көне жазуы бар әдеби мұраларға барлық Орта Азия мен Қазақстан жеріндегі түркі елдері ортақ деп жариялады.

Сондай-ақ, көрнекті шығыс зерттеушісі Е.Бертельс те көне заман мәдениетінің сол Орта Азия мен Қазақстан жеріндегі тайпаларға ортақ екенін әлдеқашан дәлелдеді.

Ш.Уәлиханов Орта Азияны жайлаған ежелгі халықтар қатарына қырғыз, үйсіндерді жатқызған. «...Жоңғарияда екі түрлі халық тұрған: қырғыздар мен үйсін деп аталатын ұлы жүз қазақтары»<sup>33</sup> – дейді. «Қазақтар – деп жазды ол, – Шығыс Түркістанның ескі тұрғындары... Есте жоқ ескі заманнан бері қазақтар Әндіжанға жақын атуларды оңтүстігі Қашқарға дейін мекендеді». «Таң династиясына дейінгі уақытта қазақтар Енисей немесе Қамы бойындағы таулы жерлерді мекендеді»<sup>34</sup>. Зерттеуші бұл пікірін Әбілғазы және басқа ежелгі тарихшылар еңбектеріне сүйеніп айтады. Шоқанның бұл пікірінің жаны бар. Енисей, Қамы бойында күні бүгінге дейін түркі тектес халықтар тұрады. Мысалға тува халқын алайық. Тувалардың тілі қазаққа өте жақын. Ежелгі тарихшылардың баяндауынша VI ғасырда бүгінгі Қазақстанның көп жері Түркі қағанаты атты алғашқы хандық мемлекетке кірген, оның орталығы Жетісу өлкесі, Шу өзені бойындағы Суяб қаласына орналасқан, Түркі қағанаты кезінде Қазақстанның оңтүстігінде бірнеше үлкен қалалар пайда болады, олардың ішінде тайпалар жиі бас қосатын кенттер: Суяб, Тараз, Мерке, Құлан, Сайрам, Отырар болатын. Бұл қалалардың көбі қырымнан Шығыс Түркістанға баратын «Ұлы Жібек жолының» үстінде тұрды. VI ғасырда Түркі қағанатында болған Византия елшісі Земарх талас (Тараз) қаласында бірнеше күн тоқтап, оны үлкен астана қала деп суреттейді. Кейіннен ол қаланың орнын қазғанда мәдениеттің шын мағынасында орталығы болғанын сипаттайтын сан алуан әдемі бұйымдар шықты. Түркеш қағандығы үстемдік құрған кезде (VII ғ.) Суяб пен Тараз қалалары әкімшілік пен мәдениеттің, сауданың орталығына айналған. Мұның өзі бұл қалалардың өркендеп өсе түсуіне жағдай жасаған. Бірақ жауап алушы басқыншылардың тегеурініне төтеп бере алмай, VIII ғасырда Түркеш қағандығы да құлайды.

VIII-X ғасырларда Қазақстанның оңтүстік шығысындағы Қарлұқ қағандығы құрылады. Бұл кезде қалалар одан әрі өркендей түседі. Талас, Шу өзендері бойында – Сүткент, Қасырабас, Джуль, Баласағұн, Іледе – Қойлық, Ілебалық, Екіөгіз қалалары пайда болды. Жетісу өлкесінде Қойлық (Талдықорған) әкімшілігінің жаңа орталығына айналады. Қол өнері, егіншілік, сауда, мал шаруашылығы өркендейді. Ерте тайпалық қатынас дамиды.

Қарлұқтар заманында бұл өлкенің мәдениеті біраз ілгері басады. Отырықшы мекендер көбейеді. Шавгард, Манкент, Исфиджаб (Сайрам), Яссы (Түркістан) болып Сауран, Сығанақ қалалары арқылы екі жол

<sup>33</sup> Қараңыз: Ш.Уәлиханов. Мақалалары мен хаттары. Алматы. 1949, 82-б.

<sup>34</sup> Ч.Ч.Валиханов Соч.т. 1961, Т.I. стр. 447.



торабы өтеді (оңтүстік және солтүстік сауда жолдары). Қарлұқтар Жетісудан Сайрам өлкесіне дейінгі жерді алып жатады. Сайрамнан батысқа қарай ұласып жатқан Сырдария бойындағы кең байтақ өлкелерге VIII-X ғасырларда екі мықты тайпа – оғыздар мен қыпшақтар ие болады. Бұлардың ертедегі хандық одағына Жанкент, Жент, Отырар, Сауран, Баршынкент қалалары кіретін еді. Жаз шыға олар Торғай өлкесін, ұлан байтақ Арқа жерін жайлап отырады. Орта Азия, Иран, Қытай, Кавказ, Еділ бойындағы елдермен байланыс жасайды...<sup>35</sup>.

Оғыздармен алауыз болған кезде қыпшақтар көбінесе Орталық Қазақстан жерлерін (Арқаны) қоныстап, қыстың өзін сонда өткізіп жүрді. Бұлардың басым көпшілігі көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан тайпалар еді.

Белгілі ғалымдар С.П.Толстов пен А.Ю.Якубовский Арал теңізі мен Сыр бойынан көптеген ескі қалалардың орнын тауып, бұл қалаларды жергілікті қазақ, қарақалпақ, түркімен халықтарының арғы бабалары қоныстанғанын анықтады. Олар сол халықтар аңызы мен эпосындағы атаулардың өздерінің болжамдарына дәл келетінін ескертті. Мұны, әсіресе, В.М.Жирмунский мен А.Н.Кононовтың соңғы зерттеулері де айқын көрсете алады.

Атырау бойы, Маңғыстау жері де ел жайлаған ежелгі мекендер. Бұл өлкеде жергілікті тұрғындар жасаған ежелгі дәуір мәдениетінің деректері табылып отыр. Сисен-ата, Шопан-ата, т.б. ескерткіштер бұл өлкені жайлаған ұлыстардың да көне мәдениетінен сыр шертеді. Сондықтан болса керек, Шоқан: «Ескі қалалардың қалдықтары мен тастан соққан құрылыстарына және тарихи деректерімен қарасақ, барлық моғолстан жерін ерте кездерде отырықшы, мәдениетті қалың ел қоныстанған екен. Ол елдің сол кездерде жазған кітаптары мен шежірелерінің де болуы ғажап емес. Тек біздің өкінішімізге орай, сол кездерден біздің дәуірге құлаған мұнара, мешіт, үйлерінің қираған жұрттары ғана жеткен»<sup>36</sup> – дейді.

X-XII ғасырларда Қазақстан мен Орта Азияны мекендеген қарлұқ және яғма тайпалары бірігіп, Қарахан мемлекетін құрады. Оларға сол кездегі аса ірі қалалар – Шығыс Түркістандағы Қашқар, Жетісудағы Талас, Алатаудағы Баласағұн, Маураннаһрдегі Самарқан қарады. Астанасы Баласағұн қаласы болды. Бұл кездегі қалалардағы сауда ісі бұрынғыдан анағұрлым ілгері басады. Сонымен бірге рухани мәдениет те өседі. Осы кезде Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұни сияқты әрі ғалым, әрі асқан жазушылар өмір сүреді.

Кейіннен бұл қалалар Шыңғысханның қалың қолының жойқын шабуылына ұшырады. Сонымен бірге жергілікті билеушілердің өзара

<sup>35</sup> Қазақ ССР тарихы. Алматы, 1957. Т.І. 95-6.

<sup>36</sup> Ч.Ч.Валиханов. соч., А., 1961. Т.І. Стр. 447.

қырқыстарында шапқыншылықтан күйзеле береді. Көптеген қалалардың қираған орны ғана қалды. Қазақстан жеріндегі тайпаларға осындай жағдайда өз мәдениетін сақтап қалу үшін күресуге тура келді.

Сөйтіп, моңғол шабуылынан бұрын да, содан кейін де Қазақстан жеріндегі тайпалардың мәдениеті тоқырау мен даму дәуірін алма-кезек бастан кешіріп отырды. Қала мәдениеті біршама қалыптасып, Отырар, Сауран, Сығанак, Жент, Жаркент, Талас сияқты қалаларда әдемі тұрғын үйлер, тамаша ғимараттар, керуен-сарайлар, медреселер, қонақ үйлер салынды. Бұған осы күнге дейін сақталып қалған Сауран мұнарасы, Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауидің мешіті, Алашхан (XV), Жошыхан (XVIII) мазарлары дәлел. Сөз болып отырған кезеңде қала маңында елді қоныстар көркейді: қыстақтарда жүзімдіктер, бау-бақшалар, егістік жерлер өркен жайды су құбыры, керуен сарайлар, қорған қамалдар, күмбезді қақпалары бар бекіністер салынды.

Қазақтың ескі ұлыстарының біразы сол көне заманның өзінде жартылай болса да, отырықшы өмір сүріп келген. Қазақстан өлкесінде қала мәдениетінің бір кезде осылай өркендегенін қазақ ғалымдары 30-жылдардың өзінде-ақ айтқан. Мысалы, қазақ тарихын зерттеушілердің бірі, ғалым С.Д.Асфендияров VI-VIII ғасырлардағы түркі халықтары мәдениетінен біраз мәліметтер береді<sup>37</sup>.

Белгілі тарихшы Л.Н.Гумилев ескі көшпелі түріктер мәдениетін өте жоғары бағалады. Ол көшпенділер басқа елдерден үйренген мәдениетке ғана ие болған, өзіндік ешнәрсе бере алмаған тағы ел емес, керісінше қолтума іргелі мәдениетін жасаған, көркейген ел болған деген пікір айтады. «Көшпенділер мәдениеті, – деп жазады, – құнарсыз, шет қалған варварлық бір нәрсе емес, керісінше өзіндік қалыптасу жолы бар» жоғары мәдениеті болды. Оның ойынша түркі халықтары мәдениеті, кейбіреулер айтқандай, қытай мен Византиядан не соғды мен арабтардан алған келімсек мәдениеті емес, қолтума, өзіндік тарихы бар ескі мәдениеттің бірі<sup>38</sup>. Тарихшы М.Вяткин қазақ туралы бұрын болып келген теріс түсініктерді сынай келіп, қазақ ертеден келе жатқан мәдениеті бар халық деп ескертеді.

Жұмыр жер бетін мекендеген сан халықтар қатарында Қазақстанның кең байтақ аймағын жайлаған ежелгі бабаларымыздың сонау есте жоқ замандардан бері қарайғы жасаған мәдени мұралары, көркемөнер, әдебиет туындылары сан алуан. Олардың бізге жеткен кішкене жұрнақтарының өзі баға жеткісіз мирас.

Қазақ халқының заманалар бойы жасаған материалдық және мәдени байлықтарының ішінде оның әдебиетінің алар үлесі ерекше. Парасатты

<sup>37</sup> Қараңыз: С.Д.Асфендияров. История Казахстана (с древнейших времен). Т.І. Алма-Ата – Москва, 1935, Стр 23-27.

<sup>38</sup> Л.Гумилев. Древние тюрки. М., 1967.



алыс сөз үлгілері: мақал-мәтелдері, шешендік сөздер, ертегілері мен батырлық эпостық, т.б. көркемсөз өрнектері – нағыз халықтық мұра.

Халқымыз санасының ілгері өсуі мәдени жетістіктерге, жаңа табыстарға жетелей түспек. Тарихи дәуірден-дәуірге ілгері басқан ел өнері әрбір кезең талабына сай дамып, ілгерілемек. Қоғамдық сананың даму қарқынына қарай жаңа да жақсы өнер туындылары дүниеге келе бермек.

Адам баласының тарихында ою, өрнек, сурет, жазу мәдениетінің пайда болуы үлкен құбылыс болса, әдебиетінің нағыз шынайы туындыларының туу да халық санасының дамуындағы ілгері басқан бір адым. Ақыл-ойдың кемелдене түсуі жолындағы, көркем туындылардың, бейнелі ойлардың бой көрсетуі қарсаңындағы жарасымдық. Әрине, жазба шығармалардың пайда болуына дейін адам баласы талай дәуірлерді басынан кешті. Әрбір ұрпаққа атадан мирас болып қалған мәдениеттің қоламта ұшқынын үрлеп, оны жалындатқанша күш жұмсады. Алғашқы жазба туындылар да халықтың ауыз әдебиетінің үлгілерінен нәр ала, оның көркемдік жетістіктері игере келе пайда болды.

Түйіндеп айтқанда, әдебиет пен өнердің қай бір саласы болсын жеке-дара өмір сүрмейді. Олардың пайда болуы, дамуы басқа да өнер туындыларымен қарым-қатынаста болады. Мәдениет пен әдебиетке қатысты бұл қағидалар қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихын тану үшін де ортақ заңдылық.



## КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Қазақстан жеріне алғашқы тайпалық мемлекет соңғы үйсіндер дәуірінде (III-VI ғ.) құрылды. Атақты ғалым Абел Ремюзенің пікірінше, үйсіндер Орхон жазуын пайдалана білген. Үйсіндер кейінгі Түркі қағанаты кезінде Орхон жазулары олардың мемлекеттік жазуына айналған. Бұл жазумен түркі қағандары Иранға, Византияға, Қытайға елшілік хат жазып жіберген, өлген адамдардың басына қойған құлпытасқа жоқтау жырларын ойып жазып отырған.

Қазақстандағы жазудың тарихын бір кезде ғалымдар тек ислам дінінің тарауымен ғана байланыстыратын еді. Орхон жазуы ашылған соң кейінгі зерттеушілер бұл пікірді жеткіліксіз деп тапты. Ғалымдардың байқауынша, Орхон жазуын түсіруге тас, түсті металл, былғары, ағаш, сүйек, жібек сияқты нәрселер қолданған<sup>39</sup>. Сөйтіп, біздің жазба мәдениетіміздің түп тамыры халқымыздың өз жерінде туды. Оның негізі – ежелгі ұлыс тайпаларынан алғашқы тайпалық одақ құрылған кезінде қаланған. Тұрмыс мұқтаждығы, ел хандық, не тайпа қажеттері жазудың тууына негізгі себепкер болды.

Жазудың пайда болуы сауда қатынасының дамуына да тығыз байланысты еді. Сауда, айырбас, ақша белгілері мен тауар бағалары да жазуға мұқтаждық туғызды. Ал ел аралық, хандықтар мен мемлекет аралық қарым-қатынас, дипломатиялық істер жазу мұқтаждығын онда әрі арттыра түсті. Тарихтан түркі қағандарының Византия мен Иран мемлекеттерімен VI ғасырда хат жазысып тұрғаны мәлім<sup>40</sup>.

Тегінде Орхон жазуының негізгі түрлері құлпытастарға ойылған жазба түрінде сақталған, әсіресе түркі қағандары Білге қаған, Күлтегін, Тоныккөк (VII-VIII ғасырлар) басына қойған құлпытастарға жазылған кітап деуге де әбден болады.

Орхон жазуының ең ескі үлгісінің бірі – Талас жазулары V-VII ғасырлардың мұрасы<sup>41</sup>. Бұл жазуларды көп зерттеген ғалым С.Е.Малов: Енисей жазулары қазіргі қазақ сөздерінің ертедегі төркіндерін білу үшін де көмек бере алады десе, В.Носиловтың айтуынша: «Түркі тілдерінің сөз тізбектері Орхон-Енисей ескерткіштерінде-ақ қалыптасқан»<sup>42</sup>.

Тілдік құрылысы жағынан ескерткіш жазуы ескі қазақ тіліне мүлде

<sup>39</sup> Қараңыз. С.Е.Малов. памятники древнетюркской письменности. М. – л., 1951, стр. 11-60 және Т.Стеблева «поэзия тюрков» М., 1965 ж. Стр.22.

<sup>40</sup> Қазақ ССР тарихы, I-т., 1967, 110-б.

<sup>41</sup> Талас ескерткіштері туралы С.Е.Маловтың жоғарыда аталған кітабының 74-75 беттері және «Енисейская письменность тюрков» кітабы. М. – Л., 1952, 8-б.

<sup>42</sup> В.Н.Носилов. «Язык орхон-енисейских памятников». М., 1960 ж. Ол арнайы зерттеп осы жазбаларды танытушылар: В.Радлов,





жақын. Сөйлемі мен сөз тіркесі ұғуға жеңіл. «Көрүр көзүм көрмез тег, іблер білгім білмөз тег» (көрер көзім көрместей, білгір ақылым білместей); «Тәңри йарылқауыз» (тәңірі жарылқасын), т.б.

Бұл сөйлемдер түркі тілдес халықтарға түсінікті және құрылысы жағынан көп өзгешелігі жоқ. Қазақтың қазіргі сөйлеу тілінен де алшақ емес. Осыдан болса керек: «Менің түсінігімше, – дейді профессор С.Аманжолов, – қазіргі дулаттар – V–VIII ғасырлардағы ежелгі Орхон-Енисей түркілерінің тікелей ұрпақтары»<sup>43</sup>. С.Аманжоловтың айтуынша, түркі тайпаларының (қазақтың) ордаға, яғни жүздерге бөлінуі, сөйтіп, тайпа одағын құруы өте ерте басталып ұзаққа созылған, VII–XI ғасырлар аралығы түгелдей қамтып жататын ұзақ процесс<sup>44</sup>. Бұл одақтардың кейбірінің өзіндік әдеби тілі, жазуы да болды дей келіп, проф. С.Аманжолов қазақтың ежелгі руларын мысалға келтірді. Олардың ішінде Үйсін, Қаңлы, Керей, Найман, Қыпшақ, Кердері рулары ескі мәдениеті бар ерте құрылған мемлекет сипатындағы ірі рулар, хандықтар еді деп дәлелдейді. Орта Азиядағы түркі халықтары әдебиетін зерттеуші Е.Бертельс те осыған ұқсас пікірлер айтады.

Орта Азия түркі тайпалары руна, ұйғыр әліпбиі негізіндегі таңбалы, ескі жазбаларды қолданған, ал араб әліпбиіне кейінірек көшкен. Араб әліпбиінің кең тарауы ислам дінінің Орта Азия мен Қазақстанға енуі – ұзақ жылдар бойына созылған тарихи құбылыс. Ол әуелі Оңтүстік Қазақстанның кейбір тайпаларына VIII ғасырда, Жетісу, Орталық Қазақстанға X–XI ғасырларда-ақ мешіт, медреселер пайда болады. Одан кейін қазақ ұлыс-тайпаларының балалары сол кездің өзінде-ақ медреседе оқи бастайды. Ол кезде араб мәдениетінің дәрежесі жоғары еді. Араб мәдениетінің Орта Азия халықтарына ықпалы мол болғаны да осыдан.

Демек, Түркі қағанатының кезінен бері қарай сақталып келген әр түрлі жазба ескерткіштердің Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тіл тарихы мен әдебиеті үшін маңызы бар. Жазба ескерткіштерді оқу, аудару, жариялау, зерттеу ісімен шұғылданған В.Томсон, В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, С.Е.Малов сияқты ғалымдар түркі тектес халықтардың мәдениеті тарихында бұл жазбалардың маңызы ерекше екенін ескерткен-ді. Әсіресе, «Күлтегін», «Оғыз нама», «Қорқыт ата кітабы», «Құтадғу білік», «Кодекс Куманикус» «Диуани луғат ат-түрік» кітаптарының маңызын атап өту орынды. Бұлар – қазіргі – көп халықтарға (өзбек, қазақ, ұйғыр, түркімен, т.б.) ортақ әлемдік маңызы бар ескерткіштер.

Аталған ескерткіштерде ауыз әдебиетінің ескі үлгілері көп ұшырайды. Тіпті ертедегі өлең, жыр, ертегі, аңыздар, жоктау, мақал, мәтел жұмбақтар Орхон жазуының өзінде аз кездеспейді. Ауыз әдебиетінің мұндай түрлерінің ертедегі жазба ескерткіштерден орын алуының өзі бір жағынан сол ескерткіштердің әдебиет тарихы үшін қажеттігін ескертсе,

<sup>43</sup> С.А.Аманолов. Вопросы диалектологии и истории казахского языка, Алма-Ата, 1959, стр. 36.

<sup>44</sup> Бұл да сонда

екінші жағынан, әдебиетпен халық өмірінің байланысы тым әріде жатқанын танытады.

Күлтегін мен Білге қаған және Тоныкөк жазбалары. Бұл жазбаларды қазір ғалымдар тарихи дастан ретінде бағалап жүр. Мәселен, Т.Стеблева өзінің 1965 жылы шыққан «Поэзия тюрок» (VI-VIII) деген кітабында осындай ой айтады. Шынында да аталған ескерткіштерде қазақ ұғымына жақын жыр жолдары толып жатыр.

Шешем – қатын, (онон) соңғы аналар,  
Жеңгелерім, келіндерім, ханымдар,  
Тірілерің түгел күндікте болар едіңдер,  
Өліктерің жұртта, жолда жатар ма едіңдер!

Күлтегін жоқ болса,  
Бәрің де өлмекші едіңдер.  
Інім Күлтегін қаза болды.  
Өзім қайғырдым.  
Көрер көзім көрместей,  
Бігір ақылым білместей болды.  
Тағдырды тәңірім жазар,  
Адам баласы бәрі де өлгелі (өлетін болып) туған.

Қазіргі қазақ өлеңдерінде сақталған адамның әр жастағы ісін, қайратын жырлайтын өлең түрін, Күлтегіннің ерлігін сипаттайтын өлең жолдарынан да көреміз. Онда Күлтегіннің жеті жаста әкесі өліп, жетім қалған кезінен бастап, 47 жасқа жетіп өлген күніне дейін не істегені, әр жастағы жетістіктері сатыланып көрсетіледі.

Мысалы:

Әкем қаған өлгенде  
Інім Күлтегін жеті жаста қалды.  
Умас текті шешем – қатынның бағына,  
Он жасында інім Күлтегін ер атағын алды.  
Он алты жасқа келгенде,  
Аға қағанның ел-жұртын молайтты...  
Жиырма бір жасқа келгенде,  
Чача Сеңгумен айқастық...  
Күлтегін жиырма алты жасқа келгенде  
Қырғызға қарсы аттандық...  
Күлтегіннің жиырма жеті жасында  
Қарлық халқымен...  
Тамға шыңында соғыстық.  
Күлтегін отыз жаста еді,  
Аз халқы бізге жау болды,  
Қара көлде соғыстық.  
Күлтегін отыз бір жаста еді,



Алып жалды атын мініп,  
Шабуылға ұмтылды...

Ескерткіш авторы түркі елінде өткен өмірінде оған дамылсыз шабуылдар жасалып тұрғанын, жортуылдарда сан сәтсіздікке – кезігіп, қиыншылыққа ұшыраған кездердің де болғанын жасырмайды.

О, қасиетті Өтүген қойнауының халқы  
Бірлесе ілгері шаптың,  
Бірлесе кері шаптың,  
Барған жерде не пайда таптың.  
Қаның судай ақты,  
Сүйегің таудай болып жатты.  
Бек ұлдарың құл болды,  
Пәк қыздарың күң болды.

Күлтегінің басқа елдерге бағынышты болып, құрып кетуге таянған түркі елдерін біріктіріп, дегеніне жеткізгені. Жұрты үшін қызмет қылып, күні-түні ұйқысын бөліп, ерлік істер көрсеткені мына шумақтардан байқалады.

Тәңірі жарылқады...  
Өлімші халықты тірілттім.  
Жалаңаш халықты,  
Кедей халықты бай еттім.  
Аз халықты көп қылдым.  
Тату етуге жақсылық қылдым,  
Төрт бұрыштағы халықты  
Бәрін бірдей қылдым...

Ескерткіш сөздерінен кейін Күлтегінің әмірі жүріп тұрған кезде оның мемлекетінің мығым болғаны, ол орнатқан тәртіптің берік екені анықталды.

Түркі, оғыз бектері, халқы тыңдандар!  
Биіктен тәңірі баспаса,  
Төменде жер айналмаса,  
Түркі халқы, ел жұртыңды кім қорғайды.

Ескерткіш жазуында түркі қоғамының ерлік күрес дәстүрі үлгі етіледі, кейінгі жастарды ерлікке, бірлікке шақырады.

Күлтегін ескерткіші түркі елінің бір кездегі тарихын танытарлық құнды мұра болуымен қоса, сол халықтың поэзиясынан да мол мәлімет беретін көркем туынды. Оны тасқа ойып жазған Иоллығ Тегін – көне түркі әдебиетінің аты мәлім алғашқы авторы.

Мұнда Күлтегіннің өліміне байланысты жоқтау сөздер беріледі, оның алып күшін, жорықтардағы сан батыл істерін де, тұлпар аттарын бейнелегенде де талай көркем сөздер, нақышты образдар қолданылады. Бұл Күлтегін некрологы сияқты ескерткіштердің соңғы жолдарынан айқын көрінеді. Осы ескерткіштің ырғақты нақыл сөз екенін айта келіп, Л.Гумилев «Түріктер сөз күшін реалды күшке санағанға ұқсайды. Өзінің 2000 жылға созылған тарихында түріктер мифологиялық белден өтіп, образды ой түйіндеуден тарихи реалды ойлауға бірте-бірте өсіп отырғаны байқалады»<sup>45</sup>, – дейді. Бұл пікірлерді зерттеушінің жайдан жай айтпағанына біздің көзіміз осы ескерткішті талдап танығаннан кейін әбден жетті.

«Өлімнен ұят күшті» – мақалы «Тоныкөктің» ескерткішінде жүрсе, Күлтегіннің «Ақ азбаны», «Ақ қарагері», «Меңсіз ақ», «Алып шалшы ақ аты», оның келбетін суреттейтін (арыстан жүрек, ер алып) эпитеттер, балама сөздер осы шығарманың тіл көркемдігінің куәсі сияқты. Оның үстіне бұл сияқты көріністерді қазақ жырларына жат нәрсе деп ешкім айта алмайды. Олай болса, аталған ескерткіштердің оқиғалары да, көркемдік тәсілдері де қазаққа тән құбылыстар және ол әдебиетіміздің ескі негізі болуға құқылы. И.В.Стеблева 1976 ж. «Советская тюркология» журналында (№4) жарияланған өзінің бір мақаласында көне түркі әдебиетінің эстетикалық мәнін зерттеудің мақсат-маңызын атап көрсетеді. Ол көне түркі әлемінің мәдени-тарихи факторларының бірден бір деректі куәсі осы ескерткіштер екенін айтады. Шынында да ескі түркі жазба ескерткіштері (Күлтегіннің кіші және үлкен жазбалары) және Тоныкөк ескерткіші VI-VII ғасырларда дәуірлеген Түркі қағанатының мәдени өміріне тікелей байланысты тарихи, әдеби маңызы зор шығарма.

Күлтегін мен Тоныкөк құлпытастары – VIII ғасырдың орта шендеріне жататын ескерткіш. Одан сол заманда өмір сүрген түркі ұлыстарының дүниетаным түсініктерін, қоғамдық, әлеуметтік нормаларын тануға болады.

Ескерткіштерге тән ерекшеліктер деп мынадай ортақ жайларды айтар едік. Ең алдымен, түркі ұлыстарының өмірінің әр түрлі кезеңдері ұқсас сипатталады. Оларға: ата жолына берік болу, бабалары жасаған ерлік жорықтарды мақтан ету, әрбір келесі жорыққа сәт сапар тілеу тән. Екіншіден, қолбасы батырлар немесе ел билеген қағандар тұлғасын жасауда ұқсас тәсілдер қолданылады. Олардың дүниеге келгеннен бастап, қаған немесе қолбасы болғанға дейінгі өмірі тәңірі тарапынан қолдау тауып отырады. Жауға қарсы соғыстарда ерекше ерлігімен, ақылымен көзге түседі. Күлтегін ескерткіштеріндегі оқиғаның басталуы, өрістеу, аяқталуы Тоныкөк ескерткіштеріндегі оқиға желісіне ұқсас келеді.

<sup>45</sup> Л.Н.Гумилев. Древние тюрки. М., 1967, стр.68.



Күлтегін жорықтарының бәрі бас қаһарманның жеңісімен аяқталып отырады. Мысалы, оның жас шамасы, астындағы мінген атының түсі, тегі суреттеліп, одан кейін ерлік қимылдары, жеңіске жетуі барынша мадақ етіледі. Тоныкөкте де оның тәрбие алып оқығаны, білімді болып өскені осыған ұқсас суреттеледі. Ол дұшпанының айла-амалын күні бұрын сезеді. Ұтымды келіссөз, елшілік істерін жүргізеді. Қауіпті сәттен ақыл-айламен құтылады. Ұлы қағанмен келісіп істі сәтті шешіп отырады.

Күлтегін мінсіз қаһарман ретінде сомдалса, Тоныкөк көреген, ақыл иесі, білімді басшы болып танылады. Оларды аруақтар қолдайды. Аспан тәңірі, қасиетті жер-су, ұмай аруақтары жарылқайды. Көне түркілер түсінігінше аспанда тәңір мекен етеді, жердегі адам тәңірдің басқа салғанын орындайды.

Оқығаның бастан аяқ баяндаудан бас тарту, болған құбылыстарды тәптіштеп айтудан гөрі, оған өз пікірін білдіріп отыру – ескерткіштің негізгі тәсілі. Суреттеу, баяндау тәсілдерінде де дәстүрлі түр, әдіс-амалдары бар. Мысалы, әрбір қағанның ата тегін, өмір жолын, жорықтарын суреттеуде тұрақты, дәстүрлі тәсілдер қолданылады. Білге қағанды бейнелегенде әуелі оның аталары кім болғанын баяндайды. Бумын қаған, Истемис қағандар аты аталады. Бұлардың бәрі елге сүйкімді, білікті басшылар. Бұлардың тұсында түрік қағанаты біртұтас күшті мемлекет болып, әлемге әйгілі жеңімпаз батырлары бар, қайтпас жауынгерлер – ірі әскери қолы бар, гүлденген ел болып саналған. Кейінгі қағандар да ата дәстүрін берік ұстап, жеңімпаз ақылгөй, түркі ұлыстарың камын жеген көсемдер болып көрінеді.

Ескерткіште түркілердің жорық жолдары да көрсетіледі. Түркілер жорықтарының алғы бағыттары – шығыс, арты – батыс, оң жағы – түстік, сол жағы – солтүстік. Күлтегіннің кіші жазуында түркі қағанына дүниенің төрт бұрышы түгел бағынышты делінеді. Олар ұрандағанда, алға – десе, күннің шыққан жеріне дейін, қидандарға қарай, оңға – десе, күн ортасына дейін – табғаштарға қарай, солға – десе, түн ортасына дейін – оғыздарға қарай, кейін десе, күннің батысына дейін – курдтарға қарайтын жерлерді айтқан (Тоныкөк ескерткіші бойынша)

Ескерткіштердің қазіргі түркі тілдері нормасына енген ұғымдар мен жеке сөздерді, эпитет ретіндегі баламаларды көруге болады. Күлтегін жазбасында: жоғарыда – көк аспан, төменде – боз жер деген ұғым бар. «Жоғарыдан көк аспан баспаса, төменде боз жер жарылмаса. Басы барлар басын исін, тізесі барлар тізе бүксін». «Түрік ұлысы үшін түн ұйқы көрмедім, күндіз тыным таппадым», «Азды көп еттім, жоқты бар еттім», «Аш-арықтарды (адам) тойындырдым, арық өгізді семірттім, жіңішкені жуан еттім, жаяуды аттылы, тасты жерді шөпті еттім»... т.б.

Күлтегін ескерткіші – VIII ғасыр туындысы.

Бұл ескерткіштер алғаш рет қазақ жұртшылығына 1960 жылдардың

екінші жартысына аударылып таныстырылды. Ғалымдар Ғ.Айдаров, М.Томанов, А.Аманжолов, Ө.Құрышжанов VI-VIII ғасырлардағы тас жазулары жайында зерттеулер, оқу құралдарын жазды<sup>46</sup>. М.Жолдасбеков Күлтегін мен Тоныкөк есімдеріне байланысты тас жазбаларының аудармасын жасады және зерттеулер жазды<sup>47</sup>. Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент мүшесі проф. Ғ.Мұсабаев, кейінірек А.Аманжолов, т.б. ғалымдар ескерткіштің кіші жазуының поэтикалық аудармасын жасап жариялады<sup>48</sup>. Аталған аудармалар – кейбір кемістіктеріне қарамастан мәдениетіміз тарихында елеулі орны бар шығармалар.

\* \* \*

Қазақстанда жазу мәдениетінің алғашқы белгілерінің пайда болуын тарих ерте кезеңдерге жатқызады. Яғни қазақ біртұтас халық болмай тұрып-ақ тайпалар жазуды білген. Кейіннен жазу мәдениеті елдің қажеті мен хандық биліктің керегіне байланысты дами түседі. Жазудың алғашқы көрінісі – іс қағазы, елшілік қатынас, хандар жарлығы мен хаты, грамоталары, ру, ата-баба шежірелері, діни уағыз, өсиет-нақылдар кітабы, құлпытасқа түсірген жазу өлеңдері.

Орхон-Енисей-Талас тас жазулары арқылы бізге жеткен түркі жазуынан кейін Орта Азияда арамей жазуы негізіндегі тағы бір жаңа жазу пайда болған. Оны IX–X ғасырларда Орта Азиядағы түркі тайпаларына Сириядан қоныс аударған соғдалар таратқан. Қарахан мемлекеті бұл жаңа жазуды араб әліпбимен толықтырып, қолдана бастайды. Бұл – көне түркілердің орта ғасырда қолданған ортақ жазбасы, түркі әдеби тіліне негіз болған жазу. Оны қазіргі ұйғырлардың ғана ескі жазу үлгісі деп түсіну бір жақты болар еді. Себебі «Ұйғыр әліпбиі», «ұйғыр жазуы» өзінің ең ескі таң империясына қараған тұстағы қалпында, сол кездегі Тұрпан ұйғыры атты кіші-гірім ұлыстар қолданған қытай иероглиф негізіндегі жазу емес. Оны қарахандық дәуірінде дамыған қадым түркімен шатыстыру жол емес. Түркілердің ортағасырлық жазуының бірін «шағатай тілді» деп те атайды. Бұлардың екеуі де бір ғана ұйғырдың меншігі емес. Қазіргі көптеген түркі халықтары қолданған ортақ жазбалар. Осыған орай ондай түсініктегілер Махмұд Қашқари сөздігін де «Оғыз нама», «Махаббат нама» ескерткіштерін, Жүсіп Баласағұни дастанын тек бір халыққа – ұйғырларға таңғысы келеді. Тек ұйғырлық құбылыс деуге дейін барып жүр. Орта Азия түркілердің жазу

<sup>46</sup> Қараңыз: Ежелгі мәдениет куәлары. Алматы, 1966. Редакциясын ақ. Ө.Марғұлан басқарған.

<sup>47</sup> Қараңыз: Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы. Алматы, 1967, 26-56-бб.

<sup>48</sup> Қараңыз: Ғ.Мұсабаев. Көне тілдің көрнекті қазынасы «Жұлдыз» журналы, 1968, №8, 158-160-бб.



тарихын зерттеу, олардың мәдени ескерткіштерінің ортақ негіздердің айқындаудың нағыз ғылыми жолын кейінгі түркітанушылар күн санап таныту үстінде. Соңғы жылдары одақ көлемінде жарық көріп жатқан зерттеулер осының айғағы бола алады.

Жазу мәдениетінің орта ғасырлық ерте үлгілерінің бірі – өсиет, нақыл ретінде келетін жазбалар мен атадан балаға қалып отыратын тарихи шежіре кітаптары. Мұнда жазбалар ірі ақсүйектердің киелі мүлкі саналып, ұрпақтарына мирас болып қалып отырған. Осы шындықты академик Ә.Марғұлан өз еңбегінде келтірген деректерінде де растайды. Ол – Жетісу тайпаларындағы жазба әдебиет дәстүрі ерте, VII ғасырда көріне бастады, жұрт қолында әрқашан бірнеше дана тарихи жазбалар болды... Нақыл кітаптарын қалдырып отырды, сөйтіп, әдеби білім үздіксіз жалғаса берді, – дейді.

Жетісу жерінен табылған Тоқтамыс пен Темірдің «Құтанға жарлықтары» да академик В.Радловтың айтуынша ежелгі қазақ руларына таныс болған.

«Араб, парсы, түркі әдеби тілдерін (IX-X ғасыр), – деп жазды Е.Бертельс, – Орта Азияда бөлек-бөлек жасаған жоқ. Олар, керісінше, түркі жүйелі (системалы) тілдерге ортақ біртұтас әдебиет жасады. Олардың тілі ғана үш түрлі болған-ды...». Сонымен, X-XII ғасырлар әдебиетін қарастыру бізге Орта Азия елдерінің бір бөлігінде парсы тілі әдеби тіл, екіншісіне түркі тілі әдеби тіл болғанын, бұлардың шығыс бұтағы қарахандықтар және батыс бұтағы оғыз-қыпшақтар екенін айта келіп, XI ғасырдан бастап түркі тілінің маңызы артады<sup>49</sup> деп көрсетті.

Біз Е.Бертельс пікірін қостай отырып, ертедегі жазба ескерткіштердің бәрі бірдей қазаққа ғана тән туындылар деуден аулақ екенімізді де ескертеміз. Оларды біз орта ғасырдағы түркі тектес халықтарға ортақ мұра деп танымыз. Сол ескерткіштердің жазба мәдениетіміздің ортақ кезіндегі күйін, түпкі төркінін түсінуге көмегі барын ғана айтамыз.

Түркілер жазуының өркендеу жолында, олардың мұсылман дінін қабылдаулары, мұсылман мәдениетіне көшуі үлкен әсер еткен. X-XII ғасырлардан кейінгі түркі жазбалары, барлық сана-сезім дүниедегі ислам діні қағидаларына тікелей байланысты дамиды.

Ғалымдар діни оқу алғаш пайда болған тұсында заманымыздың озбырлық пен тағылыққа қарсы құралы болғанын, адам баласының бірі мен бірі ағайындас дос, тату-тәтті өмір сүру үшін зұлымдыққа ізгілікті қарсы қойып, моральдық уағыздар таратқанын, ал кейін үстем тап қоғам дінді, өздерінің жеке мақсаттары үшін пайдаланып, қанау құралына, надандық торына айналдырғанын әр тұста көрсетіп келгені мәлім.

<sup>49</sup> Е.Бертельс. Литература народов Средней Азии. Журнал «Новый мир». 1939, №7, стр. 264-265.

Аталмыш шындықты әрбір көпке мәлім дін жүйелері мен оның қалыптасу, өсу жолдары айқын танытады. Жер жүзі халықтарына ең көп тараған христиан, будда діндері немесе олардан кейінгі ислам діні өздерінің басынан осындай қалыптасу, даму кезеңдерін өткенді. Олар әрбір тарихи кезеңде қайта қаралып, жаңа жағдайға сай өзгеріп, ескірген ұғымдары алынып тасталып, жаңа уағыздармен толықтырылып отырды. Кейіннен субъективтік идеялары басым рөл атқара бастады. Сөйтіп, дін бертіндеп өзінің ілкі адамгершілік түсініктерінен айрылып, құрғақ схоластикаға, соқыр табынушылық құралына айнала бастады. Бұл жағдай бізде, әсіресе тоталитарлық тәртіп кезінде өріс алды.

Діни оқулардың негізін қалаушы пайғамбарлар мен оны ілгері дамытушылар өз ережелерін сол кездегі адамдардың дүниетаным көзқарастарына сүйене отырып жазған. Олар халық даналықтарын, ой-қиял, сана-сезім жетістіктерін сергек пайдаланған. Фольклорлық табыстар – мифтік, ертегілік образдар, шебер тіркес, шешендік сөз афоризмдер, тосын оқиғалы сюжеттер, асқақ аллегориялар кең қолданылған.

Діни кітаптардың ең ескі түрлерінің өзі осындай қасиеттермен ерекшеленеді. Бұл оның оқушылары мен тыңдаушыларының әсерін күшейтіп, жан дүниесін, сезім жүйесін дүр сілкілтіп билеп алар қуат берген. Оқуға, ұғуға, жаттауға да жеңілдік жасаған. Яғни, жай сөздер жиынтығы болмай, ең әсерлі, қуатты, айшықты сөздермен баяндалып, көркем туынды дәрежесіне көтерілген. Сондықтан болса керек, кейінгі көптеген зерттеулерде әрбір діннің негізі есепті кітаптарды жартылай не түгелдей көркем шығармалар деген қорытындылар ұсынылып жүр. Бұл салада жазылған кітаптар да көп. Христосқа таңылатын «Евангелия» туралы жазған ғалымдардың көбі оны өз заманының көркем туындысы деп санайды. Сондай-ақ көптеген Еуропа араб танушылары Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардан қалған «Құранға» да осылайша баға береді. Мысалы үшін ағылшын араб танушысы Гиббтің «Арабтың классикалық әдебиеті» деген (М., 1958) кітабын атауға болар еді. Ол «Құранды» тек дін кітабы ғана емес, соған қоса, тарих, этнография, фольклор, философия, жағрапия, экология салаларын қамтитын өз дәуірінің ең көркем туындысы деп атайды.

Ал, Иран әдебиет тарихын зерттеуші И.С.Брагинский парсы халықтарының көне әдебиеті деп, олардың алғашқы діни кітаптарын талдайды. Ғалым біздің жыл санауымызға дейін жүйеленген «Авеста» дін кітабының 17 аяты – йасындары (бөлімдері) түгел дерлік өлең өлшеміндегі көркем сөз ең ескі жазба әдебиетінің туындылары екенін анықтаған. Авеста аяттарын Заратуштре (Зороастр) пайғамбар жазған. Оның мазмұны – өз кезінің адамдарын зұлымдыққа қарсы ізгілік





жолында тәрбиелейтін шешен новелла, асқақ эпос, жан-жүйенді толқытар нәзік лирикаға толы.

Бұл кітапта табиғат, жан-жануар тршілігі, жер мен аспан иелігі, адам мен жаратушы арақатынасы туралы аңыздар, арнайы болжамдар берілген. Адам жаратушының ең сүйікті құлы екенін, оның бойындағы мүмкіншіліктер – ақыл-ойы, өсуі, өзгеруі, еңбектенуі, табысқа жетуі т.б. жайлары табиғи болмыста жырланады. Мұнда әділ патша билігін аңсау, жақсы өмір, тату-тәтті қарым-қатынас орнату, ақылмен адал іс қылып, өз еңбегімен күн көру, барлар жоқ-жітікке қарасып қайырымдылық көрсетсе деген сияқты ізгі пікірлер жинақталған. Діни мифтердің қаһармандары көбіне әулие, әмбие, пірлері қолданған ерекше күш иелері, сол сияқты періште, шайтан, жауыздық пен ізгілікті рухтар. Олардың адам мен жаратушы арасындағы әрекеттері...

Сонымен ғалымдардың пікірінше «Авеста» діни уағыз ғана емес, халықтың мифология, моральдық философиясы көркем сөз жинағы да екен. Бір кезде Гегель, Авеста дін уағыздарының маңызын көрсете келіп, оның қарама-қарсы екі күшті – зұлымдық пен ізгілік арасындағы келіспес күресті көрсетуін жоғары бағалаған. Ал Гете өзінің «Западно-восточный диван кітабында Авестаның поэтикасын терең танытады. Адамзат дүниетанымы тарихында ерекше рөл атқарған құдіретті шығарма деген ой айтады. «Жарық» пен «Қараңғылық», «Зұлымдық» пен «Ізгіліктің» мәңгі күресте келе жатқанын, бұл күрестің еш үзілмейтіндігін дәлелдеп берген ең алғашқы туынды екенін атап көрсетеді.

Ізгілікті әділет жолдарын, адамгершілік пікірлерді жүйелеп, бұлардың озбырлық атаулыны жеңетіндігіне сендіруге күш салған, адам баласының өсу жолында оның өз күшіне сеніммен қарауына жол ашқан жарқын пікірлер болды. Аталмыш ізгі пікірлерді іске асыру үшін адам баласының ғасырлар бойғы күрестері оны жеңіске жеткізіп, талай өрлеу, өсу кезеңдерін бастан кешуге душар етті.

Діни мифтердің образдары да өзгереді. Олар аждаһа, шайтандарды жеңетін алып ел, отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтын көзсіз алып батыр – ізгілікті жақтаушылар, мінсіз бейнелер, әділет күрескерлері болады. Көне діни әдебиеттің кейбір новеллаларында қозғалатын тарихи сюжеттер (тарихи адамдар жорықтарына байланысты), мифологиялық қаһармандар жорықтарын (жеті қабат жер асты тұңғыық теңіз түбі патшалықтарына) баяндау, алты қат аспан дүниесін Алланың рақымына ие болып жұмақтың жаннатында жан рақатын тапқан күнәсіздер, т.б. ғажайып оқиғалар келешек керегіне, шығармашылық ойдың өсуіне жағдай жасайды.

Түр, форма жағынан да діни әдебиеттің кейін дамыған жазба әдебиетке ықпалы тиеді. Фольклорда қалыптасқан формаларды діни

әдебиет шығармаларының да қабылдағаны мәлім. Олар халықтық сатираны, мысқылды, дидактикалық стильді қалыптастырады. Ерлік аңыздардан дін үшін күрескерлер бейнесін жасау ниетіндегі дастандар пайда болды. Жеке «әулие» адамдарды мақтау арқылы мадақ жырлары, әулие-әмбиелердің қазасына байланысты жоқтау жырлары, т.б. дамыды. Әулие де адам болғасын, оның өмірін де сүю, күйеу дегендер болмай қалмайды. Сондықтан поэзияға махаббат лирикалары да келмекші. Алып батыр, қаһарлы хан, аяулы ару – бәрі де сүйіктісімен кезігіп, өмір қажетін өтейді. Адам ата Хауанадан басталатын екі жыныс көркем шығарма атаулыға жан бітіріп, көрік беріп отырады. Адамның іс-әрекеттерін әулие-әмбие, тіпті Алла тағаланың бойына да таңған пайғамбар авторлар діни еңбектерінде табиғатты, хайуанаттар дүниесін де аттап өтпейді.

Аңыз, ертегі мифтер – халық шығармашылығының байырғы жанрлары. Оның қаһармандары халықтың ең күшті поэтикасы арқылы бейнеленеді. Әрбір алып ер, мифтік қаһармандар, мінсіз бейнелер поэтикалық тілдің ең шұрайлы үлгілері арқылы суреттеліп, халықтық тілдің дамуына жағдай жасады. Сөз болып отырған діни кітаптар да өзінің поэтикасымен кейінгі көркем әдебиетке әсерін тигізеді.

Діни әдебиеттерде баяндалатын ұлы армандар – мифтік әлемге тән, ешкімнің қол жетпейтін утопия. Мифтік өмір мен халықтың ақиқат тұрмысының арасы жер мен көктей алшақ. Дін кітаптары уағыздайтын ізгілік атаулының бәрі орындалмас қиял екенін де қалың жұрт санасы өсе келе түсуіне бастайды. Жұртшылық пікірі ақиқат өмір мен күнделікті тұрмыс тәжірибесіне сүйенеді. Адамгершіл идеялар тұйыққа тіреліп, әдебиетте сенімсіздік – пессимизм идеясы көріне бастайды.

Жоғарыда баяндалған «Авеста» қағидаларына, Иранның көне әдебиетінің дамуына тән сипаттар басқа да шығыс халықтары поэзиясының қалыптасу заңдылықтарына ортақ. Бұл орайда Орта Азия түркілерінің діни мистикалық әдебиет өкілдері шығармаларындағы кейбір сарындар негізін танып, дұрыс бағасын беруде жоғарыдағы жайларды ескеру қажет. Әсіресе, IX–XII ғасырлардағы көне әдеби ескерткіштердегі кейбір діни мотивтердің түп-тамырын айқындау үшін мұның маңызы ерекше демекпіз.


Өмірде бірі мен бірі байланыссыз жаралған ешнәрсе жоқ екенін ескерттік. Өнер саласындағы даму заңдылықтары да осындай, өйткені өткені мен жаңасы жалғаса, бірі мен екіншісі ұштасып, өседі, өзгереді, дамиды. Кейін біз сөз етіп талдағалы отырған орта ғасыр ескерткіштеріне тән құбылыстардың кейбір халық шығармашылығындағы сюжет пен көркемдік әдіс-тәсілдеріне сүйенеді, ілкі әдеби туындыларын ілгері жетілдіруге күш салады. Заман ұсынған әлемдік табыстарды игереді. Оны өз халқының игілігіне айналдырады. Елдер, халықтар арасындағы



әр түрлі қарым-қатынас олардың жан-жақты дамуына, әсерлі болуына, байланыстар жүйесіне негіз жасайды. Өнер-білім атаулының дамуына да ықпалы болады.

XII ғасырларда әдебиет пен білім әр түрлі салада өркендеді. Әдебиет, тіл, астрономия, арифметика, тарих және басқа ғылым өнер-білім салаларының осы кездегі туындылары – бұған айғақ. Мысалы, орта ғасырларда Мұхамед ибн Муса әл-Хорезми, Әбунасыр әл-Фараби, Ибн Сина, Әбу Райхан әл-Бируни және басқа көптеген жан-жақты білімдар ғалымдар шыққан. «Китоб-маориф», «Китоб-үш-Шеһр» еңбектерімен мәлім болған Абдулла ибн Мусалим Марвази, «Зайнул ахборымен» аты шыққан Әбусаид, көп томды кітап авторы Әбульфазыл Байхаки, «Бұхара тарихын» жазған Наршахи, «Түркістан мемлекетінің тарихын» берген Мажиддин Мухамед сияқты тарихшылардың да осы тұсы даңқы тарап, мәлім болған.

Қазақ мәдениетінің тарихы үшін, әсіресе, «Қорқыт ата кітабы» мен Әбу Насыр әл-Фарабидің орны бөлек. Бұл сияқты оғыз-қыпшақ мәдениетінің өрлеу дәуірінің тамаша куәларын жалпы шығыс ренессансы кемеңгерлеріне ұштастыра қарастыру орынды. Әсіресе, Жүсіп Баласағұни мен Махмұд Қашқари есімдері әл-Фарабиді жалғастырып жатқан тарихи тұлғалар. Аталмыш авторлардың жазба мәдениетіміздің дамуына қосқан үлестері де орасан.



## «ДИУАНИ ЛУҒАТ АТ-ТҮРІК» - КӨНЕ ТҮРКІ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТҰҒЫШ ЖИНАҒЫ

«Диуани лұғат ат-түрік» атты түркі тілді елдердің әйгілі кітабының авторы Махмұд ибн әл-Хусайн ибн Мухаммед әл-Қашқари – Орта Азияның түркі тайпаларынан шыққан орта ғасыр ғалымы. Қысқаша Махмұд Қашқари. Махмұттың ата мекені – қазіргі Қазақстан жері. Ол Барысқан қаласында 1029-30 жылдары (Ыстықкөлдің оңтүстік жағында болған қала) туып, Қашқарда қызмет еткен, өз заманының білімді, алдыңғы қатарлы филологы, араб, парсы мәдениетіне жетік, білгір лингвист. Бағдат оқымыстылары үлгісінде түркі тілінің алғаш сөздігін, грамматикасын жасауға бел буған ғұлама болған. Мысалы, ол Халил бин Ахмедтің «Китаб ул-айны» еңбегін үлгі тұтады. Басқа да араб, парсы авторларының филологиялық зерттеулерін жете игереді. Ол – түркі тілдес халықтардан шыққан тұңғыш филолог, түркі тілдес елдердің көлемді сөздігін жасаушы, көшпенді түркі ұлыстарының тұрмысы мен әдебиеті үлгілерін жинап, қағазға түсіруші.

Аталған кітаптың түпнұсқасы бізге жетпеген. Барлық түркологтардың зерттеп, пікір айтып жүрген 1266 жылғы көшірме нұсқасы. Оны Дамаск (Шам) қаласында тұратын Мұхаммед ибн Ебилфетих көшірген. Ал, «Диуанның» түп нұсқасын Махмұд Қашқари 1072-1074 жылдар арасында Бағдат қаласында құрастырып, жазу жұмысын аяқтаған. Автордың ескертуі бойынша, бұл сөздікті ол өмір бойы жазған: «Мәңгілік еңбек, сарқылмас әдеби-көркем мұра жасадым», – деп өзі де ескерткен. М.Қашқаридың «Түркі тілдерінің сөздігі» туралы алғаш хабарлар ерте кезден-ақ мәлім болса да, оны зерттеу ісі Еуропада тек XX ғасырда ғана тиянақты қолға алынған... Ілкі назараударушы Абу Хайян «Андалузиялық» деген XIV ғасырда жасаған тіл зерттеуші ғалым, М.Қашқари сөздігінің түпкілікті зерттелуі үшін 1915-1917 жылдары Анкара қаласында үш том болып басылып шығуының маңызын атап көрсетуге лайық. Түріктің ірі оқымыстысы Басим Аталай 1914 жылы «Диуанның» негізгі нұсқасын бір үлкен кітап етіп бастырады, кейін 1934-1943 жылдары үш томдық аудармасын жасады. 1960-1970 жылдардағы өзбек аудармасы осы Басым Аталайдың аударма нұсқасынан алынды. Рифат пен К.Броккельмандар да «Диуанды» үзік-жұлып бастырып жүрді. Қазір «Диуанның» түркі тілдес елдерінің бәріне түгел ортақ мұра екендігі ешкімді күмандандырмайды. Кейін бөлініп, өз алдына ұлт болып қалыптасып кеткен түркі тілді елдер бұл мұрадан бір кездегі тайпа дәрежесінде жүрген кезінде жасалған өздерінің ескі тілдік, әдебиеттік нұсқаларын табады. Осы күнгі жетілген мәдениеттің түп тамырын айқындайды.

«Диуан» – түркі тілдерінің салыстырмалы лұғаты, соған қоса алғашқы



тілдік филологиялық зерттеу, онда түркі елдерінің тілдері тұңғыш рет ғылыми жүйеге түседі. Жеке сөздердің маңызы мен этимологиясы түсіндіріледі. Келтіріліп отырған сөздердің қай ұлыстың тіліне тән, қай тіл жүйесіне жатуға тиіс екені көрсетіледі. Қыпшақша деген белгісі бар сөздердің көбі қазіргі қазақ тілі қорында, оғызша дегені – түрікмен тілінде бар сөздер болып шығулары да таңдандырмаса керек. Себебі, ескі оғыз тілі көбінше қазіргі түрікмендердің, ескі қыпшақ тілі – көбінше қазақ тілінің негіздерін құраған ғой. Олай болса, «Диуан» фактілері біздің және түркі елдерінің тіл тарихын танытуға септігі мол еңбек.

Махмұд «Диуанының» ғылыми маңызын қазақтың зиялы азаматтары бірден-ақ көре білген. Мысалы, Халел Досмұхамедов Түркиядан алғаш басылымын (1914-1918) алдырып оқып, оған ерекше мән берген. Шығармаларға алғыс айтып, өзінің қуанышын жасырмаған. «... Түрік ұлты әрбір түп (том) шыққан сайын пайдаланып, әдебиеті, тарихы туралы көп жаңа білімдерді, сөздерді майданға шығарыпты. «Түрік азаматтарының білімге, түрік ұлтының тілі мен әдебиетіне мұндай назар салғандықтарына қуанышымыз қойнымызға сыймай отыр», – деген. Халелдің қуанышы өте орынды еді. Ең алдымен ол қазақ халқының тарихы, тіл әдебиеті үшін де өте зәру еңбек екенін бірден таныған. Оған өзінің қолы жеткенін, оқуға мүмкіншілік алғанын ризашылықпен хабарлаған. «Диуанның» әрбір томы туралы өзінің сыни пікірлерінде жасырмай, кітаптың шығуына арнап көлемді мақала жазған. Махмұд «Диуанының» Баласағұн, Фараби еңбектерімен аталастық байланыстары барын көре білген.

Қашқаридың «Диуанын» өзбек тіліне аударып бастырушы филология ғылымының докторы С.Муталлибов Махмұдты «Орта Азия халықтарының атақты перзенті, түркология ғылымының тұңғыш ұстазы, оның негізін салушысы»<sup>50</sup> деп орынды бағалайды. Қалың үш томдық сөздік қалдырған Махмұд еңбегін осылайша жоғары бағаламауға болмас та еді. Қазақ тілінің тарихын, ескі сөздік қорын тану үшін де маңызы зор еңбек біздің мәдениетіміз тарихынан да өзінше лайықты орнын табады.

Тағы бір айта кететін жай, бұл кітапты тек сөздік деп қана ұғу жеткіліксіз. «Диуани» – сөздік қана емес, ол сонымен бірге ХІ ғасырдағы Орта Азия тайпалары жайлаған өлке халықтарының тарихы мен ол халықтардың әдебиеті үлгілерінен көптеген мәлімет берелік маңызды дерек, тұңғыш әдеби жинақ. Әсіресе, мұнда халық ауыз әдебиетінің алатын орны өзгеше. «Диуанда» халықтың мәтел сөздері барынша мол қамтылған және олардың көбі қазір қолданылып жүрген сөздер. Қазіргі қазақ мақалдарының төркінін, қолданылған түрлерін тану үшін Махмұд сөздігінің маңызы зор. Мысалы, «Еңбек етсең емерсің», «Тас бас жарар, еңбек тас жарар», «Жаз еңбек етсең, қыс қуанарсың», «Егін айдаудағы

<sup>50</sup> М.Қашқари. Түркі сузләр девони, 1-том, Ташкент, 1970, 15-б.

бірлік астық орғанда бұзылмас», «Күз болары көктемнен мәлім» деген мақалдардан сол кездегі халықтың егіншілік кәсібі, соған сай талап-тілектері байқалады.

«Диірменде туған тышқан тарсылдан қорықпас», «Киіз жамылған су болмас», «Басқаға ор қазба, оған өзің түсесің», «Атқан оқ кері қайтпас», «Атын аямаған жаяу қалар», «Түйеге мінген қой ішінде жасырына алмас» деген мақалдардан өнегелі пікірлерді көреміз. Онда тұрмысқа байланысты нақыл сөздер де беріледі. Халықтың осындай нақыл сөздері «Диуанда» өте көп кездеседі. Мысалы, «Құдыққа құлан құлап түссе, құрбақа ағур болар», «Бөрі, қосшысын жемес», «Көрікті кісіге сөз ерер», «Ақылмен арыстан ұстауға болады, ал күшпен тышқан да ұстай алмайсың», «Бір түлкіден екі тері сойып болмас», «Тау таумен қауышмас, адам адаммен әрқашан қауышар», «Білімді болғың келсе, дананың айтқанын тыңда», «Бейнет түбі рақат», «Түйенің үлкені көпірде таяқ жейді», «Айтылған сөз – атылған оқ», тағы сол сияқтылар.

Махмұдтың өзі «Диуан» мазмұны туралы былай дейді: «Түркі ұлыстарының ерте дәуірден бергі бастарынан кешкендерін сараптап, атадан балаға мирас болып келген, зер шеккен әдемі сөз өрнектерін теріп шықтым. Өмір көріністерін жақсы баяндайтын өлең-жырларын, шаттық қуанышы мен қасірет-қайғысын қамтитын терең ойлы мақал нақылдарынан үлгі ұсындым. Оқыған адамдар бұл меруерт сөздерді пайдаланып, өзінен кейінгі ұрпаққа мирас етер деп үміттендім. Міне, осылайша лұғат кітабым атадан балаға ел қазынасын жеткізер қымбат мұра болып мәңгі сақталар деген зор үмітпен ұзақ сапарға аттандырдым».

Дала табиғаты, жазғы жайдары өмір, көктемгі жан-жануардың рақаты әсем суреттер арқылы баяндалады. Кейде өлеңдер арқылы беріледі. Бұл өлеңдердің автор қыпшақтар сөзі деп ашық айтады. Махмұд сөздігінде жергілікті көшпелі халықтар өлеңі өте көп кездеседі.

Шынында да Махмұд сөздігі әдебиет материалдарына өте бай. Онда халықтың даналық сөздері жинақталған. Ақылды, білімді, ойлы, мейірімді болуға үндейтін тәлім сөздер көп.

Бұл сөздердің көпшілігінің маңызы әлі жойылған жоқ. Әдебиет тілінің ескі үлгілерін танытатын деректерді де біз осы Махмұд сөздігінен табамыз. Ол түсінуге ауыр сөздердің маңызы, жанама түсінігі, шығу тарихы, басқа тілдермен байланысы, көптеген тайпалардың сөз қолданыстары, өзгерістері сияқты күрделі мәселелерді шешуге де көмектеседі. Сондықтан, Махмұд сөздігін XI ғасырдағы ескі түркі тілі жайын білгізіп қана қоятын еңбек демей, сонымен қатар оған дейінгі және одан кейінгі дәуірлердегі тіл өзгерістерін, әдеби тілдің жайын, тарихын танытатын бағалы еңбек деп білген жөн.

Махмұд сөздігінің жазба мәдениетіміздің өсуіне қосқан үлесі зор. Оны Орта Азиядағы түркі тайпалары ұзақ жылдар бойына қолданып келді. Сол кездегі оқыған білімді қауым бұл кітапты жақсы білген болуы



керек. Осы сөздік арқылы араб сөздерін аударып, түсінуге де мүмкіндік туған.

Махмұд сөздігінің кейбір беттерінде түрлі аңыздар да орын алды. Мысалы, сөздіктегі бір аңызда Уыз (Оғыз) ханның аты қалай қойылғаны туралы дерек беріледі. Аңыз желісі мынадай: Қараханның әйелі ұл туады, бірақ баласы анасын ембейді. Баласы бір жасқа толысымен, хан ел-жұртын жиып, той жасайды. Баласына ат қоюды сұрайды. Ешкім тіл қатпай тұрғанда жас нәрестенің өзі сөйлейді. Менің атымды «Уыз» қой дейді. Бір жасар баланың сөйлегеніне таңданып, жиылған жұрт бала тілегін қабылдайды мыс. Осыдан Уыз хан тұқымы өсіпті... деп түсіндіріледі. Осындай эпостық жырларға тән сюжет қазақ ауыз әдебиетінде де кездеседі. Қазақ жырларының кейбір қаһармандары да туысымен сөйлейді, емшек ембейді, ет жемейді.

Махмұдтың ойынша түркілер тәңірдің сүйікті құлы, оларды тәңірі жебеп, басқалардан артық қадірлейді. Ол былай деп жазады: – «Мен, тіршіліктің таксіретін тартып, тәңірдің өзі түркілер жеріне қоныстандырған, гүлденген мемлекетін, өмірін, өркендеген жұртын көрдім. Тәңір оларды түркі елі деп атап, ғажайып сән-салтанатқа қожа қылды. Кезеңіміздегі қағандарды солардан таңдап, басшылық еркін солардың қолына тұтқызды. Күресте олар көмектескендерге бек құрмет көрсетті...». – «Ұлы тәңір былай депті: «Менің бір тайпа қосын жасағым бар. Оларды мен түркілер деп атадым. Күн шығыстан мекен бердім. Өзімнің қосын жасағым болғасын оларды мен керек жерлерге аттандырып, басқа бұзық елдерді тыныштандыруға жұмсаймын...». – «Түркі халық, – деп жазады Махмұд, – өзгеше қасиетті ел. Олар шырайлы, сымбатты, өндері ұнамды, ашық мінез, үлкендерді қадірлейтін әдепті, кішіпейіл, уәдешіл, жарқын жүзді жомарт жандар».

Сөздікте кездесетін кейбір өлең үзінділерде қазақтың жер су аттары нақ қазіргі күйінде аталады. Мысалы:

Етил суву турур – Еділдің, суы ағады.

Қайа түрі қақа турур – Қай шындарға ұрады?

Балук тәлим бақа тұрұр – Балығы толы көрініп тұрар.

Көлүн тақы күшерур – Көлдер толып күшейер<sup>51</sup>.

Бұлардан басқа үзінділерді де көптеп келтіруге болады. Іле, Ертіс, Мыңылық, т.б. атаулар қазақ жер, суларының аты екені ешкімді таңдандырмайды. Жоғарыда келтірілген өлең жолдары кездейсоқ нәрсе емес. Диуанда түркілердің өлең үлгілері біршама бар.

М.Қашқари еңбегін соңғы кезге дейін зерттеушілер тек сөздік деп

<sup>51</sup> М.Қашқари. Түрки сузләр девони, 1-т., Ташкент. 1970.



қарап келді. Бұл бір жақты баға. Ол тек сөздік қана емес, соған қоса әдеби мәні бар шығарма. Онда түркі елінің ауыз әдебиет үлгілері, эпос жырлары барынша мол жинақталған. «Махмұд Қашқаридың «Түрік тілдері диуаны» – халық сөздерінің (өлеңдерінің) мол қоймасы... Онда үш жүзге тарта халық өлеңдерінің төрт жолды шумағы, көптеген мақал, мәтелдер бар. Бұларда автор араб тіліне дәлме-дәл аударған, кейбірін кеңінен түсіндірген»<sup>52</sup> деп С.Е.Малов әлдеқашан орынды ескерткен еді.

«Диуанды» құрастырғанда автор тек жеке сөздерді жиып, жіктеп қоймай, оған көркем шығармаларды да пайдаланғанын айтады: «Диуанда» мақал-мәтел, даналық нақылдар және кейбір дастан-киссалардың үлгілері де тәртіппен құрастырылған, – дейді. Бұдан кейін автор өзінің негізгі мақсаттарын да ескерткен: «Жұртшылық қажетін ескеріп, кітабымды бұрын ешкім қолданбаған әдіспен, мүлде жаңаша жіктеп, өзімше құрастырдым», – дей келіп, ол: – «Мақсатым – талапты жас ізденімпаздарға дәл бағыт-бағдар сілтеп, ілім-білім болашағына барынша мол көмектесу. Пікірлестерімді толық риза еткендей, керегіне жауап беру», – дейді.

Кітабының маңыз-мақсатын автор осылайша өз аузынан дәлме-дәл түсіндірген. Асылы, бұл пікірлері өте орынды. Артық, кемі жоқ сөздер. Сұңғыла ғұлама өзінің кім үшін, не істеп қалдырғанын, не үшін тер төгіп, азап шеккенін, өкінішсіз-ақ ескерткен. Асылы Махмұд түркі елінің патриот оқымыстысы, өз кезінің ірі қоғам қайраткері болған адам. Ол түркілердің өзін де, тілін де салтын да қастерлей біледі: «... Түркілер өз еркімен беріліп қосылған жат ұлыстарды тілектесі танып, орталарына алды. Қорлау-зорлаушылардан қорғады. Өздерінің әдет-салттарына көндірді. Ішкі жауларынан қашып келгендерді де түркілер қамқорлықтарына ала білді. Осылайша елін өсірді. Қасірет мұңын түсіндіріп, шағыну үшін түркілерге өз тілінде сөйлеуден артық жосық болмақ емес. Сол себепті түркі тілін үйренудің қажеттігін өмір талабы мен ақыл таразысы дәлелдеді...» «Мен сол түркілердің ділмәр шешені, зор қабілет иесі, жетік білімді, зерек ойлы адамы және ұрыстарына қатысқан қыран найзагері бола жүріп, олардың қала, далаларын түгел аралап шықтым. Түрік, түрікпен, оғыз яғма, чігіл, қырғыздардың тілін, сөйлеу тәсілдерін зерттеп қажеттісін пайдаландым. Әрқайсысының тілі менің санама әбден сіңіп қалыптасты. Сол білімдерді мұқият игеріп, біліп, тәртіпке салып шықтым. Ақырында мәңгілік мұра, сарқылмас әдеби-көркем қазына болып қаларлық кітап жаздым. Оған «Дуани лұғат-ат түрк» деп ат қойдым.

Көне мекен-жай, түркі ұлыстарының қоныстары, тайпа, бірлестіктері, тілі, әдебиеті, мәдениеті жайлы мынадай мәлімет береді. «Рум өлкесінен

<sup>52</sup> С.Е.Малов «Памятники древне-тюркской письменности». М.-Л., 1951, стр. 305.





Мачинға дейін орналасқан түркі елдерінің ұзындығы бес мың, ені үш мың, барлығы сегіз мың персех (бір персех – 6,24 шақырым). Олардың мекен-жайын анықтап беру үшін жер жүзінің бедерлі картасын анықтап көрсеттім». Түркі тайпаларының қолданатын тілдеріне де түсініктер беріп, оларды топтап танытады. «Түркі тілінің ең жеңілі – оғыз тілі. Анығырағы – тохси мен яғма тілдері. Іле, Ертіс, Еділ, Ямар өзендері өңірлерінен ұйғыр тайпаларына дейін жасайтын халықтардың тілдері де сондай. Ең ауыр тіл – хақанияның орталық өлкесіндегі халықтардың тілдері... Қырғыз, қыпшақ, оғыз, тохси, яғма, чігіл, ұғрақ, чарұқ тайпаларының тілі – түркі тілі, қай, ябақу, татар, басмыл, имек, башқұрт, бұлғар, суар, печенек ұқсас түркі тілдер», – дейді автор.

Махмұд Қашқаридың келтірілген пікірлері, оның кең тынысты ғажайып ғалым екендігін әбден танытады. Өзі туып өскен түркілер елін жете біліп қоймай, сол халыққа деген өзінің ерекше ықылас-ниетін де ашық айтады. Ғалым сол түркілер үшін аянбай еңбек етіп келгенін және солардан әлі де жанын аямайтынын білдіреді.

«Диуани лұғат ат-түрік» түркі тілдеріне де аударыла бастады. Өзбек тілінде үш том болып басылып шығуы жаңалық болды. Орта Азиядағы түркі тілдес халықтар ғалымдарының, әсіресе, оның жас буындарының қолдарын ұзартты. «Диуанның» қазіргі графикада мол дана болып басылуына байланысты, оның ішіндегі әдебиетшілер көпшілігіне беймәлім болып келген сырлар да ашылды. «Диуанды» біз сол кезден бастап, тек сөздік деп қана қарамай, оны, белгілі дәрежеде, көркем сөз жинағы, өлең, жыр, нақылдар мен мақал-мәтелдер қоймасы деп тани бастадық. Әдебиетіміздің тарихына қажет бағалы материалдарды ғасырлар бойына сақтап келген «Диуан» әдеби мүлік ретінде де бағасына ие болды. Көне әдебиет үлгілерінің қазақ және басқа түркі елдер әдебиетіне жанасымы ашыла бастады. XI ғасырдағы көшпелі түркі тайпасы номандарының эпикалық туындылары сыр шертті.

«Диуандағы» көркем туындыларды зерттеу үстінде біз бұл шығармалардың өзінше бөлек дара нәрселер емес, өзіне дейінгі және кейінгі шығармалар мен сюжеттерге, өлең өрнектеріне іштей байланысы бар екенін анықтай бастадық. Ең алдымен, «Диуандағы» өсиет, бата, мақал-мәтел мен шешендік үлгілері қазіргі кездің өзінде көп өзгеріссіз қолданылып келе жатқаны мәлім. Ал «Диуандағы» өлең-жырлар түркі елінің ең көне ортақ мұрасы Орхон-Енисей-Талас жазуындағы «Күлтегін» ескерткіштерімен де жалғасып, өзіндік тілі, өлең құрылысы жағынан «Құтадғу білік», «Хикмет» сияқты тұтас туындыларға ұштасып, қазақ ауыз әдебиеті үлгілеріне ұқсасып келетіні ойландырар жайлар. Ондағы көптеген ғашықтық лирикалар да қызықтырар дерек.

И.В.Стеблеваның «Развитие тюркских поэтических форм в XI

веке» (М., 1971) атты кітабында «Диуандағы» өлеңдердің поэтикалық формалары ұқыпты зерттелді.

«Диуандағы» өлеңдердің үлкен бір тобы өзара өзектесіп, өзінше бөлек тұтас бір шығарманың мазмұнын беріп жатқандықтан, оны түркі елінің ерлік күрестерін баяндайтын қаһармандық көне жырлардың бірінен санау орынды. Бұл пікірдің дұрыстығын жоғарыда аталған И.В.Стеблеваның зерттеулері де анықтап отыр. «Диуан» жыры (эпосқа қосылатындары) біздіңше, көне түркі ұлыстарының ерлік жорықтарда көптеген жеңістерге ие болғандықтарын мақтан етеді. Шығарма мазмұнында жеке адамдарды немесе батыр, хандарды дәріптеуден гөрі жалпы халық күшін немесе белгісіз батыр тұлғасын дәріптеу басым. Эпоста түркілердің бірнеше жорықтары жырланады. Алғашқы тарауда танғұттарға қарсы күрестері, сондағы Қатұнсини мен лирикалық кейіпкердің ерліктері баяндалады. Танғұттардың алдауға дейін барып, Қатұнсиниді жарақаттанғанын сөйтсе де сазайларын тартып, бас иуге, тізе бүгуге мәжбүр болғандарын айтады. Лирикалық кейіпкер жауларына мейірімділік көрсетіп, оларды қырып-жоймай, сый-сияпаттарын қабылдап тірі қалдырады. Жыр сөзінен бір мысал келтіре кетейік (сөзбе-сөз аударма жасаған автор).

Тәлім башлар йуваладымат – Тәмәм бастар жоғалды,  
Иағы андын йавалдумат – Жау осылай жеңілді.  
Күші авын көңілді авын көңілдімэт – Күші оның қалмады.  
Кұлыш қанға күфүен сүвдү – Қылыш қанға күп болды.

«Диуан» жырының екінші тарауы – ұйғырлармен күресті жырлайды. Ұрыстың болған жері, ұйғырлардың діни-сенімдері де әңгіме болады. Түркі қолы Іле өзенінен өтіп, Мыңлақ елін басып алады. Ондағы будда храмын қиратып, сол діннің идолдарын – тас мүсінді әулиелерін тәрк етеді. Тұтқиылдан түнде шауып, қалаларын қамағандарын айтады. Осы сапарда Оғрақ татарлармен де соғысып жеңгендерін мақтан етеді. Өздерінің батырлықтарына сүйсінеді. Түркі елінің қолы тасқын судай ағып, құстай ұшып, қара жерді шандатып, қандатып желдей есті» деген сөздермен бейнеленеді. Олардың жауға қарсы күресте талай тактикалар қолданғандарын да білдіреді.

Кұдрық қатуғ түғдәміз – Құйрығын (аттың) қатты түйдік біз.  
Тәңріг өгуш өкдүміз – Тәңірге өтініш еттік біз.  
Кәмшіб атығ йәндіміз – Қамшылап атты (жауға) жеттік біз.  
Алдап йана қаштымыз – Алдап (жауды) және кері қаштық біз.

Үшінші тарау мен төртінші тараулар Иабакулармен ұрысты баяндаған.



Иабаку батыры Бударач<sup>53</sup> қол жиып, Ертістегі Иमेкимен шарт жасап, анттасып, қалың қол бастап, түркілерді шаппақшы болады. Оларға қарсы түркілердің лирикалық кейіпкері қол жиып, Иаумар өзенінен түнде өтіп, ертемен Басмыл бегі Бударачтың қанын төгеді. Жауды жеңіп, түркілердің жігіттері асқан ерлік көрсетеді.

Таң ата йорталым – Таң ата жорытқанмын (жорытқанбыз).  
Будернаш қанун ертемәлім – Будараш қанын ерткенмін (төккенбіз).  
Басмыл бегін өртәлүм – Басым бегін өртедім.  
Әмди иігіт йүбүлсүн – Әммә жігіт жиылсын.  
Қоқрыб атығ кәмшәлім – Ақырып (қорқытып) атты қамшыладым.  
Қалқан сұнын йүмшәлүм – Қалқан сүнгі жұмсадым.  
Қайнаб йана йүшалум – Қайнап қайта жұмсадым.  
Қайты йабу йүбүлсүн – Қатты (қайсар) жауды жібітіп (қиратып).  
Тоқыш йрә ұрұштұм – Тоғыз рет ұрыстым.  
Үлұғ бірле қарыштым – (ұлылармен қарыстым) күрестім.  
Тақұш атын йарұмтым – Тоғыз атпен жарыстым.  
Айдүм әмді ал Ұтар! – Айттым енді (кегіңді) ал Ұтар (ұлыстар)!

Бұл жырдың кейінгі бір тарауы «Алып ер Тұңғаның өліміне байланысты жоқтау» деп аталады. Түркі ұлысының алып ері Тұңғаның мезгілсіз өліміне қайғырған жұрттың аянышты сезімі образды сөздермен шебер бейнеленеді. Алып ердің өлгеніне жұрт сенбейтін сияқты. «Бұл өмірді кімге қалдырып кеттің» деп жоқтау айтып өксіген қалың ел жүрегі қақ айрылып, зарлаған қаралы адамдардың ащы үні естіліп тұрғандай әсер етеді.

Уақыт ұрланып өтіп жатады, ақыры өлім торына ілігесің, бектің бегі де өлімнен қашып құтыла алмайды, егер өлім оғы тура келсе, оны ешкім де алып қала алмайды деп зар шегеді. Үлкен-кіші, ер, әйел, жай адамдар мен бектер – бәрі зарлап, ат сабылтып шапса да, қанша зар шексе де өлімге ара тұра алмайды... Уақыт дегенін жасайды. Қайырымдылық иесі алып ер осылай дүниеден өтеді. Дүние біткен өзгеріп, азып кетті. Себебі әлем бегі, мейірімді өмір иесі дүние салды. Сөйтіп, әуелі Алып ердің тірі кезінде істеген ұмытылмас жақсылықтарын, қаһармандық істерін дәріптеп, одан кейін осындай қадірлі адамның қазасының қаншалықты қайғылы болғанын жырлайды.

Алл ер Тұңға өлдімү – Алтын ер Тұңға өлді ме (өлгені ме?)  
Иесіз аздұн қалдымү – Иесіз жұрт қалды ма.  
Өзләк өшүн алдымү – Тағдыр (уақыт) өшін алды ма.  
Әмдү йүрдк йүртүлүр – Енді жүрек жыртылар?!  
Ұлшүб әбден бөрәйе – Ұлыды ерлер бөрідей.

<sup>53</sup> Бударач – «Қорқыт ата» кітабының қаһарманы.

Йұртыб иақа ұрлайы – Жыртып жаға жырлады (ұрандады).  
Сұқрұб үни йырлайды – Шұрқырап (шырылдап) үни жырлады.  
Сыггаб көзі әртүрлүр – Суланып көзі өргенер (көз жасы көл болар).

Тағы бір көңіл аударатын жыр – «Белгісіз батырды жоқтау» деп аталатын тарау. Мұнда да жаудың күлін көке ұшырып жеңіске жетіп жүрген белгісіз бір батырдың ойда жоқта оқ тиіп, дүние салғаны өкінішпен жырланады.

Иағы отын өшүргән – Жаудың отын өшірген.  
Тойдын аны көшүргән – Тұған оны көшіргән (кестіргән).  
Әшләр үзүб кәшүргән – Өмірін үзіп қашырған (өлтiрген).  
Тәгдi оқы өлдүрү – Тидi оғы өлтiрдi.

Міне, Диуандағы ерлік мазмұнды эпос түркі елінің қаһармандық күрестерін, өлмес алып ерлерін, дарқан даласын, өзен, сай-саласын жыр қылады. Оқиға қазіргі Қазақстан жерінде: Іле, Ертіс, Еділ, т.б. өзендер бойында өтіп жатады. Асылы, бұл жыр – қазір қазақ, қырғыз, өзбек болып кеткен түркі ұлыстарының үйсін, қыпшақ сияқты ежелгі ата-ата-бабаларының көрші басмылы, иағма, ұйғырлармен наразы болып соғысқан кезеңдерін танытатын шығарма. М.Қашқари заманында көшпенділер жатқа айтып жүрген ерлік жырлардың жұрнағы. Ал бұл эпостың «Күлтегін», «Қорқыт ата» ескерткіштерімен үндесіп жатуы осы екі жырдың да бір елдің мүлкі екендігін дәлелдесе керек.

Көне түркі елі соғыста ерлікпен қаза тапқан батырларына арнап жоқтау, жыр шығаруды өте ерте заманнан бастап дәстүрге, ғадетке айналдырған ғой. Міне, осы дәстүрлері бойынша, олар тарихи дәуірдің әрбір кезеңдеріне тамаша эпос шығарып, қалдырған. Мұның себебі, – дейді акад. Ә.Марғұлан, – көне түркілер үшін тасты қашап мүсін жасаудан гөрі поэзиямен ескерткіш жасаудан гөрі әлдеқайда жеңілдірек көрінген.

Әңгіме болып отырған «Диуан» жырларының Орхон ескерткіштеріне және кейінгі «Құтадғу білік» сияқты тұтас дастандарға жақын келетін фактілерінің көптігі және құрастырушы авторларының ой толғамдарының біркелкілігі түркі поэзиясының үзілмей, бірімен бірі жалғасып келе жатқан желісін, заңды өсу жолын белгілеп, бірінен-бірі қабылдап алған тұстарын анықтауға мүмкіндік береді.

Орхон ескерткіштеріндегі сияқты «Диуан» жырының қаһармандары да түн жүріп, жауына ойда жоқта тұтқиылдан шабуыл жасайды. Олардың қолы тасқын судай немесе нөсердей ағылады, жеңілген жауына тізе бүктіреді, мойны мен басын игізеді, жау өздерінің жанын қалдыруын сұрап алас ұрады. Жорық аттарының құйрығын қатты түйеді, берген анттарына берік, татулық пен тыныштық белгілері – қой мен қасқырдың біріне-бірі тимей бірге жайылуы сияқты түркілердің армандары біріне-бірі ұқсас баяндалған.



Ерлік әңгіме болған жерде ел бірлігі, адамдар тірлігі сөз болмай қалмайды. Сондай-ақ азамат ердің естен шығармайтын бір міндеті – сақтық. Ел шетін бақылау, бейқам болмай, жаудан сақ болу, бейбіт өмірді баянды етуге күш салу: «Жау жағына жіті қара, қанжарың тұрсын қайраулы, дұшпаның қарсы шықса, күш жиып, қайрат қыл, қорықпай қасқып қарсы тұр» деген сияқты нақылдар әлгі пікірлерге толық негіз болады.

Өлең құрылыстарында да онша алшақтық жоқ. 7 буынды жыр үлгісі, 7-8 буынды төрт жолды өсиет сөздер немесе 11 буынды екі жолды нақылдар ретіндегі көне шумақтар үлгілері, өлеңдері өзінің әуенділігімен ерекшеленеді және көбіне соңғы буындардың үндесуімен ұйқасады.

«Диуандағы» көркем туындылар тек жоғарыда біз көрсеткен эпостар ғана емес, соған қоса, онда бірнеше әдемі лирикалық шумақтар да бар. Олардың негізгі көпшілігі махаббат лирикалары мен табиғат лирикалары. Махаббат лирикасына он бестей өлең жатады. Онда сүйген жарға деген ғашық жігіттің арнау сөздері жүрек тебіренерлік. Қара көз, қара мең, қызыл жүзді, әсем ару келбеті шебер суреттеліп, оған құмартқан жас жігіттің жүрегімен алысып, алабұртуы, ауыр азап шегуі нәзік те тартымды лирикамен жырланады. Кейде құмартқан жас өз көңілін образды сөздермен де бере алады. «Көзімнен аққан жас теңіз болып, ғашық құсы оны айнала ұшып қонып жүр» – деп немесе «Мен ғашық торына оралдым, одан айрылып қалма, уағдана берік бол», – деген сөздер тамаша суретті лирикалар арқылы беріледі. Төрт жолды бір шумақ өлең жолдарын жасайды. Кейбір махаббат өлеңдерінде теңін таппай адасқан жас жігітке, есерлікпен қыз жүрегіне дақ салғандарға наразылық білдіріледі. Енді бір өлең.

Жалын оның көзі  
Жаны оның өзі  
Толған айдай жүзі  
Жарды менің жүрегімді, –

деген жолдардан басталады. Махаббат деген жеп-жеңіл нәрсе емес, ол үлкен қасірет дейді, онымен ойнауға болмайтыны әдемі жырланады. Құмарлық адам бойында жасырын жүреді де ғашығыңнан айырылып, қоштасар шақта сыртқа шығып, дертке айналады дейді. «Ғашықтық мені жеңді», – деп басталатын екі шумақ өлеңде сүйгенінен айырылған жігіт зары шертіледі. Сүйген сұлуға арнау ретіндегі лирикалар да жүрек тебіреністеріне толы.

Күзүр оты тұтанып,  
Өкпе, жүрек қабынар.

Түн, күн тұрып жылаймын,  
Жасым менің, сауылдар.

Сұлудың сиқыры бар, оған арбалу өте оңай іс, қолына бал алып, саған ұмтылып тұрған сұлуға – сиқыршыға қайтіп шыдарсың, – деген бейнелі сөздер тізіледі.

Арбады сені қыздың тал бойы,  
Қолаң шаш, қыр мұрыны...  
Барды саған періште қолына ұстап бал,  
Жібек киініп шықса, сен есіңнен танып қал...

«Ортақ болып білішті» – деп басталатын шумақта зұлым алааяққа алданған адамның адал жан сыры шертіледі. Онда Құлбақ, Қай, Тұрымтай деген адамдардың аттары аталады. Солардың арасындағы орындалмаған арман бейнеленеді.

«Айттым мен оған сенбе» деп,  
«Құлбақтың ізіне ерме» деп  
«Сасық суынан тіленбе» деп,  
Құртты ақыры ол менің  
Қай атымды күңімді...  
Енді міне маған қайғы орнатты,

Алып қашты Тұрымтайымды,  
Неліктен мен онымен таныстым?  
Құшақтасып тағы табыстым.  
Төзіп қайта жарастым,  
Алып кетті ол менің жазымды.

«Диуан» лирикалары махаббат жалындарына шарпылған жастардың жүрек сырларын ақтарады.

Қойындасып (құшақтасып) жатсаң (оның) жүзі,  
Алжастырар айтқан (оның) сөзі.  
Мың кісі (ғашық) құрбан қылар өзін,  
Жанынан артық санар оның (бір ауыз) сөзін.

Торланармын өзім оның көркіне,  
Ем (болар) аяғының тозаңы менің дертіме.  
Мың кісі (ғашық) құрбан қылар өзін,  
Ғашығының көріп көзін...



Келтірілген ғашықтық жырлар – өзінің образдылығымен ерекшеленер өте тартымды лирикалар. Ғашықтар характері көз алдына елес беріп тұрады.

Күйдің сазы түзелді,  
Құмыра ыдыс тізілді,  
Сенсіз өмірім үзілді,  
Келсеңші армансыз ойнап-күлелік...

Жас жігіттің серілікті армандауы, өмір қызығын көріп, дүниені шайқап өтуді көздейтіні баяндалады:

Жігіттерді жүгіртіп,  
Алма ағашын ырғатып,  
Құлан, киік аулатып,  
Тамаша қылып қуансам,  
Асауды мініп тулатып,  
Есін жиып үйретсем,  
Итке киік қайыртып,  
Ұстап соны бір тынсам.  
Аңға барып құс салсам,  
Тұйғын салып аңды алсам,  
Түлкі мен доңызды алсам,  
Ерлігіме мәз болсам.

Бұл жолдардан көшпенді халықтар өмірі олар айналысар іс-әрекет, тұрмыс тіршіліктер, аңшылық серуендері көрініп тұрады. Білімді адамның артықшылығын ерекше танытып, өнер-білімге, ізденімпаздыққа жетелейді. Білім жолын шын көңілмен сүйіп қалауды керек етеді. Сол жолда қандай қиындық болмасын төзіп, беріліп іс қылуды үлгі етеді:

Кәкім ұстаз иемді сүйермін,  
Білімді мен жиярмын.  
Көңілімді оған түзермін  
Жәрдем қылар ол, жетілермін.

Білім жолын қуған жастың алдына қояр серттерін санап көрсетеді:

Ұлылықты тілермін,  
Дүниемді жұмсармын.  
Тілегіме жетермін,  
Жылқымды сол жолға жоярмын.

Білімді мен іздермін,  
Данышпанды таңдармын.  
Өзім де азып-тозармын,  
Жалғыз қасқа атымды шығын қылармын.

Мал-жанды аямай, шығынға қарамай, алған беттен қайтпай, батыл іс қылып, білімге жетілуге үндейді.

Күшті кетті білегімнің  
Жақында орындалар тілегім,  
Табылар білім бұлағы,  
Жетіп те оған адам өзі жойылар.

Білімге жету жолы – қиын, қауіпті де ауыр жол екенін ескертумен бірге, оның түбіне жету мүмкін емес, бірақ сол жолда қаза тапсаң өкінбе, оны кейінгілердің ізгілігіне жарата біл деп түйеді.

Ақыл мен үгітті менен ұғын, ұлым, жәрдем тіле,  
Ұлысындағы ұлы дана болып танылсаң білімінді,  
Еліңе жай. Білімді кісі берген ақылды тез ұғар.

Ұзақ ізденіп тапқан білімнің ел керегіне, халық тілегіне жаратылсын деп, әкенің баласына берер ақылы ретінде өнегелі сөз тізеді.

Білімді, парасатты адам ізгі, қайырымды болады, ал қайырымдылық елде көп болса, дүние жетеді. Ел-жұрт тату-тәтті өмір сүреді деп, жарлы, жоқ-жітікке жәрдем беруді де уағыздайды. Мысалы: «Жарлы-ғарып келсе, ықыласпен күтіп ал, тойғызып ризалығын шығарып сал», – дейді «Диуан» нақылдары.

«Диуан» авторы өзі тұстас көшпенділердің ой-өрісінен, дүниетаным жайларынан да хабар береді. Табиғат құбылысы, күн мен түн, аспан әлемінің тұрақты қайталанатын заңдылықтары өлең сөздер арқылы суреттеледі.

Тәңірі әлемді жаратқан,  
Дамылсыз аспан айналар,  
Жұлдыздар тізіліп, жүгірісіп,  
Түн күнді (түгел) оранар.

Немесе:

Жаратты тәңірі (жасыл) (көк) аспанды,  
Орналастырып оған көп жарықтарын.





Тізілді қаракшы жұлдызы,  
Түн күнді (түгел) оранар.

Көптеген нақыл сөздер замана адамдарына тәлім берер адамгершіл ереже ретінде айтылады. Адалдық, адамгершілік, ізгілік термеленеді.

Адамның күні мен түні жолаушыдай өте шығар,  
Мақтанба көп екен айғыр, атаныңа,  
Алтын, күміс, жіп-жібек бұйымыңа!

Зиян болар адамзат артық бұйым,  
Білімді адам не қылсын дүние жиып.

Дүниеге келген адам ешқашан қалмайды мәңгі,  
Тек әлемнің күн мен жұлдызы ғана қайта туар.

Дүние-мүлік ерлердің пейілін алады,  
Дүниеқор одан естерінен танып қалады.

Нәрселерін тұтар құлыптап өзі жемес,  
Сараңдықтан жылайды алтын жиып.

Дүниеқор тәңірін де танымас,  
Өз бақытын соған құрбан етер.

Ақылды адам тәкаппар болмас,  
Ақылсызды мақтасаң, есінен жаңылар.

Біліміден ақыл аз, асыл сөзді ұғып ал, бойыңа сіңір.

Ізгілік қанша керек болса,  
Өз қолыңмен де оны істей біл.

«Диуан» сөздері ақыл-нақылдар тізбектеп, жоғары адамгершіліктің қағидаларын жасайды. Адамның басқадан айырмашылығы оның бойындағы ең ізгі қасиеттерінде, ақылында, білімінде, әділдігінде, ізгілігінде деп түйеді.

Дүниеқоңыздыққа салынып, ішпей-жемей, бермей-кимей жиған мал-мүліктің еш қайырымы жоқ деп «Диуан» авторы қасиетсіз адамдардың, пейілсіз жандардың тоғышар мінездеріне лағынет айтады. Жастарға ақыл айтып, жат мінезден сақтандырады.

«Диуандағы» үлкен бір толғау «Қыс пен жаздың айтысы» деп аталған.

Жиырма үш шумақтан тұратын бір өлең қазақ айтыстарының алғашқы нұсқасы дерлік көркем туынды. Жекпе-жек айтысқа шыққан қыс пен жаз бірінің бірі кемістігін, әрқайсысы өзін адамға тигізетін пайдасын баяндайды. «Қыс: – Мен ер жігітке күш берем, ауру-сырқауды азайтам, қардың суына жаз егін шығады, жау да қыс жатып, жаз шығады. Жаз шықса бүйі, жылан, шыбын-шіркей тіріліп зиян келтіреді – дейді. Бұған қарсы жаз: – Қыс түссе-ақ жер-көкті қар, мұз басады. Адам тәні тонып, қалтырайды. Суыққа тоңған мүскүндер иінін жылыта алмай бүрсең қағады, олардың саусақтары домбығып, тек отқа қызса ғана жаны кіреді. Қыстың ызғырық желінен бұлт басып, боран тұрады. Жұрт үйге тығылады. Ал жаз шықса, халықтың арқасы кеңіп, жер-көкті күн нұры көгертіп, жаңбыр селі сай-саланы толтырып, қаһарлы қардың ызғарын жояды. Түрлі гүл-бәйшешек шешек атады, көк шөп өседі. Жер жәнаттай құлпырады. Адам шаттанып, қуанышқа бөленеді, құлын қунап, тай тулап, айғыр, бие кісінеп, шұрқырасады. Өзен-суға молығып, сиыр, бұқа мөңірейді, көктемде құлан да қунайды, арқар мен сайғақтар да тау-тасқа секірісіп ойнақтайды. Қошқар мен текелер де саулықтардан бөлінеді. Сүт селдей ағады, қозы мен лақ енесіне жамырасады. Жазда мал-жан тойынады, семіреді. Бектер сәйгүлік аттарына мінеді. Қыс, сенен құс та қашады, маған (жазға) келіп қарлығаш ұялап, бұлбұл ән салады. Олар да өз қызығына батады. Дүние жүзі кілемге оранып, күн нұрына бөленеді. Жаңбыр жауып жан рақатын табады...» – деп жеңеді.

Енді осы айтыстың кейбір жерінен мысалдар келтіре кетейік:

Қыс жазбен соғысты,  
Қыс көздерін бақырайтты,  
Ұстасуға (олар) жақындасты,  
Ұтысуға (жеңісуге) ойласты.

Қыс жазға сөз тастады:  
Ерім мен атым тыңаяр,  
Ауру-сырқау азаяр,  
Төлім тағы нығаяр...

Сенен (ғана) бүйе (біткен) жанданар,  
Мың сан улы жәндік жыландар...  
Суық келіп қусырды (деді жаз);  
Құтты жазды (қарлы) қыс күндейді.  
Қар жауып (бар әлемді) жабады.  
Ет пен иін үсіп (тәні адамның) түршігер.  
Балшық (пен) лас жұғар,  
Пақыр мүскін зыр қағар.



Алақандары жарылар,  
Тек отқа жылынар...  
Мың сан шешек тізілді,  
Бүршігін ашып (ол) жайылды,  
Түрлі гүлдер көбейді,  
Бой салып өсіп бүгілді...  
Құлындар түгел қуанады,  
Арқар, киік ұйықты.  
Жайлауға қарай жөнкіді.  
Тізіліп тұрып секірді...  
Сенен (қыстан) қашар сандуғаш,  
Менен (жаздан) табар тыным қарлығаш...  
Жібек орны көрінді.  
Суық (қыс) қайтып келместей көрінді...

Осы айтысқа жалғас бірнеше табиғат лирикалары келтіріледі. Оның көпшілігі көктем көркін, жаздың жайдары шуағын, жан-жануарлардың рақатын паш етеді.

Қазақ әдебиетіндегі, оның ішінде XIX ғасыр классикалық поэзиясында қалыптасқан табиғат лирикаларының төркінін біз батыс әдебиетінен іздеп, сол әдебиеттердің ықпал етуінің ғана нәтижесі деп танытып келдік. Ал Диуанда және басқа да орта ғасыр әдеби ескерткіштерінде көптеп кездесетін табиғат лирикалары, наурыз жырлары бұл ықпалдың төркінін мүлде басқаша пайымдатады.

«Диуанның» жоғарыда біз атап өткен бір өлеңінде дүниені тәңір жаратты, әлем дамылсыз айналып тұрады, күнгі түнге айналдырып, түпсіз терең аспан әлеміне сансыз жұлдыздарды тізіп қояды», – деп заманындағы түркі ұлыстарының дүние танымынан, философиялық ойларынан да хабар береді. Олардың әр қайсысынан тек ақыл сөз, өсиет қана емес, орта ғасырдың терең ой түйіндерін де байқауға болады. «Диуандағы» көркем сөз үлгілері алуан түрлі. Құлағына шалынған халық даналықтарын қалт жібермей тізбектеу, аудару, нәтижесінде мазмұнға бай жинақ құрап шыққан. «Диуандағы» өлең сөздер мен шешендік-даналық тізімін, оның жанр түрлерін ғалымдар әр тұста сөз етіп, талдап, ажыратып, бөлек жинақтап та жүр. Төрттаған мен қостаған (төрт, екі жолды) өлең түрлері мен шешендік тұжырымдар, тұспалдар жинағын бөлек шығарудың да кезеңі жеткен сияқты.

«Диуанға» кірген тұспал-мәтел сөздерден орта ғасыр көшпенділері мен тұрғын халықтарының сана-сезім тұрғысы, дүние танымдары, ой түйіндері, салт-сана, кәсіп тәсілдері танылады. Пікіріміз дәлелді болуы үшін кейбір мысалдар келтіре кетелік.

Адам баласы үрілген мес сияқты. Аузы ашылса – босап бітеді. Тірі

адам көп нәрсені көреді. Итке ұят келсе, (ит ұялса) сирақ тастасаң да тимейді. Ауыз жесе, көз ұялады. Ұяты бармен ұрыс, ұятсызбен ұрыспа. Ізгі ердің сүйегі шіріп бітсе де, аты өшпейді. Бидай арасында (өскен) бидайық су ішеді; Татсыз (жатсыз) түрік болмас, бассыз берік болмас. Құс – қанатымен, ер – атымен. Көппен күреспе, қысырақпен жарыспа. Отты жалынмен өшірмейді. Түріне қарама, қасиетіне қара. Тесік інжу (маржан) жерде қалмас. Қайыр садақа – салық емес. Құралған (құраған) жай иілмес. Тау арқанмен бүгілмес (оралмас). Қос қылыш (бір) қынға сыймас. Қорада лақ туса, орықта (өрісте) оты өнер. Түтін түтеткен ыс жұтады. Тесік етік су кешкенде білінеді. Бұтағы көп ағашқа құс қонады. Атасы жақсы адамға бақ қонады. Ағаш басына жел үйір, жақсы адамға сөз үйір. Ердің ісін ауыр қылма, сәйгүлікті жауыр қылма. Ер шекіспей бекіспес, жел айдамай бұлт кетпес. Батыр жауда сыналады, жуас жайда сыналады. Қылышты тот басса, істің қырсыққаны, ерді тот басса, күштің қырсыққаны. Құтсыз (құты қашқан) құдыққа құласа, үстіне құм құйылар. Жақсы киім өзіне, жақсы асын – өзгеге. Ішпей жемей жинаған алтынын сараң жатқа қалдырады. Сараң – санға қосылмас. Өзі бірдей сыйлы емес. Су татырмағанға сүт бер. Алушы – арыстан, төлеуші – тышқан. Алажақ кешіксе, алымсақтың берекесі кетеді. Аларда арадай, төлерде төредей бол. Тәкаппар (түбі) қасірет тартады. Мақтаншақ өз дамбалын бүлдіреді. «Қазан айтар – түбім алтын, шөміш айтар – мен қайдамын» –деп, малым бар деп мақтанба, жиған малың сел ағыны, – деп білерсің. Қара тастай домалатар иесін. Ашу қысса – ақылың ғайып болады. Қашқан адам қасындағыны да көрмес. Еріншекке есік те асу көрінер. Жалқауға бұлт та жүк болып көрінер. Еңбекқордың ернінен май ағады. Жалқауға бұлт саясы да тимейді. Күндестердің күліне дейін жау. От түтінсіз болмас, жігіт жазықсыз болмас. Жазбайтын мерген болмас. Қауын ұрланып жатса, иесі қос қолдап жинайды. Момын жан адаммен төбелессең де, пасықпен байланыспа. Көзден кетсе, көңілден де кетеді. Құлақ естісе, көз көрер. Көз көрсе, жүрек ұғады. Көп сүйінсең – қатты өкінерсің де. Қатты қуанғанның қайғысы да қатты. Ердің басын мұң шалар. Таудың басын жел ашар. Қуантар болсаң асық, қинар болсаң тос. Қара күн туғанша, қара суды кешпе. Қиындықты көп көрген керегесін арқалар. Басқа түскен қайғы қатып қалмайды.

Жоғарыда тізілген нақылдардың біразын Баласағұнның «Құтадғу білігінен» де ұшыратуға болар еді. Асылы, тұтас өмір кешкен түркінің екі кемеңгері – Жүсіп пен Махмұд пікірлес адамдар. Олар түркі халықтарын адамгершіл халықтық нақылдарымен ғасырлар бойы тәрбиелеп келген өлмес сөз иелері.

Қашқари сөздігінен бір-екі нақылдармен өлең үзіндісін қазіргі тілімізге келтіре кетелік:



Туғандар мәңгі өмір сүрген жок,  
Дүние, жұлдыздар да күнде туып, өшеді.  
Адамдарға дәулет пен даңқ дұшпан бопты деседі.  
Бұндай жаудан білімді адам жырағырақ өседі.  
Киімің болса жақсы өзін ки,  
Дәмді тағам болады өзгеге сый,  
Құрмет қылсаң қонақты  
Асады даңқын халқыңа.  
Жау жағынан көз алма.  
Еліңе шапса дұшпаның  
Қарсы тұрып табанда,  
Кек алудан аянба.  
Саған қарап күлсе біреу.  
Жайнаған жүзін, жасырма.  
Сақ болғайсың, тіліңе,  
Жақсы сөзден тайсалма.

Бір қызығы «Диуан» өлеңдерінің бәрі дерлік ақыл, кеңес беру үлгісінде келіп отырады да көбіне батырлықты, ерлікті дәріптейді. Лирикалық толғаулар, ғашықтық сыр шертіледі. Көптеген адамгершіл нақылдар айтылады.

Біз бұл жерде «Диуани лұғат ат-түрік» қазақ тілінің тарихын, оның қалыптасу жолын тану үшін де, әдебиетіміздің ескі нұсқаларынан хабардар болу үшін де маңызы бар филологиялық шығарма екенін ескертіп отырмыз.

Махмұд Қашқари сөздігінің түркология тарихынан алатын орны орасан. Қазіргі Орта Азия түркі халықтарының орта ғасырлық маңызы зор философиялық туындысы ретінде ол жоғары бағалануда. Жер жүзі мәдениеті тарихында атап көрсетерлік мәні бар, заманындағы үздік еңбек.

Белгілі түркітанушыларымыз 1970 жылдары Қашқари «Диуанының» 900 жылдығын атап өтті. Баку қаласында шығып тұратын «Советская тюркология» журналы өзінің 974 жылғы бірінші санын түгелдей осы ескерткішке арнады. А.Н.Кононов, С.Г.Кляшторый, М.Ш.Ширалиев, А.М.Демирчизаде сияқты белгілі түркологтардың мақала зерттеулері жарияланды. Аталған журналға 1971 жылы Ферғанада өткен «Диуанның» 900 жылдығына арналған конференция материалдары түгел енген, Ташкент, Уфа, Алматы, Фрунзе түркітанушыларының пікірлері, ғылыми еңбектері басылған. Қазіргі түркі тілді халықтары өзінің ең ежелгі филологы Махмұд Қашқаридың «Диуанын» еш ұмытылмас ортақ ескерткішінен санап, оны ең асыл мүлкі деп таниды. Қадірлей, қастерлей отырып зерттей түседі. Түркілер тіліне аударылып басылуын тездетіп, әр

ел өз тілдерінде де оқитын болады. Тоғыз жүз жылға созылған тарихы бар түркі филология ғылымы, өзінің ілкі арнасын осы Махмұд сөздігінен бастайтын болады.

Соңғы 40-50 жыл ішінде қазақ әдебиетінің көне тарихы негізделіп, орта ғасыр түркі әдеби ескерткіштері шұғыл зерттеле бастады. Оның кейбір үлгілері оқу хрестоматияларына еніп, кейбір зерттеулерге дәйек болып жүр. Сөйте тұрса да жоғары оқу орындары студенттері көне түркі әдеби ескерткіштер мәтіндерін әбден меңгеріп кете алған жоқ. Оған кедергі сол ескерткіштердің қазіргі оқушылар үшін алынбас қамал болып тұрады, яғни қазір қолданылмайтын көне түркі жазуынан (тілінен) қазіргі тілімізге әлі де аударылмай келуі. Көрші өзбектер мен ұйғырлар аталмыш еңбектің біразын қазіргі әдеби тіліне аударып алды. Ал қазақ түркітанушылары бұл салада тым баяу қимылдауда. Осыдан болса керек, көне дәуір ескерткіштерін оқу, аудару үшін ең қажет өзімізге тиесілі транскрипция да жасалған жоқ. Бұл жағдай аударма жұмысына мықты кедергі екені өзінен-өзі түсінікті.


Бұл ретте алдымен, Махмұд Қашқаридің «Диуан лұғат ат-түрік» жинағындағы поэзия үлгілерін танытуды қолға алып отырмыз. Аталмыш ескерткіште сақталған өлең сөздерді И.В.Стеблева ажыратып, бөлек жарияланғаны мәлім. Ол факсимилесін және орысша ұғымдарын да келтірген-ді. Біз осы ғалым ажыратқан мәтінді қазіргі әліппеге түсіртіп, ең алдымен, оның оқылу мүмкіндігін жасадық. Одан кейін қазақша сөзбе-сөз аударма үлгісін бөлек кітап етіп ұсындық<sup>54</sup>. Осы аудармамыздың кейбір тұстарын ақын Фариза Оңғарысынова қазіргі поэзия тілінде сөйлетіп, оны «Қазақ әдебиеті» газетінде 1983 жылы жариялады. Бұларды болашақ үлкен істің бастаулары деп қана тану абзал.

1990 жылдардан бастап ғасырлық ескерткіштерді қазіргі қазақ тіліне аудару мәселесімен шұғылданушылар көбейіп келеді. Мысалы, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігін» аударып тәжірибе жинаған ақын Асқар Егеубаев таяу арада Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат-ат түрік» жинағын түгел (3 том) аударып шықты. Қазақтың зиялы жұртшылығы аталмыш аударманы жылы қабылдады.

---

<sup>54</sup> Қараныз Х.Сүйіншәлиев. Диуани лұғат ат-түрік. Алматы, 1986.





## ОҒЫЗ НАМА

«Оғыз нама» - көне тайпалардың аңыз сөздері топталған ескі шығарманың бірі. Кейбір ғалымдардың (Пелльо, Бартольд) жорамалдауынша, шығарманың ескі вариантын бірінші жазып қалдырған атақты Рашид-ад-дин (XIII ғ.), одан кейін оны толығырақ жазған Абылғазы (XVIII ғ.).

Біздің заманымызда «Оғыз наманы» жақсы тексерген ғалымдар: Н.Ф.Диц, В.В.Радлов, П.Пелльо, В.В.Бартольд. Бұл тегінде Жетісу, Қашқар арасын қоныстанған тайпалардың (Карлук, Яғма) мұрасы болуға тиіс.

«Оғыз наманың» негізгі кейіпкері - Оғыз қаған. Шығармада соның өмір жолы, күресі, ата тегі баяндалады. Анасы Айқағанның керемет бір ұл тапқаны, оның емшек ембей, ет жемей, қырқынан шығысымен жүріп, ойнап кеткені, одан кейін алып денелі болып өскені, жылқы күзетіп, ерлігімен сәби кезінен-ақ көзге түскені, аң аулауға шығып, киікті, аюды, ұшқыр қыран құстарды атып алған мергендігі, оның жалғыз көзді Қият дәуді жеңген ерлігі суреттеледі.

Одан кейін Оғыздың үйленуі, балалы болуы айтылады. Ол көк тәңірі жіберген, күн десе көзі бар, ай десе аузы бар, темір қазықтай меңі бар сұлуды алады. Одан Күн, Ай, Жұлдыз деген үш бала көреді. Бұдан кейін Оғыз көл ортасында өсіп тұрған жалғыз шынарды тауып, оның басында отырған екінші бір тамаша сұлуды көріп, соған үйленеді. Ол сұлу да үш бала табады. Оларға Көк, Тау, Теңіз деп ат қояды. Бұлардың бәрі аттарына сай батыр болып еседі. Осындай батыр ұрпақты Оғыз хан өзі бастап, Көк бөріні ұран ғып, қалқанды таңба тұтып, окжақ пен темір жебе алып жауға аттанады. Алтын, Ұрум қағандарын бағындырады. Мұз тауды басып алады. Бұл араға Қарлұқты бек етіп сайлайды. Енді бір жерге Калач Джуржит деп ат қойып, оны жаулап олжа түсіреді. Оның қасында данышпан ақыл иесі Ұлұғ Түрүк (Ұлы Түрік) деген қария жүреді. Ол Оғыз ханға ақылшы болады. Сол қарияның ақылымен Оғыз кейін өзінің қартайғанын мойындап, өзіне қараған өлкені балаларына билетеді. Өз хандығының оңтүстігін Күн, Ай, Жұлдыз, солтүстігін Көк, Тау, Теңіз деген ұлдарына бөліп бермекші болады. Құрылтай шақырып, жұртты билеуді балаларына жүктеп, той жасап, бар қазынасын бөліп беріп, кең байтақ жерге ие болуды өсиет қып, бата береді.

«Оғыз нама» аңызының оқиғасын кейбір зерттеушілер Шыңғыс

ханмен байланыстырады. Біздіңше, бұл дұрыс емес. Кейбір ғалымдар оны (Н.Я.Бичурин) Түркі қағанатымен, немесе Қарахан дәуірімен орайластырады. Түркі тайпалары тарихында Оғыз немесе Уыз хан Қараханның баласы болып суреттеледі. Аңыз сол ханның атына байланысты шыққанға ұқсайды. Шындыққа осы соңғысы жақын болуы ықтимал. Бұл көшпелі халықтар (қазақтар) арасында пайда болған мифтік сюжеттегі ерлік эпос. Кейін қағаз бетіне түсіріліп, көне түркімен тілінде (ұйғыр әрпімен) жазылған қалпында сақталған.

«Оғыз наманы» Г.Н.Потанин XV ғасырдағы қазақ тарихымен байланыстырып, оның оқиғасы Керей мен Жәнібекке байланысты қазақ ішінде туды. Оғыздың арғы тегі эпостық образ болуы тиіс дейді. Бұл пікірді қостау өте қиын. Себебі «Оғыз наманың» сюжетінде ерте замандағы Қазақстан жерінде болған оқиғалардың эпосқа айналған шындық сілемдері болса да Жәнібек пен Керейге байланысты ештеңе жоқ.

Абылғазы еңбектеріне сүйенген Шоқан Оғыздар қазақтың арғы аталары болды деп сендіреді. Ол: «Қазақтар - түркі халқы. Олар Оғыз ханның немересі Қырғыздан шыққан»<sup>55</sup> дейді.

Оғыз қаған туралы арнайы еңбек жазған А.Н.Бернштам Оғыздың аңыздық жағын біркелкі тексеруге тырысқан. В.М.Жирмунский өзінің 1962 ж. шыққан бір еңбегінде Оғыз наманың Қорқыт әңгімесімен өкшелес шыққан түркі халықтарының ортақ эпосы екенін айтқан.

Құрбанғали Халидов өзінің «Тауарих Хамса» атты кітабында «Оғыз» деген сөзге тоқтап, оның түбі «ғыз», «хуз» деген қытай сөздері деп жорамал айтқан. Оның ойынша, қытайлар сары үйсіндерді «Оғыз яғни қызыл сақалдылар» деп атаған, Оғыз сары үйсіндер деген сөз дейді.<sup>56</sup>

Өзінің тілі жағынан да «Оғыз нама» көңіл аударарлық. Қазіргі оқушыға түсініксіз сөз онда өте аз. Кейбір ескірген сөздер мен архаизмдік тіркестер де кітап шыққан заманның тілдік нормасына сыйымды. Сондықтан болса керек, кейбір зерттеушілер осы тіл ерекшелігіне сүйеніп, бұл аңызды қазақтың жерінде жасалған шығарма болуы да ғажап емес дейді. Әсіресе, олар эпостың кейінгі вариантын қазаққа таңады. Мұндай пікірлерді В.В.Бартольд, П.Пелло айтқан. «Аңыздың авторы ұйғыр емес, қазақ даласының тұрғындары болса керек. Оғыздардың сол жерлерде ұзақ тұрғандары да әркімге мәлім ғой» - деген Бартольд.

Тілінің түсініктілігіне қоса, қазақта бар өзіндік дыбыстардың аңызда көп қолданылуы да оның қазаққа тұма жыр екенін айқындай түседі. Олар: ә, ө, х, ұ, і, ы, қ, ғ, д, ж, ч, ц, дыбыстары, алтын, қатын, жарық, тірік, өлік, тағ, айғыр, киік, күң, бұлт, құн, түндік, нөкер, қанға, адуң, қият, қағатыр және басқа сөздер.

Мәтінен бір үзінді келтірелік:

<sup>55</sup> Чокан Валиханов. Соч. Том.1 А., 1965, стр 352.

<sup>56</sup> Қараңыз: Құрбанғали Халидов. Тауарих Хамса, Қазан, 1911, 633-бет.






«...Ошбу йаруктың арасында бір қыз бар еді. Жалғыз, отырған еді. Нақшы, көрікті бір қыз еді. Оның басында аташлұғ йарықлұғ бір мең бар еді. Алтын қазықтай еді. Ошул қыз әйдег көрүклық еді, кім күлсе тәңірі күле тұрар, йығыласа, көк тәңірі йылып тұрар. Оғыз қаған оны көрді де есі қалмады, кәтта, сезді, алды, анұң бірле ижатты тілэг ұсыналды. Төл бұғаз болды. Күнлерден соң, кәчәлардан соң иаруди, уч еркек ұғлыны тоғырды. Бірінчисіға Күн ат қойдылар, икінчисіне Ай ат қойдылар, үчинчисіне Жұлдыз ат қойдылар. Иәне бір күн Оғуз қаған аңға кәтті. Бір көл арасында алдынан бір иғач көрді. Бұл иғачтың кабуцағында бір қыз бар еді. Иалғыз отыр еді. Оның көзі көктен көгірек еді. Оның чачы аққан судай, тісі инжудай еді. Асқан көркілі еді. Кімде кім оның ажарын көрсе, ай, ай, ах! өлерміз дейтін. Ол иелгенде сүт қымыз бола тұралар. Оғыз қаған оны көрді де есі кетті, жүрегі ата түсті, оны өбіп алды, онымен жатты, тіл оғұсын алды. Төл боғаз болды, күнләрден соң йары-ды. Уч еркек ұғлыны тұғырды. Бірінчисіне Көк ат қойдылар, икінчисіне Тағ ат қойдылар, учинчисіне Теңіз ат қойдылар. Анан соң Оғыз қаған әдүк той берді, әр күнге йарлық иарлап кәң әштілер, кәлділәр. Кирик шірә, кирикбайдәң чаптурди, түрлүч ашлар, түрлүүч сүрмәләр, чүбу янлар, қимиялар ашади-лар, іштіләр. Тойдан соң Оғыз қаған бектәріге һәм күндәріге ярлик берді, таки дади: кім мән сәнлерге болдум қаған, аланиң я таки қалқан, тамға бізге солсун буяң, көк бері болсун ғил Уран: темүр жидәлар бол орман, әв йерде юрсун құлан таки талу таки мүрен; күн түт болғыл, көк күркән дәб деді. Кәне андан соң Оғуз қаған төртшариға ярлык юмшади...»

Бұл келтірілген деректер «Оғыз наманың» сюжеті ескі қазақ тайпаларының ортасында шығып тараған аңыз деп болжау айтуға ерік береді.

Шығарманың идеясына келсек, ол ерлікті, бірлікті көксейді. Қазақ халқы жасаған белгілі эпос жырларға әуендес келеді. Стилi жағынан қазақ ауыз әдебиетiмен бүтiндей ұштасып жатады. Сондықтан бұл шығармаға ортақтасуға қазақтың құқығы молырақ.



## ҚОРҚЫТ АТА КІТАБЫ

Қорқыт есімі - түркі тілдес халықтар арасында кеңінен мәлім. «Қорқыт ата кітабы» - түркі елінде кең тарап келген аңыздар негізінде ХІ ғ. шамасында жазылған шығарма. Қорқыт - тарихта болған өнер иесі, заманының ақсақал-биі, батыры, даңқты ақылгөй адамы. Зерттеушілер пікірінше ол оғыз қыпшақтардың Баят-қият руынан шыққан, VIII-IX ғасырларда өмір сүрген. Қорқыт істерін әр халық әр түрлі аңыз еткен, оның атын әулиелер қатарына қосқан. Қазақ аңыздарында да Қорқыт көп жасаған көреген, ақыл иесі дана, ел мұңын жырлаған күйші, қобыз өнерінің атасы болып келеді.

«Қорқыт ата кітабын» тұңғыш зерттеушілерінің бірі неміс ғалымы Н.Ф.Диц өзінің «Аталар сөзі» атты жинағында Қорқыттың әкесі Қармыш (немесе Қырмыш), шешесі дию пері қызы деген аңыз бар дейді және оны 366 алып батыр, 24 бек, 32 даңқты сұлтандар шыққан Оғыз тайпасының өкілі дей келіп, көп халықтардың әулие тұтатынын ескертеді. Ал оғыздар IX-X ғасырларда ірі мемлекет құрған. Олар Алтайдан батысқа қараған кең өлкені, Орта Азия мен Кавказ жерлерін түгел дерлік өзіне қаратқан. Осынша байтақ жұртты билеген оғыздардың құрамында қазіргі түркі тілдес халықтардың көпшілігі болған. Соның ішінде кейін қырғыз, қазақ, түркімен, өзбек, азербайжан аталып кеткен халықтар да бар. Сондықтан «Қорқыт ата кітабын» сол халықтар арасында кең тараған ескі аңыз сюжеттерінің негізінде жасалды деуші ғалымдардың (В.В.Бартольд, А.Ю.Якубовский, В.М.Жирмунский, т.б.) пікірлерін қостамасқа болмайды<sup>57</sup>. Ал осман түріктерінің ұлтжанды тарихшылары (Яғыджи-оғли Али) «Қорқыт атаны» иеленіп, өздерінің XV ғасырда жасаған аттас сұлтандары (Екінші Баязит балалары - Коркут, Огуз) есімдерімен орынсыз байланыстырады. Мұны әйгілі ғалым В.М.Жирмунский өзінің «Оғыздардың қаһармандық эпосы және Қорқыт кітабы»<sup>58</sup> атты еңбегінде келтіреді. Кеңес ғалымдарының болжауынша, «Қорқыт ата кітабы» бір мезгілде жазылған не бір ғана оқиғаға байланысты пайда бола қалған шығарма емес. Ол - ең алдымен халықтардың ауыз әдебиетінде ғасырлар бойы айтылып келген аңыздар мен жырлар негізінде қалыптасқан, ұзақ жылдарды қамтитын, тарихи ерлік кезеңдердің туындысы. В.М.Жирмунский пікірінше, қазір көшілікке мәлім «Қорқыт ата

<sup>57</sup> Қараңыз: «Книга моего деда Коркут» Огузский героический эпос, М., 1962

<sup>58</sup> Бұл да сонда.



кітабына» кірген жырлар баска да эпостар сияқты күрделі де ұзақ сапар шегіп, талай заманның өңдеу-жөндеулерінен өтіп жеткен. Ол ілкіде ұсақ жыр, ертедегі әңгіме түрінде өмір сүре келіп, кейін біріктіріліп үлкен бір циклды эпосқа айналған.

Эпостағы «Домрул» (Домбауыл), «Хан-Төрәлі» жырлары тіпті әріде V-VI ғасырда пайда болған. Қорқыт оқиғасына тікелей байланысы жоқ, өзінше бөлек шығармалар. Оларды жыршылар кейін «Қорқыт ата кітабынан» оғыздардың ата аруағын әріден бастап, даңқын арттыра түсу мақсатына қоса салған.<sup>59</sup> «Қорқыт ата» циклында осындай 12 жыр-әңгіме бір желіге біріктіріліп, үлкен эпос жасалған. Эпостың бұлайша циклденіп біту кезеңін В.М.Жирмунский XIV ғасырдың орта шені мен XV ғасырдың бас кезіне жатқызады.

«Қорқыт ата кітабы» 12 жырдың қосындысы десек, онда оншақты ғасыр ішінде өмір сүрген он шақты ру тайпа ұлыстардың өткен дәуіріне сай оқиғалар суреттеледі. Жыр оқиғасы әр түрлі жағрапиялық ортада өтеді. Бірі Алтай жағында болса, енді бірі Орта Азия, Жетісу өңірінде, немесе Сыр бойы, Сардала (Дешті қыпшақ), Персия, Кавказ, т.б. жерлерде өтіп жатады. Бұлай болуын зертеушілер оғыздардың бір кездерде сол өлкелерді қоныстанғандығымен байланыстырады. Бұл болжаудың да шындығы бар. Соған қоса, біздіңше «Қорқыт ата кітабына» енген әңгімелер бір кезде, жоғарыда аталған оғыздарға қараған өлкелерді жайлаған көптеген халықтардың ертегі-аңыздарынан алынып құрастырылған. Сондықтан «Қорқыт ата кітабын» бір ғана халық меншіктене алмайды. Онда қазіргі бірнеше түркі халықтарының үлесі бар. Бұл пікірдің шындығын «Қорқыт ата кітабының» мазмұнына көз жіберген адам бірден сезеді.

«Қорқыт ата кітабының» мазмұнымен В.Бартольд аудармасы бойынша танысайық.

**1. Дерсехан ұғлы Бұқаш хан туралы жыр.** Мұнда хандардың ханы Баяндүр той жасап, ел жұртын жинап, оғыздардың бектеріне сый-сияпат көрсетеді. Тойға жиналғандар үшін ол үш жерге түсті үй тіктіріп, үш түсті ту көтереді. Ақ тулы үйге ұлы барларды, қызыл ту астындағы үйге қызы барларды, қара тулы үйге баласы жоқтарды кіргізеді. Баласыздарды құдай қарғысына ұшырағандар деп санайды да, олардың астына қара киіз төсетіп, қонақасыға қара қой сойғызады, артық құрмет көрсетпейді. Осы жиынға Дерсенхан деген белгілі бек те келеді. Оның не қызы, не ұлы жоқ екен. Ол бұл қылыққа әбден налып, үйіне кері кетеді. Үйде қалған тамаша сұлу ханшасына барып, болған жайды түгел баяндап береді. Оны кінәлап, не бала тап, не қаныңды жерге төгемін дейді. Оған әйелі: «О ханым! Саспа, ашумен асығыс іс қылма. Мені тында: Құдай үшін қызмет қыл, шын тілекпен жалбарынайық, той жаса, мал-жанды құрбан қылайық.

<sup>59</sup> Қараңыз: «Книга моего деда Коркута» Огузский героический эпос, М., 1962

Етті тау ғып ұй, қымызды көл ғып құй, ел-жұртты түгел жи, бәріне тік тұрып сый-құрмет көрсет, аш-жаланаш, пақыр-мүскіннен дүниенді аяма. Олар да біз үшін перзет тілесін, көптің тілегін құдай қабылдар», - депті. Құдайы қылған үйдің қонақтарының тілегі қабыл болыпты, хан балалы болыпты...

Бала ер жетіп, 15 жасқа келгенде алып күш иесі болады. Ол Баяндүр ханның мүйізімен қара тасты ұн қылатын бұқасы мен қара бурасына қарсы шығады. Айбатына адам шыдай алмайтын асқан қара күш иелері - бұқа мен бураны жеңеді. Осыдан кейін халық жас баланың қайратына, батылдығына риза болады. Қорқыт атаны алдырып, оған Бұқаш деп ат қойғызады. Хан сайланып, таққа отырады. Алып күш иесі жастың күндестері оны әкесіне жамандайды, әкесін баласына қарсы айдап салады. Хан анда жүріп өз баласын өзі атады. Мұны сезген ханым қырық қызбен келіп, баласын іздеп зар шегеді. Бірақ оған дейін батыр баланың басына Қызыр келіп, ем-дом беріп, етіне түскен жараны тау гүліне ана сүтін қосып емдеуді аян етеді. Кавказ тауының қарлы шыңындағы құзға құлап, әбден әлсіреп, құзғынға жем болғалы жатқан ұлын анасы табады. Қызыр аян еткен емді жасайды.

Бұл арада ананың өте қайғылы зары ұзақ толғау арқылы беріледі. Ем қонған батыр 40 күнде бұрынғы қалпына қайта келеді. Аң аулап, әкесіне көрінбей, дала кезіп ат арқасында жүреді. Дерсехан баласының тірі қалғанын көпке дейін білмейді. Ол күндердің күнінде өзінің қырық уәзірлерінен жапа шегіп, құлдарша жаяу айдалып, жауына тұтқын болады. Осы кезде анасы батыр баласына барып, болып жатқан жайды хабарлайды. Баласы қырық жолдасын ертіп әкесін құтқарады. Жауды жеңеді. Өзі Ұлы хан болады. Бұлар туралы Қорқыт ата жыр шығарады. Осымен бірінші жыр аяқталады.

## **2. Салар Қазанның ордасында жау шабуы туралы жыр.**

Оғыздардың панасы, адамзаттың данасы, кедей-кепшіктің сүйеніші, Ораз (Урыз) ханның әкесі, Баяндүр ханның күйеуі, бақ-дәулеттің иесі Салар Қазақ саят құрады. Ол қара көз ұзын бұрым, саусақтарын қынаға бояған тоғыз қыз жұмсап, шарапты судай шашып, тоқсан алты отау тігіп, тоқсан жібек кілем төсеп, өзінің атақты бектерін жиып, той тойлап, ойын-сауық құрып жатады. Бұдан да жалыққан Қазан бір күні өзінің батыр бектеріне тұлпарын ерттеуді бұйырып, алыс сапарға аттанып, аң аулауға әзірлеуге бұйрады. Осылайша ордадан жырақ кетіп думандатып жүргенде оның елін аңдыған жау шабады. Шүйкелі патша (шоқли) гәуірлері Қазан ханның қазынасын түгел талап, баласын, әйелін, еліндегі бас көтерген ерлерін құлдыққа, күндікке айдайды. Шүйкелі алғанға қанағат тұтпай, Қазанның енді несі қалды деп тіміскілене түседі. Сонда біреу тұрып, оның 9 мың қойы тығылған жерді айтады. Ол қойларды Қарақойшы, оның інілері Қабан қойшы, Деморқойшылар бағып жатады.



Жау койға тигенде олар үш жерде тұрып жауға тас лактырып берілмей, айтарлықтай ерлік көрсетеді. Жауды Қарақойшы күшпен бөгеп, баққан малын алдырмайды. Бірақ шаршап, шалдығады, көмекке келер ханды жоқтап жапа шегеді.

Алыстағы Салар Қазан да бұл кезде түс көреді. Түсінде жаман іс көреді. Ақ түндіктің ордасын кара тұман басқанын сезеді. Үш күндік жерді бір күнде жүріп үйіне келсе, қаңырап қалған жұртын көреді. Шапқынға ұшыраған туған жердің әрбір бұтасымен тілдесіп, әбден кайғырады. Көзі қарайып, қанды жасқа толады, ес жиып, жаудың соңына жалғыз түседі. Жолында кездескен суға қарап, онан жөн сұрайды. Ол жауап бермейді. Қасқыр кездеседі, одан жау алған ордасын сұрайды, ол да жауап бере алмайды. Қарақойшының кара итін кездестіреді. Одан да жауап ала алмайды. Қарақойшыға келеді. Қарақойшы болған жайды өте ауыр кайғымен хабарлайды.

Қазан мен Қарақойшы жаудың соңына түседі. Бұлар жеткенше гәуірлер Қазанның әйелін, баласын қорлайды. Ораздың етін кесіп, отқа қақтап анасына жезігбек болады. Анасы мен баласы тілдесіп, зар шегіп, мұндасады. Бірі мен бірі жауға берілмей, арын қорламай өтуге серттеседі. Осы кезде Қарақойшы мен Қазан хан да жетеді. Олар жаумен кездесіп, аруағын шақырғанша Қазанның тоғыз батыры мен басқа бектері де келіп жетеді. Бәрі гәуірлерге шауып, кескілескен қантөгіс ұрыс салып, кектерін алады. Жеті күн, жеті түн жеңіс тойын жасайды. Қырық құлы мен қырық күніне еркіндік береді, ер-азаматтарына үлкен сый-сыяпат көрсетеді, киім кигізеді. Жырда тоғыз батырдың ерлік сипаты ерекше бейнеленген.

Оқиғаның аяғында, бұл жырды Қорқыт ата шығарып кеткен еді дейді.

### **3. Хан Бураның (Байбурабек) баласы Бамсы-Бейрек туралы жыр.**

Хандардың ханы Баяндүрхан той жасайды. Оған келген бектердің ішінде Байбурабек пен Бай-Биджан бектер де болады. Той қанша қызық болып өтіп жатса да бұл екеуінің көңілі көтерілмейді. Олар кайғылы болады. Себебі бірі ұлсыз, бірі қызсыз екен. Бұлар жиылған бектерге шағынып, құдайға жалбарынып, перзент сұрап әперуін өтінеді. Ол кездерде бектердің «ақ дегені алғыс кара дегені карғыс болып», айтқандары келеді екен. Бұлардан қол жайып, перзент сұрап, бата алады. Көп ұзамай екі бай бірі ұлды бірі қызды болады. Олар бектердің алдына баталасып, құда болысады.

Байбурабектің ұлы алып болып өседі. Байбурабек баласы өскенше оған ең қымбат сый даярлау үшін саудагерлерін алыс сапарға аттандырады. Ол Стамбулға барып, балаға лайық сыйлықтар алып қайтады. Олар келгенше 16 жыл өтеді. Бала далаға алыс кетіп, жалғыз аң аулайды. Келе жатқан саудагер-лер керуенін гәуірлер тонап алады. Тоналғандар далада жалғыз шатыр тігіп жатқан жас батырды көріп шағынады. Батыр гәуірлерлі қуып, саудагерлердің мүлкін кері иелеріне әпереді. Бұл Байбурабек

баласы болып шығады. Әкесі оның ерлігін естіп, той жасап, Бамсы деп ат қояды. Ол саудагерлер әкелген көк тұлпарды мініп, қару-жарағын асынып, аң аулайды. Бір күні ол, ойламаған жерден, әдемі көп қыздар ерткен Бануше-шек (Гүлбану) деген әрі батыр, әрі сұлу қызға кезігеді. Оның өзіне болашақ некелі болуға жаралған сұлу екенін аңғал батыр сезбейді. Қыздарға өзі атып алған қанжығасын сыйлайды. Банушешек жігіт сиына риза болып, атын ерттеп онымен бірге аңға шығады. Банушешектің ешкімді алдына салмаған атынан Бейректің көгі озып жол бермейді, атқан оғынан оғы озып түседі. Бұған намыстанған ер қыз жігітпен белдесіп күш сынасады. Жігітпен ұзақ тірессе де жыға алмайды. Осы күрес үстінде олар бірін-бірін ұнатады. Бейрек өз әкесіне келіп, құда түсуді өтінеді. Бірақ қыздың Қарашар деген әпербақан ағасы болады. Ол құда түсуге келгендерді аяусыз өлтіріп отырады. Сөйтсе де Байбурабек Қорқытты шақырып құдалыққа аттандырады. Ол Ешкібас, Қойбас дейтін екі атты тандап алып, қыз ағасына барады. Құда болуға келгенін қобызға коса жыр етіп айтса да оған тұра ұмтылып, өлтірмекші болады. Қорқыт екі атты кезек мініп қашады. Ақылсыз қыз ағасы құтқармайды. Қорқыт құдайға жалбарынып аман қалады. Ақылсыз қарашар алла әмірімен тілге келіп, Қорқытқа мынадай талап қояды. Егер ешбір інгенді қайытпаған мың бура, ешқашан үйірге салынбаған мың айғырды, қой көрмеген мың қошқарды, құйрығы мен құлағы жоқ мың төбетті, мың бүргені тауып берсең қарындасымды ұзатайын дейді. Бұл талапты Қорқыт өте шебер орындап, қыз ағасын бүргеге талатып сазайын береді. Ақыры үйлену тойы болады. Ғадет бойынша қыз жақтан оқ атып, оқтың түскен жеріне күйеудің отауы тігіледі. Күйеу түсіп жатқанын естіген гәуірлер түнде келіп, Бейректі қырық жолдасымен ұйықтап жатқанда байлап әкетеді. 16 жылға дейін бұлардың қайда екенін ешкім білмейді. Байбурабекке кімде-кім баламның тірі екенін біліп хабар етсе көп сый берем, ал кімде-кім өлгенін анықтаса, қалыңдығы Банушешекке үйленсін деп жарлық шашады. Осыны естіген жалаңашы баласы (Яланчи) қарғалған Жарташөк (Яртачук) Бану сыйлаған Бейректің ақ көйлегін ұрлап алып кетіп, қанға бояп, соны дерек етіп, балаң өліпті деп, Банушешекті айламен алмақшы болады. Осы кезде гәуірлер Бейректі 39 жігітімен тұтқында ұстайды. Басқа елдерден келген саудагерлер қатысқан бір тойда гәуір бегі Бейректі алдырып қобыз тартқызады. Сол жиынға Байбурабек елінің іздеуші саудагерлері қатысады. Бұлар тұтқынмен жасырын тілдеседі. Бірақ олар көмектесе алмайды. Гәуір бегінің қызы ғана Бейректі босатады. Себебі, ол Бейрекке ғашық болады. Екеуі қосылуға уағда қылады. Бейрек тұтқыннан шығысымен өзінің көк атын тауып мініп, еліне келеді. Елде Банушешекті қарғыс атқан Жарташөк алғалы той жасап жағады. Ел-жұрт батырды жоқтап, жылауда, әкешеше, ағайын-тума көңілсіз сүйген жары Банушешек аса қамыққан. Бір



акын жоқтау айтып зар шегіп отырады. Көңілді жүрген тек Жарташөк оңбаған екен. Бейрек қыздар шатырына келіп қобыз тартады. Қыздар билемейді. Қыздардың қасіреті өзі екенін көреді. Биге тек Қысырша-Бике (Қысырча-Бике) деген бейбақ әйел мен үйде отырып жүкті болып калған бейшара Яғыз-Буазча-Фатима шығады. Бейректің келгенін Банушешек сезіп, оны таниды. Қыздар қуанып батырдың әке-шешесіне хабарлап қуантады. Қуанышты ел-жұрт, ата-аналар жылайды. Тек Яланчи баласы Жарташөк кана үрейленіп, кірерге жер таппайды. Ол Тана өзені бойындағы қамысқа тығылады. Бейрек оны қуып келіп қамысты өртейді. Өрттен қорыққан бейбақ батырдың алдына келіп, аяғына жығылады, қылышының үстінен өтеді. Бейрек оның кінәсін кешеді өлтірмейді. Байбурабек баласына енді дегеніңе жет, үйлен, хан бол дейді. Бірақ Бейрек өзінің 39 досы жау қолында, тұтқында жатқанын айтады. Жау камалын бұзып, достарымды азат етпей тұрып, оны істемеймін дейді. Ол оғыздың жеті батыры бастаған ауыр қолын ертіп барып, гәуірлердің жеті батырын өлтіріп, камал бұзып, жолдастарын азат етеді. Еліне келіп қырық күн ойын жасап, дегендеріне жетеді.

#### **4. Қазанбектің баласы Оразбектің тұтқындалуы туралы жыр.**

Бір күн Алаша (Улаша) баласы Қазанбек тоқсан қолбасы бектерін жиып кеңеседі. Баласы Оразбектің әлі ер жетіп, так иесі батыр бола алмай жүргеніне ренжиді. Баласы өзін танытқысы кеп әкесімен аңға шығады. Анда жүргенде мың сан гәуірлерге килігіп соғыс ашады Әкесі айтқан ақылды тындамай Оразбек жауға шауып тұтқынға түседі. Ұрыс аяқталған кезде Қазан өз баласын таба алмайды. Қашып үйге кетті ғой деп ренжиді. Кейін жау қолына түскенін біліп қатты қайғырады. Оразбектің анасы Бурла хатун да баласын жоқтайды. О да қырық қыз ертіп, кара айғырға мініп іздеп шығады. Қазан өзінің батырларымен барып баласын босатып алады.

Бұл жырда баланың ата-анаға деген назды мейірі, ата-ананың балаға деген жан жүректен айтылған жалынды монологу әсерлі суреттеледі.

#### **5. Бұқа Қожаның ұлы Домбауыл (Домрул) туралы жыр.**

Оғыздар ішінде Домбауыл деген мықты болыпты. Ол сусыз кепкен жыраға көпір орнатып, өткеннен отыз үш тенге, өтпегендерден қырық теңгеден өтемақы алыпты. Бұл өктемдігінің себебін ол: менен артық алып жан күші көп мықты бар ма екен, соны білгім келеді, - деп түсіндіріпті. Менің ерлігімді, мықтылығымды, Рум мен Шам біледі деп даурығыпты.

Бір күні сол көпір түбіне кеп бір кеш амалсыз бөгеліпті. Сол ауылдың өте қадірлі, аяулы жас азаматы қайтыс болыпты. Олар жылап-сықтап қатты қайғыда отырғанда әлгі Домбауыл келіп, менің көпірімнің жанына келіп жылап отырған кім деп балағаттапты, қайғы себебін сұрайды. Олар өлікті көрсетеді. Өлтірген кім? - деп Домбауыл дікілдей



түседі. Құдай жіберген Өзірейіл дейді өлген жігіттің әкесі. Домбауыл: ол Өзірейіл дегеніңіз кім? Әдемі, мейірімді жігіттің жанын неге құдай Өзірейілге алғызады? - деп, құдайға тіл тигізеді. Құдай енді Өзірейілді өктемсінген Домбауылға жұмсайды. Ол Домбауылдың жанын алмақ болады, қинайды. Өзінің Өзірейіл екенін айтады. Сонда Домбауыл есін жиып, Өзірейілді үйіне қамап, болат қылышын суырып алып, жаналғыштың өзіне ұмтылады. Өзірейіл дереу көгершінге айналып, терезеден ұшып шығып қашып құтылады. Домбауыл бір Аллаға: Жаным керек болса өзің ал, Өзірейілді жіберме деп жалбарынады. Құдайға бұл қылығы ұнайды. Домбауылдың өз жаны өлмейтін болсын, бірақ оның орнын басқа бір адам жанын беретін болсын деп бұйырады. Мұны естіген Домбауыл жан іздейді. Қартайып отырған ақсақал әкесіне келіп жайын айтады. Әкесі бар мүлкімді, тағымды, малымды ала бер, тек жаным өзімде қалсын деп жылап қоя береді. Шашы ағарған қария шешесіне келіп, жанын сұрайды. Ол: сені тоғыз ай кетеріп қиналып таптым. Он ай емізіп бақтым, түн ұйқымды төрт бөлдім. Сүтімді ақта, қартайсам да жаным тәтті, ғұмырым қымбат деп баласына жанын бермейді.

Өзірейіл тағы келіп, Домбауылды қысады. Ол енді сүйікті жарым мен балаларым бар, соларға жолығуға рұқсат бер деп өтінеді. Өзірейіл көнеді. Әйеліне келіп болған жайды түгел баяндайды. Сүйген жары оған: Сенен аяған нем бар деп, жанын да беруге келіседі. Өзірейіл әйелдің жанын алуға келеді. Домбауыл тағы құдайдың өзіне жалбарынады. Алсаң әйеліммен өзімді бірге, екеумізді қатар ал, алмасаң екеуміздің де жанымызды сақта деп жалбарынады. Құдай ойланып, Өзірейілге Домбауыл мен әйеліне 140 жыл өмір бердім, енді оның әке-шешесінің жанын ал деп бұйырыпты. Солай болыпта да. Қорқыт ата бұны да жыр қылыпты.

### **6. Қаңлы Қожаұлы Хан-Тұралы (Төрәлі) туралы жыр.**

Оғыздар дәуірінде Қаңлы қожа деген бір ақылды адам болыпты. Оның Төрәлі деген ержеткен ұлы болыпты. Әке орнын бала басып, бәріне мұрагер болып қалар сенсің, көзім тірісінде үйленуің жөн болар - депті ол баласына. Баласы: мақұл, бірақ маған әперетін қызыңызға қояр талабым бар депті. «Мен орнымнан тұрғанда ол бұрын тұруға тиіс болсын, мен атыма мінбес бұрын ол атына қонатын болсын. Мен аттанып, шабатын жауымды ол бұрын барып шауып, басын алып алдыма тартсын», - депті. Сонда әкесі: «Бұл не дегенің балам? Саған қалыңдық керек емес екен ғой. Өзіңді асырайтын адам, сауық-сайран құрып тұруынды камтамасыз ететін ержүрек жігітті керек етеді екенсің ғой» - депті. Баласы: «Иә, әкежан, менің тілегім осы. Әйтпесе, сіз маған түркіменнің мүсәпір қызын әпергің келер. Ол мен қасына жантая бастағанда жүрегі жарылып өлер» - дейді. Әкесі:





«Олай болса, балам, кызды көріп, таңдау сенің жұмысың болсын да, тамақ пен ақшы тауып беру менің жұмысым болсын», - дейді. Баласы іздеген болады. Алысқа ұзамай түстік жерден кері орала береді. Ешкімді таба алмадың ғой деп әкесі де іздеп, алыс сапарға аттанады. Жердің арғы бетінен Трапезунттерден бір алып қыз табады. Бірақ оны алу үшін сал, ақша керек емес, асқан ерлік жасау керек екен. Әкесі ол қызды арыстан, кара бұқа, кара бура үшеуін жеңгенге берем депті. Талайдың басы осы жолға құрбан бопты. Мұны баласына әкесі әбден қорыққандай етіп, жолының да ауыр екенін үрейлі баян етеді. Баланы әке-шешесі тоқтатқысы келеді. Ерлік іс үшін туған Төрәлі бас тартпайды. Ол ел жұрты, әке-шешімен қоштасып, 40 дос ертіп аттанады. Талай қиындық көріп ол бұқаны да, арыстанды да, бураны да ерлікпен жеңеді. Бұдан кейін да талай қиындыққа душар болады. Ақыры әрі сұлу, әрі батыр Салдар сұлуды алып келеді. Әкесі той жасайды. Қорқыт бұл ерлікті де жыр қылады...

**7. Қазылық қожа ұлы Йүгенек туралы жыр.** Баяндүр ханның үлкен мәжілісінде, көп бектердің ішінен Қазылық қожа деген уәзірі тұрып жорыққа шығуға рұқсат сұрап алады. Ол көреген ақсақалдар мен ерлерін ертіп көп жүріп, Қара теңізге келеді. Осы жердегі (Дүзмүрт) деген гәуірдің қамалына шабуыл жасайды. Қазылық қожа осы алыпқа қарсы тұра алмай, тұтқынға түседі. Оның үйінде бір жасар Йүгенек деген ұлы қалады. Йүгенек 15 жасқа толады. Ойнап жүргенде бір баламен ерегісіп қалады. Ол бала: - Маған күш көрсеткенше тұтқындағы әкенді босатып алмайсың ба, - дейді. Оны естіген жас батыр ханға барып рұқсат сұрайды. Хан 24 алып ерлерін қосып беріп аттандырады. Аттанбас бұрын бала түс көреді. Жау қамалына келіп, әуелі 24 батырын дәуге қарсы бір-бірлеп жіберіп көреді. Бәрі де дәуге қарсы тұра алмайды. Йүгенектің жаны қалмай құдайдан жәрдем тілейді. Ақыры құдайдан күш алған Йүгенек жауын жеңіп, әкесін босатады. Қорқыт келіп бұл жеңісті де жыр қылады.

**8. Бисаттың Дөпе-Гөзді калай өлтіргені туралы жыр.** Бір күні оғыздарға жау тиіпті, асып-сасып қашып шыққанда жұртта Аруз (Абыз) қожаның баласы ұмыт қалыпты. Ол баланы бір арыстан бауырына басып, асырап, өсіріпті. Ел бұрынғы қонысына қайта келгенде әлгі баланы тауып алады. Ол алып болып өседі. Атын Бисат қояды.

Ел жаз жайлауға шығады. Аруздың (Абыздың) қойшысы қой шетінде жүріп, пері сұлуын кездестіреді. Пері ұзын су деген жерде қойшымен жанасады да ұшып жоқ болады. Екінші жылы тағы сол жерге қой бағады. Қой үрке береді. Қараса бір төмпешік жатыр. Бір кезде пері қыз шығып, қойшы қарызыңды ал, бірақ оғыздарға өлім тиеді дейді. Қойшы қорқып кетіп қалады. Сол төмпешікке хан

уәзірлерімен келеді. Бәрі төмпешікті бір-бір ұрып шығады. Төмпешік үлкейіп өсе беріпті. Бір кезде Аруз қожа кеп өкшесімен төмпешікті түртіп қалады. Төмпешік қақ айрылады. Оның ішінде бір ғажап жалғыз көзді бала жатады. Баланы Аруз орап алып, үйіне әкеліп асырайды. Ол емізген әйелдің бір сорғанда сүтін, екінші сорғанда қанын, үшінші сорғанда жанын алады. Содан кейін сүтпен асырайды. Сүт те шақ келмейді, балалармен де дұрыс ойнамайды. Бірінің құлағын, бірінің мұрнын жеп қоя береді. Оғыздардың тынышы кетеді. Бұған шыдамаған әкесі Аруз оны ұрып-соғып қуып жібереді. Ол биік тауға кетіп қалады. Тауда жүргенде пері анасы келіп, қолына алтын сақина киізеді де, оған - «балам, сен оқ өтпейтін, кылыш кеспейтін боласың», - дейді де жоқ болып кетеді. Халық оны Дөпе-гөз (Жеке көз) деп, немесе жалғыз көз деп атап кетеді. Ол тауда жатып алып ешкімге жол бермейді, тонайды. Жеп қояды. Ел оған Қорқыт атаны елші етіп жібереді. Оған күніне азыққа екі адам, 500 қой беріп тұруға келіседі. Осылайша оғыздарды құрта жаздайды. Бұл кезде жорықта жүрген Бисат үйіне келеді. Бұл жайды біледі де, оған қарсы күреске шығады. Көп қиындық көріп, жалғыз көзін ойып, ақыл-айламен жеңеді. Елді ауыр індеттен құтқарады. Қорқыт кеп... бұл оқиғаны да жырлайды.

**9. Бегіл ұлы Әмірен туралы жыр.** Баяндүр ханға алыс Грузиядан сыйлық келеді. Бірақ сыйы тек қылыш пен сауыт болып шығады. Бұрын алтын, күмістен басқа сый алмай жүрген хан қайғырады. Қорқыт қобызымен оны жұбатады. Бұл батыр құралын иеленер кім бар деп сұрайды. Оған Қорқыт Бегіл батыр бар, соған бар дейді. Барады. Бегіл жау жақты торып жүреді. Оны хан өзінің қасына алдырады. Аңға шығады. Хан оны: сенің ерлігің, мергендігің, аңшылығың өзіңнің жеке басыңа бітпеген, мен сыйға берген ат пен қарудың күші, - деп кемсітеді. Бұл батырдың намысына тиеді. Хан сыйларын өзіне қайтарады да үйіне кеп, әйеліне гәуірлер жағына көшіп кетелік дейді. Әйелі қарсы болады. Оғыздың аруағын еске салады. Хан - құдайдың көлеңкесі. Онымен қарсыласпа, еліңнен кетпе зеріксең аңға шық дейді. Ол әйелінің айтқанын істейді. Бірақ аңды қуып жүріп, аттан құлап, аяғын сындырады. Үйге әрең жетеді. Баласы Әмірен оны қарсы алады. Гәуірлер Бегіл батырдың мертiккенiн естiп, кек алуға аттанады. Әмірен көп гәуірге қарсы аттанады. Ол жеңіске жетеді. Қорқыт бұл жеңісті де жырға қосады.

**10. Үйсін Қожаұлы Секрек туралы жыр.** Оғыздар заманында Үйсін Қожа деген бір адам болыпты. Оның екі ұлы болыпты. Үлкені Әкірек деген екен. Ол хан сарайында сый-сияпатты болыпты. Әкіректі хан алдынада Теріс Узамыш деген күндейді. Ешбір ерлік көрсетпеген Әкіректі не үшін сыйлаймыз дейді. Мұны естіген Әкірек ханнан рұқсат алып жауға аттанады. Ол біраз жерді өзіне



каратып ерлік көрсетеді. Алынбақ камалына таяған жерде демалу үшін шешініп жатады. Бұлардың бейқам жатқандарын жау біледі дағы қапыда тұтқындайды.

Үйсін елі мұны естіп кайғырады. Жаудан тұтқындарды құтқаратын ешкім шықпайды. Үйсіннің екінші баласы Секрек жастау болады. Ол ойнап жүргенде екі жетім балаға тілі тиеді. Ол балалар мықты болсаң, ағанды тұтқыннан азат етсейші дейді. Секрек әкесі Үйсін кожаға келіп жайды біледі. Аттанбақ болады. Әке.шешесі жылап жібермейді. Қыз айттырып,үйлендіреді. Қалындығы да оған: «Жауға аттанба, қасымда бол», - дейді. Бірақ батыр жарын да тындамайды, ағасын тұтқыннан азат етуге аттанады. Үш күн, үш түн жүріп, жау камалына жетеді. Әуелі жаудың жылқысына тиеді. Жылқышыларын ұрып жығып, жылқыны айдап жібереді. Ұйқы басқасын, тұлпар шылбырын беліне байлайды да ұйықтайды. Гәуірлер бұны біліп, 60 адам келіп қамайды. Тұлпары жауды сезіп, иесін оятады. Ол қамалаған жауды қуып, қамалға қайта тығады. Қайта ұйықтайды. 100 гәуір қайта қамайды. Қайтадан аты оятады. Алласына сиынған жігіт жауына бөріше тиеді. Үшінші рет ұйықтайды, бір ретте аты шешіліп кетіп қалады. Жау 300 адам болып шықса да, бата алмайды. Жаулар ақылдасып, тұтқындағы батырға ағасы Әкіректің өзін жіберуді ұйғарады. Оны алдап, ұры тиді, соны өлтірсең бостандық аласың дейді. 300 қол қосып береді. Ұйқыда жатқан жас жігітке Әкірек келіп қараса: Толған айға ұқсаған ғажап бір жас жігіт шырт ұйқыда, белінде қобызы бар екен. Әкірек қобызды алып, зарлап қоя береді. Бала оянады. Екеуі тілдесіп, танысып, мұңдасады. Гәуірлерді күш қосып, бірнеше күн соғысып, екеулеп қырады. Еліне келіп, қуаныш тойын тойлайды. Қорқыт жыр шертеді.

**11. Салар-Қазанның тұтқынға түсуі, оны баласы Ораздың құтқаруы туралы жыр.** Гәуірлер Қазанға сұңқар сыйлапты. Бір күні құсын алып аңға шығады. Аңға салғанда сұңқары аң алмай алысқа ұшып кетеді. Оны Қазан куа береді. Ақыры гәуірлерге дейін келеді. Қазан ұйқысы келіп жатып қалады. Жау тыңшылары мұны біліп, Қазанды байлап, арбамен апарып, зынданға тастайды. Гәуір ханымы Қазанның кім екенін білгісі келіп, зынданды аштырып, сұрау салады. Қалай жатқанын сұрайды. Қазан жауап береді: Жер асты жақсы екен, Сіздің өлген ағайын-тумаларыңның бәрін көлік етіп, ат орнына мініп, оларға берген астарынды жеп жүрмін, - дейді. Ханым бұған сенеді. Менің жеті жасар қызым өліп еді. Оған мініп жәбірлей көрме деп жалынады. Қазан айтады: Мініп жүрген көлігімнің ішінде ол қыздан асқан жүйрігі жоқ. Оның үстінен түспеймін, - дейді. Ханым қатты қайғырады. Еріне келіп, мына татарды қайдан қамадың, ол тірімізді ғана қорлап қоймай, өлімізге тыным берер емес. Өлгендердің аруағын қорлатпай қуып жібер, дейді. Гәуірлер Қазанды шығарып алып, біз



сізді босаттық, бірақ ендігәрі бізге шаппаймын, оғыздарды қыруға бізге көмектесемін деп ант бер - дейді. Қазан: «Түзу жолым тұрғанда қисық жолға түспеймін, - деп сіздердің алдында ант етем» - дейді. Мұны ең адал ант деп түсінген гәуірлер оның қобызын береді. Қазан жауға ешқашан берілмейтін, жауын мақтап жа-лынбайтынын қобызға коса айтады. Жаулары Қазанның қайтпасына көзі жетіп, оны енді шошқа сарайына қамайды.

Қазанның баласы Ораз өсіп қалады. Ол әкесінің жау тұтқынында жатқанын естіп аттанады. Бұлардан қорыққан гәуірлер Қазанды шығарып, жауымызды жеңіп бер, босаталық - дейді. Келісіп, жау алдына келеді. Тілдеседі. Баласын таниды. Өзін танытады. Жауды қосыла шабады. Гәуірлерді қырады. Қорқыт бұл жеңісті де жыр кылады.

12. Сыртқы оғыздардың ішкі оғыздарға қарсы көтеріліске шығуы, Бейректің өлімі туралы жыр. Қазан хан бірнеше рет өз мүлкін ішкі оғыздарға бөліп береді. Сыртқы оғыздар бөлістен құр қалады. Осыны ілік етіп, сыртқы оғыздар Қазанға қарсы шығады. Қазан Құлбашты жіберіп, сыртқы оғыздар басшысы Аруздың сырын біледі. Аруз Қазанға қарсы топ жияды. Оған жақтас Бейректі шақырып алып, өздеріне қосылуды талап етеді. Ол Қазаннан өлсе айрылмайтынын айтады. Сол үшін оны өлтіреді. Қазан Бейректің жазықсыз өліміне ренжіп, кек алу үшін аттанады. Қазан қолы Аруздарды жеңеді. Қазан алпыс тұтам ақ найзасымен Арузды шаншып өлтіреді. Жеңісті тойлайды. Қорқыт жыр шығарады.

\* \* \*

Міне, жырлардың мазмұны осылайша халықтық эпостарға сай баяндалып отырады. Аталған жыр оқиғаларын көп елдің аңыз әңгімелері мен ертегі-жырларынан кездестіруге болады. Жер, су, ру, мекен аттары, түрлі атаулар мен есімдердің түп қазығы алысқа кетпейді. Өз жерімізден табылып жатады. Қорқытты көп ел біледі. Кіші Азия, Орта Азия, Азербайжан, Түркия, Кавказ, Қазақстан елдеріне тегіс мәлім. Бірі – оны әулие, пайғамбардың досы, екіншісі – имам, бақсы, үшіншісі – Қызыр аруақ, төртіншісі – батыр деп, бесіншісі – өнер иесі, қобызшы, жыршы, ақын, алтыншысы – асқан ақыл иесі, ізгі істерді бастаушы, алдын болжағыш, көріпкел – деп ұғады. Бәрі де Қорқытты меншіктеп сөйлейді. Оны өз атам, бабам деп ұғады. Өздерінше аңыздап, дәріптейді. Соның бірі – қазақ халқы. Қазақ арасында тараған аңыздарда Қорқыт әр түрлі бейнеде көрінеді. Мысалы, Шоқан есіткен аңызда Қорқыт – қазақтың бірінші бақсы-шаманы, елге қобыз үйретуші ұстазы, күйші, өлең сазының шебері.



Потанин Қорқыт – қазақтың тұңғыш жырауы десе, И.Кастенье Қорқытты қазақты қобызға үйретуші, өнерпаз, ұстаз, балгер деп танытқан.

Қорқыт туралы аңыздардың біразын Ә.Диваев жазып алған. Ол Қорқыттың моласын 1898 жылдары тауып, суретке түсіріп, көп мәліметтер жариялаған. «Мола туралы бірер сөз» деген еңбегінде ол: Қорқытты қазақ әулие тұтады, моласына түнейді, – дейді.

Қазақтар арасында көп тараған аңыздың бірі – Қорқыттың өлімі туралы В.Вельяминов-Зернов оның бірін 1867 жылы қазақтардан жазып алған. Ол Қорқыттың өлімінен қашып, ақыры Сыр суның үстіне кілем төсеп отырып, өлімді өзіне жолатпай, 100 жыл өмір сүргенін, оның бойының ұзындығы екі сажын болғанын аңыздайтынын айтқан.

Осы аңызды И.А.Кастенье де естіп жазып алған. Бұл сияқты аңыздардың бір түрін П.С.Спиридонов Төлес Айшуақовтан 1899 жылы жазып алған. Қазақ жерін көп аралап, бағалы этнографиялық деректер жазып қалдырған. И.В.Аничков та Қорқыт қабірін көріп, Сыр қазақтарынан ол туралы көп мәліметтер жазып алған.<sup>60</sup>

«Қорқыт атаның» сюжетін 1921 ж. Ғалымжан Шарипов Қазан каласында «Арслан бек» деген атпен қысқаша баяндап шығарды. Бірақ аталған басылым тым еркін болғандықтан, ғылыми жағынан маңызы аз дерлік еңбек болды.

Жоғарыда аталған зерттеушілердің бәрі де қазақ еліне тараған Қорқыт ата туралы аңыздардың мұсылман дінінен әлдеқайда бұрын шыққандығын атап көрсетеді.

Қазіргі қазақтың көрнекті әдебиетшілерінің де көпшілігі Қорқыт туралы аңыздарға тиісті дәрежеде көңіл бөліп отырды. Әсіресе, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, Ә.Қоңыратбаев, А.Жұбановтар Қорқыт аңызының мазмұны негізінде қазақ халқының да Қорқытты өз адамы қатарынан санайтынын, оның тарихта болғандығын растаған. Осыған орай Сыр бойындағы Қорқыт қабірінің жанынан 1980 жылы үкіметіміз ескерткіш орнатты.

Енді жоғарыда сөз болған «Қорқыт ата кітабының» сюжеттік ұқсастықтарына тоқтала кетелік. Он екі жырдан тұратын кітаптың сюжетіндегі кейбір эпизодтарға сай не жақын келетін жайларды қазақ жырлары мен аңыз-ертегілерінен көптеп кездестіреміз. Сондай-ақ түркімен, өзбек, қарақалпақ, қырғыз, т.б. халықтардың жыр-аңыздарында да ұқсас сюжеттердің ұшыраса беретіні анықталған нәрсе. Қазақ жырларының ішінде «Қобыланды», «Алпамыс» сияқты жырлардың көптеген оқиғасы «Қорқыт ата кітабына» ұқсап жататынын 1947 жылы жазған бір мақаласында Ә.Қоңыратаев айқын көрсетеді.

<sup>60</sup> И.В. Аничков. О некоторых местностях Казалинского уезда, интересных в археологическом отношении. Ташкент, 1897 ж, стр. 54-98.

Біздіңше «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Қырымның қырық батыры», т.б. жырлардан да ұқсас көріністерді көптеп кездестіруге болады. Аталған жырлардың жалпы әуені өте жақын екенін атап көрсеткен орынды. Оғыз батырлары мен қазақ батырлары мінездерімен де, ерлік дәстүр, әр түрлі түсінік әрекеттерімен де үндес. Олар әулиелердің араласуы арқылы дүниеге келеді, алыптарша жыл санап емес, күн санап өседі, ерте ер жетіп, жауға бөрідей тиеді. Тәңірі колдағандықтан, қандай қиындықты да жеңеді. Олар ер, бірақ аңғал. Аты мен жыры өзіне сай. Батырлар жырында түс көру, аян беру, қоштасу, жоқтау, үйленуге байланысты салт, ата жолын сыйлау сияқты дәстүр-жоралғылар үнемі кездеседі. Батырлар әрқашан үстемдікке, зұлымдыққа қарсы күреседі, мүсәпірге жәрдем береді, т.б. моральдық сапаларымен, адамгершілік қадыр-қасиеттерімен көрінеді. Дерсеханның Токтарбай мен Бозмұнайлар сияқты бір балаға зарығуы, сол үшін бар мал-мүлкін сарп етіп, кезуі, әулиелерге түнеуі, ақырында оның ұл көру мотиві мүлде ұқсас. Қазанның өзі жорыққа кеткенде елінің шабылуы, оның түс көруі, шабылған жұртын көріп зарлауы, оның баласы Ораздың тұтқындалуы, елдегі жауыздық, әке-шешенің жоқтауы, зар жылаған сүйген жарының әрекеттері, батырдың жарасын емдеудегі анасының әдістері, қойшылар ісі, қазақ жырларын, әсіресе «Қобыланды» жырын еске салады. Құртқа мен Қарлыға бейнелеріне де ұқсас көріністер көп. Баласыз Байбөрі, Бозмұнайлардың бала тілеуі, той-думаны бәрі келеді.

Қорқыт кітабындағы: «Ат тұяғы асқар, ақын тілі қақсар», «Отыз екі тістен шыққан сөз, отыз рулы елге тарар», «Жалғыз шауып жауды жеңіп», т.б. мәтел сөздер қазақта әлі де кездеседі.

Жырдағы түсінде Қазанның елін жау шапқанын көріп, Қара көне деген ағасына айтқан монологінен бір үзінді келтірілік:

Кара көне ағамыз,  
Бүгін мен бір түс көрдім,  
Түсімде кара күш көрдім.  
Қолымдағы сұңқарым, ұшып кетті.  
Ақ түндікті үйіме найзағай түсті,  
Ордамды қалың тұман, нөкер басты.  
Үйіме құтырған қасқыр шапты.  
Қара түйем бұқама тап берді,  
Қара қарғадай шашым көзімді жапты.  
Он саусағым қанға боялды...

Батырлардың түс көру арқылы камдануы, аруақтармен тілдесуі ескі түсініктегі ел ұғымына сай баяндалады. Бұл сияқты халық жыр-



аңыздарда жиі ұшырайтын ұғымдар өте көп. Елінің кайғылы жайын қойшысынан сұрап білуі - Алпамыс, т.б. қазақ батырлары әрекетіне сай. Мысалы: Қазанды көріп, болған жайды хабарлаған Қарақойшының сөзі мынадай:

Тірі ме едің, өлі ме едің Қазан хан,  
Қайда жүрдің әкем Қазан хан?!  
Кеше емес, үш күн бұрын өтті.  
Үйдің шабылғанын осы арадан, Қазан хан  
Қарт анады гәуірлер,  
Қара нардың мойнына іліпті,  
Әйелдің Бурыла катын еңселі,  
Қырық қызы сындарлы,  
Катар түзеп қасында,  
Жылай кетіп барады.  
Қырық жігіт қасында,  
Жалаң аяқ, жалаң бас,  
Балаң Ораз о дағы,  
Кұл боп кетіп барады.  
Жүйрігіңді мініп, жылқынды  
Гәуірлер айдап барады.  
Алтын, күміс қазынанды,  
Гәуірлер айдап барады.

Қорқыт кітабында халыққа тән ерлік, өз еліне деген сүйіспеншілік өте сенімді суреттеледі. Әрбір кейіпкерлер іс-әрекеттері бұған айғақ. Әсіресе Қарақойшының жауға қарсы айтқан ерлік сөздері бұған айқын дәлел. Ол бес қаруы сай, көп дұшпан қамап алып, тізе бүгуін талап еткенде, қайсарлықпен мына сөзді айтады:

Бос сөйлеме ит гәуір,  
Итіммен бірге ас ішерсін,  
Бурылды міндім деп мақтанба,  
Ол да бір алабас текеме тең келмес.  
Дулыға кидім деп мақтанба.  
О дағы тері бөркіме тең келмес.  
Алпыс тұтам найзанды мақтама,  
О дағы қызыл шоқпарыма тең келмес.  
Қылышым бар деп мақтанба,  
О дағы кисық таяғыма тең келмес.  
Беліңдегі тоғыз-он оққа мақтанба,  
О дағы шұбар сапты пышағыма тең келмес,  
Жігіттерім қуатын байқап қара  
Жақын келіп біздерге ит гәуір!

Жау қолына түскен жазықсыз жас батыр Ораз дарға тартылмақ болады. Осы жағдайдың өзінде соңғы сөз сұрап, өз арманын дар ағашына қаратып былай дейді:

Ағаш-ау, ағаш, ағаш десем ұялма,  
Мекке менен Мединеге калқа болған сен ағаш!  
Аллаға өзі тілдескен Мұсаға аса болған ағаш!  
Үлкен өзендерге көпір болған бұл ағаш.  
Қара теңізге кеме болған сол ағаш.  
Әли патша дүлдүліне ер болған да бұл ағаш.  
Зұлқарнайын қылышын атуға, қынап та болған сол ағаш.  
Хұсайын, Хасан патшаға бесік болған бұл ағаш.  
Әйел менен ерлерді қорқытқан да сол ағаш.  
Жоғарыға қарасам, мәуең сенің көрінбес.  
Төменге егер көз тіксем, тамырыңды көрмеспін.  
Мені саған асқанда шыдармысың, сен ағаш?!  
Егер шыдап сынбасаң, жас өмірім қиылса,  
Жазанды да тартарсың сен, кара ағаш,  
Кес деп әмір берер ем, кара құлдарыма,  
Халқыма керек болдың сен ағаш...

Келтірілген жолдар қазақ ақындарының кейбір шығармаларын еске салады. Мысалы, Қашағанның Есқали сопыға айтқан өлендеріндегі домбыраның «Қуағаш» емес екенін түсіндіруі әуендес сияқты.

Жас, кінәсіз бала батыр Ораздың сөздері оқушыға әсерлі. Оның кайғысы, зары өмірге құштарлығы аянышты. Халық, жырлары сюжетімен әуендес:

Тағы да Ораз сөйледі, сөйлегенде ханым не деді?  
Ағайынды жақтаған жолдастарым қымбат болмаса,  
Шұрқырасып кісінеген жылқыларым қымбат болмаса,  
Тұғырында түлеген сұңқарым қымбат болмаса,  
Бек бола алмай бос өткен өмірім қымбат болмаса,  
Жастықтың қызығын көре алмай арманда  
Қыршын қиылған жаным қымбат болмаса...—

деп Ораз дар алдында тұрып зарлайды. Бұл сияқты зарды Жәдігердің басынан да кездестіреміз ғой.

Ер Сайын, Қобыланды, Алпамыстар сияқты Дерсеханның жалғызы да күн санап тез өседі. Он бес жасында-ақ өзі тұстас балалардан өзгеше күшті, ақылды, ересек болып көзге түседі. Болашақ батырдың алғашқы ерлігі аңшылықта, қауіпті жыртқыштарға қарсы





күресте көрінеді. Жолбарыс сияқты қауіпті жыртқышпен жекпе-жек арпалысып, оны жеңеді. Жалғыз көзді дәуді тұншықтырады... Жас батыр-аңғал, жауы-керісінше, айлакер, қатыгез, қатал. Бұқашханның анасы түс көріп, баласының басына түскен қасіретті сезеді. Ол қырық қыз ертіп, баласын іздеп жолға шығады. Өлім халінде жатқан ұлын тауып оны өзі емдеп жазып алады. Бұл көріністер түгелдей қазақ жырларындағы Қобыланды мен Ерсайынды емдеп жазған ана, жар әрекеттерімен үндес.

«Қорқыт ата кітабындағы» Қазан мен Қобыландының елін сүюі, шабылған жұртын азат етулері де ұқсас. Қобыланды Қызылбастарға, Көбіктіге қарсы жорықта жүргенде елін Алшағыр шабады. Жаудан жеңіспен оралған батыр елінің жұртын көріп зарлайды. Сондай-ақ Қазан да шүйкелі гәуір келіп елін шапқанда алыста жорықта, аң аулап жүреді. О да елінің жұртын көріп зар шегеді. Есін жиып, жауын қуып, өш алады. Қырық қыз, қырық жігіт, тоғыз батыр, жеті күн, жеті күн сияқты ұғымдар да «Қорқыт» кітабында қазақ аңыз жырларындағыдай ұғымдас. Мысалы, Қазанның тоғыз батыры бірінен-бірі күшті болып, әсірелене суреттеледі. Бұл сияқты көріністерді қазақтың XVI ғасырда жасаған жырауларының «Жуанхан», «Шона батыр» жырларынан айқын сезінеміз.

Қорқыт кітабындағы Бейректі тұтқыннан босату эпизоды да «Қобыланды» жырындағы батырлардың Көбікті тұтқынынан босағандары сияқты. Екеуінде де гәуірдің қыздары батырларға ғашық болып, сол ғашықтық сезімдері үшін іс қылады. Бұл қыздардың бәрі де батыр. Өздері де жеке ерлік көрсете алады.

«Қорқыт» эпосының жетінші жырында Дирек деген алып батыр бейнеленеді. Оның бойы - 60 аршын, 60 пұтты өзі ғана көтеретін ертегілік қаһарман. Бұл сияқты дәулер қазақ жырында да кездеседі. «Қобыланды» жырынның бір нұсқасында Қырық құлаш Қызыл Ер деген бар. Мұның сиқы сол Дирекпен шамалас.

«Қорқыттың» оныншы жырында Үйсін қожа Секрек өзінің ағасы Әкіректін жау қолына түсіп қамауда ұзақ жатып қалғанын балаларымен ойнап жүргенде, бір баланың одан өш алу ретімен айтқан сөзі арқылы алғаш естіп, үйіне келіп шешесінен анық-қанығына көз жеткізеді. Бұл сияқты көріністерді қазақ жыр-аңыздарынан да жиі ұшыратамыз. Ағасын, босатпақ болып аттанған Секрек ұзақ жүріп, арып-талып жау қамалына жетеді. Бірақ, жаудан сақтану орнына, қамал қақпасының алдында қаннен-қаперсіз бірнеше тәулік ұйықтап, аңғалдық жасайды. Бұл мотивтердің де батырлық эпостарға тән екені дәлелдеуді тілемейтіні айдан анық жай.

Қазақ жырларында кездесетін бел құда, бесік құда салты Қорқыт атада да ұшырайды. Бамсы мен Бану-шешекке (Гүлбану) аналарының

белінде жүргенде құдаласады. Бұл да «Қозы Көрпеш, Баян Сұлу» жырындағы Сарыбай мен Қарабайдың құдалық уағдаларын еске түсіреді (Қорқыттың үшіншіжыры).

«Қорқыт ата» кітабында нақылдар да көп кезігеді. Олардың мазмұны жалпы адамгершілікке тәрбиелейді. Мысалы: Инабатты болса, әйел көрікті. Ақ сақалы жарасқан - шал көрікті, сүйікті (сыйлас) болса - ағайын көрікті. Үлкен шаңырақтың қасында отау көрікті. Жібек шатырдың жібі көрікті. Өнегелі болса бала көрікті. Дүние-малы шашылмай, Мырза деген атақ жоқ. Тәкаппарлықты тәңірі сүймес. Мықты, жүйрік бедеуге қорқақ жігіт міне алмас. Ананың хақы (парызы) - құдайдың хақы. Күйеу бала - ұл болмайды. Ұл - атаның ері, екі көзінің бірі. Қыз ақылды ескермес - ана үлгісін көрмесе, ұл жарытып ас бермес - әке үлгісін кермесе. Әдепті сөйле де, тыныш отыр. Қыз анадан үйренбей өнеге алмас, ұл атадан үйренбей сапар шекпес. Қабырғасы бүтін көтеріледі, сүйегі бүтін - өседі. Жалғыз жігіт қол (әскер) болмас, бос ыдыстың түбі мықты болмас. Көрші ақысы - құдай қақысы. Қонақ келген үйдің құлағаны артық. Көп қорқытады, терең батырады. Дұшпанның біреуі өлсе - қуанба, жұрттың бәрі де өледі. Сауыт күші - қылышпен қылшылдатып ұрғанда (білінер), аттың күші - жігітті (жаудан) алып шығып құтқарғанында. Шіріген мақтадан мата шықпайды, нағыз жаудан дос шықпайды. Қиып түсер қылышты мұқалтқанша, шаппаған жақсы. Ат жемейтін ащы шөптің өспегені игі, адам ішпес ащы судың аққанынан ақпағаны игі. Атасының атын шығармаған жігерсіз ұлдың туғанынан тумағаны игі, жалған сөздің болғанынан болмағаны игі. Өтірік сөз өрге баспас. Ат арытпай жол бітпейді. Ұра білген жігітке оқ пен қылыштан гөрі шоқпардың өзі артық. Қаратаудың басындай байлық жиса да, бұйрығынан артық ешкім ештеңе жей алмайды. Ұлдың күні күн емес, атадан мал қалмаса, ата малы пайдасыз, баста дәулет болмаса. Дәулетті ұл - ошақтың қоры, дәулетсіз ұл атаның көрі (адамның қоры). Жердің соны (шүйгін) шөбін киік білер, жайылымның шалғынын құлан білер. Әр жолдың сүрлеуін түйе білер, жеті бұлақтың иесін түлкі білер, керуеннің түнгі жүрісін торғай білер, ердің батқанын ат білер, ауыр жүктің михнатын тұлпар білер, саз орайын бөкен білер, қапелімде бастың ауырғанын ми білер, ер жомартын, кісі ақылын жырау білер?! Отыз тістен шыққан сөз барлық ордаға жайылар. Ескі киімнің (тонның) биті ащы, жетім баланың тілі ащы. Ат тұяғы ақсауық, акын тілі қақсауық. Топырақ төбе болмайды. Қанша тасып тулағанмен өзен суы теңізді толтыра (тасыта) алмайды, қанша қалың жауғанмен қар көктемнен қалмайды. Гүл жайнаған шалғын да қара күзде қалмайды, қара есектің басына жүген салғанмен қашыр болмайды. Әр жердің




отын бұғы біледі, тегістік отын құлан біледі. Ат шапса, ер мақтанады. Ажал жетпей өлмек жоқ. Өлген қайтып тірілмес, шыққан жан кері оралмас.

Қысқасы, қазақ эпостарына жақын келетін жайлар мен нақылдар өте жиі ұшырасады. Қазақтың өткен дәуір ақындары жырларына сай келетін көріністерді де көптеп кездестіру қиын емес. Ең бір таңқаларлық жай, Қорқыт ата кітабының тілі қазіргі қазақ тіліне аудармасыз-ақ түсінікті. Біз Анкара (Түркия) қаласында 1964 жылы басылған «Қорқыт ата кітабының» түпнұсқасын оқып көрдік. Қазақ оқушысына түсініксіз сездерді ол кітаптан өте сирек ұшыратқанымызды батыл айта аламыз. Киіз үй жабдықтары, мал аттары, үй саймандары, адамның, малдың әрекеттері, айғырдың кісінеуі, құлынның қуануы, қымыз пісіліп, қанып ішіп қызған бектердің дау-далабалары, т.б. көріністер Қорқытты қазақтарға мүлде жақындата түседі.

1970 жылдың аяғында «Қорқыт» жырларының көркемдік сырын ашуға жас зерттеуші Ш.Ыбыраев назар аударып, осы жырдың поэтикасын, эпитеттерінде тән құбылыстарды айқындап, еңбек жазды<sup>61</sup>. Асылы, «Қорқыт ата кітабы» қазаққа жат емес. Оның әдебиетіміз тарихында сөз болуы орынды.

---

<sup>61</sup> Қараңыз: Ш.Ибраев. Некоторые аспекты исторического развитие развития эпитета и его функции в «Книга моего деда Коркута» / Известия АН КазССР, серия филологии. 1979. стр. № 2



## «ҚҰТАДҒУ БІЛІК» – ДАНАЛЫҚ ДАСТАН

Орта ғасыр жазба әдебиетінің айқын көрінісі Жетісулық Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» атты кітабы.

1911 жылы Қазан қаласында басылып шыққан. Құрманғали Халидовтың «Тауарих Хамса» атты кітабында осы «Баласағұн», «Құтадғу білік» деген сөздердің мағынасына түсініктер беріледі. Халидовтың айтуынша: «Бала» көрікті қашалған тас, «сағұн» – қала деген моңғол сөздері. Көрікті тас қала деген ұғым береді» - дейді.

Жүсіп Баласағұнның толық аты Жүсүф Хас-хожиб. XI ғасырдың алғашқы ширегінен бастап, сол ғасырдың 70 жылдарына дейін өмір сүрген адам. Жүсүп қазіргі Қазақстан жеріндегі Шу бойына орналасқан ескі қаланың бірі – Баласағұнда туған. Осыдан Жүсүп Баласағұни деп аталып кеткен Бұл қала сол кездердегі Қарахан мемлекетінің бір астанасы, әкімшілік және сауда-саттық орталығы болған. Жүсүптің әкесі де өнер иесі, күйші сазгер екен. О да Қарахан мемлекетінің қожасы Бохраханға (Толық аты Табғас Бұғара Қараханон Әбу-Әлі Хасан) қызмететкен. Ел аңызының айтуынша, ол Бохранның аталарының бірі Хұсайын дегенге арнап «Дәрди Хұсайын» («Құсайынның дерті») деген күй шығарған белгілі қобызшы бопты. Жүсүп осы талантты өнерпаз әкесінің тәлімін алып өскен. Жасынан зерделілігімен көзге түсіп, сарай қожаларының көңілін аударған. Шығыс Түркістан, Қашқар, Баласағұн, Жетісу өлкелерін билеп тұрған Боғрахан (1102 ж. өлген) Жүсүптен зор үміті болып оны баулыған. Жүсіп кезіндегі атақты деген білім ордаларында болып, көп тілдерді үйреніп, тез жетілген. Әділет жолын іздеп, алас ұрған жігерлі жас әдебиет пен ғылым салаларын жете меңгерген. Жүсіп өз кезінің білімді адамы саналған. Ол жасынан оқып, түркі тілдеріне қоса парсы, араб қытай тілдерін жақсы білген. Сол кез әдебиетінен, тарихынан, астрономиясынан, геометриясынан, тағы басқа ғылымдарынан мағлұмат алған.

Білім мен өнер жолын қуған Жүсіптің дүние, дәуілетпен ісі болмай, парасатты өмір сүрген. Ол өзі туралы: «Барын табықлап мен кечүрдүм күнүк – Барды қанағат тұтып күн кешірдім, әред әмгәк артты йаруды түнім – еңбектің рақатынан түнім жарқырады. Әліг қысақ туттым тәвуртәрмәдим – қолым қысқа тұттым, түлік жинамадым; Хава арзуларға көнүл бәрмәдим – Бұл босқа айтылған сөз емес. Жүсүп өзінің саналы өмірін ізденумен өткізіп, тез қартайғанша налиды. Елу жасқа келгесін-ақ



шашы ағарып, буыны босайды. «Тәгүрді мәңә елгі эллік нашым» – Елу жас маған қаһарын тигізді. «Қуғу қылды құзгун түсі – тәч башым» қара шашым аппақ болды. «Отуз йығмышын иандур алды эллік» - Отыз жыл жиғанды елу не қылар екен?

Жоғарыда келтірілген сөздерге қарағанда Жүсүп өз дастанын елу жасқа келген шақта жазған. Ал жазу, іздену жұмысымен отыз жыл бойы айналысқан. Бірақ ол дастанын 18 айда жазып шықтым деп ескерткен. Хиджраның 462 жылы немесе 1069 жылы аяқтаған. «Иыл алтмыш әкі эрді төрт йуз білә (төрт жүз алпыс екінші жылы) Бу сөзләрдім мән туту йан сүрә (Жаным кинап бу сөздерді шығардым). Түгәл он сеңіз айда бу сөз (Бұл сөздерімді 18 айда түгәл тәмәмдәдәм) Әндүрдім ақырдым сөз әвдиф тәрә «Сараптап сөз тердім».

Жүсүптің бізге тек осы «Құтадғу білік» дастаны ғана жеткен. Өзге жазғандарынан мәлімет жоқ. Асылы, Жүсүптің өзі жазған туындылары тек бір осы дастан ғана болмас. Дастан жазғанға дейін Жүсүптің басқа әдеби туындыларының болуы ғажап емес, керісінше, талай тамаша әдеби шығармалар дүиеге келсе де бізге жетпей тарихтың қалың қыртысына көміліп, жойылып кеткен сияқты.

«Құтадғу білік» - барлық түркі халықтарына ортақ орта ғасырлық зор туынды. Оның жалпы көлемі 13 мың жол (тармақ) шамасы. Дастанның алдында қара сөзбен және өлеңмен жазылған түсінік, кіріспе сөзі бар. Бұл кіріспесінде жазушы оқушысына біраз ескертпелер жасайды. Онда Жүсүп өз дастанының мазмұны мен мәнін, қалай жазылғанын түсіндіреді. Ол түсініктері төмендегідей:

«Құтадғу біліктің» мазмұны ақылға, парасатқа толы, оның әрбір жолы Қытайдың данышпан ақындарының өлеңдерімен, үндінің нақылдарымен безендірілген. Бұл кітаптың дана жолдарын оқыған адамдар ақыл-ойға кенеледі, жетіле түседі.

Қытай мен Үндінің ғұламалары осы күнге дейін Шығыста, Түркістан жерінде, боғраханидтер тілінде бұл сияқты кітапты еш адам шығарып көрмегенін әбден біледі. Әр елдің данышпандары біздің кітабымызды өздерінше атап жүр. Қытайдың ойшылдары «Мемлекет иелерінің даналық ережелері» деп атаса, үнді кеменгерлері оны «Жайлы басшылық кітабы», шығыс патшалықтары «Хүкмет әшекейі», парсылар «Бақытқа жеткізетін ғылым», кейбіреулері оны «Патшаларға кеңесші кітап» деп атап кеткен. Ал түркілер жерінде бұл кітапты «Құтадғу білік» – дейді.

Кітапты жазған – білімді парасатты Баласағұнда туған ер. Бұл кітапты ол Қашғарда аяқтап, хандар ханы Боғраханға тарту етті. Ол үшін хан тақсырдың сыйлығы мен дәрежесіне ие болды. «Хас-Хажиб» (басшы, кеңесші, ақылшы) деген құрметті атақ алды. Осыдан кейін ғана бұрынғы қарапайым жазушы Жүсүп Хас-Хажиб атанды. «Кітапқа негіз төрт асыл қасиеттер: біріншісі – ғадилеттік, екіншісі – бақыт, үшіншісі – ақыл, төртіншісі

– молшылық. Бұлардың әр қайсысын ер деп атадым. Ғаділеттікті – Күн толды – элик басшы еттім. Бақытты мен Айтолды деп атап, уәзір дәрежесінде таныттым. Ақылды – Огдулмыш деп атап, уәзірдің баласы, молшылықты Одурмыш деп атап, оны уәзірдің інісі тұттым. Осы төрт ер өзара әңгімелеседі, біріне бірі сұрау қойып, жауап береді. Осы төрт ерді бір тұлға ретінде қабылдаған зерек оқушыларымның жаны жадырасын, жүрегіне жылу берсін, олар өзінің мүсәпір шығарушысын есіне алсын...»

Жазушының жоғарыда келтірілген ескертпе сөздерінің сыры айқын. Шығармасының жазылу жайын, ондағы мақсат, мағынаны образды түрде айтып берген. Автор өзі туралы да азды-көпті мәлімет қалдырған. Шығарма кейіпкерлерінің автор қиялынан алынғандығын байқауға болады және олардың атқаратын міндеттері бейнелі тілмен шебер сипатталады.

Баласағұндық Жүсүптің негізгі пікірі – әділеттілік пен ақыл, ақылды қарапайым адам басқарғаны жайлы, берекелі елді аңсау. Бұл әрине, халықтың ертеден бергі ізгі армандарына ұштасады және әл-Фарабидің «Жақсы қала тұрғындарының көзқарасы туралы трактатымен» үндес пікірлер мол ұшырайды. Әл-Фараби сияқты Жүсүп Баласағұн да қатал қара күшке қарсы ақыл мен парасаттықты қойған Әділдік пен ақыл билеген бақытты өмір, молшылыққа кенелген тұрмысты аңсаған.

Жүсүптің «Құтадғу білік» дастаны кезіндегі ел билеуші хан-қаһандарға әділдік пен парасатты биліктің шешен шежіресі ретінде, ақылмен іс қыла білудің заң ережесі ретінде ұсынылған. Жазушы дастанының әр тұсында да жалпы ел, бүкіл халық мүдделерін жоғары қоя білген. Әрбір қоғамдық топтардың ел, мемлекет өмірінен алатын орындарын айту арқылы қандай басшы, әмір болмасын ол тек қана ел жұртымен ардақты, соларға жасаған жақсылықтарымен беделді деген ұғымға саяды. Сондықтан қаған үшін тек үстем топ емес, барлық кәсіп иелері, өндіргіш күш саласындағы еңбек адамдары, өнерпаздар қажет. Олар да басшы адамның назарына мұқтаж.

«Илақа сән-эк сән йарықа-Илаһа-Түзу иелерімді жарылқа, Разы қыл қамұғ барча Момынларқа – Разы қыл барлық қамыққан момындарды» – деп, барша езілген халықты, түгел ел-жұртты жарылқарлық күш іздейді ақын.

Дастанның жоғарыда келтірілген кіріспе түсінік сөздерін автордың өзі жазды ма әлде кейінгі көшірушілердің ескертпесі ме? Бұл мәселе зерттеушілер тарапынан әлі тиянақталған жоқ. Сөйте тұрса да, кіріспе мақсаты айқын. Ол дастанға дұрыс түсінік беріп, шығарма мазмұнының тура түсінігін нұсқайды.

«Құтадғу білік» ғылым әлеміне ХІХ ғасырдың бас шағында ғана мәлім болды. Оны алғаш Австрияның Стамбулдағы елшісі болып жүрген Иозеф Хаммер-Пургшталл (1774-1856) деген адам жергілікті Әбдіразақ



Шайхзада деген түріктен ұйғыр әліпбиінде жазылған дастан қолжазбасын сатып алып, Вена Сарай кітапханасына тапсырды. Кейін 1820 жылы ол араб, парсы, түркі каталогтарын жариялап, соның ішінде өзі тапсырған дастанның қолжазбасы туралы мәлімет береді.

Сөз болып отырған қолжазба «Құтадғу біліктің» Гераттық (кейін ол Веналық нұсқа деп аталады) нұсқасы. Қасан қара Сейіл Шамс дегеннің 1439 жылғы осы көшірмесі еді. Бұдан кейін француз ғалымы Р.Жобер осы қолжазбамен танысып, ол туралы «Азия тану журналында» 1825 жылы мақала жазады. Дастанның кейбір тарауларын француз тіліне аударып, мазмұнынан мәліметтер береді. Жовердің жарияланған дастан тарауларының үзіндісін И.Н.Березин «Түрік Хрестоматиясы» (1857) еңбегінде қайта бастырады. Бұдан кейін Россия ғалымдарының «Құтадғу білікті» зерттеумен шұғыл айналысқаны байқалады. Қазан университетінің профессоры Н.Ильминский дастанды танытуға күш салады. Өзі құрастырған «Түрк-татар тілінің» (1861) оқу құралында сөз етеді, үзінділер жариялайды.

«Құтадғу білік» дастанын арнайы зерттеу ісімен шұғылданушы XIX ғасыр түркологтары Герман Вамбери мен В.В.Радловтар болатын. Венгер түркологы Вамберидің (1870 ж.) «Ұйғыр тілінің ескерткіші» және «Құтадғу білік» кітабы дастанды Европа ғылымына толық танытқан тұңғыш салмақты зерттеу болды. Ол неміс тілінде түркі дастаны туралы мәліметтер беріп, толыққа жақын аударып шықты. Латын ғибрасы бойынша дастанның көптеген тарауларын жариялады. Вамбери – «Құтадғу білік» Веналық (гераттық) нұсқасын танытуда алғаш еңбек еткен даңқты түрколог. Оның түсініктері, талдаулары, ғылыми болжаулары кейіннен зерттеген В.Радловқа әсер етті. Академик В.В.Радлов 1884 жылдан бастап, «Құтадғу білікті» зерттеу жұмысымен шұғыл айналысты. Әуелі Вамбери ізімен Веналық нұсқаны зерттеп, оның толық мәтінін қолпына келтіріп, 1891 жылы факсимилесін жариялайды. Кейін дастанды неміс тіліне аударып, 1897 жылы бастырды. Осы тұста «Құтадғу біліктің» араб жазуындағы бұрын белгісіз жаңа көшірме нұсқасының Каирда табылған туралы хабар естіледі. В.Радлов бұл жаңалыққа елең етпей қалмайды. Ол жаңа нұсқамен де дереу танысып, оның бұрынғысымен салыстыра ұзақ та байсалды зерттейді. Нәтижесінде ол 1910 жылы дастанның толық түрін зерттеп жариялайды. Акад. В.Радловтың жариялауы, түсінік сөздері, ғылыми зерттеулері «Құтадғу білікті» дүние жүзіне кеңінен танытты. Жер жүзі ғалымдары В.Радлов еңбегін жоғары бағалады.

«Құтадғу біліктің» үшінші көшірме нұсқасы 1914 жылы Наманганнан табылды. Оны сақтаушы Мұқаммедқожа деген адам екен. Профессор А.Фитрат өзінің «Өзбек әдебиетінің қадым үлгілері» (1928) деген кітабында дастанның жаңа түрінен кейбір тарауларын жариялайды. Сөз болып отырған «Құтадғу біліктің» намангандық нұсқасы араб әліпбиінде



түркі тілдеріне жақын жазылған. 1971 жылдары өзбек тіліне аударылып, толық жарық көрген дастанның тұңғыш толық басылымына негіз болған да осы нұсқасы. 1971-1972 жылдары Ташкентте шыққан «Құтадғу білік» дастанының академиялық басылымы К.Каримовтың аудармасы бойынша С.Мұраталлибов пен Ш.Шукуровтар редакциясымен жарық көрді. Бұл түркологияның табыстарынан саналып отырған дастанның бұл басылымы – сөз жоқ үлкен ғылыми табыс. Өзбек ғылым академиясы қызметкерлеріне абырой әперген ізгі еңбек. Кейін қазақ, ұйғыр тілдеріне аударылуына жол ашты. «Құтадғу білікпен» Мәскеу әдебиетшілері де үздіксіз шұғылданып жүр. С.Е.Малов, А.А.Валитова, Е.Э.Бертельс, И.В.Стеблевалар өнімді зерттеулер жазып келеді. Кейінгі кезде «Құтадғу біліктің» поэтикалық аударма тексін орыс тіліндегі поэтикалық мәтінін Н.Гребневтің аудармасы бойынша бөлек кітап етіп жариялады (Бұл екінші рет басылуы).

Бір ескерте кететін жай, аудармашы Н.Гребнев өзінің кіріспе сөзінде дастанға жоғары баға берген. Ол «Құтадғу білікті» даңқты «Игорь полкі туралы жырмен» қатар қояды. Маңызы мен көркемдігі жағынан бұл екі ескерткіш кеңес халықтарының мақтанышы боларлық көне дәуір мәдениетінің тамаша көріністері екенін атап көрсетеді.

Е.Э.Бертельс өз еңбектерінде Жүсүп дастанының ерекшеліктері туралы сөз қозғап, оның жазба әдебиет пен ауыз әдебиеті негізінде жазылған шығарма екенін атап өтеді, онда ескі түркі эпосының әсері де айқын деп таниды. Ол: «Баласағұн өз поэмасын көшпенділер талабына сай жазған... Поэманы түгелдей қарахандықтар тілегін көрсететін шығарма деуге болмайды. Дастанда дәстүрге көп орын берілген. Автордың өзі үстем тап билігін қолдаса да, адамгершілік идеясын жоғары көтеріп, әділдік, ұстамдылықты әр уақыт ханнан талап етеді», – дейді<sup>62</sup>. Бірақ Бартольд та, Бертельс те «Құтадғу біліктің» негізгі мазмұнын терең тексермей, оны не Иран әдебиетінің үлгісі деп танып, не бір ғана көшпелі елдің тұрмысымен байланыстырмақшы болған. Дұрысында «Құтадғу білікте» қала тұрмысы мен бақташылық тұрмыс қатар айтылып отырады. Тіпті қала тұрмысы мен мемлекеттік идея басымырақ деуге де болады. Мұнда көбірек ұшырайтын адамдар – қалада тұратын әкімдер, саудагерлер, шеберлер, оқымыстылар, олармен бірге мал өсіретін бақташылар, егіншілер. Сондықтан бұл шығарманы егіншілік-отырықшылық пен өсірушілік тұрмысын бірдей қамтыған шығарма деу орынды.

Ескерткіштің тілі туралы да Бертельс өз пікірін айтқан. «Құтадғу білікті» зерттеушілер оның тілін шартты түрде ұйғыр тілі деп атап жүр. Дұрысы, оның тілі түркі тілдерінің шығыс тобына жағады, яғни қазіргі

<sup>62</sup> Е.Э.Бертельс. Литература народов Средней Азии. Журнал «Новый мир». 1939, №8, стр. 261-263.





өзбек, қазақ, қырғыз тілдеріне жақындығы бар, бірақ түрікмен мен азербайжан тілдеріне жақын емес», – дейді зерттеуші.

«Құтадғу білік» поэмасын зерттеп, келелі пікірлер қозғап жүрген А.А.Валитова. «Бұл дастан тек Орта Азия мен Шығыс Түркістанның XI ғасырдағы қоғамдық санасы мен тілін зерттеу үшін керек ескерткіш қана емес, бұған қоса ол көп жерлерде әлі эстетикалық маңызын жоймаған еңбек, қазірдің өзінде де ол түркі тілді оқушылардың назарын аударалады»<sup>63</sup> – дейді.

Жүсүптің тілінде арыстандай айбатты, сауысқандай сақ, түлкідей айлакер, данышпандай ақылды, меруерттен көрікті деген сияқты теңеулер қолданылады. Басқа да қанатты тіркестер, ойлы тұжырымдар көп.

А.Н.Самилович 1918 жылы жазған еңбегінде «Құтадғу білікті» қарлұқ тайпасы тілінде жазылды деп болжайды. Ал Әмір Наджиб Жетісу ескерткіштері тілінде жазылған туынды деп қорытады.

Қарахан мемлекетінің басшылары қарлұқ, чығыл, йағмыа санатынан шыққандар, ал қарахан тайпасының негізгі ұйтқысы қарлұқтар болған. Чығыл мен йағымалардың өзі қарлұқтан тараған аталықтар. Олар басқа тайпалардан гөрі саны жағынан басым, мәдениеті ілгері аға тайпа саналған. Қытай жібек жолының ең шиеленіскен, түйіскен тұстарын қолдарында ұстап сауда-саттықпен ерте айналысқан. Керуен сарайлар, базарлы қақпа тұрақтар, отырықшылық, қолөнері, жер өңдеу кәсіптері ерте дамыған. Араб дінін ертерек қабылдап, мешіт, медреселер салдырып, оқу ісімен көбірек айналысқан. Қытайға барып оқушылар, олардың мәдениетімен шұғылданушылар да көп болған. Қарлұқтар Жетісуды екі ғасырдай билеп-төстеген. Орталық қаласы – Баласағұн. Екіөгіз, Алмалы, Тараз – ірі қалалары, осы қарлұқтар кезінде қарахан мемлекеті өркендеп, олар моңғол шабуылына дейін өмір сүрген. Моңғолдар қарлұқ, қарахан мәдениетін қабылдап, олардың білімді адамдарын өз істеріне пайдаланған. Академик В.Бартольд қарахандықтар әулетінің қарлұқтардан шыққанын дәлелдеген болатын.

Қарахан қағаны Сүтук Боғрахан 960 жылы исламды мойындап, араб жазу мәдениетіне көшкендігін хабарлаған. Осыдан кейін түркілер парсылармен қосыла ислам дінін шығысқа таратушылардың бірі болып алған. Қарахан мемлекеті өсе келе кіші иеліктер – князьдықтарға ыдырап, дербес ұсақ ұлыстар мемлекеттеріне айналады. XII ғасырдың аяғында бұлардың өзара наразылықтары өршіп, кейбір тәуелсіздіктерінен де айрыла бастайды. Ғазна-ауған әмірі Махмут (998-1030) көрші қыпшақ даласын басып алады. Орта Азияның біраз жерін Хорезм шахы өзіне қаратып, тәуелсіз дербес Хорезм мемлекетін құрады. Кейін, XII ғасырдың басында іргесі сөгіліп, бөлшектеніп, ыдырай бастаған Қарахан мемлекетін Моңғол шапқыншылары оп-оңай өзіне қаратқан.

<sup>63</sup> А.А.Валитова О некоторых поэтических особенностях «Құтадғу билик». М., 1960. стр. 11.

«Құтадғу білік» – әңгіме-аңыз ретінде баяндалатын даналық сөз, өсиет, ғибрат. Дастан оқиғасы XI ғасырда Ыстықкөл, Жетісу және Қашғар өлкесінде болған шындыққа байланысты өрістейді. Жүсүптің дастаны саяси және ғибрат-өсиет-ақыл айту түріндегі трактат, адамгершілікке үндейтін, тәлім-тәрбие берерлік дидактикалық туынды. Онда жеке адамның өзін қоғамда, үй ішінде қалай ұстай білуі керектігінен бастап, хандармен бектердің өз қарамағындағы әрбір қоғамдық топтарға қалай қарауға тиіс екендігі жөніндегі көптеген мәселелер қамтылған. Өзінің идеясы жағынан бұл дастан – жалпы адамгершілік, гуманизм рухында жазылған дидактикалық шығарма. Бірақ автордың негізгі мақсаты – қарахандықтар мемлекетін нығайту, оның даңқын зорайту еді. Өзінің этикалық принциптері жағынан ол Орта Азиялық әдет нормаларын негізге алады. Дастанның мазмұны – түсінікті, құрылысы қарапайым. Дастан оқиғасына аз ғана топ адам қатысады. Шығарма сюжеті осы адамдардың өзара әңгімеселуі, сөйлеуі, кеңесуі арқылы дамиды. Данышпан Одгурмышттың Элик бекке айтатын ақылдары, әділет, ырыс иелері араларындағы кеңес сөздер ретінде келеді. Поэманың құрылысындағы бір ерекшелігі оның диалогқа құрылуы. Бұл әдебиеттегі муназар формасы екенін бір дәлелдесе, екіншіден, ауыз әдебиетіндегі айтыс жанрының да мол әсерін танытады. Сонымен өзінің стилі жағынан «Құтадғу білікте» кітаби дәстүр мен ауыз әдебиеті ұштастырылған. Онан Орта Азия тұрғындары мәдениеті мен көшпелі тайпалардың мінез-құлқы, көркемдік талғамы байқалады.

Поэма 73 тарауға бөлінеді. Алғашқы тарауында дәстүр бойынша құдайға сыйыну орын алды. Ақыл мен білімнің маңызы, сөз өнері, шешендік дәріптеледі. Күнтолдың билігі әңгімеленіп, нағыз әділ адам бейнесі жасалады. Мұнда білгір адам би болса екен деген арман қозғалып, ақылды, әділ басшы суреттеледі. Айтолды мен Күнтолдылар осындай адамдар еді делініп, олар Бограханға ақылшы, үлгі есебінде көрсетіледі.

Поэманың негізгі тарауларында ақыл өсиет, тәлім, тәртіп уағыздалады. Ханның өз қарамағындағыларға қамқор болуы тіленеді. Оған өз отбасында қонақта, елшілері мен қызметкерлері арасында қандай істер істеуі керек, өзін қалай ұстаса жақсы болады деген сұрақтарға жауап беріледі.

Ақын-жырауға сипаттама беретін тарау өте маңызды. Автор ақындық өнерді жоғары бағалайды, ақын тілін өткір қылышқа теңейді. Ақындарды ел үшін еңбек еткен адамның атын мәңгі сақтаушылар, даңқын асырушылар деп, ханға олардың өткір сөзіне ренжімен, қошеметтеп, көтермелеп, бағалай біл деп ақыл береді. Ақындар сөзін кең таратып, сұрағанын тартынбай беріп, өз сөзіңді сөйлегуге күш сал дейді. «Елші қандай болуға тиіс» деген бір тарауында «Оқыған білімді адам болумен қатар, шиндар мырзалары үлгісінде ақсүйектік тәрбие алған,



сөзге шешен, өткір тілді, ойлы, айла-амалға жетік адам болуы керек» деп түйеді. Мұны ол өз елінің беделін басқа елдер алдында көтеру үшін қажет деп есептейді.

«Құтадғу білік» дүние, әлем жайларында сөз етіп, кезіндегі озық ойлы адамдардың дүние туралы түсініктерінен хабардар етеді. Әлемдегі жеті тұлғаны (планетаны), он екі бұрыш (жарық жұлдыздар), дүниенің төрт бұрышы, аспан, ай, күн, түн, қыс, жаз, күз айлары жырланады. Бұлардың біріне-бірінің жарасымдығы, өзара байланысты болатыны сөз болады. Қараңғы түнді жарық ай мен жұлдыз жарқыратса, күн нұры барлық ғаламшарға жан беріп, өз әсерінде ұстайды, осының бәрі табиғи заңдылықта қозғалып, өзгеріп тұратын құбылыс ретінде суреттеледі. Ай мен күн, шолпан, жетіқарашы, темірқазық, т.б. жұлдыздар аталып, олардың бәрі әлемді сәндендіріп, жан беріп тұр, олардың әр қайсысының атқарар әрекеттері бар, дүниеде артық жаралған нәрсе жоқ дейді. «Жер адамға қойнын ашып, бойындағы бар байлығын сыйға тартты. Даладағы егінді жаңбыр көгертер, бақтағы жеміс – ағашты гүлдендірер...» деген білгір тұжырымдар жасайды.

Адамның жаралуы туралы пікірлер діни түсініктерден алшақ болмаса да, жаңашыл ойларымен мәнді. «Отпен су, ауа, саз балшықтан Адамды бір Алла жаратты. Алла адамға көз бен құлақ, ақыл берді, ғылымға жетілсін деп» деген жолдар – сол дәуірде жасаған көптеген ойшылдарға тән танымал түсініктер. Адамның жаралуы туралы көп жылдар өмір сүрген замана пәлсапасы.

«Құтадғу біліктің» білім туралы түсініктері – тамаша. Білім – адам баласының сарқылмас қазына-мүлкі. Білімді адам – білгір, ақылды; жазу, оқу, білімділік белгісі; надандық деген сырқатты ешбір емші жаза алмас, оны тек білімділік қана айықтырар. Ақыл – түпсіз құзға бара жатқан адамды аман сақтап қалатын қыл арқан. Терең ой, зерек білімімізбен ғана біз алдағы арманымызға (тілегімізге) жетеміз, надан адам – соқыр әрі керек, білімді адам – соқырға көз, керекке құлақ. Білместік – қараңғы түн, адасасың. Білім – жарық, өзіңе жол ашасың. Ақылың мен білімің ғана өмірде сый, өлгенде құрмет әпереді. «Құтадғу білік» дастанында адамның асыл қасиеттерін қадірлейтін жолдары да көп. Білім мен ақыл адамның ең қымбат, ең әдемі қасиеттерінен саналады. Бұл мәселеге де дастанның бір тарауы арналады. Ақын өзін көркем сөз шебері ретінде де ақылды ардақтап, білімді дәріптеу негізгі міндетім деп біледі. Ақыл адамды басқалардан жоғары көтеріп, даңқын асырады. Нуширвандай өлмес даңққа ие етеді. Егер табиғатынан патша ақылды дана болып туса, ол – халқының бақыты, тағдырдың сол елге берген баға жетпес үлкен сыйы. Ақыл – кәметке жеткен адамға тән қасиет. Ақыл тоқтатпаған жас бала мен буыны босап, алжи бастаған шалдан ақылды іс күтуге болмайды. Ақыл – тәуелді – төмен топтың адамын да асыл жандар қатарына көтере алады. Ақылды ер – қарапайым қарадан шықса да қадірлі мырза, өзінен-

өзі таңдаулы тақсыр санатында болады. Білімді адам ешкімге тәуелді болмай-ақ, өзіне тамақ пен киім табады. Білімге жетелейік, білімнің қадірін білейік, білімді болсақ әркімге де қажет адам боламыз.

«Құтадғу біліктің» осы бір келтірілген жолдарын ағартушылық идеяның орта ғасырлық ең тамаша үлгілері демесе болмайды. Әсіресе ХІХ ғасырдағы Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбаев сияқты қазақ ағартушыларының пікірлерін Жүсүп Баласағұнмен сабақтастыратын да осындай жолдар сияқты. Баласағұн да заманында надандық пен тоғышарлыққа оқу, білім, өнерді қарсы қойған заманының ақылгөй ағартушысы, озық ойшылы. Бұл жағынан да ол – кейінгілерге ұстаз. Ақылды адамға жат мінез-құлықтарды атап көрсетіп, оны сынауы жағынан да Жүсүп дастаны заманындағы адамдарға, ел басы ұлықтарға ғана өнеге болып қоймай, кейінгі ақын ұрпақтарына да үлгі болған деуге болады. Жүсүп ақылға қарама-қарсы ашуды, зұлымдықты, өтірікшілік-жалғандықты, қызғаншақтық пен пейілсіздікті, арамдық пен мейірімсіздіктерді қояды. Ел үшін еңбек етер, ақыл иесі ер азамат бұл сияқты жағымсыз мінездерден таза болса екен деген арманын білдіреді.

Жүсүп Баласағұн өз дастанында өнер-білімге қажырлы еңбек пен зор талаптылық қана жеткізетінін ескерткен. Ол өзінің ақыл-кеңестерінде Абай Құнанбаевқа ұқсас түйіндер жасап былай деген.

Талапты ер жалықпас,  
Талапсыз өмір жарытпас.  
Еңбекпен барлық қажетің табылар,  
Еңбексізер қызықтан да жалығар.  
Біліммен адам толығар,  
Білім оны зор қылар...  
Ақылымен ғана адам хайуаннан ажырап,  
Ақылымен ғана ер – әділет үшін құрбандыққа шалынар.

Адам өзінің адам деген атына лайық қайырымды болмақ! Адам адамға дос болып тату-тәтті өмір сүрсе, қой мен қасқыр бірге жүргендей жайлы өмір орнар еді, – деп татулыққа, ағайыншылыққа үндейді. Өмірдің қасиетті парызын адамның адамға жақсылық жасауы деп ескертеді.

Өмір жолы көрген түспен тең,  
Ғажайып, бірақ ұзақ емес.  
Өмір қымбат болса да өлшеулі,  
Жақсылық жаса, қайырымды бол.

Ұлыққа да, құлға да өлім болар қақ,  
Түбінде бәрімізге тағдыр ортақ.



Күшің барда жақсылық қыл,  
Бәрімізге қаза көрі қазулы тұр.

Жеке адамның тарихи рөлін бағалауда да Жүсүп пен Абай пікірлерінде ұқсастықтар кезігеді. Мысалы:

Біз малмыз, одан өзге данышпан,  
Біз қойша шұбырдық, шопан соңынан.

Құмарлық, махаббат, сұлулық туралы ойларында да толып жатқан ұқсастықтар ұшырайды.

Өркім де білер бұл дүниеде  
Сүйген жардың мінсіз боларын  
Ғашықтың көзі көр болар,  
Көрмейтін өзге дүниені.

Абайдың кедей-кепшікке қарасуға үндейтін сөздерімен дастанның мына жолдарын салыстыруға болар еді.

Пақырға қарас, мейірімді бол,  
Тағамың болса, аяма, ашыққанды тойындыр.

Адамның мінез-құлқын бейнелеуде де бұлардың ойлары тамырласып жатады. Ақылға мінез сауыт болады. Ақылды адамға байсалдылық керек деген ойлар айтады. Қызғаншақтық, ашушандық, өзімшілдік мінездерге қарсы ақылдылықты, әділеттілікті қояды.

Ашу адамды ақылдан айырады,  
Ашу үстіндегі мейірімді адамның, өзі – зұлым.  
Зұлым адам ұзақ өмір сүре алмас,  
Өзінің зұлымдығы оны жұтар.  
Зұлым (адам) бақытты да, қуанышты да білмес,  
Тек мейірманды адам ғана дегенге жетер.

«Құтадғу білік» қазақ халқына ертеден таныс шығарма болғанын танытарлық деректер өте көп ұшырайды. Көктемнің көркін жырлауы, өнер-білімді уағыздауы ақыл-нақылдардың төркіндерінің қазақ ауыз әдебиетіне тоғысар тұстарын, адамның өмірін, жас ерекшеліктерін жырлайтын жолдары, жастыққа кәрілікті қарсы қою, айтыс формасын қазақ поэзиясымен туыстастырар фактілер.

Жастық өмірдің ең жақсы өрнегі,  
Шындық пен мейірімділік болсын көргені.

Жастықты мәңгі бермеген,  
Ақылсыз ер өтерін оның білмеген.

Кәрілік кеп тұр есікке,  
Маған жетті, сен де тұрсың есепте...

Қырық жас болды шекара,  
Жел боп шыққан оңынан,  
Елу жас келді өңмендеп,  
Әжім басты өнімді.  
Алпысқа қуып тастардай...  
Күн санап қайрат кеміп тұр...  
Не жаздым саған жастық шақ,  
Алпысқа қуып тастардай.

Халық арасына кең тараған «Алтын жима, ақыл жи, иілместі алтын еңкейткен. Қанағатсызда тойым жоқ, қанағатсыз патшадан, қанағатты кедей артық» деген сияқты мәтелдер «Құтадғу білік» беттерінен сол қалпында сақталған. немесе:

Биік таққа отырған ақылсыз,  
Тақ қадірін кетіретер.

Ақылды ер есіктен орын тепсе де,  
Биікке өзін көтерер.

Шығыс зерттеушісі В.В.Бартольд те Жүсүп дастанына көңіл бөліп, оның маңызын ерекше атаған. Онда парсының дидактикалық әдебиетінің әсері бар және автор жергілікті түркі халықтарының нақыл сөздерін, ауыз әдебиетінің образдарын жақсы пайдаланған.

Өзінің философиялық лирикаларында дастан авторы кәрілікке қарсы пікірлер қозғайды. Бұл Орта Азия әдебиетіндегі дәстүрлі форма болатын. Рудаки, Яассуилер, тағы біраз ақындар кәрілік туралы өлеңдер шығарғанды. Қазақтың кейінірек жасаған бірнеше ақындары да кәрілікті жыр еткені әркімге мәлім.

Осы сияқты, қазақ әдебиетінде сақталып келген «Наурыз» жырларына ұқсас көркем жыры, табиғатты суреттеулер кездеседі. Көркем табиғаты жібекке, түрлі әшекейлі бұйымға салыстырылып, көтеріңкі жырланады. Көгі мен көлі мол шексіз дала, аспанмен таласқан кең алқапты заңғар таулар, көктем табиғатының көз тұтар әсем суреттері өте тартымды және ол адам баласы мен жан-жануарлардың шат көңіл-күйіне бөлене сипатталады.

С.Е.Малов осы дастанның мазмұны туралы бір маңызды ескертпе жасаған. Ол Жүсүп Хас-Хожибтің шығармасы «Құтадғу біліктің» «Көктем сипаты» деп басталатын (14 тармақ) жолдарын қазақ ақыны



Шәңгерей Бөкеевтің өлеңімен салыстырады. Шәңгерейдің Көлболсыны, оның бетінде дамылсыз қанат қаққан құстарды бейнелеуі, сол Жүсүп шығармасына үндестік белгі деп таныған<sup>64</sup>.

Асылы наурызда туған жер табиғатын жырлаған Шәңгерей өлеңдерінде сөз болып отырған ескі шығармаға кейбір ұқсас жолдардың ұшырауы кездейсоқ болмаса керек. Бірақ бұл әлі жете дәлелденбеген жай. Оның үстіне мұндай өлеңдерді басқа да ақындардан табуға болады.

«Құтадғу біліктің» мазмұнында қазіргі қазақ түсінігіне қонымды жолдар аз емес. Әсіресе, Айтолды мен Әлибек арасындағы кеңестер ақыл, өсиет, нақылдарға толы.

Тумақтың өлмегі бар,  
Тәңірдің қалағаны болмағы бар.  
Өмір деген өткінші желдей есер,  
Оны кім тоқтатып күшін басар?

Дастандағы осы бір даналық сөздер кейінгі кемеңгер ақындарымыздың өлеңдеріне де ұқсап жататын сияқты. Мысалы, Абайдың өсиет өлеңдерінде осы жолдар көп өзгеріссіз қайталанып отыратынына таң қалмасқа болмайды. Дастан авторы тілдің маңызын түсіндіруге талай тапқыр сөздер қолданған. Тауып айтқан сөз ақылдылық куәсі, ал ақылды сөз адамға бақыт, жұғымсыз сөз адамға қасірет әкеледі, сондықтан, адамның өз тілі өзіне бірде дос, бірде қас, тіліңе сақ бол, әр сөзді ойлап айт, сөзге мән бермесең, басың кетеді, – дейді. Қазақтың мақалаларында: «Жақсы сөз жарты ырыс», «Адам тілі тас жарар, тас жармаса бас жарар», болмаса «Ауру – адамның өз тілінен» дейді. Бұл нақылдың барлығы әрине, «Құтадғу білікте» жазылғандай, ерте заманнан мирас болған, бір арнаға түскен алтын ойлар. Олардың түбегейлі сарыны адамды адастырмау, оны тежеп ойға түсіру, ақылды іс істеуге шақыру.

Дастанның «Білім және шешендік туралы» тарауында да мынадай ақылды сөздер кездеседі:

«Тіл адамды көкке көтереді, сол арқылы ол бақытқа жетеді. Сондай-ақ адам өз тілінен жаза да тартады, басын да жояды. Тіл – арыстан, ол босағанда жатыр, сақ бол одан, ол алдамшы, басыңды алып түсуі де мүмкін. Мазанды ала берсе, тіліңді кес. Сақтанып сөйлесең басың өзінде қалар.

Сақтық қылсаң тіліңе, бұзылмайды тісің де. Жақсы болғың келсе жаман сөз айтпа. Көп сөйлеме, аз сөйле. Он мың сөздің түйінін он сөзбен шеш. Адам екі нәрседе қарымайды: бірі – ізгі іс, екіншісі – ізгі сөзі. Адам өледі, сөзі қалады, сөзімен бірге өзі қалады. Өлмей өмір сүре бергің келсе, жақсы іс пен дана сөз қалдыр. Адам көркі – сөз. Адамның сәні бетінде – беттің сәні көзінде. Ой көркі – ақыл, сөз көркі – нақыл.

<sup>64</sup> С.Е.Малов. памятники древнетюрк. Письмен. М. – л., 1951. Стр. 240.

«...Ақылмен іс қылған бек елге де сүйкімді болады. Осындай ақылды басшы Әлибек еді. Өзі әмір жүргізіп тұрған шақта мұның шаққан-ды. Сондықтан да оны елі сүйіп еді. Ол зұлымдар мен бұзықтарды халық арасынан аластап еді. Осылайша сақтықпен іс қылып, халқына әмірін жүргізіп еді. Сондықтан оның тұсында қой мен қасқыр бір жүретін, біріне бірі тимейтін. Мұны есіткен жаулары өздері келіп, бас иіп, оған қосылып жататын. Күн санап ел бақыты өсе берді. Халық түгел бақытқа жетті. Бұның бәрі ел басшысы бектің мейірімділігінен, жақсылығынан, рақымдылығынан болған еді. Бегің рақымды, қарапайым болса, елді жақсы басқарса, әділ болса, ерге де елге де ең жоғары бақыт сол болады. Осындай адам Әлибек еді. Сондықтан оның әмірі кезінде барлық жерге, көп елге жүріп тұрған еді...»

Ұлық – заң берер, ғалым – білім берер,  
Кей ғалым сөзі патшадан да, оның заңынан да болар мықты.

Ғалымды патша ұлықтардан да жоғары қоюы – нағыз озық пікірдің жемісі. Ақылмен іс қылуды көкसेген жазушы ұсынар пікірлердің түп төркіні әділетті билікті, бақытты өмірді аңсау: «Өз бақытыңа өзің қарсы шыққың келмесе, ешкімге жалған сөйлеме, жамандық қылма!».

Дана адамның сөзі де, ісі де бір жерден шығады. Ол барлық жағынан әділет үлгісі болуға тиіс деп біледі. Тауып айтылған өнегелі сөзге берер бағасы зор: «Алтын мен күміс байлық емес, тауып сөйлей білген байлық. Дүниеде ешнәрсе де баянды емес, тек жақсы сөз ғана баянды».

Бұл сияқты халқымыздың: «Жақсы сөз жарым ырыс, Сөйлей білмеген сөз қадірін кетіреді. Өзінен кейін жақсының сөзі қалар», – деген қанатты сөздерімен сабақтас.

Жүсүп Баласағұн өз сөзін өте жоғары бағалайды. Өмірдің өткіншілігін, болымсыздығын айта келіп, өзі кетсе де сөзінің қалатынына сенеді.

Жасаған Алла адамға сөз берді,  
Биіктен орын тепсін деп.  
Ақылды берді шексіз білім тапсын деп,  
Жер бетіне жарық шырақ жақсын деп.  
Алла бізге ар-ұятты беріп еді,  
Зұлымдық пен залымдықты жойсын деп.

«Құтадғу біліктің» ең ескі нұсқасы – Каирдағы жазба. Ал Гераттық (Венадағысы) және Наманғандық (Ташкенттегі) түрлері кейінгі кезге жатады. 1890 жылы Ресейде академик В.В.Радлов оның бір ғана веналық (гераттық) вариантын жариялағанды<sup>65</sup>. Радлов өзінің түсіндірме сөздігінде бұл дастанға жоғары баға берді. Оның бір кездегі тарихи

<sup>65</sup> В.В.Радлов.Кутадгу билик. Факсимиле рукописи императорской и королевской придворной библиотеки в Вене., СПб., 1890 г., стр. 11.





оқиғалар негізінде туған әдеби шығарма екенін айта келіп, дастанға бастан-аяқ екі жолды, 11 буынды өлеңмен жазылған ғибрат сөз, шебер афоризмдер деп санады.

Мен шірімес сөзді тілеймін,  
Ұрпақтардан артық жасайтын.  
Басындағы шашың ағарса,  
Әрекет-ісінді де тезірек ағарт...

Жүсүп дастаны берер ақылдардың шегі жоқ. Адамгершіл, гуманист және ағартушы ақынның ұсынар талап-тілектері шетінен мәнді, маңызды нақылдар.

«Құтадғу білікті» біз дидактикалық шығарма делік. Оның әрбір жолы тұспал афоризмге толы келеді.

Нағыз адамдықтың белгісі – кісілік. Екі аяқ жүру үшін берілген. Адамның өзі қымбат емес – адамгершілігі қымбат. Ізгілік – ізгілікпен қайтады, адамгершіл – адамгершілікпен қайтады. Ұялған адам шын іске көшеді. Бар пәледен ұят сақтайды, барлық істің байламы да ұят. Бұл жалғанда бұзатын арсыз адам (арсыздық). Құрмет (сый-құрмет) берерде Алла әуелі ұят береді. Ұят – жаман ойдың жүгені. Жақсының аты жатпайды. Атың өтімді болса, өмірің татымды болады. Атақты келсе (кірсе) атып тұр. Игілікпен атыңды мәңгілік қыл. Құр атақ қуған ер өзінің түбіне жетеді. Ер қанша көтерілсе, қамы сонша көбейер. Басы қанша үлкейсе, сонша үлкен бөрік киер. Өзің мәңгі болмасаң – атың мәңгі, атың мәңгі болғанда, бойың сәнді. Қадірлі кісі қартаймас. Арзан нәрсе жерде жатар, парша жібек төрде жатар. Жұпарды жасырғанмен иісі білінеді. Ақыл көркі – (ойлы) сөз, тілдің көркі – сөз, адам көркі – жүз, жүздің көркі – көз. Не ексең, соны орасың. Құлықсыз адам қадірлінің құнын түсіреді. Жер шұқыған, құдықтан (су) ішеді. Тастақ жерде от (шөп) болмас, қышыма тонда ұят болмас. Ағын су тоқталмайды, жүйрік тіл тоқтамайды (бөгелмейді). Бақыт баяндап тұрмайды, тіршілік тоқтамайды. Ердің аты айқаста шығады. Құс қанатсыз ұшпайды. Қол қосылса, ерлік-бірлікпен, ұлы таудың басын жерге тигізер. Кісі игісі – ел жүгін көтереді. Көзінің сұғы болса, өзінің түгі болмайды. Сараңдық – емі жоқ ауру. Сараңдық күш алса, қуаныш азаяр. Сен дүние-малға сұқтансаң, өлім саған сұқтанады. Аш адам ішіп-жеп тояр, ашкөз өлгенде қояр. Атыңды шығарам десең, асыңды сыйла. Сараңға қызмет етсең, өмірің (еңбегің) босқа кетеді. Не сұраса, соны бер, берген алар. Дүние үшін өзінді отқа салмай, біреудікін күшпенен тартып алма. Күмісті көріп көңілі бұзылмаған адамды нағыз періште де. Өз пайдасын ойламайтын адам басқаға (қандай?) пайда келтірер? Жомарт – малға қайғырмас, білімді – істе жаңылмас. Ақылды болу сараңға да жарасады. Жай адам жесе тоқ, сараңға тойым жоқ. Сараң бай сорлы құлдан да төмен. Көзі тоймайтын адамды дүниенің (түгел)

байлығы да тойдырмайды. Тәкаппар адам- жұмаққа шықпас. Өзімшіл (тек) өз пайдасын көздейді. Елге жүк артпай, өзің жүкті бол. Кісі қылығымен танылар. Көңіліңді төмен тұт, асқақ ойды қуып таста. Құрмет кейбіреуді тәкаппар етеді. Мақтанған тілде – мың пәле. Ашу қысса – аузыңды жап. Асығыстан без, салмақты бол. Ашу-ыза – ақымақтықтың белгісі. Қорқақ (бір) адам қалың қолды бұзады, берекесін қашырады. Еріншектің түрі де жиіркенішті. Күндеуіштік – көп емдеуді талап ететін ауру. Қызғаныш қайда болса, ұрыс сол жерде. Арақ ішкен – ақылын ішеді. Шарап ішсең – кедейлікке жол ашылады. Шарап ішпе, дауға кіріспе. Шарап деген білім мен ақылға жау. Мас кісіден ақыл жоқ. Қарынға шарап барса, сөзді сүйреп шығарады. Құмарлықтан арылсаң – қисық бойың түзелер. Құмар қуған (құмарлықпен есі кеткен) – құл болады. Бәлеқор жаныңда болса, бәледен бас алмассың. Ұрының қасында ұры жүреді. Жарамсақтың жолы жіңішке. Көп күлген бір жылар. Көз – жіті, құлақ – сақ, көңіл – кең болу керек. Көз қайда түссе, көңіл де сонда. Көз көрмей, көңіл тоймас. Кісі көңілі – түпсіз теңізбен тең. Көңіл сүйсе бір нені, түгел сүйіп жүргені. Көңілді сөзден адам күпінеді (өседі), қырсық – ыстық сөзден ісінеді. Көңілді (көкіректі) төмен тұт, жүзінді ашық тұт. Көңіл мен тілді төмен (тежеп) тұт. Дүниенің барлық жомарттығынан да күле қараған (ажар) артық. Тілектің шегі болмайды, тілсіздің сөзі болмайды. Өкпе-реніш адамның өзінен көп жасайды. Қайғы басқанда (басыңа іс түскенде) ағаш атқа жайдақ мінерсің. Тарығып жүрген – сүрінер, қамығып жүрген – қуанар. Сағыныш түбі – сүйініш. Рақат іздесең – бейнетінен қорықпа, қуаныш іздесең – қайғысынан қорықпа. Істің басы қуаныш болса, аяғы бейнет. Басы бейнет болса, аяғы қуаныш (зейнет) болар. Дүниеде тек бір құдай мұнсыз... .

Осы сияқты нақылмен келетін сөздер дастанның басқа бөлімдерінде де өте көп. «Сүйкімділік пен ғашықтық сипаты туралы», «Қол басы батырлар бағасы», «Елшілер туралы», «Саудагерлер туралы» бөлімдер адамгершілік, ғибрат сөздерге толы. Дастанның кейбір бөлімдері халық тұрмысын, таптық қайшылықтарды да әңгіме етеді. Онда күйзелген халықтың қайғылы халі көрінеді.

«Құтадғу біліктің» тіл көркемдігін арнайы зерттеген А.А.Валитова дастан стилінің біркелкі емес екенін, оның әрбір бөлімі өзінің көркемдігі жағынан әр алуан деп атап көрсетеді.

«Дастан стиліне дидактикалық ғақлия, философиялық поэзия мен публицистикалық аңыздау тән, оның көркемдік құны да осынысында»<sup>66</sup> – дейді зерттеуші.

Дастан негізінен екі жолды шумақтардан тұрады. Оның сөздері қазіргі тілімізге аудармасыз да түсінікті.

Ауыздан бірде от, бірде су шығар,  
Бірі жанса, бірі сөндірер.

<sup>66</sup> А.А.Валитова О некоторых поэтических особенностях «Кутадгу билик», М., 1960, стр. 11.



Аққан су – ол жақсы сөз,  
Қайда ақса, сонда гүл өсер...

Осы келтірілген өлең жолдары ақыл беріп, білімді болуға, ақылмен іс қылуға, сөз күшін бағалауға үндейді.

«Құтадғу білікте» Бограханға арналып айтылған мақтаулармен бірге басқа да көптеген нақылдар бар. Онда хан өз тұсындағы қоғамдық топтарға қалай қарауға тиіс, мұның хандықтың нығая түсуіне қаншалықты пайдасы тимек деген сұрауларға жауап беріледі. Оның ішінде керуеншілер, саяхатшылар, егіншілер, малшылар, қолөнершілер жайлы, шаруалар мұңы туралы айтылады. Бұларға адамша қарап, олармен санасып отырса ғана ханның даңқы арта береді дейді ол.

Саяхатшы, керуенші  
Алыс жерде жүрмесе,  
Інжуді кім табар еді.  
Олардың бәрін ішке алып,  
Аралассаң қажет табылар  
Солармен ғана, сенсеңіз,  
Даңқың жұртқа жайылар, –

деп поэманың авторы Бограханға сауда-саттық адамдарымен санасып, сыйласып отыруды ұсынады. Осындай ақылды автор – шеберлер, ұсталар, елшілер, тасшылар, оқшылар, шешендер, қолбасылар турасында да айтады.

«Адамның тағы бір түрі шебер, өмір қажеттерін табу үшін, олар қолдан өнер шығарады. Бұлардың бәрі де саған қажетті адамдар. Өзіне тарт, олар саған пайда келтіреді», – деп үгіттейді.

Ауыл шаруашылығы кәсібіндегілер (егінші, малшылар) туралы да автор осындай ақыл айтып, ханның бұларсыз күні жоқ екенін, сондықтан оларға да адамша қарауға тиіссің деп ескертеді.

Бограханға елді басқару әдісі мен жаулап алған жерлерге тәртіп орнату тәсілдері жөнінде де ақыл айтылады. Елді өз қолында ұстау үшін бірыңғай күш қолдану, қылыш жұмсау жеткіліксіз, қол астындағы халыққа ақыл айламен айтқаныңды істете білу керек деген пікір білдіреді.

Қылыш ел тоздырар хәм бұдан қазалар,  
Ел тозар хәм қазына азаяр...

Әркім, туған нәрсе өлуі керек,  
Әр нәрсенің аяғы тәмәм болмақ, –

дей келіп, адам баласы ізгі ниетте болуға тиіс, өлім хақ, тірлікте қаншама

асып-тасқанмен түбі бір өлім. Сондықтан да ел-жұрттың қамын ойла, дүниеқорлыққа салынба деген тұжырым жасалады. «Кісілігімен атын көтереді кісі», – дейді ол.


Адамға ақылмен іс қылу ең ардақты қасиет, ал ақылсыз адам – жеміссіз ағаш, ол ешкімге пайда бермейді. Ел бірлігі нығайса, хан билігі күшеймек, ел бірлігі ең жақсы қорғаның, аш-жалаңашқа қарас деп үгіт айтады. Жүсүптің бұл пікірлері оның моральдық көзқарастарын танытады. Ең алдымен, елге, халыққа жайлы болып, адамшылыққа сай іс қылуды нұсқайды. Ел дәулетін арттырып кәсіп иелеріне дұрыс қарауға шақырады.

«Құтадғу білік» орта ғасыр ескерткіштерінің ең көлемді және көркемдігі жағынан зерттеушілерін таңдандырған әдеби көркем туынды. Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген түркілердің көне мәдениеттерінің жарық жұлдызы деп атарлық әдеби мұра. Бұл өлкенің бір кездегі өркендеген мәдениетін танытарлық тарихи куә, тамаша ескерткіш. Орта ғасырдағы көптеген ру, тайпа тілдерін бір ізге салып, қалыптасуына, әдеби тілдің негізін қалауға зор үлес қосқан дастан. Түркі әдеби тілінің даңқын зорайтып, кейінге жеткізген де осы сияқты көне ескерткіштер болып отыр. Дастан тілінің кейінгі әдебиетке де әсері тиді. Алтын Орда, Хорезм, Сыр бойы көне қыпшақ әдеби өмірі «Құтадғу біліктен» алшақ кетпейді. Керісінше, содан нәр алып, өркендейді. «Құтадғу білік» – Орта ғасыр түркілерінің таңдаулы мұрасы. Оны кезінде «киелі» кітап тұтып, үстем тап өз мүлкі, жеке меншік мұрасы тұтқан. Қазіргі оқушы оны, әрине, тікелей оқып кете алмайды. Бірақ ерте кезде дастан тілі сол тайпа түркілеріне түсінікті әдеби тіл болып өмір сүреді. Бұл шығарма қазіргі қазақ әдеби тілінің негізін, әдебиеттік ескі арнамыздың көзін танытатын мирас. Әлемдік мәні әйгілі, түгел түркі халықтарының мақтанышы дерлік мұра, жазба әдебиетіміздің ең ілкі тұлғалы шығармасы. Орта Азия мен Қазақстанның ескі тайпалары қалдырған орта ғасырлық ортақ мәдениет үлгісі. Жазба әдебиетіміз тарихында лайықты орны бар ескерткіш.

Жүсіп Хас-хожыптың «Құтты білік» атты дидактикалық дастаны қазақ зиялыларына таныс шығарма болғанын біз жоғарыда ескерттік. Қолыңыздағы кітаптың авторы 1960 жылдардан бастап, аталмыш дастанды тұрақты зерттеп, оның мәні мен маңызын танытумен үздіксіз айналысып келеді. Әуелі мақалалар жариялады, кейбір мәтіндерден үзінділер аударып бастырды. «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» (1967) зерттеулерінде арнайы тарау берді. Оқырмандарын орта ғасырлық ескерткіш әбден таныстырды және оны оқулықтарының бәрінде де толық талдаулар жасады. (1975, 1986, 1989, 1997 жылдарғы оқулықтары).

Бұған қоса ақын Асқар Егеубаевтың толық аудармасы шығып, дастанды тани түсудің өрісі кеңейді.





## АХМЕТ ЙҮГНӘКИ

XII ғасыр әдебиеті тарихында аты мәлім есімдердің бірі. Оның толық есімі - Әдиб Ахмет Махмұдұлы Йүгнәки екен. Йүгнәкидің әкесі - Махмұдтың негізгі мекені Түркістан маңы, Махмұдтың өзі де ақын жанды, сергек адам болған. Ахметтің туған жері де сол Түркістанға қарасты Йүгнәк деген қыстақ. Оның Йүгнәки аталуының өзі де сондықтан. Қазақтар ол жерді Жүйнек деп атап кеткен.

Ахмет Йүгнәки жас шағынан араб, парсы тілін игерген, өз кезінің оқыған, білімді адамы саналған. Йүгнәкиден бізге жеткен шығарма - оның бір ғана «Хақиқаттар хадисі» немесе «Шындық сыйы» (арабша аты-Хибат-ул-Хақайк). «Хақиқатта» адамгершілік, әділеттілік, білімділік, ақыл-парасаттылық сияқты өнегелі тәлімдер дәріптеліп, адамшылыққа жат іс-әрекет, мінез-құлықтар сыналады. Білім жөнінде, тіл туралы, сактық, әдептілік, дүниеқорлық тағы басқа мәселелер туралы пікір қозғалады. Автор кітапты жазу себебін және қай тілде жазып отырғанын, өзінің аты-жөнін хабарлайды. Өзі өлсе де, даналық сөзінің қалатынына сенім білдіреді.

Атым Ахмет, ғылым сөзім,  
Кетсем де өзім, қалады сөзім.  
Өмір озып, келеді көңіл күзі,  
Талғандай болады екі көзім.  
Соның үшін шығардым түрікше кітаб,  
Керек болса тәлім, дос кітаб.

Әдиб Ахмет Махмұдұлы Йүгнәкидің «Хақиқаттар қадисі» - дидактикалық сарында жазылған, дәуірінің моральдық нормаларын уағыздайтын маңызды дастан. Ол - Баласағұндық Жүсіптің «Құтадғу білік» атты даналық кітабы тәріздес түркі тілді халықтар әдебиетінің баға жетпес көркем туындысы. Дастанның мазмұны 14 тарау, 235 бәйіттен құралады. Алғашқы үш тарауында сол кездегі дәстүрге орай аллаға, пайғамбарға, оның төрт сахабасына құлшылық етуден басталып, шығарма Датбек деген шахтардың біріне бағытталады. Төртінші тарауында да Датбектің адамгершілігі зор, әділетті басшы, ақыл иесі дана, қайырымды шах болғаны дәріптеліп, дастанның жазылу себептері түсіндіріледі. Ақынның негізгі мұраты – бесінші тараудан бастап баяндалады. 5-8 тарауларда түгел дерлік білімнің пайдасы түсіндіріліп, адамгершілік ақыл-өсиеттер айтылады. Адам ұстамдылық, ақыл-парасаттылығымен әділет үшін еңбек етіп өсуі керек, тіліне сақ болып, орынсыз сөз айтпай, басқаны жөнсіз тілдемей, дос-жарандарымен өмір кешуі орынды. Себебі дүние пәни, бүкіл ғаламда өзгермей бірқалыпта тұратын ешнәрсе жоқ, өткінші өмірде жауыздыққа орын бермей, жақсы өткізген абзал. Кейінгі

тарауларда ақын дүниекорлық, мал-жанды пендешілікті сынға алады. Опасыз, нәтижесіз бос өткен өмірге қарсылық білдіреді.

Дастанның түп нұсқасы бізге жетпеген. Нажиб Осим деген түркі ғалымы 1916 жылы жариялаған көшірме нұсқа Стамбул кітапханасынан табылған. Ол - София мешітінде сақталған. 1480 жылы көшірілген нұсқасы. Бұл кітапты соңғы жылдары Е.Бертельс пен С.Малов сияқты кеңес түркологтары тиянақты зерттеп, пікірлерін айтып келді. Қазір Ахмет Йүгнәкидің осы дастаны өзбек әдебиетінің оқулығында да толық талданып жүр. Шығарма өз кезінде қолданылған араб және ескі ұйғыр жазуларымен жазылған.

Өзбек ғалымы Қ.Махмудов 1972 жылы «Ахмет Йүгнәкидің «Хибатул хақойық» асари хақинда» - деген атпен академиялық нұсқасын және өзінің лингвистикалық талдау еңбектерін жариялады. Бұл қазіргі түркі тілдерінің бірінде, кеңестік өзбек топырағында туған ізгі істің нәтижесін танытты. Йүгнәки кітабының ол алғаш транскрипцияланған мәтінімен таныстырды<sup>67</sup>. Ол 1971 жылы «Хибатул хақойықтың» өзбекше аудармасын шағын кітапша көлемінде Ғафур Ғұлам атындағы көркем әдебиет баспасынан көп тиражбен қалың оқушы жұртшылыққа ұсынған болатын. Бұл - ескерткіштің қазіргі оқушылар үшін де пайдалы екендігі ескертерлік жағдай.<sup>68</sup>

Ахмет Йүгнәкидің аты қазақ арасында да мәлім. Оны Жүйнек маңы өз ақынымыз деп санайды. Кейбір сөздерінен мысалдар келтіріп айтушылар да табылады. Ахмет Йүгнәкидің аталмыш шығармасы қазақ тілінде бөлек кітап болып, 1985 жылы ғана шығып отыр. Ә. Құрышжанов пен Б.Сағындықовтар шығарма мәтінін сөзбе-сөз аудармасын және қазіргі қазақ өлеңіне айналған мәтінін жасап бастырған. Мұны көне мұрамызды игеруде жасалған ізгі қадам демекпіз<sup>69</sup>.

С.Е.Малов кітабында да Йүгнәки еңбегінің мазмұны түгелге жақын берілген.

Йүгнәки шығармасының кейінгі жылдары Абдураззақ Бақшы нұсқасы, одан басқа да бірнеше көшірмесі табылған. Олар - Хират көшірмесі (ұйғыр әліппесінде), Түркиядағы арабша көшірмелері. Ал, Рашид Рахмет Арат деген зерттеуші дастанның бір нұсқасын Берлин кітапханасында ұшыратқан. Ахмет Йүгнәки шығармасының нұсқалары және олардың бір-бірінен айырмашылықтары туралы Қ.Махмудов пікірлері дәлелді. Ол өзінің жоғарыда біз көрсеткен «Ахмет Йүгнәкидің «Хибатул хақойық асари хақинда» кітабында автордың өмірі туралы да пікір айтады. Ахмет жастай соқыр, ғаріп адам болған дейді.

Қ.Махмудов еңбегі - негізінен лингвистикалық зерттеу. Шығарманың фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктеріне ол баса көңіл аударған. Соған қоса шығарманың арабша көшірмесінен, транскрипциясынан,

<sup>67</sup> Қараңыз: Қ.Махмудов. «Ахмет Йүгнәкидің «Хибатул хақойық» асари хақинда» Ташкент, 1972.

<sup>68</sup> «Ахмет Йүгнәки. Хабитул хақойық. Ташкент, 1971

<sup>69</sup> Ахмет Йүгнәки. Ақиқат сыйы. Алматы, 1985



сөздігінен түсініктер берген. Бұл сөз жоқ, біздің түркітанушылардың айтарлықтай табысы, ескерерлік еңбегі болып отыр.

Ахметтің дінге табынып, Мұхаммед пайғамбарға, оның төрт сахабасына сиындан басталатын осы шығармасы Датбек дегенді де дәріптейді дедік. Бұл - дастанның кіріспе бөлімінің бір кездегі дәстүрді сақтағанын көрсетеді. Екінші бөлімде білімнің пайдасын түсіндіріп, ақыл-өсиеттер айтылады.

Білікті ердің өзі өлсе де, аты өлмейді,  
Біліксіз екенсің атың да өледі.  
Білікті біреуге - біліксіздің мыңы,  
Тең келе алады, біліктіге білімі тең,  
Біліммен әлем жоғары көтеріледі,  
Біліксіз ер төмен шөгеді,  
Білікті кісі білер ол істің көзін,  
Біліп істер жұмысты, өкінбес кейін..

Мейірімді, пейілді адамды ақын ардақ тұтады. Адамгершілігі зор, қайырымы мол адам әрі білімді, әрі мейірімді болса деп армандайды.

Мырза ерді мақтағын, егер мақтайтын болсаң,  
Саранды өткір өленмен жазала, егер жазалар болсаң.  
Езілмейтін көңілді мырза ер жібітеді,  
Жете алмайтын мақсатқа ер жетеді.

Адам өз тіліне сақ болып, парасатты болуға тиіс деген ойды айтады.

Тілінді мықты тұққын тісің, сынбасын,  
Егер шықса сыртқа тісіңді сындырар,  
Ойлап сөйлеген әр сөзі - сөз турасы,  
Көп шатасқан тіл аяусыз жау.  
Сөзіңді бос қойма, жинап, тұр тілінді.  
Жейді басты бір күні тілдің бостығы,  
Ақылды болар ма тілі бос кісі,  
Көп басты жеді бұл тіл, сөздің бостығы.

Үшінші бөлім бүкіл ғаламның дәйім өзгерісте болатынын, бірқалыпта тұратын еш нәрсенің жоқ екенін баяндайды. Төртінші бөлімінде жомарттық пен сарандық сипатталып, опасыздық пен дүниеқорлық сыналады. Кейінгі бөлімдерінде тәкаппарлық пен кішіпейілділік сөз болып, адамның ең жақсы қасиеттері ардақталады.

Ақынның пікірінше, жақсы адам малқұмар болмайды... мал үшін басқаның қанын төкпейді, себебі, «қанмен қанды жуып тазартуға болмайды».

Ахмет ұсынар ақыл көп. Оның кейбірі халықтық нақылдарға да ұқсайды. Адам өзінің жақсы ісімен басқаға үлгі болуы керек. Егер бай болсаң, жоқ-жітікке қарас, жыртығын бүтінде. Егер бек болсаң, жай



адамға қиянат етпе, қайта оларды қиындықтан құтқаруға күш сал. Саған біреу жамандық істесе, сен оған жақсылықпен жауап бер. Бұл адамшылық нысанасы, «мұны ұмытпа! Біреудің жақсы ісін сезсең, оны ардақтай біл, күнәліні кешіре біл! Жауыздықтың тамырына балта шап, оны аластай біл! Қайғы-қасіретсіз, тыныш өмір сүре біл! Өзіңе де, өзгеге де жақсылық тіле! Ұятыңнан бір айрылсаң, оны қайырып болмас. Бал бар жерде - ара да бар. Балдан бұрын араның уын татарсың. Дүние - қоңыз, бүгін бар да ертең жоқ. Дүниеден кім өткен жоқ, бай да, батыр да, неше бір даналар да өтті. Олардың біраз сөзі, қадірлі аттары ғана қалды. Білімді адам біліп іс қылады, біліп істеген іс өкінішсіз болады.

Ақынның нақылдарынан тағы біраз мысалдар келтіре кетелік: Бөрікті кию үшін ең алдымен бас керек. Атлас арзан, бөз қымбат, көбейіп кетсе (кеп сейлеу) сөз арзан. Алды қозғалған керуеннің арты кідірмейді. Ең жақсы әдет - мырзалық, ең жаманы - сарандық. Ала білгенмен, бере білмеген қол құтсыз. Саранның қолы берерде қалтырайды. Ашкөздің көңілі малға тоймайды. Кең пейілі жоқ кісі - мәуесіз ағаш секілді. Сараң жер жүзі малын жиса да тоймайды, қос уыс алтын берсең, үш уыс сұрайды. Берместің қолы бермеуге берік келеді. Телегей-теңіз байлығы барлар, тырнақтай тарту алудан тайынбайды.

Жинайды бақыл байлық калмай шіркін,  
Қалып-ақ жаман атқа дүркін-дүркін.  
Арам мал жұрт қолына таратылып,  
Жөнелер өкінішпен сөйтіп бір күн.

Мал жиып бақыл ашкөз дірілдейді,  
Күні жоқ бірін ішіп, бірін жеген.  
Досына тірісінде дәм татырмай,  
Өлген соң жаулары жер дүрілдеген.

Мал жияр сараң теріп одан бұдан,  
Жей алмай карап тұрсаң, ерте кетер.  
Мал санын көрде жатып есептесіп,  
Жат кісі жарын мұнда еркелетер.

Көнбес көңілді (керенді) жомарттық көндірер, жеткізбес мұратқа жомарттық жеткізер. Жамандық келетін жолды жомарттық қияды. Ұрыс жүретін жолды жомарттық бұрады. Ең қиын (қиядағы) мұратқа жомарт ер жетеді. Сақылық (қолы ашықтық) пен жомарттық - бар сұраудың дауасы. Ел сүйенерге жол ашық - болып тұрсаң қолы ашық. Ең құтты қол береген қол. Алып-беріп жүрмесе, қол — құтсыз. Жомарттық бар айыптың кірін жуады. Жомарттық — сарандықтың өлшемі. Жомарттықты кара да (халқы), хан да сыйлайды. Мақтасаң жомарттықты мақта, күншілге қорамсақта бір оқ сақта. Барлық тіл де жомарттықты мақтайды. Жомарт ер малын сатып (сарп етіп) атақ алады (қадір-құрметке ие болады). Жарамды





киім таба алсаң - жалаңашқа жап. Әр тілде бәрі мақтап асырады, айыбын жомарт жанның жасырады. Бол жомарт - жуымайды пәлелі сөз. Жомарт бол, ол сені көркейтеді. Тәкаппарлық — қай тілде болса да жаман сөз. Тәкаппардың көйлегін кисең - табанда сыпырып таста. Өз ашуын баса білген — күшті адам. Жазылмас ауру - бақылдық. Бақылға бағыштаған оғынды қатты жайға оқта. Бақытқа бақастық — жазылмас ауру. Әр айып сайын бас кесілсе, дүниеде тірі жан қалмас. Не бір ұқыпты ер де бір мүлт кетеді, не бір асқан енерде де бір мін болады. Өзі білмейтінін білем деген айып. Біртіндеп келсе қуаныш, ондап қайтар реніш.

Ахмет дастанының соңында өзі туралы да мәлімет берген.

Ақындардың ақыны,  
Даналарға жақыны,  
Казіргі оның шабыты  
Тәңірдің, берген қарқыны.  
Туған жерім жер Үйнек  
Сол бір жерді еске алсам,  
Жүрекке жылы тиеді.  
Әкем аты Жүйнектегі Махмуд  
Баласы мен - ақын Ахмет.  
Кітабымды «Хақират хадисі» деп атадым:  
Арабша жазған кісімін,  
Қашқар тілін білсеңіз.  
Сол тілде кесте жасадым...

Ахметтің бұл сөздеріне қарағанда, ол қазақ жерінде туып өскен, өзі білімді ақын болған.

Йүгнәки кітабының казіргі түркі елдер тіліне түсініксіз жерлері өте аз. Қазақ тілі ерекшеліктерін танытатын а, ә, о, ө, ү, ұ, ы, і, ғ, қ сияқты дыбыстары бар сөздер мол қолданылған. Қазақ халқының сөздік қорын сақтаған көптеген сөздер, жеке атаулар жиі ұшырайды. Мысалы, ұшқан құс, ұсақ тиын, мунча (монша) қожа, бақа, еңбек, әлчи, ұйқы, оқу, білім, білімді, орам, өлім, тірлік, ұғлан (ұлым), аз, көп, мол, тіл, сөз, ұсақ (майда), ұлуғ, билур (билер), түгел, ұлуш (ұлысы), үн, түн, күндіз, қызыл, ақ, ақы, қатық, ынаниб (иланып), насихат, сағындым (сағындым), тилег (тілек), азық, орын, үмид (үміт), курук (құрық), керумдүк (көрімдік), йокдұғы (жоктығы), йүгүрмәк (жүгірмек), йарутур (ерітер), әдеп, көңіл, емді, тоймас, өкініш, шындық, укушы (ұққыш), ошак, сақын (сақтан), қылық, тоқлық, өкініш, тәңәді (тыңдады), кутулді (құтылды), эзгу (ізгі жақсы), кәингі (кейінгі), бузун әл (халық, ел), кәиім (киім), мән (мен), сән (сен), өзүн (өзін), тоймас (тоймас), оңалмас, арымас, йалған (жазған), малға, қораға, ұқыш (ұққыш адам), әмгәк (еңбек), түгәл (түгәлі), иузгә (бетке), бір, екі, үш, төрт, бірінші, төртінші, иуғса (жуса), кач (қаш), (нешеу), әшіт (есіту), тікті, оқытты, узатты, ачындым, (сыйладым), ічіндә (ішінде), т. б. Бұл келтірілген сөздерден кітаптың тілі түркі халықтарының тіліне

негізделгенін аңғаруға болады. Араб сөздерінен қолданғандары да көбінесе халыққа сіңіп, төл туындыға айналған сөздер.

Білім туралы айтқан ақыл сөзінен бір үзінді келтірелік.

Біліклік кіші кер білүр іш өзін,  
Білін отер ішні окінмәс кендін.

Нәтүрлік іш әрсе біліксіз оқы,  
Өкүнч ол ана ііоқ он, айма азын.

Біліклік кәреклік сөзін сөз лойүр.  
Кәрәксіз сөзні көмуб кізләйүр.

Біліксіз сөзін не анса айур укматын,  
Ақын өз тілі, өз башыны йәйүр.

Білік бірлә білнүр түрәткон ізі,  
Біліксізлік ичрә хайір йоқ деді.

Біздіңше бұл жолдарды аудармасыз-ақ түсінуге болады.

Зерттеушілер Ахмет Йүгнәкиді әр халыққа танып келеді. Е.Э.Бертельс пен Н.М.Малаев оны өзбек ақыны десе, С.Е.Малов қашқар-ұйғыр ақыны дейді және оның өлендерінен ескі ұйғыр тілінің формаларын таппақшы болады. Біздіңше, Ахмет қолданған архаизм сөздер ескі тайпалар тілінің көбіне ортақ. Мәселен, нәп (үлкен), будун (ел), ажун (дуние) қыпшақ тілінде жиі кездеседі. (Ибн Муханнан кара). Ал қазақтар осы күнге дейін «нән» деген сөзді қолданады, «неменеге нәнсіп тұрсың» дейді. Сондықтан Ахмет қазаққа да жат ақын болмаса керек.

Дастан мазмұны автор баяндауы арқылы ашылады. Лирикалық қаһарман сан-сала оқиғаны тізбектеп, біріне-бірін ұштастыра жырлайды. Ақыл-өсиет, насихат болар болжам жасайды. Бақыт жолын сілтеп, тәкаппар болмай, кішіпейіл болып жоқ жітікке қарасып, әлсізге қамқор болуды ұсынады. Ұят пен арды жоғары ұстау білімді, парасаттылық, белгісі деп танытады. Жақсылыққа жаманшылық әділетке әділетсіздік, жомарттыққа сарандық, білімді - данаға - надандық, т.б. қарсы қойылып, шығарма оқиғасы, шартты түрде болса да, қақтығыстар арқылы сипатталады. Ақын тілі бейнелі, шешен-дік тіркестер, халықтық мақал-мәтелдер жиі ұшырайды. Теңеу, эпитет, метафора сияқты поэтикалық тілдің жақсы үлгілерін де көптеп ұшыратамыз. Төрт жолды, он бір буынды өлең құрылысы жиі қолданылған.

Ахмет Йүгнәки дастаны – түркі тілді халықтар әдебиетінің қалыптасуына мықты әсер еткен орта ғасырлық құнды туынды


Оның өзбек, ұйғыр, қазақ әдебиеті тарихындағы маңызы да осы әсерлері арқылы белгіленеді.






А. ҚЫРАУБАЕВА

# Түркі әдебиетіндегі нәзира дәстүрі





## АУДАРМА – НӘЗИРА ӘДЕБИЕТ

«Қисас-ул Рабғұзи» («Рабғұзи қиссалары»)

XIII-XIV ғасырлардағы түркі тектес халықтар әдебиетіндегі негізгі бағыттың бірі – өткенге назар салу, өз заманындағы тірлік-тынысына ұқсас жауапты өткен ойшылдар мен ұлылардың шығармаларынан тауып, соларды өз тілінде қайта сөйлетуге ұмтылыс, кейде одан да асырып жазып, айырықша талант биігін танытуға талаптану еді. Мұндай ағымның бел алуына бір кезде әл-Фараби ден қойған Қайта өрлеудің, сол дәуірде жер жүзі мәдениетіне жайылып жатуы орасан әсерін тигізді.

Мұндай әсерлер мен ықпалдар Әли, Құтба, Сәйф Сараи шығармашылығындағы классикалық парсы әдебиетіне еліктеуден, сондағы қайта өрлеу идеясына бой ұрған ақындардың шығармаларын, бұрынғы араб-парсы әдебиеті үлгілерін өз заманына лайықтап қайта жаңғырту талпынысынан туған шығармалардан көрінеді.

Бұлайына бір ақынның жазғанын екінші ақынның қайталап өзінше баяндауы шығыста көп тараған. Бұл нәзира дәстүрі деп аталады. Ол жөнінде М.Әуезов кезінде мынадай анықтама берген:

«Көпке мәлім болған тарихи шындықтар бойынша, шығыста бір классик жырлаған тақырыпты келесі буында, тағы бір шығыс ақыны қайталап, әңгіме ететін, тың дастандар шығаратын дәстүр бар еді... Олар біреуінің тақырыбын біреуі алуды заңды жол еткен. Тек алдыңғының өлеңін алмай және көбінше алдыңғы айтқан оқиғалары негізінде пайдаланса да, көп жерде өз еркімен өзгертіп отырып, тыңнан жырлап шығатыны болады. Бұлайша, әр тақырыптың әр ақында қайталануы еш уақытта аударма деп танылуы керек емес. Ол өзінше бір қайта жырлау, тыңнан толғау немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жырмен жарысу есепті бір салт еді. Шығыс поэзиясы бұл салтты заңды деп біліп, осы дәуірде «Нәзира», «Нәзирагөйлік» деп атау да берген».<sup>70</sup>

XIII-XIV ғасырда туған шығармалардың бірқатары аудармаға жақындау болса, бір парасы нәзираға жақын. Кейде бір шығарманың ішінде осы екі әдіс те қатар қолданылады. Осыдан, соңғы кезде «аударма-нәзира» деп алынып жүрген анықтама бұл шығармалардың ерекшелігін толық көрсетеді.

<sup>70</sup> Әуезов М. Әр жылдар ойлары. А., 1959, 150-бет.



\*\*\*

«Рабғұзи қиссалары» – сөз болып отырған бір дәуір әдебиетінің жинағы, хрестоматиясы, әр түрлі жанрдағы шығармалар қамтылған, өз дәуірі әдебиетінің негізгі ерекшеліктерін аңғартатын құнды мұра.

Шығарма 1310 жылы (710 қыжыра) Насреддин Тоқбұға бекке арналып жазылған:

*Иеті йуз он ерді йылға кім бітілді бұ кітаб  
Иазуб елттім Насраддин Тоқбұға бек табұғұна.*

*Бұл кітап жеті жүз оныншы жылы жазылды...  
... Насреддин Тоқбұға бектің құрметіне арнап жаздым...*

Жазған Рабат Оғыз қыстағының қазысы Бұрханеддин ұлы қазы Насреддин. Рабғұзи – Фараби, Хорезми тәрізді туған жеріне байланысты алған лақап аты. Өзі: «Сенің қолыңнан шыққан, қаламыңнан түзілген сөз оқуға, үйренуге жеңіл, түсінікті болады деп жұрт қолқалаған соң, Тәңірден тауфик тілеп, кітап бастадым», – дегеніне қарағанда, бұрын да білімділігімен, жазғыштығымен танымал болған кісі сияқты. Арабша, парсыша, түрікше жақсы білген.

Шығарманың ең ескі көшірме қолжазбалары Лондондағы Британия музейінің кітапханасында, Ленинградтағы М.Е.Салтыков-Щедрин атындағы көпшілік кітапханасында<sup>71</sup> сақталған. Бірнеше көшірмесі КСРО Ғылым академиясының Шығыстану институтының Ленинградтағы бөлімінің кітапханасында да бар. Ең алғаш 1859 жылы белгілі түрколог Н.И.Ильминский Императорлық Қазан университетінің баспаханасынан толық мәтінін бастырып шығарды. Шығарушы көпшілікті ескерткіштің мазмұнымен таныстыруды ғана мақсат еткен. Қандай қолжазбаны пайдаланғаны анық мәлім емес. Жорамал бойынша, екі түрлі қолжазбаны негізге алған сияқты. Бұл жөнінде П.М.Мелиоранский былай дейді:

«Шамасы Н.И.Ильминский кейін Азия музейінде сақталған №361 қолжазбаны пайдаланған тәрізді және ол императорлық көпшілік кітапханасындағы Дорн каталогында тіркелген № VII қолжазбамен де таныс болған болуы керек»<sup>72</sup>.

Түрколог ғалымдар «Рабғұзи қиссаларының» ең көне қолжазбасы бойынша толық та ғылыми мәтінін іздестірген. «Іздеген жетер мұратқа» демекші, 1893 жылы Лондонға барған сапарында П.М.Мелиоранский Британия музейіндегі ең ескі, толық қолжазбаны қарап шығып, кейбір

<sup>71</sup> ТНС – 71 Біз осы қолжазбаны және 1859 жылғы Қазан баспасы шығарған басылымын қатар пайдаландық. Соңғысында шығарманың бас-аяғы толық, ретті болғандықтан үзінділер де сол бойынша берілді.

<sup>72</sup> Мелиоранский М.П. Сказание о пророке Салихе. (изд. Кисас-ул-Энбия Рабгузи). Сборник статей учеников барона В.Р.Розена к дню двадцатипятилетия его лекций СПб, 1897, стр. 279 – 280.

көшіріп алған үзінділерін елге оралған соң, 1897 жылы жариялаған еді. Бұл болашақта жасалатын ғылыми-салыстырмалы толық мәтінге үлгі етіп аларлықтай еңбек болды. Автордың ұйғаруы бойынша, ескерткіштің ондай баспасы тарих, әдебиет, тіл зерттеушілеріне жан-жақты, толық сенімді материал бола алатын кітап болып шығуы керек. Ғалым үзіндіде Британия нұсқасын Москва, Ленинград кітапханаларындағы қолжазбалармен де салыстырып отырған.

П.М.Мелиоранский еңбегінің жалғасындай болып, Ленинград университетінің кітапханасындағы қолжазбаларының ішінен бұрын ол жариялап үлгермеген Лондон нұсқасының бірнеше үзіндісін С.Е.Малов тауып бастырған.<sup>73</sup>

Ал, Н.И.Ильминский баспасы бойынша берілген үзіндісі С.Е.Маловтың 1951 жылы жоғары оқу орындарының студенттеріне арнап шығарған «Көне түркі жазба ескерткіштері» деген кітабына да енгізілді.

«Рабғұзи қиссаларының» жеке үзінділері Н.П.Остроумовтың (1874 ж.), Н.Ф.Катановтың (1894 ж.) мақала еңбектерінде бар.

И.Ф.Катанов «Мұсылман аңыздары» деген мақаласында Қытайдың Гань-Су-Синь-Цзянь провинциясын аралағанда жергілікті мұсылмандардың айтуынан жазып алынған кейбір аңыздарды Құранмен, «Рабғұзи қиссаларымен» салыстыра қатар жариялап, өзара ұқсастығын көрсеткен.

«Рабғұзи қиссалары» әдеби мұра ретінде өзбек әдебиетінің тарихында ертеден қарастырылып<sup>74</sup>, 1950 жылы М.Айбектің алғы сөзімен шыққан «Өзбек әдебиетінің антологиясында» жарияланған.

Бұл ескерткіш қазақ әдебиеттану ғылымында бірінші рет 1967 жылы профессор Б.Кенжебаевтың басшылығымен филология факультеттерінің студенттеріне арналып шыққан «Ертедегі әдебиет нұсқалары» атты хрестоматияға енгізілді. Мұндағы үзінділер «рабғұзи қиссаларының» 1914 жылғы Қазан баспасынан алынып жарияланған. Ал, зерттеушілер Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М.Томановтың филология факультеттеріне арналған «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» (1971) деген оқулығында ескерткіштің жазылу тарихы, әр түрлі көшірмелері жайында бірқатар мәліметтер берілген.

«Рабғұзи қиссалары» туралы арнайы зерттеулер кітапты тілдік-лингвистикалық тұрғыдан талдауға арналған<sup>75</sup>.

«Рабғұзи қиссаларының» алғаш қолға алынған кезінен бастап, қазірге дейінгі зерттелуі барысын қарастыра келгенде көретініміз: ескерткіш

<sup>73</sup> Малов С.Е. Мусульманские сказания о пророках по Рабгузи. Записки коллегии востоковедов при Азиатском музее. Том V. Ленинград. Изд. АН СССР. 1930, стр. 507 – 525.

<sup>74</sup> Узбек әдебиати науналары, Самарканд – Ташкент, 1928; Маллаев Н.М. История узбекской литературы с древнейших времен. Стр. 27.

<sup>75</sup> Ульмас Мирзакаримова. Морфологические особенности «Кисаси Рабгузи», Ташкент, 1969, автореф.Канд. дисс.



– тілдік-лингвистикалық жағынан бірқатар толық зерттелген, ал оның әдебиеттік сипаты сөз арасында, шолу ретінде ғана айтылғаны болмаса, арнайы зерттелмеген.

Бұл ретте профессор Бейсембай Кенжебаевтың арнайы мақаласының танымдық мәні зор болғанын айта кету керек<sup>76</sup>. Онда ғалым ескерткіштің 1914 жылғы Қазан баспасы бойынша сюжетін, құрылысын, басты ерекшеліктерін, кейбір жеке әңгімелерін талдайды. Біраз мысалдар келтіреді. Осы кезге дейін атына ғана қарап, діни шығарма деп, ескерткішті керексіз дүние санап жүрген сыңаржақ көзқарастарға қарсы нақты дәлелдер айтады. 1951 жылы С.Е.Малов: «Басқа көне түркі ескерткіштері сияқты бұл ескерткіштің де мән-мағынасын ашу, тарихи-әдебиеттік жайын зерттеу жағы әлі басталған жоқ деуге болады»,<sup>77</sup> – деп жазған еді. Одан бері біраз уақыт өтсе де, ғалымның бұл ескертпесіне пәлендей назар аударыла қоймағаны байқалады. Оған бір үлкен себеп: кейде сонау көне замандардан, талай қоғамдық, тілдік өзгерістерге ұшырап, бізге сан ғасырларды асып жеткен ескерткіш мұраларға «өзінің бұрынғы озық ой-пікірлерге қосқан жаңалығы, сол тұстағы әдебиетті дамытудағы азды-көпті үлесі қандай?» деп қарамай, қазіргі заманымыздың биігінен, қазіргі талап тұрғысынан қарайтынымызда болса керек. Әр дәуірдің ескерткішін өзін тудырған қоғамдық-әлеуметтік құрылысқа тығыз байланыстыра тексергенде ғана оның сан-салалы сипаттары ашылатыны кейде ескерілмей қалатын тәрізді. Сөйтіп, шығарма терең зерттелмегендіктен, ол туралы үстірт пікірлер тууы да мүмкін.

Мысалы, «Рабғұзи қиссалары» жөнінде осы күнге дейін әр түрлі пікірлер болып келді. Бірі оны дүниәуи сипаты мол құнды мұра деп қараса, енді бірі діни кітап, қажеті шамалы деп біледі. Алғашқы пікірдің дұрыстығын зерттеуші Н.М.Маллаев былай деп дәлелдейді:

«... Рабғұзи қиссаларының» тематикасы, идеялық бағыты негізінен діни сипатта болғанымен, жазушының жеке дүниәуи әңгімелері мен өлеңдері көркем әдебиеттің дамуына игі ықпал етті. Рабғұзидың творчестволық қызметінде діни-мистикалық аңыз бен дүниәуи өмір шындығы қатар беріле отырып, осы екі көзқарас өзара белгілі дәрежеде күресіп жатқаны байқалады.

... «Рабғұзи қиссаларында» діни нанымға тікелей қатысы жоқ, жер бетіндегі тірлікке бағытталған әңгімелер бар. Мұндай әңгімелердің дидактикалық, танымдық мәні зор»<sup>78</sup>.

«Рабғұзи қиссаларын» оқи отырып, осы айтылған пікірлердің орынды екенін аңғару қиын емес.

<sup>76</sup> «Қисас ул әнбия». Жұлдыз, 1968, №7.

<sup>77</sup> Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности М – Л., 1951, стр. 323.

<sup>78</sup> Маллаев Н.М. История узбекской лит-ры с древнейших времен до XVII века. Ташкент, 1963, стр. 27.

«Рабғұзи қиссаларының» негізі шығыстан – араб, парсыдан келген әңгімелерден тұрады. Ежелгі араб, парсы арасында туған, бірден-бірге ауысып келе жатқан сюжеттерден алынған аударма-нәзира шығарма.

Автор ескі кітаптардан оқыған, ауызша естіген аңыз-әңгімелерді құрастырған, дамытқан. Сипаты, жалпы характері жағынан, идеялық, тақырыптық мазмұны жағынан алуан түрлі.

Бұрын да түркі тілдерінде жазылған дидактикалық сипаттағы «Хибат-ул-хақайк», «Диуани Хикмет» (XII ғ.) сияқты кітаптар болған еді. «Рабғұзи қиссалары» олардан мазмұны жағынан өзгешерек болып шыққан. Кітап жалаң өсиет, уағыз түрінде емес, қызық сюжетпен баяндалады. Шығармада барлығы 60-тай (қолжазбада – 42; баспасында – 64) «қисса» деген атпен берілген бөлек әңгіме-аңыздар бар. Оларды мазмұнына қарай мынадай топтарға бөлуге болады:

1. Табиғат, дүние құбылыстары, жаратылыстың пайда болуы жайындағы діни-мифологиялық әңгімелер.

2. Дінді таратушылар, халифалар, тарихи адамдар жайлы деректі, дерексіз әңгімелер, аңыз-қиссалар.

3. Ауыз әдебиеті үлгілері, өлеңдер.

Жаратылыстың пайда болуы жайындағы әңгімелер өз тұсындағы діни түсінік рухында жазылады. Шығарманың жазылған дәуірін, қоғамдық жағдайын ескерсек, мұндай түсініктер ол заман үшін ғылыми мәні көне замандардағы адамдардың дүниетанымынан хабар беретіндігінде болса керек.

Ғылыми шындыққа сай келе бермейтін, діни түсініктерден туған әңгімелер «Қиссада» мына түрлі:

Құдай Жәбірейілді үш түрлі топырақ алып кел деп жұмсайды. Жер: «Менен топырақ алма», – дейді. Жәбірейіл жердің көңілін қимай, қайтып келеді. Құдай Ысрафилді жібереді. Ол да алмай қайтып келеді. Ең соңында Өзірейілді жібереді. Жер Өзірейілге де жалынады. Өзірейіл: «Сенің сөзіңнен Алланың хүкімі күшті», – дейді де, жерден үш түрлі топырақ алады. Құдай Өзірейілге: «Сенің көңілің бәрінен қатты екен. Бұдан былай адамның жанын алатын сен боласың!», – дейді. Содан адамның жанын Өзірейіл алатын болады. Топырақтың түсі әртүрлі болған соң, дүниедегі адамдардың түрі де әртүрлі болады.

Адамның басқадан емес, топырақтан жаратылу себебі: Тау: «Мен биікпін, менен жарат», – дейді, алтын: «Менен жарат, мен эзизбін», – дейді, сөйтіп, теңіз, аспан, су – барлығы таласады. Сол себепті адамды жерден жаратады. Алла Тағала жанға: «Адамның тәніне кір!», – деді. Жан басқа кірді, көзге келді. Адам өзін-өзі көрді. Мұрынға келді. Адам түшкірді. Жан көкірекке келді. Адам ғаламдағы бар нәрселердің есімін білді, мың түрлі тіл білді. Жан беліне келді. Адамға: « Орныңнан тұр!», – деп бұйырды. Адам тұра алмады. Жан адамның құрсағына кірді, адам





тамақ тіледі. Адамның денесіне қан жүрді. Жанға: «Күшпен кір, күшпен шық!», – деді.

Адам ұйқылы-ояу жатқанда сол жақ қабырғасын алып, одан Хауа ананы жаратады. Ояу болса, қабырғасының ауырғаны білініп, жанына батады, қатты киналған соң Хауаны жек көретін болады, ал ұйқыда болса, Хауаның өз қабырғасынан жаралғанын білмей, жат көруі мүмкін деп, әдейі ұйқылы-ояу кезінде жаратады. Жұмақта Ібілістің азғыруымен Құдайдың тыйым салған бидайынан жеп қойып, екеуі сол үшін жаза тартады: жұмақтан қуылады.

Табиғат әлемі, жаратылыстың құпия құбылыстары адам баласын ерте замандардан таң қалдырып, кейде тіпті үрей тудырған. Ол табиғаттағы нәрселердің жанды қасиеті бар, олар сөйлей алады, сезінеді деп түсінеді. «жабайы адам жан-жануардың, табиғат заттарының өмірін адам өмірінен басқа деп білмейді. Олар адам сияқты сөйлейді, сезеді... Ол жануарлар не істесе де, адам сияқты біліп, сезіп істейді, өзара сөйлеседі деп түсінеді... Ол өзен-судың, тау-тастың тіршілігін де осылай деп ұғады... Жабайы адам табиғат құбылыстарын адам өмірінде болатын құбылыстар тәрізді, оны да бір күш әдейі осылай істеп отыр деп біледі»<sup>79</sup>. Мұндай көріністерді шығармада жердің киналып жылауынан, таудың, тастың, алтын, судың сөйлеуінен байқауға болады.

Бастапқы адамдардың ұғымына сыймайтын сан түрлі жұмбақтардың бірте-бірте ашылуы үшін қаншама замандар өтті. Адам баласының фантазиясы сол шындықты іздеу жолында толып жатқан жорамалдар жасады, есепсіз көп әңгімелер туғызды. Жоғарыдағы әңгімелер адамның дүниенің шын сырын білуге құмартуы, аңсауының бейнелі көрінісі деуге болады. Мұнда адам аспан, тау-тас, орман қалай пайда болған, адам организмінің құпиясы қандай, ол неліктен өледі, тағы басқа сұрақтарға жауап іздеген.

«Дүниенің жаралуы туралы ұғым алғашқы қоғамдық құрылыстың ыдырау дәуірінде қалыптасқан. «Дүниені жаратушы» туралы идея антропоморфизмнің бір көрінісі, яғни бұл идея адамның өзі және өзінің іс-әрекеті, қабілеті жайлы ұғымын табиғатқа салыстыра байланыстырудан туған. Адамдар қару-жарақ және басқа заттарды қолдан жасайды, олай болса, онда дүниені де біреу жаратты деп ойлаған. Тек ол жаратушы кәдімгі адамға қарағанда ерекше, ұлы деп түсінген»<sup>80</sup>. Кейбір діни ұғымдар өте көне тайпалардың аңыз-әңгімелерінің негізінде туды. Сондай аңыздың бірінде айтылатын жердің алты күнде жаралуы жөніндегі наным-түсінік Библияға, Құранға, басқа да діни кітапқа енді.

«Рабғұзи қиссаларына» ол аңыз-әңгіме Құран арқылы келген. Себебі,

<sup>79</sup> Чернышевский Н.Г. Эстетические отношения искусства к действительности. М., 1955, стр. 32.

<sup>80</sup> Шахнович М.И. Мифы о сотворении Мира. М., 1968, стр. 2. Ақназаров К.С.

мұсылмандардың нанымы бойынша, Құран дүниені билеуші күштің өзі жіберген бірден-бір қасиетті кітап. Бірақ тарихта ондай кітаптардың бірнешеуі белгілі: Тәурат (Библия), Зороастризм дініндегілердің Зендавеста кітабы, будда дініндегі үнді, жапон, қытай, моңғолдардың Махаяна, үнді браминдерінің – Ригведа, жаңа индуизмінің – Махабхарата және Рамаяна кітаптары, тағы басқалары бар. Ал, шын мәнінде Құранның әңгімелері өзіне: «Ерте замандардағы арабтардың пұтқа табынушылығын, христиан дінінің аңыздарын, ежелгі Иран дінінің қалдықтарын арқау етті. Әрбір діннің мәнді-мәнсіз уағыздарын қабылдап, олардың көбін араб жағдайына сәйкес басқаша түсіндірді, оларға жаңа түр, жаңа сипат берді»<sup>81</sup>.

Сонымен, Құранда, Библияда және басқа діни кітаптардағы дүниенің, адамның жаралуы жөніндегі әңгімелерде бір-бірінен айнымайтын, үнемі біркелкі келетін бірнеше ұқсас деректер бар. Олар: дүниенің пайда болуының алты күн оқиғасы, Хауаның қабырғадан жаратылуы, Адам ата мен Хауа ананың ұжмақтан қуылуы.

1966 жылы поляктың белгілі ғалымы, жазушысы Зенон Косидовскийдің «Библейские сказания» атты кітабы Москвада басылып шықты. Бұл кітап бұдан бұрын да бірнеше тілге аударылып, көп елге тараған еді. Қарапайым оқушылардың да, ғалымдардың да назарын қатты аударып, атеистердің қолдан түсірмейтін өткір қаруына айналды.

Кітаптың алғы сөзінде автор өзінің мақсатын былай көрсетеді: «Меніңше, өткен замандардан келген сүренсіз мұралармен ғылымның қаруымен күресу тиімді. Ғылымның ең жаңа жетістіктеріне сүйеніп, кейбір наным-сенімдердің өтірік, алдамшы, қисынсыз екенін көрсету керек, олардың заңдылығын біздің қазіргі астрономия, астрофизика, атомистика және биологияның салтанат құрған ғасырында әлгілердің қандай жабайылық, балалық екенін ашып көрсету, айқындау қажет»<sup>82</sup>.

Зенон Косидовский, өзі айтқандай, кітабында археология, астрономия, тарих, этнография, әдебиет-тіл тарихы тағы басқа ғылымдардың ең соңғы жетістіктерін нақтылап, тексеріп пайдаланған. Библияның «Ветхий Завет» кітабында айтылатын толып жатқан оқиға, әңгімелердің сырын, түп-тамырын ашқан. Сөйтіп, қазіргі ғылым діни кітаптар – «құдайдың сөзі, құдай жіберген» дейтін аңыздардың жалғандығын жалаң сөзбен емес, ғылымның бұлтартпайтын қаруымен дәлелдеп отыр.

«Рабғұзидегі» кейбір «қалыптасқан сюжеттердің» түп негізі, дүниенің жаралуы, жерді топан су қаптауы туралы аңыз және басқалар вавилон мифологиясынан алынғандығы дәлелденіп отыр. Мысалы, христиан, ислам дінінің негізгі концепциялары бұл діндердің шығуынан көп бұрынғы бір мәліметтерден алынған болып шықты. Ал, ол мәліметтерді

<sup>81</sup> Акназаров К.С. Ислам діні және оның реакциялық мәні. Алматы, 1964, 15-бет.

<sup>82</sup> Косидовский З. Библейские сказания. М., 1966, стр. 27.



өте ертеде өмір сүрген бір адамдардың фантазиясы туғызған. Өңгімелер ғасырлар өткен сайын өңделіп, өзгеріп, жамала берген. Олардың сырын әр түрлі қолжазбалар кезінде табылған шумерлердің клинопись (сына жазулар) жазбалары ашып отыр (Біздің жыл санауымыздың үш мындай жыл бұрын шумерлер тамаша қалалар, көркем ескерткіштер туғызғандығы белгілі. Қазба кезінде табылған шумерлердің ұлттық батыры Гильгамеш туралы эпос та сол үлкен мәдениеттің қалдығы). Лондондағы Британия музейінің қызметкері, археолог Джордж Смит сына жазбаларынан «Энума Элиш» атты бір поэманы оқып шыққан. Сондағы көктің, жердің, дүниенің алты күнде жаралуы, адамды алтыншы күнде жарату, тағы басқалары кейінгі діни кітаптардағы «қалыптасқан сюжеттерге» дәл келеді.

«Адам мен Хауаның жаратылуы» жөніндегі діни аңызды да біздің жыл санауымыздан бірнеше мың жыл бұрын өмір сүрген адамдардың фантазиясы туғызғандығы дәлелденіп отыр. Археологтар ертедегі Месопотамия қалаларының орнын қазу кезінде осы аңызды бейнелейтін сурет тапқан.

Библия мен Құрандағы Хауа ананың Адам сияқты топырақтан емес, қабырғадан жаралуы ғалымдарды ойға қалдырып келді. Бұл оқиғаның негізі қайдан, қалай алынғандығы көпке дейін жұмбақ болды. Оның сыры кейін Вавилонның ескі қаласын қазу кезінде табылған клинопись жазба арқылы ашылады: Шумер мифі бойынша Энки құдайдың қабырғасы ауырады. Әйел құдай Нинти оның ауырған қабырғасын жазады. Шумер тілінде Нин – әйел, ти – қабырға деген мағынаны білдіреді екен. Сонда «қабырғадан шыққан әйел» деген ұғым туады. Бірақ Нинти өзінің екінші бір «Өмір беруші әйел» – деген мағынасы да бар екен. Кейін ескі тайпалар Нинтиді Ева деп атап, шумер аңызындағы құдайдың қабырғасын жазған оқиға өзгеріпкіреп, «қабырғадан шыққан», «қабырғадан жаралған» болып кетеді<sup>83</sup>.

Бір айта кететін жай, мифтік аңыздардың барлығы бірдей қиялдан ғана тұмаған. Олардың кейбіреулері өте ежелгі замандарда болуы мүмкін оқиғаларды да тұспалдап баяндайды. Сондықтан да тарихшылардың аңыз-әңгімелердің көмескі сүрлеуін қуа отырып, бір тарихи деректің ұштығына тірелетін кездері де аз кездеспейді. Осындай деректің ұштығы жер жүзіндегі әр түрлі тайпалар мен халықтардың ескерткіштерінде мол кездесетін «Топан су» аңызынан шығып отыр. Рабғұзиде бұл аңызға біраз орын берілген: Жер жүзін топан су қаптар алдында Құдай Нұхқа кеме жаса деп бұйырады. Нұх кеме жасайды. Кемені үш қабат қылады. Бір қабатына хайуанаттың әр түрінен, екінші қабатына адам, үшінші қабатына құстың әр түрінен алады. Қырық күн, қырық түн жаңбыр

<sup>83</sup> Бұл да сонда, 32- бет.

жауады. Сел болып, жер бетін топан су қаптайды. Судың биіктігі қырық аршын болады, ең биік деген таудың өзінің басынан асып кетеді. Дүниеде қыбырлаған жан, мақұлық қалмайды, барлығы харап болады.

Діни нанымның түсінігінше: ол топанды жер бетіне жіберген бір тылсым күш адамдарды дінге кірмегені үшін жазалап, оларды құртпақшы болған.

Нұхтың кемесі Жұдды тауына тоқтайды (Библияда – Арарат таулары, қазақ ұғымында – Қазығұрт тауы, «Гильгамеш» эпосында – Нацир, грек аңызында – Офрис (Парнас) таулары). Содан жер бетіндегі адамдар Нұхтың балаларынан тарапты-мыс.

Осындай нөсер, топан су туралы жазылған мәлімет шумерлердің клинопись таңбаларынан табылған. Джордж Смит бір күні таңбаларды реттеп отырып, бірнешеуінен «топан су» жайлы аңыздың үзіндісін оқыған. Д.Смиттің ашқан жаңалығы жарияланысымен, оған діни қызметкерлер қатты қарсы шығып, бұл кездейсоқ нәрсе деп көрсетпек болады. Джордж Смит ашқан жаңалығын жеріне жеткізе анықтап шығу үшін Месопотамияға жол шекті. Онда орасан үлкен қазба орнынан аңыздың қалған бөлігі жазылған таңбаларды тауып алған. Онда Нұх Утнапиштим деп аталған.

Тағы бір Вавилон эпосында Эа құдай алда болғалы тұрған топан суды Убар Тутудың ұлы Ксисутросқа ескерткені жайлы жазылған.

«... Ағылшын этнологы Дж. Фрезер Солтүстік, Орталық және Оңтүстік Америкадағы 130 тайпаның ішінде бұл туралы аңыз қылмайтын бірде-бір тайпаның жоқтығын атап өтеді»<sup>84</sup>.

Ежелгі Мексиканың «Чимпалпопока» кодексінде былай делінген: «Аспан жерге төніп келді де, бір күннің ішінде бәрі опат болды. Таулар да судың астына түсті. Тастар балқып, сақылдап қайнап, көкке қып-қызыл таулар көтерілді».

Ал үндістердің киче тайпасының абыздары «Пополь – Вух» кодексінде былай деп жазған: «Топан су қаптады... Жер бетін қараңғылық басып, қара жаңбыр жауды, күндіз де, түнде де нөсер... Адамдар жанталасып, бет-беттеріне қашты...».

Амазонка бассейніндегі үндістердің аңыздарында да бір күні қорқынышты гүріл мен құлақ тұндырған гүрсілдің естілгені, дүниенің қараңғылыққа көміліп, содан кейін нөсер құйып, жер бетін топан су басқаны айтылады. Сірә, сол тұста тау пайда болу процестері жүріп жатса керек.

Англияның археологы Леонард Вулли Ескі Шумер қорғандарын қазу кезінде он төрт метр тереңдіктен біздің жыл санауымыздан үш мың жыл бұрын көмілген Шумер патшасының сүйегін тапқан. Ғалым топырақтың

<sup>84</sup> Горбовский А.А. Загадки древнейшей истории. М., 1971, стр. 7 – 9.



ерекшеліктеріне қарап, мұның астында (1 метрден де тереңде) бұрынғы адамдар тіршілігінің қалдықтары бар деп болжаған. Одан әрі қазып келгенде үш метр тереңдікке дейін (барлығы 17 метр) ештеңе шықпаған. Ал онан да тереңірек түскен сайын өте көне заманда жасаған адамдардың отының күлі, керамика бұйымдарының сынықтары, кірпіштер табылған. Ғалым оған дейінші үш метр жер қабатынан тіршілік белгісі байқалмауын: сол кезде қатты бір тасқын су апаты болып, адамдарды жойып жіберген, су қайтып, жер құрғағаннан кейін басқа адамдар келіп, Месопотамияға қайта орналаса бастаған деп түсіндіреді.

Бұл апат бірқатар ғылыми материалдардың көрсетуі бойынша, шамамен біздің жыл санауымыздан бұрынғы он бір мыңыншы жылдарға сәйкес келеді.<sup>85</sup> Бұл туралы археолог, этнограф, діндердің шығу тарихымен айналысып жүрген ғалымдардың пікірі екіге жіктеледі. Тарихи негізі бар дегенді қолдаушылар жоғарыдағы деректерге сүйенеді. Екінші топтағы ғалымдар ол әңгіме «Красная шапочка» мен «Снегурочка» оқиғасы сияқты жай ғана аңыз деп есептейді<sup>86</sup>.

Жер жүзіне тарап кеткен бұл аңыздарды тудырушылар көне заманда өмір сүрген, тегі, тілі әр түрлі тайпалар. Олар: хандықтар, финикийліктер, филистимляндықтар, тағы басқалар.

Рабғұзидың біраз қиссалары – Құранда, Ислам ұғымында пайғамбар деп есептелінетін көбіне мифтік, кейде тарихта болған адамдар жайындағы әңгімелер. Әңгімелердің арасында құрани қағидалардан үзінді-дәлелдер келтіріп отырған. Әңгімелердің негізгі өзегі сонда баяндалған оқиғалардан алынған.

Құранды көп жылдар бойы тексеріп, зерттеген арабтанушы ғалымдар оны араб әдебиеті мен мәдениетінің, тарихының көне ескерткіші деп бағалайды. Белгілі зерттеуші И.Ю.Крачковский: «Құран – исламның ерте дәуірі тарихын бейнелейтін кітап, араб прозасының, әдеби тілінің негізі болған ескерткіш... Құран – дүниежүзі әдебиетінің ескерткіші»,<sup>87</sup> – деді. Құрандағы мифтердің біразы «Тәурат», «Інжілдің», исламға дейінгі арабтың аңыз-әңгімелерінен алынған. Оның бір бөлігі – пайғамбарлар жайлы аңыздар. Пайғамбарлар өмірі туралы, Құраннан басқа, араб тілінде де діни кітаптар шыққан болатын. Рабғұзидегі пайғамбарлар туралы әңгімелердің негіздері осылардан алынған. Ол пайғамбарлар: Адам (Адам), Нұх (Ной), Ыбраһим (Авраам), Исақ (Исаак), Исмаил (Исмаил), Жақып (Яков), Жүсіп (Иосиф Прекрасный), Лұт (Лот), Мұса (Моисей), Харун (Аарон), Айуб (Иов), Шұғайуб (Чофор), Дәуіт (Давид), Сүлеймен (Саламон), Ілияс – Хызыр (Илья), Иса (Иисус Христос), Жүніс (Иона), Армия (Иеремия). Араб аңыздарынан

<sup>85</sup> Косидовский З. Библейские сказания, стр.34.

<sup>86</sup> Амброджо Донини. Люди, идолы и боги. 1962, стр. 82 – 83.

<sup>87</sup> Коран. М., 1963, стр. 660.

алынғандары: Лұқман, Зұлқарнайын, Салых. Бұлардың араб аңыздары екенін Құран әңгімелеріне қарап И.Ю.Крачковский көрсеткен еді. Ал Л.И.Климович: «Зұлқарнайын – Қосмүйізді VI–VII ғасырдағы Сирия аңыздарына сәйкес келеді»<sup>88</sup>, – дейді.

Көне замандардағы адамдар айналадағы түсініксіз құбылыстарды, өзінің ақыл-ойына сыймаған белгісіз нәрселерді бұл ерекше күш, құдай деп есептеген. Сол сияқты бойында ерекше қасиет бар адамдарды, күштілікті, ерлікті, ептілікті, олар басқалардан дараланып тұратын болғандықтан, «құдайдың қасиеті», «құдайға жақын» деген. Ондай қасиеттері бар адамдар басқаларды таң қалдырады. Аттары аңызға айналады. Аңызға айналған адамдардың кезінде шешен, уағызшы болуы, жауынгер – көне заманның батыры болуы, айырықша өнері бар адамдар болуы да мүмкін.

Ескендір Зұлқарнайынды алайық. Ол – тарихта әбден белгілі атақты Александр Македонский. Бұл адам туралы халықтар неше түрлі әңгімелер, мифологиялық сюжеттер, аңыздар туғызған. Оны кәдімгі адам емес, «құдайдың жібергені» деп ойлаған. Шығыста Ескендірдің қолбасшылығынан гөрі, халықты қырып-жойған жауыздығын айтудан гөрі, «пайғамбарлығы» жайлы аңыз басым болып кеткен. Өмірбаяны да түрліше өзгертіліп айтылған.

Александр Македонский Иранды басып алғанда ақсүйектер, абыздар ортасында: ол Македония патшасы Филипптің баласы емес, Иран патшасы Дарий II-нің баласы, Иран тағының заңды мұрагері деген әңгіме тараған. Одан бұрын Египетті жаулағанда ол Египет абызының баласы болып шыққан еді.<sup>89</sup> Сол сияқты Мұхаммедтің өмірбаяны да адам сенбейтін аңыздарға толы.

Культке айналған әулие, пайғамбарлар әр түрлі елдерде-ақ бар. Мысалы: Грецияда – Гермес, үнділерде – Брахма, еврейлерде – Авраам, Моисей, парсыларда – Зороастр, христиандарда – Иисус. Мұсылмандарда – Мұхаммед, тағы басқалар. Халық дінді таратушыларды «бізге жаңа дінді әкелген, шындыққа көзімізді ашқан адам» деп қастерлеп, есте берік ұстап, оларға мінәжат етуді парыз санаған.

Пайғамбарлардың бәрі бірдей тарихта болған адамдар емес. Тәурааттан алынған пайғамбарлар есімі көне қалалардың, тайпалардың аты болуы да, олардың өмірі сол тайпалардың басынан кешкен оқиғалардан алынған жиынтық әңгімелер болуы да, тайпалардың көсемдері, патшалары болуы да мүмкін. Мысал үшін: З.Косидовскийдің зерттеуінше, Авраам Хананнан Месопотамияға ауысқан бір тайпаның мифологиялық жиынтық бейнесі.<sup>90</sup>

<sup>88</sup> Климович С.И. Ислам. М., 1969, стр. 51.

<sup>89</sup> Климович С.И. Ислам. М., 1965, стр. 118 – 119.

<sup>90</sup> Косидовский З. Библикае сказания, стр. 18.



Ал, Лұқман пайғамбар – біздіңше, ақылды, көреген қарттардың жиынтық образы, ауыз әдебиетінен, аңыздан алынған кейіпкер.

Ондай адамдарды да пайғамбар деп санаған. Діни ұғымда пайғамбарлардың адамдық бейнесі көмескіленіп, мифологиялық бейнеге айналған. Әулиелерге сыйыну салты, әулиелердің культі де соның бір қалдығы болса керек.

Әлі күнге дейін діни сенімдерден ұзап кете қоймаған кейбір кәрі кісілер Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауидің мавзолейіне барып түнейді, сыйынады. Оны әулие көреді. Ал, шындығында, Яссауи – XII ғасырда өмір сүрген, «Диуани хикмет» атты діни-дидактикалық кітап жазған, сол кездегі мәдениетті, әдебиетті жетік білген өз ортасының білімдар адамы.

Түркістанның жанында Моңғол шапқыншылығынан бұрынғы сығанақ қаласында әл-Сығанаки деген ақын өмір сүрген. Ол да Яссауи сияқты білімді, ақылды кісі болған. Кейінгі адамдар ақынның атына байланысты қаланы Сунақ-ата деген. Сунақ-атаға кей кісілер барып, табынған, түнеген. Оның керемет күшіне, әулиелігіне сенген. Пайғамбарлар жайлы аңыз-әңгімелердің тууы, қалалардың, тайпалардың басынан өткізген өмірі, оқиғасы, тыныс-тіршілігі жиынтық образға айналып кететіндігі де осындайдан болса керек. Бірнеше мың жылдар бойы айтылып, жазылып тараған, әр заманға, әр дінге бейімделген аңыздардан матриархаттың, патриархаттың, политеизм мен монотеизмнің де белгілерін табуға болады.

«Рабғұзи қиссаларындағы» пайғамбарлар туралы әңгімелердің негізгі өзегі, бастапқы түп-тамыры Құранда жатса да, қиссаларға халықтың фантазиясымен кеңейіп, өрбіген, ауызша таралған аңыздары, ауыз әдебиетінің үлгілері көп енген. Діни дидактика, мораль, этика мәселелері қызғылықты оқиғалармен өріліп жазылған.

Ал пайғамбарлар жайлы қиссаларда олардың кереметін баяндауға көп көңіл бөлінеді. Ондай әңгімелерде пайғамбарлардың халықты дінге үндеуі, сол жолда мехнат шегуі, өзін Құдайдың жіберген адамы екенін дәлелдеу үшін керемет сиқырлы құбылыстар көрсетуі баяндалады. Мысалы:

**Салых қиссасы.** Салыхтың атасы Қасурды бұтқа табынушылар зынданға тастайды. Оларды алдаған, Қасурге әдейі қастық ойлаған Ібіліс болатын. Ібіліс адамдар келіп, бұтқа табынып жатқанда, бұттың ішінен қорқынышты дауыспен: «Уа, менің құлдарым, Қасурды зынданға тастаңдар!», – деп айқайлайды. Жұрт оны Құдайдың бұйрығы деп ойлайды да, дереу айтқанды орындайды. Қасур зынданда қырық жыл жатады. Бір күні Жәбірейілге Қасурды босат деген жарлық келеді. Ол босатады. Қасур бұл жерден кетпек болады. Ұзақ жүріп, бір тауға келеді, үңгірдің ішіне кіреді. Ұзақ ұйқыға кетеді. Оның Зағұм атты әйелі бар еді. Ол Қасурдың қайғысынан диуана болған-ды. Күндерде бір күн бір





күс келіп, Зағұмға: «Сен менің соңымнан ер!», – дейді. Күс оны таудың ішінде жатқан Қасурға алып келеді. Зағұм Қасурға: «Сен кеткелі жүз жиырма жыл болды, қайда жүрдің?», – дейді. Қасур оқиғасын айтады. Екеуі көріседі. Қасур көп тұрмай, сол күні-ақ өледі. Зағұм қайтады. Екіқабат болады. Күс: «Жұрт сенен бұл баланың әкесі кім?», – деп сұраса, осы тауға ертіп келіп, Қасурды көрсетейді. Құстың басы ақ, тұмсығы сары, бауыры қара еді. Зағұм оның себебін сұрайды. Күс: «Қабылдың Әбілді өлтіруіне себеп болдым. Соным үшін басым ағарды, ұжмақтың шөбін жегендіктен, тұмсығым сары болды, тозақтың үстінен ұшып бара жатқанда, от тиіп, бауырым содан қара болды», – деп жауап береді. Зағұмнан Салых туады. Сол елдің билеушісі: «Егер айтқаның өтірік болса, паршалап өлтіремін», – дейді, Зағұм Мәлікті тауға ертіп келеді. Үңгір екіге жарылады. Мәлік ішіне кіреді. Сонда іштен Қасур үн қатты. Билеуші Қасурдың сөзін естіп, Зағұмға: «Сөзің рас екен, баланы маған бер, мен асырайын, тәрбиелейін», – деді. Зағұм келіседі.

Салых өсе береді. Бір күні Жәбірейіл жас жігіт бейнесіне еніп келіп, Салыхты шаһардан шығарып әкетті. Бір үлкен алаңға әкелді. Сол жерге өзі алтын, жапырағы күміс ағаштар өсті, үйлер пайда болды. Ертеңіне халық көріп қайран қалды. Салых елді мұсылмандыққа үгіттеді. Үш жүз кісі мұсылман болды. Салых құлшылық етіп, сәждеге басын қойды. Сол заматта ұйықтап кетті. Содан үш жүз қырық жыл ұйықтады. Баяғы мұсылман болған үш жүз кісі әлдеқашан өліп кетті. Оянған соң, жұртты тағы дінге үндеді. Жұрт сенбеді. «Шын пайғамбар болсаң, тастан өзі буаз қызыл түйе шығар, көз алдымызда боталасын», – деді. Салых дұға қылып еді, тастан түйе шықты, боталады. Ұыз сүтін жұрт ішіп тауыса алмады. Оның есесіне түйе бір ішкенде, құдықтың суын құрғатты. Сонан былай суды бір күн түйе, бір күн халық ішетін болды.

Сол елде бір айлакер әйел тұрушы еді. Сол әйелдің қызына бір жігіттің көңілі ауады. Үйіне келеді. Әйел: «Сізге тамақ істеп берер едім, су жоқ. Түйе судың бәрін ішіп қойды. Сол түйені өлтіретін бір баһадүр жігіт табылмады-ау», – деп жігітті қайрайды, азғырады. Жігіт түйені қылышпен шауып өлтіреді. Ботасы қатты қиналып, үш рет бақырып, тасқа кіріп кетеді. Салых: «Ботаның үш рет бақырғаны – сендерге үш күнге азап келмегі», – дейді. Жұрт үш күннен кейін айтқанындай азап келмесе, Салыхты өлтірмекші болады. Үш күн өткен соң, аспаннан қатты үн естіліп, жерден от шығады. Адамдар күйіп кетеді.

Біз «Салых қиссасы» пайғамбарлар туралы әңгімелердің көбінің жалпы сипатын аңғартатын болғандықтан, оны толығырақ келтірдік. Қиссадан табиғаттың от, су, жел сияқты дүлей күшін бұрынғы адамдардың Құдайдың жіберген жазасы деп түсінгендігі байқалады.

Ал, шындығында, «аспаннан қатты үн естіліп, жерден от шығуы» табиғатта бола беретін құбылыс қой. Күн күркіреп, найзағай шатырлап,





аспаннан жай түсіп, жерді, үйлерді, ағаштарды өртеп жібергенін көзімен көрген, бірақ оның табиғи сырына зердесі жетпеген ертедегі адамның көкірегіне қорқыныш ұялап, оны Құдайдың ісі деп түсінген. Ертеде туған діни мифологиялық әңгімелердің оқиғасын өрбіту үстінде мұндай құбылыстар ылғи адамдарды күнәсы үшін жазалайтын Құдайдың қаһары түрінде кездесіп отырады.

Құстың адамша сөйлеуі, ақыл-кеңес беруі, көмектесуі де шығыс аңыздарында көп кездесетін деталь, тотемдік түсініктің көрінісі.

Пайғамбардың «керемет» көрсетуі ертедегі адамдардың құр қиялынан ғана туды ма, болмаса соған аз да болса, жанасатын бір негіз бар ма?

Керемет жайлы әңгімелердің тууына да адамдардың өмірден көрген, түйген түсінігі түрткі болды. Әр заманда химия, физика сияқты ғылымдардың дамымаған кезінде, кейбір адамдардың «сиқыр» жасауы жұртты таңғалдырған, шошынтқан. Мұны істеткен Құдай деп ұққан. Ал шынында, ол сиқыр гипноз, химия-физиканың кереметтері болуы мүмкін. Ондай оқиғалар адам санасында ұзақ сақталып қалған. «Ссалых қиссаларындағы» «Тастан түйе шығару» – адам фантазиясымен ұлғайған түрі. Қиссада бұдан басқа да ауыз әдебиетінде көп кездесетін деталдар көп. Олар: Салыхтың 300 жыл ұйықтауы, Қасурдың дауысын есітіп, таудың екі айырылуы, өліп қалған Қасурдың сөйлеуі т.б.

Салых – жай ғана ислам дінін уағыздаушы, таратушы адам не олардың жиынтық бейнесі: аңыз, қисса бойынша пайғамбар делінген, оның іс-әрекетіне неше түрлі діни-мифологиялық оқиғалар араласқан. Бұл қиссаны діни-дидактиканың бір үлгісі деуге болады.

Жазба ескерткіштердегі «құдіреттің күштілігін», пайғамбардың адамдарды дінге үгіттеуін баяндайтын аңыз-әңгімелер осылар тектес. Бұлардың қатарына жататындар: Мұхамедтің мигражға шығуы (көкке көтерілуі), Яхия мен Жүністің кереметтер көрсетуі. Өлген балыққа бір тамшы су тигенде тіріліп кетуі, мұсылмандыққа үгіттеген әйелдің балаларын отқа тастағанда өлмеуі, Ғайсаның тууы, Ыбраһимнің Смағұлды құрбандыққа шалмақшы болуы, Мұсаның хикаялары т.б.

«Христиан аңыздарын жасауда неғұрлым оригиналдық бастау болғандар аударма әдебиеттермен келген христиандық көзқарастан туындаған пікірлер емес, орыс өмірінің шындығымен және халықтың ауыз әдебиетімен байланысты реалистік элементтер»<sup>91</sup>, – деген еді орыс әдебиетінің көне бастауларын зерттеуші ғалым Д.С.Лихачев.

Сондай-ақ «Рағұзи қиссасы» («Қисас-ұл Рағұзи») кітабының да шығармашылық, тақырыптық-идеялық мәні ондағы халықтың ауыз әдебиеті үлгілерінен алынған не сол үлгімен жазылған, аз да болса реалистік, шындық элементтері кездесетін, өмірге жанасымды көркем

<sup>91</sup> Лихачев Д.С. Возникновение русской литературы. М – Л., Изд.АН СССР, 1952, стр. 148.

әңгімелерден көрінеді деп ойлаймыз. Ондай әңгімелерге қастық, достық, адамгершілік, зұлымдық, ізгілік, бірлік, қайырымдылық, қарапайымдылық, мақтансүйгіштік, көрсеқызарлық, махаббат мәселелері сөз болады. Кісінің бойындағы жақсы-жаман қасиеттері мен іс-әрекеттері неше түрлі қысқа да қызық, тартымды қисса-әңгімелерде беріледі. Оларда достық, қастықты, қарапайымдылық мақтансүйгіштікті, адалдық арсыздықты, әлсіз әлдіні жеңіп, салтанат құрып отырады. Бұл әңгімелердің нәр алған қайнар көзі халықтың ғасырлар бойы жасаған ауыз әдебиетінде, халықтың ақыл-ой мұраларында екенін осыдан да байқауға болады.

«**Нұх қиссасында**» қарлығаштың адамға достығы, істеген жақсылығы айтылады: Нұхтың кемесінің түбін тышқан тесіп қояды. Тесіктен кемеге су кіріп, ішіндегілер суға батағын болады. Суды сыртқа төге бастайды. Оған болмайды, кемеге су толып кетеді. Сонда Нұх: «Кімде-кім тесікті бекітсе, тілегін орындаймын», – дейді. Жылан тесікті бітейді. Кейін ол Нұхқа келіп: «Дүниеде ненің еті тәтті болса, соны бер», – дейді. Ненің еті тәтті екенін дәмін татып білу үшін Нұх масаны жібереді. Күтеді. Ол кешігеді. Масаны тауып алып кел деп қарлығашты жұмсайды. Қарлығаш масаны тауып алады. Одан: «Ненің еті тәтті екен?», – деп сұрайды.

- Бәрін татып көрдім, адамның қанынан тәттісін көрмедім, – дейді. Қарлығаш:

- Оның дәмі тілінде бар болар, мен көрейін, ауызыңды ашшы, – дейді.

Маса аузын ашады. Қарлығаш тұмсығымен масаның тілін жұлып алады. Екеуі Нұхқа келеді. Маса қатты үн шығарғанымен, быжылдап, ештеңе түсіндіре алмайды. Нұх:

- Бұл не айтып тұр, неге сөйлемейді? – деп сұрайды. Қарлығаш:

- Маған жолда айтқан, құрбақаның еті тәтті деп тұр, - дейді.

Содан жылан құрбақаның етін жейтін болады.

Бұл әңгіме-ертегі халық аузында көп тараған, бірнеше вариантпен айтылады. «Қазақ ертегілерінде» «Қарлығаштың достығы»<sup>92</sup> деп айтылады.

**Лұқман Хакім қиссасы** (Арабша Лұқман – данышпан деген сөз).

Лұқман – шығыс әдебиетінде көп кездесетін, ақылды, дана, көп жасаған, көпті көрген көне қарттың бейнесінде жүретін сүйкімді, жағымды тұлға. Лұқман туралы аңыз-әңгімелер Исламға дейінгі арабтардың ауыз әдебиетінде мол айтылған. Содан әр түрлі халықтың өзінікі, өзінің данышпан қарты болып кеткен. Бірте-бірте оның атына неше түрлі қызық, жанама әңгімелер қосылған.

Рабғұзи қиссасында ауыз әдебиетінде айтылатын Лұқман туралы бірнеше әңгіме-хикаялар «Лұқман Хакім» деген атпен берілген.

<sup>92</sup> Қазақ ертегілері. А., 1964, 3-том, 160-бет.



**Бірінші хикаят:** Алла Лұқманға: «Тілесен – пайғамбарлық берейін, жоқ болмайды десең – ғылым берейін, қайсысын қалайсың?», – дейді. Сонда Лұқман: «Пайғамбарлық керек емес, ғылым, білім керек. Пайғамбарлық тым ұлық іс, онымен бірге болғанша, ғылыммен бірге болып, адал іс қылайын», – деп ғылымды алады. Сөйтіп, білімдар, көреген, ақылды болады. Жұрттың бәрі келіп, Лұқманнан ақыл сұрайтын болады.

**Үшінші хикаят:** Лұқман хакім қарыз сұрап келген кісінің бетін қайтармайтын еді. Бір күні бір кісі келіп, мың алтын алады. Іштей: «Қарызын бермей кетейін», – деп ойлайды. Жолда бара жатып, бір жерге тоқтайды. Алтын қызыл жаулыққа ораулы болатын. Бір құс ұшып келеді де, тұмсығымен жатқан түйіншекті іліп алып, ұша жөнеледі. Құс Лұқманның үйінің төбесінен ұшып бара жатқанда түйіншек жерге түсіп кетеді. Лұқман түйіншекті көріп таниды.

Қарыз алған кісі амал жоқ, Лұқманға қайтып келеді. Жайын айтып, тағы мың алтын бер деп өтінеді. Ішінен: «Осы жолы берсе, мың алтынын екі мың қылып қайтарармын-ау», – деп ойлайды. Лұқман сұрағанын береді. Алтын алған кісі сауда жасап, сол мың алтыннан он мың алтын пайда табады. Лұқманға екі мың алтын береді. Лұқман: «Бірінші мың алтынды алғанда, бермей кетейін деп арамдық ойлап едің, ол саған бұйырмады, екінші рет алғанда, адалдық ойлап едің, пайда таптың. Бұдан былай қара ниет болма!» – дейді.

**Төртінші хикаят:** Лұқман хакімнің қожасы Лұқманға ең жақсы ет асып бер дейді. Лұқман бір қойды әкеліп, бауыздап, тілі мен жүрегін асып береді. Біраз күн өткен соң ең жаман ет асып бер дейді. Лұқман тағы да қойдың тілі мен жүрегін асып береді. Қожасы мәнісін сұрайды. Сонда Лұқман: «Жақсы болмақ та тіл мен жүректен, жаман болмақ та тіл мен жүректен», – деп жауап береді.

**Бесінші хикаят:** Лұқман ұзақ уақыт жол шекпекші болып, кетерінде ұлына үш өсиет айтады: Әйеліңе сырынды айтпа, жаңа байығаннан қарыз алма, әкімнің нөкерімен дос болма.

Әкесі кеткен соң ұлы осы айтқандарының растығын тексеріп, білмекші болады. Бір жаққа кетеді де, келерде бір қойды сойып, қапқа салып, арқалап үйіне әкеледі. Әйелі:

- Бұл не? – деп сұрайды. «Сен ешкімге айтпа, далада бір кісіні өлтіріп алдым, қаптағы соның денесі», – дейді. Жаңа байығаннан қарыз алады, әкімнің нөкерімен дос болады. Күндерде бір күн әйелімен екеуі жанжалдасып қалады. Әйелінді: «Құдайыңды біліп қой, әйтпесе мойныңнан байлағармын», – дейді. Бұл сөзді қоңсы әйел есітіп: «Оны неге байлагасың?» – деп сұрайды. Әйел: «Ау, халайық, бұл адам өлтірген, мені де өлтірейін деп жатыр», – деп жылайды. Бұл хабар әкімге жетеді. Әкім нөкеріне бұйрық береді. Өзімен дос болған нөкер келіп, мұны байлап

алып кетеді. «Босат!» деп өтінсе де, босатпайды. Жолда жаңа байыған: «қарызымды беріп кет!», – деп жабысып, қарызын алып қалады.

Мұны дарға аспақшы бола бергенде, әкім танып қалып: «Сен Лұқман хакімнің ұлысың, бұл іс саған лайық па, неге істедің?», – дейді. Ол болған істі бастан-аяқ айтып береді. Әкім үйінен қапты алдырып, ашып қараса, қойдың еті екен. Босатып жібереді.

**Алтыншы хикаят:** Бір залым патша Лұқман хакімді ұлымен бірге құдыққа тастатады. «білгір болса, көрейін. Осы құдықтан қалай аман шығар екен?», – дейді. Құдықтың аузын диірменнің тасымен бекіттіріп, үстіне егін ектіреді. Лұқман ұлына: «Арқама мініп тұрып, құдықтың қабырғасынан бір кісі отыратындай жерді пышақпен ой», – дейді. Содан соң ұлына 40 түйір құрма беріп, сол жерде қалдырады да, өзі ары қарай қазып кете береді.

Лұқман құдықта жеті жыл жатады. Баяғы сұлтан өліп, оның орнына басқа сұлтан болады. Бір күні сұлтан құрма жеп отырғанда, тамағына дәні тұрып қалады. Қандай амал жасаса да, ала алмайды. «Мұның айласын білетін кім бар?», – дегенде, бір қарт: «Лұқман деген білгір кісі бар, тірідей құдықта жатқанына жеті жыл болды, егер өліп қалмаған болса, мұның айласын сол білер еді», – дейді. Сұлтан дереу құдықты аштырып, ішіне адам түсіреді. Ол: «Бір кісі өліп жатыр», – деп қайта шығады. Қарт: «Сүйек бір кісінікі ме, болмаса екеу ме?», – деп сұрайды. Түскен адам: «Бір кісінікі», – дейді. Қарт қайта түсіреді. Бұл жолы өлер алдындағы Лұқманды тауып, құдықтың аузына әкеледі. Лұқман: «Құдықтың жанына үй тіктірі, әр түрлі тағам пісірсін», – дейді. Содан соң шарап келтіртіп, үш күн бір-бір қасықтан шарап жұтады. Тіріле бастайды. «Енді бір сандық әкел, денеме жел тигізбей соның ішіне салып, сыртқа шығар», – дейді. Лұқманды сандыққа салып шығарады. Сандықтың ішінде түрлі дәрі қайнаттырып, ішіп үш күн жатады. Лұқман күш-қуаты қалпына келіп, орнынан тұрады: оны сұлтанға алып барады. Сұлтанды көріп: «Сіз өз балаңызды бауыздатып, жүрегін пісіріп жемесеңіз, жазылмай, өлесіз!», – дейді. Сұлтан біразға дейін көнбейді. Ақыры өлетін болған соң уәзірлерінің үгіттеуімен көнеді. Лұқман сұлтанның баласын байлатып, алдына әкеледі. Сұлтан жылай береді. Баласының бауыздалғанын көрмесін деп, алдына перде тұттырады. Жасырып бір қойдың аяғын байлап және әкелдіреді. «Ей, жігіт, саған ажал, маған бұйрық келді, атаң үшін сені бауыздаймын», – деп қойдың тамағынан пышақпен тартып жібереді. Қой қор ете түскенде, сұлтан «ah!» деп талып қалады. Ол қатты күйініп: «Ah!», – дегенде, тамағындағы сүйек атып шығады. Есін жиып қараса, баласы тірі, алдында отыр екен. Сұлтан қатты қуанып, Лұқманның ақылдылығына сүйсінеді. Көп мал беріп қайтарады.

**Жетінші хикаят:** Лұқман хакімнің ұлы ержетіп, қалыңдық іздейді. Лайық қыз таппайды. Әр ауылға барған жерде ұлын байлап қойып,



сабайды. Ел: «Неге ұрасың?», – деп сұраса, Лұқман: «Бұйырған істі ғана орындағаны үшін», – дейді. Ел: «Бұйырған істі орындағаны үшін ұра ма екен?», – деп таң қалады. Күндер өте береді. Бір күні бір ауылға келіп, ұлын тағы ұра бастайды. Жұрт жиналады. Олар да Лұқманның сөзіне қайран қалысады. Әйелдер аяп, жылайды. Сонда мұның бәрін көріп тұрған бір қыз: «Уа, үлкен кісі, балаң өзі біліп істемесе, мен бұйырмаймын», – дейді. Лұқман қарт ұлын босатып, әлгі ақылды қызға үйлендіреді.

«Рабғұзи қиссаларындағы» Лұқман хакім жайындағы хикаяттар тапқыр оқиғалармен өте тартымды баяндалған. Олардың халық аузында әбден пісіріп-шираған әңгімелер екендігі анық байқалады.

Хикаяттардағы Лұқман қарт құр уағызбен күн кешіп, намазға ұйып, дінге кірмеген халықты қырып жүрген пайғамбар емес, ақылымен, білімділігімен, адалдығымен озған, ақыл-айласына, еңбегіне сүйенетін адам. Әңгімелер Лұқмандай бол, арамдыктан, қара ниеттіліктен, өтірік-өсектен без, білім-ғылым қу, сонда Лұқман тәрізді қиындықтан оңай құтыласың деп үйретеді. Ерлі-зайыпты адамдар бір-біріне бұйрық беріп, бірі би, бірі құл болып күн кешпей, бірін-бірі айтқызбай ұғып, тәтті өмір сүруі керек деп өсиет айтады. Ол үшін алған жарың ақылды, адал болсын дейді. Соның бәрі қысқа әңгімелерде жеріне жеткізе айтылып, көңілден берік орын алады.

Бұл тапқыр, тартымды хикая-әңгімелер халық аузында сонау замандардан айтылып, бізге дейін жеткен болуы керек. Қанша уақыт өтсе де, Лұқман хакімнің осы әңімелерінің бәрі дерлік халық аузында әлі күнге айтылады.

Ескерткіштегі хикаяттардың біреуін (6-хикаят) жырау Р.Мәзғожаев 1946 жылы халық аузынан жинап, жазып тапсырған, «Халық ертегілері» атты кітапқа кірген («Әкім Лұқман туралы», «Қазақ ертегілері», 3-том, 363-бет).

Қазақ ертегілерінде Лұқман атына байланысты айталатын бұлардан бөтен де аңыз, ертегілер кездеседі. Мысалы, «Лұқпан ата мен Әділ» («Қазақ ертегілері», 3-том, 343-бет), «Лұқман Әкім» (тапсырған Ә.Марғұлан)<sup>93</sup> т.б.<sup>94</sup>

Халықта «Көппен көрген ұлы той», «Көп түкірсе – көл», «Көптен бөлінген көмусіз қалады», «Береке, бақыт – бірлікте» деген мақал-мәтелдер бар. Мағынасы – бірлікке, ынтымаққа, берекеге шақыру, соны мұрат тұтқан кісінің мәртебесі биік болатындығын тұспалдағандығы белгілі. Халықтың ауа жайылған, тойымсыздықпен қолда барын қызғанамын деп, көптен бөлініп, қара басының күйкі тіршілігін күйттеген өрісі тар, санасы саяз, дүниеқоңыз жандарға айтқан бір нақыл ескертпесі іспетті. Осы мақалдардың мысалы «Рабғұзиде» де кездеседі.

<sup>93</sup> Қазақ ССР Ғылым академиясының кітапханасының колжазба қоры. 202 – папка, №12.

<sup>94</sup> Толығырақ: Каскабасов С.А. Казахская волшебная сказка. Алма-Ата. 1972, стр. 41 – 43.

**Аһил Хайруан қиссасы.** Бір кісінің он екі ұлы және бір үлкен мәуелі бағы бар еді. Мәуесінің бітіктігі сондай, жемісі бір жылдан келесі жылға дейін жетуші еді. Ол кісі бақтың жемісін жинайтын уақытта кедейлерді шақырып, қаққанда ағаш түбіндегі кілемнің үстіне түскенін өзі алып, сыртына түскен жемісті соларға беретін. Жұртпен бірлесіп, тез жинап алатын. Бір күні әлгі кісі қайтыс болады. Жылдағы жемістерін жинайтын уақытта балалары: «Атамыз жемістерді жұртқа үлестіре беруші еді, енді өзіміз ешкімге көрсетпей, жасырып жиып алайық», – десті. Түнде жасырынып баққа барады. Жинамақшы болды. Сол кезде қатты жел тұрды, бір-бірін көрмеді. Жемістері қап-қара күйік болып, жеуге жарамай қалды. Олар өкінді, бірін-бірі кінәлады. Ең кішісі: «Бұған бәріміз де кінәлымыз», – деді. Бәрі: «Енді жемісіміз болса, бүйтіп ашқарақ болмас едік», – десті.

Содан былай жемістері жақсы өсті. Бітік өскені сондай, мәуесінің бір үзімі он батпаннан болды.

«Рабғұзи қиссаларындағы» әңгімелердің көбінің кейіпкері, «пәлен пайғамбар» деп алынды да, солардың іс-әрекеті арқылы қарапайым адамдар арасында кездесетін жақсылық, жамандық мәселелері сөз болды. Мысалы: «Дәуіт қиссасында» ынсапсыздық, көрсеқызарлықты сынайтын әңгіме бар.

Шығыс аңыз-әңгімелерінде Сүлеймен патша туралы да көп айтылады. Ол жайында «Рабғұзи қиссасында» да бірнеше әңгіме бар. Оларда Сүлейменнің жастығына қарамай ақылдылығы, білімділігі, әкесінің қате билігін түзеткені айтылады.

Екі кісі дауласып, Дәуіттің алдына келеді. Біреуі: «Менің егініме қойларын жіберіп, егінімді жегізді», – деп екіншісін қаралайды. Дәуіт егіншіге: «Сен астығың үшін қойын ал», – деп билік айтады. Қойшы егіншіге қойын бермейді. Екеуі бұрынғыдан жаман дауласып, Дәуітке тағы келеді. Сүлеймен айтты: «Әй, ата, бұл билігің дұрыс емес, Одан да егінші қойшының қойын алып, суалғанша сүтін ішсін. Қойшы егіншінің бидайын алып, егіні піскенше иелік етсін», – деді. Бұл сөзге қойшы да, егінші де риза болды.

Енді бір әңгімеде: Бір кісінің бір сұлу әйелге көзі түседі. Әйелді алғысы келеді, әйел көнбейді. Еркек: «Егер көнбесең, куә табамын да, маған зина қылды, алдады деп қазыға алып барамын», – деп қорқытады. Әйел оған да көнбеген соң, әлгі кісі бірнеше кісіні куә қылып, әйелді алып, Дәуіттің алдына келеді. Арыз айтады. Дәуіт: «Куәң бар ма?», – дейді. Еркек куәларын көрсетеді. Олар коштайды. Дәуіт әйелді жазаға бұйырады. Сонда Сүлеймен: «Ата, асықпай тұра тұр, мен куәлармен сөйлесейін», – дейді. Куәларды бір-бірлеп оңаша шақырып алып: «Бұл оқиға күндіз болды ма, кешке болды ма, сыртта ма, үйде ме?», – деп сұрайды. Біреуі күндіз, біреуі кешке, бірі сыртта, бірі үйде деп, әрқайсысы әр түрлі жауап



береді. Өтірік екенін содан білген Сүлеймен куәлар мен арыз айта келген кісіні жазаға бұйырып, әйелді қоя бергізеді.

Сүлеймен патша туралы бір хикаятта Сүлейменді сөзбен жеңген құмырсқа туралы баяндалады. Бір күні құмырсқалардың патшасы Сүлейменнің қаптаған әскерімен келе жатқанын көріп, басқа құмырсқаларға інге тығылуға бұйрық береді де, өзі күтіп тұрады. Сүлеймен мұны көріп, күледі:

- Құмырсқаларды неге қашырдың? – деп сұрайды. Құмырсқа:

- Сенің әскерің аяғымен таптап, езіп кетпес үшін, - дейді.

- Онда өзің неге қашпадың? – деп сұрайды Сүлеймен. Құмырсқа:

- Мен құмырсқалардың басшысымын. Бұқарасы бір пәлеге жолыққанда, басшысы жан сауғалап қашпас болар, - деп жауап береді. Сүлеймен құмырсқаның ақылдылығына таң қалып:

- Мұның бәрін қайдан үйрендің? – дейді.

- Дүние-ғаламның бар ғылымы сенің жалғыз өзінде деп ойлайсың ба? Сен білген ғылымды біз де білеміз, – дейді.

- Не түрлі ғылымың бар? Айт, көрейін. Құмырсқа Сүлейменнің өзінен:

- Сенің қандай қасиетің бар? – деп сұрайды.

- Барлық билік бір менің қолымда, – дейді. Құмырсқа:

- Онда тек «маған болсын, өзгеге болмасын» деген адам екенсің. Саған Жаратқан тағы қандай қасиет берді? – дейді.

- Желдей жүйріктікті берді. Бір күнде бір йшылық жол жүремін.

Құмырсқа:

- Онда жинағаның желмен кетеді екен. тағы не тіледің? Сүлеймен:

- Так сұрадым. Құмырсқа:

- Отыруыңа жер де жетпейтін бе еді? Тағы не сұрадың? Сүлеймен:

- Жер жүзіндегі адам да, жын да қол астымда болсын деп жүзік сұрадым. Құмырсқа:

- Жүзігіңнің құны бір-ақ тас болады (бір теңге ақша). Сенің билігіңнің құны да бір-ақ тас екен, – депті.

Сөйтіп, құмырсқа «менен білімді жоқ» деп жүрген Сүлейменді сөзбен жеңіпті.

Бір кісі Сүлейменге келіп: «жануарлардың тілін үйрет», – деп өтінеді. Сүлеймен: «Ешкімге айтпасаң, үйретемін», – дейді. Үйретеді. Ол адам тіл үйретіп болған соң, үйіне келіп, құлына есек пен өгізді бір жерге алдыртады. Сөйтіп, екеуінің сөзін тыңдайды. Есек өгізден: «Достым, халің нешік?», – деп сұрайды. Өгіз: «Несін сұрайсың, халім жаман, жұмысты көп істеймін», – дейді. Есек: «Мен саған бір айла үйретейін, тыңда, жұмыстан құтыласың, – дейді. – Ертең саған шөп берсе, жеме, су берсе, ішпе, жатып ал. Діңкесі құрыған екен деп жұмыстан босағайы».

Мұны естіген иесі құлына: «Ертең мына есекті әбден жұмысқа жек,



өгізді босат», – дейді. Сол күні өгіз шөп жемей, жатып алады. Есек кешке дейін өліп-талып жұмыс істейді. Кешке өгіз: «Достым, қоғам бүгін мені әңгімеледі ме?», – деп сұрайды. Есек: «Әңгімеледі, егер өгіз ертең су ішіп, оттап, жұмысқа салуға жарамаса, оны сойып, етін үлестіріп беремін деп ұрысты», – дейді. Өгіз қорқып кетеді. Салған шөптен өз сыбағасын да, есектің сыбағасын да жеп қояды. Жұмысты жанын салып істейді. Содан былай жұмысқа өгізді салатын болады. Есек сөйтіп бейнеттен құтылыпты. Сүлеймен жайлы ертегілер, аңыз-әңгімелер қазақ арасында едәуір кездеседі. Олардың кейбіреулері Қазақ ССР Ғылым академиясы Орталық кітапханасының қолжазба қорында сақталған: «Сүлеймен патша»<sup>95</sup>, «Тақ Сүлейменнің хикаясы»<sup>96</sup>, «Сүлеймен пайғамбар»<sup>97</sup>.

Бұл сияқты мысал әңгімелерде жан-жануарлардың, жанды-жансыз нәрселердің бір-бірімен сөйлесуі арқылы түрлі мінез-құлықтары ашылады. Олардың айлакерлігі, ақылдылығы, мақтаншақтығы, момындығы көрсетіліп, адам бойындағы қылық-қасиеттерге тән мінез-құлықтар тұспалданып отырады. Фольклорда, қазіргі жазба әдебиетімізде мол тараған ертегі, мысал, әңгіме, өлеңдердің терең тамырлары, міне, осындай үлгілер деуге болады. Осы сияқты «От пен жердің» айтысы да тәрбиелік мәні бар әңгімелердің қатарына жатады: От: «Менің нұрым түнді күндіз қылады, дұшпандарымды егесем – өлтіріп, өш аламын, ұзын тіліммен ағаштарды өртеп, күл қыламын», – деп мақтанады. Сонда жер: «Мен адамдардың ауырлығын көтеремін, қазына да, су да, тау да менің қойнымда. Адамдарға ырзық беремін. Бір дән ексе, он қылып, жүз дән ексе, мың қылып қайтарамын», – дейді. От жауыздық істеріне мақтанса, жер қайырымдылығын мақтан қылады.

**Зұлқарнайын қиссасы.** Александр Македонскийдің аңызға айналған бейнесі ертеден-ақ ақындардың қиялын қызықтырып, өзіне тартқан. Оның шын бейнесі уақыт өткен сайын қиялмен түрленіп, түрлі шығармаларда түрлі таңғажайып оқиғалар қосылып, Александрдың шынайы өмірбаянына ұқсамайтын басқа біреу болып шыққан. Көбіне идеал патша бейнесінде жүрген. Сөйтіп, біздің жыл санауымыз бойынша I ғасырдың өзінде-ақ туған романдарда Александр аты ғана алынғаны болмаса, заты ойдан шығарылған аңыздан тараған еді. Мұның өзі көпке белгілі, Қожанасыр әңгімелеріне әр халық өз фантазиясынан туған күлкілі оқиғаларды қосып, өзінше өзгертіп айтып, бұрынғыларын дамытып, кеңейте беретіні сияқты, Александр туралы аңыздар да мол тарап, олар батыс пен шығыста «Александрия» деген өзінше бір жанрға айналып кеткен. Александр жайындағы романдарды Низами, Науаи дастандарын зерттеген ғалым Е.Э.Бертельс жоғары бағалайды: «... Александр жайлы

<sup>95</sup> 202-папка. Ертегі. Тапсырған Ә. Марғұлан.

<sup>96</sup> 203-папка. Ертегі. Тапсырған Ж. Жантөбетов. 1945 ж.

<sup>97</sup> 923-папка. Ертегі. Тапсырған Ж. Жантөбетов.





шығыс романдарының біз үшін үлкен маңызы бар. Бұлар жай ғана көркем шығармалар емес, сол роман жазылған дәуірдегі саясаттың, саяси танымының жиынтығы. Оларды тек әдеби-тарихи жағынан ғана зерттеп қоймауымыз керек... Бұл шығармалардың барлығы да тарихта болған бір ғана Александрды мадақтауға құрылмаған, басқа да идеал бейнелерді қастерлеуден туған жиынтық тұлға. Оны шаруашылар көбінесе, шын Александрды біле бермеген»<sup>98</sup>.

Александр туралы аңыздар араб-парсы елдерінде де осындай жолмен жайылған. Бұл аңыздар кейін Құранға кіргізілген соң, айырықша мол тарап кетті.

Араб-парсыда Ескендірді белгілі-белгісіз ақындардың көбі жырлап, прозалық шығармалар да, көптеген дастандар да туғызған. Низами, Жәми, Науаиге қоса Табари, Абу Әли Мұхаммад ибн Мухаммад Балами («Хроника», X ғ.), Фирдоуси («Шаһ-нама», X ғ.), Әбу Бәкір Мұхаммад ибн әл-Вәлид әл-Фахри, ат-Туртуши («Сирад ал-Мулук», XI ғ.), Әбу Хамид Мухаммад ибн Мухаммад Ғазали («Ат-тибр әл-мәсбук фи Насихат әл-Мулук», XI ғ.), Әмір Хосрау (XIII – XIV ғғ.) ақындар да жазған. Бұлар бір-бірінен көшірілген аудармалар емес, әрқайсысы өзінше жазылған нәзира шығармалар.

Зұлқарнайын қиссасын жазу үшін Рабғұзидың көп тараған аңыз-әңгімелерді, өзінен бұрын жазылған кейбір кітаптарды қарап, оқығаны байқалады. Оларды өз сөзімен баяндап берген, өз шығармашылығының елегінен өткізген. Бір оқиға әрқилы нұсқалармен айтылса, оны да көрсетіп отырған. Мысалы: «Ескендірдің» «Зұлқарнайын» – «Қос мүйізді» делініп аталуының мәнісін әркім әр түрлі түсіндіреді. Біреулер: «Құрна» араб тілінде «мүйіз» деген сөзді білдіреді. Ал «Иуна» – көптік жалғауы, «екі» мағынасын білдіреді, содан барып «Қос мүйізді» делінген, – дейді.

Қиссада екі аңыз-әңгіме көңіл аударады.

Зұлқарнайын көп елді жаулап, Үндістанға жетеді. Әскерімен қалаға жақындағанда, үнділердің патшасы бұл келе жатқан кімнің әскері екен, біліп кел деп, бір аса білікті уәзірін жібереді. Уәзірі ұзын кісі екен. Зұлқарнайын оны көріп, еңкейіп, басын тұқырайтады. Үнді уәзірі саусағымен мұрнын ұстап, маңдайын сипайды. Зұлқарнайын күліп жібереді. Қасындағылар бұл ишараттың мәнін сұрағанда, ол: «Менің басымды тұқыртқаным – «Бойы ұзынның ақылы қысқа болады» деуші еді, ақылың, білімің аз шығар дегенім. Ол маған: «Мұрын қуысыма дейін, басым, тұлға бойым толған білім», – деп жауап берді», – дейді. Зұлқарнайын ірімшік толы ыдыс алып, үндінің алдына қояды. Үнді қайыра ине шаншып қайтарады. Зұлқарнайын иненің бәрін балқытып, жұмарлап, қап-қара қылып күйдіріп қолына береді. Үнді сыртын сүртіп-

<sup>98</sup> Бертельс Е.Э. Роман об Александре и его главные версии на востоке. М – Л, 1948, стр. 2.

сүртіп қайтарады. Зұлқарнайыннан қасындағы кісілер тағы да мәнісін сұрайды. Ол: «Ыдысқа ірімшік салып бергенім – біздің біліміміз осында көп дегенім. Оның ине шаншып қайтарғаны – біз де қалыспаймыз, біліміміз жыпырлаған инеден көп дегені. Инелерді балқытып, қарайтып бергенім – «түрің қара екен, пиғылың қандай?» дегенім еді. Ол: «Түрім қара болса да, көңілім ақ, адалмын деп жауап берді», – дейді.

Бұл әңгімеден патшаны ақылды, білікті адам ретінде суреттеп, идеал бейнені көрсетуге ұмтылу жайы байқалады.

Түркі халықтарында айтатын ойын тұспал сөзбен меңзеп, жұмбақтап айтып көрсеткен, сөйтіп ақыл-білім сайысына түскен білігі жоғары данышпан қарттар, ақылды қыз-келіншектер, жігіттер жайындағы әңгімелер, ертегілер мол айтылады. Олар қазақтың шешендік сөздерінде, ертегі аңыздарында да көп. Мысалы, Қарашаш сұлу мен Жиренше шешен жайлы әңгіме ертегілер, «Ақылды әйел», «Мафрузаның оқиғасы», «Орман молда мен Өтеш қу», «Жиренше шешеннің істері» тағы басқалар. Рабғұзи қиссасындағы жоғарыдағы әңгіме де осылай ойдан туып, дамып, Зұлқарнайынға телініп айтылған болуы мүмкін.

Екінші әңгімеде Зұлқарнайынға Ысрафилдің тас беруі айтылады: Зұлқарнайын бірінен соң бірін кеп елдерді жаулап алады. Бір күні Зұлқарнайын бұл Ысрафилді көреді. Ол бір тас береді. Зұлқарнайын бұл тастың не мағынасы бар екенін біле алмай, хакімдерінен сұрайды. Олар: «Тасты таразыға тартып көріңіз, неден ауыр екен», – дейді. Таразыға тартып еді, ол тастың ауырлығына тең келетін зат табылмады. Топырақ салып еді, тасты басып кетті. Қызыр: «Мұның мәнісі – адам тірлікте ешнәрсеге тоймас, бетін топырақ жапқанда ғана тояды деген», – дейді.

«Зұлқарнайын қиссасындағы» әңгімелердің екі түрлі бағыты байқалады. Бір – Зұлқарнайынның пайғамбарлығын көрсетуге көбірек көңіл бөлінген, таңғажайып оқиғалар араласқан әңгімелер; екіншісі – Зұлқарнайынды, оның іс-әрекеттерін адам, адамдық қалыпта суреттейтін үлгі, өнеге ретінде айтылған, өмірге сыйымды оқиғаларға құрылған әңгімелер (Зұлқарнайынның үнділікпен сөйлесуі, топырақтан басқаға тоймаған тас т.б.).

Зұлқарнайын туралы ертегі-аңыздар Рабғұзи нәр алған түркі халықтарының ауыз әдебиетінде, оның ішінде қазақ фольклорында көп айтылады. «Мүйіз шығады деймісің» деген сөздің төркіні де Зұлқарнайын әңгімесінен шығып жатыр. Мәні: «Зұлқарнайынның күштілігі екі мүйізінен екен» дейтін аңызды тұспалдағаны. Аңыз-ертегі 1946 жылы шыққан «Қазақ ертегілерінің» 1-томында бар. Қысқаша нұсқасы Қазақ КСР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасында сақтаулы<sup>99</sup>.

<sup>99</sup> 151-папка. Тапсырған Ә.Марғұлан. 1939.



**Жүсіп – Зылиха киссасы.** Жүсіп пен Зылиханың махаббаты жайлы аңыз талай ғасырлар бойы ақын мен жыршының өлеңінде, әңгімеші-шешеннің көмейінде тербеліп, жыр-өлең, әңгіме-ертегі түрінде күні кешеге дейін айтылып келген, Шығыста көп тараған, көп жырланған сюжеттің бірі. Фирдоусидің «Иусуф вә Зулайха», Әлидің «Қисса-и Иусиф», Дүрбектің «Иусуф вә Зулайха», Жәמידің, Шайяд Хамзаның «Иусуф вә Зулайхасын» айтсақ та, бұл аңыздың шығыс елдеріне қаншалықты жайылғанын аңғаруға болады.

«Жүсіп – Зылиханың» ең көне нұсқасының бірі Фирдоуси жазған дастан. Парсы әдебиетінің жетік маманы, Фирдоуси шығармаларын, өмірін зерттеушілердің бірі Е.Э.Бертельс Фирдоусидің бұл поэмасына Библиядағы Иосиф Прекрасный мен оның әйелі Пентефрия жайлы аңыз, Құрандағы Жүсіп оқиғасы, осы аңыздың кейбір кітаптардағы апокрифтік версиялары негіз болды, оқиғасын солардан алды деп көрсетеді<sup>100</sup>.

Көпке белгілі, Құранның 12-сүресінде «Жүсіп» әңгімесі әңгімелердің ішіндегі ең жақсысы, көркемі, бұрын белгісіз деп көрсетілген<sup>101</sup>. Яғни бұл әңгіме Құраннан бұрын еш жерде жазылмаған, естілмеген болып шығады. Алайда, Жүсіп жайлы мифтік әңгіме-аңыздар арабтар арасындағы исламға дейін де белгілі болған, көне Египетте кең тараған<sup>102</sup>. Тәуратты зерттеуші З.Косидовский Иосиф туралы мифтік әңгіме көне бір тайпалардың басынан кешірген тарихи оқиғаларын бейнелейді. Жүсіптің басынан кешірген жағдайларында көне бір тайпалар өмірінің көрінісі бар деп есептейді.

Айтылған пікірлерді жинақтай келіп, шығаратын қорытындымыз: Жүсіп туралы аңыздардың түпкі тамырлары көне мифтерден тарайтындығы, кейін сол ауызша, жазбаша аңыз-әңгімелерден әр түрлі версиялармен тарап кеткендігі. Ол Фирдоусиге дейін де Тәурат пен Құраннан басқа түрлі діни кітаптарда біршама жазылған. Фирдоуси сол аңыздарды жинақтап, қорытып, өзінше нағыз көркем шығарма етіп жазып шыққан болса, одан кейінгі ақын-жазушылар алдыңғы материалдардың үстіне Фирдоуси жазған «Иусуф вә Зулайханы» да оқып, өз шығармаларын өзек қылған.

Фирдоуси поэмасы, сюжеті Құраннан алынғандығына, басты геройлары мұсылман пайғамбарлары – Жақып пен Жүсіп екендігіне қарамастан, мистикалық әуеннен алшак.

«... Бұл тақырыпқа Фирдоуси айырықша реалистікпен қараған, таңғажайып (діни) кереметтердің бәрін екінші орынға ысырып, оларға тым аз орын қалдырған, сараң баяндаған»<sup>103</sup>, - дейді. Е.Э.Бертельс: «тіпті

<sup>100</sup> Бертельс Е.Э. Абу-л-Касим Фирдоуси и его творчество. Л – М, 1935, стр. 59.

<sup>101</sup> Крачковский И.Ю. Коран. 12-суре.

<sup>102</sup> Климов Л.И. Ислам. М., 1965, стр. 50.

<sup>103</sup> Бертельс Е.Э. Абу-л-Касим Фирдоуси и его творчество. Л – М, 1925, стр. 60.

Фирдоусидің «Шаһнамасы» бізге жетпеген күнде «Жүсіп» поэмасына қарап-ақ, оны дүниежүзі әдебиетінің, парсы әдебиетінің тарихында ең құрметті орынға қояр едік», – деп баға берді.

«Жүсіп – Зылиханың» түркі тіліндегі ең көне нұсқалары: Әлидің «Қисса и Иусуфи» мен Рабғұзидің «Қисса Иусуфи». Бірі - өлеңмен, екіншісі қарасөзбен жазылған.

Екеуінің де негізгі сюжеті бір, бірақ аздап айырмашылықтары бар. Мәселен, Әлидегі Жүсіпті көру үшін құдықта мың жыл отырған Мысыр көпесі Мәлік ибн Дағридың түсі, Жүсіптің көркіне қайран болып, халықтың аштығын ұмытқаны Рабғұзиде кездеспейді.

Фирдоуси творчествосын жетік білетін ленинградтық ғалым Г.Т.Тагирджанов Әлидің, Рабғұзидің, Шайяд Хамзаның «Жүсіп – Зылихасын» Фирдоусимен салыстыра қарап, Әли мен Рабғұзи өздерінен бұрын туған көп үлгілердің ішінен Фирдоуси жырына айырықша сүйенеді, оқиғасы ғана емес, жекелеген жолдарында да ұқсастық бар деген қорытындыға келген<sup>104</sup>.

Бір ғана «Жүсіп қиссасы» емес, Рабғұзи кітабындағы әңгімелердің әрқайсысының негізі қайдан алынды, оларды автор творчестволықпен қалай пайдаланды, Рабғұзидің нәзирашылдығы қай дәрежеде деген мәселелер арнайы зерттеулерді қажет ететіні даусыз.

М. Әуезов Тұрмағамбет ақынның «Рүстем – дастанына» жазған алғы сөзінде:

«... Рүстемнің жайы жалғыз Фирдоусиден басталмайды. Ол турасындағы көне аңыз, әңгімелер Фирдоусиден бұрын да көп жайылған болатын».

Осы баспада оқушыға ұсынылып отырған «Рүстем – дастан» жыры Фирдоусидің «Шаһнамасынан» жасалған аударма емес. Ол арғы-бергі (соның қатарында Фирдоусидің де еңбегіне ауысқан! Ауызша да, жазбаша да хикаялардың бәрінен құралып, қазақ халқы арасында ертегіше тарап кеткен батыр жорықтарының жиынтық жыры.

... Сонымен Рүстемнің жайы туысқан тәжік әдебиетінің ұлы классигі Фирдоусидің «Шаһнамасында» болғанымен, мынау еңбегі Фирдоусидің «Шаһнамасынан» тікелей жасалған аударма демейміз, сол Фирдоуси үлгісімен халық ақыны Тұрмағамбеттің өзі өлең етіп жазған Рүстем жөніндегі дастанның қазақша варианты дейміз», – деген еді<sup>105</sup>.

Біздіңше, М.Әуезовтің көрегендікпен айтқан осы пікірі - аударма-нәзиралық шығармаларды тексеру бағытында үлкен ой тастайтын мағыналы сөздер. Пікірдің негізгі мәні Рабғұзи творчествосына, оның ішінде «Жүсіп қиссасына» әбден қатысты деп ойлаймыз. Рабғұзи

<sup>104</sup> Тагирджанов Г.Т. «Влияние поэмы Фирдоуси», «Иусуф и Зулайха». Палест. Сб. Вып. 21. (84), Л, 1970, стр. 46 – 51.

<sup>105</sup> Тұрмағамбет Ізтілеуов. Рүстем – дастан. Алматы, 1961, Алғы сөз. 7-бет.



қиссасын жазғанда, Фирдоусиді ғана оқып қоймаған, араб-парсы тілдеріндегі «Қисас-ұл әнбия» кітаптарды, Фирдоусиден бұрынғы Жүсіп жайлы жазба шығармаларды, ауызша тарлған аңыздарды, фольклорлық үлгілерді естіп білген. Соларды пайдалана отырып, өзінше жазған. Ол ылғи «бағзы бір жерде айтады», «бағзы біреулердің айтуы бойынша» деп отырады. Кейде кітаптың аттарын, авторын көрсетіп кетеді: «Тәфсир» кітабы, Әбу Исхақ Нишабуридін «Қисас-ұл әнбиясы», «Шейх Хусейн Басари, Ғабдолла ибн Ғаббас...». Автор көп жерде өз жанынан өлеңдер қосып, өзінше баяндайды.

«Жүсіп қиссасының» негізгі сюжетінде бұрыннан белгілі Жүсіп – Зылиха қиссаларынан анау айтқан айырмашылық жоқ:

Жақыптың он екі баласы бар еді. Он екінің ішіндегі ең көріктісі, жақыптың аса жақсы көретін сүйікті баласы Жүсіп-тін. Бір күні Жүсіп таңғажайып түс көреді. Түсінде ол ағаларымен жерге ағаш тігіпті. Ағаштар көгере бастапты. Жүсіптің ағашы бәрінен биік өсіп, көкке жетіпті. Басқа ағаштар Жүсіптің ағашына иіліп сәлем беріп тұр екен. Жүсіптің түсін естіген ағалары намыстанып: «Жүсіп атамызға өзін бізден артық етіп көрсетіп, жақсы атану үшін «түс көрдім» дегенді ойлап тауып жүр», – деп жақтырмайды. Жүсіп екінші рет түс көрді: оған он бір жұлдыз, күн, ай көктен сәлем берді. Ол түсін атасына айтып еді, Жақып басқа балаларының қызғанышын оятпас үшін: «Бұл көргеніңді ешкімге айтпа, ағаларың жамандық ойлап жүрмесін», – дейді. Бірақ Жүсіп пен Жақыптың әңгімесін оның Рубил атты үлкен ұлының шешесі естіп қойып, өз баласына айтады. Ол басқаларына жеткізеді. Содан Жүсіптің ағалары қатты ашуланып, оны өтірікші, мақтаншақ санайды. Тезірек көзін жойып, құтылмаққа дұға қылысады.

Көктем келді. Бір күні Жақыптың балалары серуендеп қайтпаққа жиналып, атасына: «Жүсіпті бізбен бірге жібер, аң аулап, көңіл көтеріп қайтсын», – дейді. Жақып мұның алдында жаман бір түс көріп, ұйқы-күлкіден безіп, шошып жүр еді. Түсінде: тау басында отыр екен. Төменде Жүсіпті он бөрі ортаға алып, жемекке амал қылып жүр екен. Ішінен біреуі бөлініп шығып басқаларын қуады. Сол кезде Жүсіп жерге кіріп кетеді.

Жақып балаларының сөзінен сескеніп, Жүсіпті жібергісі келмейді. Бірақ Жүсіптің өзі де өтінген соң, көңілін қимай, босатады.

Ағалары Жүсіпті алдап, айдалаға ертіп апарады да, оны қалай өлтіруді кеңеседі. Бірі: «Таспен ұрып өлтірейік», – десе, екіншісі: «Пышақпен бауыздап кетейік», – дейді. Жүсіп жылап, жалынады. Яхуда деген ағасы оның көз жасын көріп, аяп: «Қоя берейік», – дейді. Оған басқалары ұрысады. Ақыры, олар Жүсіптің аяқ-қолын байлап, терең құдыққа тастайды. Олар қайтып келіп, Жақыптың алдына жығылып, жылайды. «Жүсіпті қалдырып кеткен жерімізден бөрі жеп қойыпты», – дейді. Жолда бір лақты сойып, Жүсіптің көйлегін қанға былғап әкелген еді, соны



береді. Жақып жылайды. «Сол жеген бөріні көрсет», – дейді. Балалары бір бөріні ұстап әкеледі. Ол Жақыпқа: «Жегенім жоқ», – дейді. Жақып балаларының қастық қылғанын сезеді. Балалары әкесі біліп қоймас үшін қайта барып, Жүсіпті өлтіріп, басын кесіп әкелмекші болады.

Сол кезде Мысырдан Шамға сапар шегіп келе жатқан бір керуен құдықтағы үсіпті көріп, шығарып алады. Ағалары келеді. «Бұл – біздің қашып кеткен құлымыз, қаласандар, сатамыз. Сатып алсаңдар, аяғына шынжыр кісен сал, ыңыршақ түйеге мінгіз, Шамға апарғаннан кейін бөтен елге сатып жібер», – дейді. Керуенбасы айтқандарын істеуге уәде береді. Ол Жүсіпті Мысырға апарып, Мысыр патшасына сатады. Патшаның әйелі Жүсіпті көріп, ғашық болады. Жүсіп оның құлы болса да, әдемі киіндіріп, жасандырып, жақсы ұстайды.

Бір күні Жүсіпті оңаша алып, оны өзінің сүйетінін айтады. Жүсіп көнбейді, қашады. Зылиха ұстаймын деп етегінен тартып қалғанда, киімі жыртылып кетеді. Патша келіп қалады. Зылиха пәлені Жүсіпке жабады. Сонда 4 айлық бала сөйлеп, куә болады. «Жыртылған етегі алдыңғы жағында ма, артқы жағында ма, соны біліңдер», – дейді. Патша көріп, түсіне қояды. Жыртылған артқы етегі екен. Зылихаға: «Сен қашпағансың, қуғансың», – дейді. Алайда, ел өсегінен қорқып, Жүсіпті зынданға салады. Бір күні зынданға патшаның аспазы мен аяқшысы түседі. Екеуі түс көреді. Жүсіп түстерін жорып: аяқшының өлетінін, аспаздың үш күннен кейін құтылатынын айтады. «Құтылғанда патшаға менің күнәмнің жоқ екендігін айта бар», – дейді. Айтқанындай, аспазды шығарып алып кетеді. Құтылғанымен, ол Жүсіптің өтінішін ұмытып кетеді.

Патша түс көреді. Түсінде: жеті жас бидай – жаң шығып келе жатқан жеті жас бидайды жейді, жеті арық сиыр жайылып жүрген жеті семіз сиырды жеп қояды. Мұның шешуін ешкім білмейді. Сонда аспаздың есіне Жүсіп түсіп, патшаға айтады. Жүсіп патшаның түсінің сырын шешіп береді: «Жеті жыл тоқшылық болады, қамбаға бидай сыймайды, одан соң жеті жыл аштық келеді, құрғақшылық болады, егін шықпайды», – дейді. Патша разы болып, Жүсіпті зынданнан шығармақшы болады. Ол: «зындандағы кісілердің бәрін босатсаң, шығамын», – дейді. Патша келіседі. Зындандағылардың бәрін босатады. Зылиханы шақырып алады. Зылиха Жүсіпті сүйетіндігін, бірақ оның өзіне қарамағандығын, патшадан қорыққанын өтірік айтқанын шынайы баяндап береді.

Жүсіп содан былай патшаның барлық шаруасын басқарады. Жеті жыл бойы астықты қамбаларға толтырып, қор жинайды. Ашаршылық келеді, жұрт қырылады. Тек Мысыр елі ғана тоқ болады. Жан-жақтан ағылған адам астыққа ақшасын да, малын да салып, ақыр аяғында өлмес үшін Мысыр еліне құл болады.

Жүсіптің ағалары да ашығып, Мысырда астық сатады екен дегенге



осында келеді. Жүсіп бұларды таниды. Ал, олар Жүсіпті кішкене күнде көргендіктен, танымайды.

Жүсіп ағаларына мол астық бергізіп, әкелген ақшасын да қабының ішіне қоса салдырады. Ендігі келгенде үйде қалған ибн Иауминді (Жүсіп екеуі бір анадан туған) алып келуді бұйырады. Ағалары еліне келіп, атасына болған жайды баяндап, көрген сый-сияпатын баяндап тауыса алмайды. «Ибн Иауминді алып кел», – деген сөзін есіткенде, Жақып: «Жүсібімнен айырылдым, енді мұны жіберіп тағы пәлеге душар болармын, жібермеймін!», – дейді.

*Айды: Иүсүфті алыб бардыңыз, келтүрмәдіңіз. Енді мұны Һәм алыб барсаңыз келтүрмәгәйсіз.*

Айтты: Жүсіпті алып кеттіңіз, (қайтып) әкелмедіңіз. Енді мұны алып кетсеңіз, (қайтып) әкелмессіз.

Ұзамай әкелген астықтары таусылған соң, Жақып амалсыздан ибн Иауминді ергіп, балаларын Мысырға тағы жібереді. Жүсіп ибн Иауминді көрген соң, жүрегі елжіреп, оңаша шығып, жылайды. Ақыры, інісіне өзінің Жүсіп екенін айтады. Соңында әкелі-балалы Жақып пен Жүсіп бір-бірімен көріседі. Жылай-жылай соқыр болған Жақыптың көзі ашылады. Жүсіп ағаларын бірнеше сыннан өткізіп, бәрін кешіреді.

Күндердің бір күні Мысыр патшасы өліп, орнына Жүсіп патша болады. Шалқақтаған тұрмысы көзінен бұлбұл ұшқан Зылиха кедейленіп, жалғыз қызметшісімен ғана қалады. Өзі қартайды. Сонда да болса Жүсіпті бір сәтке есінен шығармайды, аһ ұрумен күн өткізеді. Бір көріп қалсам деп, Жүсіптің өткен-кеткен жолын тосады.

Бір күні Жүсіп аңға шығады дегенді естіп, жолға барып отырады. Көп әскерлермен Жүсіп өтіп бара жатқанда:

- Мәула тағала арығ құлны ұлуғ мәртәбәға йеткүрүр, патшаһ қылұр, йазұқ қылған падшаһны ұлуғ мәртәбәдан түшүрүб, залыл қылұр, – деді.

- Мәула тағала таза (адал) құлды ұлық мәртебеге жеткізер, патша қылар, жазық қылған (жазықты болған) патшаны ұлық мәртебеден түсіріп, залал қылар, – деді.

Жүсіп Зылиханы танып, «Зылиха!», – деп дауыстайды. Зылиха Жүсіптің дауысын естігенде, талып қалады. Есін жиып, Жүсіпті әлі күнге тосып жүргенін, мал-жанын, жастық-сұлулығын Жүсіптің жолына құрбан еткендігін айтады. Жүсіп өмір бойы ғашықтық арманына жете алмай, шерменде болған Зылиханы аяп, іші жылиды. Түсінеді. Көп ұзамай Зылихаға некелеседі.

Қиссаның оқиғасы қалың, барынша өз әлініше қызық, тартымды. Негізгі арқауы – махаббат, сүйіспеншілік, адамгершілік. Қашаннан адамзат атаулының ізгі арманы, асыл мұраты, сенім, мақсаты, осы тақырыпта орайласып, жол тауып, тоғысып жатқан жоқ па? Жүсіп қиссасының да қадим заманынан адам баласының жүрегіне жылылық төгіп, ескірмей келе жатқаны да содан болар...



Махаббатсыз дүние бос,  
Айуанға оны қосыңдар, –

демекші, жер бетінде адам тұрғанда, махаббаттың қайғысы мен қуанышы жүректі тебіrentпей сірә да тұра ала ма?! Адамның туған жерге, адамның адамға, ата-анаға, балалаға, ғашыққа деген махаббаты да мәңгілік. Махаббаттың қайғы-қуанышы, сәтті-сәтсіз жақтары әркімді-ақ толғандырған. Ал көне дәуірдегі діни сенім адамдарды соның бәрін құдайдың құдіретті күшінен деп түсінген. Мұндай түсінік Рабғұзи қиссасында да айқын аңғарылады.

Қиссадағы бүкіл оқиға, іс-әрекеттің басын құрап тұрған негізгі екі өзек бар: Жақып пен Жүсіп, Жүсіп пен Зылиха. Қисса осы екі өзектің бойымен өрбиді. Ата мен баланың сүйіспеншілігін, ағайындардың бір-біріне жауыздығын, Жүсіп пен Зылиханың оқиғаларын баяндау арқылы автор жауыздықтан, күншілдіктен жирен, өйтпесең өзін қор боласың, ата мен бала, бір-бірінді Жақып пен Жүсіптей сүй, махаббатқа берік болсаң, Зылихадай мақсатыңа жетесің деген ғибрат тастайды. Рабғұзидың кітапқа осы қиссаны кіргізуінің басты мақсаты үлгі-өнеге беру:

*Аларның ишләрідін сеңа хабар бердім, ғибрат алғыл, бұ қыссада башират айа сеңа ғибрат бар.*

Олардың істерінен саған хабар бердім, ғибрат ал, бұл қиссада басынан аяғына дейін ғибрат бар.

Шығарманың бұрын да қайта-қайта жазылып, айтылып қалыптасқан композициялық тұтастығы бұл қиссада да сақталған.

Мұнда да оқиғаның басталуы, дамуы, шиеленісі, шарықтау шегі, шешімі сияқты композициялық бүтіндік беріп тұрған элементтерді табуға болады. Рабғұзи ескіден келе жатқан қарапайым классикалық әдісті қолданған. Оқиға не аяғынан, не ортасынан алынып басталып кетпей, басынан бастап, бірте-бірте өрбиді. Қиссаның басталуы мен аяқталуының арасында бір адамның бүкіл өмірі жатыр. Оқиғаның басы Жақыптан, оның балаларымен, Жүсіппен таныстырумен басталады.

Сюжеттің байланысы – Жүсіптің түс көруі, ағаларының күншілдікпен құдыққа тастайтын жерінен оқиға шиеленіседі. Онан Жүсіптің құдыққа сатылуы Зылиханың ғашық болып, өзіне көндірмекші болуынан оқиға дамып, Зылиханың Жүсіпті зынданға салдырған тұсында шарықтау шегіне жетеді. Шешімі Жүсіптің атасымен, ағаларымен қосылуы, Зылихамен некелесуі.

Негізгі өзекті оқиғалар осымен бітеді. Соңында Жүсіптің, Жақыптың одан арғы хал-жағдайларынан мәлімет бар. Арман-мұраттарына жеткен Жақып та, Жүсіп пен Зылиха да ұзақ өмір сүріп, дүниеден өтеді:

*Зылиха Иүсф бірла он секіз иыл тіріклік кылды,  
беш ұғұл, екі қыз тұғды, андан соң офаты болды.*





Бұрын-соңды жазылған Жүсіп жайлы киссалардың біразында Зылиханың жастық шағы баяндалатын. Онда Таймус шахтың қызы Зылиха түсінде көркі жаннан асқан бір сұлу жігітті көріп ғашық болады. Ол: «Атым — Жүсіп, Мысыр патшасымын, іздесең содан табасың», — дейді. Қызының ғашық отына түскенін естіп, Таймус шах дереу Мысыр патшасына хабар қылады. Ұзамай екі жақты келісіммен Зылиха күйеуге шығады. Қараса, күйеуі түсінде көрген жігіт емес. Зылиха қайғыға түседі.

Бұл оқиға Рабғузи киссасында жоқ. Қиссада: Жүсіпті бір көруге бола, құдыққа түсіп мың жыл жатқан адам, ашыққан халықтың Жүсіптің көркіне есі кетіп, тамақты ұмытқаны сияқты аңыздар да кездеспейді. Оның себебі, Рабғузидың киссасының өзінен бұрынғы жазылған сюжеттеріне талғаммен қарағанынан, лайықсыз, ретсіз деп есептеген сюжеттерін кіргізбегендігінен болса керек.

Бірақ бұл шығарма түгелдей діннің әсерінен таза дегендік емес. Әрдайым Жүсіпке Жәбірейілдің келіп, Құдайдың әмірін жеткізуі, Жақыптың Әзірейілден «Жүсіптің жанын алдың ба?», — деп сұрауы, Жүсіптің пайғамбарлықтары тәрізді тұстары діни сенімнен туған эпизодтар.

Қиссадағы негізгі кейіпкерлер — Жүсіп, Зылиха, Жақып, Жүсіптің ағалары. Бұларды қазіргі шығармалардың қаһармандарымен салыстырып, солардың даралану, сомдалу дәрежесінен қарауға болмас. Сол заманның түсінігін, талғамын танытатын, адам баласының көркемдік, эстетикалық биік дәрежеге жету жолындағы сан ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибе-талаптары деп бағалаған сыйымды болар. Оның үстіне Рабғузидың «Қисса-и Жүсібі» мұндай көлемді жанрда түркі тілінде жазылған шығармалардың алғашқыларының бірі екенін ескерсек, автордың аса қиын жұмысты игеріп шыққанын аңғаруға болады. Шығармада адамның шым-шытырық іс-әрекеті, сезімі, күйініш-сүйініштері, қайғы-қуаныштары да мол көрінген. Жүрек әмірі барлық істің билеушісі болып кететін тұстары аз емес. Мұндай жағдай Зылиханың қаракеттерінен байқалып қалады. Сондықтан да Зылиха ондай кездерде шындыққа жақын, әрі сұлу, әрі ақылды әйелдің бейнесі болып көрінеді. Зылиханың басты қасиеті — алған мақсатынан қайтпайтындығы, махаббаттың ыстық-суығына беріктігі. Ол Жүсіп үшін мал-жанын құрбан қылып, су қараңғы, кедей кемпірдің күйіне түссе де, патшалық, байлықтан айрылдым демейді. Жүсіпті бір көрсем деп алыстағы үміт сәулесіне бар күйін бағыштап, жүрегіне талып жеткен әлсіз жылудың жұбанып, көңілін суытпайды. Қаншама рет көнбей кетсе де, Жүсіптің жолын тосудан жалықпайды.

*Иығлайу көзлары көрмас болды... қашан ач болса,  
аь Иүсф тейүр ерді, сусаса аь Иүсф тейүр ерді...*

Жылаудан көзі көрмейтін (соқыр) болды. Ашықса да «аһ! Жүсіп» — дейтін еді, сусаса да «аһ, Жүсіп!» — дейтін еді...

Ақыры Зылиха өзінің Жүсіпті шын жүрегімен сүйетінін дәлелдеп, оған Жүсіптің көзін жеткізді. Зылиханың құсадан жиналған іштегі ыстық жалыны Жүсіптің қолындағы қамшысының алтын сабын ерітіп жібереді.

Жүсіп: «Не тілегің бар?» дегенде: Зылиха айтты: «Әуелі — жастығым, екінші — көркім, үшінші — көрер көзім (болсын). Бұл үш қажетім орындалған соң (ең) басты бір қажетімді айтамын».

Сөйтіп, Зылиха сұлу, жас кейпіне түскен соң, Жүсіпті ынтық, құштар қылады. Енді Зылиханың баяғы шерменде күйінде Жүсіп қалып, Зылиха тартқан азапты ол да тартады. Сонда барып, Зылиханың өткен уақыттарының тақсиретін түсініп, ғашықтық отын ол да бастан кешіріп, Зылихадай сұлудың сырт сымбатына да, жанының тазалығына да тәнті болады. Зылиха ақылдылығымен Жүсіпті жеңеді. Зылиханың ақылды әйел екендігін «құлына ғашық болыпты» деп өсектеген әйелдердің өздерін Жүсіпке тәнті етіп, өз бармақтарын өздеріне кестіретін эпизодынан айқын аңғаруға болады. Зылиханың сонымен бірге қаталдығын Жүсіпті көнбеді деп зынданға салдырған тұстарынан көреміз. Бірақ кейін өзі бар кінәны мойнына алып, патшаға Жүсіпті сүйетіндігін ашық айтудан қаймықпайды.

Зылиха қиссада осындай өмірдегі шын адамға тән мінез-құлықтарымен біршама жанды бейнелеген. Зылиха – асыл арманы, шынайы сезімінің іске асуы үшін күресе алатын әйел.

Жүсіп кейпіне оны «пайғамбар» етіп көрсететін діни болмыстар көп араласқан. Аса жағымды, үлгілі, идеал адамның бейнесінде суреттемек болған. Жүсіп қорлық көріп қиналғанда, аспан түнеріп, дауыл соғады. Ол қуанғанда, шайдай ашылады. Ыстықтан қорғап, көлеңке түсіріп төбесінде бұлт жүреді.

Бұл сияқты нанымсыз жайлармен қатар, Жүсіптің бойынан қарапайым, адамға тән сын-сипатын да көруге болады. Жүсіптің атасына, бауырларына деген шын сүйіспеншілігі, ақылдылығы, адалдығы әсерлі бейнеленіп, қиыншылық көруі аяныш туғызып отырады. Кішкене күнінде ағалары құлдыққа сатып жібергеннен бастап, атасы Жақыпқа, іні-қарындасына сәлем айтып, сағынып жылауы, соңында астық алуға келген ағаларын көргенде іштей қиналуы, білдірмей жас төгуі оның аса бауырмал, адалдығын көрсетеді.

Айдылар: Иүсф атлығ ұғлы бар ерді, аны сүйәр ерді,  
ол ғайыб болды ерса, аңа йығлайу көзі көрмас болды, — теділар,  
Иүсф аны ештіб никаб ічинда көп йығлады.

Айтты: Жүсіп атты ұлы бар еді, оны аса сүюші еді, ол ғайып болған соң, жылағаннан көзі соқыр болды, — деді. Жүсіп оны естіп, перде ішінде көп жылады.



Жүсіптің адамдық, адалдығы қиссаның өн бойынан аңғарылып отырады. Ол ағалары өзіне қандай қастық қылса да, «таспен ұрғанды аспен ұр» деген аталы ойдың, мағынасын жөн тұтып, алдына келіп, аяғына бас ұрып, көздерімен жер шұқып тұрған ағаларын босатып қоя береді. Керісінше, сыйлап, арамдықты адамдықпен жер соқтырады.

Жүсіпті патша зынданнан босатамын дегенде, ол зындандағылардың бәрін босатса ғана шығамын, әйтпесе мені де қозғама деп тұрып алады. Талай жыл дәм-тұзды бірге татысқан, мұны бір жолдастарын тастап кетпей, бірге алып шығады. Оларға бір-бір ат мінгізіп, шапан кигізіп, құрмет қылады. Бұл жайдан да жолдасын жау қолында қалдырмас ер жігіттің адамгершілігі Жүсіптің бойынан табылатынын аңғарамыз.

Жүсіптің көзі көріп, көңілі сенбей жатып, көрінгенге ұрынбайтын ұстамдылығы алғашқыда Зылиханың айтқанына көнбей, сұлудың құрған торына түспеуінен көрінеді. Өзін-өзі тыйып ұстап, соқыр сезімге ерік бермейді.

Ол патша болғанда да ақылдылығы арқасында елін аштықтан аман алып қалады. Басқа патшалықтың халқы малы бары малын сатып, малы жоғы ақшасын беріп, ақыр соңында астық үшін өзін сатып құл болып жатқанда, Жүсіптің халқы ондай қорлық көрмейді. Жоқ-жітіктерге қайыр-садақа деп астықты тегін беріп тұрады. Бұл жайлардан адамзаттың қашаннан әділ де ақылды, қайырымды патшаны армандағаны аңғарылғандай. Ауыз әдебиетінде көп таралған ақылсыз патшаға ақылды уәзірдің жағымды қылығын қарсы қойып, ақыр соңында өзін патша қылатын мотивтердің әсері айқын сезіледі.

Қиссадағы басты кейіпкерлерге Жүсіптің әкесі Жақып пен ағалары да жатады. Жақып бейнесі баласын шын сүйген атаның махаббат-мұңына, шынайы сезіміне толы. Жүсіптен қапыда айрылған Жақыптың, ботасын жоғалтқан інгендей боздап жылауы, қайғы мен шерден бүк түсіп, қартайып, су қараңғы соқыр болуы аяныш туғызады. Бұл тұстарда тірі адамның, шын өмірдегі баласын сүйген әкенің кейпі көрінеді. Алайда, Жақыптың істерінде де Жүсіптің бойындағы «кереметтер» сияқты діни, фантастикалық эпизодтар баршылық.

Жүсіптің ағалары аттары, кескін-кейпі бөлек, әртүрлі адамдар болса да, қиссада аса дараланбайды. Зұлымдық пен жауыздықтың бір түйдек жиынтығы сияқты.

Жүсіптің ағалары шығарманың басында қатыгез, қызғаншақ, жауыз болып көрінеді де, аяқ шеніне қарай қателерін түсініп, қылған істеріне өкіне бастайды. Мінез-құлықтарына өзгеріс енеді. Жүсіп өзімен шешелес ибн Иауминді ұры деп алып қалғанда, ағалары, «Бізді де алып қал, атамыздың сүйікті ұлын тастап кетіп, тағы да қайғыға салмайық»,— дейді, серіктікке өз іштерінен Шамғұнды қалдырады.

«Рабғузи қиссаларындағы» бір топ қисса-хикаяттар тарихи деректі

оқиғалардан алынып, өмірде шын болған, өткен жайларға құрылған. Жазушы сонау VI—VII ғасырларда араб халифатында болған тарихи елеулі оқиғаларды, фактыларды жүрдім-бардым құрастыра салмай, көркем де бейнелі тілмен әңгімелеуге тырысқан. Творчестволық шабыттың шарықтау кезінде көңіл қылын тербеткен әсем бояуларды шындықтың бір өңді полотносына шебер қолмен үстемелей жағып, қиялмен қосып, нақты болмысты бұрынғыдан да ерекшелендіріп шығарған, оқиғаның неғұрлым әсерлі болатын жағын көздеген. Сол шабытты шарықтау әсерімен кейде шындықтан алыс кетіп қалатын тұстары да ұшырасады.

Қиссадағы әңгімелерде тарих пен аңыз араласып жатыр. Мысалы: Мұхаммед, Әбубәкір, Омар, Осман, Әли, Хұсейндер—VI—VII ғасырлардағы мұсылман мемлекетінің билеушілері, патшалары, дінге үндеушілері, феодалдар. Кітапта осы билеушілердің шын тарихынан алынған әңгімелер де көп, «әулиелігін, пайғамбарлығын» баяндайтын қияли аңыздар да бар.

Тарихпен тікелей ұштасып жатқан әңгімелерден — деректі оқиғаларға, тарихи адамдардың өміріне байланысты жайлардан сол дәуірдің сипаты көрінеді. Бізді қызықтыратын да осы жағы. Бұл жағынан кітап көне тарихты зерттеушілер үшін де керекті. «...Қачан расул ғалейһи-с-салам дүниеден нәфл қылды ерса, Ғайшаның хұжресіде қойдылар, халифалық Әбу Бәкр хақында болды, екі йарым йыл халифа ерді, андын соң офаты болды, қачан Әбу Бәкр дүниадын барды ерса, мунафықлар барча баш көтардылар, мекеліклар уч бөлөк болдылар, мекеліклер бірла мәдиналықлар йағы болдылар».

Қазақшаласак: «Расул алейһи-с-салам дүниеден өткен соң, Айшаның үйіне қойылды. Әбубәкір халиф болды. Екі жарым жыл халиф болды, онан соң опат болды. Әбубәкір дүниеден өткен соң, барша екі жүзділер бас көтерді. Меккеліктер үшке бөлінді. Меккеліктер мен мәдиналықтар бір жақ болды», — деген жолдарды оқимыз. Бұл хабарда Мұхаммедтің, жақын серігі Әбубәкір өлген соң тақтың таласқа түскенін, түрлі рулар арасында тартыстың күшейгенін айтып отыр. Әбубәкір, Рабғузи көрсетіп отырғандай, 632—634 жылдар арасында халифтық құрған адам.

Кітапта Әбубәкірден кейінгі Халиф Омардың (634—644) өмірінен де біраз деректер дәл көрсетілген:

«Ғомарны шаһид қылмақ себебі ол ерді, бірагу келді: Ай халифа, бұ кул менің сөзімні тұтмас, не іш қылайым? Ғомар бұйырды, ол құлға ихтисаб қылмақ керак, ол кіші Ғомар сөзі бірла ол құлны ихтисаб қылды, ол құл кеме сақлаб, Ғомарны намаз үстінде тұтуб, пычақ бірлан ұрды».

«Омардың өлу себебі былай: біреу келді. (Айтты) «Ай, Халиф, бұл құлым менің сөзімді тындамайды, (құлды) не қылайын? Омар бұйырды: ол құлды жазалау керек. Ол кісі Омардың айтуымен ол құлды жазалады. Ол құл кемеден аман қалып, Омарды намаз үстінде ұстап алып, пышак салды».



Омар, шынында, иран құлының қолынан қаза тапқан<sup>106</sup>. Рабғузи осы тарихи оқиғаны әңгімелеп жазған.

Рабғузи Әлидің халифтық құруы туралы әңгімесінде де ірі феодалдар арасындағы ел басқару үшін болған талас-тартыстан хабар береді.

Кітапта Әли мен Фатиманың балалары — ағайынды Хасан мен Хұсейндердің оқиғасы да қызғылықты баяндалған. Хасанның өлімін былай суреттейді: Хасанның некелі әйелі — армян шаһының қызын ибн Мағауия кісі жіберіп азғырады (Ибн Мағауия — тарихтағы Муавияның баласы Иезид I болуы керек). «Әли тұқымының бағы тайды. Дәулет бізде. Хасанды өлтір, тақты өзім аламын, бір өлкенің, барлық әйел затының билігін саған беремін»,— деп алдайды. Ибн Мағауияның сөзіне сеніп қалған әйел Хасанды у беріп өлтіреді.

«Хасанға қасд қылды, Хасан рузәһ тұтар ерді, һауа ыссығ ерді, ахшам шәрбәт бірла ағыз ачар ерді, хатұны ол шәрбәтқа ағу салды, Хасанға берді, алыб ічті ерса, көңлі бұлғанды, бағры үйрүлді, ағызға келді, Хұсейнге кіші иібарді».

«Хасанға қастық қылды. Хасан ораза тұтар еді. Ауа ыстық еді. Ақшамда шарбатпен ауыз ашатын еді. Қатыны шарбатқа у салды. Хасанға берді. (Хасан) Алып ішіп еді, жүрегі бұзылды, жаны үйіріліп аузына келді. Хұсейнге кісі жіберді».

Хасан өлген соң әйел Иезидке хабар жібереді. Иезид: «Ғали ұғлығы офа қылмадың, меңа не офа қылғайсын теб алмады».

«Әли ұлына опа қылмадың, маған не опа қыласың»,— деп алмады.

669 жылы ағасы Хасан өлген соң Хұсейн Мединеде тұрды. Ол кезде патша Муавия еді. Муавия өлгеннен кейін орнына Иезид патша болды. Иезидті ұнатпағандар әр жерден көтеріліс ұйымдастырып, әрқайсысы өз адамдарын қолпаштай бастады. Көтеріліс жасағандарға Хұсейн де қосылып, билікті өзі алмаққа амал жасайды. Айласы іске аспайды. 300 адаммен Меккеден Куфаға кетіп бара жатқанда, Кербаланың шөлінде Муавияның Зайад деген бауырының баласы Ғұбайдолла оны көп әскермен қоршап алып, құртып жібереді. Бұл ұрыс тарихта «Кербала трагедиясы» деп аталады.

Рабғузидың Хұсейн туралы әңгімелерінде осы тарихи оқиғалардың желісі айтылады.

«Кербалаға түшті, Кербаланың құмлары қантек қызармыш ерді... білді кім хал не тұрар». «Кербалаға жетті. Кербаланың құмы қан сияқты қызарар еді, халінің нендей боларын білді».

Кітапта: Таиф, Мысыр, Қанған, Палестина, Куфа, Шам, Мекке, Медине, Кербаланың құмы сияқты қала, жер аттары кездеседі.

<sup>106</sup> Беляев Е. А. Арабы. Ислам и арабский халифат в раннее средневековье. М, 1965, стр. 154.

Ай, жұлдыз, аспан денелерінің аттары да бар: Хамал, Торт сары<sup>107</sup>, Қозы, Арслан, Үлкен, Шаян, Балық, тағы басқалар.

Рабғузи шығармашылығының айтарлықтай жетістігінің бірі – оның өз жанынан шығарған өлеңдері. Онда осы дүниедегі, шынайы өмірдегі тіршіліктің сұлулығын, табиғаттың әсем полотноларын, жыл мезгілін, көктем айындағы жер-дүниенің нәзік сырларын сезімталдықпен суреттейді.

*Күн хамалға кірді ерса, келді ғалам наурыз,ы,  
Кечті бәһмән зәмһар йер қыш қалмады қары, бұзы.  
Күн кіламың көркі артыб тірілүр өлміш жаһан  
Тілің безерлаб нақыш бірла безанүр бұ йер йүзі.  
Таң атарда төрт сарыдын ыснайұр бад саба.*

Аудармасы:

*Күн бабына кіргенде еніп, келді ғалам наурызы,  
Қашып енді қыс кетеді қалмас жерде қар-мұзы.  
Күн-кілемнің көркі артып, өлі жаһан тірілер  
Тіл өрнегі нақышындай құлпырады жер-жүзі.  
Таң атарда төрт сарыдан соғар самал қызуы... (131-6.)<sup>108</sup>*

Рабғузи тағы бір өлеңінде түндер бойы сарылып, қаламы мен қағазына табынып, ой меруертін іздеп, «Кейінгіге бір асыл сөз қалдырсам» деген арманы жолында шарқ ұрған ақынның, жазушының тынымсыз еңбегін өз жағдайы арқылы образды бейнелейді.

Назым:

*Ош тұқаттым бұ кітабны, ай йаранлар, йер йүзі,  
Бір йыл ічре кечті аның йай-қышы, йаз-күзі.  
Ой қобардұм, үзүм үздүм — сөзні түздүм түнлемен  
Ерте тұрдұм, хамә ұрдұм имкәніб тун-күндүзі.*

*Бағ қобардым тал йығачлық йааш йабұрғақ, ал чечак  
551—552 бет<sup>109</sup>.*

Аудармасы:

*Міне, біттім бұл кітапты, ей жарандар жер жүзі,  
Жыл ішінде өтті оның көктем-қысы, жаз-күзі.  
Ой қопардым, жүзім үздім – сөзді түздім түнімен —  
Ерте тұрып қалам тарттым, еңбек еттім төзіммен.  
Бақ өсірдім тал-ағашты, жас жапырақ, қызыл гүлімен...*

<sup>107</sup> Төрт сары – төрт жақ, төрт тарап, төрт құбыла, шартарап.

<sup>108</sup> «Қисас-и Рабғузи». Қазан, 1859. Бастырған Р. Амирханұғлы.

<sup>109</sup> «Қисас-и Рабғузи». Қазан, 1859.



Қорыта келгенде, Рабғузи кітабында әңгіме болатын мәселелер: жер, дүние, тіршіліктің, діннің пайда болуы, пайғамбарлардың өмірі, махаббат, зұлымдық, адамгершілік, достық, қастық, адалдық, адамдық, ақылдылық, надандық, тағы басқалар. Жаратылыс жайындағы әңгімелері өмірге жанасымсыз діни мифологиядан туған.

Ал, махаббатты, адамгершілікті, ұнамды, ұнамсыз қылықтарды суреттейтін шығармаларында гуманистік идеялар айтылады. «Жамандықтан жирен, жақсылықтан үйрен» дейтін өсиет, үлгі бар. Бұл тұстарда діни фантазия көмескіленеді.

Мысалы «Жүсіп — Зылиха қиссасы», данышпан қарт Лұқманның әңгімелері, «Қарлығаш пен маса», «Аһил Хайруан қиссасы», Дәуіт, Сүлеймен патша туралы қиссалардағы біраз хикаяттар — кітаптағы басқа қиссаларға қарағанда идеясы жағынан жоғары тұрған шығармалар.

\* \* \*

«Литературная Россия» газеті әйгілі совет жазушысы Мариэтта Сергеевна Шагиняннан тарихи ұлы адамдардың өмірі жайлы жазылған кітаптарының жанры жайлы өз пікірін сұрағанда: «Әр шығарманың жанрлық ерекшеліктерін анықтап жатудың не үшін керек екенін түсінбеймін. Орыс сыншыларының классикалық еңбектерін алыңыз, Белинский де, Добролюбов та, Чернышевский де жанр мәселелерін қазбалап жатқан жоқ, олар қалыптасқан, көпшілік қабылдаған атауларға-ақ қанағаттанған. Бұлар көркем шығарманың тарихи мәнін, проблемасын, қоғам өмірімен байланысын, күш, мақсатын, әсерін терең талдап айқындады»,— деген еді.

Иә, сол айтқандай-ақ, әр заманда жазушы үшін шығарманың жанрын анықтау аса бір маңызды іс деп санала қоймаған болуы керек. Гоголь «Өлі жандарын» поэма дейді, Пушкин «Борис Годуновын» Қарамзинге арнай отырып, оны «драма» да емес, «трагедия» да емес, «осы еңбегім» («сей труд») деп атайды. Ал «Евгений Онегинді» де «көп жылғы менің еңбегім» деген де қойған.

Мұндай жай әр әдебиетте кездесе береді. Сондықтан да, әсіресе, ерте дәуір әдебиетінде қойылған атына, автор көрсеткен жанрлық анықтамаға сая бермейтін шығармаларды көп ұшырастырамыз.

Рабғузи өз кітабын түгел «Қиссалар жинағы» деп есептеген. Үлкенді-кішілі көркем шығармалардың бәрін де «қисса» деп атап: қисса ішіндегі өз алдына бөлек майда әңгімелерді «хикаят» деп бөліп көрсетіп отырған. Ал, егер, шынайы жанрлық тұрғыдан алып қарасақ, осы кітаптан эпикалық шығармалардың үлкен түрінен бастап, шағынына дейін табуға болар еді.

Қиссалардың оқиғасы шым-шытырық, діни фантазия мол араласқан,



жүз беттен бес-он беттік көлемге дейінгі шығармалар. Олардың ішінде эпиканың көне түрлерінен: миф, аңыз, ертегі, жаңа түрінен: әңгіме, новелла, роман, повесть, өлеңдерге жатқызуға болатын шығармалар араласып жатыр. Бүгінгі өркендеп, өскен, жетілген әр түрлі кемел жанрлардың бастамалары деуге болар еді. Қиссалар ішіндегі бас-аяғы ширақ, өз алдына бөлек тұрған шағын шығармаларды автор «хикаят» деп бөліп кетіп отырған.

Хикаят — арабша әңгіме, новелла деген мағынаны білдіреді. Әңгімелеу деген сөзден шыққан. Эпиканың ең шағын түрі. Ертедегі хикаяттың ерекшеліктерін Рабғузи хикаяттарынан байқауға болады. Көлемі аса шағын, бір немесе бірнеше ғана оқиғаға құрылған, соңы күтпеген жерден аяқталған шығарма.

Рабғузиде хикаяттар қиссалардың көбінде-ақ кездеседі.

Қиссалардың ішіндегі ең көлемдісі — «Қисса Жүсіп». Оқиғалардың қамтылу көлемі, мазмұнының қат-қабаттылығы, композициясының күрделілігі, адам образдарының әр алуандығы жағынан қарасақ, романға жақын келеді.

Рабғузи қиссаларына өлең араласып жүреді. Олар кейде қара сөзбен баяндалған оқиғаға қосымша болып, сол сәтті оқушыға анығырақ, айқындырақ ұғындыру үшін, не кейіпкердің сезім-сипаты, өз хал-жайын қоса айтатын сөзі түрінде келеді. Біразы сюжетті өлеңдер.

Рабғузи өлеңдері силлабикалық үлгімен жазылған.

\* \* \*

«Сөздің мәні айта білсе ашылар» — дейді дана халық. Түп тамыры Қорқыт, Асан қайғы заманында жатқан шежіре-шешендік мектебі бар, Сыпыра жырау сынды жыраулық өнердің алтын діңгегі бар халқымыздың өз өнерін қадір тұтуы, әдемі сөйлеуге ұмтылуының себебі көне замандарда жатыр. Әйтпесе, сонау V— VIII ғасырлардағы Орхон жазуларындағы айшықты, ажарлы сөздер, образды бейнелеулер қайдан алынған?! Осындай көркем сөздің бейнелі де өрнекті суреттері Рабғузи қиссаларынан да табылады.

Қиссалардың барлығының бірдей көркемдік дәрежесі айтулы біршамада бола бермейді. Алғашқы діни қиссалардың көбі оқиғаның желісін баяндап қана беру деңгейінде жатса, автордың сүйсіне жазып, тілінің майын тамыза суреттейтін жерлері аз емес, олар: Жүсіп пен Зылиханың ғашықтық оқиғалары, біріне-бірі сай сұлу қыз бен сымбатты жігіттің сыртқы келбеттері, жан қиналыстары, шынайы өмірдегі адамның әртүрлі сезімдері, сүйіспеншіліктері, ізгілігі, ақылды, данышпан Лұқманның жанды әрекеттері, халықты асыл арман-тілегіне жалғасқан ертегі-әңгімелері, жыл мезгілдерінің көңіл күйімен әдемі астасқан тұстары, тағысын-тағылар...





Рабғузи сөзі әсерлі, кестелі болуы үшін эпитет, теңеу, метафораның түрлерін көп қолданған:

Раст сөз (рас сөз), мазлум жаман (жәбірлі жүз), қары көңіл (кәрі көңіл), адал құл, ұлығ мәртаба, керіклік йікіт, керіклік йуз, үсрүк саба (үскірік жел), қара қас, алтын таж, мурассағ кәмар (сәнді кемер — сәнді белбеу), өлік йер (өлі жер), йат көз (жат көз)... т. б.

Нәртеқ ғарзыға йашлары інжутек йұмаланып түша башла-ды — Нарттай бетіне көз жасы інжудей домалап түсе бастады; Көбәлактөк езін отқа атты...— Көбелектөй өзін отқа атты; Айтек чәчаклар — Айдай гүлдер.

Теңеулер әрдайым көңілге қонымды, орынды, жарасымды алынып отырады. Сүйкімді, әдемі құбылыстар әсем сөздермен, сиықсыз, қорқынышты бейнелер сол ерекшелікті білдіретіндей суреттермен салыстыра беріледі.

Бірінші сурет екі ұшы нарттай (анардай) қызарған, ақ-қызылы аралас әдемі бетке, мөлтілдеп домалай түсіп жатқан жас тамшыларын елестетіп, адамның қайғылы халін аша түссе, екінші суреттен түн қараңғысында жанған отқа ұмтылып, жарықты шыр айналып, ақырында отқа түсіп, күйіп кеткен көбелектің мүшкіл халін адамға салыстырсақ, аяушылық сезіміміз үдей түседі.

Енді бірде алақандай хош иісті гүлдің ай астында нәзік тербелісі елестейді. Ай да аппақ, ол да аппақ. Екеуі бір-бірінен үнсіз сыр ұғысып тұрғандай болады.

Метафора – жазба ескерткіштегі құбылтып айтудың жиі кездесетін құралы. Мысалы:

Айды: Менің күзүм йарұғы сенің дидарың тұрұр —

Айтты: «Менің көзімнің жарығы — сенің дидарың»

Көзлары — йүлдүз, көзі — күн, алыны — көк айдын —

Көздері — жұлдыз, көзі — күн, маңдайы — көк айдын.

Мен Йүсфсіз сусыз балықмын, бір сағат Йүсфні көрмасам чалықмын.

Мен Жүсіпсіз — сусыз балықпын, бір сағат Жүсіпті көрмесем — шалықпын (есімнен айрыламын).

Қайталау әдісі қиссада қимылдың бір сәтте, бір уақытта болғанын көрсету үшін немесе бір жайды ерекше баса айту керек болғанда алынады:

Злиха қумаққа мыл қылды. Йүсф қашмаққа мыл қылды.

Зылиха қумаққа амал қылды. Жүсіп қашпаққа амал қылды.

Қара сөздің өзін ұйқастыра, құлпыртып айту кездеседі. Мұндайда антоним сөздер де қолданылады.

Хәзінасын алғыл, өзгаларын отқа салғыл —

Қазынасын ал, өзгелерін отқа сал.

Кейіптеудің белгілері де байқалады. Кейіптеу арқылы көктемгі

даланың жанды бейнесі берілген. Олар пейзаждың да келісті түрі. Дала, табиғат адамша іс қылады:

Көк йығлар, йағыз йер күлар, бұлұт көзларыдын йаш ақса, ер йүзүде көк чымганлар күлар, үсрүк саба ыснаб тойар... Иы-ғачлар башыда текме тигар, чечаклар текмесін иыртып бұзар, лала көйләгі йақасыш тартыб ұзар, ер үзіга нақшын безар, барча гүллар түн қарасындын қаш-көзіга сүрме тартар... Тоты құш мәжіліс тұтар, емді қыш кетті, йаз қазы қонды, таралмыш құшлар йығылды, өлүк ерлар тірілді...

Көк жылар, қара жер күлер. Бұлт көздерінен жас ақса, жер жүзіне көк шығып түлер. Суық жел жылынар... Ағаштар басына түйін салар, шешектер түйінін жыртып бұзар (бүр жарар), қызғалдақ көйлегі ұзарар, жүзіне нақыш берер. Барша көлдер түн қараңғылығынан қас-көзіне сүрме тартар... Тоты құс мәжіліс құрар. Енді қыс кетті. Жаз қазы қонды. Таралып кеткен құстар жиылды. Өлген жер тірілді.

Кісінің портретін, сыртқы бейнесін суреттеуде әсірелеу араласып келеді:

Қырқ өрүм сачы бар, жұбар исланұр, бір өрүм сачны йазса, ерга сүрүлүр... иүзі көркідін күн хайре болұр, қарақлары жан алұр, ернідін ғақық ұйалұр, өзі сылығ, қылығы түзүк, белі інчка, бойы ұзұн...

Қырық өрім шашы бар, жұпар есер. Бір өрім шашын жазса, жерге түсер. Көркіне күн қайран болар. Көз қарасы жан алар. Ернінен ақық ұялар. Өзі сұлу, қылығы түзу, белі жіңішке (қылдай), бойы ұзын.

Әсірелеу портретте ғана емес, тікелей оқиғаға да араласып кетіп, іс-әрекетті жандандырып, оқиғаға қызу қан жүргізіп, от береді. Ауызбен айтқан сөзге естен кетпес әсер беріп, көркемдік қуатын арттырады. Мысалы, Зылиханың Жүсіпке ғашықтық күйінішін дәлелдейтін эпизодты алайық.

— Иүсф елінде бір қамчы бар ерді, Злиха тіләді, алды, аһ ұрды, ағзыдын от чықты, ол қамчы еріді, ол қамчы алтұндын ерді...

— Жүсіптің қолында қамшы бар еді. Зылиха сұрап алды. Аһ!— ұрып еді, аузынан от шықты (қайғырды). Алтыннан жасалған қамшы еріді.

Рабғузи кітабынан психологиялық параллелизмді де байқауға болады. Әсіресе, өленде көктемнің әсем көрінісін келістіре суреттей келіп, оны адамның ішкі сезіміне орайластыруы өте әдемі.

*Саба ыснайұрда йыгач баң салұр,  
Бұлұт йыглайұрда чечаклар күләр.  
Бустан ічинда кіріб дайым  
Сенің бірла көңлүм ойнау тіләр.*

*Самала жылынғанда ағаштар түйін салар,  
Бұлтар жылағанда — гүлдер күлер.  
Өзіңмен бақ ішіне барып әркез  
Күліп-ойнап жүруді көңілім тілер.*



Жоғарыда айттық, «Рабғузи қиссалары» бірінші рет Қазанда 1859 жылы Н.И.Ильминскийдің бастыруымен жарық көрген.

Бұл нұсқаны 1881 жылы Шамсуддин Хусаинов қайта бастырады. Қиссаның 1859 жылғы тағы бір басылымы бар. Ол — Рахматулла Амирханұлыныкі. Мұнан кейін 1873, 1891, 1899, 1914 жылдары басылғандығы белгілі.

А.Соловьевтің, Н.Ф.Катановтың көрсетуі бойынша, университет баспаханасының өзінде ғана 1859 жылдан 1891 жылға дейін 6 рет басылып шыққан<sup>110</sup>.

«Қиссаның» бұлардан басқа Ташкенттік басылымдары бар. Кітаптың бұлайша XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде қайта-қайта көп басылуының себебі не?

Бірінші себеп, сол кезде Қазан, Ташкент, Орынбор, Астрахань, Қырым, тағы басқа қалаларда шығыс халықтарының тілінде баспаханалар ашылып, жалпы кітап бастыру жұмысының өркендеуі еді<sup>111</sup>. Бір ғана Қазандағы Азия халықтары баспаханасы 1896 жылға дейін 176 кітапты көпшілікке ұсынды. Басылған кітаптардың мазмұны әртүрлі болды: «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Біржан сал мен Сара қыздың айтысы», «Мың бір мақал» сияқты ауыз әдебиетінің үлгілері, Ыбырай Алтынсариннің хрестоматиясы, М.Көпеевтің, Н.Наушабаевтың, М.Қалтаев пен С.Дөнентаевтың, тағы басқалардың төл шығармалары, шығыстық сюжетке жазылған қисса-дастандар: «Ләйлі — Мәжнүн», «Сейфулмәлік», «Таһир — Зуһра», Жүсіп — Зылиха» т.б. Орыс тілінен аударылған кітаптар: Пушкиннің «Капитан қызы», Қрыловтың «Мысалдары» т. б. Діни қиссалар: «Қисса Жүмжүма», «Мұхаммедтің миғражға шыққан қиссасы», «Салсал», «Зарқұм», «Сейітбаттал», «Қисас-ұл әнбияның» бірнеше аударма варианттары, пайғамбарлар өмірі жайлы діни шығармалар, шарифат, оқулық кітаптары шықты. Бұлардың көпшілігі бірнеше реттен басылып таратылған. Қазандағы Чирков баспаханасынан «Шараят ұл имам» 50 000, университет баспаханасынан «Қырық хадис» кітабы 10 000 дана болып шыққан. Діни кітаптардың басылуына мұншалықты көп көңіл бөлінгендігінің өзінше себебі бар.

«XIX ғасырдың ортасынан бастап мұсылман дін басылары қазақты мұсылмандық жолдан шығармауды мықтап қолға алды. Қазақ арасында дін оқуын, дін жұмысын, жалпы мұсылманшылық үгітті күшейтуге тырысты. Осы мақсатпен муфтилер Бұхарда, Самарқандта, Қазанда,

<sup>110</sup> Соловьев А, Катаное К Ф. Каталог книг отпечатанных в типографии императорского университета с 1800 по 1890 года. Казань, стр. 395.

<sup>111</sup> Кенжебаев Б., Есназаров Ө. XX ғасыр басындағы казак әдебиеті Алматы, 1966, 7—10-беттер.

Уфада оқыған татар, башқұрт, қызылбас молдаларын қазақ даласына көптеп жібере бастады. Мұсылман дін басыларының бұл іс-әрекеттерін патша өкіметі қолдады. Қазақ арасына шеттен келген молдалардың кейбіреулері араб, фарсы ертегілерін, арабтың әулие, пайғамбар, сахабалары туралы аңыздарын, әңгімелерін қазақ тіліне аударып бастырды»<sup>112</sup>.

Алайда, олар тілін неғұрлым түсінікті кылу мақсатында көне түркі тілінде жазылған ескерткіштерді татарша-шағатайшаға жақындатып, редакциялап, кейінгі, жаңа жазылған шығармаларды да шұбарлап жіберді. «Ол кездегі кітап жазушылар мен бастырушылар татар, қазақ, башқұрт тілінде аралас берілген қағидалар түрік тектес халықтарға түсінікті де жақын болады, осыдан келіп жалпы түркі тілін жасауға болады деп ойлады. Бұл сол кездегі реакцияшыл ағым өкілдерінің — пантюркистер, панисламистердің ұстаған жолы еді»<sup>113</sup>.

Мұндай рухтағы кітап бастырушылар шығармалардың діни жағын баса көрсетуге, реті келсе жалпы мазмұнын да өздерінше бұра тартуға тырысты.

«Рабғузи қиссасының» да кезінде сондай ықпалдың уысына түскенін мынандай мысалдардан көруге болады.

Рабғузи өз кітабына «Қисас-и Рабғузи» деп ат қойдым»,— деп айқын жазған. Бұл сөз кейінгі баспаларының бәрінде дерлік бар.

Солай бола тұрса да, біресе «Қисас Рабғузи», біресе «Қисас-ұл әнбия Рабғузи», көбіне «Қисас-ұл әнбия» болып басылған. Шын аты «Рабғузи қиссалары» болса, кейін «Пайғамбарлар қиссалары» деп өзгертілген. Бұл сөз жоқ, діндарлардың кітаптың діни жағын баса айту мақсатынан туған.

Кейде мазмұны, әсіресе, тілі өзгеріске ұшыраған. Кейбір қиссалар қысқартылып, татаршаланып кеткен. Мысалы, «Қисса Жүсіп» 1856, 1873 жылғы басылымдарында 78 беттей болса, 1899, 1910 жылдары 71, 1915 жылы – тіпті қысқартылып кеткен – 58 бет.

Әйткенмен, таза діни кітаптар негізінен діни сауатты қожа-молдалардың, бай, би, әкімдердің кітабы болды. Ал, халық ішінен екшеп, өмірге жақынын таңдап алып, бірден-бірге таратты.

Замана шындығын, теңсіздік жайын проблема етіп көтерген, көркемдік қасиеті, сөз өрнегі айрықша әсем, қазақ айтыс өнерінің шоқтығы биік үлгісі, атақты «Біржан — Сарада»:

*Ей, Біржан, кімге дәрі амандығың,  
Сөз білсең бұл да сенің жамандығың.  
«Қисасул әнбиеден» естімеп пе ең?  
Белгілі мағлұл болды надандығың.*

<sup>112</sup> Кенжебаев Б., Есназаров Ө. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті, 7-бет.

<sup>113</sup> Сонда, 9-бет.



*Адамды топырақтан жаратты хақ,  
Надандығың білінсін, бұл сөзге бақ.  
Хауа Анаға бұрын барған Адам Ата,  
Есіткен жоқ па едің мұны да ақымақ?! –*

деген Сараның сөзі кай-қайсымыздың есімізде. Жетісудың бұлбұл қызы – ақын Сара Арқада атағы жер жарған, арқасы қозып, өнер сайысын әдейі іздеп келген дүлдүл Біржанға айтқан өзінің өткір жауабында «Қисас-ұл әнбияны» тілге тиек етіп, «соны да білмедің бе?!» – деп сөзден сүріндірді.

Бұл Рабғузи кітабының қазақ арасына ертеден-ақ тарағанын, әбден таныс екенін көрсетсе керек. Әсіресе, көңіл көзі ашық, сауатты кісілердің бұл кітапты оқымағаны, естіп білмегені болмаған. Ескілікті мәдениет орындарынан білім алған, жақсы хат танитын кісілер кітаптың әртүрлі көшірмелерінен, басылымдарынан, қызғылықты тұстарын еске сақтап, әңгімелеп те айтқан. Содан жеке әңгімелері халық аузына тарап, жол-жөнекей көптеген варианттары қосылып, ертегі, аңыздарға айналып кеткен.

Халық көзі, халық даналығы әр уақытта асылды ғана таңдап ала біледі. Көңілге қонбайтын, бұл дүниенің шындығынан көңілді адастырып, дүниеуи шын рахат, шын қызықтан безіндіретін нәрселер толқын бетіндегі әлсіз көпіршіктер тәрізді қалып қойса, жарқыраған асыл меруерттер тұңғыық түбіне шөгіп, мың құбылған күйінде көз жауын тартып, халық кәдесіне жарамақ.

Рабғузи кітабындағы көбінше өмірге жақын, тәлім-тәрбиелік мәні мол әңгімелер қазақ арасына кең тараған. Халықтың айтуында пайғамбар, сахабаларды сөзбен, тапқырлығымен жеңген жапалақ, құмырсқа, масаның тілін суырып алған қарлығаш, адал махаббат, сүйіспеншілік, шыншылдық, қайырымдылық жайлы өткір, шешен әңгімелер ғана сақталады. Көбіне діни жағы көмескіленіп, шындыққа бейімделіп айтылады, мәселен: «Қарлығаштың достығы», «Лұқман хакім» әңгімелеріндегі бірнеше сюжеттер, екі тәтті, екі ащы ет асып беру, қарттың ұлына айтқан үш өсиеті. Әрине, бұл сипатты әңгімелер жалғыз «Рабғузи қиссаларында» ғана емес, басқа «Қисас-ұл әнбия» кітаптарында да болды. Рабғузиден де бұрын араб, парсы тілдерінде жазылған «Қисас-ұл әнбиялар» бар. Олар – аңыз, әңгіме, ертегілерден, түрлі діни кітаптардан алынған өзінше бір нұсқалар. Ал, Рабғузиден кейін жазылған түркі тіліндегі «Қисас-ұл әнбия» осы Рабғузи кітабына, араб-парсы кітаптарына еліктеуден туған немесе аударма дүниелер. Сонда «Қисас-ұл әнбия» әңгімелері бір жақтан – араб-парсы кітаптары арқылы, екінші жақтан – Рабғузи кітабы арқылы тарап жатты. Рабғузи кітабы «Қисас-ұл әнбияның» түркі



тіліндегі біріншісі, ең ерте жазылған варианты болғандықтан, әлгі әңгімелердің түркі халықтары, қазақ арасына мол тарауына, араб-парсы тіліндегілеріне қарағанда, көбірек әсер етті деп айта аламыз.

Рабғузи кітабының қазақ арасына көп тарағандығының тағы бір көрінісі – ондағы кейбір қисса, әңгімелер мен сюжеттерді қазақ ақындарының өлеңге айналдыруы, соған еліктеп өзінше, қайта жазушылық. Бұған тікелей әсер еткен кітаптың ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында Қазан, Ташкент қалаларында қайта-қайта басылып шығып, ел арасына мол таралуы.

«Қисас-ұл әнбиядағы» жеке сюжеттерді қайта жаңғыртып жазған жазушыларды, олардың шығармаларын екі топқа бөліп қараймыз.

1. Тікелей еліктеушілер, таза еліктеуден туған шығармалар.

2. Шығармаға сын көзбен қарап, ішіндегі өмірлік маңызы бар, реалистік элементтерін тандап ала білгендер, кейінгі заман ыңғайына қарай дамытқандар.

Бірінші топтағылар «Қисас-ұл әнбия» кітабының мән-мазмұнын, қызықтылығының неде екенін айыра білмеді. Арада бес ғасырдай уақыт жатса да, көне замандағы түсінікті қайталап, діни қиссаларды қайта айтып беруден арыға бара алмады.

Екінші топтағы ақындар шығармаға реалистік тұрғыдан қарап, үлгі-өнеге берерліктей, қызық сюжеттерді тандап ала білген, дамытқандар.

Қазақ арасында Жүсіп пен Зылиханың махаббаты жайлы аңыз ертеден-ақ мәлім. Бұрын ол екеуін «ғашықтардың пірі» санап табынған. Мысалы, «Қыз Жібек» жырында Төлегенге анасы:

*Ғашықтардың пірі едің,  
Ләйлі, Мәжнүн саруар-ау.*

*Ғашықтардың саруары  
Зылиха, Юсуф пайғамбар.*

*Әйелдің пірі Биби Фатима,*

*Баламды сізге тапсырдым... – деп бата береді.*

«Қисас-ұл әнбиядағы» көлемді туынды – «Қисса Жүсіпті» қайта жазушылар да болды. Оның бірі 1879 жылы жазылған «Қисса-и-хэзрат-е Юсуф әлейһи-ус-сәләм илан Зұлайханың мәселесі» деп аталады. Жазған – Шайхұсламов Жүсіпбек. Кітап Қазаннан бірнеше рет басылған. Соңғы рет 1918 жылы жарық көрді.

«Шығыс классиктерін қазақ тіліне аударушылар, соларға еліктеп кітап жазушылар араб, парсы, шағатай тілдеріне жетік, шығыс мәдениетін жақсы білетіндер еді. Олардың ірі өкілдері Абай (Ибраһим) Құнанбаев, Ақылбек Сабалұлы, жетісулық Жүсіпбек Шайхұсламұлы, қызылжарлық Хусаин Мирбабаұлы, Лұтфолла Уәлиұлы, Мәулекей Жұмашев,



Кашафутдин Шаһмарданұлы, маңғыстаулық Ешбай Көзбергенұлы, семейлік Баймағамбет Айтқожин, оңтүстіктік Шәді төре Жәңгіров, Ғабдолла Фаизханов сияқты өз дәуірінің ғұламалары болатын»<sup>114</sup>, – деп жазған еді зерттеуші Ә.Жиреншин.

Арабша, парсыша, шағатайша жақсы білген Жүсіпбек Шайхұсламұлы Рабғузидың және Фирдоуси, Әлидің де осы аттас дастандарымен таныс болса керек. Өйткені қиссада соңғы екі автордың ғана және Фирдоусиге еліктеп жазылған кейінгі дастандарда ғана кездесетін оқиғалар мұнда айтылған. Көбіне 11 буынды қара өлеңмен, жыр үлгісімен жазған. Мысалы:

*... Сонда Жүсіп қамшының сабын берді,  
Аһ ұстап өзіне қайта берді.  
Отқа көсеп алғандай ыстық екен  
Ұстағанда Жүсіптің қолы күйді.  
Қолы күйіп қамшысын ол лақтырды,  
Зылиха көзі жасын бұлап тұрды...  
... Араби сонда сөйледі:  
– Тыңладым айтқан сөзіңді,  
Кім екенің білдірші  
Маған анық өзіңді,  
Білгенімді мен айтсам,  
Жарасар еді тап сонда  
Көріп тұрып жүзіңді.  
Биік ағаш дегенің,  
Жақып нәби екен ол,  
Көңілім менің сезінді...<sup>115</sup>*

Автор бұл қиссада белгілі Жүсіп-Зылиха жайлы сюжетті қайта жырлап шыққан.

Мақсаты – көне түркіше, татарша, араб-парсыша Жүсіп-Зылиха жайлы қиссаларды өз тұсындағы қазақ оқушысына арнап, қайта жазу болған сияқты. Осы себептерден бұл қиссаны «Қисса Иүсфтің» қазақша варианты десе болады.

Бұрын еш жерде сөз болмаған тағы бір Жүсіп-Зылиха жайлы қисса М.О.Әуезов атындағы Әдебиет институтының қолжазба қорында сақтаулы<sup>116</sup>. Жоғарыда айтылған қиссадан бұл 9 жыл бұрын – 1889 жылы жазылған. 1961 жылы Қостанай экспедициясы тапсырған бұл

<sup>114</sup> Жиреншин Ә. Қазақ кітаптары тарихынан. Алматы, 1971, 109-бет.

<sup>115</sup> Шайхұсламов Жүсіпбек. «Қисса-и Юсуф Илан Зұлайханың мәселесі», Қазан, 1918.

<sup>116</sup> Құлмұхамбет Байғұлыұлының жинаған ауыз әдебиеті үлгілері. 1896-1910 жж. II 127, тапсырған С.Ордалиев.

қолжазбаның иесі – Құлмұхамбет Байғұлыұлы. Ескіше білімді, аса сауатты, сөз өнерін, әдебиетті жақсы көретін кісі болуы керек, қалың дәптерге бастан-аяқ әдемі араб әрпімен түрлі өлең, әңгіме, шешендік сөздер, ауыз әдебиетінің тағы басқа да үлгілерін тізіп жазған. Ішінде Нұржан Наушабаевтың, Мәулекей Жұмашевтың, Мұхамеджан Сералиннің, Күдері ақынның он бір жасар баласы Мардан ақынның өлеңдері, өз өлеңі де бар.

«Жүсіп қиссасы» дәптердің 7 – 106-беттерінде. Қауырсын қаламмен бірқалыпты, анық, аса сұлу етіп жазылған. Бас жағында: «...бұл амма рауиан, дафтари уа нақлан, шырын мұхти бар «Қисса-ұл әнбиядан...» деген сөз бар. Автор өз қиссасын жазу әдісі, тіпті тілі жағынан да «Қисас-ұл әнбияға» ұқсатып жазуға тырысқаны байқалады. «Қисас-ұл әнбия» сияқты қара сөзбен, өлең араластырып жазған. Рабғузи кітабының тіліне ұқсайды. Рабғузи:

«Иетмгіш тіл бірлә хикаят қылды. Иусуф ғам ғибран тіл бірла дұға қылды. Мәлік айды: бұл не тіл түрүр? Иусуф ғам айды: бу менің аталарым тілі турур<sup>117</sup>.

Құлмұхаммед Байғұлыұлы: –

Жетміш тіл бірла сөз айды. Иусуф ғам бар жеріге жауап берді. Иусуф ғам ғибри тіл бірла салам берді. Патшаһ білмады, хайран болып айды: бұ не тіл тү түр? Иусуф ғам айдылар: Қанған тілі түрур<sup>118</sup>.

Қ. Байғұлыұлы қиссасында Рабғузидегі көктем суреті де айнытпай берілген. Қазақ сөздерінің, сөз тіркестерінің орнына Рабғузидегідей көне сөздерді, көне тіркестерді, араб-парсы сөздерін қолданған: қиналды, қайғырды – байһүш болды, не қылайын – не айлайын, қандай – нечук, жоруы қалай? – тағбыры не түрүр? Зар жылау – зар иығлау, аһ ұрды – бір аһ тартты, ішу – нұш қылу, тағы басқалар...

Тіл оралымына, жазу үлгісінің ұқсастығына, өзінің айтуына қарағанда, Қ.Байғұлыұлы бұл қиссаны Рабғузидың «Қисас-ұл әнбиясының» Қазан баспаларының бірінде басылғанын оқи отырып, еліктей жазғанға ұқсайды. Ол сонымен қатар, Әлидің «Қисса Жүсібінің» Қазан баспаларымен, не көшірме нұсқасымен таныс болған. Шығыстағы басқа варианттарын да білуі мүмкін. Олай дейтіміз, кейбір Рабғузиде жок, басқа варианттарда бар оқиғалар мұнда кездеседі, не басқаша айтылады: құдық түбінде 250 жыл отырған адам, куә болған 4 айлық бала, Жүсіптің қарындасының (мұнда апасы) түс айтуы, Жүсіп бетін көрсеткенде халықтың аштығын ұмытуы, ыдыстың сөйлеуі, Жүсіптің атының ер салғанда кісінеуі, бір құстың ұшып келіп, Жүсіптің ағаларына ақыл айтуы, Жүсіп өлген соң Зылиханың екі көзін ойып, табыттың екі жағына қоюы, сөйтіп өзі де өлуі, тағы басқалар...

<sup>117</sup> «Қисас-ул әнбия», Рабғузи. Қазан, 1873.

<sup>118</sup> Құлмұхамбет Байғұлыұлының жинаған ауыз әдебиеті үлгілері 1896-1910 жж П. 127, 85-бет.





Шығыста «Жүсіп-Зылиха» қиссасының варианттары өте көп дедік. Оның түп тармақтары Сирия аңызында, Библия, Құран сюжеттерінде, Фирдоуси дастанында жатыр. Кейінгі нәзирашылар да әрқайсысы өз жанынан қосып, алып өзгеріс енгізіп отырған. Сондықтан да «Жүсіп-Зылиха» қиссасының әртүрлі аударма-нәзира варианттарын салыстырып, тексеру ғылымға қызық жайларды ашатыны сөзсіз. Бұл мәселе әзір басы ашылмаған күйінде.

Дегенмен, біздің ойымызша Қ.Байғұлыұлының қиссасындағы Рабғузидың «Қисас-ұл әнбиясының» Қазан баспаларында кездесе бермейтін кейбір эпизодтар, әсіресе жоғарыда көрсетілгендердің соңғы екеуі – автордың шығарманы әсерлі ету мақсатында түрікмен тіліндегі нұсқасынан алып қосқандары. Бұл арқылы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» жырлары құлағына сіңіп өскен автор қос аққу сынды, ғашықтардың бірінсіз бірі өмір сүре алмайтындығын, Зылиханың Жүсіпке берілгендігін баса көрсеткісі келген.

Қ.Байғұлыұлының қиссасындағы осындай бірлі-жарым өзгешеліктері болмаса, негізінде, ол «Қисас-ұл әнбия» сюжетінен алыс ұзамаған, түгелдей соның ықпалымен жазылған.

«Қисас-ұл әнбиядағы» қазақ арасына кең тараған, қазақ әдебиетінде осы тақырыптағы ертегі, әңгіме, дастандардың тууына әсер еткен тағы бір қисса – «Ескендір Зұлқарнайын».

Низами үлгісінен үйреніп жазған Рабғузидің кітабында Ескендір туралы қиссаның ішіндегі әңгімелері екі түрлі сипатта келеді: бірі – Ескендірдің пайғамбарлық қасиетін көрсетсе, екіншісі – Ескендірдің жаугершілік, тойымсыздығын мінеп, үлгі, өнеге, өсиет ретінде келтіруі. Соңғысына жататыны – Ескендірдің тойымсыздығын Жәбірейілдің оған тас беруі арқылы көрсететін әңгіме. Бұл діни түсініктен аулақ болмаса да, Рабғузи заманы үшін, өз дәрежесінде азды-көпті дидактикалық сипаты бар еді.

Осы әңгіме қазақ арасында көп айтылып, көп жазылып келді. Бірақ XIV ғасырда жазылған бұл әңгіме сол күйінде ендігі уақыт кәдесіне жарай қоюы қиын еді. Осыны жақсы ұғып, бұрынғыға сын көзімен, реалистік тұрғыдан қарап, дамытқан ақын – данышпан Абай.

Абай көпшілікке мәлім «Ескендір» поэмасын жазғанда жалғыз «Қисас-ұл әнбияны» ғана емес, Низамиді, Талмудтағы Александр жайындағы аңызды, В.А.Жуковскийдің «Екі әңгіме» дейтін өлеңін, «Дала уәлаяты» газетінде 1895 жылы жарияланған әңгімені, қазақ арасына тараған ертегіні де оқып, естіп білген деген болжам бар<sup>119</sup>. Абай осыларды қорыта отырып, ақыл-ой биігінен қарап, дастанды реалистік дәрежеге көтергені аян. Абайдың даналығын аса қадір тұтып:

<sup>119</sup> Каскабасов С. Казахская волшебная сказка. Стр. 36-39. Туганбаев К. Тағы да Ескендір поэмасы туралы. «Лен. жас», 1971, 23 апрель.

*Артында атақты ердің қалса сөзі,  
«Өлді» деп өкінбеймін оның өзі.  
Қисынсыз кедергінің керегі не,  
Базарлап болғаннан соң қайтар кезі*

(«Абайды оқығанда»), – деп одан үлгі алған халқымыздың ғұлама ақыны, «Шаһнаманы» қазақша жырлаған Тұрмағамбет Ізтілеуов те Рабғузи әңгімелерінің кейбірін өлеңге айналдырып жазды. Рабғузидан тәлім-тәрбиелік мәні бар, қызық сюжеттерді таңдап ала білген.

Тұрмағамбеттің аса көңіл аударғаны – Лұқман Хакімнің әңгімелері. Бір өлеңінде – Лұқман Хакімнің үш өсиетін баяндайды.

Өлең 1906 жылы жазылған. Басына «Лұқман Хакім», «Рабғузидан», – деп көрсетіп еткен<sup>120</sup>. Мазмұны:

*Ұлына үш насихат айтты Лұқман,  
Олардың оңалмас жан сөзін жыққан,  
– Бұларды болма өмірде ұмытушы,  
Сүйікті, – деді, – ей ұлым, іштен шыққан!  
Жасырын сырыңды айтпа қатыныңа,  
Жаңа мал біткеннен қарыз алма, мықтан!  
Патишаның жендетімен жақын болып,  
Жаныңа зақым қылар, жүргізбе ықтан!*

Лұқпанның үш өсиетін сынап көрмекші болып, баласы әкесінің айтқанының бәрін керісінше істейді:

*«Бұлардың барлығын да байқайын», – деп,  
Бір қойды қақтап сойып, қапқа тыққан.  
Күн батып, көз байланып, болғансын түн,  
Көшеден хәулісіне қарай ыққан.  
Үйіне арқалаумен алып келіп,  
Сұрланған секілденіп «шынттап, қорыққан»  
– Қатыным, қапияда қанын төктім,  
Адамның жаңа жолда бір жолыққан.  
Көмейік, көрсе біреу, көрсетпес күн,  
Осы үйдің ортасынан ашып оқпан...  
... Жүргеннен жаңа байып және ақша алды  
Ділдалы тапса дағы байды тоқтан.  
Дәруха деген патша жендетімен*

*Дос болды «аларсың», – деп, – мені шоқтан».* Ақыры күлкілі жағдайға ұшырап, басы өлімге тігілді. Шынын айтып, көзін жеткізген соң ғана хан босатты.

<sup>120</sup> Тұрмағамбет Ізтілеуов. Назым. Алматы, 1972, 114-117 беттер.



*Әлқисса алып сыйлау ақырында,  
Құтылып қайтты осы дабырықтан.*

Тұрмағамбеттің Рабғузидан алып жазған екінші өлеңі: «Ата мен бала»<sup>121</sup>. Мұнда жас та болса, ақылымен әкесінен асқан баланың оқиғасы былай баяндалған. Бір байдың бір қора қойы егіншінің егініне түсіп жеп кетеді. Екеуі арызданып Дәуітке келеді. Сонда Сүлеймен былай болсын дейді:

Сонан соң Сүлеймен айтты қой иесіне:


*– Үзбесін егісінен ол да үмітін.  
Абзалдап атыз-жабын, жаздай күтіп,  
Қалдырмай қырмандап бер ішетінін.  
Қойыңның соған дейін сүтін ішіп,  
Қайтарсын қырқар кезде жүн-түбітін.*

Қой иесі, Сүлейменнің сөзіне риза болады. Тұрмағамбет ақын әңгіменің тәлім-тәрбиелік жағын аша түсіп, оны үлгі, ақыл-кеңес беретін жолдармен аяқтайды:

*Бек тұтып «бала» демей білім бар-ды,  
Ағартқан ақымақтар көп алқым, ұртын.  
Оларды төрге отыртып төре еткенмен,  
Көрсетер кеміс ойлар ақыры бетін.  
Келмесе орынға ісің, өкінішпен,  
Көрерсің бұл жаһанның ақыретін.  
Неңдей бір тартып қасірет, шегіп жапа,  
Жағарсың ақылды ердің ақыры отын.  
«Жас демей, ақылы барды аға тұт», – деп,  
Данышпан айтқай Лұқпан, Аплатон.*

Бұл келтірілген мысалдардан мыналарды аңғарамыз: Рабғузи кітабы сонау ескі заманда, ескі түркі тілінде жазылса да, кейінгі қазақ арасында түгелдей жат сарын, түсініксіз, бөтен дүние саналмай, ертеден-ақ белгілі болған, көп таралған.

<sup>121</sup> Тұрмағамбет Ізтілеуов. Назым. Алматы, 1972, 118-119-беттер.



## ТЫҢДУМА ӘДЕБИЕТ. «МАХАББАТНАМА»

Орта Азия, Қазақстан, Оңтүстік Сібір, төменгі Еділ, Каспий бойында ежелден ру-тайпа болып өмір сүріп келе жатқан түркі халықтарының қоғамдық тіршілігінде, тарихында XIII-XIV ғасырларда үлкен әлеуметтік оқиға болды. Оларды Шыңғысхан бастаған Моңғол шапқыншылары басып алды. Моңғол шапқыншылары Орта Азияны айналасы үш жылдың ішінде бағындырып үлгерді (1219-1221). Моңғолдардың мұнша тез жеңіске жету себебі: ру-ру болып түрлі хандықтарға бөлініп жүрген түркі халықтарының бытыраңқылығынан, өзара жауласқан хандарының алауыздығынан, ел басқарушыларының бүкіл халықтың тағдырын ойлағаннан гөрі, қара басын көбірек күйттеуінен еді. Византиядан кейінгі ең бай кітапханасы бар Отырар, ірі сауда, мәдениет орталықтары болған Ясы (Түркістан), Сығанақ, Сауран, Сүткент т.б. қалалар қирады.

Шыңғысхан жаулап алған жерлерін төрт ұлына бөліп берді. Дешті Қыпшақ (қыпшақтар мекендеген далалар) жері Шыңғыстың үлкен ұлы Жошыға тиді, ол Алтын Орда мемлекеті деп аталды. Мемлекеттің орталығы Еділдің төменгі ағысы жағындағы Бату сарайы, Берке сарайы қалалары болды. Сарай қаласынан Қытайға дейінгі сауда-саттық жолы созылып жатты. Персиямен, Византия, Иран, Русьпен, Египетпен экономикалық, мәдени алыс-беріс жасалды.

Моңғолдар Дешті Қыпшаққа түгелдей көшіп келіп қоныстанған жоқ. Мұнда әскері, ел билеушілері, олардың туған-туысқандары ғана келді. Әскердің де біразы жергілікті халықтан, тұтқындардан құралған еді. Сондықтан шапқыншылықтан кейін де тұрғын халықтың ежелгі құрамы, тірлігі, тілі өзгерген жоқ. Мемлекеттің тілі қыпшақ тілі болып қала берді. Сол елде мекендеген түркі халықтарының тілінде әдеби шығармалар туды. Атап айтқанда, Әлидің «Қисса Иүсүфі» (1233ж), Сәйф Сараидың «Гүлстан бит-түркий» (1391ж), Хұсам Кагибтің «Жұмжұмасы» (1369-70), Рабғузидің «Қисса Иүсүфі Рабғузиі» (1310), Хорезмидің «Махаббатнамасы» (1353) тағы басқалар.

«Махаббатнама» – көне дәуірдегі жазба ескерткіштердің ішіндегі ең бір мәнді, қызғылықты дастан. Дастанның екі көшірмесі бар. Бірі ұйғыр әрпімен, екіншісі араб әрпімен жазылған. Ұйғыр әрпімен жазылғаны – ертерек кездегі көшірмесі (1432). Араб көшірмесі кейінірек жазылған (1503-1509). Екеуі де ғылымда танылған, транскрипцияланып, белгілі дәрежеде зерттелген. Түркі тілдерінің ішінде өзбек, қазақ тілдеріне толық аударылған.

Қазақ ССР Ғылым академиясының қолжазба қорында Ташкент Тіл-



әдебиеті институтындағы фотосуретінен көшірілген қолжазба бар (п, 1937). Кітапханаға оны ғалым Ә.Қоңыратбаев тапсырған.

Ұйғыр әрпімен жазылған нұсқасы А.М.Щербактың аудармасы арқылы жақсы таныс («Оғызнама», «Махаббатнама», М., 1959). Араб әрпімен жазылған нұсқасын Э.Н.Наджиб транскрипциялап, аударған («Махаббатнама», Э.Н.Наджиб, 1961).

Бұл екі басылымның жетістік, кемшіліктері Г.Ф.Благованың,<sup>122</sup> А.Н.Кононовтың<sup>123</sup> мақалаларында жақсы айтылған.

Ұйғыр нұсқасына қарағанда араб нұсқасы әлдеқайда толық, құрылысы түсінікті, дұрыс сақталған. Сондықтан қазіргі қазақ тіліне де осы Э.Н.Наджиб жариялаған арабша түпнұсқадан аударылды. Дастанның түрікше бөлімдері түпнұсқасынан, ал парсыша бөлімдері орысша аудармасынан, өзбекшесін салыстыра қарай отырып аударылған.

Дастан жайлы алғашқы мағлұмат, пікірді әйгілі ғалымдар В.В.Бартольд пен А.Н.Самойлович айтқан.

В.В.Бартольд 1924 жылы жазған мақаласында (Новая рукопись уйгурским шрифтом в Британском музее. ДАН, 1924, Апр.-июнь) Бакыр Мәнсүр көшірген нұсқа туралы хабарлайды. А.Н.Самойловичтің мақаласында Британия музейіндегі арабша көшірмесі лингвистикалық жағынан талданады. Дастан әдеби шығарма ретінде алғаш Е.Э.Бертельстің мақаласында қарастырылған («Новый мир», 1939, № 9).

Қазіргі уақытта «Махаббатнаманың» тілдік-лингвистикалық ерекшеліктері жақсы зерттелді. Бұлардың ішінде XIII-XIV ғасырдағы қыпшақ-оғыз ескерткіштерінің тілін түбегейлі тексеріп келе жатқан Москва ғалымы Э.Н.Наджибтің еңбектерін атап айтуға болады. Ғалым «Махаббатнама» сияқты көне ескерткіштерді тек бір тайпа, бір ұлыс қана емес, түркі халықтарының біразының құрамына енген халықтардың ортақ мұрасы деп таниды: «Осы дәуірде Алтын Орда территориясында, онымен одақтас Египетте туған әдеби ескерткіштер қазіргі татар, қырым татарлары, башқұрт, өзбек, қазақ, түрікмен, әзірбайжандардың ата-бабаларының ортақ мұрасы»,<sup>124</sup> – дейді.

Туысқан республикалардан Б.В.Валиходжаевтың, С.Қасымовтың жұмыстарын айтуға болады. С.Қасымовтың еңбегінің аса сәтті де нақты шыққан бөлімі дастанның өлең құрылысын талдайтын жерлері деп ойлаймыз. Онда ғалым арабтың өлең өлшемі – аруздың түркі өлеңінде, «Махаббатнамада» қолданылуы жайлы жақсы айтқан. Алайда, автор шығарманың тілдік қасиетін, аралас тілде жазылу ерекшелігін, XIII-XIV ғасырлардағы тарихи жағдайды ескермей, оны таза өзбек халқының мұрасы деген ойды ұстанады (Ол кезде «Махаббатнаманың» тілдік-

<sup>122</sup> Благова Г.Ф. Два издания рукописей «Махаббатнаме». — «Народы Азии и Африки». 1953, №2, стр. 209-212.

<sup>123</sup> Кононов А. Н. Рецензия. Қараңыз: Вопросы языкознания. 1963, № 5, стр.131-136.

<sup>124</sup> Наджиб Э.Н. Кыпчакско-огузский литературный язык мамлюкского Египта XIV в. Автореферат. М., 1965, стр. 39.

лингвистикалық жағынан әлі зерттеле қоймағандығынан болуы мүмкін). Бұған керісінше, Москва, Ленинград түркітанушылары оны бірауыздан ортақ мұра деп қарайды.

«Махаббатнаманың» жан-жақты танылып, халық мұрасына айналуы жолында қазақ зерттеушілері де азды-көпті үлес қосты. С.Аманжолов «Қазақ тілінің тарихы мен диалектологиясының мәселелері» деген кітабында, Р.Бердібаев 1966 жылы шыққан «Ежелгі мәдениет куәларында» бұл поэманың әдеби-тілдік мәні аса құнды шығарма екендігін, болашақта зерттеу мәселесін кең қолға алу керектігін айтты.

Шығарманың идеялық бағытына, тарихи мәніне белгілі ғалымдар Б.Кенжебаев («Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері», А., 1974) пен Х.Сүйіншәлиев те («Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезендері». А., 1967) кезінде дұрыс баға берді.

Поэма қазақ тілі мен әдебиетінің тарихына байланысты оқулық, хрестоматия кітаптарына енгізілген. ҚазҰУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасында арнайы ғылыми жұмыс жазылып, басылып шыққан (А.Қыраубаева. «Махаббатнама» және ол жөнінде түсінік. ҚазҰУ. 1983, А., 1985). Екінші рет Ө.Күмісбаевтың аудармасымен жарияланды. («Оғыз наме», «Мухаббат наме». А., 1986.) Дастан зерттеушілер назарына тез түскенімен, оның көптеген мәселелері, атап айтқанда өз тұсындағы көршілес елдер әдебиетімен ішкі байланысы, ондағы қоғамдық ой-пікірдің көрінісі, түркі әдебиетіндегі поэзия жанрының қалыптасып, дамуына тигізген өзіндік әсері, тағы басқа жақтары әлі де типологиялық зерттеулер үстінде жаңалықтармен көрінетіндігі сөзсіз. Біз «Махаббатнаманы» түпкі бастаулары V-VIII ғасырларда жатқан ежелгі әдебиетіміздің XIII-XIV ғасырлардағы елеулі көркем туындысы деп, өз тұсындағы жер жүзі мәдениетіндегі озық ағымдармен байланысты, сонымен қатар берідегі қазақ поэзиясының тіл, стиль дәстүріне қатысты деп қараймыз.

\* \* \*

Поэманың авторы – Хорезми. Ақынның толық аты-жөні, туған, өлген жылдары белгісіз. Ол Сыр бойындағы қала-кенттердің бірінен шыққан.

437. «Махаббат нама» жырын біттім мұнда,  
Бәрін де жаздым Сырдың жағасында.

440. Бұл кітабым болып тұр Мысыр қанты,  
Жеті жүз елу төртінші жылы аяқталды, –

дейді өзі.

Хорезми өлеңді парсы, түркі – екі тілде бірдей жазған. Оған дәлел – ақынның парсы тіліндегі наамалары. Хорезмидің бұрын да парсы тілінде кітап жазғандығын аңғартатын жолдар бар:



33. Күлім қағып: Ей, пәленше – айтты жайын, –  
Келтір бері сыйынды бізге лайық.
34. Көңілдің теңізінде гауһарың мол,  
Парсыша кітаптарын, ғаламға жол.

Екі-үш тілді бірдей білу – XIII-XIV ғасыр ақындарының көпшілігіне ортақ қасиет. Өйткені ерте дәуірлерге назар салсақ, бір замандарда билеген, үстем болған ру-тайпалардың тілі мемлекеттік қатынаста, ішкі жағдайда, көркем әдебиетте, ғылымда негізгі роль атқарған. Бір кезде араб тілі үстем болса, келе-келе Қараханидтер, Сельжуктер тұсында парсы, одан қыпшақтар үстем болған кезде түркі тілі тарих сахнасына шықты. XIII-XIV ғасырларда әдебиет, ғылым-білім саласынан түгел шығып кетпеген парсы тілі де негізгі әдеби тіл болды. Белгілі ғалым Е.Э.Бертельстің осы туралы мына пікірін келтіре кетейік: «IX ғасырда негізгі әдеби тіл болған араб тілінің орнын X ғасырда парсы тілі басты. Араб тілі тек ғылым мен дін саласында қалып, XI ғасырда парсы тілі ғылымға да енді. Ал көркем әдебиетте үшінші тіл – түркі тілдері қосылды. Бірақ бұлар – үш түрлі әдебиет емес, үш түрлі тіл байлығын пайдаланған бір ғана әдебиет» («Новый мир», 1939, №7).

«Махаббатнама» дастаны 946 жол, яғни 473 бәйіттен тұрады. Барлығы он бір арнау өлең. «Хикая» – 58 жол. Ақын алғашқыда он бір емес, он арнау өлең жазбақшы болған да, ол ойын кейін өзгерткен. Оны мына бәйіттен көруге болады:

382. Сөз осыған жетті, тамам болды,  
Бұрын он тарау деп едім, енді он бір болды.

Дастанның 4, 8, 11-арнаулары парсы тілінде жазылған. Шығарманы бастамас бұрын тәңірге сыйынып, медет сұрау – ертедегі әдебиетке тән дәстүр. Онда Хорезми тәңірдің ұлылығына бас иіп, оның құдірет-күшінің шексіздігіне танданады. Дүниеге күн мен түнді – екі жарық гауһарды, адамға сүю, ғашықтық сезімін «бергені» үшін, махаббатты, сұлулықты жаратқаны үшін тәңірді мадақтайды:

2. Екі жарық гауһарды ғаламға берген,  
Махаббат кенішін адамға берген.

Ақын табиғаттың сан алуан тамашаларының симметриялы сырына жазаптанады:

3. Аспан дәптерін түнге ұстатып қойған,  
Жаһан жаратылысын сөзге ұстатып қойған.
5. Ауада сұңқар жемі – жаратты құды,  
Толған айдай құбылты бір тамшы суды.
9. Жер үстіне құдыретімен дария жаратты,  
Сәдептің інжуі лала жаратты<sup>125</sup>.

125 Ұлу қауашағындағы інжу.

Ақын бұл жерде дүниедегі карама-қарсылықтың бірлігіне талдау жасап, өз түсінігін контраст арқылы қызғылықты суреттеп отыр. Оның фантазиясы тікен мен гүлдің бір сабақта өніп-өсуі, ұлу қауашағында – асыл тас інжудің сақталуы, құрғақ қамыстан тәтті дәмнің шығуы, ауада ұшқан сұңқардың жемі болуы үшін қудың жаралуы, тағы басқа табиғат сырлары ойға қалдырады, сөйтіп өмір жайлы өзіндік философия тудырады.

20. Түн. Ақшамда көрінді мейрам айы,  
Мұхаммед Хожабек – дәулет құмайы.
21. Бұйырды – өрге шатырлар тігілді,  
Бдыстар келтірілді, кең мәжіліс құрылды.

Мәжіліс – жақсы ақын, әншілердің сайысы түрінде өтетін әдеби кеш. Мәжіліске жиылғандарға ақындар өз шығармаларын оқып беретін болған. Оған тыңдаушылар ретінде де, ақын ретінде де атақты сұлтан, хандар қатысып отырған. Дастанда аталып отырған Мұхаммед Хожабек кім?

Хорезмидің тұтастарының бірі болған атақты хан Жәнібекті білеміз (1342-1357). Бірер зерттеушілердің пікірінше, поэмадағы Хожабек – осы Жәнібек. Бірақ Хорезмидің: «Патшалардың патшасы Жәнібек ханға етенесіз», – деген сөзі Хожабек пен Жәнібектің бір адам емес екендігін дәлелдейді. «Махаббатнама» туралы ең көп зерттеу жүргізген белгілі ғалым Э.Наджиб дастандағы Мұхаммед Хожабектің кім екендігін анық нұсқамаған. Ал Салых Қасымовтың пікірінше, Мұхаммед Хожабек – Күтлұғ Темірдің інісі. Музыканы, поэзияны қадірлей білген, өзі де өлең шығаратын адам болған. Сонымен Мұхаммед Хожабекті Жәнібектің қол астына қараған Алтын Орда әмірлерінің бірі деуге болады.

Мұхаммед Хожабек есімі поэманың, басында көбірек қайталанып отырады да, негізгі бөлімінде айтылмайды. Дастанда ол бір рет ұзақ мадақтаумен берілген.

Ақын Мұхаммед Хожабекті суреттей отырып, оны шын өмірдегі адамнан гөрі, өз пікірінше патша болуға лайық идеалға жақындатып шығарған. Ақынның айтуынша, Мұхаммед Хожабектің қасиеттері мынадай:

1. Сырт келбеті келіскен сұлу:  
71. Дидарың елге жақсылық төгер,  
Сәулетіңе Мұштары<sup>126</sup> да бас иер.

---

<sup>126</sup> Мұштары – Юпитердің шығыс елдеріндегі аты.





78. Сипатыңды жазар болса көк дәбірі<sup>127</sup>,  
Түгесілмес мың жылда мыңнан бірі.  
2. Ақылды:
72. Ұлысты биледің ақылыңның күшімен  
Ұрыста қан тамар қамшыңның ұшынан,
3. Батыр, жауынгер:
76. Соғысқа кірер бейне тойға кіргендей,  
Ашыққан бөрі қойға кіргендей.
77. Егер сені Рүстем<sup>128</sup> десем, сол атакқа жарайсың,  
Қылышыңмен жаудың сапын қақ айырып жарасың.
4. Мырза, жомарт:
70. Мың жыл кейін тірілсе егер Хатымтай<sup>129</sup>  
Жер өбер ед естіп сенің атыңды-ай.

Дастанның негізгі сюжеттік өзегі, идеясы екінші бөлімде, он бір арнауудың (нама) бойында жинақталып айтылады. Бастан-аяқ сұлуға ғашық болған жігіт ынтықтығы. Қыздың жауап сөзі жоқ.

«Махаббатнама» – XIII-XIV ғасырлардағы түркі халықтары әдебиетінің озық үлгілерін дамытқан, Қайта өрлеу дәуірінің элементтерін бойына дарытқан озық шығарма.

XIII-XIV ғасырлардағы шығыс әдебиетінің тілі негізінен парсы тілі болғандығына қарамастан, өзі сол тілді жетік білсе де, Хорезмидің өз шығармасын түркі тілінде жазуы Қайта өрлеу мәдениетінің белгілерімен үндесіп жатыр.

Қайта өрлеу идеяларының XIV ғасырдағы түркілер әдебиетіне, оның ішінде Хорезмиге жетуі, біздіңше, таңданарлық құбылыс емес. Бұл Шығыс ренессансының және көршілес елдермен қарым-қатынастар арқылы қайта өрлеген жер жүзілік мәдениеттің түркілер әдебиетінен де көрініс тапқандығы болса керек.

Хорезми де Қайта өрлеу кезеңінің суреткерлері сияқты көне грек философтарын пір тұтады, ал оның кейіпкерлері әрбір қиын жағдайдағы өз халін сол ұлылармен салыстырып бағалайды:

43. Аплатон саған ғашық болса сыр айтып,  
Ұмытар ед желге ұшырып, барлық ойын, райын.
281. Қадірімді өлсем білер, таңданар,  
Ғашық болса – Аплатон да жынданар.

Ой образдарына Фирдоуси, Низами кейіпкерлерін мысал етіп теңестіре

127 Көк дәбірі – Көк жұлдызы.

128 Рүстем – «Шаһнаманың» кейіпкері.

129 Хатымтай — Атымтай, шығыс әдебиетінде жомарттығымен әйгілі болған кейіпкер.

сөйлейді. Сөйгіп, ол ақындардың шығармаларын жақсы білетіндігін, қадірлейтінін байқатқан:

74. Сен тойласаң Хатым өзі ұялар,  
Сен соғыссаң, Рүстем де жұбанар.  
105. Көңілің Шырын сөзіңе – Фархад болу арманы,  
Көзің Кашмир жадыгөйін де арбады.  
273. Сөзің – Шырын, жаның сақы Хұсраудың өзінен,  
Мәжнүн болар Ләйлі сенің ару жүзіңнен.

Хорезми дастанының көркемдік сипатын арттырып, оны Қайта өрлеу идеясына жақындататын бір қасиеті – адамның ішкі жан дүниесіне, сезім толқуына үңіліп, психологиясын бейнелеуге ұмтылыс. Ол сұлу қызға ғашық болған жігіттің қыздан жауап ала алмай күйінуін суреттейтін бөлімдерінде жақсы байқалады.

120. Кісінің сірә сенсіз не жаны бар,  
Өмірдің ондай мәнсіз не сәні бар?!  
116. Күлгенінде оймақ ернің үлбірер,  
Сонда сені пері көрсе, ол да мендей телмірер.

Хорезми жер бетіндегі қызықтың бәрі о дүниелік өмірдің қасында түк емес деп уағыздамайды, қайта мұнда адамның қасиетті сезімін, адамгершілікті, асыл махаббатты ардақтап, сүю бақытын басқа қияли қызықтарға айырбастамайтынын жыр етеді. Ол құдайға, дінге сене отырып, оның доғмаларына қарсы шығады. «Маған тірліктегі қызығым қымбат, ол болмаса ұжмағың керек емес, қызық, шын тірлік осы өмірде», – дейді. Автордың ойынша, өлім – адамды шын рақатқа апаратын жол емес, қайта өмірдің бітіп, таусылуы. Мұндай көзқарас діннің схоластикалық қағидаларына қарсы шыққан Қайта өрлеу дәуіріндегі пікірлерімен үндес жатыр.

118. Хақтағала, еркің, деп берсе кеңес,  
Маған сенсіз жұмақ та керек емес.  
145. Сен болмасаң өлімге бел бұғанмын,  
Бастан саған ғашық болып туғанмын.

Жігіт ғашығына «бар мақсатым – сенің жолыңда, бақытты ет», – деп жалынады. Жүзін бір көруге құмар болады. Ол бәрібір сүйгеніне қосыла алмайды. Сюжет мақсатына жете алмаған жігіттің сүйгеніне бақыт тілеумен, оның аяулы болып қала беретінін білдірумен бітеді.

Хорезми мұнда азабы да, қайғысы да мәңгілік асыл махаббатты биікке көтереді. Шынайы сезімге романтикалық әсер бере, еліттіре жырлайды. Жүрек біреу, ол таңдаулы, қалаулы бір адамға ғана тиісті дейді:



261. Неғыламын айта беріп, тие беріп шамыңа,  
Жүрек біреу, құбыла біреу, сүймек біреу тағы да.  
262. Махаббаттың құпиясы бар мың түрлі,  
Жан шыққанша сақтар жүрек бұл сырды.

Хорезми дастанында мұсылман ережесіне қарама-қайшы келетін шарапты мадақтау, сол арқылы адамды табиғатына тән еркіндікте суреттеу байқалады. Исламға дейін, көне Иран әдебиетінен басталған бұл шарапты мадақтау салты сол әдебиеттің орта ғасырдағы классикалық дәуірінде, дін қысымшылығына қарсылық ретінде алынып, Омар Хайям, Хафиз сынды ақындар творчествосында философиялық жинақтау, түйіндеу биігіне жеткен болатын. Парсы әдебиетін жақсы білген Хорезми де осындай өз заманы үшін озық идеяны қолдаған. Дастанда шарап ішіп, көңіл көтеруге, жүректегі қайғы-мұңды жууға шақырған жолдар әр арнаудан соң, мәснауи сайын қайталанып айтылып отырады.

125. Кел, ей, сақы, көтер көңіл-кабақты,  
Ішсін бұл жұрт, келтір мөлдір шарапты. Немесе:

150. Кел, ей, сақы, келтір Жәмшид ыдысын,  
Шарап жазар көңілімнің құрысын.

Аяқтау бөлімі, негізгі сюжеттен бөлектеу, тілек, ескерту ретінде берілген. «Мінәжат», «Қыйт'а», «Кітапты аяқтау», «Оқушыға тілек», «Фард» деген кішкене-кішкене тақырыпшалардан тұрады. «Мінәжатта» автор: «Сонша еңбекпен жазған шығармамды жұртқа хош көргізе көр!» – деп тілейді.

Автордың негізгі мақсат, ойы «Қыйт'ада» көрінген. «Қыйт'а» – дәстүрі бойынша, мұнда ақынның басқа ешбір жерде жазбаған шын сыры, көзқарасы айтылуы тиіс. Ақын онда: «Екіжүзділікпен жарамсақтанбаймын, тордағы құстай тұтқын емес, кендікте қалықтаған еркін құспын. Қандай бір сұлтан болса да, оны мал үшін мақтамаймын», – дейді.

Соңында: «Махаббатнама» кітабы қыжыраның 914 жылы бітті», – деген жазу бар. Ескеретін бір жағдай, осы соңында қойылған дата көшірмешінікі де, алдындағы:

440. Бұл кітабым болып тұр Мысыр қанты,

Жеті жүз елу төртінші жылы аяқталды, – дегендегі көрсетілген дата – автордыкі. Біреуі шығарманың жазылған жылын (754 қыжыра), екіншісі көшірілген жылын (914 қыжыра) білдіреді.

Дастанда шым-шытырық оқиға, көп образ жоқ. Негізгі бейнелер екеу: жігіт, сұлу қыз.

Дастанда көрінетін ғашық жігіт автордың өзімен біте қайнасып, бір адам болып кеткен. Кейде автор оған өз атын қосып жіберіп те отырады.

Жігіт – сүйгеніне жан-тәнімен берілген ақылды да, парасатты жан. Оның сүйген сұлуына деген ынтықтығы, жан-тәнімен берілген адал жүрегі ғашығын неге теңерін білмей, бар асылды басына үйіп-төгіп, айға да, жұлдызға да салыстыруынан аңғарылады.

Қыз поэмада жігіттің аузынан суреттеледі, сол арқылы оқиғаға араласып отырады.

Дастандағы сұлу қыз портретін жасау үлгісі қазақ ауыз әдебиетіндегі арулардың сыртқы сұлу келбетін образды бейнелеулерге жақын екендігі аңғарылады. Портреттеудегі жақындықты кейінгі киссашыл ақындардан да мол тауып салыстыруға болады. Поэмада сұлудың тек сыртқы әсемдігі суреттеледі де, оның іс-мінезімен, жан дүниесімен тұтас көрінетін толық образы жоқ.

**Сақы**<sup>130</sup>. Бір замандарда Иран, Орта Азия елдерінде жаугершілікте қолға түскен сымбатты жігіттерді ел билеушілер өздеріне шарап құюшы етіп алатын болған. Сақылар ән салып, өлең де шығара алатын сұлу жігіттерден іріктелген. Олар өзі туып өскен жер мен құлдықтағы елін мәдени жағынан жақындастырушылар да болды. Себебі жүрген жерінде өз халқының өлең-жырын айтумен бірге, өз репертуарларын жаңа өлең, жаңа сюжеттермен де толықтырып отырған. Содан сақинама деген лирикалық жанр тараған. Бір қызығы, осындай сақылардан ел билеушілер де шыққан. Мысалы, Фирдоуси тусында Иран тағына патша болған Махмұд бір кезде құл екен. Өзі түркі тайпаларынан шығыпты. Кейін ол өз қызметшісі Аязды әмір етіп сайлапты. Осыдан барып құлдан патша болған қарапайым еңбек адамдарының образы Орта Азия әдебиетіне кең таралып кеткен («Аяз би» ертегісі.) Жыртық шапанын босағаға іліп қойып: «Аяз, әлінді біл», – деген сөз содан қалса керек.

\* \* \*

Түркі халықтары әдебиетінің жанрында араб, парсы терминдері көп қолданылады. «Қисса», «Хамса», «Нама» т.б. Олардың біразы қазіргі қазақ әдебиетінде де кездеседі (сапарнама, жолнама).

Хорезми өз творчествосында намань қолдану арқылы түркі халықтары әдебиетінде намашылыққа кең жол ашты. Наманың жанрлық формалары көп:

1. Эпикалық поэмалардың циклі (Шаһнама).
2. Жеке поэмалар (Ескендірнама, Шайбанинама, Бабурнама т. б.).
3. Саяхатта, сапарда көрген-білгені, алған әсері жайындағы шығарма.
4. Өлеңмен жазылған арнау (Хорезмидің «Махаббатнамасы»),

130 Короглы Х.Г. Взаимосвязи эпоса народов Средней Азии, Ирана и Азербайджана. М, 1983, стр 21-24.



Ходжендидің «Латафатнамасы», Амиридің «Дахнамасы»). Бұлардың ерекшелігі сол: арнау ретінде ынтықтық, сүйіспеншілік сезімдер, ғашықтық мұң баяндалады.

Осы соңғы формадағы намаларда ғашықтық нәзік сезімдер бір-біріне жазған арнаулар арқылы көрінеді.

Хорезми «намашылыққа» жол ашып қана қойған жоқ, оны дамытты. Оның поэмасында жігіттің сұлу қызға ынтықтығы баяндалады да, қыз жауабы жігіттің өз сөзінен белгілі болады.

Бұл тәсіл сол кездегі әдебиетте тың жаңалық болатын. Кейін мұндай «намалар» лиро-эпикалық поэмаларға айналып кетті.

«Махаббатнама» – лирикалық поэма.

Дастанда араб, парсы, түркі поэзиясының өлең түрлері мол қолданылған. Олар төмендегідей:

Бәйіт – екі жол өлең. Бұл қазіргі қазақ өлеңдерінде де қолданылады.

Ғазал – араб, парсы поэзиясында XIII-XIV ғасырлардан бастап қалыптасқан өлең түрі. Ғазалдың әйгілі шеберлері Хафиз, Сағди болған. Мұнда көбіне сүйіспеншілік, махаббат сезімдері жырланады. Ғазалдың алғашқы екі жолы бір-бірімен ұйқасады да, ары қарай шалыс ұйқас болып келеді. Ғазалдың тағы бір ерекшелігі – соңғы бәйітте міндетті түрде автордың аты айтылуы тиіс. Дастанда осы ерекшелік сақталған. Хорезми ғазалдары 8-12 бәйіттен тұрады.

Мәснауи – араб, парсы, түркі әдебиетінде кездесетін өлеңнің формасы. Әр екі жолы өзінше ұйқасады. Қазіргі әдебиетіміздегі кезекті ұйқасты өлең сияқты. Мәснауи «Махаббатнама» да көбіне үш бәйітті болып келеді:

Қыйт'а – түркі өлеңіне араб, парсы поэзиясынан ауысқан түр. Ұйқасы а –б–в–б–г–б болып келеді. Ақындар шын сырын, арман-тілегін осында айтады. Ғазалдан айырмашылығы соңында автордың аты кірістірілмейді. Хорезмиде қыйт'адағы бәйіт саны – бесеу.

Фард – ғазал, мәснауи, қыйт'а сияқты түркі өлеңінің формасы, араб тілінде жеке, біреу деген мағына береді. Ұйқасы, мазмұны жағынан шығарманың негізгі сюжетінен бөлек, өз алдына тұратын екі жол өлең. «Махаббатнаманың» соңына көшірмеші қосқан фард мынау:

473. Тілегім сол, пірім-ау, дүниені қаратқан,  
Ұмыта көрме пенденді, Құдайым, өзің жаратқан.

«Махаббатнама» дастаны аруз өлшеммен жазылған.

Дастанның тілі бай да, көрікті. Автор сөзді образды, айшықты, ажарлы қолдана білген. Онда эпитет, теңеу, метафора сияқты сөзге сұлулық беретін көркемдік құралдар мол.

Сұлулықты, әдемілікті, мәңгі өлмейтін нәрсені көркем тілде күнге,

айға теңеп айту көне уақыттардан бері келе жатса керек. Мұның мысалы «Махаббатнамада» жиі кездеседі.

Көркем теңеу кестесінің күрделі, образды ойды бейнелеуін мына жолдардан да көруге болады:

44. Бал-шекердей тәтті тоты тіліңіз,  
Түсірді ауға неше жандар құмайын,  
47. Өзің деп келген Хорезмиді есірке,  
Есіркегеніндей шаһтардың құлы менен малайын,  
76. Соғысқа кірер бейне тойға кіргендей  
Ашыққан бөрі қойға кіргендей.

Батырды, жауынгерді аш бөріге теңеу – түркі әдебиетінде көнеден келе жатқан дәстүр. Мысалы:

- Әкем қағанның қосыны бөрідей болыпты,  
Жаулары қойдай болыпты.  
*(Орхон—Енисей ескерткішінде)*  
Қойға тиген қасқырдай,  
Алқымынан тамақтап.  
*(«Қобыланды»)*

Дастанда көрікті сөз кестелері метафорамен де өрнектелген. Метафора да аса көп қолданылған тәсіл:

114. Ғашықтықтан танды естен көктің өзі,  
Ай – сенің жүзің, Зуһра – сырғаңның көзі.  
153. О, күн секілді күллі әлем шырағы,  
Нұр жүзіңіз – жұмақтың гүл бағы.  
159. Мың жан сенің сымбатыңның пидасы,  
Қарашығым – бір қалыңның пидасы.  
161. Қос бұрымың, – көңілімнің панасы,  
Қос босағаң – жанымның сәждеханасы.

Дастанда бастан-аяқ қайталанып келіп отыратын мәснауиден басқа да сөз басындағы қайталау бар («Сәлемді жеткіз», – деген тіркес бірнеше қайталанады).

Бұдан басқа «айт», «қашан» сөздері де бәйіт басында қайталана айтылып, мазмұнға үстеме әсер, рең беріп тұр. Оқушыны сол сөздің мағынасына айрықша назар аударуға бағыттайды.

Дастанның бүгінгі оқушысын да таң қалдырып, мақұлдатын ерекше бір қасиеті бастан-аяқ айтылатын бір-ақ нәрсе – ғашықтық, сүйіспеншілік жайы болса да, осы бір-ақ жайды кісіге жалықтырмай жеткізу құдіреті ақындық қуаттан туған салыстырудың, баламалардың, бейнелі сөз



айшықтарының әсерлілігінде. Мысалы, ұйқыдағы бақыт, бақыттың таңы, жүректің көзі, қыздың сұлу жүзі – жарқыраған түнгі ай, құлағындағы сырғасы, айналасындағы жұлдыз болуы, ернінен көк шалғынның хош иісі бұрқырауы, жүректің жасыл түсіп, қырман өртенгендей өртенуі, сұлудың алдында шақтың мат болуы, тағы басқа толып жатқан ақындық аңғарымпаз көзбен табылған тың бейнелеулер оқушысын тәнті етеді.

147. Кездесем деп тартынбадым талаптан,  
Қандай ұзақ болса да түн таң атқан.
149. Енді қанша бақытым ұйықтап жатар? –  
Сенімен бір жолықсам, – таңы атар.
186. Ернінен жас шалғынның хош иісі бұрқырар,  
Алдыңда сенің керексіз боп күн тұрар.
403. Ғашықтықтан өзіңе күн сарғайып батады,  
Махаббаттың шатыраштай ойынында  
Шахтарың да мат алды.

\* \* \*

Дастанның «Хикаят» аталатын шағын бөлімі шығарманың негізгі мазмұнынан оқшау тұр. Негізгі ойы – дүние-малға қызықпай, азды қанағат тұтуға, бұрыннан келе жатқан жақсы дәстүр-салтты сақтауға шақыру, ақыл-парасатты жоғары қою. Азды қанағат тұту идеясы өзінен бұрын өткен ақындар М.Қашғари, А.Иүгінеки ойларымен қиысады.

468. Аз нәрсеге жоқтықта қанағат қыла білгенің –  
Өз еркіңе ие боп, патша боп өмір сүргенің.
469. Уайымы жоқ мұңы жоқ шат көңілде боласың,  
Лайықты орныңды мына өмірден табасың.
470. Әуре болма сарай іздеп, көк тіреген керемет,  
Бір үзім нан, суың болса, одан артық не керек?!

«Хикаятта» оқиға бірінші жақтан баяндалады. Белгісіз кейіпкер Тайфурды (Византия) басып өтіп, Шамға сапар шегіп бара жатады. Сапарында Сейіттер әулетінен шыққан<sup>131</sup> бір жас жігіт жол көрсетіп жүреді. Қос тұлымы иығына талғаммен өрілген, салмақты, білімді жас жігіттің киген киімі Сейіт әулетінен шыққан адамға сай емес, қайыршыға ұқсайды. Сонда керуеннен әлдекім оны табалап: «Бұл Сейіт ұрпағы емес, такыр кедей, өзін-өзі көтермелеп жүрген біреу», – деп тиіседі. Оған қарсы бір қарияның айтқан ақылын келтіреді де, Хорезми: «Аз нәрсеге қанағат қылсаң, ешкімге құл болмай, еркіңмен жүресің. Уайымсыз өмір

<sup>131</sup> Сейіт әулеті – Мұхаммедтің немересі Хұсайыннан тарайтын ұрпақтары. Мұсылман еліндегі аса беделді әулет.

сүремін десең, есепсіз байлық пен дүниенің керегі жоқ», – деген оз ойларымен түйіндейді. Бұл ойлар Хорезмиден бұрынғы өткен Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұни ақындардың шығармаларына өзек болған негізгі идея болатын. Хорезми осы алдыңғы ақындардан үлгі алып, олардың адамгершілік туралы ойларын дамытқан. Махмұд Қашғари «Түркі сөздерінің жинағында»:

«Иағы ерүр йалнұққұк нәңі тауар,  
Білік ері йағысын нелік сәуар».  
– Жауы (еді) адамның зат пен тауар  
Білікті ер жауларын қалай сүйер, – десе;  
Жүсіп Баласағұни дүниеқорлық туралы:

«Чығай қылса кімні көзі сұқлұқы  
Байұтмас аны азұн тоқлұқы».  
– Шығай (тойымсыз) қылса кімді көзі сқтығы,  
Байытпас оны дүниенің тоқтығы,— деген.


Бұл ойлар Ахмед Йүгінекидің «Ақиқат сыйында»:

«Иығып көңлі тоймас сұқ бахил,  
Құл ол малға малы аңар ерклиг ол».  
Қанша жиса сараң көзі тоймайды,  
Малдың құлы ол, мал – билемей қоймайды, – болып келеді.

Қорыта айтқанда, қазіргі оқырманның да бұл дастанның тіл қолдану шеберлігінен, сезім тазалығынан ләззат алып, көп нәрсені үйренері анық.







## ҚИССА-ДАСТАНДАРДЫҢ МИФТІК НЕГІЗДЕРІ

Қисса оқиғаларының негізгі фабулалық желілері ең көне шығыстық мифтерден бастау алады. Яғни, миф мәдениетін жеткізуші ретінде маңызды рөл атқарады. Ежелгі ғашықтық сюжеттердің бірі – «Жүсіп пен Зылиха» желісін алсақ, оның архетипі заманымыздың бас кезіндегі Иосиф пен Асенеф махаббатын суреттейтін грек апокрифінде, арғы жағындағы, Тауратқа кірген Иосиф пен Потифардың жұбайының оқиғаларында жатыр. Тауратқа дейін де неше мың жыл әңгімеленіп келгенін айту қиын. Қисса сюжеттеріндегі тұрақты желілері: «Тастанды бала», «Сарай салдырған қыз», «Мінсіз кейіпкер», «Қыз әкесіне жеті жыл қызмет көрсету», «Иранбак», «Жазира арал», «Шын-Машын», «Кейіпкер жанының шөпке (гүлге) ауысуы», «Қасиетті жүзік», «Жұмақ-тозақ» тағы басқалардың түп-төркінін ежелгі мифтерден табамыз. Сондай-ақ, мифтік бейнелер мен кейіпкерлердің шығу негізі де тым әрідегі тылсым замандарда жатыр. Оның қым-қиғаш тамырларын көне шығыс пен батыстың, түрік пен араб-парсыдан, грек пен үндіден, үндіс пен жапон тарихынан да іздеуіміз керек. Қазақ мәдениеті деген ұғымның бастауы «Гильгамеш», «Авеста», одан да бұрынғы көне мифтермен, ежелгі Вавилион-Ассирия мәдениетімен ұштасады.

Адам санасының дамуында мифтік ойлау сатысы өлшеусіз рөл атқарады. Мифтен тұтас пәлсафа жүйесі құралады. Мифтік шығармашылық адамзат мәдениеті тарихындағы елеулі құбылыс болып есептеледі. Оны туғызған ең көне замандардағы, тіпті алғашқы қауымдық құрылыстағы адамдар, бүгінде оның кейбір желілері мен жеке үзіктерін тарихи мәдениет ошақтары мен жазба ескерткіштерден ұшырастырамыз.

Әлемдік мәдениет дегеніміздің өз планетамыздағы сандаған халықтардың мәдениет жетістіктерінің жиынтығы (синтезі), ол көптеген мың жылдықтарда қалыптасты. Осы ұзақ даму үрдісі: ежелгі антикалық, орта ғасырлық, Оянушылық дәуірлерге бөлінеді.

Мұса пайғамбар мифіндегі онымен күресіп, Ніл дариясына батып кететін Перғауын – Фараон бейнесі біздің жыл санауымызға дейінгі ХХХ ғасырлардағы Египетте патша болған. Мина (грек әдебиетінде – Менес) бастаған пышақтың қыры өтпейтіндей етіп қиюластырған 7 тонналық алып Хеопс пирамидасының қандай күшпен тұрғызылғаны әлі күнге белгісіз.

Көне Египеттегі «өліп қайта тірілетін табиғат» Құдайы – Осирис идеясы, Авестада құрбан шалғанда оның астына шөп салып, Таһир мен Зухраның бейітінің басына ақ, қызыл, қара гүлдің шығуы, Қозы мен Баян,

Қодар бейіттеріне гүл мен тікеннің өсуі – бәрі де адамзат мәдениетінің ортақ белгілері.

Египет патшалығында тұрғызылған адам басты алып арыстан Сфинксі мен арыстан немесе жолбарыс асырап өсірген Шеризат («Шеризат» қиссаларындағы), «Қорқыт ата кітабындағы» Бисат батыр бейнелерінің арасындағы архаикалық анимистік пәлсафа белгілерін аңғаруға болады. Ежелгі түрік ескерткіштерінде сондай-ақ, қиссада баланы арыстанның асырап өсіруі, Елжау бидің тарихындағы «Көк бөрі» сюжеті сияқты, арыстан тотемін ардақтайтын бір тайпаның оқиғасынан шығуы мүмкін еді.

Сондай-ақ, Египеттің итбас Құдайы Анупис пен орыс иконографиясындағы Итбас – Христофор әулие және «Сейфүлмәлік» қиссасындағы итбастар елі арасында байланыс жоқ деп айта аламыз ба?

Енді көне шумер (сумерлер) мәдениетіне келейік. Бір жарым миллион қыш кесектердегі сына жазулардың желілері қазақ әдебиетімен де тамырласып жатқан дүние екендігі сөз болып жүр. Шумер мәдениеті б.д.д. жүз мыңыншы жылдықтарда дамыған. Месопотамиядағы Ур, Урук, Лагаш, Ниппур, Киш қалаларының орнынан жоғары деңгейдегі көне өркениет, бай мифологияның куәлары табылған. Шумер мемлекеттерінің ішіндегі ежелгі Бабыл (Вавилион) патшалығы б.д.д. XX ғасырда Таяу Шығыстағы ең бай қалалардың бірі болған.

Месопотамияның солтүстік-шығыс жағындағы Ассирия мемлекеті б.д.д. VII ғасырларда мидиялықтардың, яғни түрік текті халықтардың, одан соң парсылардың қол астына қарауы (Смирнова В.В., 1995-29)<sup>132</sup> сол елдер мәдениетінің байланысында елеулі рөл атқарған деген ойға келтіреді.

Мысалы, өз жазуын балшықтан жасалған қыш кесектерде жазған шумерлер, адамды да балшықтан жасалған деп түсінсе керек. Әрине, «балшықтан немесе топырақтан» жаралудың мәнісін натуралды қалыпта түсінуге болмайды. Архаикалық анимистік пәлсафа бойынша, бұл мифтен жанның бір түрден екінші бір түрге ауысып отыру теориясы аңғарылады. Шумер мәдениетінен жеткен Урук қаласының патшасы Гильгамеш жайындағы эпостар топтамасының іздерін өз әдебиетімізден айқын көреміз. Мысалы, шумердің түсіндірмелі мифтеріндегі «дүниенің жаралуы», «ұлы апат» (Нұх апаты) желілері әдебиетімізде сақталған.

Көне Месопотамия әдебиеті, оның тақырыптары, әлемді танудағы көрші елдердің әдебиетіне, Таурат пен Інжілге, сол арқылы Еуропа елдеріне де зор әсер етті.

Авестадағы Ииманың үйін Платонның үлгілі мемлекеті және қазақ қиссаларындағы «жазира арал», «Ирамбақ», сондай-ақ, әл-Фарабидің

<sup>132</sup> Сілтемелер жақшаның ішінде беріледі. Мысалы: (Смирнова В.В., 1995-29). Жақша ішіндегі туындыгердің атынан кейінгі сан – еңбектің шыққан жылын көрсетеді. Сзықшадан кейін тұрған сан – кітаптың беті. Томы да көрсетілуі мүмкін (1973-2-20). Кітаптың туындыгері болмаса, атының бастапқы бір-екі сөзі беріліп (Ежелгі дәуірдегі... 1991-18), әдебиеттер тізімінен мынандай ретпен анықталады: Ежелгі дәуірдегі... Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті. Ана тілі, 1991.



«қайырымды қаласы», Фирдоусидің Сияуыш қаласы, Сұлтамахмұттың «өмір түсі тегіс болып көркейтетін қоғамы», ежелгі мифтердегі «рахат елі», қазақтың жер үйегі, қазіргі Индиядағы «Ауробиондо» ауылы – бәрі де бір-бірімен байланыстағы дүниелер. Оның терең дүниетанымдық тұрғыдағы қайнары ежелгі шығысқа ортақ үлгілер болатын.

### **Авесталық мифтер.**

Авестаның қазақ мифологиясындағы қайнарларының бірі екендігіне назар аудару үшін мына екі нәрсені айта кеткеніміз келеді:

Бірінші, қазақ халқын құраған кейбір рулар, анығырақ айтсақ, ерте замандағы қаңлылар, Зороастр дініне сеніп, ай мен күнге және отқа табынған (Мынжани Н., 1994-90). Авестада зороастр дінін қабылдаған тайпалардың ішінде тұриялықтар аталады. «Қаңлы» сөзі де кездеседі.

Екінші, Зороастр дінінің негізін қалаған Заратуштра – көшпелі Азия халықтарының даласының ұлы, Еділдің шығыс жағын мекендеген тайпадан шыққан (Бойс С.М., 1988-3).

Қазақ аңыздарын терең зерттеген ғұлама Әлкей Марғұлан «Авестаны жазған Әмудария мен Аралды мекендеген ғұндар (кердері, абдалдар)» – дейді (1965-20). В.В.Бартольдтың айтуынша, «Юсбиндер арасынан (юсбин-шубан), Шу өлкесін мекендеушілерден, Иранның қасиетті кітабы Авестаның классикалық жазулары – хиониттер шықты. Олардың ІҮ-Ү ғасырларда римдіктермен одақтасып, парсыларға қарсы соғысқаны тарих есінде қалған (Марғұлан Ә., 1985-20)». Хиониттер Әмудария мен Аралды мекендеген ғұндардың бір ұлысы екен. Оларды гректер – хионит, римдіктер – эфталит (абдал) немесе кидарит (кердерә) деп атаған. Абдалдар – түрікпен мен кіші жүз қазақтарында сақталған рулар. Еуропаға дейін барып, Римді басып алған Аттила (Еділ) осы ғұн тайпаларынан шыққан (Марғұлан Ә., 1985-20). Авестаның қазаққа қатысы бар дүние екендігіне зер салған ғалымдардың бірі Мырзабек Дүйсенов былай дейді:

«Көне ирандар Ахура деген Құдайға табынады. Оны Маздадана деп атаған (Ахурамазда). Заратуштра таратқан осы дін зороастризм деп аталады. Зороастризм б.э.д. ҮІІ ғасырда Хорезм аймағында туған» (Дүйсенов М. 1986-201).

Алайда, Лондон университетінің профессоры, Иранды зерттеуші ғалым Мэри Бойс Заратуштраны ирандық деп көрсетеді. Осылай деп бұрынғы-соңғы иранды зерттеушілердің бәрі де айтқан. Бұл пікірдің әлемге орныққаны сондай, оған титтей жаңалық енгізу үшін үлкен дәлелдер керектігі айқын. Біздің жұмысымыздағы Авеста туралы әңгіме оның қазақ аңыздарының терең қайнарларының бірі екендігі хақында болмақ.

Зороастр дінінің негізін салған Заратуштра – адамзаттың тас дәуірінен мыс дәуіріне өте бастаған кезінде, біздің заманымыздан 1500-1200 жылдар бұрын өмір сүріпті. Бұл дін б.д.д. ҮІ ғасырдан – біздің

заманымыздағы VIII ғасырға, ислам діні кеңінен тарағанға дейін Таяу және Орта Шығыстағы мемлекеттердің діні болып келеді. Иудей, ислам, будда діндерінің жоралғыларына негіз болған қадаулардың бірі.

Зороастр дінінің көріністері қазақ салт-дәстүрінде біраз сақталған.

Заратуштра – жарық дүниеге іңгәламай, күліп келген әлемдегі жалғыз бала екен. Заратуштра атын аударушылар: «Кәрі түйесі бар адам» деген мағына беретінін айтады. Мағынасына мән беріп қарасақ, бұл қазақи ұғымға өте жақын, балаға көз тимес үшін оған Итаяқ, Кәрібай, Сабалақ деп елеусіз, нашар ат қоятын қазақтарға түсінікті салт болып көрінеді.

Заратуштраның мекені жайлы Еуропа ғалымдары бірыңғай пікірде: Ол Иран елінде туыпты. Ирандар Қара теңізден – Алтайға, одан Шығыс Түркістанға дейін, Оралдан – бүгінгі Иранға, Орта Азияға дейін жайлаған ел екен. Тіпті сол кезде Ираннан басқа халықтар өмір сүрмегендей. бірақ Заратуштра дінін өз елінде қабылдамағандықтан, Ауғанстан ба, Орта Азия ма, ол жағы анық емес, бір жердегі Виштасп патшаның еліне барып тұрады. Дінді алғашқы қабылдаушылар Виштасп пен оның жұбайы Хутаоса болады.

Авеста жазылып, хатқа түскенге дейін ауызша таралған. Оның қай тілге жататыны жөнінде біраз таласты пікірлер болды. Қазіргі қорытындысы: Шығыс Иран жерінде скиф-сақ тайпаларының тілінде жазылған, оған тәжік тілі де кіреді. Авестаны көшіріп, сол арқылы қосымшалар енгізіп, көптеген елдер таратып әкеткен (Иран, Индия, Әзірбайжан), осыдан ол аталған халықтардың әдеби мұрасы болып есептеледі. Соңғы жылдары Х.Г.Короглының зерттеулерінде Орта Азияға қатысы мол мұра ретінде қарастырылуы қазақ әдебиетінің тарихын зерттеушілер үшін де тың мәселенің бетін аша түссе керек.

Барлығы 21 кітаптан тұратын Авестадан: Ясна, Висперед, Видевдат, Яшна бөлімдері жеткен. Авеста мифтерін Фирдоуси өзінің «Шаһнамасында» пайдаланған. Кітаптың мифологиялық бөлімі алғашқы патшалар Кайумарс, Хушанг, Тахмурас, Жәмшидке арналған. Олар Авестада: Гайа, Мартан, Хошианг, Тахма, Урупай, Иима. Бұл бөлімі барлық халықтарға ортақ мифтерге толы.

Зороастрлықтар от пен суды айырықша қасиеттеген. Бұлақ көзі мен өзендерге дұға оқып, жағасында құрбандық шалған. Олардың қасиетті саны – үштік және жетілік. Суға, отқа ақпен бірге жемістің шырынын құйып, екі түрлі шөптің жапырақтарын тастаған (үштік сан).

Су Құдайы – Апас, Апат деп аталады. Ежелгі аңыздарда қимақтардың Құдайы – өзен, сақ патшасы Тарғытайдың анасы да өзен болатын. Зороастрлықтар отқа да осылай табынып, тамақ пісіргенде оттың үлесін ұмытпай, оған май құйған.

Зороастрлықтар от Құдайын «Атар», батырарын «нар» дейді. Қазақ тіліндегі «таң атар», «күн батар» сөздерімен, қазақтың «нар жігіттер» ұғымымен тамырластығы аңғарылғандай. Қазақта «оттың маздап жануы», отқа табынған Ахура Мазда атымен байланысты болуы мүмкін.



Тағы бір ұқсастығы: кінәлі адамды анықтау үшін, оны екі оттың арасынан өткізген. Осы салттың бар екендігі бүгінге дейін тілімізде: «екі оттың ортасында қалдым» деген фразеологизмнен көрініп тұрған жоқ па?!

Көне замандағы адамдар үшін от пен судың – өмір екені ешбір дәлелді қажет етпейді. Осы жерде М.Бойстың мынадай пікірін еске ала кеткен теріс емес: «Парсылар заростризмді шығыстан қабылдап алып, пайғамбардың (Заратуштра А.Қ.)» ұлы жаңалығына бағынғанымен, осынау империялық халық бұл дінге көп жағдайда елеулі өзгерістер де енгізді (Бойс М., 1988-75). Ежелгі адамдар тіліндегі алғашқы айшықты, бейнелі сөздер аспан денелерінің нышандары от, су болған. ҮІІІ ғасыр ескерткіші «Білге қаған», «Күлтегін» жырында: «Елімді от-су қылмадым», – дейді. Онысы: «Жауластырмай, бірлікте ұстадым», – дегені.

От – қазақтарда күні бүгінге дейін қасиетті нәрсе. Ш.Уәлиханов ол туралы: «От әулие, киелі болып саналады. Ошақтағы отты басуға немесе түкіруге болмайды. Қарғыс ұрады... Жаңа түскен келін, әуелі өз отауына кірмес бұрын, атасының үйіне кіріп, тағзым етуге тиіс, содан соң қалыңдық атасының отына бір қасық май тамызуы керек», – дейді (Уәлиханов Ш., 1985-154).

Әруақтарға арнап иіс қылу салты заростр діні шыққан замандарда бар екенін де көруге болады. Зарострлықтар аруақтарға иіс қылып, олар құрбандықтың иісіне қанағаттанады деп ойлаған. Шөпті қасиеттеп, құрбан шалғанда астына тастаған, оның мағынасы: «өлген жануардың жаны шөпке айналады», – демек. Бұл өзі қазақ қиссаларындағы өлген кісілердің жаны шөпке айналып, жер бетіне қайта шыққанына жақын көрініс («өліп-қайта тірілу» мифі).

Отқа-суға табыну, біздің ойымызша, архаикалық, анимистік пәлсафаға жатады. Өлген кісінің жаны басқа бір затқа немесе аңға, құсқа ауысады, ол адамдардың жолы болу-болмауына, ауыру-жазылуына әсер етеді дейтін ұғымның желісі болуы мүмкін. Тіпті төтемдік сатыға жеткен түрі де болар. Кейбір халықтар ХҮІІ ғасырдың өзінде адамның ғана емес, балтаның да, қазанның да жаны бар деп есептеген (Тайлор Э.Б., 1989-241). Фиджи аралының адамдары ағып жатқан бұлақта ер-әйелдің жаны бар деп білген. «Қорқыт ата кітабында» да судан сұрайды. Судан сұраудың іздері көптеген халықтарда кездесетіндігі осыдан аңғарылса керек. «Шаһнамада» Сияуыштың бір тамшы қаны тамған жерге шөп өсіп шығады. Бұл да «өліп-қайта тірілетін табиғат» жөніндегі миф екені аңғарылады. Табиғаттың өліп-тірілуін адам өміріне айналдырған. Сюжет жасаушы желіге айналған осы миф қазақ дастандарында да бар («Таһир-Зуһра», «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу»). Ғараб құлдың бейітінің басына кара тікен шығады:

Тамам жұрт қайтып кетті жиылысып,  
Тағдырға қылар шара бар ма десіп.

Қабірінің үстіне Зухраның,  
Жасарып пайда болды, ақ гүл өсіп.

Қызыл гүл шықты үстіне Таһир ердің,  
Тілеуін әр пенденің Тәңірім бердің.  
Екі әсем жапырақ шықты екеуіне,  
Қарасаң тамашасын осы жердің.

Құдайым құдіретпен мұндай қылдың,  
Тікенек үстіне шыққан Ғараб құлдың.  
Екі гүл қосылайын дегенінде,  
Түседі арасына екі гүлдің.

Кейбір елдерде адам жанының ағаш өзегіне кіргендігі туралы айтылады (Тайлор Э.Б., 1989-259). Бенгалияда жақсы адамның жаны жеміс ағашына кіреді дейді. Брахмандар шөптің жемісін жегенде, оны тамырымен жұлып алудан сақтанады екен. Өйткені, шөптің тамырында жаман адамның жаны болады, оны жұлып алсаң, шыға салып басқа бір аң, не адамның бәденіне кіреді деп есептелінген. Мұның бәрі жанның жансыз денеге кіруі туралы мифтер тобына жатады.

«Таһир-Зухрада» Таһир мен Зухраның, Ғараб құлдың жаны шөпке кіреді, бірақ әрқайсысының құлық-пиғылына қарай: бірі – ақ, бірі – қызыл, бірі – тікенге айналады. Осыған қарап, аңыз-ертегілерде түлкінің – айлакер, қасқырдың – зұлым, аюдың – аңғал болуы, сол аңдарға жаман-жақсы адамдардың жаны ауысқан деген мифтерден де шыққан болуы мүмкін. Ежелгі адамдардың түсінігінде: о дүниеде мағыналы өмір күтіп тұр. Адамның денесі о дүниеде орналасқанымен, жаны жер бетіндегі адамдарға әсер етеді. Сондықтан, бәле-жаладан аман болу үшін, өлген кісінің артын күту қасиеті борыш деп есептелген. Өліктің жаны қырық күнге дейін тірілермен бірге болып, қырық күннен соң ғана кетеді. Осы уақытта аруақты ренжітпеу – кімге де болса сын.

Зороастрлықтардың түсінігінде адам өлген соң, жаны үш күннің ішінде жер астына, өлілер мекеніне түседі. Олардың тілінде жан – ұрбан, дін қызметкері – Ата ұрбан. Үш күн дұға оқып, иіс қылып, күтінеді. Өлген адамның ол жақта тоқ болуы – артында қалған туған-туыстарының жиі еске алып, Құдайы беруіне байланысты. Бұл міндетті үлкен ұлы атқарады. Әсіресе алғашқы айда мәйіттің жанына жын-шайтан жоламай, қауіпті көпірден (кыл көпір) аман-есен өтіп кетуі үшін, оған күш беру ретінде істеледі. Осы қауіпті айдан соң – екінші рет, бір жылдан соң үшінші рет қан шығарып, құрбан шалады. Содан соң марқұмның ұлдары 30 жыл бойына жыл сайын бір рет еске алып отырады.

Зороастрлықтар «күннен туған ғұндар» секілді (Мағжан), күнге табынған. Авестада:



Сыйлаған бақыт адамға,  
Нұрын төккен ғаламға,  
Жылдамдығы қырандай,  
Күнге дұға оқимын! – дейді («Авеста», 1993).

Зороастр дінінің Құдайы Ахура Мазданың жиырма аты бар:

Ахура Мазда бүй дейді:

О, әулие, Заратуштра,  
Мен шынымды айтайын,  
Бірінші атым – Іздемпаз,  
Екінші атым – Сал-сарбаз

(А.Стеблин – Каменский аудармасында – «Стадный» (Авеста, 1993-16).  
Бұл «бакташы» деген мағына беруді мүмкін).

Үшінші атым – Қаһарман,  
Төртінші атым – Шындық қой,  
Бесінші атым – Береке (Все благое),  
Алтыншы атым – Ақыл ғой,  
Жетінші атым – Білім,  
Сегізінші атым – Ілім,  
Тоғызыншы атым – Ғылым,  
Оныншы атым – Қасиетті,  
Он бірінші атым – Қастерлі,  
Он екінші атым – Ахура (Жаратушы А.К.)  
Он үшінші атым – Күштілік,  
Он төртінші атым – Зиянсыз (Беззлобный),  
Он бесінші атым – Жеңіскер,  
Он алтыншы атым – Көп оқыған (Все считающий –  
«көреген» болуы да мүмкін).

Он жетінші – Көп көрген (Всевидающий - Байқампаз),  
Он сегізінші – Дәрігер (Целитель – Емші болар),  
Он тоғызыншы – Жасампаз,  
Жиырмамыншы атым – Мазда.

Ислам діни бойынша, Алланың тоқсан тоғыз сипаты болса, «Жүсіп»  
қиссасында Жүсіп пайғамбардың он қасиеті бар:

Әуелі – орта бойлы, гауһар көзді,  
Екінші – өзі сұлу, көркем жүзді.  
Үшінші – жетпіс екі тілді білер,  
Сөйлесе балдан тәтті, жұмсақ сөзді.  
Төртінші – шапағатты, инабатты,  
Бесінші – адал жүрек, бек айбатты.



Алтыншы – қырық кісінің жігері бар,  
Бір өзі қырық кісіден хәм қайратты.  
Жетінші – діні таза, зиянатты,  
Сегізінші – залым емес, ойлар хақты.  
Тоғызыншы – пайғамбардың нәсілінен,  
Оныншы – мінезі артық, шапағатты.

Бұдан адамның кемел қасиеттерін санамалап көрсетудің Авестадан үрдіс болғаны аңғарылады.

Ендігі әңгімені Авесталық салт-дәстүрдің бүгінгі қазақ арасына қалай келгендігі жөнінде ойларға бұрайық.

Абайдың әл-Фарабимен, шығыс пәлсафасымен үндестігін зерттеген профессор Ақжан Машанов айтады: «Қазақтың қазыналы тілінің тамыры тереңде, оның бір шеті Американың ежелгі үндіс халықтарының мәдениетінде, екінші жағы Мысыр мәдениетінде гректерді де қосып отыр.

Грекия мен Мысыр мәдениетінің байланысы әл-Фараби өмір сүрген ІХ ғасырдан көп бұрынғы уақыттардан басталады. Біздің заманымыздан бұрынғы 325 жылы Кирдің баласы Камбиздің Мысырды жаулап алған тұсында, әлемге аты әйгілі Пифагор Мысырда оқып жүрген. Платон, Аристотельдер де ғылымды шығыстан алған. Тіпті Рим мифологиясындағы культтердің кейбірі Орта Азия, Египет, Сирияда алынғандығы жөнінде ғасырымыздың басында-ақ айтқан екен (Мифы... 1995-5). Олардың әл-Фарабиге жақын да түсінікті болуы содан шығар. Бұған көне парсы, Кавказ елдері, көне Қытай, үнді, жапон мәдениетімен де ию-кию тамырластықтың жатқанын қоса кеткіміз келеді. Осы тамырластықтың іздері Қорқыт, Оғыз аңыздарында, қазақ қисса-дастандарында сайрап жатыр: «Геродотты түзетудің керегі жоқ, оны тек түсініп оқысаң болғаны», – дегендей-ақ, сол іздерді ажыратып біле алсақ, қазақ мәдениеті тарихының қаншалықты терең екенін көрер едік. Ендігі ұрпақтың құнттап зерттеуін күтетін арналы істердің бір саласы осы болмақ.

Біздің заманымыздан бұрынғы ҮІІ-Ү ғасырларда ежелгі сақтар Ассириямен, Мидиямен, көрші парсылармен тығыз қарым-қатынаста болған. Мидия мен парсылардың мекенінде сақ түріктері де аралас-құралас өмір сүрді. Тіпті, тектес тайпалар болуы мүмкін. Оның бергі жағында ҮІ-Ү ғасырлардағы грек-парсы соғысына сақ тайпалары қатысқан деген де деректер бар. Ү ғасырдың 30-жылдары Македониялық Ескендір Зұлқарнайын бастаған грек әскерлері парсы патшасы Дарий ІІІ-ні талқандап, Орта Азияға да кірді. Самарқанды жаулап, Сырдарияға келді. Осы соғыста Ескендір санынан жараланды. Одан кейінгі тарихқа назар салсақ, қазақ халқының құрамына кірген ғұндардың бір легі ІҮ ғасырда Дон өзенінің жағалауына тоқтап, Ү ғасырда Еуропаға кірді. Заманымыздан бұрынғы 36-жылдары Талас-Шу маңындағы ғұндар мен





Қытай соғысында ғұн жағында Қаңлы, шубандармен бірге жалдамалы Рим әскері болған (Марғұлан Ә., 1985-17).

Тарихи оқиғалардың із-түзсіз жоғалып кетпейтінін ескерсек, қазақ аңыздарында осы байланыстардың бәрінің елесі болуы керек. Осы арада Авестаның әуелі ауызша айту дәуірінен өтіп келіп, жаңа заманның басынан бастап хатқа түсіп, VI-VIII ғасырларда тұтасталғанын еске алайық. Одан кейін де талай рет көшіріліп, Иран, Әзербайжан, Үнді елдеріне тараған, сол арқылы түрлі қосымшалар енгізілген. Жалпы алғанда, Авестаны Орта Азияны, Кавказды, Үнді елдерін мекендеген халықтардың ауызша әдебиетінің жинағы деуге болады (Короглы Х.Г.).

Авестаның XIII ғасырда жазылған бір нұскасында Заратуштра өз Отанынан шығып, Иранға баратын. Өз Отаны Ираннан солтүстік-батыста болған. Яғни, Авеста толығымен бір жерде, бір мезгілде туды деуге болмайды. «Оғыз қаған», «Қорқыт» аңыздары сияқты, уақыттың талай кезеңдерінде жинақталып барып, сол кезеңдерінің бірінде Қорқыт, Оғыз аңыздарымен тоғысуы әбден мүмкін деп ойлаймыз.

Авестада Тұран (Тура), Ұмай ана деректері бар. Ұмай (Гумайа) Заратуштраның үш әйелі мен қызынан кейін айтылатын бір қадірлі ана. Орхон ескерткіштерінде Күлтегін Ұмай текті анадан туған. Қасиетті жер-су түрік ұғымында кейде Ұмай ана кейпінде алынады. Ол - өсіп, өніп, көбею анасы, ошақтың ретіндегі кейуана. Баланың кіндігін кескенде: «Менің қолым емес, Ұмай ананың қолы!» немесе баласын алыс жолға шығарып саларда: «Ұмай енеге тапсырды!» деп жатады. Бұл – моңғолдардың Эруген анасына, Римнің Құдайына, ежелгі үндінің Умасына, Авестадағы Гумайаға ұқсас мифтік бейне.

Тувадағы Ұйық өзенінің бойынан табылған көне түрік жазуында: «Мен жиырма төрт жасымда еліммен, туыстарыммен, қаруыммен және ерлік істеріммен қоштастым. О, қасиетті Ұмай!» О, менің өмір жылдарым! Туыстарым, мен сендерді қалдырдым! – деген жолдар бар (Короглы Х.Г., 1983-113-114). Бұдан Ұмай ана бейнесінің Заратуштра замандарынан – бүгінге дейін жеткен мифтік бейне екенін көреміз. Қазақтың: «От ана, май ана» дегені: «Ұмай ана» екеніне дау болмаса керек. Жер-су бейнесіндегі Ұмай ана – ежелгі анимизмнің айғақтары.

Ангра-Манью адамның жан дүниесіндегі жағымсыз құлықтардың нышаны болса, әділет Құдайы – Ахура Мазда. Ахура Мазданың алғаш жаратқан жері – Даития өзені жағасындағы Айриана Ваего екен. Бұл жерді Авестаның екі ғасыр бойы зерттеген Еуропа ғалымдары Окс пен Яксарты, яғни Әмудария мен Сырдарияның аралығы деп дәлелдеген (Маковельский А.О., 1960-70). Олай болса, Авеста сюжетінің негізгі өзегі мен түпкі төркіні осы маңайда, Тұранда жасалған болуы мүмкін. Содан барып, іргелес туған Қорқыт, Оғыз аңыздарымен тамырласады. Бұл жерде әңгіме Авеста аңыздары Қорқыттан алынды ма, немесе Қорқыт аңыздары Авестаның жалғасы ма деген талас тумайды. Осы аңыздардың түп негізі бір болуы мүмкін деген ойды таратпақшымыз.

Мысалы, Қорқыттың өліммен күресін алайық. Қорқыт сияқты өліммен күрескен Тұран патшасы Алып-Ер Тұңға (Аврасияб) да бар. Осы Тұран ойшылдарының өліммен күресіндегі бастапқы қайнар көзіндегі мифтер Авеста заманындағы адамдардың есінде қалған. Ықылым замандардағы күш пен әлсіздік, содан соң зорлық пен әділет, яғни сананың өсуімен бірге абстракцияға ұласқан ақ пен қара ұғымының ірілену сағысы байқалады.

Қорқыт аңызының түп негізінде өліммен күрес жатыр. «Гильгамештің» де айтары осы екені мәлім. Ол өзі исламның жөн-жоралғыларына қайшы, Тәңір дініне жақынырақ ерекше сюжет екені байқалады. Біздің ойымызша Қорқыт аңыздарында Қорқыттың өмір сүрген уақытынан да тым ертедегі Авестамен ұштасқан дүниетаным елестері бар. Авестада Заратуштра жаратушы ие Ахура Маздадан әлемнің жаралуы, әділет пен жауыздық қайдан пайда болғандығы жайында сұрағанда, Ахура Мазда бүкіл жаратылыстың бірлігі мен қайшылығы екі принципке негізделетінін түсіндіреді. Ол – өмір мен өлім, жарық пен түнек.

Авеста адамдарының түсінігінде Жер мен Су – Аспан атаның әйелдері де, От – ұлы. Яғни, қазақтағы жер-су – Ана. Авестаның 72 тараудан тұратын («Һа» деп аталады) екінші кітабының жиырмамыншысында Заратуштра судан жердің шөлін қандыруды сұрайды. Қорқыт аңыздарында жоғалған кісінің дерегін өзен-судан сұрауы, сумен тірі адамдай тілдесіп, «ренжісең де қарама», – деуі – оны адам, ана кейпінде ұғынудан. Авестада да өзен-суды қасиет тұтып, оны адам сияқты, қуаныш-реніші, тілек-өкпесі бар жанды нәрсе деп түсінгені көрінеді:

Қасиетті бұл өзенге,  
Не десең де сыяды.  
Толқыны тау боп ағады,  
Осы өзенге сыйынсаң,  
Алдыңнан нұр жауады.

Сөйтіп, «Қорқыт атадағы» сияқты су құдайы Ардвиг-Сураға табынады.

«Қорқыт ата кітабында» әйелдің төрт түрі бар екенін сипаттап, жақсысын сынап, жаманын мінеп, әдімілеп суреттейтін жері басқа аңыздардың сюжет желісінен бөлек, өзінше тұрады. Мұның да дәстүрлі ізі Авестада бар. «Висперед» деп аталатын үшінші кітаптың 4-бөлігі әйелдің қасиеттерін сипаттайды.

Қазақ аңыздарында, діни сюжеттерде көп әңгіме болатын Нұх пайғамбар оқиғасының бастапқы дәні діннен де бұрынғы замандарда болса керек. Дінді сенім ретінде ғана емес, бір Құдайды мойындау ретінде қарайтын болсақ, бұл – одан бұрынғы оқиғалар. Авестадағы алғашқы адам Иимаға жаратушы Ахура Мазда алда суық апаттың келе жатқанын хабарлайды. Содан соң Иима жабық тұрақ салып, жұп-жұптан адам, жан-жануардан алады. Бұл оқиға ислам кітаптарында «топан су» апаты болып айтылады («Қисас-ул-әнбия»). Кейін мақтанып, аспансыған Иима жанын



сайтанға сатқан араб ханзадасының тұтқынына түседі – күнәсі үшін жұмақтан қуылады. Ол 716 жыл өмір сүреді. Иима Авестадан да бұрын туған эпос қаһарманы болса (Маковельский А.О.), қазақтағы осымен қатысты аңыздардың (Қазығұрттың басында кеме қалған) бүгінгі күннен үш жарым мың жылдан бұрынғы туындылар екеніне көз жеткіземіз.

Бүкіл «Оғыз қаған» жырына қатысты аңыздардың бастауы өгіз төтемінде екенін кезінде Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев айтқан еді. Авеста бойынша алғашқы адам Ииманың кезінде өгіздің, сиырдың етін жемесе керек, қасиетті деп есептелген. Өйткені, жер бетіндегі бірінші қолға үйретілген аң – өгіз. Бұдан өгіздің Авеста заманынан бұрын да төтем екенін көреміз. Бұл салт Авестаны тудырған елдермен тығыз байланыста болған Үнді елінде әлі күнге дейін сақталып келе жатқаны мәлім.

Ал қазақтағы өгіз төтемі эпос, аңыздарда кездеседі. Профессор Ақжан Машанов өгіз төтемі он екі мүшел жыл санауының басы бүгінгідей тышқан емес, сиыр болған б.д.д. 5000 жылдықтар шамасында да еді деген пікір айтады (Машанов А., 1994-105).

Бір қызығы, заман ақыр болғанда, өлген адам түгел тіріледі, жақсы-жаман қылығы таразыға салынады, оны тексеретін Ахура Мазда делінеді. Бұдан Авестаның көне ислами жоралғылармен тамырлас екені аңғарылады.

Қазақ мифтерінің тұрақты бейнелерінің бірі – дию, мыстан кемпір мен сиқыршылар да Авеста заманында бар. Авестадағы Вэртрагна:

Талқандап жауды жеңемін,  
Мыстан кемпір, сиқыршы,  
Көзбайлағыш – бәрінде,  
Дірілдеткен мен едім, – дейді.

«Шаһнаманың» алғашқы бөлігіндегі Иранның жауы – диюлар болса, диюларды орманға қуып тыққаннан соңғы қақтығыстар Тұранмен екі арада өтетін. «Шаһнама» оқиғаларының жартысынан Тұранға, оның Иранмен қарым-қатынасын суретеуге арналған. Әсіресе, YI-YII ғасырлардағы тарихи оқиғалардан, түркі қағанатының кейбір жағдайларынан деректік материалдар ұшырасады.

Ежелгі адамдардың өміріндегі ең қасиетті нәрсе – от және үлкен от – Күн. От пен Күнге табынуды кейінгі адамзат ұрпағы Зороастр дінінен ауысып алды деуге болмас, өйткені, ол тарих бетіндегі барлық құбылыстарға, өмір мен өлім арпалысы мен күн көріс тіршілігіндегі шешудің тетігі – отты қастерлемейтін ел кездесе қоймас. Шығып келе жатқан күнге ғұндар да табынған ғой.

Исламда от пен нұрдан періштелер жаратылған. Алла Тағалаға жақын жүретін төрт періште: Мұхаммед салла-л-лаһу ғалейһи уас саламға Аллаһ Тағаланың сәлемін жеткізуші Жебірейіл періште, бүкіл ғаламды бақылаушы Мекайыл періште, қиямет күнінің келгенін хабарлайтын

Ысрафил періште, жан алатын Өзірейіл періштелер оттан жаралған болатын.

Қазақ аңыз-жырларында көп айтылатын желі – қасиетті жер-су, жанға жайлы мекен. Бұл – Авестадағы мифтік Отан – Айриана Ваего, яғни Окс пен Яксартының аралығы (Әмудария мен Сырдария). Қазақтың жер үйегінің де – Ваего еместігіне кім кепіл?! Қорқыт аңыздарында – Қорқыт, одан Асан ата желмаяға мініп, елге жайлы жер іздейді. Бұл – кейінгі қазақ жырауларына алтын арқау болған негізгі сарындардың бірі.

Қорыта келе айтарымыз, қазақ мифологиясы – ежелгі Тұран, Иран, Үнді, Араб, грек мифтерімен байланыстағы бай дүниелердің бірі. Оны жан-жақты зерттеу арқылы қазақ дүниетанымының қалыптасу жолдарын, түріктік әдеби-мәдени үрдістерді терең ажыратуға болады. Оның көне қайнарларының негізгі бірі бастау-бұлақтарында Авеста тұр. Авеста түсініктері, дүние-жаратылыс туралы ұғымдары, өлім-өмір елестері бүгінгі салт-санамызға, аңыз-мифтерде, ежелгі әдеби ескерткіштерде, қисса-дастандарда да молынан сақталған деуге болады.

Мифтік желілер мен бейнелер: «Қасиетті мекен».

Ирамбақ, Сарандил, Шын-Машын т.б. Осының ішіндегі Ирамбақ. Мифтік мекен бе, болмаса бастапқыда аңыз түрінде айтылып, кейін көмескілене келе мифке айналған ба? Әлде қиялдан көптеген оқиғалар қосылған тарихи мекендік эпсана ма?

«Әңгімеде баяндалып отырған оқиға неғұрлым қашық, яғни өте ертеде болса, соғұрлым ол әңгіме-аңыздан гөрі эпсана-хикаятқа жақындай түседі. Онда алғашқы оқиға көмескіленіп, оның сұлбасы ғана сақталады, әйтпесе, тіпті, ұмытылып кетуі де мүмкін». Сонымен қатар бір замандарда бөлініп, ыдырап кеткен халықтарының көне аңыздары да ұқсас болуы мүмкін (Қасқабасов С., 1984-127).

Ирамбақ – қисса-дастандарда таңғажайып, жұмбақ жер, сұлу қыздар мен перілер мекені, жанға жайлы ерекше өлке болып келеді. О дүниедегі жұмақтың төрі – жаннат болса, жер бетіндегі жаннат – Ирамбағы деп есептелінеді:

Бір сарай сонда патша салдырады,  
Әр жерден ұста болса, алдырады.  
Кіріпшіткің бірі – алтын, бірі – күміс,  
Көргенді таң-тамаша қалдырады.

Гауһардан әр жеріне шеге қақты,  
Орнатты тамаша ғып алтын тақты.  
Қырық кездей шарбағы саф алтыннан,  
Қылады бейне жұмақ бұл шарбақты.  
(Көпеев М. «Гүлшат – Шеризат»).

Немесе:



Сайраны Ирамбақтай шарбағы бар,  
Нөкері жүз сегіз қыз айтсаң жайын (Тәңірбергенов Ә.  
«Зияда – Шаһмұрат»).

Ирамбақтың орналасқан жерін ХІХ ғасырдағы Әзірбайжан ойшылы К.Бакиханов өзінің «Бағи Ирам» деп аталатын еңбегінде Кавказ жері еді деп көрсетеді (Бакиханов А.К., 1983-133). Оның себебі, Табасаран өлкесіндегі сегіз ауыл ежелгі парсылар мекені, оны христиан заманындағы YI ғасырда Ануширван Хұсрау көшіріп әкелгендігін айтады. Басқадай түсініктеме бермейді.

Ал, М.Б.Пиотровский Солтүстік Хиджазда II-III ғасырларда Ар-Рамм (Ирам) деген жерде Рим-набатей храмы болғанын айтады. Оның қираған орындары Меккеден алыс емес көрінеді. Ирамды Құран түсіндірмелерінде асыл тастармен безендірілген, бірақ көзге көрінбейтін ертегілердегідей өлі қала ретінде суреттейтін болған (Пиотровский М.Б., 1991-61). Бағи Ирамның алғашқы атауы мен бейнесі жоғарыда айтылған тарихи орынға байланысты шығып, кейін мифтік мекенге айналған деген ойдамыз.

«Сейфүлмәлікте» Ирамбақ Сарандил деген елге жақын орналасады. Пері қызына ғашық болған Сейфүлмәлік Ирамбақты білетін кісінің Қатина шаһарында екенін есітеді. Оған барар жолда белгісіз бір теңіз жағасынан бау-шарбақ елі көрінеді. Ол Сарандил болып шығады:

Көреді майдан жерді ол арадан,  
Қарайды тамаша етіп бағы-шарбақ,  
Шаһзада мұны көріп қайран қалған («Сейфүлмәлік».  
Ғашық наме. 1978-107).

Бәдіғұлжамал Сарандил патшаның қызы Мәликемен дос, емшектес екен («Бағ Ирам мен Сарандил қос бұлбұлы»).

Тамам пері көтеріп шаһзаданы,  
Түсірді Ирамбаққа құрмет етіп, – дейді.

Ирамбақ перілері тағымен бірге патша т.б. адамдарды көтеріп, алып ұшып, Мысырға тез алып келеді. Қай бағыттан, қалай келгені айтылмайды:

Айласы жын-перілер сондай күшті,  
Тақтымен патшаларды алып ұшты.  
Жауһар мен алтын-күміс, қанша гауһар,  
Мысырға кешікпей-ақ, келіп түсті  
(Ғашық наме. 1976-172).

Ислам мифтерін қарастыра келе, Ирамбақ – о дүниелік жаннаттың жер бетіндегі баламасы ма деген ойға келеміз. «Джанна» араб тілінде бақ деген мағынаны беретіні мәлім. Жаннат бағы туралы Құранның бірнеше сүресінде айтылады екен.

М.Б.Пиотровскийдің айтуынша, жаннат көне шығыстың «рахат елі» туралы идеясын жалғастырады (Мифологический... 1991-184). Құран араб елдерінде туғандықтан, шөлде өмір сүрген адамдардың бақ бейнесін аңсауынан шыққан да болуын айтады.

Кейінгі эпостық жырларда да Ирамбақтың идеясы сақталған. Мысалы, Қарақалпақтың «Қырық қызындағы» Гүләйімнің тұратын жері «Миуалы» деп аталады:

«Миуалы» атау бақ болды,  
Жайнаған гүлдер ашылды.  
Ішінде бұлбұл сайрады.  
Миуалар пісіп жайнады.

Біздің ойымызша, «рахат ел» идеясы Құран туған уақыттарға дейін де болғанын ескерсек, мұның өзі адамзаттың ең көнеден тартылған мифтерінен жалғасып келген арна екенін аңғарамыз, кейін «рахат ел» мифі «қайырымды ел» идеясына айналған деген ойдамыз. Жұмбақ – христиан иконографиясында, сонымен бірге, әдеби, фольклорлық дәстүр түрінде үш түрлі бейнеде беріледі: Жұмақ – бақ, жұмақ – қала, жұмақ – көк. Осы бейнелердің жер бетіндегі әртүрлі нұсқалары – Ирамбақ, қайырымды қала болуы да әбден мүмкін.

Адамдар үшін жанға жайлы мекеннің шағын мифтік үлгісі Авестадағы алғашқы адам Ииманың үйі болуы мүмін. Онда Ахура Мазда Құдай Иимаға алдағы болатын апатты хабарлайды. Онда жан-жануар, шөп, азық, адам – бәрі алынады. Оттың жылуымен, бір-біріне деген мейіріммен жылынып, жақсы өмір кешеді. Жағымсыз әрекет, жамандық істемейді. Жер бетін топан су алғанда, Ииманың ғажайып үйіне ешбір қауіп-қатер келмейді.

Мұсылман мифтерінде Ииманың орнына Нұх пайғамбар алынады. Қиссаларда («Қисас-ул-әнбия») топан су оқиғасы Нұхпен байланысты айтылады. Онда Нұх кемесінің ішін, оның жанға жайлылығын суреттеуге көп көңіл бөліп жатпайды. Онда негізгі екі нәрсе баса көрсетіледі. Нұхтың кемесі – Алланың бар екендігін мойындағандардың мекені және оларға қастандық жасаушы тышқан мен жылан оқиғасы.

Ииманың оқиғасы Фирдаусидің «Шаһнамасында» Жәмшидтің айналасында құрылады. «Жанға жайлы қасиетті мекен» идеясы ежелгі мифтерден Платонның (б.д.д. 421 ж.) Атлантидасына ауысқан болуы да мүмкін. Атлантида мифі «Тимей», «Критий» деп аталатын екі диалогында сипатталған.

Негізінде Атлантида мекенін Платон өзі ғалым, өзі саясаткер адам



ретінде ойдан шығарып, оған өзіндік көзқарасын кіргізген екен. Тіпті, Сицилия төңірегінде осындай жайлы мекен жасап та көрмек болыпты. Атлантида – ойшыл Платонның жағрапиялық, экономикалық, саяси білімдерінің өзі арман еткен кемел мемлекет құру идеясына біріккен жиынтығы көрінеді.

Платонның қиялынан туған «Атлантидасында» билеушілер байлық пен алтынды құндылық ретінде бағаламайды. Осы ойлар Платонның «Пир» атты шығармасында бар. Апполодор деген кейіпкер байлар туралы: «Сіздер мені бақытсыз деп ойлайтын шығарсыздар, бұлай болуы мүмкін, бірақ сіздердің бақытсыз жандар екендіктеріңіз мүмкін ғана емес, анық», – дейді. Ойшылдың суреттеуіндегі кемел мемлекеттің сипаты мынадай:

«...Атлантиданың әкімдері заңға қатал бағынған. Құдайдың көмегімен ағайын-туыстары тату өмір сүрген. Адамдары шындық пен ұлы ойларға қызмет етеді, тағдырдың салғанын сабырмен қарсы алып, бір-бірімен кішпейіл қарым-қатынаста болды, қайырымдылықтан басқадан жиіркенетін еді, байлыққа құндылық деп қарамады. Алтын мен басқадай жылтырақты бекершілік деп есептеді. Олардың байлықтан басы айналмады, дүниеге мастанбады...» (Платон., 1971).

Сондай-ақ, Платон Атлантидасының сән-салтанаты Ирамбақтан айнымайды:

«Құдай үйінің (храм) бүкіл сыртқы бетін күмістен, тіреулерін алтыннан соққан. Үйдің іші піл сүйегінен жасалған, төбесі көздің жауын алады, алтын-күміспен апталған; Ал үйдің қабырғалары мен едендері түгелдей орхиталхтан; Онда алтындалған мүсіндер тұр; Алты қанатты пыраққа жегілген арба үстіндегі Құдай, оның айналасында дельфиндерге мінген жүз Нераид, тағы жекелеген кісілер сыйлаған көптеген мүсіндер тұр...» (Сонда).

Атлантида қаласы, шын мәнінде болмаған. Мұндай атау Герадоттың замандасы Гелланикте кездескен екен. Платон ойшыл Атлантида идеясын «Мемлекет» атты еңбегінде жалғастырған.

Кемел мемлекет ойын Баласағұни да қолдаған. «Құтты біліктегі» мемлекеттің әрбір мүшесі, оның құрылымы ізгі елді елестетеді. Тіпті, сюжеттің диалог арқылы өрбуі, кейіпкерлердің даналық ойлары Платонның «Пирін» еске түсіріп-ақ тұр. Сондықтан, Баласағұниді Платоннан бөліп қарамағанымыз жөн. «Құтты білікте»:

Құт дарыды, өсті халық өрісі,  
Бірге жусап, өрді қозы, бөрісі, –

десе, «Орхон ескерткіштерінде»:

Кедейді бай қылдым,  
Азды көп қылдым, –

деп Білге мен Күлтегіндердің елді кемелдендіргендерін жазады.



Баласағұни «Құтті білікте» әділетті, құтты мемлекеттің үлгісін жасаған. Құт-берекелі елдің патшасы мен уәзірі, бітігшісі мен қазынашысы, көпесі мен саудагері, ақыны мен ары, ұлы мен қызы, адамы қандай болмақ? Осы сұраудың жауабын түгел жүйелеп берген. Платонның Атлантидасы, әл-Фарабидің қайырлы қаласы, Баласағұнның құтты мемлекеті, Фирдоусидің Сияуышқаласы, Низамидің әділетті елі, Асан қайғының жер үйегінен – Сұлтанмахмұттың әділетті қоғамына дейінгі жалғастықтар жүйесі танымдық-ахлақтық, әдеби-мәдени таным тұрғысында зертелуі тиіс мәселелердің бірі деген ойдамыз.

Түріктердің алғашқы төтемдік иесі – жайлы қонысы Ұлы өзен, яғни Ордостағы Сары өзен де, Алтайға барып қоныстанғаннан кейін шығу тегі Көк бөрі деуге болады. Сары өзен (Хуанхэ) мен Сары жазық (Ордос) туралы мифтер де тікелей түрік тарихынан шыққан деуге болады (Жұртбаев Т., 1994).

«Күлтегін» жырында қасиетті жер-су ұғымы тиянақталып айтылады. Түріктердің шығысы Хинганнан – Арал теңізіне дейін, одан Ордосқа (Жұртбаев Т. «Өртөс» дейді) дейін созылып жатқан байтақ елді біріктіргені туралы айта келіп, қасиетті (ыдұқ) жер-суын ерекше атайды. Ол - Өтүкен жайлауы:

О, қасиетті Өтүкен қойнауының халқы,  
Біресе ілгері шаптың,  
Біресе кері шаптың,  
Барған жерде не пайда таптың? – дей келіп, «Өтүкен жерінде отырсаң, дүниенің көп, қайғың жоқ болады», – дейді (Тюркологический... 1981-70).

Мифтерден адам баласының дүниетанымы, түсінігі, дүниенің тұтастығын, шексіздігін, мәңгілігін түйсінуі аңғарылады. Қазақ халқының табиғат туралы таным-түсінігі аңыздарда, өзін қоршаған тұрмыс бұйымдарында, жазу-сызуларында көрінеді. Әлемдегі өз орнын бағдарлауы «әлем мен мен» пәлсафасы мифтерден орын алған. Адамдар уақыт өте келе құпия сырларын жете танып, қажетті деңгейде толық меңгерген.

Кешегі кеңестік идеология әдебиетінің тарихын тәрік еткені өз алдына, мифтерге діни қиял, жалған қиял-ертегі деген нигилистік көзқараспен қарады. «Әлемді көк өгіз көтеріп тұр деген халықтық тұжырымға күле қарайтын кез келді. Шындығына көз жіберсек, әлемді көк су көтеріп тұрғаны рас еді. «Өгіз», «өлең» деп баяғы қазақтар суды айтқан. Екі өгіз аталатын өзендер бар. Тіпті, Сырдарияның көне атауы – Окс (грек жазбаларында), «өгіз» деген сөз. Окстың өгізбен байланысын мына аңыздан да көруге болады:

«Ерте замандарда жер бетінде су болмай қалыпты. Шөлдеген өгіз





тұяғымен жерді қаза бастайды. Сол қазған жерден су шығыпты» (Казахский фольклор... 1972-52).

Кей зерттеушілердің айтуынша, түріктердің жер-суды қасиеттеуі Көк бөрі асыраған баладан туған ұрпақтарының оқиғасына байланысты. «Олар жарық дүниеге қаптаған қалың жаудың ортасында келді. Шыр етіп түскен сәбиді жұмсақ алақанына салған жерден басқа досы жоқ еді. Осыдан бастап жер-суды сакрализациялау туды» (Орынбеков М., 1994-194).

Біздің ойымызша, жер-су культы Көк бөрі заманынан көп әріде, заманымызға дейінгі ғасырлар тереңінен басталады. Оған уәждің біреуі – Авестадағы наным-түсініктер. Ол жайында қазақ мифтерінің Авестамен тамырластығы туралы түсініктер бөлімінде айтып өткенбіз.

Әл-Фараби ойшылдың «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» атты трактаты да Атлантида идеясымен байланысты деген ойдамыз. Ол еңбек кезінде Томас Мордың «Утопиясына» негіз болған. Бұл шығармалардағы қала – мемлекет ретінде алынған. Әңгіме ізгілікті мемлекеттегі қарым-қатынастың жай-жапсары, ахылақ (этика), қоғамдық-әлеуметтік мәселелер төңірегінде болады.

Ең жетілген, адам армандағандай ел қандай болмақ? Ондай бақытты елдің әкімі кісілікті, әділетті, инабатты, батыл, жомарт, өнерді сүйеді. Әкімі – қайырымды, халқы – бақытты, ымырашыл. Әл-Фараби бұл шығармасын мамыражай, құт-берекелі елді аңсаумен жазған. Әл-Фарабидің осы арман қаласы өзінен кейінгі шығыс-батыс ойшылдарына ойтүрткі болған. Оның іздері Фирдоусиден – Томас Мор, біздің Сұлтанмахмұтқа дейін жалғасты.

Фирдоусидегі Сияуышқала – осы арман қаласы еді. Сияуыш – бейбіт, бақытты өмір үшін күресуші адам. Оның арманы:

Соғыс болмай, жалғыз аяқ жолменен,  
Елік, барыс қатар тұрып су ішер.  
(Не будет войн, и общей тропой  
Олень и барс придут на водопой).

*Аударған А.Қ.*

Сияуыш адамдарды бақыты ету үшін екі қала салдырады: Сияуышқала және Гангидж. Қиялдағы осы екі қаланың сипаты мынадай:

Әлемді қанша кезсең, қанша көрсең,  
Гангидждей таппасаң қаланы артық.  
(Весь мир пройдешь, на землю поглядишь,  
Всех превосходит красотой Гангидж).  
Онда ыстығың ыстық емес, суығың суық емес,

Ол – бақыт қаласы, береке қаласы.  
(Ни зноен зной, нихолоден там холод,  
То счастье город, изобилья город).

Шығыс ойшылдары Низами мен Жәми де Ескендірдің бір бақытты қалаға келуін, ондағы идеал қоғамды суреттейді:

Әл-Фараби, Низами, Жәми ойларымен таныс, шығыс-батыс мәдениетінен сусындап өскен қазақ ойшылы Сұлтанмахмұт «Адасқан өмір» поэмасында өзінің қайырлы қоғамын жазады.

Ол өмірде бірді-біреу алдау болмас,  
Жағынып арды ақшаға жалдау болмас.  
Ешкімнен достық таппай, қастық көріп,  
Бар адамды сайтан деп қарғау болмас.  
Қара күшпен жеңіліп, қайғы басып,  
Өлгісі кеп өмірден зарлау болмас.  
Адамдағы жан, қуат, тапқыш талант.  
Гүл шашпай, жеміс бермей қалмау болмас.  
Әркімнің қандай іске таланты бар,  
Өмірін, күшін соған салмау болмас.  
Жаратылыстан керегін әрбір адам,  
Еңбегімен алуға бармау болмас.  
Хакіммін, Құдайшылмын, әскермін деп,  
Еңбексіз, еңбекшілді жалмау болмас.

Сұлтанмахмұттың терең философиялық осы сөздерін кешегі кеңес дәуірінде: «Ақынның бұл айтып отырғаны – советтік қоғам» деуге мәжбүр еткен. Себебі, олай демесе Сұлтанмахмұт қазақ әдебиет тарихынан өшпек еді. Ал, шындығында, Сұлтанмахмұттың суреттеп отырған қоғамы шығыс ойшылдарынан, еуропа пәлсафасынан қуат алған адами көзқарастардан туған арман болатын.

Адам – адам болғалы бақытты өмір, бақытқа кенелетін қасиетті жер іздеген. Тіпті, қисса-дастандар идеясы да осыған саяды. Ақша билеген қоғамнан тыс өмір сүретіндіктен, адамдық қасиеттеріне кір жұқпаған Мұңлық-Зарлық пен Робинзон Крузо тағдырлары да ұқсас.

Утопиялық мекен жайды айтқанда, оны іздеген Қорқыт ата, Асан қайғыны еске аламыз. Жиделі Байсынды қазақ аңыздарында басқа да жыраулар мен батыр, билер іздеген. Оны Мәшһүр Жүсіп былай деп көрсетеді: «...біз білгенде, Жиделібайсын атына қызығып, Асан қайғы барған. Анан соңыратын Қазтуған барған. Орақ-Мамай барған. Телағыс барған. Тама Шора батыр, кіші жүзден шыққан әз Едіге барған.



Жиделі – өз аты, Байсын – тау аты. Тау болғанда, тамаша тау. Ел қай жерінде, мал қай жерінде жүргенін жан білмейді. Ел-жұртының көбі – қазақ. Байсын қоңырат атанады. Шаһарлары – Балық (Балх. А.Қ.) – Бадақшан. Құндыз-талқан атанған жерлері болады. Қырғыз – Лақайдың Лақайы – Құндыз талқанда, елін ақсақалдар билейді» (Көпеев М., 1992-75).

Бұған қарағанда, Жиделі-Байсын аңызы – «жұмақ жер» мифтерімен тоғысқан деуге болады. Жиделі Байсынды сөз еткенде, әңгіме сол жердің тарихи орнында емес, «жер жұмағы» ұғымындағы мифтік мекен екендігінде.

Қисса-дастандар ішінде «Сейфүлмәлікте» жазира арал атты мекен бар. Оның сән-салтанаты Атлантиданы еске түсіреді.

Жолықты бір жазира және тағы,  
Кең арал, мұхит-теңіз екі жағы.  
Ғажайып зифа, харам бір жазира,  
Адамның бастарындай жеміс бағы.

Түн болса ағаштары шұғыла ұрар,  
Мың түрлі жарқ-жүрк етіп әуез қылар.  
Кей дауыс қаһ-қаһ күліп, кейбірі ұлып,  
Ғажайып неше түрлі дауыс қылар.

(Ғашық наме. 1976-115).

Платонның Атлантидасы қиссаларда «жазира арал», «ирамбақ», «тамаша бау-бақша», «алтын сарай» бейнелеріне айналып, түрлі трансформацияланған секілді.

«Еренғайып шаһ Ғаббаста»:  
Үйінде сексен панар жанып тұрған,  
Жібек атлас үйіне жайып қойған,  
Айнала оның іші толған жақұт,  
Отырдым бір тақытта даяр тұрған.  
Құрметтеп неше түрі тағам қойды,  
Отыз қыз, отыз жігіт бастап тойды.  
Бұлбұлы, сандуғашы сайрап тұрған,  
Мың есе бұрыңғыдан желпиді ойды!

(Ғашық наме. 1976-343).

Сондай-ақ, Систан жері де Өтүкен сияқты, қасиетті жер-су ұғымын беретіндігі байқалады. Систан, Х.Г.Короглының дәлелдеуінше, Орта Азиядағы сақ-скифтер мекендеген жер. Систан батырлары ежелгі парсы аңыздарында Зоухақ атты жылан патшадан жеңіліп, Орта Азияға қашып

барған Жәмшид ұрпақтарынан тарайды. Жәмшидтен – Тұр, одан – Шидас, Тұрақ, Шам, Нариман, Сам, Зал, Рұстам. Мысалы:

Болады асылым – Иран, жайым – сыстан,  
Оғына бабам Кіршаш тау-тас ұшқан.  
Нариман – туған атым, өзі түгіл,  
Бармаған маңайына қорқып дұшпан.

Біздің ойымызша, Абайдың Ескендірінің жолыққан қақпасы ескі мифтерден жеткен жұмақ есігі болса керк дейміз. Жұмаққа кіру үшін, әуелі, «кұлқының мен құлығына ие бол!» деген ой айтылады.

Қорыта келе айтарымыз, Ирамбақты ақындардың «жазира арал» деуі тегін болмаса керек, ол жоғарыда сипатталып өткен «жер жұмағы» мифтерінен шыққан дейміз. «Қайырлы қала», «рахат ел» идеясы біздің дәуірімізде Индияда Ауробиндо пәлсафасына ұласқан (Рерих С., 1989). Ауробиндо ауылы да бар. Ол ауылға мүше болып кіру үшін әуелі үш ай, одан соң бір жыл сынақтан өтеді. Мал-мүлік, дүниеге қызықпайтын, тек өз еңбегімен күн көріп, артық киім кимей, қанағатпен өмір сүруді мойындаған адам ғана ол ауылда өмір сүре алады. Бай-кедейлік, мансап қуу, атакқұмарлық деген жағымсыз қылықтардан тыйылған, тек адал тіршілік қылған иманды кісі мәңгілік бақытқа кенелмек.

Қасиетті мекеннің тағы бір көрінісі – Шын-Машын. Бұл жер нақты жағрапиялық атаудан гөрі, мифке ұласқан. Қисса-дастандарда, жалпы Орта ғасыр ескерткіштерінде жиі кездесетін мекен. Махмұт Қашқаридің «Түрік сөздігінің» жинағында «шын» деп Қытайды, ал «Машын» деп тауғашты көрсетеді: «Тауғаш – Машын елі». Бұл мемлекет – Шыннан төрт айлық жер. Шын мемлекеті негізінен, мынадай үшке бөлінеді:

1. Жоғары Шын – Шығысқа орналасқан тауғаш.
2. Орталық Шын – Қытай.
3. Төменгі Шын – Бархан. Бұлар Қашқарда. Бірақ қазір тауғаштар – Машын, Қытайлар – Шын деп аталып жүр. Тауғаш – түріктердің бір бөлігі» (Түбі бір... 1993-22).

Ғылыми еңбектерде Шын-Машын, кейде Қытай мен Византия деп аталып жүр. Машын – кейде Индонезия, кейде Үндістан да болып, алғашқы дерегі көмескіленген сияқты.

Қазақтың жыл санауында мешін жылы бар. «Мешін» деп маймылды атаса керек. Шын-Машындағы «машын» - мешіндер елі, яғни маймылдар елі. Зерттеуші М.Исқақов, мешін – маймыл емес, «азған адамдар», яғни қар адамы, орман адамы деген пікірді айтады (Исқақов М., 1980-272). Оған сақай мен сәменгілерді де (ергежейлі) жатқызады. Қиссаларда ол бір орманы бар, ғажайып оқиғалар өтетін мифтік өлкеге айналған.



Шын-Машын – бүкіл дүние, бар әлем деген ұғымды береді. Ирамбақ, Сарандил, Шын-Машынның бір шығарманың ішінде аралас келуі оқиғаның таңғажайыптығын, белгісіздігін, алыстығын еселей көрсету, әмірлеу мақсатынан туады.

«Нұрдан жаралу». «Оғыз қаған жырында» Оғыз Тәңірге жалбарынып отырса, көктен бір жарық нұр түседі. Онда маңдайында алтын қазықтай меңі бар (Темірқазық. А.Қ.) қыз отыр екен. Оғыз қағанның осы бірінші жұбайы Нұрсұлу немесе Күнсұлу нұрдан жаралған еді. Қазақтың «Дың сұлу», «Домбауыл» аңыздарындағы сұлу қыздар күн нұрынан жүкті болады.

«Нұрдан жаралу» желісі шығыс сюжетіне құрылған қисса-дастандарда да кездеседі. Көбіне Ирамбақ қыздарының кейпіне қатысты айтылады. Мысалы, Мәшһүр Жүсіптің «Гүлшат-Шеризат» қиссасында Нұр – інжу-маржан түрінде келеді. Онда жеті жұртқа патша болған Парақзат елден-ерек түс көреді. Айбаты күнбатысты қаптаған аждаһаға қарсы інжу-маржан шығады:

Ешбір жан оған қарсы бара алмады,  
Қолына қару-сайман ала алмады.  
Бір інжу-маржан сонда көктен түсіп,  
Алдына аждаһаның аяңдады.

Бұл жердегі көктен түскен інжу-маржанның шешуі:

Дегенін інжу-маржан көктен түскен,  
Бір сұлу ақылы кемел болар қызың.

Осы ежелгі мифтердегі «нұрдан жаралу» желісі адамзаттың жабайылық санасынан емес, даналық санасынан туған болуы керек. Шығыс пәлсафасы бойынша, ғалам нұрдан жаралған. Әл-Фараби: «Бүкіл дүние ғаламы басында бір шапаты ауданда болған нұр сәуле – жарық сәуледен жаралған», – дейді (Машанов А., 1994-60). Қазір өте дәл электрондық өлшеулер арқылы, алғаш дүние жаралғанда пайда болған нұр сәуленің қалдығы табылыпты. Сол қалдық сәуле, шығыс ұғымында, «әлімсақ» (әлімсақ). Қиссадағы нұр желісі әуел басында, «әлем күннен жаралды» дейтін ұғымның бөлшектенуінен пайда болса керек. Жалпы тарихи тұлғалардың өміріне құпиялылық, ерекшелік беру мақсатында, олардың ана құрсағына нұрдан дарығаны туралы аңыздар айтылып, жазылып жүр. Мысалы, Заратуштра, Будда, Иса пайғамбар мен Мұхаммед пайғамбар да нұрдан жаралған.

Нұрға байланысты аңыз Шыңғысхан әулетінен туып, өсіп-өнуі жөнінен де айтылады:

«Баяғы заманда бір хан өмір сүріпті. Оның жалғыз қызы болыпты. Қызын еркек кіндік көрмесін деп елден ерек ұстапты. Қыз бойжетеді. Күннен басқа ешкімді көрмеген қыздың бойында нұрдан бала бітеді. Ол бала Шыңғысхан (Шын-қыз-хан) атанады» (Казахский фольклор... 1972-65).

Тағы бір аңызда Шыңғысханның әкесі Дүйінбаян нұрдан жаралады. Әкесінің әруағы үйге нұр болып кіріп, бөрі болып шығып кететін. Бұл ежелгі ғұндардың күн төтеміне V ғасыр түріктерінің бөрі төтемінің қосылғанын аңғартады.

Дүниенің нұрдан жаралып, нұрмен қауышатындығы жөнінде мына бір пікірді қызықты деп есептейміз:

«Көк өгіз «(су), көк өскін (жердегі тіршілік), көк аспан, яғни бүкіл болмыс ұлы ғаламшар құрылымының бір түсінігі көгілдір нұр әлемін құрайды... Адам жаны ұдайы дамып, жетіле отырып, ұлы нұрға қауышады» (Ақпанбек F., 1993-35). Яғни, қисса қаһармандарының нұрдан жаралуы тегін емес екен.

Шәді Жәңгірұлының «Назым Сияр Шәриф» дастанында пайғамбардың тууы жайындағы оқиғалар нұрға қатысты болып отырады.

Мысалы:

«Сол күні Расул Алла дүниеге келді,  
Аспаннан бір нұр шығып, сәуле келді».  
«Ғабдолла әсем еді, сұлу түрі,  
Бар еді маңдайында Расул нұры».  
«Әуелі кездескенде Ғабдолланың,  
Расулдың Әминаға жауды нұры»

(Жәңгірұлы Ш., 1995-10-11).

Ислам дінінен тараған түсінік бойынша, адамның жақсы қасиеттері он нұрдан бастау алады екен:

1. Нұр садық – адалдық пен шындық.
2. Нұр сабыр – табандылық пен шыдам.
3. Нұр шәкір – қадір-құрмет.
4. Нұр фәкір - өз қадірін түсірмеу.
5. Нұр зәкір – келбетті болу.
6. Нұр намаз – Құдайға құлшылық
7. Нұр ораза - қанағатшылдық
8. Нұр иман – имандылық пен сенім
9. Нұр садақа – қайырымдылық
10. Нұр пәк жан – тазалық.

Осы қасиеттердің бәрі бойына жинақталған адам ұшпаққа шықпақ. «Фәниден бақиға өту немесе бұл дүниеден қайту дегеннің өзі бір пішіннен екінші пішінге ауысу, жанның бақи дүниеге өтіп, нағыз нұрға айналуы» (Ақпанбек F., 1993-47).



Нұр – қазақи пәлсафада мәңгілік нәрсе, оған адамның ақылы жетпесе керек. Яғни, әлі танылмаған құпия.

Күн және үлкен күн – от, ежелгі мифтерде космогенездегі ең алғашқы материал ретінде көрсетіледі. Мысалы, Скандинавия мифтерінде әлем су мен оттан жаралады. Кейбір эсхатологиялық мифтерде әлемді жоюшы күш ретінде көрінеді. Қиссада от екі кейіпте. Бірі эсхатологиялық («Қисас-ул әнбия»), мысалы, жер адамдардың ауырлығын көтеретінін айтып мақтанса, от ашуланса, жер дүниені өртеп жіберетінін мақтан қылады. Екіншісінде от – күн (кішкентай от), жұлдыз нышаны ретінде, сұлу қыздардың бейнесін жасауда қолданылады.

Ежелден от пен су тақырыбы қарама-қарсы күштердің айқасы ретінде, соғыс бейнесінде алынған (Орхон ескерткіштері): «От – су қылмадым» – «елімді бірлікте ұстады» (Жолдасбеков М., 1986). Грек аңыздарында оттың шығу тегі туралы да айтылады, оны адамдарға Прометей, Әмірен сияқты жасампаз қаһармандар әкеліп береді.

**«Қасиетті ағаш».** Қазақ аңыздарының көне замандағы іздерінің шығу тегін ағашпен байланыстыратын рулардың бар екені байқалады. Мысалы, «Оғыз қаған жыры» XIII ғасырдың аяғы мен XIV ғасырдың басында хатқа түскенімен, ондағы баяндалатын аңыздар заманымыздан бұрынғы III ғасырдағы ғұн тайпаларының оқиғасымен – Мөде қағанмен байланысты болу мүмкіндігін Н.Я.Бичурин, Ә. Марғұлан, Қ.Әмірәлихтер жазды. Енді бір рауқиятта, IX ғасырдағы Оғыз бірлестігінің оқиғасы делінеді (Ә.Қоңыратбаев, М.Жолдасбеков).

«Оғыз қаған жырының» алғашқы желісі біздің заманымыздан талай ғасыр бұрын аңыз түрінде айтылуы мүмкін. Өгіз төтемнің пайда болу замандарынан бұрын шығып, хатқа түскенге дейінгі аралықтағы оғыз тайпаларының тіршілігіне қатысты көптеген аңыздарды жинақтау, екшеу сатысынан өтіп келгенге ұқсайды. Толстов С.П. жазыпты: «Оғыздардың тайпалық одағы Оксқа («Әмудария) дейінгі заманда басқа жақтан көшіп келген тайпалар емес, одақ аты да, өзен аты да ертеден берлі жалпыға ортақ төтем атынан, жергілікті ел тілінен туған сөз. Ендеше Орта Азия оғыздарын ерте замандарда сол жерді мекен тұтқан сақ тайпаларының заңды мұрагері деп қарау керек. Өгіз төтемінің аты ертедегі сақтар ортасында да болуға тиіс» (Толстов С.П., 1985-16).

Енді Шәкірімнің «Түрік, қырғыз-қазақ пен хандар шежіресінде»: Оғыздың хан болған уақыты біздің пайғамбарлардан 3400 жыл бұрын. Оғыз хан өлген соң, Күн хан болды, онан соң Ай болды, онан соң Жұлдыз хан болды, оның орнына баласы Меңлі хан болды», – дейді (Құдайбердиев Ш., 1991-47).

Сонымен, Шәкәрім шежіресі бойынша, Оғыз қаған Көк бөрі заманынан 8-9 ата бұрын өмір сүрген болады. Яғни, Мөде заманынан бұрын. Тағы бір соңғы деректерге назар аударайық.

Ең соңғы зерттеулер Оғыз қаған оқиғасының шығу уақытын тіпті б.д.д. 5000 жылдықтарға, Шумер тайпаларының заманына алып барады. Өте қызықты болжалды айтушы – бүкіл өмірін Фараби ойшылды зерттеуге арнаған ғалым Ақжан Машанов. Ол кісінің ойынша, Оғыз хан аңызының тууы сиырдың жыл басы болуына байланысты. «Бес мың жыл шамасы бұрын жыл басы қазіргідей тышқан емес, сиыр болған. Өгізхан – Оғыз хан заманы – сол заман», – дейді.

Шумерлердің тас кітабында мынандай мәлімет бар екен:

«Қазір жыл басы – сиыр, онан бұрын өткен замандарда жыл басы Барыс болған. «Әрбір екі мың жыл шамасында жыл басы бір мүшелден екінші мүшелге ауысып отырады» (Машанов А., 1994-105).

Міне, осы шығу тегі әріде жатқан «Оғыз қаған» аңыздары өгізді қасиетті де санған Зоростр замандарына барып ұштасады. «Оғыз қаған» жырында Етіл (Еділ) өзенінен әрі өтіп, Үрүм қағанмен (Византия) соғысқан Оғыз оларды жеңіп, мол олжаға батады. Еліне қайтуға бет алғанда өзеннен өте алмайды. Сонда бір Ұлық Орда деген жігіт ағаштан сал жасап, дүние-мүлкімен аман-есен өтеді. Ұлық Орданың бұл ісіне сүйінген Оғыз қаған: «Сен осы жерге бек бол, Қыпшақ бол!», – дейді.

Әбілғазының «Түрік шежіресінде» «Оғыз қағанның әскеріндегі бір жігіт соғыста қаза тауып, әйелі жүкті екен, айы, күні жетіп, толғағы қысқан соң, бір ағаштың қуысына кіреді. Сол жерде босанып, туған баланы Оғыз қаған тәрбиесіне алады. Қыпшақ деп ат қояды. Себебі, қыпшақ – «ағашта туған» деген мағынаны білдіреді екен. «Қорқыт ата кітабында» Бисат батыр Төбекөзге: «Анамның атын сұрасаң, қатты ағаш», – дейді. Бисаттың анасы – Қыпшақтың қызы болса керек.

Осы қызықты аңыздарды салыстыра келіп, бір заманда түріктердің қыпшақ бұтағы өзінің шығу тегін ағашпен байланыстырып, оны қасиеттеген деген ойға келеміз. Оғыз қағанның Көк, Тау, Теңіз деген ұлдарының анасы ағаштың қуысынан шыққан. Сонымен, қазақ тарихында өгіз, көк бөрі, аққу сияқты ағаш төтемі де бар демекшіміз.

«Қорқыт атада» Қазан Солар бектің ауылын жау шауып, ұлы Оразды гәуірлер қол-аяғын байлап, дар түбіне әкеледі. Ол дар ағашына қарап сөйлей бастайды:

«Атың ағаш десем, шамданба ағаш! О, Мекке мен Мәдиенің есігі болған, Ағаш! Құдаймен тілдескенде Мұсаның асасы болған, Ағаш! Ерлердің ері Әлидің дүлдүліне ер болған, Ағаш! Зұлпықарға сап болған, Ағаш! Хасан мен Хұсайынға бесік болған, Ағаш! Ерге де, әйелге де қатар болған, Ағаш! Мені саған асар болса, құлап түс, Ағаш!» (Қорқыт... 1986-29).

Осы «қасиетті ағаш» аңызы бүгінге дейін халық жадында сақталғандығының бір көрінісі – Қашаған Күржіманұлының (1841-1929) Ескали сопыға айтқан өлеңі. Тарихы былай:





Қашаған ақын Каспий теңізінің терістік шығысындағы «Елпілдекті» деген аралда отырған ауылға келеді. Қонатын үй іздеген соң ауыл жігіттері сараңдығымен аты шыққан Есқали сопының үйін көрсетеді. Есқали сопы қонақты жақтырмай, намаз оқуға кіріседі. Сопының кішкене немересі қызық көріп, саусағымен домбыраның ішегін дың еткізеді. Есқали сопы: «Бейқасиет, көргенсіз, бұл үй домбыра тартып, өлең айтға тігілген жын-шайтанның үйі ма еді, шайтанның қу ағашы бұл үйге қайдан келді?», - деп жекіреді.

Сонда Қашаған домбырасын қолға алып жіберіп былай депті (Біз «Қорқыт ата» кітабындағы Ораз бектің сөзімен ұқсас келетін жерін ғана аламыз):

Пайғамбарлар туғанда,  
Бесік болған бұл ағаш.  
Ибраһим Қағбаға,  
Есік болған бұл ағаш.

\*\*\*

Жәбірейіл жәннаттан,  
Алып келген төрт қылыш

\*\*\*

Қынабына солардың,  
Қап болған бұл ағаш,  
Аруақты ерлерге,  
Жақ та болған бұл ағаш.

Міне, осыдан мыңдаған жылдар бұрын айтылған Қорқыт ата сөздерінің қазіргі ақынның аузынан сол қалпында шығу – дәстүрлі әдеби жалғастықтың айқын белгісі болса керек.

Енді «ағаш төтемінің» неменеге байланысты шыққандығына келсек, бір жағынан, Зороастр заманынан да бұрынғы уақыттарда шөпті қасиеттеудің ұлғайған түрі болуы мүмкін. Бұрын «Шөп өлген адамның өмірге қайта оралуының көрінісі», – деп қабылдаған.

Поляк суретшісі Бронислав Залесскийдің (1820-1880) «Қазақ сахарасына саяхат» атты кітабында туындыгердің өз көзімен көрген мына бір жайды суреттейді:

«Киелі ағаштың жанынан өткен кезде қазақтар түйелерін шөгеріп, аттың жабуын немесе кішкене кілемшені жайып қояды да, тізелерін бүгіп немесе малдас құрып отырып дұға оқиды. Содан соң өздері де

ағаш бұтақтарына киімнен жыртып алған шүберек немесе қой терісінің қиындысын, тіпті болмаса ат құйрығынан кесіп алған қылды ақтық ретінде байлап кетеді. Олар киелі ағашқа ақтық байлау бақыт әкеліп, ауру-сырқаудан қорғап-қоршайды, өмір жастарын ұзартады деп ойлайды» (Залесский В., 1991-69).

Б.Залесскийдің ойынша, ағаштың культке айналу себебі, қазақ даласында ағаштың сирек өсуіне байланысты. Мүмкін бұл пікірдің жаны да бар шығар. Бірақ ағаш культы қуаң аймақта ғана емес, қазақтың жасыл өлкелерінде де бар екенін ескерейік. Воурукаша теңізінде өсетін мама ағаш жөніндегі миф зороастр дінінде бар. Ол барлық аурудан жазады деп есептеледі. Б.д.д. 5 мыңыншы жылдықтарда құрғақшылық болғаны рас, өзен-судың жиегіне жиналған үлкен ағаштың көлеңкесі мен жемісінің табиғатпен етене өмір сүрген көне адамдар үшін құт болғаны даусыз. Осыдан барып ағаш культы шығуы мүмкін.

Ағаш төтеміне байланысты «Сүт көл» аңызын еске алайық:

Алтайдың шыңында Алтын Бәйтерек өседі. Ол дүниенің жоғарғы бейнесі – Аспан мен орта әлем – жердің кіндігі. Ал жер-судың нышаны ретінде алынған Қызыл көлде Кербалық өмір сүреді. Ол барлық жан-жануарлардың арғы тегі екен. Осыдан ағашты қасиеттеудің терең тамыры арғы прототүрік, тіпті ежелгі адамзаттың әлем туралы түсінігінде жатыр ма деген ойға келеміз. Тәңірі, Ағаш, қасиетті Жер-су бір-бірінен ажырағысыз бірлікте адам санасынан орын алған.

С.Қасқабасовтың айтуынша, бәйтерек ұғымы ертедегі космостық ағаштың өзгерген түрі. Тіпті бақсының аса таяғының да түбірі бір. «Мәселен, көптеген қазақ ертегілерінде зәулім бәйтерек суреттеледі: Ол кейіпкердің өмір жолында өте маңызды рөл атқарады. Бәйтерек түбінде айдаһарды өлтірген кейіпкер аспан әлеміне көтерілуге, немесе жер астынан шығуға мүмкіндік алады» (Қасқабасов С. 1984-86).

Ал қазақ бөркіндегі үкі – зәулім бәйтерек нышаны болса, мазарлардың бөріктің төбесі секілді күмбез, немесе төрт құлақты болып келуі, көне мифтік ұғым бойынша, дүние жоғарыдан төмен қарай құрылған үш әлем ғана емес, горизонтальды-тегістік әлемі деген түсінігі болса керек.

Түріктің «қасиетті бәйтерек» идеясы шығыста құрма ағашымен үндес келеді. Арыстан баба Алла Тағаланың бұйрығымен бір құрманы ұртында 400 жыл сақтап жүріп, Ахмет Иасауи шәкіртіне тапсырған.

«Мәлік-Хасан» киссасында: Құрма ағашының басында құс Нұрғазарұн мекендейді:

Нұрғазар жер мен көктің арасында,

Құрманның ұялаған ағашында, – дейді (Батырлық... 1995-330).

Құрманың шығыста қасиетті ағаш саналуын Иса пайғамбардың осы ағаштың түбінде дүниеге келіп, жас босанған Мәриям анаға бір түйір құрманың күш беруінен көруге болады:



«Сол сәт оның құлағына бір дауыс естілді де, қорқынышы сейіліп, көз жасы құрғады. Дауыс аяғының астынан шығып тұр.

-Қамықпаңыз, сәбиіңіз аяғыңыздың астынан бұлақ ашты... Ағаштың діңін өзіңізге қарай ырғап тартсаңыз, әбден піскен бір құрма алдыңызға түседі. Соны жесеңіз, әл-қуатыңыз келіп, сергіп қаласыз» (Құран хикаялары. 1992-151).

Қорыта айтқанда, табиғат жайындағы ескі анимистік пәлсафа – ағаш культын туғызды. Архаикалық мифтер бойынша, кей ағашта өлген әулиенің немесе Құдайдың рухы болады (немесе ағашқа ауысады). Будда теологиясында: Будданың өзі 43 рет ағашқа кіргенін айтады. Будда дінінде (б.д. I ғасыр) әулие ағаш культы болған. Афродитаға арналған Гомер гимнінде ағашпен бірге өніп, құрағанда бірге өлетін нимфалар туралы айтылады (Тайлор Э.Б., 1989-374). Еуропа елдерінде жылайтын, қаны ағып тұрған тал туралы, немесе ағаш құндағында өмір сүретін қыз туралы мифтер бар.

Әулие Фома күнінде қыздардың ағашты үш рет ұрып, маңдайына қандай күйеу тап келетінін сұрау салты сақталған. Ағашты Құдайға айналдырудың тамыры көне діндердің көбіне ортақ. Осыдан аурудың жанын (дух болезней) бір затқа балап, ағаштың бұтағына іліп қою, сол ауруды ағаштағы әулиенің жойып жіберуін күту салты пайда болған болуы керек. Ш.Уәлиханов айтады: «Құлан түздегі сыңарланып өскен ағаш болсын, немесе бұтақтары таңғажайып формадағы өсімдіктер болсын, олардың тұрған жері қасиетті деп саналады. Ондай қасиетті жерлерге түнегенде немесе жанынан өтіп бара жатқанда, адамдар шүберек, аттың қылын байлайды, ыдыс-аяқ қойып, әулиеге арнап садақаға мал сояды» (Уәлиханов Ш. 1985-155).

**«Хан қызының жауына болысуы».** Бұл желі б.д.д. аңыздарда да болған. Мысалы, «Гүлдірсін» (Син, Шина – бәрі де деген мағына береді) аңызын ХІҮ ғасырда Сэйф Сараи дастан етіп жазған. Сараиді зерттеуші кей ғалымдар бұл оқиға Ақсақ Темір заманында болған деседі. Негізінде, Гүлдірсіннің сақ қызы екенін Ә.Қоңыратбаев айтқан. Тіпті, Гүлдірсін шаһары да болған, оны 1937 жылы С.П.Толстов қазған екен. Одан скиф садағының оғы, тастан салынған әйел суреті шыққан. Қала Төрткөлдiң маңайынан табылған (Қоңыратбаев Ә., 1991-79).

Аңызда Гүлдірсін – патшаның қызы екен. Елін жау қоршап алып, астығы бітіп, таусыла бастайды. Сонда да берілмей, жауға сес көрсету үшін өгізді бидаймен жемдеп, қаланың сыртына қоя береді. Жау әскерлері ұстап алып, сойып жейді, қараса іші толған бидай екен.

Гүлдірсін жау елінің бір жігітіне ғашық болған. Оған хабар беріп: «Кетпендер, шыдандар», – дейді. Қоршаған жау кетпей, ақыры халқы ашыққан қаланы басып алады. Бірақ Гүлдірсіннің ғашық болған жігіті: «Өз еліне опа қылмаған қыз маған қалай жар болады!», – деп ат құйрығына байлап өлтіреді.

Хан қызының жауға болысу желісі «Қобыланды батыр» жырында Қарлыға бейнесінде, Иранда «Бижан мен Мажинед» сақталған. Кейбір көріністері Зарина аңызында да бар. Бірақ онда сақ патшасының қызы Зарина Мидия ханзадасын сүйіп қалса да елін сатпай: «Мен саған қосылсам, елім де сенің қол астыңа кіріп, кіріптар болады», – деп елінің қамын ойлап, Мидия ханзадамен некелесуден бас тартады.

«Түс көру». Түс көру, оны жору өнері көне замандардан келіп жеткен. Антика әдебиетінде Артемидордың «Түс жорығыш» атты кітабы жазылыпты. Антикалық дәуірде түсті былай жорыған: түсінде қол жуса – уайымынан құтылады, жыласа – өңінде қуанады, қабырғасын суырса – әйелі өледі, араны қуса – байлыққа кенеледі, үйленсе – туыстарының бірі өледі, жылан қуса – жаман әйел соңынан түсіп жүр, – деп жорылады.

«Жүсіп-Зылиха» қиссаларында Зылиха да Жүсіпті түсінде көріп ғашық болады. Бұдан кейінгі ғашықтық қиссалардың бәрінде негізгі кейіпкерлер бірін-бірі түсінде көреді. Қыдыр-әулиелер де түске кіріп, аян береді:

«Ер Шеризатта» (Ә.Найманбаев):

Бір күні Қыдыр келіп түсіне енді,  
Өңіндей падишаға аян берді.

«Еренғайып-шах Ғаббаста» (Мұхаммедқали Өндір қажыұлы):

Осылай болды, тақсыр, көрген түсім,  
Қалмады еске түссе ақыл-хошым.  
Бұл күнде өлер жерге келіп тұрмын,  
Мехнагы арылмаған мұңды басым.

«Бозжігіт» қиссасында Бозжігіт ғашығын түсінде көреді:

Түсінде қыз осылай ғайып болды,  
Жігіттің көңірегіне қайғы толды.  
Бақсы менен балгерден дәрмен таппай,  
Боп-боз жігіттің жүзі солды.

«Дәрі шөпті тапқан тышқан». Бұл желі «Бозжігіт» дастанында айтылады:

Тышқан ұстап алып бұл бишара,  
Өзіндей әр жеріне салып жара.  
Деп ойлап өзін немен емдер екен,  
Отырды қадағалап, бәрін қарап.



Тышқанды жіпке байлап қоя берді.  
Тышқан іздеп әр жерден шөпті терді.  
Әр түрлі шөпті тышқан іздей-іздей,  
Ақыры, шипа болар шөпті көрді.

Бұл тышқан сол бір шөпті жұлып алды,  
Шайнаңдап жарасына үгіп салды.  
Шөптен үгіп жарасына салған жері,  
Әп-сәтте сау кезіндей бола қалды.

Бұл оқиға «Қорқыт ата» кітабында «Дерсе хан ұлы Бұқаш хан» әңгімесінде (Ә.Қоңыратбаев аудармасында) бар. Кейінгі Б.Ысқақов аудармасынан кездестіре алмадық.

**«Дәуіт пайғамбар және тойымсыздық».** Дәуіт пайғамбар Сүлеймен пайғамбардың әкесі. Ұсталық өнердің пірі деп есептеледі. Құран сюжеттерінде және одан тараған қиссаларда («Қисас-ул-әнбия») Дәуіт пайғамбардың бір қателігі ғибрат ретінде айтылады:

Дәуіт пайғамбар әйелдері бола тұра, әскерге кеткен Ғүрия атты жақын інісінің қалыңдығына (Сағи қызы Сабиға) көзі түсіп, өзі пайғамбар, өзі патша болған соң, некелеп алады. Алла Тағала Дәуіттің онысын қош көрмейді.

Бір күні Дәуіттің алдына екі кісі келеді. Олардың періште екенін білмейді. Бірінің тоқсан тоғыз, екіншісінің бір саулығы бар екен. Байы кедейдің жалғыз саулығына көз сұғын қадап жүр екен. Дәуіт ашуланып:

– Өзіңнің тоқсан тоғыз қойыңды місе тұтпай, ініңнің жалғыз қойына көз алартқанша, ұялсаң етті, – дейді.

Келген періштелер:

– Жазаға алдымен өзің тартылуға тиіссің, – депті.

Өз үкімін өзі шығарған Дәуіт ойға шомады. Есін жиып, Алладан кешірім сұрады. «Даңқы мен мәртебесі бар адамның бұл сабағы адамдарға Алла Тағаланың ұсақ істерге немқұрайлы қарамайтындығын ұғындырады» (Құран хикаялары. 1992-115).

**Сүлеймен пайғамбар және оның жүзігі.** Сүлеймен пайғамбар туралы мұсылман мифтерінде оның жүзігіне көп мән беріп, жүзігінің күшімен тіпті патша тағын Иемнен Иерусалимге көшірген делінеді. Бір күні Сүлейменнің жүзігі шайтанның қолына түседі, сөйтіп ол қырық күн патшалық құрады. Шайтан жүзікті теңізде жоғалтып алған жерінен Сүлеймен пайғамбар балықтың ішінен тауып алып, патшалығын өзіне қайтарады. Сүлейменнің жүзігіне бағынған жындар көпір де салыпты деседі. Алты бұрышты жұлдыз бейнелі жүзік мұсылмандарда қасиетті деп саналады (Мифологический... 1991).

Құран хикаяларында және «Қисас-ул-әнбияда» Сүлеймен

пайғамбардың егінші мен қойшының дауын шешкендігі, құмырысқа патшалығына кездескені жөнінде ғибартты әңгімелері айтылады.

Сүлейменнің жүзігі қисса кейіпкерлеріне әрдайым көмекке келіп отырады. «Сейфүлмәлікте» үш ай жүрмей қалған кемені жүргізіп жібереді:

Тілегін падишаның қабіл көрді,  
Бір адам ұйқысында жетіп келді.  
«Жүзігін Сүлейменнің суға салсаң,  
Жүрмей ме, кемең сонда, байғұс», – деді.

Көп үміт жағаматтар үзбе деді,  
Бір дәулет келді енді бізге деді.  
Жүзігін дарияға ұрып еді,  
Кемесі су бетіне жүзе берді («Сейфүлмәлік»).

#### **«Жақып пайғамбар және қыз әкесіне жеті жыл қызмет ету».**

Жақып пайғамбар – йудей, христиан және мұсылман діндеріне ортақ кейіпкер. Ғалымдар оны тарихта болған адам емес, бір тайпалық топтың персонификациясы (яғни, сол тайпаның басынан өткен тарихи оқиғаларды бір адамның бейнесінде жинақтап беру) деп бағалайды.

Ежелгі Тәурат, Інжіл кітаптарының жазуы бойынша, Жақып ана құрсағында өзінің егізінің сыңары Исамен бәсекелесе туады. Егіздердің іште жатып тірескенінің мәнісін Құдайдан сұрағанда ол: «Сенің құрсағыңнан екі ел тарайды, үлкені кішісіне бағынады», - дейді (Иванов В.В., 1991-225). әуелі Иса, одан соң Жақып туады. Ағасымен арадағы араздықтан соң, нағашы ағасы Лаванды іздеп Месопатамияға кетеді. Жолда түс көреді. Түсінде бір басы – жерде, екінші басы – көк тіреген саты көреді. Сатының ұшар басынан періште көріп, болашағын айтады. «Құтты біліктегі» Оғдұрмыш та түсінде биік сатыны көріп, басынан бір кісі оған сусын ұсынады. Оны Оудұрмыш өмірінің ақырына көрінген деп жориды. Бұл түсте екі мифтің біріккенін көреміз:

1) Жоғарыда айтқан Жақып мифінде сатының басынан періштенің көрінуі, Баласағұнидің сусын ұсынған «белгісіз біреудің» оқиғасы Жақыпқа қатысты мифпен байланысты екені аңғарылады.

2) Ежелгі мифтерде өлетін адамға Әзірейіл у береді («Жұмжұмада» Әзірейіл ыдыс әкеледі. Ыдыстың ішінде не бары айтылмайды).

Жақыптың нағашы ағасы Лаванның екі қызы бар еді. Жақып кішісі Рахилді қойларын суаруға айдап келген жерінен көреді де, ұнатып қалады. Лаван Рахилді алу үшін жеті жыл қызмет ету керек екенін айтады. Ал Құран сюжетінде:

«Осы арада жеті жыл тұрып қойымды бағасың», – дейді (Құран хикаялары. 1992-48).



Жеті жыл қызмет еткен Жақыпқа Лаван Рахилді емес, Лия атты үлкен қызын береді. Рахилді алу үшін тағы жеті жыл қызмет етеді. Осы арада «Қозы Көрпеш – Баян сұлудағы» Қодардың Баян үшін әкесіне жеті жыл қызмет етуінің төркіні Жақып пайғамбар мифінде екенін көреміз.

Сонымен, Жақып екі әйелі Зелфа, Валла деген екі күнінен жиынтығы он бір ұл және бір Дина атты қызы болады. Иудей дінінде Жақыптың он екі баласынан Израилдың он екі атасы өсіп-өнеді.

Жақып пен Иса және Лаван туралы параллельдер б.д.д. 2 мыңыншы жылдықтардағы сына жазуларында бар көрінеді.

**«Жүсіп пайғамбар – кейіпкер сұлулығы, әйелдің өгей баласына ғашық болуы».** Жүсіп – Жақып пайғамбардың сүйікті баласы болып есептеледі (Себебі, сүйікті әйелі Рахилден туған). Жүсіп әңгімелері Жақып туралы мифтер топтамасынан тарайды. Жүсіптің анасы сүйкімді де сұлу қыз Рахилге Жақыптың 14 жыл қызмет етіп, әрең қол жеткізуінен барып, Жүсіп бейнесіне байланысты кейінгі желілерде оның ерекше бала болғандығына, сұлулығына тоқталып отырған.

Осыдан қисса кейіпкерлерінің мінсіз сұлу болу үрдісі қалыптасқан деген ойдамыз.

Ғашықтық қисса қаһармандарының бейнесі Жүсіпті еске түсіреді:

Сонда Жүсіп қосына қайтып келді,  
Тәсбиғ таһил айтып келді.  
Үстінде хүллә тоннан нұры балқып,  
Жіберді жарқыратып көк пен жерді.

(«Жүсіп-Зылиха»).

Мағрифат нұр жайылған жүректері,  
Секілді ақ күмістей, білектері.  
Ақ жүзді, ақ йанақты шаһизада,  
(Йанақ – алқызыл жүз)  
Жаралған саф алтыннан сүйектері.

(«Сейфүлмәлік»).

Жүсіпке қастандық ойлаған ағалары оны құдыққа салып кетеді, соңынан измаилдықтарға сатады. Құранда Мысырға бара жатқан керуенге сатады. Оны Египетте Перғауынның жеке қорғаушыларының бастығы Потифар сатып алады (Құранда Мысыр патшасының уәзірі). Осы уақытта Жүсіптің ерекше қасиеті байқалады: Потифардың ыстық шарап ішкісі келсе, Жүсіптің қолындағы шарап ыдысы ысып кетеді, суық шарап ішкісі келсе, суып кетеді.

Бұдан кейін Жүсіптің алдынан тағы бір сын шығады. Потифардың әйелі Жүсіпке ғашық болады. Көнбеген Жүсіптің етегінен тартып қалады.

Потифар Жүсіпті зынданға салады (Мұсылман мифтерінде Жүсіптің ақ, адал екенін айтып, бесіктегі бала куәлік береді).

Жүсіп зынданда жатып, екі жігіттің түсін жориды. Бірі – шарап құюшы, екіншісі – нан пісіріп беруші. Шарап құюшының түсі рас шығып, зынданнан босанады. Осы кезде Перғауын түс көріп, түсінде жеті семіз сиыр – жеті арық сиырды жеп қояды (Сиыр – бақташылықтың нысаны, ал бидай – егіншіліктің нысаны). Жүсіптің түс жоруы дұрысқа шығып, елі аштыққа ұшырамаған соң Перғауын оған өз жүзігін беріп, уәзір қылады. Потифар атты Египет абызының қызы Асенефті әйелдікке қосады.

Жеті жыл ашаршылықта Жүсіптің ағалары Египетте астық сатып алуға келеді. Миф желісі бойынша, Жүсіптің Египетке сатылып кетуі – болашақта туыстарын астықпен қамтамасыз етуінің алғышарты ретінде алынған деуге болады.

Ағалары Жүсіптің арқасында аштықтан құтылып, Жүсіптен кешірім сұрап, әкесі Жақыппен табысады. Ежелгі йудей мифтерінде 110 жыл жасайды. Ал қисса-дастандарда («Қисса Жүсіп», «Жүсіп-Зылиха», «Қисас-ул-әнбия») Жүсіпті табандылықпен күткен Зылихамен қосылып, қайтадан жас қалпына түседі. Жүсіп пен Асенефтің махаббатын бөліп алып жазған біздің заманымыздың бас кезіндегі (б.д. I ғ.) грек тіліндегі Апокриф болған (Аверенцев С., 1991-254). Мұсылман сюжеттері «Жүсіп пен Асенеф махаббатын» дамытып әкеткен. Ал христиан мифтерінде Жүсіп образы Исус Христос бейнесіне жақындатылып жіберіледі. Құран хикаяларында: «Жүсіп әкесімен дидарласты. Басқа он бір баласы оны араларына алып келді. Олар түгел ілтипат етіп тізерледі. Жүсіп қос қолын көкке көтеріп, Алла Тағаланың мейір-шапағатына мейірленді:

- Е, Рәббанам, билік күшті бердіңіз, түс жору өнерін үйреттіңіз! Уа, жер мен көктің иесі! Пәни жалған мен бақи дүниенің ғафизі – Өзің! Жазмышқа мойынсұнуды, барлық адал жандармен бірлесуді үйреткен өзің!», – деумен аяқталады (Құран хикаялары. 1992-70).

Мұсылман мифтерінде Жақып пен Жүсіп оқиғаларының ішінде Жүсіпке көбірек көңіл бөледі. Жүсіпті – сұлулық пен тазалық нысаны ретінде орта ғасыр ақындарының бәрі дерлік мақтап, өз өлеңдерін жазған.

Патша әйелінің (Жүсіпке ғашық болған Потифардың әйелі) өз қызметшісі немесе өгей баласына ғашық болып, көнбеген соң қастандық жасау әдебиетте ежелден бар.

Осыған ұқсас оқиға Әбілғазының «Шадшарат Тарикима» атты шежіресінде бар екен:

Вограхан қартайып, әйелі өлген соң, Көркелі (көрікті) деген қызға үйленеді. Көркелі Вограханның баласы Қозыға ғашық болып, көнбеген соң, қызметші қызға Қозының етігін ұрлатып алдырып, өз шатырына дейін із салып қояды да, шу көтереді. Бірақ баланың адалдығы анықталып,





әйелді өлтіреді. Әбілғазы бұл әңгімені ескілікті аңыздарды жақсы білетін бір шалдардан естігенін жазған (Короглы Х.Г., 1983-124).

«Шаһнамада» Сиявшуқа өгей шешесі Судабе ғашық болады. Оның кесірінен Сявуш өлген соң, Рустем Судабені өлтіреді.

**«Аң асыраған бала».** Аң асырған бала бейнесі қазақ әдебиетінде біздің заманымыздың бас кезіндегі Көк бөрі аңыздарынан көрінеді.

«Көк бөрі» аңыздарының бірі б.д.д. I-II ғасырлардан бастап өмір сүрген үйсіндер тарихында кездеседі. Оны қағаз бетіне түсіріп жазған көне заманғы Қытай тарихшыларының «тарихи жазбалар» және «Хан патшалығының тарихы» атты кітаптарда мынадай аңыз бар:

Көршілес отырған ұлы йозылар үйсіндердің Күнбибі Нәнбиді өлтіріп, жерін тартып алады. Халқы босып, хүндерді паналаған Нәнді бидің жаңа туған баласы Елжаудың туысы Бөже Оңқа деген кісі шөп арасына жасырып қояды. Осы баланы бөрі емізіп жүрген. Содан аман қалған Елжауды «Бөрі емізген киелі бала» деп хүндердің Тәңірқұты асырап алып, кейін үйсін елін жинап, билігін берген (Мыңжани Н., 1994-65).

Бұл аңызға қарағанда, бөріні төтем ретінде тану аңыздың шығу уақытынан тым әріде екенін аңғарамыз. Т.Жұртбаев: «Көк бөрі жөніндегі аңыз біздің дәуірімізге дейінгі V-IV ғасырларды көшпелі жұрттың арасына кең тарап, киелі аң ретінде сенімділік санаға әбден орныққан», – деген пікір айтады (Жұртбаев Т., 1994-38).

Көк бөрі асыраған бала туралы түркілердің тағы бір аңызы әлемге әйгілі Түрік қағанатының құрылуына байланысты шыққан.

V ғасырдың бас кезінде бес жүз үйлі тайпа Ордостан Алтайға қарай көршілес елден ығыса көшеді. Соңынан қуған әскерлер қашқан елді қырып салады. Аман қалған он жасар баланың қол-аяғын кесіп, тастап кетеді. Қансырап жатқан баланы бөрі емізіп өсіреді. Ол бала кейін Көкбөрі (қытай тілінде «Ашина») атанып, ұрпақтары өсіп-өнеді. Ағаш паналаған үңгірдің аты – Ергенекон.

Ал, бұл мифтік оқиғаның негізіне келсек, біздің ойымызша, Ордостан шығып, Алтайдың оңтүстігіне келіп мекендеген тайпалар «бөрі» тайпасы болуы мүмкін. Олар 439 жылы Жужандарға қосылып, темір қорытып, қару-жарақ жасағаны тарихтан мәлім. Қалай болғанда да, бөрі – түркілердің төтемдік иесі екені анық.

Сондай-ақ, Түрік қағанаты заманына ілесе туған, бәлкім, одан да бұрын туып, XI ғасырда хатқа түскен «Қорқыт ата кітабындағы» Төбекөзді өлтіретін Бисат батырды арыстан емізіп өсірген.

«Оғыз қаған жырындағы» Оғыз өлтірген Қият (Қат) деген тажал аң – оғыздармен соғысқан ру-тайпалары болуы мүмкін деп ойлаймыз. Өмірде баланың аңдар арасында өсуі мүмкін болғанымен, одан кейін адамдар ортасына сіңуі мүмкін емес көрінеді. Жасында аң ортасында өскен бала, қайтып адам бола алмайды. Ал, көне аңыздардың тамыры тереңде

жатқандықтан, одан адамды табиғатпен бір деп есептейтін төтемдік түсінікті аңғарамыз.

Қисса-дастандағы аң асыраған бала желісі төтемдік түсінікке өте жақын. Түп төркіні төтемдік аңыздардан алынған болса керек. «Гүлшат-Шеризатта» Шеризатты жолбарыс (шері), «Мұңлық-Зарлық» дастанындағы кейіпкерлерді киік асырап өсіреді:

Екеуіне бір киік,  
Ана қылып береді.  
Ол киікке баланы,  
Бала қылып береді,  
Құдіреті күшті Құдайым,  
Таудан алма жегізіп,  
Киікті ана дегізіп,  
Киік жүрді үш мезгіл,  
Баласындай емізіп.

(Ғашық... 1976-206).

Б.д.д. YI ғасырда билік құрған парсы патшасы Кир жайындағы аңыздарда ол, Герадоттың айтуынша, тастанды бала екен. Оны ит асырап өсірген. Сондай-ақ, Римнің негізін салған ағайындылар Ромул мен Ремді де қасқыр емізген. Ағылшын этнологы Э.Б.Тайлордың айтуынша, бұлар – «Тастанды бала» атты мифтер тобының жеке-жеке бөлшектері деп, жалпы аңдарды айтқан (Дүйсенев М., 1986-56).

**«Өлім мен өмір».** Мұсылман ойшылдары дүниенің даму жолын мынандай формуламен түсіндіреді екен: жоқтан-барға, тыныштықтан-қозғалысқа, жамандықтан-жақсылыққа, соғыстан-бітімге, ретсіздіктен-реттілікке (Ысқақов М., 1980-163). Бұл ойлар, қараңғылықтан-жарыққа, түннен-күнге болып қорытылған. Біздің ойымызша, бұл үрдістің адамзатқа ортақ тұстары көп болса керек. Қараңғылықтан-жарыққа, түннен-күнге ұмтылу – бүкіл адамзаттың жамандықтан-жақсылыққа, зұлымдықтан-әділетке ұмтылысының негізі. Сол сияқты, қараңғылық – өлім, жарық – өмір болып та қорытындыланған. Сөйтіп, бүкіл әдебиетте өмір мен өлім желісіне айналған.

«Өмір мен өлім» желісі адамзат мәдениетінің ең көне құнды деректерін берген «Гильгамеш» өлмеудің амалын іздеп, ана Құдай Сидуриге, одан кеме жасаушы Уршанабиге келеді. Тіпті, «өлім теңізі» дейтін теңізден де өтіп, Утнапиштиге жетеді. Утнапишти, қазақтың абыздары секілді, мәңгі өлмейтін гүл бар екенін айтады. Реті келгенде еске ала кетейік, абыздар – сәуегей адамдар, олардың арғы тегі жұлдызшылар болуы керек. Өйткені, «Еңлік-Кебектегі» Нысан



аңыздың аты «планета» деген мағына береді (Ысқақов М., 1980-163), «Гильгамештегі» Утнапишти, сондай-ақ, Тоныкөк, Қорқыт, Ұлық Түрік секілді бейне немесе Нысан абыз болуы керек.

Сонымен, Гильгамеш теңіз астынан мәңгілік гүлді алып шықанымен, пайдалана алмайды, оны шығыс мифологиясындағы қаскөй жылан ініне алып кетеді (Эпос о Гильгамеше. 1961-57-82).

Гильгамеш кеп көк толқынға енгенде,  
Қасиетті гүлге таяй бергенде.  
Гүл иісін сезе қалып ырғаған,  
Жыбыр-жыбыр жанталса сырғыған,  
Гүлді әкетіп, түлеп шыға келді лезде сұр жылан.  
(Ақатаев С., 1990-100).

Гильгамеш те Қорқыт ата сияқты, өлімнен құтылу үшін арпалысып, ақыры, ажалдың амалын табады. Қорқыт пәлсафасы Абайдың:

«Өлді деуге сия ма, ойландаршы,  
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған», – деген сөзімен түйіндейді. С.Қасқабасовтың айтуынша: «...Қорқыт бейнесі Прометей сияқты Құдайларға қарсы соғысқан кейіпкерлердің бұрынғы типі болуы да мүмкін. Стадиялық жағынан келгенде, қазақ мифологиясы антика дәуіріндегі құл иеленуші мемлекет елдерінің мифологиясынан көне» (Қасқабасов С., 1984-160).

Қорқыт аңыздарындағы өлімнен қашу идеясы «Қорқыт ата кітабындағы» ержүрек Темірқұл туралы жырдан көрініс тапқан. Ажалмен соғысқан Темірқұлдың батырлығына сүйсінген Құдай ол үшін басқа біреу жанын берсе, оның жанын өзіне қалдырмақ болады. Жанын әкесі мен шешесі бергісі келмейді. Сонда жұбайы айтыпты:

– Батыр туған жарым, не айтып тұрсың? Көзімізді ашқалы өзіңнен басқаны көргенім жоқ еді, жүрегімнің сүйгені – бір өзің. Сенен қалған тауларды жайлау етер болсам, ол менің көрім болсын! Құдықтарының мұздай суы бойымды суытқан қаным болсын. Сенен соң біреуге тиер болсам, ол мені сары жылан болып шақсын. Құдайдың жарық күні, үстімдегі көк куә болсын, беремін жанымды сен үшін!

Мұны естіген батыр: «Сенен қалған өмірдің маған да керегі жоқ», – деп, Құдайға жалбарынады: «жанға зәру болсаң, екеуіміздің жанымызды бірге ал, қалдырсаң, бірге қалдыр!», – дейді.

Бұл тілек Құдайдың құлағына жетті. Темірқұлдың әке-шешесінің жанын алғызып, жұбайы мен екеуіне 40 жыл өмір береді.

Бұл жырдың мазмұнына қарағанда, оның негізгі желісі ислам дінінің қазақ даласына енуінен бұрын шыққан көрінеді. Темірқұлдың

Әзірейілмен күресі, оны жеңгісі келуі әлі де исламды мойындамаған жан-дүниенің әрекетін аңғартады.

Қазіргі қазақ ертегілерінде Темірқұлдың өліммен күрес идеясының қазақи өмір-тіршілікке жақындатылған түрлері кездеседі. Мысалы, ел аузынан естіген бір аңызда: «Бір батыр жігіт Әзірейілмен табактас болып қалады. Әзірейіл екенін дәледеу үшін, жігіт екеуі сыртқа шығып, тігулі тұрған үйге барады. Үйде еңгезердей бір кісі отыр екен. Әзірейіл екі иығында асылып ойнап жүрген екі баланың жанын алады. Шошыған жігіт: «Менің жанымды қашан аласың?», – деп сұрайды. Әзірейіл: «Жаныңды үйленген күні аламын!», – дейді.

Жігіт үйленбей жүреді. Ақырында бір сұлу қызға жолығады. Қыз болған оқиғаны естіген соң, жігітке: «Әзірейіл жаныңды алуға келгенде: «Бір күн дәмдес болғанға қырық күн сәлем» деген қайда? – деп айт», – дейді. Жігіт той біткен соң, отауының табалдырығынан оң аяғымен аттай беріп, артына қараса, желкесінде жанын алғалы тұрған Әзірейілді көреді. Жігіт дереу қыздың үйреткенін айтады. Бұл сөзден жеңілген Әзірейіл екеуіне 40 жыл өмір беріпті.

Темірұлы (Домрұл) аңызы Ұлытау, Сарысу қазақтарының есінде Домбауыл батыр атымен де сақталған. Біздің заманымыздың ҮІІ-ҮІІІ ғасырында тұрғызылған Домбауыл күмбезі Кеңгір өзенінің бойында Жошы хан күмбезінің маңайында тұр (Ә.Марғұлан).

Осыған ұқсас желілер көне грек аңыздарында да бар, Еврипидтің «Алкестеда» трагедиясында: Өлгелі жатқан Адметтің орнына қараңғы көр патшалығына кіруге көнетін адам болса, ол аман қалатын болады. Оған әке-шешесі көнбейді. Әйелі Алкестиде келісім береді. Соңғы жақтары да ұқсайды. Адмет әйелімен бірге өле алмағанына қиналады, өйткені балалары жетім қалмас үшін әйелі өлмеуін сұрайды. Сонда Геракл адам жанын билеуші Танатпен соғысып, Алкестиданы алып қалады.

Осы оқиға туралды Платон («Пир») мынадай пікір айтқан: «Бірі үшін бірі өле алатындар – сүйгендер, ондай іске еркектер ғана емес, әйелдер де бара алады. Гректерде оны Пелийдің қызы Алкестиде дәлелдеген. Күйеуінің әке-шешесі бола тұра, ол үшін жан беруге Алкестиде келіскен. Оның күйеуіне деген махаббаты, ата-ананың баласына деген махаббатынан да артық болып шықты, сөйтіп, олар балаға шын жаны ашымайтын, әйтеуір туысқан екеін көрсетті. Алкестиданың бұл ерлігі адамдар ғана емес, Құдайдан да қолдау тапты. Өмірінде тамаша істер жасаған пенделердің ішінен Құдайлар тек санаулыларын ғана Аидтен (О дүние А.Қ.) жанын қайтаратын, Алкестиданың ісіне разы болғандықтан, оған да осындай құрмет көрсетіліп, жаны қайтарылады» (Платон., 1992-10).

Бұдан «өмір мен өлім» күресінің түрік, грек, византия аңыздарындағы байланыстарын көреміз.



«Өмір мен өлім күресі» Авестада да бар. Ондағы Заратуштра, су Құдайы – Ардвиг-Сура. Жұлдыздар Құдайы – Сирус, жақсылық Құдайы – Аши бәрі Ахура Мазда Құдайдың көмегімен жақсылық жасайды, жамандықпен күреседі. Ахриман Құдай Ахура Мазданың жасампаздық істеріне қарсы зияндық, зұлымдық жасайды. Ахриманның маңайына өсекші, айлакер, ұрылар, жалқаулар. т.б. жағымсыз адамдар жиналған. Ахура Мазда бәрібір жеңіске жетеді. Қараны ақ жеңеді. Қараңғы түнекке қуып тығады.

Бір жылдары Ахриман Ахура Мазданың жақсылықтарын жойып жіберу үшін Аждаһаны жібереді. Ол бірінші адам Ииманы шағып өлтіреді. Бірақ, одан қалған ұрпақтардан бәрібір адамдар өсіп-өніп, көбейеді. Ахура Мазда Ахриманды серіктерімен қайтадан қараңғы үңгірге тығады. Осылайша жауыздық пен жақсылықтың, өмір мен өлімнің күресі бірнеше қайталанады.

«Шаһнама» оқиғаларының жартысынан астамы Тұранға, оның Иранмен қарым-қатынасын суреттеуге арналған. Әсіресе, YI-YII ғасырлардағы тарихи хроника, Түрік қағанатының құрылуы да көрінген. Тұран мен Иранның шекарасы шындығында да Жейхун (Әмудария), Етілден – Ұлы Қорғанға дейінгі жерлерді алып жатқан. «Шаһнамада» қағанат тарихынан шынайы деректер бар.

«Өмір мен өлім» күресі желісі Афрасияб бейнесіне қатысты да айтылады. Афрасияб (Тұран патшасы) жөнінде әр кезде тарихшылар жазған. Афрасиябтың дәл қай жылдары өмір сүргені анық мәлім емес. Түркия тарихында біздің заманымыздан бұрынғы YII ғасырлардағы түрік мемлекетінің патшасы ретінде таниды (Түрік даласы... 1992-3).

IX ғасыр тарихшысы Табари: «Афрасияб – Фашанджұлы. Оның әкесі – Рүстем, оның әкесі – Түрік», – деп жазады. «Шаһнамада» Оғыздың әкесі Қарахан – Афрасиябтың төртінші ұлы. Егер оғыз қағанды IX ғасырдағы Оғыз бірлестігінің ұйымдастырушысы десек, бұл Афрасиябтың заманына сәйкес келмейді. Ал, егер Оғызды Мөде дәуіріне апарсақ, онда Афрасияб пен Оғыз дәуірі жақын келеді.

Афрасиябты XI ғасырдағы түрік ойшылдары Махмұд Қашқари мен Жүсіп Баласағұни да білген. Ақылды, батыр, асыл ер деп таныған. Махмұд Қашқари Афрасиябтың өзі, қызы – қаз, күйеу баласы – Сияуыш туралы деректер береді.

Афрасиябтың қазасына бүкіл түрік жұртының қабырғасы қайысып, еңреп жоқтағанын жазады. М.Қашқаридегі бұл жоқтау көпке мәлім. Бізді қызықтыратыны, Қорқыт ата сияқты Афрасиябтың өлімнен қашуы туралы аңыз:

Бүкіл түрік жұртына қоқан болған, бар өмірін өзі құраған елін қорғаумен өткізген Афрасияб қартайып, өлімнің жақындап қалғанынан сескеніп, алып, болат қорған орнатады. Оның есік-тесігін қалдырмай

бекітеді. Қабырғалары адам бойынан неше есе биік болады. Инжуден – ай, күн, жұлдыз орнатыпты. Сөйтіп, бірнеше жыл қорғаннан шықпай қойыпты. Бірақ өлім құтқармапты. Бір күні бақта жүргенде, ағаш тасасында тығылып тұрған суық өнді біреуді көреді. Ол келген ажал еді. Осы желі белгісіз туындыгердің «Тарихи Систан» кітабына енген (Короглы Х.Г., 1983-114).

«Шаһнамада» Афрасияб қорғаны – Бард қаласына жақын жердегі үңгір. Жауларынан ақырына дейін қорғанып, үңгірге тығылған Афрасиябты сол жерде қамап өлтіреді.

Әл-Фарабидің ежелгі Русь шежірелері Авиасаф деп атаған (ХҮ ғ.). Афрасияб пен әл-Фараби – Тұрананн шыққан ұлы тұлғалар. Русь жазушылары Фирдоусидің «Шаһнамасы» арқылы Тұран патшасы Афрасиябты білген соң, сол Тұранның ойшылы ретінде, Фарабиді де Авиасаф деген болуы мүмкін. Иран патшаларының Афрасиябпен соғысы – Мөденің ұрпағы Шижиның кезінде Рим әскерімен бірігіп, Иран патшалығына қарсы тұрған ғұн тайпалары соғысының елесі болуы мүмкін деген ойға келеміз.

Өлімнен қашу желісі «Шаһнамада» да кездеседі. Сасанид шаһы Яздигерд I (488 жылы өмір сүрген) жұлдызшыларды шақырып сұрағанда олар ажалының судан болатынын айтады. Содан патша суға жоламай жүреді. Бір күні мұрны қанап, тыйылмаған соң амалсыз сумен жуады. Сол жерде жан тапсырады. Бұл парсы авторларының түрік мифологиясымен сол кезде таныс екенін көрсетсе керек.

«Афрасияб – Алып Ер Тұңға туралы Махмуд Қашқари «Түрік сөздігінің жинағында» мынадай мәлімет берген:

«Тұңға Алып-Ер – сол Афрасиябтың өзі. Афрасияб Таһмұрастан үш жүз жыл кейін Мару (Мерв. А.Қ.)» шаһарын салдырған. Кейбіреулер бүкіл Мәуреннаһрды Түрік елі деп есептейді. Ол Янкенттен басталады... Қазір бүкіл Түрік елінің шекарасы Абискүн (Каспий А.Қ.) теңізіне айналып, Рум елі мен Өзкенттен Шынға дейін созылады» (Түбі бір... 1993-17).

Бұл жерде Қашқари мәліметті, негізінен, Фирдоуси «Шаһнамасына» сүйеніп беріп тұрғанын аңғаруға болады. Ол Афрасиябтың ұлы – Барсхан, қызы – Қаз екенін де жазып көрсеткен:

«Қаз – Афрасиябтың қызының аты. Қазойын шаһарын сол салдырған. Бұл сөздің негізі «Қаз ойыны – қаздың ойыны». Қыз үнемі сонда тұрып, серуен құратын. Сондықтан кейбіреулер Қазойын шаһарын Түрік елінің шекарасы деп есептейді» (Сонда. 16).

**«Патшаның тастанды баласы» және «аң асыраған бала», «мұнара басындағы қыз».** Бұл әңгіме авесталық Парадата (алғашқы адамдар), кейінгі ирандық Пешдадидтер династиясы заманында одан кейінгі Кейанидтер тұсында айтылған (Бойс М., 1988-151).



Кейінгі деректерден б.д.д. XXVIII-XXVI ғасырларда патша болған Гильгамеш туралы жазылған жырда да осы оқиға бар екенін көреміз. Кейінірек Гильгамештің тарихи тұлғасы мифтендіріле басталған. Ол 126 жыл билік құрған патша, Урук билеушісі Лугальбанда мен Нинсун Құдай ананың баласы, күн Құдайы Утуштың ұрпағы болып бейнеленген. Осы жыр нұсқаларының бірінен «тастанды бала» оқиғасын табамыз.

Онда Сәуегейлер Урук патшасына қызынан туған жиені патшалығын тартып алатынын айтады. Патша дереу биік мұнара тұрғызып, қызын жан баласына тигізбей ұстайды. Бірақ қыз кімнен екені белгісіз, бір ұл туады. Патшаның пәрменімен баланы биік мұнарадан тастатады. Осы кезде ұшып келген бір бүркіт баланы қағып алып, бағбанға апарып береді. Бағбан баланы асырап өсіреді. Бағып алған баланы Бильгамос (Гильгамеш) деп атайды (Афанасьева В.К., 1991-154). Осы жерде Бильгамос деп ат қойылуында көп мән бар сияқты. Ол VIII ғасырда Түрік қағанатының билеушісі болған Білге атымен ұқсас. Гильгамешіміз Білге болуы мүмкін демекшіміз.

Осы желі кейінгі қазақ аңыздарында (Мысалы, «Дыңсұлу») айтылады және қиссалардың сюжетіне де негіз болған. Көбіне, патша қыздарының әкесінен бөлек, мұнара, сарай салдырып тұрғаны айтылады, оларға жан баласын көрсетпесе де, ғашықтарымен бағбанның көмегі арқылы табысады.

Бір сарай сонда патша салдырады,  
Әр жерден ұста болса алдырады.

\*\*\*

- Ей, бағбан, алтын-күміс берейін деп,  
Өзінді жақсы сыйлап жүрейін деп.  
Жігітті анау жүрген шақырып кел,  
Кім екен, мен жолығып көрейін деп  
(«Гүлшат-Шеризат»).

Афрасиябтың қызы Қаздың да екі шаһары болған. Қарақалпақтың «Қырық қызында» Гүлзәйім сұлу бөлек шаһарда тұрады:

Қолдан қорған салдырды,  
Болат пенен шойыннан,  
Дарбазасын ойдырды,  
Босағасын бекемдеп,  
Қорғасын болат құйдырды.  
(Қырық қыз. 1956-7).

Бұдан мұнарадағы кінәлі қыз оқиғасының тарнсформациялануын көреміз. Сарайды бекемдеп, шаһарына жан кіргізбейтіндей етіп салу желісі сақталып қалғаны байқалады.

Жоғарыда айтылған «патшаның тастанды баласы» желісі «Мұңлық-Зарлық», «Ер Шеризат» және «Гүлшат-Шеризат» дастандарында да оқиға жасаушы желі, сюжет ұйытқысы ретінде көрінетінін байқаймыз.

Мысалы:

Ханның буаз ханымын өлтіресің,  
Басын кесіп алдыма келтіресің.  
Қасына екі жендет қосып берем,  
Бір түн бұл қызметті бітіресің.  
(«Ер Шаризат»).

Біреу келіп қалар деп,  
Қол-аяғын берік ұстап.  
Баланы суға атты енді.

(Ғашық наме. 1976-266).

**Мифтік жеті саны** – әлем моделін суреттейтін белгілер тобына жатады. Мұсылман мифтерінде «төрт құбыла» немесе «төрт тарап», «шартарап» (парсыша: чехор-төрт): шығыс, батыс, солтүстік, оңтүстік координаты ретінде алынып, оған қоса 4 саны да қасиетті сандардың бірі болып қосылады. Төрт құбыла және жер кіндігі (ортасы) ұғымдары қосылып, қасиетті 5 санын береді. Баласағұнидің, Абайдың «бес асыл іс», «бес дұшпан» осы ұғымдардан туған деуге болар. 3 санының да өзіндік сыры бар:

Аспан + жер + о дүние (тамұқ). Қазақтардың түсінігі бойынша, әлем үш бөліктен тұрады: жоғары – аспан, яғни ғарыш, ортасы – жер, төмен – жер асты. Осы қасиетті 4 және 3 сандарының қосындысынан 7 саны шығады. Ол ғылымда сакральды (ерекше) сан деп есептеледі. Сонымен, 7 саны – тұтас әлем нышаны. Оған қоса, аптаның жеті күннен тұруы, жеті қарақшы жұлдызының санының жетеу болуы да бар. Жапондарда бақыт Құдайы жетеу екен.

Жақып пайғамбар сүйікті Рахилге үйлену үшін әкесіне жеті жыл қызмет етеді (Таурат желісі). Жеті саны ежелгі түрік әдебиетінде сакральды сан екендігін Орхон ескерткіштерінен көреміз (Жолдасбеков М., 1986-86).

Әкем қаған он жеті ер ертіпті,  
Жиылып жетпіс ер бопты.  
Қосыны жеті жүз ер бопты.





Қасиетті жеті саны Бөлтірік шешеннің баласына айтқан мына сөзінен көрінеді:

Жеті атаңды біл,  
Жеті руды біл,  
Жеті жарғыны біл,  
Жеті құбыланы біл,  
Жеті жақсыны біл,  
Жеті жаманды біл,  
Жеті жемді біл!

Жеті – қазақ эпостары мен аңыз-ертегілерінде, толғауларында жиі ұшырасатын мифтік сан. Мысалы, жеті – кәміл пір, жеті жыл зынданда жату т.б. сондай-ақ, ежелгі мифтерден 12 саны да ерекше сан ретінде жеткен (Жақып пайғамбардың он екі баласы, он екі ата, он екі жұлдыз).

«Мәлік-Хасан» дастанында жеті дария бар: әуелі – от, екіншісі – су, үшіншісі – топырақ, төртіншісі – боран, бесіншісі – топан т.б. Ал, «Таһир-Зуһрада» Таһир жеті жыл зынданда жатады.

**Мифтік уақыт** – тарихи, эмпирикалық уақыт басталудан бұрынғы уақыт (Мифологический... 1991-661). Былайша айтқанда, байырғы заман; есте жоқ ескі заман; ерте, ерте, ертеде; баяғыда. Орхон ескерткіштерінде:

«Биікте көк Тәңірі,  
Төменде қара жер жаралғанда,  
Екеуінің арасында адам баласы жаралған» уақыт.

Мифологиялық ілкі уақыт архаикалық эпостардың айналасы ретінде алынады. Эсхатологиялық мифтерде ақырғы уақыт образы – ақырзаман уақыты орын алған. Қиссаларда мифтік уақыттың осы айтылған көріністері, дүние, адам, тұтас әлем жаратылысы жайындағы оқиғалардан көрінетінін байқауға болады. «Мифтік уақыт өлшемінде сабақтастық болмайды, белгілі бір оқиғалық кезеңдерді ғана межелей отырады. Мифтік уақыттың мәні нақтылы уақыт өлшемінен тыс кезеңдерді межелеп, дүние-тіршіліктің жаралуына қатысты таным-түсінік сұранымдарына жауап береді» (Сейдімбеков А., 1995).

### **Мифтік бейнелер: Итбас адамдар.**

«Сейфүлмәлік» дастанында итбас адамдар елі туралы ғажайып оқиға баяндалады. Онда маймылдар елінен келген Сейфүлмәлікке оның патшасы өзінің басынан өткен оқиғаны баяндайды:

Мені әкеп бұл дұшпандар патша қылды,  
Көндірді болмасам да осы құрды.

Итбас деген бір шаһар тағы да бар,  
Маған қызық мал-мүлік, берді бұлды.

Басы – ит, сол қызының кеудесі – адам,  
Мұным көп айта берсем қайғым жаман.  
Дұшпанға кіріптар боп зарланамын,  
Білмейді менен хабар ата-анам.

(Ғашық наме, 1976-114).

«Итбастар елінің» оқиғасы шындықтан гөрі ежелгі мифтермен байланысты екені анық. Ежелгі Египетте 2000-нан астам ер мен әйел құдайлар болған. Кей құдайлар табиғи, әртүрлі дүлей күштерін, суды, ауаны бейнелеген. Ал, кейбіреулері күнделікті өмірде қолданылатын тіршілік құдайлары болған. Мысалы: өрмек құдайы, егіншілік құдайы, тағы біреулерінің атын аңдар және құстармен байланыстырған. Оларды еске сақтауға оңай болу үшін, суретте итбасты, құсбасты, қасқырбасты, қолтыруынбасты, есекбасты т.б. етіп салатын болған. Мысалы, Сетх – шөл, боран құдайы болып есептелген. Ол есек пен шошқаның және гиппопотамның киесі болғандықтан, сол хайуандардың бейнесінде берілген. Ал, Анубис – өлілер құдайы қорқау қасқыр бейнесінде салынған. Хатхор – махаббат құдайы, сиыр басты, төбесінде екі мүйізі бар. Аналар құдайы – Басттың баласы Митос – арыстанбасты (Чизхолм Джейн... 1995-20).

Бұдан, біздің ойымызша, итбастар елінің көне Египет мифтерімен байланысты екені көрінеді: «Адам мен жануарды бөлмеу, адамды екі кейіпті болады деп түсіну, ол замандардағы миф кейіпкерін жартылай адам, жартылай жануар ретінде бейнелейді, яғни зооантропоморфтық образ жасайды. Бұл, әсіресе, төтемдік мифтерде кең етек алған, ал кейінгі дәуірлерде мифтің басқа да түрлерінде орын тепкен. Әдетте, көне төтемдік мифтерде бір рулы ел мен белгілі бір жануарлар тобының төтемдік атасы бір аң деп баяндалады» (Қасқабасов С., 1984-69). Қиссалардағы итбасты адамдар зооантропоморфтық бейнелер болса керек. Итбас адамдар туралы Марко Поло да жазған болатын (Книга... 1990-164).

Мұсылман мифтерінде адамға ұқсас, бірақ бір қол, бір аяқпен жүретін жарты адамдар туралы айтылады. Африка аңыздарында адамдар үңгірден «жарты қыз» тауып алып, олай қарап, былай қарап, «шынында адам бір қол, бір аяқпен-ақ әдемі көрінеді екен», – десіпті. Енді бір елдерде адамның басы жоқ, көзі мен аузы кеудесіне орналасқандығы туралы айтылады екен. Мұның кейбірі ел аузындағы: «бассыз үй», «бассыз ел» деген мағынаны білдіруі мүмкін.

Сондай-ақ, «Мәлике қыздың хикаясында»: «Иәжүж-Мәжүждің әсілі қайдан?» деген сұрақа ғалым жігіт: «Нұхтың нәбиінен жаратылды. Оның



түрі итке ұқсайды, бойлары он екі аршын, сакалы жеті аршын», – деп жауап береді.

Қазақ мифтерінің негізгі кейіпкерлерінің бірі – Дию. Авестада Ахура Маздаға бағынбай, көп Құдайға табынған тайпалардың аты – Даево. Осы екі сенімдегі маздалықтар мен даеволықтардың ұзаққа созылған тартыс-соғыстары тарих есінде мықты сақталғандықтан, даево-диюлар кейін келе мифтік кейіпкерге айналып, Орта Азия, Шығыс әдебиетінде кең таралып кеткен. Тіпті, латын (дивус), француз (адию), орыс (дьявол) тілдерінде де бар.

«Шаһнама» патшаларың өмір бойы соғысқан екі жауының бірі – диюлар болатын (Әжуан дию). Фирдоусиде диюлармен соғысқан патшалар: Қайумарстың баласы Сиямақ қара диюдың қолынан өледі, оның баласы Хуашанг, одан Тахмұрас та диюлармен соғысады. Дию – қазақ қиссаларында жиі кездесетін мифтік бейнелер. «Сейфүлмәлік» қиссасында Рабиғүлмәлік патшаның қызы Мәликені дию ұрлап кетеді:

Дұшпан дию екенін білдім тамам,  
Ойбайлап зарлық қылып болдым жаман.  
Қорқып, жылап, талықсып жатқанымда,  
Сол дұшпан тұрып көңіл айтты маған.

Мен – диюдың патшасы, атым – Асут,  
Неше жыл сені көріп, болдым ғашық.  
Екі жылда жетпейсің өз еліңе,  
Мұхиттан өте алмайсың кетсең қашып.

Қиссада диюдың түр-түсі нақтыланбайды, жау зорлық күші ретінде көрінеді.

Дию бейнесі Тұрмағамбет шығармаларында да бар. Тұрмағамбеттің Әжуан диюы («Шаһнамадан»), әртүрлі кейіпке түсе алады. Бір бейненің түрлі кейіпке енуі Авестада Аспанның қаһарлы Құдайы Вэртрагна арқылы көрінетін:

Қос мүйізді алтыннан,  
Тамаша, сұлу өгіз боп,  
Шыға келді алдынан.  
Буырқанған бура боп,  
Жүрер жері тура боп,  
Шыға келді алдынан.  
Ақ арғымақ ат болып,  
Шыға келді алдынан,  
Қос құлағы алтыннан,  
Нокта, жүген алтыннан.

Тұрмағамбеттің Әкуан диюы да бірде жылқы, бірде құланға айналады. Рүстем ұстайын десе, жоқ болып кетіп, ауаны қауып қалады. Мысықтай меймалаңдап жүре алады, бұлтқа кіріп, көкке ұшады, түрлі түске құбылады, кейде «Қорқыт атадағы» Төбекөзге ұқсайды:

Ақ қой деп тұрған кезде ала болады,  
Қараса қызыл ғой деп қара болады.  
Төрт аяқ түгелімен жоқ боп кетіп,  
Үш, екі я сыйдыған, дара болады.

\*\*\*

Көрінді Рүстемге болып құлан,  
Көңіліне құлан ба деп етті күмән.  
Қылышпен қуып жетіп шабайын деп,  
Шаңдақты шаба берді қылып тұман.

Дегенше эне-міне, барды жетіп,  
Қайырылып тұрып алды айбат етіп.  
Құланнан қарап тұрса түрі бөлек,  
Жарқырап жалғыз көзі барады өтіп.

Белгілі этнограф М.С.Андреевтің айтуынша, Тәжікстанда Язгулема деген жердегі тұрғындар жұма күнді «Дэви сафеда» – ақ Құдай анаға (әйелге) арнаған, ананы еске алатын күн дейді екен. Ол күні жұмыс істемейді, құрбан шалады. Қазақтың: «Ақ түйенің қарны жарылды» деуі осы салтпен байланысты емес пе екен?», – деген ой келеді. «Ақ түйе – ақ дию» арасындағы дыбыстық ұқсастықтар да бар. Ақ дию адамды өлтірмейді, тұтқындайды, ұша алады Қара дию адам жейді (Корголы Х.Г., 1983-32).

«Шаһнаманың» мифологиялық бөлімдерінде Иранның жауы – диюлар. Олар басына қасқыр не ит терісін киеді. Үнгірлерде тұратын, теңізге түссе, теңіз белуарларынан-ақ келеді, түстері қара, қабан тісті, үстін түк басқан. Ғалымдардың көрсетуінше, Мазендаран диюы – Мазендаран аборигендері. Оларды «Шаһнамада» Фридун жеңеді. Біразы өледі, үштен бірі орман, тауға қашады. «Шаһнама» қаһармандарының одан кейінгі жауы – Тұрандар болады.

Дуализм діні дүниені екі абстракциялық күш: игілік пен зұлымдық, шындық пен жалғандық билейді деп түсіндіреді. Әділет, шындық – Ахура Мазда, кесапат – Ахраманью деп білген. Үнді – арий тайпаларының әлі ажырамай тұрған кезінде-ақ, екі Құдай болған – Дайуа (Дию), Ахура. Иранның отырықшы тайпалары терістік, шығыс шекарадағы көшпелі шығыс тайпаларымен үнемі соғысып отырған. Соғыс кесапат, қырсық



саналғандықтан, диюдың жағымсыз бейнесі қалыптаса бастаған. Осы дию бейнесі көрші түрік-моңғол тайпаларының арғы аталарына да сол жағымсыз үлгіде ауысқан (Дүйсенов М., 1986-201).

«Баһрам» қиссасында Баһрам өгіз басты Дозақып диюмен, одан соң оның інісі Зақып диюмен соғысып жеңеді. Өгіз басты менатавр, итбасты кейіпкерлер – көне заман адамдарының төтемдік түсінігі. «Оғыз қаған жырында» Оғызды жорыққа көкжал бөрі бастап отырады. Ол заманда жорыққа бөрі басты атпен шығатын болған. Яғни, аттың басына бөрінің бейнесін тігіп, кептей кигізетін болған. Осы суретті, тіпті, туға да салып қойған. Сүйімбайдың атақты «Бөрілі менің байрағым», – деуі осыны аңғартады.

Иран мифтеріндегі диюлар ересен алыптар, үсті басын түк басқан, өткір, ұзын тырнағы бар, ұсқыңыз бейнеде суреттеледі. Олар да адам аяғы баспайтын жерлерде, тіпті көлдің түбінде де өмір сүреді. Онда олар жер қазынасын – алтын-күміс, қымбат тастарын қориды. Адамдарды жек көреді, ұстап алса, қараңғыға қамап, күніне: түсте екі адам, кешке екі адамнан жейді (Мифологический... 1991-203).

Фирдоусидің «Шаһнамасында» дию Сәпит Кейқауыс әскерінің көзіне күл шашып, соқыр қылып тастайды. Артынан келген Шабарман бұл хабарды Рүстемге айтып, ол жолға шығады. Бір жерде бақ ішіндегі сарайға келсе, құрулы тұрған тақты көреді. Бір сұлу қыз шарап ұсынады. Аяғы артқа қарай маймақ екенін көріп қалып, жәдігөй екенін біліп, екі аяғын екі айырып тастайды.

Алдынан қашқан киікті қуса, бір жерге келгенде, диюға айналып шығады. Оны да қылышпен шауып тастайды. Ол өлген соң су ағып, күн салқындайды.

Енді бірде тоғайда ұйықтап жатқанда тағы бір дию жолығып, оның құлағын жұлып тастайды. Дию құлағын басып қашып кетеді. Аулад дейтін бастығын да жеңеді. Онымен дос болып, Ауладтың көмегімен диюларды жеңеді.

Армиян мифтерінде диюлар – жауыз күш иесі, алыптар, кейде антропоморфты (кісі бейнелі), кейде зооморфты (аң бейнелі) болып келеді. Тіпті екі, үш, жеті басты болады. Ерен күшті, тау басында, қараңғы үңгірде, не елсіз-күнсіз жерде өмір сүреді. Үш, жеті, қырық болып топтасып жүреді. Қол астында қазынасы бар, сұлу қыздарды, ханзадаларды ұрлап әкетеді.

Дию – мифтерге көбіне ер адам кейпінде, пері – әйел бейнесінде беріледі. Армян мифтерінде әйел диюлар да бар екен. Олардың анасы алып, кеудесі үлкен, оны иығынан асырып, салақтатып қояды. Балаларға қарағанда, адамға жауыздығы аздау (сонда. 203).

«Сейфүлмәліктегі» Зәңгі қызы – дию әйел бейнесінің трансформациялануы болуы мүмкін:

Қызартып қара жүзге опа жаққан,  
Басына үкі орнына балдыр таққан.  
Қасына қара көмір сүрме тартқан,  
Емшегін бір сабадай салақтатқан.

Душпанның бойын көрсең мұнарадай,  
Ауызы үлкен үңгір, терең жардай.  
Көзі бар үзеңгідей, мұрны көрдей,  
Қалқиған құлақтары шарандай.

(Ғашық наме. 1976-111).

Дағыстан мифтеріндегі дию жалғыз көзді дәу болып келеді. Анасы бауырларымен бірге үңгірде тұрады. Адамдарға қастандық жасайды. Лактардың «Төбекөз дәу» аталатын мифтеріндегі оқиға «Қорқыт ата кітабындағы» «Төбекөз дәуді өлтірген Бисат батыр» жырымен бірдей. Жалпы алғанда, дию – дәу бейнесі бір кейіпкер екенін аңғаруға болады. Кіші және Орта Азиядағы, Қазақстан, Кавказ, Батыс Сібір, Еділ бойындағы түрік текті халықтарының бәрінде де дию – жауыз күштің иесі. Кейде дию мен пері бейнесі бірігіп те кетеді.

«Қорқыт ата кітабындағы» дию Төбекөз – пері мен адамнан туады. Қайраттылығы айдаһардай, айбаттылығы арыстандай алыпқа, онымен күресуге Оғыз батырларының ішінде арыстан емізіп өсірген Бисат қана төтеп береді.

Жырдағы Төбекөз, перінің қызы, ана-арыстан сияқты мифтік кейіпкердің болуы оқиғаның өте көне замандарда туғанын көрсетеді. «Қаранғы түнде адассам, құбылам – Тәңір», – деуі исламнан бұрынғы сенім. Батырлардың күшті аңдар кейпінде болуы не оларды аңдардың асырап өсіруі, адамның ең үлкен жауы – аңдар болған ежелгі замандарды елестетеді. Төбекөз сюжеті «Еділ-Жайық» жырларында ауызша сақталған. Еділ аң аулап жүріп, жалғыз көзді дәудің үңгіріне тап болады. Сол жерде дәумен алысып, жалғыз көзіне қызған темір тығып өлтіреді.

Төбекөз аңызының қазақ арасында кең тарағанының тағы бір белгісі – Орта ғасырлық қыпшақ жазушысы Әбубәкір ад-Дудариде осы аңызды естіп, жазып кеткен (Марғұлан Ә., 1985-161). Қазақтар оны «жалғыз көзді дәу» деп атаған.

Ежелгі аңыздардағы ортақ мифологиялық кейіпкер – Төбекөз бен «Одиссеядағы» Полифем ұқсас. Төбекөздің нендей жағдаймен байланысты шыққан бейне екені туралы болжамдар бар. Х.Короглының айтуынша, Алтай тауын мекендеген аримаспы тайпалары мерекеле төбесіне жалғыз көз салатын болған. Содан олар төбекөз атанған кейін келе, тайпа аты жеке кейіпкердің атына ауысқан болуы мүмкін. Көрші тайпалар әлгі белгісіне қарап, «жалғыз көз», «төбекөз» деп ат берген. Уақыт озып, бір кездегі әңгімелер енді ертегіге айналғанда, төбекөз белгілі



белгілі бір тайпа емес, жеке адамға, ертегінің, эпостың қаһарманына айнала бастайды. Қалай десек те, Төбекөз түрлі жағырапиялық ортаға ауысқан кейіпкер. Германия ғалымы Диц гректер Полифем аңызын күншығыс елдерінен алған деп дәлелдеген. Сондай-ақ, В.М.Жирмунский «Алпамыс» жыры мен Гомердің «Одиссеясы» арасында көптеген ұқсастықтар бар деп тапқан.

Шығысқа кең тараған «Хұсрау Шырын» немесе «Фархад-Шырын» оқиғасын алатын болсақ, оның аңыздық нұсқалары да бар. Онда тауды бұзып, қала салған Фархад – дию. «Дию қала» аңызы соны көрсетеді. Онда Фархад дию Хорезм патшасының қызы Шырынға ғашық болады. Патша Фархад диюға тас қала салдырады. Қала салынып бітуге таянғанда мыстан кемпір келіп, Шырынның өлімін естіртеді. Бірақ Шырын өлмеген еді. Әдейі Фархадтан құтылу үшін айтқан болатын. Мұны естіген Фархад дию соңғы тасты өз басына түсіріп өлтіреді.

**Жылан, айдаһар-аждаһа.** Жылан, одан ұлғайған – айдаһар бейнесінің әдебиеттегі ең ілкі түрлері «Гильгамеш» жырынан көрінеді. Онда Гильгамеш теңіз астынан өлмейтін гүлді алып шығады. Бірақ, ол гүлді бір жылан ініне алып кетеді. Соның кесірінен Гильгамеш өлмейтін бола алмайды (Эпос... 1961-57-82). XIII-XIV ғасырлардағы түрік әдебиетіндегі қиссаларда Нұх пайғамбардың кемесін бітейтін жылан бейнесіндегі «Гильгамеш» жыланына жақын екенін көреміз. Бұл жылан бейнесінің әлі іріленбеген тұсында туған сюжет деуге болады. Ал, Авестадағы жылан үш басты бейнеге енген:

Хваноға Ахура Мазданың оты  
Зымырандай ұшты.  
Артынан үш басты жылан Дахака қуды.

(Авеста. 199-162).

Аждаһаның көне грек, индоеуропалық мифтерде көптеген параллельдері бар. Мидия, Кәбіл жерлеріндегі кей елдер өзінің ата-тегін аждаһадан тартады. Жылан бейнелі жауыздық күш ретінде Фирдоусидің «Шаһнамасында» Авеста мифтерінен кіргені анық. «Шаһнама» арқылы бүкіл шығысқа кең таралған мифтік бейне.

Зоxxак бейнесі авесталық үш басты аждаһаның жалғасы деуге болады. Ортасындағы адам басы мен екі иығындағы екі жылан – үш басты жылан бейнесінен көрініс береді. Ол алғашқы патша Иимадан соң патша болған.

«Шаһнамада» Зоxxак – араб патшасы Мардақтың баласы. Оны Ібіліс алдап, жыланға айналдырады: «Мен – асқан аспазбын, қызметіңе ал», – дейді патшаның асханасына кіріп алған соң, Ібіліс адамзатқа қастандық жасамақшы болады. Ол заманда адамдар шөпті ғана жейді екен, малдың егін жемейтін болса керек.

Ібіліс патшаға әуелі жабайы құс пен аңның етін пісіріп бере бастайды.

Бірінші күні жұмыртқаның сары уызын, екінші күні ақ қырғауылдың етін, үшінші күні қой етін, төртінші күні жас өгізшенің етін асып, қоңыр-қызыл шараппен шылап, хош иісті шөппен сәндеп, жегізеді. Зоухак риза болып, Ібілістен не қалайтынын сұрайды. Сонда Ібіліс: «О, патшам, маған ештеңенің керегі жоқ, ақ жүзіңді көргеніме ризамын. Тек бір-ақ тілегім сол, иығыңа ернімді тигізсем, бақыттымын», – дейді.

Ібілістің пісірген тамағының дәмі аузында тұрған патша рұқсат етеді. Ібілістің Зоухактың иығына ерні тиюі мұң екен, екі иығынан жылан ирелендеп, өсіп шыға келеді. Шауып тастаса, қайта шығады. Тәуіп, дәрігердің бірі де амалын таба алмайды.

Ол кезде Ібіліс түрін өзгертіп, дәрігердің кейпіне түсіп, қайта келеді де: «Жыланды шауып тастағанымен, құтыла алмайсың, одан да адамның миын жегізіп отырсаң тыныш табады», – дейді. Сөйтіп, Ібіліс жер бетінен адамзатты жойып жібергісі келеді (Брагинский И.С., 1972).

«Шаһнама» және басқа да көптеген қисса-дастандарда жылан самұрық құстың балапанын жемекші болғанда, балапандарды батыр құтқарады:

Айдаһар бұл шаһарда болған тажал,  
Кез болды, балам, бізге осындай хал.  
Көп жұртқа мөрді басып ала бердім,  
Сөзіме, балам, менің құлағым сал.  
Өлтірсең айдаһарды қайрат қылып,  
Қыз түгіл, астымдағы тағымды ал

(Қазақ киссалары. 1986).

Бұл – «Әділ-Зайыт» киссасының үзіндісі.

«Гүлшат-Шеризатта» Гүлшаттың түсіне Шеризат батыр аждаһа бейнесінде кіреді:

Көрінген аждаһа боп ер екен ол,  
Ойланып саған қастық жүр екен ол.  
Қолыңнан тақытыңды тартып алар,  
Япырмау кім екенін білмеймін сол.

«Сейфүлмәлікте»:

Көреді Сейфүлмәлік бір айдаһар,  
Әлемді ашуланса бір-ақ жалмар.  
Келді де балапанға тұра ұмтылды,  
Болдырып отыр еді құс жануар.

**Самұрық құс.** Солтүстік Америка мифтерінде Күркіреуік алып құс (Громовая птица) туралы айтылады. Орталық Америкадағы алып құстың аты – Вок, Гуракан атты дауыл мен найзағай Құдайдың құсы. Гуракан аты Еуропаға «ураган» болып тараған (Тайлор Э.Б., 1989-174). Авестада





бүркіт кейіпті, сәнмура атты итбас, балық қабыршақты, канатты құс бар. Ежелгі адамдар ол арқылы аспан мен жерді және жер астын билеген дегенді нысандаған (Лелеков Л.А., 1991-501).

Самұрық қазақ қисса-дастандарына, негізінен, иран әдебиеті арқылы кеңінен жайылса керек. «Самұрық» атты қазақ қиссасы да бар. Онда Самұрық Мағұрып пен Машырықтағы екі ғашықты қоспау үшін қызды жан баласына көрсетпей, адам аяғы баспайтын жерге бағып өсіреді. Бәрібір қыз бен жігіт есебін тауып қосылып, балалы болады. Оны білмей «нар кеудесіне» салып, ұшып, Сүлеймен пайғамбарға қызды алып келеді. Нар кеудесін ашып жібергенде бір қыздың орнына үш адам түскенін көріп, Самұрық талып қалады.

Тұрмағанбеттің «Рүстем-Дастанында» Рудабе босана алмай, қиналған соң, Зал самұрықтың бір тал жүнін тұтатқанда, ол ұшып келеді.

Бір талын осы түктің салғанда отқа,  
Айналды ап-ашық күн қара бұлтқа.  
Жұп-жұмыр жұмыртқадай бұршақ жауып,  
Бір ауыл болды душар бүкіл жұртқа.

Адамдар көрді дағы қалды құлап,  
Ойбайлап қарттар жатыр, жастар жылап.  
Бұл бұршақ – Самұрықтың аққан тері,  
Төгілген тез ұшқаннан жанды қинап.

Баланы анасының ішінен Самұрық құс жарып алады. «Сейфүлмәлікте»: Сейфүлмәлік дарияның ортасында жалғыз қалған жерінен құс пайда болып, өлімнен құтқарады.

**Пері** – қисса-дастандар жиі кездесетін мифтік кейіпкер. Ондағы оқиғалар кейіпкердің пері қызына ғашық болуынан басталады («Сейфүлмәлік», «Баһрам»).

Перілердің мекені – Ирамбақ, жағымды бейнеде көрінеді. Пері мұсылман дәуірінде емес, одан да бұрын, тіпті біздің заманымызға дейінгі мифтерде айтылған. Мысалы, Авестада – пайриқа, әйел кейпіндегі жағымсыз бейнелер. Кейінгі нұсқаларында адам кескінінде, аң кейпінде болып келеді. Кейде ұшып жүреді. Адамдармен қосылып, одан туған балалар ерекше күшті, алып болып шығады.

«Қорқыт ата кітабында» Арудың Қоңыр қойшысына пері қызы: «Сен оғыз еліне жамандық әкелдің. Мендегі аманатыңды бір жылдан кейін аласың», – дейді. Пері қызы әкеліп тастаған түйіншектен жалғыз көзді бала шығады.

Перілер адамдар еліне қосылып, бірге де өмір сүреді. Пері қызы Бәдіғұлжамалға қосылған Сейфүлмәлік екі елді бірдей билейді:

Шаһзада пері, адамға үкім қылар,  
Кей уақыт Ирамбаққа барып тұрар.  
Мәликенің атасы Сарандилге,  
Кей күні анда барып сейіл құрар.

Кей уақыт өз жұртында болушы еді,  
Кей заман Ирамбаққа қонушы еді.  
Өзі пері жұртына кеткенінде,  
Сағадатты өз орнына қоюшы еді.

(Ғашық наме. 1976-174).

Пері Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білігінде» диюмен қатар айтылады. Екеуі де жауыз күштер түрінде беріледі. Бір ұғымға саяды:

Қане, дию, пері, құсқа, адамға,  
Ұлық болған пейілі таза жаһанда

(Баласағұн Ж., 1986-439).

Бұл жерде әңгіме аң-құс, дию-перінің тілін білген Сүлеймен мен пайғамбар туралы болып отыр.

Орта Азия мифтерінде еркін перілер де бар, олар бақсылардың жәрдемшісі, тіпті тұтас әскер де құрайды (Басилов В.Н., 1991-429). Мысалы: Жүніс пері, Жұлдыз пері, Құндық пері, Мысқал пері, Рахман пері, Молда пері т.б.

Қазақ аңыздарында су перісі де кездеседі. Кейде Қорқыттың анасы пері қызы болып та кетеді. Ол Қорқытты ерекше күш, өнер иесі етіп көрсетуден туған миф болуы керек.

Қазақ аңыздарында періге ұқсас, пірлер туралы да айтылады. Бұл – таза мұсылман ұғымы, діни ұстаз мағынасында болса керек. Өте ескілікті бір «Аушадияр» жырында (Иран азаматы Насрулла Тайбайұлы жіберген):

Аушадияр пір дейді,  
Ашса кілем кірлейді.  
Ата-анасын сыйлаған,  
Ақ шалмалы пір дейді.

Аушадияр екі-ді,  
Қорасан қалмақ кекілді.  
Жаста қылған тәубеңіз,  
Тас жазудай бекіді.

(Аушадияр. 1991).



Қорқыт атаны да кейінгі бақсылар «пір» деген. Ежелгі перілердің бақсыларға көмекшілік рөл атқарғанын ескерсек, «пір» де періге жақын кейіпкер болса керек:

Әуелі бақсы пірі – Қорқыт ата,  
Тілеймін медет бер деп кетсе қата.  
Адамнан ер Сүлеймен өткеннен соң,  
Мойнына көп жамағат салған бата.

(Марғұлан Ә., 1985-215).

**Ғайып, ерен, қырық шілтен** – қисса-дастандарда жиі кездесетін кейіпкердің бірі:

Кемпір айтты: «Піріңмін, ғайып ерен,  
Алғалы келіп тұрмын хабар», – дейді («Мұңлық-  
Зарлық»).

«Алпамыста»:

Ғайып ерен пірлерім,  
Бұл пәледен өзің қақ.

«Чилтон» сөзі парсыларда: «көрінбейтін қырық қолдаушы» деген мағынаны білдіріп, ал түрік тілдерінде оған қырық сөзі қосылып айтылады. Тілшілердің дәлелдеуінше, демонологиялық сипаттағы кейіпкер. Қазақтағы «шілдехананың» өзінің түбірі «чил» – қырық. Қырық күннен соң ғана жаңа туған баланың шашын, тырнағын алып, той жасайды.

«Қорқыт атада» «Дерсеханұлы Бұқашхан баянында» қырық уәзірдің кесірінен, Дерсехан өз ұлы Бұқашты жаралайды.

Сол кезде:

«Бала сол араға жығылған кезде, боз атты Қызыр келіп, баланың жарасын үш мәрте қолымен сипайды. «Бұл жарадан саған өлім жоқ, қорықпа, тау шешегі мен ананың сүтін жақса, жазылады», – деп, көзден ғайып болады.

«Ғайып ерен, қырық шілтеннің» қырық шілтені – күдіксіз анықталған тіркес. Ал «ғайып ерен» жөнінде әржақты пікірлер бар (Әміров Р., 1982):

Бірінші пікір: ғайып ерен – көрінбейтін қолдаушы. Ол жеті топқа бөлінеді, алтыншы топ – қырық шілтен.

Екінші пікір: ғайып ерен – жабайы аң.

Үшінші пікір: ғайып ерен – парсының «ғайб йаран» деген сөзі. Яғни, ғайыптан пайда болған дос.

Әрине, осы айтылған пікірлердің бәрінің жаны бар, сөз төркінін анықтауға көмектесетіні даусыз. Бірақ, «ерен» түріктің сөзі ме деген ой келеді. Ежелгі түрік ескерткіштерінде «ерен» сөзін көп кездестіреміз.

ол сөз көбіне «алып» сөзімен қосарлана келіп отырады. Мысалы, «алып ерен». Бүгінгі қолданыста «ерен ерлік», «ерен қимыл көрсетті», – деп жатады. «Ерен» сөзінің түбірі – «ер». Махмұд Қашқариде:

Ерен албы ұқұштылар,  
Қыңғыр көзін бақыштылар.  
Төлмүн қару тоқұштылар,  
Қылыч қынға күчін сығды, – деген жолдар бар.

Қазақшасы:

Ерен алыптар ұғысты,  
Қыңыр көзбен бағысты,  
Барлық қару тоғысты,  
Қылыш қынға күшпен сыйды.

Түрік тілдерінде «ерен», «аран» сөздерінің түбірі бір – ер, ерлік. «Арандай аузын ашады, аяғын топ-топ басады», – дегендегі «аран» да «ереннің» бір түрі болса керек. Ар, арлан, өр, ер сөздері де тазалық мағынасында айтылатынын ескертеді. Біздіңше, «ерлік» деген ұғымды да берсе керек.

Қорытындылай келсек, қисса-дастанның негізгі фабулалық желілері ең көне шығыстық мифтерден бастау алып, миф мәдениетін жеткізуші ретінде маңызды рөл атқарады. Қисса сюжетіндегі тұрақты желілердің түп-төркіні ежелгі мифтерден, оның хатқа түскен нұсқалары «Гильгамеш» пен «Авестадан» да табылып жатады.


«Авестаның» иран, үнді, араб, Орта Азия елдеріне кеңінен тараған, сонымен қатар қазақ мифологиясындағы қайнарлардың бірі екені ондағы мифтердің қисса-дастан сюжеттерінде, түрік әдеби ескерткіштерінде, өмір салтында сақталғанынан көрінеді.

Қисса-дастандарға сюжеттік жағынан түпқазық болған тұрақты желілерге «қасиетті мекенді» суреттеу, «нұрдан жаралған» қаһармандар, «қасиетті ағашты» дәріптеу, «хан қызының жауына болысуы», «түс көру», «Дәуіт пайғамбар және тойымсыздықты» сынау, «Сүлеймен пайғамбар және оның жүзігінің қасиетін» сипаттау, «Жақып пайғамбар және қаһарманның қыз әкесіне жеті жыл қызмет етуі», «патша әйелінің өгей баласына ғашық болуы», «патшаның тастанды баласы және аң асыраған бала», «мұнара басындағы қыз» т.б. жатады.

Итбастарелі, дию, самұрық, пері, ғайып ерен – қырықшілтен т.б. мифтік бейнелер де қисса-дастандардан жиі орын алған. Итбас адамдардың көне Египет мифтерімен байланыстылығы, оны зоорантропоморфтық бейнелер екені аңғарылады.

Қорыта айтқанда, қисса-дастандар миф тақырыптары мен желілерін, мифтік бейнелер мен қаһармандарды жаңғыртқан ежелгі әдебиеттің жанры демекшіміз.





## ТҮРІК ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ОЯНУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ НӘЗИРА ДӘСТҮРІНІҢ ТУУЫ

X ғасырдан бері қарай түрік әдебиетін ислам мәдениетінен бөліп қарау мүмкін емес. Өйткені, Египеттен – Ұлы Қорғанға дейінгі аралықта билік құрған Араб халифатының қол астына қараған елдер Ислам мәдениеті атты өркениеттің ортақ ошағын тұтатқан еді.

Әл-Фараби – ежелгі грек оқымыстылары Платон, Аристотель, Пифагор, Евклид, Птоломей еңбектерін түгелдей меңгеріп, араб тіліне аударып, оны дамытқан адам. Грек ойшылдарының еңбегін кейінгі шығыс ғалымдары әл-Фарабидің түсініктемелері арқылы оқыған. Еуропа елдері философия, математика, астрономия, медицинаны ислам өркениеті арқылы білді. Көне антикалық мәдениет дәстүрі мен шығыс дүниесін біріктіру арқылы Еуропалық Оянушылыққа жол салды деп ойлаймыз. Әл-Фарабидің: «Адамзат өз мекенінде тәртіппен, жарастықты жәрдеммен, үнемділік өлшеммен, ынсаппен өмір сүру керек», – дейтін пәлсафалық түйіні (Машанов А., 1994) түрік әдебиетінің негізгі ойларымен қабысты. Ислам мәдениеті ғылым, поэзия, өнер, т.б. салаларда өзіндік өркениет деңгейіне жетті (Фильштинский И.М., 1971-10).

Ислам дінінің негізін қалаған Мұхаммед пайғамбарымыздың (570-632) өсиет-өнегелері, өмірбаяны, оның сахабалар, әулиелер жайындағы әңгімелері бүкіл ислам әдебиетінің негізгі тақырыптарының бірі болды. «Бұл дүниеде жаңа дін жасаймын, немесе дін жолына өзгеріс енгіземін», – деп талаптанғандар аз емес. Оған қолы жетіп, тарихта аты қалғандар да, жетпегендер де бар. Мұхаммед пайғамбар адамгершілікке, әділеттілікке негізделген жаңа дінінің негізін қалады... «Құдайды сүйгеннен кейінгі басты парыз – бір-бірінді сүй», – деп үйретті (Мұхаммед... 1994-132).

«Ата-анаға Құдайдың нұры жаусын... Егер олардың бірі не екеуі бірдей жер таянып, қарғайып қалса, сырт беруге тиісті емессің. Ұрыспа, дауыс көтеріп, қатты сөз айтушы болма. Мейілінше рақымды бол».

«Пақырға қол ұшын, жоқ-жітікке қайыр-садақа бермеген адам Алла Тағаланың өсиетін аяқ асты етіп бұзған адам»... Осындай имандылық жолына салатын қағидалар мен хадистер түрік әдебиетінің де негізгі идеялық-көркемдік межесіне айналды. Дүниетаным, адамгершілік мұраттар бірлігінің түпқазығы болды.

Араб мәдениеті Еуропаға X ғасырлардың маңайында белгілі болған. Араб ғылымын Еуропаға таратушылардың бірі Испанияға келіп, араб ғылымын оқыған франциялық Герберт деген кісі, кейін Сильвестр II деген атпен Рим Папасы болған. Ол кезде Испанияның бір бөлігі Араб халифатының қол астына қараған еді. «Абай жолында» Е.П.Михайлов:

«Ендеше мен сізге айтайын, ислам тарихы – білім, ол үлкен білім! ... Ислам, араб өнері, жалпы дүние жүзінің ғылым, сана табысына көп ғасырлар бойында аса зор жемістер берген. Ескі антик өнері мен Еуропаның бәрі де келіп шыққан Ояну дәуірінің арасында жатқан бірнеше жүз жылдар меңіреулігі бар. Сондағы көп ғасырдың қараңғылық заманына сәуле беретін, тек араб мәдениеті екенін айтып өтті. Арыдағы Сократ, Платон, Аристотель мирастарының бүгінгі өнерлі». Халықтар қауымына өзінше кеп жеткізушілер шығыстан шыққан данышпандар болғанын ескертті (Әуезов М., 1989-42 б.).

Мұхаммад пайғамбар негізін салған діннің жиынтық ойлары Құранда жинақталды, ол арқылы бүкіл ислам елдеріне тарады. Әбубәкір халифаның тұсында (632-634 хатқа түсе бастаған Құран кітабы үшінші халиф Османның кезінде (644-656) беделі өңдеуден өткізіліп, жүйеленді (Пиотровский М.Б.). Кейінгі қисса-дастандарға сюжет болған Нұх, Мұса, Ибраһим, Исмайыл, Дәуіт, Сүлеймен, Жақып, Иса, Ғайса пайғамбарлар оқиғасы, олардың өмірінен алынған дидактикалық әңгімелер Құран арқылы кең тарады. Құранның түсіндіме-тәфсірлері қарапайым оқырмандардың ислам әңгімелерін білуге деген тілегін қанағаттандырды. Пайғамбарлар өмірінен алынып жазылған «Қисас-ул әнбиәның» арабша, парсыша нұсқасы шықты, түрік тілінде де жазылды. Ватикандағы «Афина» мектебі деп аталатын алып фрескада Рафаэль көне дүние ойшылдарын бейнелеген. Одан Италия Оянушылығы өзінің дамуында көне антика дүниесі мен грек ойшылдарына қарыздар екенін көруге болады: ортада – Платон мен Аристотель, оған таяу басқышта – Диоген, сол жақтағы жоғарғы топта пікір таластырып тұрған Сократ, оң жақта – Пифагор және басқа астроном, математик, суретшілер салынған. Платон мен Аристотельдің ортадан орын алуынан Италия Оянушылығы үшін олардың аса қадірлі тұлғалар болғанын байқаймыз. Көне грек ойшылдарын X ғасырдағы ислам мәдениетінде жаңғыртқан әл-Фараби екенін мақтаныш етеміз.

Ислам мәдениетінің қазақ жеріндегі ірі ошақтары – Баласағұн, Талас, Сыр бойы, Сайрам, Түркістан (Иасы) қалалары болды. Одан жүздеген ақын-жыраулар (Дербісәлиев Ә. 1995), Ақсақ Темір көргендей әскер басылар шықты. Исламдағы сопылық ағын өкілдері Ахмет Йассауи, Ахмет Жүйнеки, Сүлеймен Бақырғани сынды ғұламал ақындар болды (Сүйіншәлиев Х., 1989). «Исламият әлеміндегі «әл инсан әл-кәміл» мәселесін мораль философиясы негізінде қалыптастырған әрі осы білім саласын ғасырлар бойы насихаттап-дамытушылар» сопылық әдебиет өкілдері еді (Мырхазметов М., 1996).

Кеңес дәуірінде бір дүниені ашып айта алмай келген, тарих, археология ескерткіштерінің жүздеген дәлелдері, Орта ғасырда Қазақстан жерінде үлкен мәдениеттің өркен жайғандығы туралы зерттеулер жоғарыдағы сөзімізге негіз болмақ.

«Мұсылмандық табынушылыққа құлай берілгендер Жетісу мен



оңтүстік Қазақстанды 766 жылы жаулап алып, онда саяси билігін жүргізіп тұрған қарлұқтар болды. Олар мұсылман дінін сонау Мехди Халиф (775-785) кезінде қабылдады деген пікір бар. X ғасырдың басында ислам дінін Қараханидтер әулетінің ру басы Сатұқ қабылдады, ал оның ұлы Боғрахан Мұса 960 жылы исламды мемлекеттік дін деп жариялады.

Археологтар тапқан IX-XIII ғасырлардың қазба ескерткіштері осы өлкеде қалалық мұсылмандық мәдениет қалыптасқанын дәлелдей түседі (Байпақов К., 1992-41).

Ислам мәдениетінің қан тамырлары ретінде Ұлы Жібек жолының Батыс пен Шығыстық мәдени байланыстарды нығайтуда орасан зор маңызы болды. X-XII ғасырлар арасында Ұлы Жібек жолының бойында бұрынғы кенттерден басқа тағы 5-6 қала болғаны анықталған (Маданов Х., 1994-34).

Оның айғағы – Қарахан мәдениетінің алып тұлғалары Баласағұн қаласында туып-өскен әйгілі ақын Жүсіп Баласағұни мен Махмұд Қашқари еңбектері. Бұл дүниежүзілік мәдениетке айтарлықтай үлес қосқан тұлғалар.

Қарахан мемлекетінің тұсында қала мәдениеті жоғарғы деңгейде дамыды. Сауда, дін, ғылым, әдебиеттің орталығына айналды. Суяб, Тараз, Отырар, Йасы (Түкістан), Испиджап, Сығанақ, Мерке, Барысхан, Баласағұн сияқты ірі сауда қалалары тұрды. Олардың ішінде Отырар қаласы, араб-парсы жазбаларында – Фараб, одан бұрынғы деректерде Тарбан, өз кезінде аса бай кітапханасы бар мәдени ірі орталық болған. Орхон ескерткіштерінде «қаңлылар мекені – Тарбан қаласын» атайды. Тараз қаласы 6 ғасырда мәлім. Оның төңірегінде Барысхан, Құлан, Мерке, Аспара, Баласағұн сияқты қалалар орналасқан. Ал, Іле жағында Қойлық, Екіөгіз, Талхиз қалалары болған. Сондай-ақ, Қарашоқы, Қарнақ, Ашнас, Баршынкент туралы да деректер бар. Бұл қалалардың экономикалық өмірінде Шығыс Түркістан мен Батыс елдерін жалғастырып жатқан Ұлы Жібек жолының аса маңызды рөлі болды. Бұл жол бірнеше тарамдалып, мемлекеттің өз ішінде де байланыстырып жатты. Ташкенттен – Таразға, Тараздан Шығыс Түркістанға барса, енді бір жол Испиджабтан Ертіске қарай беттеді. Қазіргі Қазақстаннан қазба жұмыстары кезінде табылған Қытайдың жібек, форфоры, Византияда жасалған дүниелер – соның айғағы.

М.Қашқари «Сөздігінде» Баласағұн қаласу туралы «Шу – Баласағұнға жақын шаһар», – деген деректер бар.

«Сағұн» – қарлұқ тайпасының үлкендеріне берілетін атақ. Түріктің тәуіптерін Атасағұн деп атайды», – дейді (Түбі бір... 1993-14-28). Ендеше Баласағұн қаласы бір заманда бала тәуіптің мекені болуы мүмкін.

Осы қалада туып-өскен Жүсіп Баласағұни «Құтадғу білік» атты кітабымен әлемге әйгілі болды (Баласағұни Ж., 1986). Қарахан мемлекетінің тағы бір мәдени ошағы – Қашқар қаласында Махмұт

Қашқари атты филолог өмір үрді. Ол да үш кітаптан тұратын «Түрік сөздерінің жинағын» жазып, өрелі еңбек жасады (Түбі бір... 1993).

«Еуропадан Азияға дейін және оған керісінше бағытта созылып жатқан сауда жолдарына сипаттама бере отырып, сондай-ақ сол жолдармен ағылған сан алуан таңсық тауарлар, ежелгі өнер мен дін жолдары туралы әңгімелей келіп, орта ғасырлық тарих пен рухани өмірдің аса күрделі болғанын атап айтпасқа болмайды. Шығыс пен Батыс, Азия мен Еуропа тоғысқан Қазақстан қалаларында бір-біріне мүлдем ұқсамайтын мәдениеттердің өзара кірігіп, бір-бірін байыта түсулеріне аса қолайлы жағдай, ахуал туды. Өзара қарым-қатынас жасау нәтижесінде отырықшы қалалар мен көшпенді тайпалар адамзаттың ежелгі мәдениеті арқасында маржандай жарқыраған таңқаларлық мәдениет жасайды» (Маданов Х., 1994-43).

Бұл үзіндіні ұзағырақ алу себебіміз мәдениет дамуының алғышарты ретінде қалалық өмірдің, ел мен ел, мемлекет пен мемлекет байланыстарының деңгейін тарихшылар көзқарасымен парықтау болып отыр.

Осылайша араб, парсы, қытай, үнді, бұлғар бойы, Кіші Азия, Орта Азия, Еуропа елдерінің бір-бірімен араласуында кіндік Азия – Қазақстанның айырықша рөлі болды. Қазақстан байыта отырып байыды. Тамыры терең түрік әдебиетінің ескерткіштері «Орхон жазулары», «Қорқыт ата», «Оғыз қағанды» туғызған халық ежелгі Құран, Таурат, Інжіл, «Рамайна», «Панчатандра», «Шаһнама» миф-аңыздарымен салалана түседі. Діни дидактика жанры туды.

Осы мәдени үрдіс моңғол жаугершілігі тұсында да толастаған жоқ. Қираған қалалар қайтадан еңсесін көтере бастады. Мысалы, «Шыңғысхан өлгеннен кейінгі бұлыңғыр-бұлдыр жылдарда бұл қала қайтадан Сырдария бойындағы мән-маңызы зор саяси және экономикалық орталық болды. Үргеніштен шыққан жол сол арқылы – Алмалыққа, одан әрі кетті. Отырар Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстігінде кең тараған теңгелердің – шек орталығы ретінде де белгілі. Қалада XIII-XIV ғасырда ірі қоғамдық ғимараттар салу ісі қолға алынды» (Байпаков К., 1992-70).

Осы кезде Ақсақ Темір державасының мәдени жағынан жоғарғы деңгейге көтерілгенін Ахмет Йассауи, Арыстан баба кесенелері көрсетеді.

Сондай-ақ, Сарай, Сарайшық қалалары да осы дәуірдегі өзіндік өркениеттің белгілеріне жатады. «Өркениет» деген сөзді біз тек Еуропа елдеріне, оның қазіргі қалпына қарай отырып айтуға үйренгенбіз, ал негізінде, өткен тарихи жағдайлар тұрғысынан қарасақ, X-XIV ғасырлардағы Қазақстан мәдениеті өзіне тән өркениет дәуірін кешті деп айтсақ, әбестік болмас. Қала мәдениетінің дамуы, әдебиет пен ғылымдағы ұлы тұлғалар Фараби, Йассауи, Баласағұни, Қашқарилердің, Әли, Рабғұзи, Құтб, Хұсам Кәтиб, Хорезмилердің шығармашылығы, X-XIV





ғасырлардағы әдебиетте жан-жақты өсу үрдісінің болғандығын көрсетеді деген ойдамыз. Осындай даму үрдісі өз ішінде түрік Оянушылығын туғызды.

Әдебиеттегі түрік Оянушылығының белгілері, біздіңше, екі үлкен жаугершіліктен кейін көрініп отырады. X-XII ғасырда Баласағұни «Құтты білікте» державалық түрік мемлекетінің төрт құбыласы тең үлгісін жасағанда, «Өтүкен бектері», «Білге қаған», Күлтегін, Тоныкөктер құрған ұлы Түрік қағанатын елестете отырып жазса, Махмұт Қашқари түрік елінің бай мәдениетін, тілін жан-жақты сипаттап, түрік рухын ірілендіре түсті. Яғни, түрік әдебиетіндегі Оянушылықтың (Ренессанс) бастамалары да осы туындыгерлерде жатыр деп білеміз.

Түрік Оянушылығының екінші бір көтеріле түсу тұсы XIII-XIV ғасыр әдебиетінде көрінді. Орта Азияда Науаи, әл-Фараби шығармашылығында Оянушылық көріністері бар екенін В.М.Жирмунский (Литература эпохи... 1967-460-472) еңбегіне сүйеніп, қазақ әдебиеттануында алғаш сөз еткен ғалым Әуелбек Қоңыратбаев болған (1994), И.В.Боролина (1970-2-376) «Түрік әдебиетіндегі Оянушылықтың пайда болуы олардың өзін-өзі тани бастауынан және Ренессанс мәдениетінің ошағы болған көрші Иран әсерінен», – деп біледі. Ренессансы да шамалас, XII ғасырда басталып, XVI-XVII ғасырларда аяқталған. И.С.Брагинский Ренессанстың негізгі шарты орта ғасыр жағдайындағы қала мәдениетінің дамуы, колөнер, сәулет өнері, сауданың дамуы деп біледі (1974-174-177). Осы алғы шарттардың X-XIV ғасырлардағы Қазақстанда толығымен болғандығын тарих зерттеулеріне сүйене отырып, жоғарыда айтып өттік.

Жетпісінші жылдарға таяу, алпысыншы жылдардың аяғында бүкіл түрік әдебиетінің тарихына қатысы бар, Орта Азия Ренессансы туралы В.М.Жирмунскийдің мақаласына ілесе, түрік әдебиетіндегі Ренессанс белгілері туралы ойды татар ғалымдары қозғаған болатын (Хисамов Н.Ш., 1979-184). Армян, грузин, иран, қытай, араб т.б. шығыс халықтары әдебиетінде жалғастық тауып, Италияда аяқталғаны туралы біршама еңбектер жазылған (Конрад Н.И., 1967). Бұл мәселе қазақ әдебиетінде әлі де арнайы зерттелген емес.

Бізді толғандыратыны, әл-Фарабидің ғылымдағы тұлғасының Леонардо да Винчиден ұқсастығы, Жүсіп Баласағұнидің көне антика әдебиетінің принциптеріне сүйенетіні, ежелгі грек ойшылдарын дәріптеуі; Йассауи және оның ізіне ерген Иүгнеки, Бақырғани, Хакім аталардың гуманизм идеяларын ту етуі; Нәзира дәстүріндегі қиссалардың ежелгі сюжеттерді қайталай жаза отырып, адамгершілік, түріктік мәселелерді көтеруі; Ақындардың шығарманы ана тілі – түрік тілінде жазуы. Сөйтіп, түрік тілінің мәртебесін көтеруі. Осылар түрік Оянушылығы жөнінде тілге тиек болады.

Бұл көне дәстүр араб тіліндегі әдеби үрдіс ретінде тарап, араб

халифаты қарамағынан шығып, Саманид патшалығы құрыла бастаған парсы әдебиетінде қайта жаңғырды. Ал, түрік-қазақ әдебиетінде Алтын Орда мемлекетінің кезінде негізгі әдеби үрдіске айналды. Нәзираның негізгі тақырыптары әлі қол үзіп кетпеген араб сюжеттері және оны жаңғыртқан парсы қисса-хикаялары болғанымен, ол түрік Оянушылығымен астарласып кетті. Ақындар ежелгі мифтерден «әділ патша» және «адамгершілік» желілерін алып дамытты.

X-XIV ғасырдағы түрік ақындарының Баласағұниден – Әлиге дейін ел тәуелсіздігі мен бірлігін ұстай білетін «әділ де айбарлы патша» бейнесін жасауға тырысуы: араб және монғол шапқыншылықтарынан кейінгі түрік мемлекетінің іргесін Түрік қағанаты тұсындағыдай нығайту қажеттілігінен туса керек. Ол: Баласағұниде – Күнтуды Еліг пен Айтолды уәзір. «Қисса-Жүсіптегі» – Жүсіп патша, «Жұмжұмадағы» – Жұмжұма сұлтан т.б. әкімдер мен хакімдер.

Нәзиралық әдебиет, қисса-дастан жанрының түрік әдебиетінде дамуына көрші жатқан Иранмен әдеби байланыстар зор әсер етті. Сондықтан оның жайын бір-екі ауыз еске алмай кетуге болмайды.

И.С.Брагинскийдің айтуынша (1972-35-40), парсы әдебиетінде VIII-XI ғасырдың бас кезінде классикалық даму үрдісі болды. Араб тілді әдебиеттің аясында мұсылмандық дәуірге дейінгі парсы мәдениетінің культтеріне деген қызығушылық, оны жаңғыртушылық басталды. Оның жарқын өкілдері – Абдаллах ибн ул-Мукаффа (724-759), Башшар ибн Бурд «шубияшылдар» дейтін оппозиция өкілдері шығармаларын ана тілінде жазып, Иран тілінің мұраты үшін күрескен. Өз өлеңдерінде тәуелсіз Иран мемлекетін құру идеясын ұсынған. Иран Оянушылығының бастамасында осындай көңіл-күйдің ықпалы болған.

X ғасырдың бас кезінде Саманидтер мемлекеті болып Араб халифатынан бөлінген кезде парсы тілді иран әдебиеті жаңа қарқынмен дамыды. Оның орталығы болған Бұхара бүкіл Иран мен Орта Азия елдерінің мәдени кіндігінің бірі болды. Парсы әдеби мектебі қалыптасты. Осы дәуірде Рудакидің соңын ала елуден астам (Брагинский И.С., 1972) екі тілде бірдей жазатын ақындар пайда болды. Оның ішінде «Патшалар кітабын» жазған Даники, осы дастанды жетілдіріп, құлпыртқан Фирдоусилар («Шаһнама») бар. Бұл дәуірдегі парсы әдебиеті елдік рухты көтерді. Ө.Күмісбаев: «Қайта өрлеу дәуірінің гуманизмі, адамға деген ілтипат. Оның Құдайға көзқарасы Фирдоуси фундаментін берік қалап тастады», – дейді (1995-22). Нәзиралық шығармалар туды.

Парсы тіліндегі сопылық поэзия мен прозаның бастапқы тұлғаларының бірі – Абдаллах Ансари (1006-1086). Поэмадағы гуманистік бағытты дамытқан ақындар Омар Хайам (1040-1131) мен Низами (1141-1203) болды. Бұлардың ішінде Ансари мен Низами түрік нәзирашыларының



алдында ғана өмір сүрген немесе замандастары еді. Олардың түрік ақындарына тиген шығармашылық әсері мол.

Түрік әдебиетіндегі «Қисса» жанрының дамуы тікелей осы нәзира дәстүрімен байланысты болды. Нәзиралық әдіспен жазылған шығармалар «қисса» деп аталады. Қиссаның тамаша үлгілері XIII-XVI ғасырлардағы түрік әдебиетінде туды. Олар: Әлидің «Қисса-Жүсібі», Хұсам Кәтибтің «Жұмжұмасы», Құтбтың «Хұсрау-Шырыны», Рабғузидің қиссалары (Рабғұзи туралы бұрын жазғандықтан, бұл жұмысымызда қайталамаймыз. 1988).

Аңыз бойынша, Мұхаммед пайғамбардан бір қызық қисса (әңгіме, баяндау) айтып беруді сұрағанда, ол өсиет-өнегеге толы әдемі бір әңгіме айтты дейді. Пайғамбардың бұл әңгімесі «Қисса Жүсіп» болатын (Пиотровский М.Б., 1991-90). Түрік әдебиетіндегі қисса жанрының басы – «Қисса-Жүсіптен» басталатын себебін осы аңыздан іздегеніміз жөн сияқты. Жалпы, нәзира жанрын «қисса» деп атау да осыған байланысты шықса керек.

XIII-XIV ғасырлардағы түрік қисса-дастандары XIX-XX ғасырдың басы кезіндегі қазақ әдебиетінде өз алдына бір сала болып жалғасты.

#### **«Қисса-Жүсіп» (XIII ғ.) және «Жүсіп-Зылиха» (XX ғ. басы) нұсқасы.**

Қазақ арасында «Жүсіп-Зылиха» деген атпен белгілі болған бұл сюжеттің негізін ежелгі мифтерден, Таурат пен Інжіл, Құран оқиғаларынан алып, алғаш түрік әдебиетінде XIII ғасырда (1212-1233 жылдар арасы) тірілген адам - Әли. Одан кейінгі XV ғасырда «Иусуф уа Зулайха» атты поэма жазған Дүрбек, өзін осы сюжетті түрік тілінде бірінші жазған кісімін деп білген (Дүрбек., 1959-22-23). Науаиді зерттеуші ғалымдар оның ақынар антологиясындағы үш жүз отыз алты ақын өмірінен келтірген деректерінің ішінде «Қисса Жүсіптің» туындыгері Әли туралы ештеңе айтылмайтынын көрсетеді (Джавад Алмаз., 1960-2). Олай болса, бұл шығарма Дүрбек пен Науаи өмір сүрген ортаға белгісіз деген сөз.

Ал, «Қисса Жүсіпті» көбірек зерттеген татар ғалымдары Тагирджанов Г., Джавад Алмаз, Усманов М., Хисамов Н.Ш. бұл ескерткішті ежелгі Бұлғар бойынікі деген дәлелдер келтіруге тырысады (Тагирджанов Г., 1970; Усманов М.А., 1972; Хисамов Н.Ш., 1979). Одан бұрынырақтағы орыс түркологтары Самойлович А.Н., Бертельс Е.Э., Броккельман К., Э.Нәжіп сияқты ғалымдар бірі – Кіші Азияда, бірі – Орта Азияда, бірі – Еділ бойында туған дейді. Орта Азияда туды деуіне себеп болған нәрсе – Әли қиссасының сопылық көзқарастары тұрғысынан Ахмет Йассауи «Хикметтеріне» ұқсастығы болатын (Туркологический... 1972).

Біз неміс ғалымы К.Броккельман айтқан, бұл қиссада оғыз тілінің элементтері көптігін тілге тиек ете отырып, оны Бұлғар ескерткіші дегеннен гөрі, оғыздардың ежелден мекені Сыр бойы екенін ескеріп, осы

өңірде туған қисса деген пікірге келеміз. Бұл қиссаның қазақ арасында кең тарағанын XX ғасыр басындағы Жүсіпбек Шайхұсламұлы, Құлмұхамед Байұғлы нұсқаларының жазылуынан аңғаруға болады (Қыраубаева А., 1988-59-60). «Қисса-Жүсіптің» Йассауи шығармаларының дәстүрін жалғастырғаны жөнінде Қожа-түрік Анкарадан шыққан «Түрік әдебиеті тарихы» (1964) еңбегінде: «Йассауидің діни шығармаларында қалыптасқан түрік төрттағандары үлгісінде өлеңмен жазылған Әли романы қандай тамаша!», – деп тамсанады.

Әлидің «Қисса-Жүсібі» түсініктілігімен ерекшеленеді. Өйткені, онда ежелгі «Иосиф» мифтерінен (ол туралы бірінші тарауда айтып өткенбіз) Иосиф пен Потифардың жұбайының оқиғасы ғана бөлек алынып, басқаларын осы фабулалық желінің айналасына жинақталған. Сөйте тұра, өзіне дейін Фирдоуси, Ансари жазған парсы поэзиясының ықпалына берілмей, түрік өлеңінің үлгісімен, төрт жолды өлең түрімен шығарады. Тағы бір ерекшелігі – түрік фольклорын пайдаланады. Осылардың өзі Әли шығармашылығынан түрік Оянушылығының көріністері байқалатындығының куәсі деуге болады. Осы тұста Е.Э.Бертельстің мына пікірін келтіре кеткен жөн:

«Әли парсылық туындыгердің ізімен кеткен жоқ. Өз халқының өлең үрдісін сақтап отырып, шығармасын төрттаған түрінде *ааба* схемасымен жазып шыққан. Бұл өлең түрі бірқатар түркі халықтарында қазіргі күнде де қолданылады» (Бертельс Е.Э., 1939. №9).

«Қисса-Жүсіптің» көшірмелері Берлин, Дрезден, Ленинград, Қазан қалаларында сақтаулы. Қазан кітапханаларынан және жеке адамдардан жүзге жуық көшірмелері табылған (Джавад Алмаз, 1960). Бірнеше рет кітап болып басылған. Бұл қиссаның қазіргі қазақ тілінде белгілі қиссашыл ақын Жүсіпбек қиссасын қатар ала отырып қарастырдық. Жүсіп пайғамбар оқиғасын парсы-түрік тілдерінде көптеген ақындар жазды. Оның түпкі нұсқасы, әрине, Құранның 12-сүресі және Фирдоуси жырлаған «Жүсіп-Зылиха».

Бірақ Әли, Жәми, Дүрбек – үшеуі сүйенген бір ортақ негіз XI ғасырда өмір сүрген Герат ғалымы Абдаллах Ансаридің (1006-1088) прозалық сюжеті екені анықталып отыр. Оны алғаш салыстырып зерттеген Е.Э.Бертельстің шәкірті өзбек ғалымы Э.Р.Рустамов (1966), татар ғалымы Н.Ш.Хисамов (1979) болды. Ал Фирдоуси «Жүсіп-Зылихасын» жазғанда IX ғасырда өмір сүрген Табаридің Құран тефсірін қарағаны мәлім. Рабғузидің «Қисас-ул әнбиасындағы» «Қисса Жүсібі» Ансаридің ғазал аралас келіп отыратын прозалық шығармасы «Анис Мүридин уа шамс ал-маджалисіне» «Мүридтер досы және мәжілістер күні» сүйеніп жазылған деген пікір бар.

Әли бұл шығармасын араб-парсы тіліндегі кітаптардан алғандығын өзі де көрсеткен:



Исуф саучы қиссасын қылдұқ ғайан,  
Ғараб ғажам діл едінче қылдұқ байан.

(Қисса мәтіні қазан баспасынан түсірілген микрофильмнен және Хисамов Н.Ш. ұсынған нұсқалардан алынды. Аудармасын өзіміз жасадық).

**Қиссадағы кемел, әкім бейнесі.** «Қисса Жүсіпте» Платонның, әл-Фарабидің, Ж.Баласағұнидің тұтас идеал ел жүйесі жалғасын тапты. Орхон ескерткіштерінде де ел қамын ойлап, «күндіз отырмайтын, түнде ұйықтамайтын, қызыл қанын ағызып, қара терін төгетін» кемел көсемдер бейнесі жасалған болатын.

Түрік әдебиетінде Баласағұни: басшысы – әділ, ақылды, мейірбан; уәзірі – ақылман, елмен қарым-қатынасты жетік білетін; хас хажабы – (сарай министрі) сырты сұлу, жібі түзу, жаны бай; қазаншысы – арамдыққа жол бермейтін мемлекет жүйесін жасады. Онда көршімен қарым-қатынас, жар таңдау, ұл-қыз тәрбиесі – бәрі-бәрі айтылады. «Ай маңдайлы ұл-қыз туса алдында, өсір, бөтен жерде қалдырма».

Баласағұнидің ел басқарған бекке қояр талабынан мінез билеушісі бейнесі көрінеді:

1. Бек: көрікті болсын – жауы күйінсін,  
Орта бойлы болсын – көзің сүйінсін (20836)
2. Шарап, ішпе, басыңа зинақорлық қылмағын,  
Құтың қашар, басыңа мұң шырмалып (2091).
3. Кішпейіл, болсын жарқын мінезі,  
Кішілерді кешіре алсын бір өзі (2022)
4. Ел халқына лайық ойдың теңізі,  
Ел сүйінер шындық болсын лебізі (21246)
5. Бір – елге әділ заңды қаратқын,  
Екінші – әскер, ерге күміс таратқын (2133)
6. Жаны жұмсақ, сақилығы жарасып,  
Мейіріммен жүрсе жұртқа қарасып (2073)
7. Болсын бектің сөзі берік, ісі анық,  
Халық сенсін! Халық сенсе – күш алып! (2038)
8. Болу керек бек жігерлі, бек сергек,  
Салғырт болса – оған қалай ел сенбек! (2014)
9. Ұят – қасиет, нұр құяды өңіне,  
Ол сүйрейді ізгіліктің өзіне (2009)
10. Болу керек бек білікті, ақылды,  
Емде ақылмен ауру шалмас басыңды (1969), – дей келіп:

Осындай бек – болар халық көсемі,  
Ұрпағы өссе – даңқы өседі, – деп түйіндейді.

Біздің ойымызша, Баласағұни осы кітабын жазғанда, бұрынғы Білге мен Тоныкөк, Күлтегіндерді біліп, солардың жырдағы тұлғасына қарап, оны елестете отырып жазған болса керек. Ақын оларды: «Өтүкен бектері» деп атаған. Осы атау әдемі де сәтті табылып айтылған секілді, бүгін де белгілі түрік көсемдерін «Өтүкен бектері» десе, орынды-ақ болар еді деген ойдамыз.

Орхон ескерткіштерінде «автор соғыс жүргізіп барып қаратып алған, өзге елмен шектесетін мекеннен ертедегі түркілер әуелде орда көтерген мекенде – «түріктің ыдұқ (қасиетті) жер-суын» бөліп айтады. Ол – Орхон өзені, Өтүкен тауы, Алтай мен Жоңғар (Сол қар – сол қол). Ол – Алатау сілемдері, Іле бойы. Автор сол «ыдұқ жер-суда» түркі халқын қозғалмай, отыруға үгіттейді. Түркі ордасының бөлініп, жерді тастап, қаша көшуге, әсіресе, Хуанхэ өзеніне, Ордосқа қарай баруына қарсы. Ол: «Сен көшпе, ол жерге барсаң, түркі халқы, құрып бітесің. Өтүкен жерінде отырып, алым үшін керуен жіберіп тұрсаң, дүниенің көп, қайғың жоқ болады. Өтүкенде отырсаң, мәңгілік бірлігің бұзылмайды», – дейді (Өмірәлиев Қ., 1985-45). Олай болса осы сөздерді айтып отырған, оны тасқа қашап жазып кеткен YIII ғасыр түріктерінің көсемін «Өтүкен бектері» деуі көңілге қонымды көрінеді. Баласағұни былай дейді:

Не дегенін тыңда, Өтүкен бегін де,  
Есті сөзбен ер атанған тегінде:

Шыншыл, сара басшы керек халыққа,  
Халық үшін түсіп шығар тамұққа.

Халыққа жақ, көңілі – тоқ, көзі – тоқ,  
Ойы терең, тілі майда, сөзі – шоқ...

Жасай алар ізгілік пен ірілік,  
Заң, ұятты сақтай білер жүгініп (1962-1965).

Өтүкен – түрік жұртының қасиетті мекені, ежелгі шаңырақтың шамын жағып, түтінін түтеткен, сүттей ұйып, тіршілік еткен жер ретінде жазба әдебиетте қалған.

Түрік жұрты елінің бүтіндігі үшін жан беріп, жан алған Алып – Ер Тұңға бекті де қадірлей еске алып, оған арналған жоқтау жырында ел бегінің кемел бейнесін жасайды. Ол Фирдоусиде – Афрасияб, Авестада – Франграсиан, бауырының аты – Агрерата. Яғни зороастр діні шыққан заманның өзінде мифке айналып үлгерген бейне (б.д.д. XY ғ.).

Осының өзі Афрасиябтың жиынтық бейне екенінің дәлелі болса керек. Зерттеуші, жазушы Т.Жұртбаев та осы пікірді айтыпты. Ар Афрасиябты



«Ишпақай немесе оның немересі – Мәди патша», – деген ұсынысын ғалым өз дәлелдерімен толықтыра түсер (Жұртаев Т., 1994-94).

Алып – Ер Тұңға патшаның «Жоқтау жырындағы» бейнесінен мынаны көреміз:

1. Аяулы ер: Түрік көсемінің өліміне елдің қабырғасы қайысып, «жүрегі жыртылып, қайғы солдырып», әйелдердің меңді жүзі сарғайды».

2. Бектердің бегі: «Бектердің бергін алып кетті, Қашса, қалай құтылар».

3. Атқан оғы дәл тиіп межені күйретер күшті ер: «Оғын атса дәл кезеп,

Кім тоқтатар көлбеу кеп.

Тауды атса көздей кеп,

Шың шатқалы қақырар».

4. Білімді батыр: «Білімді батыр жүнжіді, Замана аты жаншыды».

5. Ізгі: «Ізгілер тәнді жидіді, Жерге тиіп сүртілер».

(Өмірәлиев Қ., 1985).

Баласағұни жасаған бектердің, Өтүкен бектерінің, Алып – Ер Тұңға бектің де кемел бейнелері XIII-XIV ғасыр әдебиетінде жалғасын тапқан. Сәйф Сараидың «Гүлстан би-т-түркиіндегі» Әмір Тейхасбегі, Хорезмидің «Махаббат намасындағы» Қожабегі – кемел патша бейнесі желісіне қызмет етеді.

Сәйф Сараидің Әмір Тейхасбегінің сипаты төмендегідей:

Ол – мейірім бұлағы, қайырымдылық – қанында,

Ізгі аты – дәйім ел аузында.

Дін, дүние, атақ-даңқ – бәрі өзінде.

Білімнің бұлағы, тамаша жан.

«Гүлстанның» сәні – Тейхасбек (Ежелгі дәуірдегі... 1991-269).

«Тейхасбек төрелік айтса, қара қылқы қақ жарады. Хатымтайдай мырза, сөзі – жауһар, арыстан жүректі ер» (Сонда).

Әділ патша бейнесін «Қабуснамада» (1082-1083), өзінің ұлы Гиланшаһқа арнап, пайғамбар жасына келгенд Кейқауыс дана да жазған. Ақыл-кеңестері түгелімен Баласағұни мен Әли ойларына үндеседі:

«Ей, перзентім, егер падиша болсаң, өзінді жаман істерден аулақ ұстай білгін... Жан дүниең таза болсын. Әрдайым шыншыл болып, кем сөйлеп, аз күлгін... Әрдайым кешірімді болуға әрекеттен, Құдайдың пенделеріне рақымды бол. Ал рақымсыздарға рақымсыз болу артық емес... Алты нәрсені әрдайым есіңнен шығарма. Олар: сестілік, әділеттілік, қайырымдылық, мейірімділік пен мәдениеттілік, шындық», – дейді (Қабуснаме. 192-145).



XIII ғасырдағы түрік әдебиетінде осы дәстүрді жалғастырушы Әли «Қисса Жүсіпте» негізгі кейіпкер Жүсіп бейнесі арқылы, «әділ не қадірлі патша қандай болуы керек?», – деген сұраққа жауап іздейді. Сөйтіп, мінсіз патшаның тұлғасын жасап шығады.

Жүсіп – сұлулық нышанына айналған кейіпкер. Өйткені, Таурат-Инжіл, Құрандағы Жүсіптің бірінші қасиеті – сұлулығы болатын (Иосиф Прекрасный). Бірақ, Жүсіп пайғамбар бала күнінде өзін айнадан көріп, таң қалғандығы үшін, мақтанға салынғандығы үшін, Алла Тағала жазалайды. Оны кейін ағалары Мысырға құл қылып сатып жібергенде, Жәбірейіл періште былай дейді:

Иа, Иүсүф, сен көзге бақтыңмеді,  
Көзгуде көркүң көрүп ұқтұңмеді,  
Бен сатылұр құл олсам дедіңмеді,  
Бенім баһам кім еткүрүр дедің емді.

Аудармасы:

Иә, Жүсіп, сен айнаға қарамап па ең,  
Айнадан көркің көріп таңбанбап па ең?  
«Мен сатылар құл болсам, – демеп пе едің?  
Менің бағама кім жетер!» – демеп пе едің?

Сөйтіп, «бағама кім жетер!», – деп мақтанған Жүсіптің түкке тұрғысыз болып сатылғандығын келтіреді. Патша болған кісіге мақтаншақтық жараспайтынын қиссадан екі рет ескертеді. Екіншісінде, Құддыс бегі Жүсіптің жүзін көріп, ол келе жатқан керуенге құрмет көрсетеді, тіпті оны сатып алып, иеленген Мысыр көпесінен тартып та алмақшы болады. Сонда Жүсіптің жүзін бір көрген 12 мың әскер түгел есі ауып, құлап қалады. Жүсіпке:

«Беңа беңзар һеч кімсана иокдүр емді».

«Маған тең келер ешкім жоқ енді», – деген мақтаныш көңіліне кіреді. Бұл жерін Жүсіпбек Шайхұсламұлы былай суреттейді:

Он екі мың кісі еді келген шауып,  
Бірі қалмай құлады есі ауып.  
Керуен күштеп жөнелді аман-есен,  
Дұшпаннан кетті алысқа қылмай қауіп.  
Олардың басы айналып, естен танды,  
Керуен халқы бұл іске қайран қалды.  
«Мендей көрікті жаһанда жан бар ма!», – деп,  
Жүсіп тағы бұл істі көңіліне алды.

(Ғашық... 1976-388).





Алла Тағала Жүсіпті онда да тәубасына келтіреді. Керуен тағы бір жерге барғанда, Жүсіпке ешкім қарамай қояды. Сөйтсе, ол қаланың адамдары Жүсіптен де сұлу екен. Оның себебін түсінген Жүсіп, Алла Тағаланың ісіне шүкірлік қылады. Осы екі мысал арқылы Әли патшаға мақтансүйгіштіктің керек емес екендігін ұқтырады.

Жүсіп сұлулығы Зылиханың сөзімен де беріледі. Бұл үрдіс «Махаббат намада» да бар. Онда қыз сұлулығы жігіт аузымен сипаттау арқылы беріледі. Осындай ұқсастық «Махаббат нама» мен «Қисса Жүсіптің» суреттеу тәсілдері мен тілінде де бар екенін кездесіп қалып отырады. «Қисса Жүсіпте»:

Айдыр, айа Иүсүф, сенің сөзің датлу,  
Ұсанымдан дыңламаға не рахатлу.  
Иүзүң ләтәйф, құлажың хұб марұтлу,  
Ешітсем рахатым артар емді.  
Уәсәлің діләрам жан рахатым,  
Жамалың құйал кебі, ғишқың қатты.  
Суретің ғажаб, тарафа лұғазын йетті,  
Ханжар кебі жанымдын кечер емді.

Аудармасы:

Айтшы, ай, Жүсіп, сенің сөзің тәтті,  
Шаршамай тыңдай берсем, қандай рахат!  
Жүзің жұмсақ, лебізің сүйкімді,  
Естіген сайын рахаттана беремін.  
Кездесуді күткен кезім – жан рахаты,  
Жамалың күн сияқты, ғашықтық қатты.  
Суретің ғажап, шартарапқа тілің жетті,  
Қанжар сынды жанымды алар енді.

XIII ғасырда жазылған осы суреттеуді өз нұсқасынан оқығанда, шығыстың поэтикалық жүйесі аңғарылып тұрса да, құлағымыз үйренген қазақ өлеңінің әуенін естігендей боламыз. Әлидегі Зылиханың Жүсіпке айтқан бұл сөздерін Ж.Шайхұсламұлы айна-қатесіз қайталайды, бірақ өз заманының оқырманына лайықтап жазады:

- Ай, Жүсіп, жүзің нұрлы, сөзің – шырын,  
Бұл күнде ішкен асым – у мен ірің.  
Сен сөйлесең, көңілімнен сабырым кетер,  
Сөзімнің тыңдамайсыз бір де бірін.  
Менің сізден тілегім – жан нәубеті,  
Нұр жүзіңнің ыстығы ішіме өтті.  
Қанжардай тілді бауырымды нұрлы жүзің,

Суретің, ғажап түрің, лебізің тәтті.  
Пиала сипатындай қастарыңыз,  
Тіс – меруерт, қызыққандай достарыңыз.  
Өз қолыммен өруге лайық дүр,  
Жұпар, сүмбіл секілді шаштарыңыз.

Біз сілтеменің ұзақ болып кетпеуін ескеріп, Әлидің де, Жүсіпбектің де қиссаларынан осы үзіндіні қысқартып беріп отырмыз. Ал түгел салыстырып қарағанымызда, суреттеу атрибуттары мен нышандарының түгелге жуық сәйкес келетініне көзіміз жетті.

Әли қиссасында Жүсіптің кейпіне қыпшақ атрибуты қосылады. Яғни, жігіттің шашын тарап-өру. Зылиха оның шашын тарап, 12 өрім қылып өреді (Рабғузиде – 40 өрім). Бірақ, кейінгі ақындар бұл жерін қабылдамаған секілді, өйткені, уақыт өте келе, бұл салттың өз де қалған. Мысалы, Жүсіпбекке «шашын тарау» дерегі сақталғанымен, толық көрсетілмейді:

Өз қолымен Жүсіптің шашын тарар,  
Инжу-маржан, меруертпен байлап, оар.  
Күннен күнге артады ғашық оты,  
Көрген сайын қалмайды сабыр-қарар  
(Ғашық наме. 1976-403).

Қиссада Жүсіптің сұлулығы да мынадай бір-екі тұстардан толықтырылады:

Бірінші, Жүсіптің ағалары алдына келіп (бірақ Жүсіпті танымайды), бір інісі болғандықтан, оны жас кезінде қасқыр жеп қойғандығын, оны әкесінің бәрінен артық көргендігін айтқанда, Жүсіп әдейі: «Ол қалай, пайғамбар жұрттың бәріне бірдей болмай ма?», – дейді. Ағалары:

«Сәуар һәм сен оны назар жандан,  
Сен көрмәдің уәсфін нете қалам емді».

Аудармасы:

«Сүйер едің сен де оны жаннан артық,  
Көрген болсаң оның жүзін қаламменен сызғандай», –  
деп, Жүсіп сұлулығын әсерлей түседі.

Екінші, Мысыр әйелдерінің Жүсіпті көргенде, сәбіз кесемін деп, өз қолдарын кесіп алуы Жүсіп көркіне психологиялық әсерлік беріп, сендіре түсу қызметін атқарады.

Қолдарын қызыл қан ғып турап отыр,  
Ғашық дертке қатындар, улап отыр.



Ісі жоқ қолыменен қатындардың,  
Қолдарынан қандары ағып отыр.

\*\*\*

Жүсіпті көрген қатын таң боп кетті,  
Адасып ақылынан қаңғып кетті.  
Тамақ ішіп-ішпегені есінде жоқ,  
Үсті-басы шиедей қан боп кетті.

Түрік киссаларында (Әли, Жүсіпбек) Зылиханың Жүсіпке ғашықтығын айтып, «еліттіру» желісі сыпайылық межеден аспай жырланады. Ал, парсы нұсқаларында (Табари, Ансари, Жәми) Зылиха Жүсіптің екі рет еркектік намысына тиген соң, шидай алмай Зылихаға берілмекші болады (Хисамов Н.Ш., 1979-52). Әлиде: Зылиха Жүсіптің қолынан ұстаған кезде, ол күлімсірейді де, Алладан хабар келген соң, бұрылып кете барады. Ал, Ж.Шайхұсламұлына Зылиханың Жүсіптің қолынан ұстауы айтылмайды, бірақ, Жүсіп нәби Алладан дауыс келген соң, қатты қорқады:

Гайыптан Жүсіп садақ үн есітті,  
Жаман істен қолыңды тартқын депті.  
Ол аятты есітіп, қатты қорқып,  
Онан соң Жүсіп нәби сабыр етті

(Ғашық наме. 1976-409).

Жүсіптің бұл арадағы іс-әрекетін бір адамның басындағы махаббат және Алланың парызы деген екіұдай сезімнен туған деп түсінуге болады. Өйткені, Жүсіптің Зылиханы жек көруі туралы әңгіме жоқ. Ол тек Алланың берген пайғамбарлығына адал болуды ойлайды. Бұл желі Әлиде махаббаттан гөрі Аллаға адалдығын баса көрсетуінен байқалады. Жалпы, Жүсіп мифтерінің еуропалық нұсқаларында: «Иосиф Прекрасный» болса, мұсылман мифтері «Жүсіп Сыддық» (сенімді) деген эпитет қосып айтады.

Жүсіпбек кемел патша бейнесін Жүсіпті Мысырға сатуға әкелген Мәлік Дуғарға айтқызады:

Әуелі, орта бойлы, гауһар көзді,  
Екінші, өз сұлу көркем жүзді.  
Үшінші, жетпіс екі тілді білер,  
Сөйлесе, балдан тәтті, жұмсақ жүзді.  
Төртінші шапағатты, инабатты,  
Бесінші адал жүрек, бек айбатты.

Алтыншы, қырық кісінің жігері бар,  
Бір өзі қырық кісіден һәм қайратты.  
Жетінші, діні таза, диянатты,  
Сегізінші, залым емес, ойлар хақты.  
Тоғызыншы, пайғамбардың нәсілінен,  
Оныншы, мінезі артық, шапағатты.

Бұл жерде Жүсіпбектің дастан қаһарманына он қасиет беруі мынаған байланысты болса керек: 10 – мифтік санын қасиеттеп айту дәстүрін ұстанған (Дүние жеті тұтастықтан тұрады және үш әлем, оған тағы жер беті, жұмақ, тозақ қосылады. Жеті тұтастықтың төртеуі – төрт тарап),.

Жүсіп Баласағұни де Хас Хажыпқа он түрлі қасиет береді:

Хажыптыққа он қасиет табылсын,  
Ажарымен, ақылымен танылсын (2487).

Осы он түрлі қасиеттің алғашқыларының бірі – көрікті болу: «Болу керек өнді, күндей оянған». Баласағұни жасаған кемел ел басқарушысының бұдан да басқа да жақсы қасиеттері: ақыл, білім, діндарлық, тектілік, кең пейілді, құлқы түзу (парақорлыққа қарама-қарсы ұғым ретінде беріледі А.Қ.), сондай-ақ, ұяты бар, арлы, үні күшті, сөзі мәнді, ойлы орман (Баласағұни Ж., 1986-252-255).

Көптеген туындыгерлер Жүсіптің қайратты, күштілігіне мән береді. Табари «Тәфсірінде» Жүсіп керуеннен ибн Иәмин атты інісін алып қалу үшін соғысады. Фирдоусиде: пілдей күркіреп, орнынан тұрған кезде айналасындағылар қалтырап қоя береді. Ал, Дүрбек қиссасында ағаларымен, әуелі, Жүсіптің ұлы Мишам жекпе-жекке шығады. Иаһуда мен Шамғұнды жеңген соң: «Әкем менен күшті!», – дейді. Ағалары Жүсіптің ұсынысымен, далада жатқан ауыр тасты көтеріп көріп, орнынан қозғалта алмайды, ал Жүсіп аяғымен түртіп қалғанда, тас қаңбақ құрлы болмай, шырқай ұшып, аспанға бір-ақ жетеді. Ғалымдар бұл бөлігі түрік фольклорынан енгендігін атап көрсетеді.

Ал, Әли мен Жүсіпбек қиссаларында патшаның аса күштілігі бірінші орында емес. Жоғарыда суреттелген он қасиеттің ең негізгілері: «сұлу, жетпіс екі тілді біледі, жұмсақ жүзді, мейір-шапағатты». Әлиде: «шапағатлы, марұтлы». Жүсіптің жетпіс екі тілді білуі сандық нышанға (числовая символика) байланысты.

Жүсіптің тағы бір қасиеті әкесімен жақсы қарым-қатынасы арқылы көрінеді. Жақыптың Жүсіпті жақсы көру себебі қиссаларда баяндалып жатпайды, оның төркіні Жақып жайындағы мифтерде сақталған.

Жүсіптің ағалары Лия мен оның күні және Рахилдің күнінен туған



болатын (Рахил – Жүсіптің анасы). Сол себептен Жақыптың Жүсіпті жақсы көруі өзінен-өзі белгілі болып есептелініп, қиссада дәлелденіп жатпайды. Ілгеріде айтып өткніміздей, Рахил Жақыптың ең сүйікті жары болған. Бұл жердегі әңгіме өзегі Жүсіпке байланысты өрбиді.

Жақыпқа балалары «Жүсіпті қасқыр жеп қойды», – деп, көйлегін қанға бояп әкелгенде, сол қасқырды куәлікке шақырады. Ол өзі жоғалған бөлтірігін іздеп шыққан екен. Бұл тұста ежелгі мифтер бойынша алынған бөрі – бір тайпа ел бейнесі болуы мүмкін (бөрі төтемі). Көйлекті қанға бояп көрсету желісі «Қорқыт ата кітабында» да бар. Банушешектің ағасы Қаршар Бамсының көйлегін қанға бояп, Байындыр ханға әкеледі:

- Ей, бұл не көйлек? – деді.

- Сұлтаным, бұл – Бәйректің көйлегі, Қара Дербендте өлтірген, – деді.

Көйлекті көрген бектер бұған нанып, өкіре-өкіре жыласып, айғай-шу, азан-қазан болды (Қорқыт... 1995-58).

Жақыптың баласына деген махаббаты шексіз. Құлдыққа сатылып кеткен Жүсіптің хабарын самал желден сұрайды:

Ақырын аскіл сабах йел етерсің,  
Сен хакиқат Иүсүфмден иіс дұтарсың.  
Жарахатым үлгірімге сен йетарсың,  
Сен өсәлі бен мафрұх олдым емді.

Аудармасы:

Ақырын ес, самал жел, сокпай кетпе,  
Сенде ақиқат, Жүсібімнің иісі бар.  
Жарақатым жүрегімде сен жазарсың,  
Сен ескен соң, мен қуанышты болдым енді.

Жүсіп құлдыққа сатылғанда, ең әуелі, әкесін ойлайды. Мысалы: «Ағламақтан екі көзі көрмез емді» – «Жылаудан екі көзі көрмей қалар». «Аһ, дариға, ғазиз едім далил (қор) бодым», – деп жылайды.

Зылиха Жүсіпке арнап сарай салдырып, оған Жүсіпті шақырып, өзіне көндірмек болғанда, Жәбірейіл әкесінің кейпіне келеді. Нәпсісін тыйып, сабыр қылуға ақыл береді (Оқиғаның бұл бөлігі Жүсіпбек қиссасында жоқ). Фирдоуси дастанында Жүсіпке жазуы бар қол көрінеді. Онда: «Аллаға бәрі де аян!», – деген сөз бар екен. Оған да көнбей, Жүсіптің пендешілік оты маздай бастайды. Қол тағы көрініп: «Бұл ісің жұмаққа барар жолындағы үмітінді үзеді!», – деген жазу шығады. Сол кезде Жәбірейіл Жақып кейпінде кіріп келіп тоқтатады. Әкесін сүйген Жүсіп, сонда ғана сабырға тоқталады.

Фирдоуси сюжеті бойынша, Жүсіп Египетке патша болған кезінде әкесін сағынып, оған сәлем айтатын кісі іздейді.

Ол Ханааннан келген адам болуы керек еді. Ақыры, базарда бір кісінің түйесі Жүсіпті көріп, тоқтай қалады. Үстіндегі кісі аң-таң болып, «Сен кімсің?» – деп сұрайды. Жүсіп Ханаандық кісі екенін білген соң: «Жақып аман ба?» дейді. Көзінен жасы сорғалап тұрады. Өлгі араб: «Он екі баласы бар еді, біреуін қасқыр жеді», – деген кезде: «Ол баласы мен едім», – деп, басынан өткен оқиғасын баяндап береді (Хисамов Н.Ш., 1979-79).

Әлиде Ханаандық кісіні Жүсіп зынданда отырған кезде көреді. Өзі қайғыланып отырған Жүсіптің туған елінен келген кісіні көріп, көзіне жас алуы онда сенімдірек берілген. Арабтың түйесі зынданның қақпасының алдына шөгеді де, Жүсіпке Ханааннан келгенін және Жақыпты білетінін айтады:

Иүсүф айдыр: Қанғаннан күлүрмүсін,  
Анда бір қаба ыйғағ білүрмүсін?  
Чөресінде бұтақлары білүрмүсін,  
Ол бұтақлар он екі му тамам емді?  
Ғараб айдыр: аңладым бұ сөзіңні...

Аудармасы:

Жүсіп айтты: Ханааннан келдің бе сен?  
Онда бар бір биік ағаш білдің бе сен?  
Және тағы бұтақтарын білдің бе сен?  
Ол бұтақтар он екі ме – бәрі түгел?  
Араб айтты: аңдадым бұл сөзіңді...

Жүсіпбек бұл тұста Әлиді қайталай отырып, эпостық жыр дәстүрімен жырлайды:

Жүсіп сонда сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
Қанғаннан мұнда келдің бе?  
Ол шаһардың ішінде,  
Қаба ағаш білдің бе?  
Он екі бұтақ басында,  
Түгел ме екен көрдің бе?  
Ғараби сонда сөйлейді...

(Ғашық шаме. 1976-418).

Мұндағы «қаба ағаш» – биік ағаш, әлем үйлесімінің нышаны – бәйтерек бейнесі болуы керек. Арабтан әкесінің хабарын естіген:

Жүсіп қатты жылады,  
Атасы жайын есітіп,



Сүйегі жаман сынады,  
«Уа, дариға, атам», - деп,  
Жер бауырлап құлады,  
Атасын ондай деген соң,  
Қайтіп шыдап тұрады?

Жүсіп бейнесіндегі адамгершілік қасиеттері анасы Рахилдің бейітінің қасынан өтіп бара жатып, зар еңіреп жылауы арқылы, еміреніп, егілуі арқылы берілген:

Зары қыбылб айдыр: «Анам – Үммі Рахил!  
Бенім халым нетелгін көзің көргіл.  
Қардашларым сатты бені, байан білгіл,  
Аза ердім, бенделікке дүшдім емді».

Аудармасы:

Зарын қылып айтты: «Анам – Үммі Рахил!  
Менің халым не болды, көзіңмен көр.  
Бауырларым сатты мені, оны біл,  
Азат едім, бенделікке (құлдыққа – А.Қ.) түстім енді.

Осы кезде аспан күркіреп, қар аралас жаңбыр төгіп жібереді. Оқиғаның бұл тұсын Жүсіпбек Әли мәтінін сақтай отырып, әдемі баяндайды:

Мейірбан ғарап анам, халым көргін,  
Ағаларым сатты ғой, мені, білгін.  
Күншілдікпен қас болып, залымды қып,  
Нұр шұғыласын көп көрді жарық күннің.  
Ағаралым үстемдік жүрдірді ғой,  
Қасірет отпен жанымды күйдірді ғой.  
Қол-аяғым шынжырлы, мойным бұғау,  
Ғарбат тонын үстіме кидірді ғой.

Жүсіпке айтқан анасының зары, аналық мейірінен төгілген сөздері «Қорқыт ата кітабындағы» Бұқаштың анасының зарына, эпостық жырлардағы аналар зарына ұқсас келеді.

Жүсіпбек Шайхұсламұлы Әли қиссасындағы жолдарды мағыналық жағынан айнытпай қайталайды. Әли:

Анасының молдасынан бір үн келді.  
Иә, Жүсібім, халың неге бұлай болды?  
Ағаларың бұл қорлықты неге қылды,  
Ғапыл болып бұл бәлеге түстің енді

(Хисамов Н.Ш., 1979-113).

Жүсіпбек:  
Үн келді қабірінен анасының,  
«Жүсібім, халың қиын, қарашығым.  
Ағаларың неліктен мұндай қылды,  
Неліктен сенен алды бар ашуын?»

\*\*\*

Ғапыл болып бәлеге неғып түстің,  
Қасыңа бір ағаң да келмеді ме?»

(Ғашық наме. 1976-384).

Жүсіптің жоғарыда суреттелген қасиеттерінің бәрі оны кемел билеуші рөліне дайындап әкеледі. Ол Зылихаға көнбегендіктен, Зылиханың күйеуі зынданға салған жерінде көп жыл отырып, ақыры, патшаның екі түсін шешкен соң, зынданнан шығады. Құранда патшаға жақын адам болып жүреді, ал парсы қиссаларында, әуелі, Зылиханың күйеуінің орнына уәзір болады, онан соң сұлтанның орнына таққа отырады екен.

Жүсіп өзі патша болғанға дейін талай қайғыға түсіп, талай жапа шегеді. Өмірдің қиыншылығын көруі де әділ патша болуына әсер етті деген ой туады. Зынданнан шыққан Жүсіпті Египеттің барышасы қуана қарсы алады:

Мысыр аһлы жұмласы қарсы келді,  
Иүсүфнің йүзін көріб ләзиз болды.  
Алтын-күміш, інжу-маржан назар қылды,  
Хас уа хамлар арзу қылыб иүкірер емді.

Аудармасы:

Мысыр халқы қарсы алып келді бәрі,  
Жүсіптің жүзін көріп, ләззат алды.  
Алтын-күміс-інжу-маржан шашып,  
Қас жақсы мен қаралар жүгірді енді.

Бұл тұсын Жүсіпбек былай келтіреді:  
Мысыр халқы Жүсіпке келді бәрі,  
Ұлы-кіші шаһарда жас пен кәрі.  
Басына дүррі, маржан, інжу шашып,  
Тағзымдап қатар тұрды баршалары.

\*\*\*

Риянның (патшаның А.Қ.) қадір Алла мейірін салды,  
Жүсіптің жүзін көріп қайран қалды.





Жүсіпке тақтан түсіп, орын беріп,  
Мәлік-Риян тағзым ғып қолын алды.

Жүсіпбекке Мысыр патшасы бірден тағынан түсіп береді. Барлық қиыншылықты басынан өткізген Жүсіп, халқына қайырымды патша болып, жеті ашаршылықта елді аздырмай ұстайды. Сәйф Сараи «Гүлстанда»: «Жүсіп патша Мысырда аштық болған жылы аштарды ұмытпас үшін тамақ жемепті» деген қанатты сөзді келтіреді.

Жүсіп патшалығында елі мен билеушісі үйлесім тапқан бақытты халық өмір сүреді. Жүсіпті Әли: «Һеч кімсеге чор жафа қылмас емді», – дейді. Жүсіпбек оны:

Өзі ғалым, данышпан, ақылы кәміл,  
Қақ жарған қара қылды болды әділ.  
Аузынан шыққан сөзі шекер-балдай,  
Адамның ешбіріне қылмас жәбір, – деп жазады.

Жәбірейілден: «Алдыңнан кездескен бірінші адамды уәзір қылып ал», – деген соң, атқа мініп жолға шыққанда, алдынан жыртық шапаны бар біреу шығады, сөйтсе, ол баяғы бесікте жатып куәлік беретін бала екен. Баласағұни: «Тауып ал сенер үш кісінді: бірі – қазы, екіншісі – халифе, үшіншісі – уәзір», – дегендей, кемел елдің уәзірі де патшасына сай болып шыққанын қалайды.

Жүсіп патша бетіне перде жауып, базарды аралайды, халқының халі не болып жатқанын содан біледі. Сонымен, Әли Жүсіп бейнесіндегі мінсіз, кемел әкімді жасау арқылы Платон мен әл-Фараби, Баласағұнидің «қайырлы мемлекет» идеясын жалғастырды демекшіміз.

Әлиде «хәкім мен әкім» мәселесі бір тұлғаның басына жинақталу арқылы шешіледі. «Қисса Жүсіптегі» Жүсіп – әрі хәкім (дана), әрі әкім. Хәкім мен әкімнің даралануы «әкімнің хәкім болуы шарт емес» деген тұжырымға келген кездерде басталса керек. Бұл мәселе ежелгі мифтерже «Мұса мен Перғауын» оқиғасында түйінделген болатын. Оны Ақмолла ақын (XX ғ. басы) өлеңмен былай деп өрнектеген:

Білуші ем мен де біраз сөз толғауын,  
Дұшпанның жаласына жоқ қой дауым.  
Біз түгіл пайғамбарлар қуғындалған,  
Тұсында әр Мұсаның бір Перғауын

«Хәкім мен әкім» желісінің бір тармағы әдебиетте «әкім мен ақын» мәселесіне ұласқан. Бұлар – өз алдына салмақты зерттеуін күтетін тақырыптардың бірі.

**Ғашықтық желісі мен мінсіз әйел бейнесі.** Бірінші тарауда ежелгі

мифтер бойынша Жүсіпті жолдан тайдырмақшы болған Потифар деген Египет уәзірінің жұбайы болғанын айтқан едік. Ол кейін Жүсіп пен Асенеф желісіне ұласқан болатын. Осы желілерді дамыта отырып, Потифардың жұбайын Зылихаға айналдырып, ғашықтық оқиғасын қоюландыра түскен Фирдоуси еді. Ол кісінің тектен-текке дастанның атын «Жүсіп-Зылиха» қоймағаны анық.

Осы ғашықтық желіні дамыта түсуде парсы ақындарының біраз еңбек сіңіргендігін Е.Э.Бертельс айтқан (1935-59). Жәми, Ансари дастандарында Зылиханың Жүсіпке деген ынтықтығын ақтап, дәлелдей көрсету жолында ақындық ізденістер жасалған. Өйткені, өз күйеуі бола тұрып, қол баласына ғашық болған әйел бейнесі шығыс салтына келіспейтін еді. Сондықтан, «түс көру арқылы сырттай ғашық болу желісі» кіргізілді. Таймұс шаһтың қызыу Зылиха Жүсіпті түсінде үш рет көреді. Бірінші көргеннен-ақ ғашық болған Зылиханың тынышы кетеді:

Зылиха айтты: «Ұйқыда бір түс көрдім,  
Түсімде тамашалы бір іс көрдім.  
Жаһаннан сипаты асқан сурет көріп,  
Зар жылап соның үшін мен хош ұрдым.  
Ол сурет көз алдымнан кетпей отыр,  
Ұстауға қолым менің жетпей отыр.  
Ақыл-күшім, сабырымды түгел алып,  
Дүниеге көңілім риза етпей отыр».

(Ғашық наме. 1976-394).

Зылиханың бір жыл өткен соң көрген екінші түсінде: «Сен – мендік, мен – сендікпін, тезірек кел», – деп аян береді:

Байан білің, сен бөнің, бен сеніңбен,  
Бенден өзге неч кімсені неч білмен.  
Бенім ғышқым хатрыңдан сен салумаң,  
Бенден өзге неч кімсеге бақмаң емді.  
Аудармасы:  
Мынаны біл: сен – мендік, мен – сендікпін,  
Менен өзге ешкімге көңіл бөлме.  
Мендегі махаббатты естен шығарма,  
Менен өзге ешкімге көзің салма.

Жүсіпбекте:

Тыңдасаң: мен – сенікі, сен – менікі,  
Тұл маған – басқа жанмен ойын-күлкі.



Аударма көңіліңді ғашықтықтан,  
Шығарма қатеріңнен мені ішкі.

Үшінші түсінде Зылиханы Мысырға шақырады. Әли бұл тұста парсы туындыгерлерінің ырқында кетпей, Жүсіпті сабырлы етіп көрсетеді. Ол Зылиханы да сабырлы болуға шақырады, бірақ сезім шырмауында елтілген патша қызы тездетіп Мысырға асығады.

Сабыр біле ішлегіл үшбу іші,  
Сабыр бірле ішләнұр ішләр башы.

Аудармасы:

Сабырменен істегейсің бұл істі,  
Сабырменен басталар істің басы.

«Қисса Жүсіптегі» «сабыр» желісі «Махаббат намада»: «Махаббатта сабыр керек» дейтін тұжырым түрінде қайталанып, айтылып отырады. Мысырға келген Зылиха түсіндегі жігіт пен Мысыр билеушісінің бір адам емес екенін көріп, есінен танады. Көзін ашып, күңіне мұңын шағады:

Толун айдек балқыр еді аның йүзі,  
Бал-шекерден датлу еді аның сөзі.

Күңі сабыр қылуға шақырады.

Қиссада Жүсіп пен Зылиха барлық жағынан теңдес, мінсіз бейне болып суреттелген. Зылиханың сұлулығы Жүсіптен бір кем емес:

Зылиха кісі еді сол кісінің,  
Дүниеде адамзаттан артық көркі.  
Сипаты толған айдай нұрлы жүзді,  
Балқиды толған айдай нұрлы жүзі.

Зылиха әкесі дегенде, Жүсіптің Жақыпты жақсы көргеніндей, жаны бөлек:

Жүсіпті қандай жақсы көрсе Жақып,  
Зылиха атасына ол да сондай.

Зылиха Мысырға әкеліп сатылған Жүсіпті өзіне алып, жүзін көрген соң, ғашықтығы бұрынғыдан да арта түседі. Әли: «Мүшкіл халға түседі ол осыдан соң, бір сағатқа көрмесе Жүсіп жүзін», – дейді. Сүт анасының ақылымен әдемі сарай салдырып, Жүсіпті соған шақырып,

өз көңілін білдіреді. Бұл жерде Зылиха мен Жүсіп бейнесіндегі қатар жарыстырмаларды көреміз. Жүсіп те ағаларының жасаған жамандығын есіне түсіру үшін, оларды өз басынан өткен оқиғалардың суреті салынған сарайға әкеліп, тәубасына келтіретін.

Бұрынғы киссаларда (Фирдоусин Ансари) Зылиха сарайында эротикалық мағынасы бар суреттер салынғандығы айтылады екен. Әли оның орнына түрік жұртының ахылағына сәйкес, інжу-маржан, жақұтпен безендірілген алтын тұлпардың суреті салынғандығын жазған. Бұл сарай жігіттің желігін қоздырып, жан дүниесін қозғау үшін салынған еді.

Зылиханың эротикалық сарайын Жүсіпбек те жалпы әдемілігі тұрғысынан ғана сипаттап өткен. Сарай салуды ұсыныс етуші күннің азуымен сипатталады (Жүсіпбек оны даяшы деп жазған). «Саған арнап жасаттым мұны өзім, сарайдың өрнектері саған ұқсар», – деген емеурін ғана танытады.

Зылиха – мұсылман әдебиеті арқылы қосылған бейне. Жүсіптің кемел қасиеттерін, пайғамбарлығын аша түсу үшін алынған. Сөйте тұра киссаларда өзінің мақсатына жету үшін күресуші кейіпкер ретінде елеулі тұлғаға айналып, Жүсіп сюжетіне өзіндік өзек болып тартылған. Сүйгеніне деген адалдық, үміт отын сөндірмей, Жүсіптің жолын 40 жыл тосқан Зылиха, ақыры, дегеніне жетеді («Алпамыста» - Гүлбаршын, «Ер Төстікте» – Кенжекей де Зылихамен тамырлас кейіпкерлер).

Парсы поэтикалық нұсқаларында Жүсіп көп әскерімен келе жатып, жолда отырған Зылиханы таныған соң, сарайға алып баруға ұйғарады. Осы кезде баласымен қауышқан Жақып ырзалығын беріп, Жүсіп-Зылихамен қосылады. Ал, Әлиде: Жүсіп 800 мың әскермен келе жатқанда Зылиханы көреді:

Ошалдын таз башын Иүсүф тартды,  
Қашынпа келді йәне ахуал сұрап.  
Не кіші сен, не хажетің уардүр деді,  
Айт беңе рауа қылсам дейүр емді.  
Зылхиа айдүр: «Ешіт, уа, шаһы жаһан,  
Халым зағиф, көзүм кермес, білгіл байан».

Аудармасы:

Сол жерде аттың басын Жүсіп тартты,  
Қасына келді және халін сұрап:  
«Неңдей кісісің, не қажетің бар?  
Айт маған, көмектесем», – деді енді.  
Зылиха айтты: «Тыңдаңыз, жиһан шаһы,  
Халім қиын, көзім көрмес, айтам баян».



Жүсіпбек оны қазақ ұғымына әдемілеп жеткізеді:

Зылиха зағип болды, көзі көрмес,  
Тағам, киім алмаққа халі келмес.  
Сонда да көп ойлайды сүйген жарын,  
Бірақ ол ғаріптігін Жүсіп білмес.

Осылай ғашықтықпен отыратын,  
Өзі кәрі, көзі жоқ соқыр қатын,  
Күндіз-түні жатады бұл үнгірде,  
Үміт етіп Жүсіптің махаббатын.

Енді Жүсіпке Зылиханың 42 жыл күткеніне дәлел керек болады. Дәлел дастанда өте әсірелеу арқылы көрсетіледі. Жүсіптің қолындағы қамшысын сұрап алған Зылиха «ah» дегенде, іштегі жалынымен қамшының сабы ериді. Сол кезде Жәбірейілден Жүсіптің құлағына уәһи келді:

Есітті Жәбірейілден мұны Жүсіп,  
Сөз айтып, Зылихаға мейірі түсіп,  
Алатынын есіттіріп Зылихаға,  
Үйіне кетті қайтып жолға түсіп.

Дастанның соңы «Қорқыт ата кітабындағы» «Тоқа Қожаұлы Темірұл» оқиғасына ұқсайды. Онда Темірұл үшін әке-шешесі жанын бермей қойғанда жұбайы: «Сенен қалған төсекте жатар болсам, ол мен сары жылан болып шақсын», – дейді. Темірұлға деген жұбайының адалдығына риза болған Алла Тағала екеуіне 140 жыл өмір береді. «Қисса Жүсіпте» Зылиханың Жүсіпті 40 жыл адалдықпен күткені үшін Алла Тағала оны қайтадан жасартады:

Ұлұғ сағат Жәбірейіл хазір келді,  
Қанаділе сифады, дұға қылды.  
Зылиханың көзі нұры йікіт олды,  
Беңзі нұры айтек балқыр емді.

Аудармасы:

Сол сағатта Жәбірейіл жегіп келді,  
Қанатымен сипады, дұға қылды.  
Зылиханың көзі нұры жасарады,  
Жүзі нұры толған айдай балқыр енді.

Содан Зылиха Жүсіпке қосылып, он екі ұлды болады (бұл жерде он екі – қасиетті сан ретінде алынған). Ал, мифте, сондай-ақ, кейбір

акындарда Жүсіптің екі ұлы – Фарахим мен Минша, Тауратта – Ефрем мен Манассия болғандығы туралы айтылған. Жалпы, шығыс дастандары Жүсіптің Зылихадан бұрынғы күннен туған екі ұлы барын айтса, түрік әдебиетінде: Әлиде, Рабғузиде, Жүсіпбекте Зылиха Жүсіптің жалғыз некелі әйелі ретінде көрінеді. Себебі, Жүсіптің өз басы төрт шешеден туған балалардың арасындағы қақтығыс құрбаны болды. Туындыгерлер осы оқиғаның қайталанбауын тілейді. Түрік әдебиетіндегі моногамия желісі Әлиден көрінеді. Оның оғыз әдебиетінде де бар екендігі туралы Х.Короглы айтқан болатын (1976-42). Әли Низамидің замандасы ретінде, оның «Хұсрау-Шырын», «Ләйлі-Мәжнүн» дастандарын білгені анық, Низамиде де моногамия мәселесі көтерілген болатын (Бертельс Е.Э., 1956-121). Әли Қиссасындағы ғашықтық желісін одан кейінгі дәуірлерде Жәми, Науаи, Дүрбек жалғастырған. Қазақ дастандарында үрдіс болған.

«Қисса Жүсіп» оқиғасы жақсы ниетте, адамшылық пернесін басқан, мажорлық нотада аяқталады. Жүсіп ағаларының өзіне жасаған залалдығын кешіреді:

Амандасып отырды күліп-ойнап,  
Ағалары ұялды ісін ойлап.  
Мен кештім, ұялмаңдар дегеннен соң,  
Қуанып кетті бәрі уа, Құдайлап.

Қырық жыл үзбей күткен Зылиха мұратына жетеді. Ел-жұртымен қосылып, бақытты өмір сүреді.

Зылиха бейнесі кейінгі дәуірлердегі әдебиетте дараланып, ғашықтық дастандардың негізгі кейіпкеріне айналды. Мінсіз әйел бейнесін жасау дәстүрге айналады.

Әли мен Жүсіпбек қиссаларын салыстыра оқи отырып, екеуінің арасында оқиғалық айырмашылық жоқ екенін көреміз. Тіпті жолма-жол ұқсастықтары аңғарылады. Осыдан Жүсіпбек «Жүсіп-Зылиханы» Әли нұсқасын пайдалана отырып жазды деген қорытындыға келеміз. Ол Қазан баспасының оқып пайдаланса керек.

Әлидің «Қисса Жүсібінің» қазақ әдебиетіне қаншалықты жақын екенін мына өлең жолдарының Мағауияның (1869-1904) «Медғат-Қасымымен» ұқсастығын ағартса керек:

Бір хаши құл уар Қылыш атлу,  
Құлларының жұмласындан ол һайбатлу.  
Қара йүзлу, йаулық қатты, сиясатлу,

Аудармасы:

Бір қара құл бар еді Қылыш атты,  
Құлдардың бәрінен де ол айбатты.  
Қара жүзді, жаулығы қатты, саясатты.



Енді «Медғат-Қасымдағы» Қасым бейнесін салыстырып қарайық:

Дейтұғын бір құлы бар Қасым атты,  
Қара сұрлау пішіні, зәңгі затты.  
Отты қара көзі бар, ұзын бойлы,  
Тәкәппар, тәуекелшіл, бек қайратты.

XII-XIV ғасырдағы түрік әдебиетінде Оянушылық идеясы алғаш көтерілген шығарма – Әлидің «Қисса Жүсібі» деуге болады. Ондағы түрік Оянушылығының көріністерін Жақып бейнесінің Қорқытқа ұқсауынан аңғарар едік:

Жақып саучы салам қылды хабар сұрды,  
Феріштелер Жақуба һәм жауаб берді.  
Мәуланың бір досына ажал ерді,  
Аның үчүн көр қазармых дейүрлар емді.

Аудармасы:

Жақып пайғамбар сәлем берді, жай сұрасты,  
Періштелер Жақыпқа және жауап берді:  
«Алланың бір досына жала ерді,  
Сол үшін көр қазамыз», – дейді енді.

Бұл айтылған ойлардың «Қорқыт көрімен» сабақтастығына күмән келтіре алмасақ керек. Сондай-ақ, «Қорқыт ата кітабындағы» Бамсы Байрақтың жейдесін қанға бояп, Байындыр ханға көрсететін тұсы «Жақыпқа Жүсіптің көйлегін әкеліп көрсету» желісіне ұқсас.

Жоғарыдағы үзіндіде «Алланың досы» деген тіркеске назар аударуға тұрарлық. Пайғамбарды «Алланың досы» деген түрік сөзімен баламалау – Әли тұсында кездесе қоймайтын әдеби дәстүр, оны сол кездегі жазба әдебиетте «Жақып нәби» немесе «Жақып ғалайһи-с-салам», «Жақып саучы» дер еді. Бұдан Әли қиссасының түріктік рухта жазылғандығы көрінеді. Тағы да бір сөз – «бұғау». Ол Әли өмір сүрген әдебиетте барлық жерде «зынжыр» деп беріледі. Оны Әли түрік сөзінің баламасымен:

Бернлар айдыр, йа мәлік, беңа инан,  
Бұ құлұсын дүтмағыл һәр кез кәмән.  
Бағ бұғауны шөшмегіл аяғынан,

Аудармасы:

Олар айтты: Иәф, мәлік, бізге илан,  
Бұл құлға еш уақыт сенім артпа.  
Кісен – бұғауын шешпеңіз аяғынан.

Бұл Жүсіптің ағаларының Мәлік Дұғарға құлдыққа Жүсіпті сатып тұрып айтқан.

Сондай-ақ, Жүсіпке анасы моладан дауыс қылып: «Жаным, ұлым», – дейді. Бұл орта ғасыр ескерткіштерінде Әлиден басқа туындыгерлерде кездесе бермейтін түрік эпитеті: «Жаным, ұғұл, бұ жафаны неден білдің?» – «Жаным, ұлым, бұл қорлықты неден таптың?», – дейді.

«Қисса Жүсіпте» түрік әдебиетінің дәстүрін мұрат тұтқанынының тағы бір көрінісі: Жақып пайғамбар өлгенде оның жаны құс боп ұшады:

Шәриф тәндін айұрылды ғазиз жаны,  
Құша беңзаб ұжмах геба учар емді.

Аудармасы:

Бекзат тәннен айырылды ғазиз жаны,  
Құсқа ұқсап жұмаққа (қарай) ұшар енді.

Бұл «кеудемнен көк кептерім қош деп ұшты» (Кемпірбай) немесе Төлеу Көбдіковтың:

Айырылып өз бетімен жан кеткенде,  
Құр дене топырақ боп қалады да, – деген жолдарымен үндес екені өз-өзінен көрінеді.

Жанды құс бейнесінде суреттеудің «Жұмжұма сұлтаннан» да оқимыз:

«Ей, бас, мұнша жүріп, мұнша жатасың,  
Және сенен мұншалық істер өтеді.  
Содан соң жанның құсы сенен ұшады»

(Ежелгі... 1992-265).

«Құтты білікте» Одғұрмыш түс көреді:

Саты көрдім, тіп-тік әрі тым тайғақ,  
Тұп-тура елу баспалдағын тұр сайлап.  
Бір-бір басып көтерілдім сатылап,  
Санап шықтым баспалдағын бақылап.

Бір атты адам су ұсынды басында,  
Қанғанымша іштім, шөлім басылды.  
Сол сәт биік көкке ұшып самғадым,  
Сіңіп ізсіз-түзсіз кеттім қалмадым.

Оны өзі жорып:

Шыбын жаным көкіректен тысқары,  
Енді жерге келместей боп ұшқаны! – дейді.





Бұдан Баласағұнидың да жанды ұшатын нәрсе ретінде түсінгендігі байқалады. Орта ғасырдағы түрік әдебиетінен жалғасқан «жанның құсы» эпитеті Абайда: «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» болып жалғасады.

Әли Зылиханың іс-әрекетіне түріктік кейіптер береді. Ол кейде Кенжекейге ұқсап кетеді. Перінің қызы Бекторының айласын сезіп, Сорқұдықтың басына қонғысы келмесе де, елден бұрын үйін тігі п жіберіп, атасын қонақ қылатын жері Әли дастанында да бар екен. Ал, Жүсіпбекте ол жері қысқарып қалған.

Зылиха дерек үй әзірлеп, атасы Жақыпты шақырып, күтеді. Туған жері Ханаандағы үйіне ұқсатып жасалғанына таңданған Жақыпқа: «Ол үйдің жай-жапсарын Жүсіптен сұрап алдым», – дейді.

Зылиха бір кіші сарай хазір қылды,  
Дарлу нығмат артына хазір қылды.  
Иағқубы аңдады, келді, көрді:  
– Бұны біле нечүк қылдың, – дейүр емді.  
Үшбу лайық хош үйі дүзмүшсін,  
Бенім көңүлүм дедікче айламышын.  
Қанғандағы бізім үгә бәнгәз етмішсін.  
Зылиха айдүр: «Иүсүфдін сүрдім емді».

Аудармасы:

Зылиха бір кіші сарай әзір қылды,  
Ас-тағамын тағы да әзір қылды.  
Жақып байқап, келді, көрді:  
– Мұны не үшін істедің, – деді.  
Маған лайық үй жасапсың,  
Менің көңілімдегіні тауыпсың,  
Ханаандағы біздің үйге ұқсатыпсың,  
Зылиха айтты: «Жүсіптен сұрадым», – деді.

Дастанда Зылиханың бұл әрекеттері белгілі ертегі кейіпкерімен бір шығып отырады. Ибалы, әдепті, ата-ене сыйлаған келін болып көрінеді.

Қорыта айтқанда, Әлидің қиссасы XII ғасыр түріктерінің қарапайым тілінде жазылған. Оқығанда бүгінгі қазақ тіліне тым жақын екені аңғарылады. Ешбір аудармасыз-ақ түсінікті болады. Осының өзінен түрік Оянушылығының белгісін көреміз.

«Жүмжұма» – о дүние адамның екінші өмірі туралы мифтер негізінде жазылған шығарма. Қыжыра жыл санауымен 770 жылдары, ал жаңаша жыл қайыруы бойынша, 1370 жылдары жазылған. Туындыгері Хұсам Кәтиб жөнінде мағұлмат жоқ.

Дастанда тірлігінде күнәға батқан адамның о дүниеден азап тартатындығы туралы айтылады. Осы тақырыптағы әңгіме-аңыздар

бұрын да күншығыс-батыс елдеріндегі бірнеше ақындардың шығармаларына негіз болған еді. Иранның атақты ақыны Фарид-ад-дин Аттар (1119 ж туған.), Италия Оянушылығының алыбы Данте (1265-1321) осы тақырыпта «Құдіретті комедия» жазған.

Хұсам Кәтиб «Жұмжұмада» жалпы адамшылық, имандылық, ізгі қасиеттерді үлгі етіп, жамандықтан аулақ болуға үндеуді мақсат еткен.

Дастанның қолжазбалары Санкт-Петербуркте, Қазанда сақталған. Бір нұсқасы 1881 жылы қазақтың қиссашы ақыны Мәлікей Жұмашұлы бастырып шығарған. Қазақ арасында «Жұмжұма сұлтан» деген атпен тараған. Кейінгі жылдары дастанның толық аудармасы жасалып, «Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті» аты хрестоматияда жарияланды (1992), сөйтіп, кеңестік дәуірде арнайы әңгіме болмай, діни шығарма деп оқытылмай келген қазақ әдебиетінің терең тамырында жатқан көне ескерткіш жарыққа шықты. Сондай-ақ, татар ғалымы Хатип Госман дастанның алты көшірмесін өзара салыстыра отырып, бір мәтін құрастырып шығарған (Қазан. 1970). Біз «Борыңғы түрки әм татар әдәбиятының чиганаклары» (Қазан. 1981) атты кітапта жарияланған мәтіні бойынша аударып шықтық.

«Жұмжұмада»: Иса пайғамбар Шам елінде жүріп, бір күні судың жағасына келіп демалады. Тас үстінде жатқан адамның қураған бас сүйегін көріп, бұл адам тірлігінде кім болған екен, соны білуге құмарланады. Алла Тағаладан: «О, құдіретің күшті, өзіңнен тілегенім, мына бастың ахуалын өз аузыңнан тыңдайтын кыл», – дейді. Алланың құдіретімен бас өз оқиғасын баяндап береді:

«Мен бір ұлық Мәлік едім «(билеуші А.Қ.). Атым Жұмжұма сұлтан еді. Даңқым ғаламға жайылған. Тұратын сарайымды сырттан көргендер: «Әйбат!» - дер еді. Төбесіне шыққандар басы бұлтқа тимес үшін, жүгінер еді. Қырық мың уәзірім бар еді, әрқайсысы арыстан ұстап мінгендер еді. Он мың құлым, он мың ай мен күндей әйелім бар еді. Сұлулардың ішіндегі айы еді. Бәрі де мені құшуға зар еді.

Және бір жақсы әдетім: мүскін, ғарыштардың алдына ас тартып, астына ат мінгізіп жіберер едім.

Мың түйе, мың ат, мың сиыр, он мың қой,  
Өзге тамақ, құс еті, құрт – оларды айтпай-ақ қой.  
Кесе-шанақтар қымызға толар еді,  
Небір шаһтар менің алдымда мат болар еді.

(Үзінділер «Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті» хрестоматиясынан алынып отыр).

Бір күні тахтымда хош көңілмен, кәнизактарымның қабында отыр едім, қызметші келіп, бір мүскіннің қайыр тілеп келіп тұрғанын айтты. Мен: «Ей, ақымақ, осы қайыр тілейтін уақыт па? Сенің де, өзгенің де



өзіне арналған уақыты!» – дедім. Өлгі мүскіннің көңілі жығылып кетті. Қатты өкіндім.

Өз-өзіме келген соң, көңіл кірімді жумақшы болып, моншаға барып төбемнен бір бақыр су құйып едім, сол мезгіл көзім қарайып, құлап түстім. Ешбір ем қонбады. екі қанаты Күншығыс пен Күнбатысты бірдей тұтқан Өзірейіл келді. Бір қолында сүңгі, бір қолында ыдыс. Көкірегіме сүңгісін қадап, ыдыстан ажал суын ішкізді. «Біраздан соң қауым-бауырларыңды көресің!», – деді. Сол замат жаным шығып кетті.

Содан көзімді ашсам, бір бөлек бөзге оранып, тозақ-топырақта былғанып жатыр екенмін. Аһ ұрдым:

Аһ ұрдым мен, кәне, тағым, дәулетім,  
Кәне сансыз жауһар, алтын ақшалар?  
Ойламаңдар енді көмегі тиер деп.

Сол кезде екі айбатты періште кірді. Кебінімнің бір шетін жыртып алды, қылған істерімді соған жазды, мойныма асты. Содан соң екі көр жолдас келді, күрзімен ұрды, жеті тамұққа дейін жеткізді. Жетпіс аршын шылбырмен ұрып, тілімнің ұшынан тартып, созып, мойныма салды.

Жәһаннамда бір қауым елді көрдім. Басы төмен, аяғы үстінде. Олар мұрнын көтеріп: «Мен, мен!» – деп жүреді. Тірлігінде менмен болғандар екен. Және бір қауым елдің тілі жоқ, олар қисық үкім жүргізген әкімдер екен.

Енді бір қауым елдің кеудесіне, көзіне шыжғырып, алтын ақшаны басып жатыр. Олар – малынан хақ үлесін шығармағандар. Тағы бір қауым ел жалаңаш, басында тәж. Тәндеріне жетпіс алуан жара шығыпты. Олар қайырымсыз елбасылар екен.

Содан тағы бір табытқа кіргізді. Онда тірісінде сұлтан болғандар отыр екен. Төрт бұрышында – жылан мен шаян, тістеп, жаншып, азаптайды.

Иса пайғамбар Жұмжұмадан: «Енді не тілегің бар?», - деп сұрайды. Сонда Жұмжұма: «Енді өмір қайта айналып, бір келсе, өткеніме өкініп, ғибадат етер едім», – дейді.

Алланың құдіретімен Жұмжұма қайта тірілді. Құлдық ұрды. Туындыгер Хұсам Кәтиб соңын ғибадат өлеңмен бітірген:

Ізгілік пен жауыздықты тазала,  
Мұнша патшалар бұл жаһанға келді,  
Көрдіндер ме, аяғында не болды!  
Таппады ма олар дүниенің мұратын,  
Тапса қалар еді ғой ізгі аты.  
Тәңір берген ризықтың шүкірін қыл,  
Күн сайын Алланы есің ал!

«Адам өмірі өлгеннен соң да жалғасады» деген миф, адамзат өмірі

қандай көне болса, ол да соншалық көне, тылсым дүниемен тамырласып жатады. Қазақтар «Шыбын жан бір-ақ түтін бу секілді» деп (Әсет), жан кеудеден ұшып шыққан соң, екінші өмір кешеді деп түсінген.

Жер бетіндегі жақсы тұрмыстың адам қиялындағы о дүниелік кемел елесі – жұмақ. Әр халық оны өз ортасы мен өмір-тіршілігіне қарай елестетеді. Бір қызығы, о дүние туралы адам әуелі тек рахат өмірді айтқан. Ал, екінші жағы: о дүниеде жаза тарту (тозақ) – кейін пайда болған ұғым.

Үндіс тайпалары жұмаққа батысқа баратын бір жолмен жүріп отырып, ағысы қатты өзен-сулардан өтіп жетеді. Жабайы құс жыртылып айырылатын, азығы көп молшылыққа кенеледі. Кең-мол мекендегі бұрынғы кеткен туған-туыстарына жетеді. Үндістер тірлілік нәпакасын теңіз тереңінен тауып жейтін болғандықтан, о дүние мекенін (Торнгарсук) теңіз немесе жер астында деп елестетеді. Кейде оған бару үшін қия жартастардан өтіп, үңгірге кіреді. Онда – мәңгі жаз, жайнаған күн, түн болмайды, итбалық пен бұғыда есеп жоқ.

Гренландия мифтерінде адамның жаны қолға ұсталмайтын нәзік, жеңіл бір нәрсе, ал, о дүниеге барғанда, таусылмас бақытқа кенеледі. Жақсы өмір аспанда болуы керек, адамның жаны кемпірқосақ арқылы жақсы өмірге жетіп, балығы тайдай тулаған, бақасы қойдай шулаған үлкен өзеннің үстіне шатырын тігеді. Өзен суы толып кеткен кезде тасып, жауын жауады, ал жиегі жырылып кетсе, екінші тасқын болмақшы. Нұх пайғамбар кезіндегі апаттың қайталану қаупін есте ұстайтын болуы керек. Д.Кішібеков: «...ғылымның топшылауынша, дүниені үш рет топан су қаптаған. Арасы 3700-4600 жылдан. Үшінші тасқын б.э. 875, яғни скиф дәуірінде болған. Төртінші топан су 2858 жылы қаптайтын сияқты», – деп жазады (Кішібеков Д., 1993).

Мұсылман мифтеріндегі жұмақ, оңтүстік батыс Африка мифтерінде – «Калунг», «Скандинавияда – «Алгалл», Тауратта – «Шеол» делінген (Тайлор Э.Б., 1989-295).

Адамның о дүниелік өмірі «тозақ» болуы мүмкіндігін айтатын мифтер кейінірек пайда болған. О дүниедегі тірлік, бұл дүниедегі құлқына, жақсы-жаман істеріне қарай таразыланатындығы сананың бір қадам алға басуынан туса керек. Ол, әрине, жақсылық пен жамандық түсінігінің көрінісі – ежелгі «Гильгамештен», «Авестадан» көптеген замандар бұрын болғаны түсінікті.

Көне адамдар жақсылық пен жамандықты, әуелі «менің қауымым мен жауларымыз» деген ұғымда береді. Мысалы, виргиниялық үндістердің тозағына жаулары түседі де, өз елі үшін соғысып өлгендер жұмаққа барады. Ал, Гренландияның Торнгарсукинда кит пен итбалықты көп ұстаған еңбекқорлар о дүниеде рахат өмірге жетеді. Тупинамба атты Бразилия тайпасында соғыста неғұрлым жеңіске жетіп, жауының етін көп жеген адамдар о дүниеде жақсы өмір сүреді. Ал, елін қорғамағандар мәңгілік азап өмір Эиньянға жіберіледі.



Караиб тайпасы: «батырлар бақытты аралға барады, онда тамаша жемістер өсіп, мереке-тоймен, билеумен тіршілік кешеді, олардың жауы – аравакалар құл болып, қолына су құяды, ал қорқақ болсаң, өзің о дүниеде аравакаларға құл боласың» деп қорқытады. Көне адамдар «жауды өлтіру – батырлық, ол о дүниеде жақсы өмірге жеткізеді» деген ұғымнан: «соғыста өлген адам жұмаққа барады» (шейіт болу), – деген қорытынды жасаған. Никарагуалықтарда үйінде қайтыс болған кісі тамұққа түседі, ол соғыста өлсе Күншығысқа барып, Құдайларға қызмет етеді. Осындай дәстүр мұсылмандарда да бар екені мәлім.

Гвинея тайпаларының мифтерінде: өлім өзеніне келген кезде есеп береді (мұсылмандарда қыл көпір), егер Құдайларға арналған мерекелері ұмытпай, мезірет қылып жүрген болса, тыйым салынған тамақтардан тартынса, бірден жұмаққа түседі, ал оны істемеген болса, суға лақтырылады.

Даяк тайпалары мәйітті өртеп: «жақсы адамның жаны түтінмен бірге көкке көтеріледі, ал нашар адамның жаны жер асты патшалығына түседі», – дейді. Тағы бір аңыздарда бүрі жоқ, тайғақ шатқалдың жанында Динга – Пенну атты өлілер соты (мұсылмандарда Кэрэман-Кэтибан) жақсы-жаман істерін жазып отырады. Оны көне грек мифологиясында Зевстің балалары Минос, Радамант, Эак жасайды.

Келе-келе осы мифтер жақсы адамдар о дүниеден қайта тіріліп, жарыққа шығады, жер бетіндегі жаман адамдар өлілер мекеніне түседі дейтін оймен толыққан. Мұсылмандарда Ысрафил керней тартып, қиямет-қайым келгенін хабарлайды. Өлілер тіріліп, тірілер жер астына түсіп, сұраққа алынады.

Финдердің «Калеваласында» Вяйнямейнен өлілер патшалығына түседі. Онда тірлігінде жамандық жасағандар қып-қызыл шоқ тастардың үстінде, жыландардың ортасында қалады («Жұмжұма сұлтанда» осы мифтің көрінісі бар). Бұл жерде жақсы-жаман ұғымы ахлақтық категория.

Осы наным-сенімдер будда, христиан, мұсылман діндерінде түйінделіп, тұтас жүйеге түскен. Тек оның қай сатыда іске асатындығы мәлім емес. Мифтердің даму жүйесі бізде, әсіресе қазақ әдебиетінде зерттелмеген.

Рим мифтерінде өлілер мекені – Аида патшалығында орталау топтан шыққан адамдар тұрады, оған таяу Зевтің ұлдары Минос пен Радаманта сұрақ-жауап алады. Элизиум – жұмақ, тартар – тозақ, онда ыңырсыған күнәһарлардың дауысы естіледі.

Оңтүстік шығыс Азиядағы будда дінінде адамның әрбір ісі есептеледі. Мысалы, шөлдеген кісіге ыстық күнде сусын берсең немесе жұбайыңды ұрыс-керістен бір ай сақтандыра алсаң бір үлес беріледі. Ал, үй ішінде ыдыс-аяғын дұрыс жуғызып, таза ұстата алмағаннан әлгі бір үлесі алынып тасталынады. Бала өлтірген адамның күнәсі 100 үлеске пара-пар.

Ежелгі о дүние мифтерінің қорытындылауындағы негізгі бір

басқыштың мәнін Авеста атқарған деген ойдамыз. Хұрда Авестада (Авестаның шағын түрі) Заратуштра Ахура Маздадан сұрайды:

- Ахура Мазда, әулием, жаратушы, бейкүнәм! Адал кісі өлгенде, сол түні оның жаны қайда болады? – дейді. Ахура Мазда Құдай:

- Адамның жаны оның бас жағына тұрып: «Басқа кісіні бақытқа жеткізген кісі бақытты болсын. Ахура Мазда жасампаздығынан танбасын және билігін жалғастырсын!» – дейді.

Жақсы адамның жаны үйде үш түнеген соң нұрға айналып, гүл иісі бойынша бақытын айырып, жолға шығады. Хош иісті самал желдің қайдан соққанын сұрағанда, алдынан өз өміріндегі жақсылықтары мөлдіреген он бес жасар қыз бейнесінде шығады. Жақсы адам жас жігітке айналады. Қыз оған: «О жас жігіт, мен сенің жақсы ойларыңмын, жақсы сөз, жақсы істеріңмін», – дейді. Жақсы адам жұмақтың үш түрінен өтіп барып, «мәңгілік нұр» мекеніне жетеді.

Мұсылман мифтеріндегі жұмақтағы хор қызы, «Жүсіп-Зылихадағы» жақсы жандар – Зылиха мен Жүсіптің жасаруы, Темірқұлдың 140 жыл өмір сүруі де осы Авеста мифтерімен үндес екенін көреміз.

Авестада жаман адам көңірсіген иістің жетегімен жолға түседі. Оның алдынан өзінің күнәларының кейпіндегі көріксіз, қорқынышты қыз шығады. Оның жеген тамағы у болады.

Адам жанының сұраққа алынып, тазалануы, жұмақ-тозақ мифтерінің жүйеленуі бұрынғыдай, жанның бір адамнан екінші адамға, аңға, шөпке ауысуына карағанда, жаңарақ сатысы болса керек. Адамзаттың о дүниелік өмірді пәлсафа деңгейіне жеткізгені сондай, бұл өмір – жалған, уақытша о дүние – мәңгі бақи деген ұғымға келген. Ол жалғыз мұсылмандарда ғана емес, мысалы, геттер, бала дүниеге келгенде жылап, өлгенде қуанып күледі екен. Жалпы алғанда, адамға о дүниенің жоқ екеніне сенуден гөрі, о дүние бар деп өмір сүру жеңілірек.

Көне мифтерді қарай отырып, жан туралы ұғымнан рух ұғымы шыққаны аңғарылады. «Өлген адамның рухы тірілерге әсер етеді» дегенді австралиялықтар, караибтар, африкалықтар да айтады екен. Өткен ғасырдағы қытайлықтар өлген қайыршы мен аурулардың рухынан қорыққандықтан, бірдеме істерде қағазды отқа жағып, аластайды, не Құдайы береді екен. Аруақты риза қылу салты Африкада, цейлондықтарда, монғол, қытай, жапон, Орта Азиялықтарда, жалпы, барлық елдерде бар екен. Өлілердің рухын құрметтеуден Құдайлар шыққан. Мысалы, тастанды бала Ромул, сәбилердің денсаулығына болысатын Рим Құдайларының біріне айналған. «Аурулардың» анимистік теориясы қалыптасқан деуге болады. Мысалы, «ауруларды денеден қуып шыға алады» немесе «адам рухтың ренжуінен ауырады». Жекелеген заттарға табыну да анимизмнің бір сатысы – фетишизм болатын.

Ежелгі мифтерде өлілер мекеніне барып-қайтқандар туралы көп айтылады екен (Тайлор Э.Б.): Умпенгула деген бір зұлыс, бала кезінде үстін түк



басқан, ергежейліні көргенін айтқан. Оның аты Ункама екен. Ункаманың тамағын дикобраз жеп қойып, оны қуып, терең үңгірге түсіп, одан әрі өлілер мекеніне тап болады. Қайтып келсе, оны «өлдіге» балап, әйелі жоқтау айтып отыр екен. Содан былай Ункаманы «жер астында болған адам» деп атап кеткен. Ункама – Африка «Дантесі». Данте оқиғасын бастан кешіруші десе де болады. Тағы бір айта кететін нәрсе, Қазақтың Ер Төстігі де жер астына түседі, бірақ ертегіден оны өлілер мекені деген ой тумады, әйтсе де, түпкі негізінде о дүние туралы миф жатса керек.

Жаңа Зеландия мифтерінің бірінде: Бір бай әйел қайтыс болғаннан кейін екі күн өткен соң, қайықпен жүзіп бара жатқан кісі (әңгімеші) жағада отырған әлгі әйелді көреді. Ол белгі беріп шақырады. Қасына келсе әйел шаршап-шалдығып, азып-тозған, сондағы айтқаны: Әйелдің жаны денеден шыққан соң, солтүстікке қарай ұша жөнеліп, бір жерге келгенде жер астына түсіп кетеді. Алдынан алып құс кездеседі. Одан қорқып, не істерін білмей тұрғанда, қайықтағы бір қарт кісіні көріп, жүгіре жөнеліп, құтылады. Әлгі қарттан өзінің өлген ата-бабасын сұрастырып, тауып алады. Олар мұны көріп, қуанып, хал-жағдайын, немересін сұрайды. Ақыр аяғында, немеремді ол жақта қарайтын адам жоқ деп қайтарып жібереді. Кетерінде немересіне арнап, екі үлкен картоп береді. Өкінішке қарай, жер бетіне шыққанша картопты рухтар жеп қояды. Әйел көзін ашып, өзін ұйықтап қалғандай сезінеді. Әлсіреп орнынан тұрса, өлген екен деп, есікті сыртынан шегелеп қойған екен, әрең сыртқа шығыпты. Осы әңгімені тыңдағандар: «Шіркін-ай, әлгі екі картоптың біреуін ала келгенде, о дүниеге барып қайтқаныңның дәлелі болар еді», – деп өкінген (Тайлор Э.Б., 1989-28).

Біздің заманымыздағы дәрігер психиатр, философия ғылымының докторы Райионды Моуди өліп тірілген 150 адаммен сөйлесіп, олардың айтқан әңгімелерінің негізі бойынша, «Өлімнен соңғы өмір» атты кітап шығарған. Сонда өлген адамның бірі былай депті: «Өзім өлген соң, менің түйсігім (сознание) денемнен бөлініп шығып, реанимация бөлмесінің төбесіне ілініп тұрды. Дәрігерлердің өлі денемді тірілтуге күш салып жатқанын, «Бұл әбігерді жалғастыра береміз бе?» – деп ақылдасқанын бақылап тұрдым. Содан кейін төменде аурухананың кіре берісінде еңіреп жылап отырған сіңілімді көрдім. Түйсігім арқылы үйдің темір бетоннан жасалған тас қабырғаларынан ешбір кедергісіз зулап өтіп, қасына келдім. Сол сәтте рахатқа бөленгенім сондай, тіпті қайтып оралғым келмеді. Бірақ сіңілімді аяғандықтан, өз бәдәніме кіруге мәжбүр болдым», – деген.

О дүние мифтері христиан мифтерінде де бар. Апокрифтік (Ежелгі діни кітаптар, Олар діни сюжеттің негізгі сұлбасын сақтағанмен, біраз өзгерістерді де кіргізе береді. Апокриф – грек сөзі «жасырын», «жұмбақ» деген мағына береді). Никодим Інжілінде Иисус Христос көне пайғамбарларды құтқаруға тозаққа барады. Христостың тозаққа көргендері суреттеледі.



Арғы-бергі о дүниені көріп қайтқан адамдар немесе барып келген олардың жаны туралы мифтер мен көркем шығармалардың түйінін жасаған адам – Италияның XIII-XIV ғасырдағы ақыны Данте Алигъери (1265-1321). Данте өз заманындағы Оянушылықтың ірі өкілі еді.

Италияда сол уақытта Азия мен Еуропаны жалғастыратын сауда жолы жүріп жатты. Данте туған Флоренция – мәдениет ошағы болған. «Құдіретті комедия» мен «Жұмжұманың» бірі – Италияда, бірі – түрік әдебиетінде бір заман, бір ғасырда тууы көп ойларға жетелейді. Түбі бір араб, иран, грек, рим, үндіс, индиялықтардың ежелгі мифтері мен жалпы мәдениеті бір арнада салыстыра терең зерттейтін еңбектер жазыла түсуге тиіс. Өзірге түйетініміз, «Құдіретті комедияны» Италия Оянушылығы туғызса, «Жұмжұманы» түрік Оянушылығы туғызды.

Дантенің «Құдіретті комедиясы» ақын өмірінің қорытындысы іспетті, өмірінің ақырында жазылып, оның дүниетанымы, қоғамға көзқарасы, адам ғұмыры мен өлімі туралы идеяларының жиынтығы болып шыққан. ақын бұл шығармасына «Комедия» деп ат берген. Өйткені, бұл заманда басы қайғылы басталып, көңілді аяқталатын шығарманы «комедия» деген. «Құдіретті комедияға» айналдырған ақын талантын құрметтеген кейінгі оқырман көрінеді.

Поэмада Данте қалың орманда адасып жүріп, алдынан жол тосқан арыстан, қабылан, бөріге кездеседі. Олар адамның билікқұмарлық, атакқұмарлық, дүниеқоңыздық сияқты жағымсыз қылықтарының бейнесі болатын (Авестадағы ой – А.Қ.). Сол жерде көмекке келген Дантенің сүйікті жазушысы Вергилийдің рухы келіп, құтқарып алады. Вергилий тозақты көрсетіп, одан әрі жастай қайтыс болған Дантенің бала кездегі ұнатқан көрші қызы Беатриче жұмаққа алып барады. Оны кейін поэзияда арман бейнеге айналдырған. Одан кейін кейіпкер қайтып, бер бетіне оралады.

Поэмада тозақ тоғыз шеңберден тұрады әр шеңберде әртүрлі күнәлар жазаланады, неғұрлым төменгі шеңберлерге күнәнің ауыры түседі. Бірінші шеңберге – күнәға батпаған, шокынбаған адамдар, Данте ол жерден антикалық кейіпкерлер мен ақындарды көреді. Екінші шеңберде зинакорлар ішкі сезімнің иіріміне түсіп алып, шыркөбелек айналуан тынбайды. Оның ішінде алдаумен жексұрын біреуге ұзатылып кетіп, оның бауыры Паолоны сүйгені үшін күйеуінен екеуі бірдей өлім жазасын тартқан Франсеска бар. Тоғызыншы шеңберде азғындар мен сатқындар мұз батпақта жатыр. Ортасында Құдайға қарсы шыққан Люцифер (Мұсылман мифтеріндегі азғырушы) азуна Христосты сатқан Ииуданы, Юлий Цезарьды өлтірген Брут пен Касийді салып, шырылдатып шайнап тұр. Өзіне сенімсіз жасық адамдар не тозаққа, не жұмаққа кіре алмай, қақпаның сыртында жалтақтайды: Дантені елінен қуып жіберген Бонифацийдің алдында патша болған Николай III Бонифаций да келеді деген сеніммен тозақ отына шарпылып, азап тартуда.





Дантениң көне грек антикалық кейіпкерлеріне сүйсініп, оның ортасында отырғанына қуануы, антикалық ілімді жаңғыртуы – оның жаңа мәдениеттің басы болғаны деп бағаланады (Данте и ...1967).

Біз Хұсам Кәтиб шығармасы мен Дантени қатар оқи отырып, кейбір ұқсастықтарына назар аударуды жөн көрдік.

«Жұмжұма»:

Және көрдім бір қауым мен тілі жоқ,  
Һәм тағы бір қауым ел аяқ-қолы жоқ.  
Бастары тәндерінен айырылып,  
Және хақ күдіретімен бас бітірер.

(Аударған А.Қ.)

«Күдіретті комедия» (Данте. 19721. Көркем аударма М.Мақатаевтікі):

Барша тілдер жармасып, жабайы наз, оттаулар,  
Ашу-үрей, жылау-сықтау, өтініштер, даттаулар.  
Ербендейді, қарманады – дене-басы жоқ қолдар.

(3 жыр, 25).

«Жұмжұма»:

Тәндерінен жетпіс алуан жара шығып,  
Тыйылмас еді ешбір қан, ірің ағып.  
Әрқайсысы солайынша жалаңаш жүрер.

\*\*\*

Жылан мен шаян төрт бұрышында тұрсам да,  
Бірі шаншар инесімен, бірі тістер.

«Күдіретті комедияда»:

Тіршіліктің пендесіне келмейді олар қосуға,  
Қараң қалған қалың тобыр тыр-жалаңаш босуда.  
Арқаларын қанға бояп, маса-сона жосуда.  
Беттерінен қан аралас көздің жасы ағуда.  
Құжынаған жексұрын қарт құлқындарын қағуда,  
Жалма-жан кеп жұтып жатыр, коректерін табуда.

(«Тамұқ» III. 64, 67).

«Жұмжұма сұлтан» деген атпен XX ғасырдың басы кезіндегі қазақтар арасына кең тараған. В.В.Радлов «Оңтүстік Сібір мен Жоңғар даласын мекендеген түрік тайпаларының ауыз әдебиеті» атты еңбегінің алғымсөзінде (Баспаға әзірлеген Б.Уахатов, С.А.Қасқабасов, К.С.Матыжановтар):

«Гибрат өлеңдердің ішінде «Жұмжұма» мен «Бозторғай» басқаларға қарағанда өте кең тараған, оларды тіпті, кейбір сауатсыз қазақтар да жатқа біледі... Үлкен жиындарда айтылатын осы жырды маған бірнеше рет тыңдауға тура келді. Жыршы сөзін бар ынтасымен тыңдаған жұртшылық тірі күнінде дін шарттарын орындамаған мұсылманның

өлгеннен кейінгі азабын сипаттаған кезде қорқынышты үрей пайда болады. Тыңдаушылардың үнсіз тыныштығын тек қана: «О, күдіретті Тәңірім!», «Қайырымы көп Құдайым!» деген сияқты лебіздер ғана бұзып отырады. Маған қазақтар арасында исламды орнықтыруға бір «Жұмжұманың» әсері даланы кезіп жүрген жүздеген молдадан артық тәрізді», – деп жазады (Ел қазынасы... 1994-11-12). «Жұмжұма» дастанының имандылыққа ұйытудағы рөлін В.В.Радловтан артық айту қиын.

«Жұмжұманың» ХХ ғасыр басындағы қазақша нұсқасы «Кубас» деп аталады. В.В.Радлов жариялаған дастанның (Ел қазынасы...) туындыгері аталмаған, жазу стиліне қарағанда, Жұмашев Мәулікей нұсқасы болуы мүмкін:

Күнінде өлген де бар, туған да бар,  
Өзіңнен жақсы да бар, жаман да бар,  
Бұл сөзім кітап пенен Құранда бар, – деуіне қарағанда,  
«кітап» деп отырғаны «Жұмжұма» болса керек.

«Кубастың» оқиғасында «Жұмжұмадағы» сияқты «Адам пайғамбар қайда?» Нұх пен Жәмшид, Зұлқарнайн, Намруд, Фридун – бәрі дүниеден өтті:

Шыңғысхан қайда – бәрі де өлді,  
Мәлік болса да, жауыз, ашкөз болса да,  
Әрқайсысы бұл жаһанды биледі,  
Ақырында не болды, соны есіт:  
Кетті олар бір жапырақ бөзге оранып,  
Тәні өз қандарына былғанып», – дейтін Хұсам Кәтиб  
кіріспесі жоқ (Ежелгі дәуірдегі... 1992-254). Бірден:

Жарандар, иманыңнан күдер үзбе,  
Айтайын бір мәселе енді сізге.  
Пайғамбар, тақсыр Ғайса бір күндерде,  
Сейіл құра шығыпты мидай түзге, – деп басталады. Сол  
жерде бір кубасты көргені айтылады:

Бөксесі жоқ, кеудесі жоқ, кубас жатыр,  
Жарымы су, жарымы құм боп жатыр.  
Адамның басы екенін білгеннен соң,  
Асасымен көтерді Ғайса батыр.

Хұсам Кәтибте:

Көрді ол сол жерде сахара тасын,  
Және ол тас үстіндегі адам басын.  
Не көзі қалмаған, еш нәрсесі

(Ежелгі дәуірдегі... 1992-255-256).



Ғайса пайғамбар дұға қылған соң, аспаннан дауыс келеді, Жәбірейіл періштенің көмегімен қубас Ғайсаның сұрағына жауап береді. Хұсам Кәтибтегі: «Құлсың ба, қожасың ба? Бексің бе, сұлтансың ба? Я кедей ме едің, я мүскін бишара боларсың? – деген сұрақтар «Қубаста» қысқа қайырылады.

Хұсам Кәтиб Жұмжұманың әңгімесін сарайын суреттеуден бастайды:

Және бір сарайым бар еді,  
Бойы мен ені он мың еді, ей, хакім,  
Тыстан көрген адам: «әйбат», – дер еді.  
Үстіне шыққандар жүгінер еді,  
Өйтпесе басы бұлтқа тиер еді.

«Қубаста» ол тұсы жоқ, бірден: «Төрт мың құлым бар еді, әрбірінің қолында сұңқары бар», – деп басталады. Және он алты мың сатып алған құлым бар, олардың «арыстандай денесі зор». Бұл жерде он мың, төрт мың деген сандар нақты мөлшерін емес, көптігін ғана көрсететінін ескеруіміз керек.

Ал, Хұсам Кәтибте:

Тағы қырық мың уәзірім бар,  
Әрбірі арыстан ұстап мінер еді.  
Он сегіз мың бектердің барлығы,  
Күніне екі рет келіп басын иер еді.

\*\*\*

Ас-су ұстайтын және он мың құлым бар еді,  
Олар басын имейінше асқа қолым салмас едім, - дей келіп:

Және он мың ай мен күндей әйелдерім бар еді,  
Әрбірі бір-бір падишаның қызы еді.  
Және он мың кәнизігім бар еді,  
Сұлулардың ішіндегі айы еді.

(Ежелгі дәуірдегі... 257).

Хұсам Кәтибте одан ары қарай Жұмжұманың байлығын суреттеуге мән беріледі: «Кесе, шанақтар қымызға толы еді, жиектерінде қымбат тастар, інжу тұрар еді». Ал, «Қубаста» ол жағы көп айтылмаған.

Қубас әйелімен күліп-ойнап отырғанда бір мүсәпір («Жұмжұмада» пақыр) қайыр сұрап келеді. Ал, пақырдың келгенін Жұмжұмаға қызметшісі келіп айтатын. Қубас мезгілсіз уақытта келгеніне ренжіп, қайыр бермей қайтарады. Екеуінде монша оқиғасы бірдей, моншаға барған жерінен ауырып қайтады.

Хұсам Кәтибте жеті күннен соң Әзірейіл келеді. «Қубаста» ол әңгіме

болмайды. Жан алғыш Өзірейіл екеуінде де ұқсас суреттелген. «Қубаста» көбірек мән беріледі.

Шықты бір сурет алты жүзі бар,  
Қан құйылған тасқа ұқсас көзі бар.  
Бірі астын, бірі үстін жүздері,  
Оң мен сол, артқары әрі ілгері.

Күншығыс пен батысты тұтар екі қанаты,  
Өзірейіл еді оның аты.

(«Жұмжұма»).

«Қубаста»:

Бар еді алты жүзі Өзірейілдің,  
Өзірейілдің суық жүзін көре алмады.  
Алдында Өзірейілдің бір жүзі бар,  
Артында жаңа нұрдан бір жүзі бар.  
Оң жағының ішінде бір жүзі бар,  
Сол жағының ішінде бір жүзі бар,  
Артында жаңа бір жүзі бар,  
Үстінде нұр сипаты бар жүзі бар.

Х.Кәтиб Өзірейіл Жұмжұманың көкірегіне сүңгі ұшын қояды. «Қубаста» күрзімен ұрады. Көр есігінен екі кісі (періштелер) күтіп алып, күнәсін айтады. Тағы бір жүзі суық, жоғары ерні көк тіреген, төменгі еріні жер тіреген, ақырында аузынан от шығатын періште келеді (Бұл ежелгі мифтердегі ажал нышаны болса керек), тамұққа алып барады.

Х.Кәтиб тамұққа дейінгі оқиғаны суреттейді:

Тағы да көрдім: жендеттер келіп,  
Басты мойныма оттан гүл салып.  
Мойныма жіп тағып сүйрейді,  
Жеті тамұқтың ішіне дейін жеткізді.  
Және оттан шылбыр салып тартты.  
Одан соң отқа жақты.

«Қубаста» жеті тамұқ нақты баяндалады:

1. Әулие тамұғы – ораза-намаздың орны.
2. Шағыт тамұғы – ұрлықшы мен зиянкестің орны.
3. Жаңбыр тамұғы – ата-анасын ренжіткеннің тамұғы.
4. Расыт тамұғы – кісі сыртынан ғайбат сөйлегеннің орны.
5. Ғазит тамұғы – басқы мен жамандардың орны.
6. Катим тамұғы – еріншектің орны.
7. Жаһаннам тамұғы – көпірлердің орны.



Осылардың бәрін аралап көргендігін: «Сол тозақта біраз жүрдім, отыз түрлі азапты адам көрдім», – деген бір ауыз сөзбен айтады да, оқиғаны аяқтайды.

Сол кубас ақыреттен азап көрді,  
Құдайым Ғайсаменен сөйлестірді.  
Дұға қылды Құдайдың досы – Ғайса,  
Және тағы сексен жыл өмір сүрді.

Х.Кәтибтің «Жұмжұмасында» жетінші тамұқ «Жаһаннамада»:

1. Беті тілінген бір қауым – нәпсіқұмарлар.  
2. Басы төмен, аяғы үстінде, мұрнын көтеріп «мен, мен» дегендердің қауымы.

3. Доңыз денелі, қарны таудай алдамшы – өтірікшілер.

4. Көздері жоқ қауым – адамдар арасына араздық туғызғандар.

5. Тілі, аяқ-қолы жоқтар – қисық үкім жүргізген әкімдер.

6. Тілдері өз аузынан шығып, қанды ірің ағып тұрғандар – қисық сөз айтып, жала жабатындар.

7. Алтын ақшаны көзіне қыздырып басатын қауым – малынан хақ үлесін бермейтін сараңдар.

8. Отты қылышпен ұрып, басын тәнінен айырып, хақ құдіретімен қайта бітіретін қауым – жол тосып, бас кесіп, қан төккендер.

9. Тәндерінен жетпіс алуан жара шыққан, жалаңаштар қауымы – сараң билеушілер.

«Жұмжұмада» жеті тамұқ болғанымен, Дантенің «Құдіретті комедиясындағыдай» тоғыз қауымды көріп шыққан соң, оны апарып Әсфал атты бір шұңқырдың ішіне тастайды. «Онда үш әкім отырады. Тірлігінде азғын және алдамшы болған адам. Енді олар шаяндар мекенінен орын алған. Мұндай боларымызды білсек, кедей-пақыр болсақ та разы болмас па едік», – деп зарланады. Табыттың төрт бұрышынан жылан мен шаяндар шығып, шағып, Жұмжұманың етін жеп, түгескен соң, жаңадан ет бітеді, жылан-шаян қайтадан шағады.

«Жұмжұманың» бұл бөлігінде ең ауыр жаза тартарындар – әкімдер. Негізгі кейіпкер Жұмжұманың өзі де ел билеген сұлтан. «Құдіретті комедияда» Николай III жанған оттың үстінде қақталып тұрады.

«Кубаста» тірілген соң: «Өмір берсең, патша болмаймын!», – деп, патша болмай, адал өмір сүріп, екінші рет өлгенде жұмаққа кіреді.

«Жұмжұманың» соңы ғибратпен аяқталады.:

Қысқасы, түйіні, былай, ей, адамзат,  
Әркім не ексе, орар соны.

\*\*\*

Жауыздықты ізгілікпен тазала!  
(Ежелгі дәуір... 264).

Корыта атықанда, Әлидің «Қисса Жүсібіндегі» «Кемел патша» тақырыбы «Жұмжұмада» екінші бір қырынан ашылған. Әділетті патша бола алмаған, үйіне келген қайыршыны ренжітіп қайтарған Жұмжұма өлген соң, тозақ отына түсіп шырылдайды. Сондықтан, «Жұмжұмада» жақсылық-жамандық мәселесімен бірге, әділ патша мәселесі де көтерілген.

Мұндағы қайыршы бейнесі: Дәуіт пайғамбардың өз туысының әйелін тартып алғанын, тойымсыздық жасағанын бетіне басу үшін дауласқан екі адам кейпінде келген періштелер туралы мифтік желінің ізі болуы мүмкін (Әдейі, сынау үшін қайыры болып келген періште).

Сонында өз қателігін түсінген Жұмжұмаға Алла Тағала екінші рет өмір береді. Онда Жұмжұма қайырымды патша болған болуы керек. Бұдан: адалдық пен әділдік адам өмірін ұзартады деген ой қалдырады.

#### **«Хұсрау уа Шырын» дастаны.**

Парсы тілінде жазған Низамидің «Хұсрау-Шырын» дастанын түрік тілінде сөйлеткен ақын – Құтб. Низами дастанының құрылысы мен сюжетін толық сақтай отырып, еркін шығармашылық жолмен, өз елінің өмір жағдайына сәйкестендіріп, түрік оқырманының түсінігі мен дағды дәстүріне лайықтап жазылған.

Құтб нұсқасы Тыныбек шаһзаданың тұсында 1341-1342 жылдары жазылған екен. Ол Париждің ұлттық кітапханасында сақтаулы. Дастанның транскрипциясын поляк ғалымы Ананиаш Зайончовский 1961 жылы латын әрпімен жариялаған. Қазақ тіліне үзінді түрінде аударып, тілдік тұрғыда зерттеген Ә.Ибатов (1974). Ол «Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті» атты хрестоматияда жарияланды (1992-212-225). Осы аттас оқулықта профессор Н.Келімбетов біраз әдеби талдау жасаған (1986).

Дастанның оқиғасы Шырын мен Хұсраудың махаббаты туралы, сүйіспеншілік, ғашықтық, жақсылықты, ізгілік пен адмгершілікті үлгі етеді. Шығыс халықтарына кең тараған әдеби сюжетке құрылған.

Бұл тақырыпты алғаш жырлаған Фирдоуси болса, одан кейін Низами, Әмір Хұсрау Дехлеви, Жәми, Науаилер де қалам тартқан. Олар сюжеттік тұрғыда бірін-бірі қайталайды. Дастанға арқау болған кейіпкерлер – 590-628 жылдары Иранды билеген, өз баласы Шируяның бұйрығымен өлтірілген патша Хосров Парвиз бен оның сұлу әйелі Шырын.

Құтб нұсқасында оқиға желісі Иранның ханы Ануширван қайтыс болып, орнына Хұрұздың отыруынан бастап өрбиді. Хұрмұздың Алладан сұрап жүріп, бір ұлды болғаны айтылады. Атын Хұсрау қояды. Патша балаға керекті білік, тәрбие – бәрін үйретеді.

Хұсраудың жақын кісілерінің ішінде Шапур деген суретші болады. Ол



көпті көрген адам, бір әңгімеде Каспий теңізінің маңында Миһин Бану деген әйел патша, оның қолында ағасынан қалған сұлу қыз Шырынның барын айтады. Қыздың Шабдиз – Түн қараңғысы деген жүйірік тұлпары бар-ды. Осы әңгімені естіген Хұсраудың тағаты қалмай, қызды көргісі келеді.

Шырын бұл кезде саяхаттап жүрген болатын. Шапур Шырынның жүретін жолына үйінен дайындап алып шыққан Хұсраудың суретін іліп қояды. Шырынның әбден тағаты таусылған кезде Хұсраудың оған ынтық екенін айтады. Бұл өсек әңгіменің шиеленісуінен қорыққан Хұсрау Әзірбайжанға кетеді. Жолда келе жатып, өзен суға шомылып жатқан қызды көреді. Бұл жол соққы болып шаршаған Шырын болатын. Екеуі бірін-бірі тани алмай қалады.

Хұсрау Әжірбайжанға келсе Шырын жоқ, ал Шырын Иранға келсе, онда Хұсрау болмай шығады. Екеуі бірін-бірі қайта іздейді. Осы арада Хұрмұз патша қайтыс болып кетіп, Хұсрау әке тағына отырады. Әзірбайжанға қайта барып, осы жолы Шырынмен жүздеседі. Ойын-сауықпен көп күндерін өткізеді. Шырын Миһин Банудың сақтандыруымен, Хұсрауға еліндегі мәселелерін шешіп, өз тағына отырғанда ғана оның әйелі болатынын айтып, намысына тиеді. Түрік халықтарының жыр-ертегілеріндегі осы желінің төркінін тануға болады (Мысалы, «Қырық қыздағы» ұқсас желіні еске алайық).

Қыз шартын іске асыру үшін Хұсрау Византия патшасынан көмек сұрауға мәжбүр болады. Сол арқылы жауын жеңеді, бірақ Византия патшасының қызы Мәриямды еріксіз алуы керек болады. Бұл да кейінгі жыр-дастандарға тұрақты желі болып қалыптасқан кіріптірме деуге болады.

Осы кезде Миһин Бану қайтыс болып, орнына Шырын патша болады.

Шырын тұрып жатқан қорғанға құбыр тарту үшін Шапур Фархад атты шебер жігітті тауып, Шырын онымен перде ішінде отырып сөйлеседі. Сөйтіп, оқиғаны шиеленістіру мақсатында, Хұсрау-Шырын қарым-қатынасына үшінші қаһарман келіп араласады. Фархадтың Шырынға ғашық болып қалғанын сезген Хұсрау, қызғаныштан Фархадты сарайға алғызып, «Не Шырынды ұмыт, не тауы жарып, жол салып бер!» – дейді.

«Қисса Жүсіпте» Зылиханың ғашықтығы мен адалдығы қамшының сабын еріту арқылы дәлелденсе, Фархадтың ынтықтығын жылтыр тастан атының тұяғы тайып, құлап кеткелі тұрған Шырынды Фархад ат-матымен көтеріп апарып, үйіне жеткізеді. Осының өзі қаһарманның адалдығы мен берілгендігінің кепілі болуға қызмет атқаратын эпизод болып шығады.

Фархадтың жол салып бітуге таянғандығын біліп, Хұсрау одан құтылуың жолын іздейді, Әйтпесе, келісім бойынша тауды бұзып, жол салған жігітке Шырынды беру керек еді. Ақырында, бір адам жіберіп, Шырынның қайтыс болғандығы жөніне өсек айтқызады. Бұл қайғыны көтере алмаған Фархад та өліп кетеді.

Енді Шырынның айналасындағы оқиғаға төртінші кейіпкер араласады. Ол Хұсраудың Мәриямнан туған Шеруя атты баласы еді. Шеруя да Шырынға ғашық болып, әкесімен жауласады. Сол үшін әкесін зынданға салады. Оған Шырын да бірге кетеді. Мұнымен іс бітпейтінін сезген Шеруя Хұсрауды ұйықтап жатқан жерінен пышақтап өлтіреді. Шырын одан Хұсрауды жерлеуді талап етіп, бәрін жасап біткен соң, Хұсраудың қабіріне кіріп, жүрегіне пышақ салып өледі.

Құтбтың «Хұсрау-Шырыны» Низами ізімен жүре отырып, нәзирашылдық әдіспен жазылса да, оқиғаның негізгі өзегінен көп қашықтамағандығы байқалады. «Қисса Жүсіпке» қарағанда мұнда ғашықтық желісі негізгі мәселе етіп алынады, сөйтіп, түрік тілі орта ғасыр әдебиетінде ғашықтық қиссалардың тууына кең жол ашты. Бұл дастанда Низами ақын өзінің сүйікті жұбайы қыпшақ қызық аппақ қыздың бейнесін қалдырды деген жорамал бар. Осы сияқты ежелгі дастандардың үрдіс болған желілерінің кейінгі қазақ дастандарына, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» сияқты қазақтың өз өмір тіршілігінен алынған жырларға негіз болғандығын көреміз.

«Хұсрау-Шырынның» қолымыздағы А.Зайончковский жариялаған түпнұсқасын қарастыра отырып (1958), Құтб дастанын бүгінгі қазақ тіліне аударып, жарыққа шығару қажеттігі алда тұрған келесі істердің бірі екеніне көз жеткізгендей болдық. Шығармадағы өлең жолдары қазақ оқушысына түсінікті, құлаққа құйылып тұрғандай әсер ететіні аңғарылады.

Мысалы:

Бисмилләһи рахмани рахим,  
Илаһи тауфықтың қабұн ача бер,  
Көңүлгә тахматың ұрұғын сача бер.

Көңіл бер кім йақұнұңа йарасұн,  
Азұн қабләт бұ көңүлмүдүн йурасын,  
Бұ көңлүм көзгүсін сайқал құлу бер,  
Қамұғ мүшкүлләрімні хал құлу бер

(А.Зайончковский., 1958-17).

Аудармасы:

Е, Алла, таупығыңның қабағын аша бер  
(көмегіңді аяма),  
Көңіліме рақым ұрығын шаша бер  
(шапағатыңды шаша бер).  
Мейірімінді түсір, саған жақын болуға жарайын,  
Бар қателігім бұл көңілімнен жырақ болсын.  
Бұл көңілім айнасын анық қылып бер,  
Барлық мүшкіл халімді дұрыс қылып бер.





Дастанның бас жағы сол замандағы түрік әдебиетінің дәстүрі бойынша, Алла Тағаладан тілек білдіруге арналады:

Бү сөз кім башладум хош кәлсү жанға,  
Мұбарак қыл сөзүм барча жиһанға.  
Аның тег кім оқыған діл ачүлсүн,  
Тілімдін мүшкү ғанбарлар сачүлсүн  
(А.Зайончковский., 1958-17).

Аудармасы:

Бұл сөздерім хош келсін ойлы жанға,  
Мүбәрік қыл сөзімді барша жиһанға.  
Сондай-ақ, оқығанның ділі (жүрегі) ашылсын,  
Тілімнен жұпар, жақұттар шашылсын.

«Алланы мадақтау» бөлімінде Алланы кейде «Іді» немесе «Тәңір» деп те айта береді:

Іді атұ бірлә башла сөзүнні,  
Кім ол бар қылды йокдүн бү өзүнні.  
Ұлуғ тәңрү кім йаратту,  
Түтүб бек йерні көкләрні төрәтті.  
Танұқ барча халайұқ барлұқұнға,  
Далилләр һәм өкүш бар бірлікіңгә.  
Тағала аллаһ аңа йок ұхшашұғ бір,  
Һаратұр һәм йүрүтүр хүкмі йүкүр (Сонда 18).

Аудармасы:

Жаратушы атымен баста сөзіңді,  
Ол жатқан – бар қылды өзіңді.  
Ұлық Тәңір бәрімізді жаратты,  
Бекем қылып жерді, көкті тұрғызды.  
Ол өзін танытар барша халайықтың барлығымен,  
Дәлелденер және көп бірлігіңмен.  
Алла Тағала, оған жоқ ұқсас ешбір,  
Жаратар және қозғалысқа келтірер, үкімі жүрер.

Одан соң Алланың төрт сахабасын мадақтай келіп, өзі кітап арнап отырған Тыныбекті, оның жұбайы Мәликені дәріптейді:

Ұлұс ел әркілігі сұлтаны ханы,  
Жиһан халқы тән ол тән ічрә жаны.  
Ұлыс ел билеушісі, сұлтаны, ханы,  
Жиһан халқы – тән, ол – тән ішіндегі жаны.

Дастандағы Хұсрау бейнесі Әлидің «кемел патша» желісіне ұқсас келеді. Ол да Жүсіп сияқты жасынан зерек бала болып өседі:

Тама беш йашда йетті ерсә ақлаб,  
Көрүб көп мәңгі ғибар алды таңлаб.

(А.Зайончковский).

Аудармасы:

Тамадап бес жасқа жеткенде аңдап,  
Көріп көп нәрсені, ғибрат қылды таңдап.

Шырынның бейнесі Зылихаға ұқсас, мінсіз кейіпкер болып суреттеледі:

Қарағұ жадұсу көргәнні өртәр,  
Жаман көзлүг көзүн күн бірлө өртәр (Сонда 43.)

Аудармасы:

Көзімен жадылап, көргенді өртер,  
Жаман көздерді күндер өртер.

Дастанда бүгінгі оқушы талғамынан шыққан әдемі, бейнелі сөздер көп екені байқалады:

Нетек кім чыкту уун түлкісі індін,  
Қаша башлайу түннің күші індін.

Аудармасы:

Қашан шықса, күн түлкісі іннен,  
Қаша бастайды түн кішірейіп інге.

Бұл жерде күннің шығуын: «Күннің қызыл түлкісі іннен шықты» дегені бейнелілігімен таң қалдырады. Қазақ оқырманы үшін тағы бір қызықты жағы, дастандағы мақал-мәтелдердің бүгінгі қолданыстағы қазақ мақалдарына ұқсастығы дейміз. Мысалы:

Құтбта: «Тең емес қолда он бармақ, біл оны,  
Қаншама санаса да бірдей саны».

(Үзінділер «Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті» хрестоматиясынан алынды. 221-222 б).

Мағынасы: Он саусақ бірдей емес.

Құтбта: «Екі тәтті бір болмас».

Мағынасы: Екі жақсы қосылмас.

Құтбта: «Жаман қылықтымен отырма».

Мағынасы: Жаманен жолдас болма.

Құтбта: «Кесек атқанға қайтар тас қайғы».

Мағынасы: Кісіге ор қазба, өзің түсесің.

Құтбта: «Жалғыздықта тамнан да сақтан,  
«Болар тамда құлақ» деген бар мысал, біл».



Мағынасы: Жалғызбын деп ойлама, үй артында кісі бар.  
Құтбта: «Кілеміңе қарай көсіл аяқты».  
Мағынасы: Көрпеңе қарай көсіл.  
Құтбта: «Асығыспен ақылдың ісі бітпес,  
Жүгірумен ішке май жұқпас».  
Мағынасы: Асығыстың арты – өкініш.

Дастандағы негізгі бір ой – өмірдің өтпелілігі туралы. Қорқыт ата: «О, жалған дүние, бүкіл дүние – біздікі», – деп күркіреген сол бектерім, ерлерім қайда кеттің? Оларды ажал ұрлап, жер жұтты. Жалған дүние кімге опа қылған? Жер бетіндегі өмір мәңгі емес. Адам келеді, кетеді, оның түбі қайыр емес», –десе, Абай:

Ғаріптікке көз жетті,  
Алғаннан соң серікті.  
Өмірін берген Құдайым,  
Ажалын да беріпті, – дейді.

Екі ойшыл да өмірді көшкен керуенге теңейді. Өмірдің өтпелілігі туралы ұлы дала ойшылдары әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашқари, Ахмет Йүгнеки пәлсафасы да осыған саяды. «Хұсрау-Шырында» бұл ойлар былай берілген:

«Өтер желдей дүние, сен де өтерсің дүниеден,  
Егер болсақ, қайғыда я сүйініште,  
Өтер дәурен, қалармыз өкініште».  
«Өтеміз дүниеден барша нашар,  
Жігітке сүйініштен жақсы не бар?»  
«Кәрі қатындай бұл дүние алдамашы,  
Тәттілікпен ол алдар сені».

(Ежелгі дәуірдегі... 1992-217).

Құтбтың «Хұсрау-Шырынын» көшірген ақын – Берке Факих. Оның өз өлеңдерін ескере отырып, аты мәлім қаламгер ретінде әдебиетте қарастырған жөн деп білеміз. Өкінішке қарай, бұл есім бұрын қазақ әдебиетінде белгісіз болып келді.

Берке Факих «Хұсрау-Шырын» дастанын көшіріп болған соң, өз атынан өлең қосып жазған. Осы өлеңнен Берке Факих жайында біраз деректер беруге болады: Ол Алтынбұға деген бай кісінің қызметінде болып, Алтын Ордадан Мысырға, Ескендірия шаһарына барған. Ондағы қызметі ауыр екенін айтып, Құдайдан жеңілдік сұрайды. Қожасы – Алтынбұғаны мадақтайды. Бұл өлеңнен Берке Факихтің тек қана көшіруші емес, өз жанынан өлең шығарушы ақын, сонымен бірге білімпаз адам екені аңғарылады. Факих – дін-шариғатты жетік білуші деген сөз.

Берке Факихтің өлеңі А.Зайончковский жариялаған «Хұсрау уа

Шырын» дастанынан алынды (Варшава. 1958-61). Бұл есім әдебиетімізде бірінші рет аталып отырғандықтан өлеңнің түгел беруді жөн көрдік. Соңындағы: «Қыжыраның 785 жылы жазылды», – деген дерегіне қарағанда, Берке Факих Құтбпен замандас болған, ХІҮ ғасырдың екінші жартысында дүниеге келген адам деп айтуға болады. Ол да нәзира дәстүрін ұстанған ақын екені көрінеді.

Өлеңнің түпнұсқасы:

Иары берді ұған түкәттім бітіп,  
Иедім ке бұрұнрақ түкәл айтып.  
Иедім тауфиқ берді тамам қылдым ош,  
Иәдігер менден саңа қойдым ош.  
Мұхаммед Расулға түмен мың сәлем,  
терүріл рухыңа меніндін олам.  
Тағу елшінгә сәләс дүрүд,  
Кәсіксіз ұлашу болсұн бүрүд.  
Алтынбұға ерді ол саұқы атлығ,  
Өзі ғалым уа халим һәм тілі татлығ.  
иері келдім һәм аның қатұнға,  
Құлы теб айұрлар аның атынға.  
Келіп Ескендірге тәжрид үчүн,  
Алайын теб кәфірдің мұғмин өяін.  
Биләсінда келдім ният ғәза,  
Түкәттім кітапны ұшанда йаза.  
Ұшанда қолдаса ғазиз қадашым,  
Һәм бірге келүбән болып йолдашым.  
Жанымнан ғазиз ол қылды хитапны.  
Анын атынға йаздым үшбу кітапны.  
Аның атынға йаздым не болса күчүн,  
Жәһд етіп түкәттім харты үчүн:  
Бұ баштың айаққа қылып мен назар,  
Кечірдім хатасын ма қылдым хәзар.  
Бітідім кітабны хатасын бақыб,  
Бұ захмат чеккенім білгейсін оқұб.  
Атағым ма Берке Факих теб анчак,  
Өзім – мұғмын, уа мүсілім, уа аслым – кыпчак,  
менім бірле келген табып дүниялық,  
Меңа берді йазмақ – ұғымақ, білік.  
Мұның бірле мәшһүр Мысырда өзім:  
Факих теб айұрлар, ай, екі көзім!  
Алтынұға атлығ бір бек қатында,  
Түрұрмын мүләзім ош қыдмәтінда.  
Бұ қыдмәтта еркін, бітідім бітік,  
Сөзімгә хәләл тапма, баққыл ітік!



Тапұғда йөрігән йазармү бұ хат,  
Ниаты ғазалға мініп түн-күн ат?  
Уа, лікни ұғаным ма берді уасғат:  
Бітідім, түкәттім, көр, ошұл сағат.  
Бұ заман Факихға рабғат қылмаз неч,  
Факих теб кім ерсә хұрмет қылмаз неч.  
Иүрерім тапұғда не болса күчүн,  
Гахы тоқ болұрмын, гахы көп ачүн.  
Қылұрмүн халыққа өкүш хамд уа сана,  
Бір авуч тобрақдүн йараттү мана.  
Кұлаф алында өзүм кезләнүб.  
Бұ махлұқ ешкіндә жаным шешләніб.  
Илах құртарғыл бұ іштін мені,  
Халық уа разық теб білүрмін сені.  
Разы қыл меңа бер сәһәл санағат,  
Аның ла дүниада болсам қанағат.  
Рузымы асан қыл көргізме тарлық,  
Бұ махлұққа құлны, қылмағыл йарлұқ!

\*\*\*

Мусаннифни үннұтма, қылғыл дұға,  
Кәтиб уа мұсанниф-мұғаннан маға.  
Тарих йеті йүз сексен бешінде,  
Сафара йының йығыр бешінде.  
Иол үзре не болса бітідім кітаб,  
Хатымны зағиф теб қылмағыл ғитаб.

Аудармасы:

Жар берді жаратушым, түгестім жазып,  
Йеме бұрынырақ түгел айтып.  
Йем көмек берді, содан тамам қылдым,  
Менен саған жәдігерлік қойдым.  
Мұхаммед Расулға мың-мың сәлем,  
Рухыңа жеткіз менен бір сыйлық.  
Тағы төрт досыңа сәлем жеткіз.  
Сәлемім үзіліссіз жалғаса берсін!  
Алтынбұғы еді оның есімі,  
Өзі ғалым, парасатты, һәм тілі тәтті.  
Оның қасына еріп, осы жерге келдім,  
Мені оның құлы деп айтар.  
Ескендірияға соғыспаққа келіп едік,  
Кәпірден алайын деп мұсылманның өшін.  
Беріде келдім ізгі ниетпен,  
Кітапты осында жазып түгестім...  
Мен қолдаса әзиз жақын кісім,

Бірге келіп еді болып жолдасым.  
Ол әзиз кісі тапсырды,  
Соған арнап жаздым бұл кітапты.  
Оған арнап жаздым күшім жеткенше,  
Оның қадіріне жетуге тырыстым.  
Бастан-аяқ назар салдым,  
Сақтықпен қате жібермеуге тырыстым.  
Кітапты жаздым, қате жібермедім,  
Қанша бейнет шеккенімді оқып білгейсің.  
Берке Факих деген атағым бар,  
Өзім – мұсылманмын, асылым – қыпшақ,  
Мені ертіп алып келген кісі,  
Маған жазып-оқуын берді,  
Содан Мысырға мәшһүр болдым:  
Факих деген ат берді.  
Алтынбұғы атты бір бектің қасындамын,  
Оның әрдайым қызметіндемін.  
Қызметімде әркез жазу жаздым,  
Сөзімнен кемшілік іздей көрме.  
Қызметте жүріп жазуды қалай жазарсың?  
Ізгі ниетпен күні-түні ат үстінде жүресің.  
Бірақ Жаратушым мүмкіндік берді,  
Көріңдер, бұл сағатта жазып бітірдім.  
Бұл заманда Факихтың тілеуін ешкім тілемейді,  
Бұл кісі Факих екен деп ешкім құрмет қылмас.  
Күшімнің жеткенінше қызмет қылып жүрмін,  
Не болмасын, не болармын бұл дүниеде.  
Құдайға арнармын көп мақтауымды.  
Бір уыс топырақтан жаратқан ол мені.  
Күйім жақсы сияқты, сырт көзден жасырын,  
Өмірінің қиынына жаным күйінер.  
Илаһи құтқара гөр бұл жұмыстан мені,  
Жаратушым, ризық беруші деп білермін сені.  
Разы қыл, маған жеңілдік бере гөр,  
Соны ғана өзіме қанағат қылайын.  
Разы қыл, көрсетпе тарлық,  
Мені құл болсын деп қылма жарлық.

\*\*\*

Жазушыны ұмытпа, дұға қыл,  
Жазушы мен көшіруші бір-бірінен айырғысыз.  
Тарихтың жеті жүз сексен бесінде

(Жаңаша 1333 жыл. – А.Қ.).



Сафар айының жиырма бесінде  
(Мұсылманда екінші ай),  
Жазып бітірдім кітабымды,  
Жазғанымды жаратпай, ғайбаттама.

Қыпшақ ақыны Берке Факих – «Хұсрау-Шырынды» көшіруші ғана емес, өз өлеңімен де аты қалуға лайықты туындыгер.

Құтб дастанының басқа да нәзиралық нұсқалары бар. Мысалы, Жәми (ХҮ ғ.) «Хұсрау-Шырын» сюжеттерінің тек кейіпкерлерін алғанда, «Парвиз бен балықшы» атты оқиғаны өте қызықты суреттеген («Ескендірдің даналық кітабында»):

Хұсрау Парвиз өзінің айдан анық, күннен жарық сұлу әйелі Шырынмен отырса, бір балықшы келіп патшаға таңғажайып балық сыйлайды: қанаты қызғылт күлгін, теңіз маржанындай құлпырған, қабыршағы алтындай жарқыраған, күмістей көз тартқан, Алланың бір айырықша жаратқан мақұлығы еді.

Парвиз қызыққанынан алақанында жатқан балықты қыса қойды да, қазынашысын шақырды. Балықшың алдына мың дирхем күміс қойғызды. Сонда Шырын Парвизге:

«О, теңіздей терең ақылдым, мына кішкентай балыққа осынша сыйлық бергенің тым көп емес пе? Бұдан былайғы сый-сияпатыңның мұның қасында аз көрініп, жұрт: «Патшамыз сараң болып кетті демей ме?» – дейді.

Ойланып қалған Парвиз балықшыға беріп қойған мың дирхемін қалай қайтарып аларын білмейді. Шырын тағы да ақыл айтады: «Балықшыны шақырып: «Мына балығың еркек пе ұрғашы ма?»– деп сұра. Қайсысын айтса да, «Мен оны жемеуші едім», – дерсің», – дейді.

Парвиздің қайта шақырғанынан балықшы бірден секем алады. Балықтың еркек-ұрғашысын сұраған Парвизге: «Балығым еркек те емес, ұрғашы да емес, гермафродит», – дейді. Оны естіген патша күліп жібереді де, екі есе сыйлық бергізіпті.

Балықшы теңгелер салған ақшасын көтере бергенде, бір дирхемі жерге түсіп қалады. Қапшығын қойып, бір дирхемін іздеп жүріп тауып алады. Ол кеткен соң Шырын: «Не деген сараң еді, сараңдығы үшін бар ақшасын тартып алу керек», – дейді.

Патша балықшыны қайта шақыртып алып, сараңдығын бетіне басады. Балықшы: «О, патшам, мен үшін теңге құнды болып тұрған жоқ, теңгенің бетіндегі суретің қымбат, сурет аяқ асты болмасын дедім», – дейді.

Балықшының бұл сөзіне таң қалған патша әуелден үш есе ақша беріп қайтарады.

Ал, Науаи болса (ХҮ ғ.), «Хұсрау-Шырынға» – «Фархад-Шырын» деген ат беріп өз алдындағы ақындардан өзгеше құрағаны мәлім. Ол Хұсрау патшаны мадақтамайды, керісінше, бұрынғы кітәби дәстүрдегі

шарттылыққа өзгерту енгізіп, осы оқиғадан басқа бір өзек шығарады, өмірге жақындағадy. Еңбек, адамдық, парасат мәселесін алға шығарып, Фархад арқылы әдебиетті жаңа бір қырынан байытты. Сөйтіп, «Хұсрау-Шырынның» мүлде жаңа нұсқасын жасайды (Науаи., 1978).

Науаиде «Хұсрау-Шырынның» белгілі оқиғасына қосылған негізгі өзгеріс сол, Фархад қаза тапқаннан кейін, Шырын әуелі Фархадты жерлетеді де, Фархадты салған лахатқа өзі де келіп жатып, жан тапсырады.

Фархадтың қайғылы оқиғасын естіген досы Бахрам келіп, қаскөй Шируяны жеңіп, Арменияға өзінің заңды мұрагерін қояды. Сөйтіп, өзі Фархадтың денесі (сүйегі) жатқан жерде диуаналықпен күн кешіп жүреді.

Дастанда, сонымен бірге, патшаның қаталдығын, мейірімсіздігін де сынайды. Бұл үрдіс «Хұсрау-Шырын» оқиғаларының бұрынғы нұсқаларында айтылмаған. Бұрынғы шарттылықтарға бұл жағы кірмеген. Хұсрау бейнесін жағымсыз үлгіде суреттеген, ғашықтық мәселесін алдыңғы жиекке шығарған.

Қорыта келе, Құтб та, Жәми де, Науи да Низамидің шекпенінен шыққан, оның поэзиялық мектебінен үлгі алған ақындар екенін айтуымыз керек (Алиев Г.Ю., 1985-4).

Бұл тарауа айтылған мәселелерді түйіндей келсек, қисса-дастандар әдебиетіміздің тарихында нәзира дәстүрімен бірге туып, X-XIY ғасырдағы түрік Оянушылығының әдебиеттегі көрінісі ретінде пайда болды. Түрік тілінің мәртебесін көтеріп, сол тілде шығарма жазу, ана тілі мен төл тарихына үңілу қажеттілігін өтеді.


XIII-XIY ғасырларда дүниеге келген қисса-дастандардан ежелгі мифтік бейненің көркем шығарма қаһарманына айналуын («Қисса Жүсіп»); Ғашықтық тақырыбының көтерілуін («Хұсрау уа Шырын»); Діни ағартушылықтың туа бастауын («Жұмжұма») көреміз. Кемел патша, мінсіз әйел бейнесін жасаған Әлидің «Қисса Жүсібі» өзіне дейінгі мифтік желілер, Құран сюжеттері, парсы дастаншыларының үрдісін жалғастыра отырып, қазақ әдебиетіндегі дастандық қайнарлардың бірі болды. Оның кейбір мысалдарын жолма-жол ұқсастықтарынан табамыз. Әли қиссасының нақты сюжеттік, құрылымдық жүйесін толық сақтай отырып жазылған XX ғасыр басындағы туынды «Жүсіп-Зылиха» дастаны да бар.

О дүние туралы ежелгі мифтер мен діни ұғымдарды жаңғыртқан «Жұмжұма» дастанның имандылық пен адамгершілік мұраттарға үндейтін тұтас бір сюжеттік сала туындайды. Бұл шығарма өз құндылығын жоймаған, қазіргі күннің де қажетіне жарайтын, мәңгілік тақырыпқа жазылған мұра.


Орта ғасыр қиссалары діни, ғашықтық, батырлық т.б. тақырыптарға жазылған дастандарға негіз болып, жол салды.








**ҒЫЛЫМИ  
ҚОСЫМШАЛАР**





## ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

### Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу

Профессор Б.Кенжебаевтың бұл ғылыми мақаласы қазақ әдебиеті тарихындағы ұзақ жылдар бойы қалыптасқан тұжырымдамаға түбегейлі өзгеріс әкеліп, тың қадам мен үлкен бетбұрыстың басы болған еңбектің бірі.

Зерттеу алғаш рет 1941 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланды. Аталмыш зерттеудегі, яғни қазақ әдебиетін жаңаша тұрғыда дәуірлеу концепциясы сол жылы республика мұғалімдерінің конференциясында негізгі мәселе ретінде көтеріліп, «Қазақ тілі мен әдебиеті» (1941, № 10) журналында жарық көрді. Одан кейін 1959 жылы белгілі әдебиеттанушы ғалым Қажым Жұмалиевпен пікірталас түрінде «Қазақ әдебиеті» газетінде (№ 20, 16 мамыр.) айтыс мақала ретінде жарық көрді. Б.Кенжебаевтың қазақ әдебиеті тарихын V ғасырдан, яғни қазақты құраған ежелгі түркі ру-тайпаларының ортақ әдебиетінен бастауы қазақ әдебиеті тарихындағы ілгері қадамдардың бірі болғанымен, сол кездегі қалыптасқан көзқарас пен тұжырымдамаға қарсы тойтарыс болып табылғандықтан, әсіресе іргелі ғалым Қ.Жұмалиев тарапынан үлкен сынға ұшырады. Кейіннен ғалымның бұл игі бастамасы ғылыми қауым тарапынан жылы қабылданды. Мысалы, ғалым шәкірттерінің бірі, әдебиет зерттеушісі Қ.Ергөбек: «Б.Кенжебаев – қазақ әдебиетінің түркі халықтарына ортақ кезеңін алғаш зерттеген білімпаз» деп атап көрсетсе (Тұрлаулы толғаныс // Кітапта: Б.Кенжебаев. Түрік қағанатынан бүгінге дейін. Алматы, Ана тілі, 2004.), профессор А.Ісімакова: «Б.Кенжебаевтың кеңес кезінде көлеңкесінен қорыққан лауазымдары биік әдебиетшілерден бөлініп, ғалымдық парызын алға қойған ой тұжырымдары ұлттық мүддені қорғауға арналды» (Б.Кенжебаев және қазақ әдебиеттануының дәуірлеу мәселесі. Конференция материалдары. – Алматы, Қазақ университеті, 2004.) деген пікір білдірді.

Кейіннен бұл ғылыми еңбек ғалымның 1969 жылы «Көне әдебиет туралы» атты студенттерге арналған қосымша материалында, 1973 жылы «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» (Алматы, Қазақ ССР-нің Ғылым баспасы.) атты зерттеулер жинағында, одан кейін «Әдебиет белестері» (Алматы, Жазушы, 1986) атты оқулығында жарияланды.

Соңғы басылым «Түрік қағанатынан бүгінге дейін» (Кенжебаев Б. Алматы, Ана тілі, 2004) атты жинақта жарық көрген. Зерттеу мәтіні 1969, 1973, 1986, 2004 жылдардағы басылымдарда өзгеріске ұшырамаған.

Томға ұсынылған зерттеу мәтіні осы соңғы басылымнан әзірленіп отыр.

*Тоекина Б.*



## Әдебиет тарихын зерттеудің кейбір мәселелері

Б.Кенжебаевтың «Әдебиет тарихын зерттеудің кейбір мәселелері» атты зерттеуі алғаш рет 1955 жылы, «Қазақ әдебиеті» (№7, 18-ақпан.) газетінде жарық көрді.

Бұл мақаласында да ғалым даулы мәселелерді айта келіп, әдебиеттің жастығы, әдебиет тарихының кенжелігі ел мақтанышы болмау керектігін, шын мақтану үшін халқымыздың тым тереңде жатқан рухани мәдениетін қазып, аршып алып, дәлелдеп, бүгінгі жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеуге қызмет еткізе білу қажет екендігі жайлы құнды тұжырымдар келтіреді. Бұл жайында профессор Д.Ысқақұлы: «Өз кезіндегі әдеби өмірге белсене араласқан Б.Кенжебаевқа нені болса да жалтақтамай турасын айту, кемшіліктерді нақтылап көрсетіп, бетке басу, шындық үшін күрестен тайқымау сияқты қасиеттер тән» деп, әділ бағасын береді (Сынталқы. – Алматы, 2005, 16-б.). Сонымен қатар осы мәселе жайында ғалымның басты мақсаттарының бірін іске асырған шәкірттерінің бірі М.Жолдасбеков: «Ақ жүрегінен аршылып, төгіліп жазған маржандай ойларының бәрі кесіліп, қайшыменен қиылып, күзеліп, жүнін жұлған тауықтай болып жарияланатын. Ол замандарда Бейсекеңнің бір сөзі жүзеге асқан жоқ, жазған мақаласының бірде-бірі тұтас күйінде жарияланбады. Бәрі сүзгіден өткізіліп, мағынасы жойылып, халыққа түсініксіз күйде жетіп жатты. Сонда да Бейсекең айтқанынан қайтқан жоқ» деп (Біз білетін Бисекең // Егемен Қазақстан, 2011 жыл, 24 қыркүйек) жүрек жарды пікірін білдіреді.

Бұл зерттеу мақаланың келесі басылымы ғалымның «Әдебиет белестері» (Алматы, Жазушы, 1986.) атты оқулығында жарық көрді.

Зерттеу мәтінінің 1986 жылғы басылымы «Қазақ әдебиеті» (1955) газетіндегі ғылыми мақалаға қарағанда көлемі жағынан біршама ұлғайтылып, өңделген. Зерттеу еңбек соңғы рет «Түрік қағанатынан бүгінге дейін» (Алматы, Ана тілі, 2004) атты жинақта жарияланды.

Кітапқа кіріп отырған зерттеу мәтіні соңғы жарияланым негізінде өзгеріссіз алынды.

*Тоекина Б.*

### Орхон ескерткіштері (VII—VIII ғғ.)

Кенестер Одағы дәуірлеп тұрған XX ғасырдың екінші жартысында қазақ халқының өткен тарихы мен мәдениетіне, өнері мен әдебиетіне тереңдеп баруға тыйым салынған еді. Әдебиет пен тарихты барынша ашып көрсеткен ғалымдар саяси тұрғыдан қудаланып жатқан уақытта Б.Кенжебаев бастаған бір топ жас ғалымдар әдебиет тарихын YII ғасырдан

бастау керек екенін күн тәртібіне қойып, өздері бас болып кірісіп кетті. Алғашқы еңбек ретінде 1967 жылы Б.Кенжебаевтың бастамасымен жарыққа шыққан «Ертедегі әдебиет нұсқалары» атты оқулық-хрестоматия жарияланды. Көп ұзамай 1969 жылы М.Жолдасбеков «Көне түркі әдеби ескерткіштері және олардың қазақ әдебиетіне қатысы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

Орхон-Енисей өзенінің бойындағы көне түркі тас жазба ескерткіштері туралы мәліметтер ХҮІІІ ғасырда басталса да, олардың ғалымдардың назарына ілігуі ХІХ ғасырдың еншісінде. 1818 жылы Григорий Спасский өзі шығарып тұрған «Сибирский вестник» журналында «Древности Сибири» атауымен көне жазба ескерткіштер туралы мақала жариялады. Осыдан бастап-ақ, фин және орыс ғалымдарының арасында қызу тартыс басталып, құпиялы жазуды алғаш оқу үшін орыс ғалымдары Н.М.Ядринцев пен В.В.Радлов бастаған және фин ғалымы А.Гейкель бастаған түрлі экспедициялар ұйымдастырылды.

Дегенмен, құпиялы жазудың сырын ашу даниялық ғалым Вильгельм Людвиг Томсеннің маңдайына жазылды. Ол 1893 жылы Орхон жазуының «кілтін» тауып, 1895 жылы тасқа жазылған таңбалар аудармасының алғашқы нұсқасын жариялайды.

В.В.Радлов В.Томсеннің анықтаған түрік әріптерін қолдана отырып, 1894 жылы өз аудармасын ұсынады. Бірақ Василий Радлов мәтіннің транскрипциясы мен аудармасында көптеген қателік жібереді. Мұны байқаған В.Томсен 1896 жылғы «Inscriptions de L'Orkhon» атты еңбегінде В.Радловтың қателіктерін көрсетіп, түрік ескерткішінің толық аудармасын, транскрипциясын және түсіндірмесін жасайды. Томсеннің еңбегінен кейін В.Радлов Орхон мұраларына байланысты аудармасын қайта қарап, толықтырып, түзетіп 4 томдық атласты жарыққа шығарады.

В.В.Радлов Ресей Ғылым Академиясында түріктанудың негізін қалаумен қатар оның одан әрі жалғасуы үшін де көп еңбек сіңірген қайраткер. Түрік бітігін оқып, ғылыми зерттеулер жүргізу үшін шәкірттер даярлады. Сондай шәкірттерінің бірі Платон Михайлович Мелиоранский еді. Ол ұстазы В.Радловпен бірге 4 томдық атласты құрастыруда аянбай еңбек етеді. Өзі де Орхон ескерткіштері туралы ғылыми мақалалар жариялап тұрады. 1899 жылы П.М.Мелиоранский «Памятник в честь Кюль-тегина» деген тақырыпта түрік жазуына қатысты ең алғашқы магистрлық диссертацияны қорғап, оны ғылыми жинақта жариялайды.

Бұдан кейінгі кезеңдерде В.В.Бартольд, Г.Рамстедт, В.Л.Котвич, А.Н.Самойлович Орхон-Енисей бойынан табылған тастағы жазбалар туралы мақалалар жазған. В.Л.Котвич 1912 жылы Күлі-Чүр ескерткіш кешенін іздеп тапқан болатын.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан бастап, екінші дүниежүзілік соғыстың аяғына дейін түрік бітігін зерттеу ісі саябырсығанымен,



бірлі-жарым еңбектер жарияланып тұрды. 1950 жылдардан кейін Кеңес Одағының ғалымдары С.Е.Малов, И.А.Батманов, В.М.Насилов, С.Г.Кляшторный түрік жазуын зерттеп, ғылыми еңбектер жазды.

Орхон-Енисей жазуларына Кеңес Одағы ғалымдарының қызығушылығы арта түсті. Зерттеушілер бұл ескерткіштерді ғылымның әр саласы тарапынан қарастырып, өздерінің тұжырым-пайымдарын ғылыми басылымдарда жариялап тұрды. Мәселен, Л.Р.Кызласов тастағы жазбаларды тарихи дерек ретінде қарастырып, докторлық диссертация қорғаса, И.В.Стеблева 1965 жылы кандидаттық диссертациясында VI-VIII ғасырдағы түрік поэзиясын зерттеп, осы зерттеуін сол жылы монография қылып шығарады.

Қазақ ғалымдары да түрік бітігін зерттеуден шет қала алмады. Ғұбайдолла Айдаров пен Алтай Аманжолов Орхон-Енисей жазуларын тілдік тұрғыда талдады. Ғылыми ізденісін одан әрі жалғастырған Ғ.Айдаров түрік жазуларына қатысты бірнеше еңбектер шығарды. А.Аманжолов та түрік руникасын талмай зерттеп, неше жылғы еңбегін 2003 жылы жинақтап бастырады.

Тасқа қашалған мәдени мұралар қазақ әдебиеттану саласында да зерттеу өзегіне айналды. Академик жазушы М.Әуезов батырлық жырлар мен «Манас» эпосын алғаш рет Күлтегін ескерткішіндегі мәтіндермен салыстыра зерттесе, Х.Сүйіншалиев көне түрік жазуларын әдебиетіміздің қайнар бұлағы ретінде қарастырады.

М.Жолдасбеков Орхон ескерткішіне арнаған өзінің ғылыми жұмысында түркі жазуының табылуына, оқылу тарихына, аударылуына ерекше тоқталып, өзіне дейінгі ғалымдардың еңбегін мейілінше пайдаланады. Өзі де Күлтегін жазуын оқып, транскрипциялап, аудармасын береді. Түркі жазба ескерткішінің жанрлық сипатын ашуға тырысады. Сонымен қатар, ескерткішті «Алпамыс», «Қобыланды» сынды қазақ эпостарымен салыстыра отырып зерттейді. Тасқа қашалып жазылған Бұмын, Елтеріс, Білге, Күлтегін, Тоныкөк образдарын жан-жақты ашып, тарихи құжаттар арқылы бекіте түседі. Ескерткіштің көркемдік жүйесіне барынша үніліп, өзіне дейін осы тақырыпта ғылыми жұмыс жазған И.В.Стеблеваның еңбегіне қарсы дәлелді де тұжырымды пікір айтады. Еңбек ғалымдар тарапынан үлкен ілтипатпен қабылданып, еліміздегі жоғары оқу орындарында пән ретінде енгізілді.

М.Жолдасбековтың Орхон жазбаларына қатысты зерттеуі кейінгі жылдары «Асыл арналар» (1986, 1990, 2012) атауымен шыққан еңбекте жарияланды. Ғалым көне түркі ескерткіштеріне қатысты ғылыми еңбектерін «Камни заговорили» (2007), «Орхон ескерткіштерінің толық атласы» (2007, Қ.Сартқожаұлымен бірге) атты кітаптарда жариялады.

Ұсынылып отырған зерттеу мәтіні соңғы басылымы (2012) бойынша дайындалды.



## VIII-XIV ғасырдағы әдебиет

Көрнекті әдебиет зерттеушісі Х.Сүйіншәлиевтің бұл ғылыми еңбегі тұңғыш рет «Қазақ әдебиетінің түп төркіндері» деген атаумен «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» (Алматы, Қазақстан баспасы, 1967.) атты зерттеулер жинағында жарық көрді.

Аталмыш мақаланың жазылуы ғалымның 1960 жылдардың басынан бастап жоспарлап жүрген басты идеяларының жүзеге аса бастағандығын, яғни, оның қазақ әдебиеті тарихының тамырын тереңдете түсуіне қосқан үлесін айғақтайды. Зерттеудегі ғалымның қазақ әдебиетінің түп төркінін ру-тайпалық кезеңнен бастап, әсіресе қарлұқтар заманында ілгерілей бастағандығын, қазақ тайпаларының бір кезде бірлесе мәдениет жасаған іргесі берік ел болғанын баса көрсетуі – кеңестік кезең үшін шын мәнінде батыл тұжырымдар болып табылды. Сондай-ақ, ғалымның бұл жетістігін әдебиет зерттеушісі Т.Қоңыратбаев «Ғылымның алып бәйтерегі» атты мақаласында: «Х.Сүйіншәлиев – қазақ әдебиеті тарихының көне кезеңдерін зерттеп, зерделеп, ғылыми оралымға енгізу жолында үлкен рухани-интеллектуалдық күреске түскен ғалымдардың бірі» (Б.Кенжебаев және қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. // Конференция материалдары. – Алматы, Қазақ университеті, 2004. 39-б). деп бағалады

Ғылыми зерттеудің келесі басылымы ғалымның 1975 жылы «Орта ғасырлардағы әдебиет ескерткіштері» (Алматы, Ғыл.мет.каб, 1975.) атты дәрістер жинағында жарияланды. Одан кейін 1987 жылы «Көркем сөздің орта ғасырлық өрнектері» деген атаумен жарық көрді. Зерттеудің жарық көрген мәтін тақырыптары екі түрлі атаумен берілгенімен, өзгерістер енгізілмеген.

Томға ұсынылған отырған зерттеу мәтіні ғалымның «Қазақ әдебиетінің тарихы» (Алматы, Санат, 2006.) атты оқу-құралы негізінде дайындалды.

*Токина Б.*

### Көне түркі жазба ескерткіштері

Х.Сүйіншәлиевтің бұл ғылыми зерттеуі де алғаш 1967 жылғы «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері (Ерте дәуірден ХІХ ғасырдың аяғына дейін)» атты жинақта «Жазу мәдениеті және көне ескерткіштер» деген атаумен жарық көрген.

Зерттеу еңбек – Түркі қағанаты кезінен бергі қарай сақталып келген әр түрлі жазба ескерткіштердің Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тіл тарихы мен әдебиеті үшін маңыздылығын айқындап беруімен құнды. Зерттеуші VII-VIII ғасырлардағы түркі қағандары Білге, Күлтегін, Тоныккөк басына қойылған құлпытастардағы жазу үлгілерін тасқа



жазылған кітап ретінде қарастыру қажеттігін атап көрсетеді. Ғалымның аталмыш зерттеуін академик Р.Бердібай кезінде: «Х.Сүйіншәлиевтің ертедегі дәуір әдебиетін зерттеп, Орта Азия мен Қазақстанға ортақ бірталай әдеби құбылыстарға талдау жасағаны кезінде тың ұмтылыс болатын», (Еңбеккер ғалым. //Ханғали Сүйіншәлиев және қазақ әдебиеті тарихының келелі мәселелері. Алматы, Қазақ Университеті, 2004.) – деп бағалады.

Зерттеудің келесі басылымы «Орта ғасырлардағы әдебиет ескерткіштері» атты дәрістер жинағына лайықталып (Алматы, Ғыл. мет.каб. 1975.) жазылған. Одан кейін «Көркем сөздің орта ғасырлық өрнектері» деген атаумен (Ғасырлар поэзиясы. Алматы, Жазушы, 1987.) жарық көрді. Бұл жарияланымға 1967, 1975 жылдарға қарағанда біршама өзгерістер енгізілген.

Ұсынылып отырған зерттеу мәтіні 2006 жылы жарық көрген (Х.Сүйіншәлиев. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, Санат баспасы.) оқулық бойынша дайындалды.

*Токина Б.*

### **Қорқыт ата кітабы**

«Қорқыт ата кітабы» атты зерттеу – Х.Сүйіншәлиевтің соңғы жылдар еңбегінің жемісі. Себебі, ғалымның 1967, 1975 жылдардағы жарық көрген зерттеу жинақтарында аталмыш зерттеу кездеспейді. Зерттеу тұңғыш рет 1987 жылы «Ғасырлар поэзиясы» атты зерттеулер жинағында жарық көрген.

Ғалым аталмыш зерттеуінде ол кезеңдерде ғылыми айналымға көп түсе қоймаған жәдігерлікті жан-жақты зерттеуімен қатар, ескерткішті құраған 12 жырдан үзінді келтірген. Сонымен қатар Қорқыт жырларын қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерімен салыстыра отырып, типологиялық сабақтастықта қарастырған. Соның ішінде «Ер Сайын», «Қобыланды», «Алпамыс» сынды батырлық жырлары сюжеттерін Қорқыт ата жырларындағы оқиға желісімен байланыстыра отырып талдап көрсеткен.

Профессор Ж.Дәдебаев ғалымның осы сынды еңбектері жайында: «Ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерін тұтастыра, ұластыра зерттеу арқылы ғылым үшін маңызы жоғары, тың және жаңа нәтижелерге қолы жетті» («Ханғали Сүйіншәлиев және қазақ әдебиеті тарихының келелі мәселелері» ғылыми конференция. Алматы, Қазақ Университеті, 2004.) деп атап көрсетеді.

Зерттеу еңбектің келесі басылымы 1997, 2006 жылдары «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты жинақтарда жарық көрген.

Зерттеу мәтіні соңғы басылым бойынша әзірленді.

*Токина Б.*

## Оғыз нама

Профессор Х.Сүйіншәлиевтің «Оғыз нама» атты зерттеуі алғаш «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» (Ерте дәуірден ХІХ ғасырдың аяғына дейін) атты жинақтың «Қазақ әдебиетінің түп төркіндері» (Алматы, Қазақстан баспасы, 1967.) деген тарауында жарияланған.

Ғалым «Оғыз наманы» зерттеуде Н.Ф.Диц, П.Пелльо, В.В.Бартольд, А.Н.Бернштам, В.М.Жирмунский сынды түркітанушылар еңбектерін пайдалана отырып, талдап, өз тарапынан тың тұжырымдар келтіреді. Сондықтан бұл зерттеу де ғалымның түркітану ғылымына қосқан сүбелі еңбектерінің қатарын молайтты. Зерттеу еңбегін белгілі әдебиеттанушы ғалым С.Негимов «Ғалымның қаламы мен ғаламы» атты мақаласында: «Әдебиетіміздің түп-төркіндерінің негізгі өзек тамырларын баяндап, көкірегімізге ұялатқан Ханғали Жұмашұлының ғылым-білім жолындағы әр қадамы жемісті» деп бағалайды (Ханғали Сүйіншәлиев және қазақ әдебиеті тарихының келелі мәселелері. Алматы, Қазақ Университеті, 2004).

Зерттеудің келесі басылымы 1975 жылы «Орта ғасырлардағы әдебиет ескерткіштері» атты лекциялар жинағында, одан кейін 1987 жылы «Ғасырлар поэзиясы» атты зерттеу еңбекте (Алматы, Жазушы баспасы.) жарық көрді.

1987 жылғы басылымда 1967, 1975 жылдар басылымына қарағанда біршама өзгерістер енгізіліп, «Оғыз намадан» бір бетке таяу үзінді де қосылып берілген.

Одан кейін бұл зерттеу ғалымның «Қазақ әдебиетінің тарихы» деген жинағында 1997, 2006 жылдары жарық көрді.

Томға ұсынылып отырған зерттеу мәтіні 2006 жылғы басылым негізінде дайындалды.

*Тоёкина Б.*

### **«Диуани лұғат ат-түрік» – көне түркі поэзиясының тұңғыш жинағы**

Х.Сүйіншәлиевтің ғылыми тұрғыда негізделген жемісті еңбегінің бірі «Диуани лұғат ат-түрік» – көне түркі поэзиясының тұңғыш жинағы» атты зерттеуі болып табылады. Зерттеу тұңғыш рет «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» (Алматы, Қазақстан, 1967.) атты кітабында жарық көрген.

Бұл зерттеу 1960 жылдары жарық көрген Б.Кенжебаевтың шағын мақаласынан кейін жазылып отырған көлемді, әр қырынан талданған және тың материалдардармен толықтырылған еңбек болды. Ғалым





туындыны әдеби көркем шығарма ретінде қарастыра отырып, оның көркемдік-эстетикалық, поэтикалық құндылығына баса назар аударған.

Зерттеудің келесі басылымы 1975 жылы «Орта ғасырлардағы әдебиет ескерткіштері» атты дәрістер жинағында, (Алматы, ғыл.мет.каб.) одан кейін 1987 жылы «Ғасырлар поэзиясы» атты еңбекте (Жазушы баспасы, Алматы.) жарық көрді. Соңғы 1987 жылғы басылым 1967, 1975 жылдар басылымына қарағанда біршама өңделіп, үзінділермен толықтырылған.

Келесі басылым, 1997, 2006 жылдары жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихы» (Алматы, Санат. 1997, 2006.) атты жинақтық зерттеуде жарияланған.

Кітапқа ұсынылып отырған зерттеу мәтіні соңғы басылым негізінде дайындалды.

*Тоекина Б.*

### **«Құтадғу білік» – даналық дастан**

«Құтадғу білік – даналық дастан» атты Х.Сүйіншәлиевтің зерттеу еңбегі алғаш рет «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» (Алматы, Қазақстан, 1967.) атты жинақта жарық көрген.

Бұл зерттеудегі ғалымның Баласағұн шығармасының маңыздылығын талдаған әрбір тұжырымы тың жаңалық болып табылып, қалың жұртшылықтың жылы қабылдауына ие болды. Осы тұрғыда ғалымға профессор Т.Тебегенов: «Х.Ж.Сүйіншәлиев өмір бойы қазақ әдебиетінің көп ғасырлық тарихын толық қамтып зерттеді, жүйеледі, ешқашан мәнін, құнын жоймайтын еңбектер жазды» (Ханғали Сүйіншәлиев және қазақ әдебиеті тарихының келелі мәселелері. Конференция материалдары. Алматы, Қазақ университеті, 2004.) деген жоғары баға берді.

Одан кейінгі басылым студенттерге арналған «Орта ғасырлардағы әдебиет ескерткіштері» (Алматы, Ғыл.мет.каб, 1975) атты дәрістер жинағында жарық көріп, ал келесі оқулықтар 1986, 1987, 1989 жылдары баспа бетін көрген. Одан кейін зерттеу еңбек 1997 жылы жарық көрді.

Томға ұсынылып отырған зерттеу мәтіні 2006 жылғы басылым бойынша әзірленді.

*Тоекина Б.*

### **Ахмет Йүгнәки**

Х.Сүйіншәлиевтің «Ахмет Йүгнәки» атты зерттеуі алғаш рет автордың «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» (Алматы, Қазақстан баспасы, 1967.) атты кітабының «Қазақ әдебиетінің түп төркіндері» атты тарауында жарық көрген.

Бұл зерттеу еңбегі де ғалымның ғылым майданында жасаған ерлігі іспеттес. Себебі, діни тақырыптағы туындыны кеңестік дәуірде зерттеуімен қатар, қазақ қауымы үшін тың тақырыптардың бірі болған еңбекті ғылыми айналымға енгізуінің өзі осыны айғақтайды. Бұл тұрғыда академик З.Қабдолов өзінің «Ұстаз» атты мақаласында: «Ханағаң ғылым мен білімдегі «ертеден салса, кешке озған, ылдидан салса төрге озған» тұлпар бітімді тарланымыз» (Ханғали Сүйіншәлиев және қазақ әдебиеті тарихының келелі мәселелері. Конференция материалдары. Алматы, Қазақ университеті, 2004.) деп жоғары баға береді.

Зерттеу мақаланың келесі басылымы 1975 жылы «Орта ғасырлардағы әдебиет ескерткіштері» атты жинақта жарияланса, 1987 жылғы «Ғасырлар поэзиясы» атты зерттеу еңбекте көлемі екі есе толықтырылып, өңделіп қайта жарық көрді. Келесі соңғы басылым 2006 жылы жарияланды (Сүйіншәлиев Х. Ахмет Йүгнәки» // Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, Санат баспасы).

Кітапқа ұсынылып отырған зерттеу мәтіні осы соңғы басылымның негізінде өзгертілмей алынып отыр.

Тоекина Б.

**Аударма – нәзира әдебиет**  
*«Қисас-ул Рабғұзи» («Рабғұзи қиссалары»)*

Профессор А.Қыраубаева «Қисас-ул Рабғұзи» мен «Махаббатнаманың» идеялық көркемдік ерекшеліктері» атты кандидаттық диссертациясының бір тарауы болған бұл зерттеуінде Алтын Орда дәуіріндегі әдебиеттің ахуалы мен қалыптасуына, дамуына, қарастырар туындыға сол кезеңдегі әлеуметтік-қоғамдық жағдайдың тигізген әсеріне, туындының жанрлық табиғатына, ерекшелігіне, дәстүр мен жалғастығына тоқталады. Мұндай ағымның таралуына бір кездері әл-Фараби де ден қойған Қайта өрлеудің сол дәуірде жер жүзі мәдениетіне жайылып жатуы орасан зор әсерін тигізгендігін байқауға болады. Ғалым мұндай әсерлер мен ықпалдар Әли, Құтб, Сәйф Сараи шығармашылығындағы классикалық парсы әдебиетіне еліктеуден, сондағы Қайта өрлеу идеясына бой ұрған ақындардың шығармаларын, бұрынғы араб-парсы әдебиеті үлгілерін өз заманына лайықтап қайта жаңғырту талпынысынан туған шығармалардан көрінгендігін айтады.

Сондай-ақ, ол аталмыш зерттеуінде бір ақынның жазғанын екінші бір ақынның қайталап өзінше баяндауы шығыста көп таралғандығын айта келе, мұның «нәзира дәстүрі» деп аталатындығын әрі бұл шығармаларға бір өлшеммен қарауға болмайтынын, бұл уақыттағы туындылардың бірқатары аудармаға жақын болса, бірқатарының нәзиралық сипаты



басым, кей шығармаларда екі әдістің де қатар қолданылуы сезілетіндіктен, мұндай туындыларды «аударма-нәзира» деп айту шындыққа біршама жақын келетіндігін ескертеді. Бір сөзбен айтқанда, зерттеуде ХІҮ ғасырда өмір сүрген Насируддин Бурхануддин Рабғұзидің «Қисас-ул-әнбия» («Пайғамбарлар қиссасы») атты әдеби шығармасының тақырыптық, жанрлық, көркемдік сипаттары жан-жақты ашылған. Мәтінде сонымен қатар, «Салых қиссасы», «Лұқман хәкім қиссасы», «Аһил Хайруан қиссасы», «Зұлқарнайын қиссасы», «Жүсіп-Зылиха қиссасы» және бірнеше шағын хикаяттар кездеседі.

А.Қыраубаеваның Алтын Орда дәуіріне арналған бұл зерттеуін жоғары бағалаған академик Р.Нұрғали «А.Қыраубаева ұстазы Б.Кенжебаевтың негізгі концепциясы мен басты тұжырымдарын дамыта түсті, жаңа фактілер арқылы айқындады, соны пікірлермен толықтырды» десе (Телағыс. Монография. Жазушы, 1986), әдебиеттанушы ғалым Х.Сүйіншіалиев өзінің «Қазақ әдебиеті тарихы» (Алматы, Санат, 1997) еңбегінде «Қисас-ул-Рабғұзи» өз зерттеушісін тапты» деп оң бағасын береді.

Десе де, ғалым пікірлерінің ішінен бүгінгі күні басқаша саралауды қажет ететін біршама мәліметтері атап өту қажет. Себебі, тәуелсіздік алған соңғы жылдықтарда бір кездері атын атауға тыйым салынған діни ұғым-түсініктерді Құран аяттары негізінде ғылыми дәлелдеуге мүмкіндік туды, ал, кеңестік кезеңдегі идеология мен саясаттың белгілі дәрежеде ғалымның зерттеуіне, дүниетанымдық көзқарастарына ықпал жасағандығы анық. Сондықтан да, А.Қыраубаева бұл зерттеуінде дүниенің, адамның жаратылуы, пайғамбарларға сену мәселелерінде *«...қазіргі ғылым діни кітаптар – «құдайдың сөзі, құдай жіберген» дейтін аңыздардың жалғандығын жалаң сөзбен емес, ғылымның бұлтартпайтын қаруымен дәлелдеп отыр. ...«Рабғұзидегі» кейбір «қалыптасқан сюжеттердің» түп негізі, дүниенің жаралуы, жерді топан су қаптауы туралы аңыз және басқалар вавилон мифологиясынан алынғандығы дәлелденіп отыр ... Адам мен Хауаның жаратылуы жөніндегі діни аңызды да біздің жыл санауымыздан бірнеше мың жыл бұрын өмір сүрген адамдардың фантазиясы туғызғандығы дәлелденіп отыр ... Халық дінді таратушыларды «бізге жаңа дінді әкелген, шындыққа көзімізді ашқан адам» деп қастерлеп, есте берік ұстап, оларға мінәжат етуді парыз санаған ...Жоғарыдағы әңгімелер адамның дүниенің шын сырын білуге құмартуы, аңсауының бейнелі көрінісі деуге болады»* т.б. секілді атеистік көзқарасты ұстанғандығы, Құранда кездесетін оқиғаларды аңыз-әңгімелер ретінде қарастырғандығы әрі *«Бұл аңыздар кейін Құранға кіргізілген соң айырықша мол тарап кетті»* деп, бұл пікірін ғалымдардан (К.Ақназаров, З.Косидовский т.б.) сілтеме келтіре отырып дәлелдеуге тырысқандығы айқын аңғарылады. А.Қыраубаеваның шығармашылық әлеміне зерттеу жасаған К.Әбдір

өзінің кандидаттық диссертациясында (2010) ғалымның аталмыш пікірлерінің уақыттың, идеологияның белсенді ықпалының көрінісі екендігін айтып өтеді.

Ғалым бұл зерттеуіне дейін «Қазақ тілі мен әдебиеті мәселелері» журналында (7-шығарылым, Алматы, 1971) «Алтын Орда дәуірі мен әдебиеті туралы» атты ғылыми мақала жариялаған. Ал кандидаттық диссертациясында аталмыш мақаласында айтылған ой-пікірлерін дамытып, толықтырып, ғылыми дәйектейді. Кейін бұл еңбек «Ғасырлар мұрасы» деген атпен ғылыми монография болып жарық көрді (А.Қыраубаева. Алматы: «Мектеп», 1988. – 163 бет).

Ғалымның бұл еңбегі 2008 жылы (А.Қыраубаева. Ғасырлар мұрасы. Алматы: – «Өнер», 5 томдық шығармалар жинағы. I том. – 304 бет) қайталап жарыққа шықты.

Томға еніп отырған мәтін соңғы басылым бойынша әзірленді.

*Хаван А.*

### **Тыңтума әдебиет. Махаббатнама**

А.Қыраубаеваның бұл зерттеуі – Алтын Орда дәуірі әдебиетінің мұрасына жататын Хорезмидің «Махаббатнама» дастанына арналады. Оқырман бұл зерттеумен алғаш рет ғалымның «Қисас-ул Рабғузи» мен «Махаббатнаманың» идеялық көркемдік ерекшеліктері» атты кандидаттық диссертациясы арқылы таныс болған.

Зерттеуші бұл шығарманы түрік әдебиетінің XIII-XIV ғасырлардағы елеулі көркем туындысы ретінде бағалап, оны тыңтума әдебиет үлгісіне жатқызады. Еңбекте ғалым «Махаббатнама» дастанының тарихына, зерттелуіне, таралған нұсқаларына тоқталады.

Туындыға көркемдік әдіс тұрғысынан келген ғалым дастанның тақырыбы мен идеясына, сюжеті мен композициясына да жан-жақты талдау жасайды. Шығарманың өз тұсындағы жер жүзі мәдениетінде көрініс берген озық ағымдармен, берідегі қазақ поэзиясының тіл, стиль дәстүрімен байланысты дамығандығын анықтайды. Ол поэмада кездесетін Мұхаммед Хожабектің образдық сипаты автордың ұзақ мадақтауы арқылы ашыла түсетіндігін әрі шығарма авторының кейіпкерін қарапайым адамнан гөрі, патша болуға лайық идеалға жақындата суреттегенін айтады.

Арғы бастаулары Орхон ескерткіштерінде, «Құтадғу білік», «Хұсрау уа Шырын», «Махаббатнамада» жатқан ежелгі жазба әдебиетіміздің дәстүрі мен оның кейінгі қазақ әдебиеті тарихындағы орны туралы нақты мәліметтер берген А.Қыраубаева қазақтың жазба әдебиеті екі салада – бірі қазақ өмірін, уақыт тынысын өз шындығымен көрсеткен, озық ойлы әлемдік мәдениеттен тәлім алып, мүлде жаңа арнада дами бастаған



әдебиет ретінде, соңғысы шығыста бұрыннан белгілі сюжеттерді жаңғырта жазған, ежелгі әдебиеттің гуманистік идеяларын бүгінгі күнге жақындатқан үлкен бір ақындар тобы жасаған әдебиет болып дамығандығын әрі бұл ақындардың қиссашыл ақындар деген атауға ие болғандығын атап өтеді.

1985 жылы А.Қыраубаева Хорезмидің «Махаббатнама» дастанын араб әрпімен жазылған нұсқасынан қазақ тіліне аударды. Аудармаға қатысты әдебиеттанушы ғалым Н.Келімбетов «Қазақ әдебиеті» газетінде (1986, 15-тамыз, № 33) «Жақсы нышан, игі қадам» атты сын мақала жариялаған. Бұл мақаласында ол дастанды кездейсоқ аудармашы емес, «Махаббатнамамен» көптен бері айналысып келе жатқан зерттеуші, филология ғылымдарының кандидаты Алма Қыраубаеваның тәржіме жасағандығын құптап, аудармашының шығарманың көне түркі тіліндегі транскрипциясы мен қазақ тіліндегі аудармасын қатар қойып, екеуін қоса қабат бергендігін, соның нәтижесінде оқырман дастанның түпнұсқасы мен қазақша аудармасын өзара салыстырып отыруға мүмкіндік алғандығын ұтымды әдіс деп бағалап, дастандағы бірқатар бәйіттердің, жекелеген фразеологиялық тіркестердің, қанатты сөздердің қазіргі қазақ тіліне сәтті тәржіме жасалғанын атап көрсетеді. Сонымен қатар, Н.Келімбетов дастанды аударуда кеткен бірқатар қателіктерге де тоқталады. Ғалым әрбір ғазал яки бәйіт аяқталған белгілі бір ойды білдіруі керек болса, А.Қыраубаеваның жасаған аудармасында мағынасы түсініксіз ғазалдар мен бәйіттердің кездесетіндігін әрі түркі тіліндегі кейбір сөздердің транскрипциясын беруде аудармашы тарапынан кемшіліктер орын алғандығын ескертеді.

Ал ғалым А.Қыраубаева әдебиеттанушының бұл ескертпелеріне қатысты: «...дастанның қазіргі қазақ тіліндегі бұл алғашқы аудармасы көркем аударма емес, мағыналық аударма, көбіне ұйқасы, буын саны сақтала бермейді. Әрі түрікше сөздердің транскрипциясына Нәджиб жасаған транскрипцияны негізге ала отырып, кейбір өзгерістер енгіздік», – деп анықтап айтып кеткен екен (Махаббатнама. 1985).

Зерттеу – ғалымның «Ғасырлар мұрасы» атты монографиялық еңбегінің үшінші тарауы (А.Қыраубаева. Алматы: – «Мектеп», 1988. – 163 бет).

Кейін бұл еңбек зерттеушінің 5 томдық шығармалар жинағының бірінші томы ретінде қайталап жарық көрді (А.Қыраубаева. Ғасырлар мұрасы. Алматы: – «Өнер», 2008. – 304 бет).

А.Қыраубаеваның «Тыңтума әдебиет. Махаббатнама» зерттеуі 2008 жылғы басылымда үш абзацпен толықтырылған. Бұл өзгерісті мәтінде көрсеттік.

Зерттеу мәтіні кітапқа соңғы шыққан басылым (2008) бойынша әзірленді.

## Қисса дастандардың мифтік негіздері

Профессор А.Қыраубаева шығыс сюжеттеріне құрылған бұл зерттеуінде қисса оқиғаларының негізгі фабулалық желілері ең көне шығыстық мифтерден бастау алатындығын әрі миф мәдениетін жеткізуші ретінде маңызды рөлге ие екендігін алға тартады. Ғалым қисса сюжеттеріндегі «тастанды бала», «сарай салдырған қыз», «мінсіз кейіпкер», «қыз әкесіне жеті жыл қызмет ету», «Ирамбақ», «Жазира арал», «Шын-Машын», «кейіпкер жанының шөпке (гүлге) ауысуы», «қасиетті жүзік», «жұмақ-тозақ» сынды тұрақты желілер түп-тамырын ежелгі мифтерден тартатындығын ғылыми тұжырымдайды.

А.Қыраубаева зороастр дінінің шығу тарихына да тоқталып, оның негізін салған Заратустра туралы жан-жақты тарихи мағұлматтар береді. Ол Авестаны қазақ мифологиясындағы қайнарлардың бірі екендігін айта келе, қазақ халқын құраған кейбір рулар, яғни ерте замандағы қаңлылар Зороастризм дініне сеніп, ай мен күнге, отқа табынғандығын, Авестада зороастризм дінін қабылдаған тайпалардың ішінде түркиялықтар аталатындығын, қаңлы сөзі де кездесетіндігін түсіндіреді.

Ғылыми зерттеуде кездесетін «Авесталық мифтер», «Қасиетті ағаш», «Хан қызының жауына болысуы», «Дәрі шөпті тапқан тышқан», «Дәуіт пайғамбар және тойымсыздық», «Сүлеймен пайғамбар және оның жүзігі», «Жақып пайғамбар және қыз әкесіне жеті жыл қызмет ету», «Жүсіп пайғамбар – кейіпкер сұлулығы, әйелдің өгей баласына ғашық болуы», «Аң асыраған бала», «Өлім мен өмір», «Патшаның тастанды баласы», «Мұнара басындағы қыз», «Мифтік жеті саны», «Мифтік уақыт», «Мифтік бейнелер: итбас адамдар», «Жылан, айдаһар-аждаһа», «Самұрық құс», «Пері», «Ғайып ерен, қырық шілтен» – бұлардың барлығы қисса-дастандарға сюжеттік жағынан түпқазық болған тұрақты желілер екендігін ғылыми тұжырымдаған А.Қыраубаева қисса-дастандардың мифтік бейнелер мен қаһармандарды жаңғыртқан ежелгі әдебиеттің жанры екендігін дәлелдейді.

Бұл зерттеу ғалымның «Қазақ әдебиетіндегі қисса-дастандардың түп-төркіні мен қалыптасуы» атты докторлық диссертациясының бірінші тарауы (Алматы, 1997). Кейін бұл еңбек «Шығыстық қисса-дастандар» деген атпен монография түрінде жарыққа шықты (Қыраубаева Алма. Алматы: «Рауан», 1997). Зерттеушінің аталмыш монографиясы туралы филология ғылымдарының докторы Ө.Әбдіманұлы: «...шын мәніндегі күрделі ғылыми еңбек» деп оң бағалаған (Жас қазақ, 2007, 4-мамыр).

А.Қыраубаева докторлық диссертациясын жазбас бұрын «Қазақ мифологиясы және Авеста» (Жұлдыз, 1996, № 2), «Қорқыт ата мифтері және Авеста» (Жұлдыз, 1997, № 2) атты ғылыми мақалалар жариялаған. Ал монографиясында осы мақалаларды толықтырып, тұжырымдаған.



Монография 2010 жылы қайталап жарық көрді (А.Қыраубаева. Шығыстық қисса-дастандар. Алматы: – «Өнер», 5 томдық шығармалар жинағы. III том.– 344 бет). «Қисса дастандардың мифтік негіздері» осы еңбектің бірінші тарауы.

Томға ұсынылып отырған зерттеу мәтіні еңбектің 2010 жылғы басылымы бойынша дайындалды.

*Хаван А.*

### **Түрік әдебиетіндегі Оянушылық және нәзира дәстүрінің тууы**

Зерттеуде ғалым түрік әдебиетінің ислам мәдениетімен тығыз байланыста дамығандығын, Египеттен Ұлы Қорғанға дейінгі аралықта билік құрған Араб халифатының қол астына қараған елдер Ислам мәдениеті атты өркениеттің ортақ ошағын тұтатқандығын, әл-Фараби бастаған ғұламалар антикалық мәдениет дәстүрі мен шығыс дүниесін біріктіру арқылы Еуропалық Оянушылыққа жол салғандығын ғылыми дәйектейді.

Ғалым араб мәдениетінің Еуропада X ғасырлар кезінде белгілі болғандығын айта келе Мұхаммад пайғамбар негізін салған діннің жиынтық ойлары Құранда жинақталып, ол арқылы бүкіл ислам елдеріне тарағандығын, кейінгі қисса-дастандарға сюжет болған Нұх, Мұса, Ибраһим, Исмайыл, Дәуіт, Сүлеймен, Жақып, Иса, Ғайса пайғамбарлар оқиғасы, олардың өмірінен алынған дидактикалық әңгімелер Құран арқылы келгендігін жеткізеді. Көне грек ойшылдарын X ғасырдағы ислам мәдениетінде жаңғыртқан әл-Фараби екенін де нақтылай кетеді.

X-XIV ғасырлардағы Қазақстан жеріндегі қала мәдениетінің дамуы, әдебиет пен ғылымдағы ұлы тұлғалар Фараби, Иасауи, Баласағұни, Қашқарилердің, Әли, Рабғұзи, Құтб, Хұсам Кәтиб, Хорезмилердің шығармашылығы мен аталмыш дәуірдегі әдебиетте жан-жақты өсу үрдісінің болғандығы әрі осындай даму үрдісі өз ішінде түрік Оянушылығын туғызғандығын А.Қыраубаева ғылыми тұжырымдайды.

Зерттеуші аталмыш ғасыр шайырларының көне антика әдебиетінің принциптеріне сүйене отырып, ежелгі грек ойшылдарын дәріптеуі, Иасауи және оның ізіне ерген Иүгнеки, Сүлеймен Бақырғанилердің гуманизм идеяларын ту етіп, нәзира дәстүрінде жазылған қиссалардағы ежелгі сюжеттерді қайталай жазғандығы түрік Оянушылығының анық белгілері екендігін айтады.

Түрік әдебиетіндегі «қисса» жанрының дамуы тікелей осы нәзира дәстүрімен байланысты екендігін алға тарқан А.Қыраубаева нәзиралық әдіспен жазылған шығармалар «қисса» деп аталып, қиссаның тамаша

үлгілері XIII-XVI ғасырлардағы түрік әдебиетінде Әлидің «Қисса-Жүсібі», Хұсам Кәтибтің «Жұмжұмасы», Құтбтың «Хұсрау-Шырыны», Рабғузидің «Қисас-ул-Рабғүзйи» болып өрілгендігін дәстүр жалғастығы ұстанымында дәлелдейді.

Ғалым бұл зерттеуіне дейін «Жұмжұма сұлтан» (Парасат, 1991, № 8), «Жұмжұма сұлтан хикаясы» (Түркістан, 1997, № 2) және «Жазушы Сәйф Сараи: 1321-1391 жылдары өмір сүрген» (Парасат, 1991, №12) атты ғылыми мақалалар жариялаған болатын. Кейін «Қазақ әдебиетіндегі қисса-дастандардың түп-төркіні мен қалыптасуы» атты докторлық диссертация қорғайды (Алматы, 1997). Осы диссертациясында ол аталмыш мақалаларда айтылған ой-тұжырымдарын толықтырып, ғылымиландырған.

А.Қыраубаеваның осы зерттеуі кейін «Шығыстық қисса-дастандар» (Алматы: «Рауан», 1997) деген атаумен монография ретінде жарық көрді.


Аталған ғылыми монография бұдан соң ғалымның 5 томдық шығармалар жинағының үшінші томына енді (А.Қыраубаева. Шығыстық қисса-дастандар. Алматы: – «Өнер», 2010).

Зерттеу мәтіні жинаққа «Шығыстық қисса дастандар» (2010) атты монографиялық еңбегі бойынша әзірленді.

*Хаван А.*







## ЗЕРТТЕУШІ-АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

**Б.Кенжебаев** (1904-1987) – сыншы, журналист, жазушы, аудармашы және қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салушылардың бірі, филология ғылымдарының докторы, профессор. 1921 жылы Мәскеуде Шығыс еңбекшілері коммунистік университетіне (КУТВ) оқуға түсіп, оны 1925 жылы аяқтайды. 1938-1942 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде оқып, білім алады. 1925-1928 жылдары «Жас қайрат» газеті мен «Лениншіл жас» журналы редакторының орынбасары, 1928-1930 жылдары «Социалистік Қазақстан» газеті редакторының орынбасары, 1931-1935 жылдары қазақ радиосының бас редакторы, 1936 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы қызметтерін атқарған. Мәскеу қаласында «КСРО Жоғарғы Кеңесінің ведомствосында» бөлім меңгерушісі, 1941-1944 жылдары Қазақтың мемлекеттік біріккен баспасының (қазіргі «Жазушы») бас редакторы болып қызмет істейді. 1944 жылдан бастап С.М.Киров атындағы ҚазМУ-ге педагогтік қызметке көшеді. Ол алғашында аға оқытушы (1944), филология факультетінің деканы (1950), қазақ әдебиеті кафедрасының доценті (1946), профессоры (1944-1975), кафедра меңгерушісі (1975-1984) болды.

Ғалымның «Абай» (1942), «Октябрьдің бел баласы» (1956), «Терең талант» (1958), «Қазақтың XX ғасыр басындағы демократ жазушылары» (1958), «Жиырмасыншы жылдардағы әдеби сын мәселелері» (1959), «Жазушы Сабыр» (1960), «Тар жол, тайғақ кешу» (1961), «Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы» (1961), «Абай жолы» (1963), «Ақын Илияс» (1965), «Қазақ совет әдебиетінің программасы» (1973), Жиырмасыншы жылдардағы қазақ совет әдебиеті (1961), «Шындық және шеберлік» (1966), «Жылдар жемісі» (1984), «Әдебиет белестері» (1986), «Асау жүрек» (1987) атты еңбектері қазақ әдебиеттану ғылымы тарихында елеулі орын алады. Сонымен қатар, «Диуани лұғат ит-түрік», «Мұхаббатнама», «Қисас ул-анбия», «Кодекс Куманикус» және т.б. зерттеу еңбектері бар.

**Х.Сүйіншәлиев** (1918-2006) – қазақтың ежелгі дәуір әдебиетін жеке пән ретінде негіздеген көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор. Төрт жүзден астам ғылыми еңбектің, соның ішінде 16 ғылыми монография, 30 оқулық пен оқу құралы, 6 әдеби кітаптың авторы. Қазақстанның еңбек сіңірген жоғарғы мектеп қайраткері, Ш.Уәлиханов атындағы республикалық сыйлықтың

иегері, сонымен қатар «Қызыл жұлдыз» ордені, «Ерлігі үшін», «Москваны қорғағаны үшін» медальдарының иегері.

Ұстаздық жолын 1942 жылы алғаш өзі білім алған Орал педагогика институтынан бастайды. Осы оқу орнында 1951 жылға дейін еңбек еткен ол оқытушы, аға оқытушы, кафедра меңгерушісіне дейін көтеріледі. 1952 жылдан бастан өмірінің соңына дейін С.М.Киров атындағы ҚазМУ-де оқытушы, доцент, профессорлық дәрежеге дейін көтеріледі.

1952 жылы «Абайдың қарасөздері» деген тақырыпта кандидаттық, 1969 жылы «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғаған.

Абайтану мәселелерімен жүйелі айналыса отырып, «Абай қазақ халқының ұлы ақыны және ағартушысы» (1954), «Абай Құнанбаев және орыстың классикалық әдебиеті» (1955, орыс тілінде), «Абайдың қарасөздері» (1956), «Абай Құнанбаев» (1958, орыс тілінде) атты зерттеулер, сонымен қатар, «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» (1961), «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері (Ерте дәуірден XIX ғасырдың аяғына дейін)» (1967), «XV-XVII ғасырлардағы қазақ әдебиеті» (1967), «Орта ғасыр әдеби ескерткіштері» (1973), «Ізденіс іздері» (1975), «Саңлақтар сарабы» (1978), «IX-XII ғасырлардағы әдебиет ескерткіштері» (1981), «XVIII ғасырлардағы қазақ ақындарының поэзиясы» (1982), «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1986), «Ғасырлар поэзиясы» зерттеулер (1987), «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1997) атты еңбектері қазақ әдебиеті тарихында елеулі орын алады.

**М.Жолдасбеков** – мемлекет және қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор. 1937 жылы 27 мамырда Жамбыл облысы, Талас ауданы, Ақтөбе ауылында дүниеге келген.

1960 жылы С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дің филология факультетін бітіреді. 1960-1977 жылдар аралығында осы жоғарғы оқу орнындағы филология факультетінің қазақ әдебиеті кафедрасында ассистент, аға оқытушы, доцент болып жұмыс істейді. 1974 жылдан факультет деканы. 1977-1987 жылдары Талдықорған педагогикалық институтында ректоры, 1987-1988 жылдары Қазақ ССР Ағарту министрі, 1988-1990 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіндегі идеология бөлімінің меңгерушісі, 1990-1991 жылдары Қазақстан Президентінің Мемлекеттік кеңесшісі, ҚР Президенті кеңесінің мүшесі, 1991-1993 жылдары Премьер министрдің орынбасары, ҚР Президентінің кеңесшісі қызметтерін атқарды. 1993-1996 жылдары Қазақстан Республикасының Иран Ислам Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі болды.

1997-2000 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Дипломатиялық академиясының ректоры, 2000-2004 жылдары Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры, 2004-2006 жылдары «Еуразия» ғылыми-зерттеу орталығының



жетекшісі болып істеді. 2005 жылы «Еуразиялық ғалымдар одағы» қоғамдық қорының президенті болып сайланды. 2006-2011 жылдар аралығында Президент мәдени орталығының директоры қызметін атқарды. «Парасат» (2005), «Құрмет» (1996), «Халықтар достығы», «Барыс» III дәрежелі (2011), «Алтын қыран» (2012) ордендерінің, түркология саласындағы жетістігі үшін «Күлтегін» сыйлығының иегері.


**А.Қыраубаева** (1947-2001) – Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Бірқазан ауылында дүниеге келген. 1965-1970 жылдары С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дің филология факультетін, 1970-1973 жылы аспирантурасын тәмамдаған. 1974 жылы ҚазМУ-де ассистент, 1978 жылы аға оқытушы, 1981 жылдан доцент, филология ғылымдарының докторы (1997), профессор (1998), Қазақ ұлттық музыка академиясында кафедра меңгеруші қызметтерін атқарған. Ол – Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың иегері (1997).

1971 жылы «Қисас ул-Рабғузи» мен «Махаббатнаманың» идеялық-көркемдік ерекшеліктері» деген тақырыпта кандидаттық, 1997 жылы «Қазақ әдебиетіндегі қисса-дастандардың түп-төркіні мен қалыптасуы» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғаған.

А.Қыраубаева Қазіргі қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі мен қазақ әдебиетіндегі шығыс поэзиясының ықпалы мәселелері бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ол қазақ мектептеріне арналған тұңғыш «Ежелгі әдебиет» оқулығының (1996), жоғары оқу орындарына арналған «Ежелгі дәуір әдебиеті» хрестоматиясының (1991), «Ғасырлар мұрасы» (1988), «Шығыстық қисса-дастандар» (1997) атты монографиялардың, «Махаббатнама» (1985), «Түркі әдебиеті» (1988), «Ежелгі әдебиет» т.б. оқу құралдарының, жүзден астам ғылыми-әдістемелік және зерттеу мақалалардың авторы.

А.Қыраубаева 2000 жылдан өмірінің соңына дейін Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университетінің профессоры болып қызмет атқарды.

Ғалым 2001 жылы 5-ақпанда Астана қаласында өмірден озды.



## ЖИНАҚТА КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР МЕН КЕЙІПКЕРЛЕР

**Афрасиаб** – аты аңызға айналған Тұран патшасы, қолбасшы, түркі жұртының ұлы тарихи тұлғасы. Ол ІҮ-ҮІ ғасырлар аралығы шамасында өмір сүрген. Бұхара қаласында жерленген. Тарихи шығармаларда Афрасиабты түркілердің Тоңға Алып деп атағандығы айтылып, оның теңдессіз әскери қайраткерлігі, жеке басының батырлығы мадакталады. Афрасиабтың есімі Фирдаусидің «Шаһнамасы» арқылы жұртшылыққа кеңінен танылды. «Шаһнамада» Афрасиабтың әкесі Бошан (Пышан), балалары Барысхан, Қарахан, Шиде (Шайда батыр), немересі Аржасып туралы мол деректер келтіріледі.

**Әзірейіл** – діни ұғым бойынша қайтыс болар адамның жанын алушы, қаза періштесі. Адам баласы бір періштенің күзетуімен бұл дүниеден келесі дүниеге аттанғандықтан, Құран мен хадистерде Әзірейіл (ғ.с.) періштені «Мәләк-ул Мәут» (өлім періштесі) деп атаған. Ардақты төрт періштенің бірі Әзірейіл (ғ.с.) өзге періштелер сияқты Аллаһ Тағаланың әмірлерін орындайды.

**Бөрте** (1154-1230/31) – Шыңғыс ханның жұбайы. Қоңырат тайпасының көсемі Дай (Тай) мырзаның қызы. Шыңғыс хан Бөртеден туған төрт ұлын: Жошыны (1182-1227), Шағатайды (1183-1242), Үгедейді (1185-1241), Төлені (1193-1256) өз мұрагерлері ретінде таныған. Бөртеден туған төрт ұл мен олардың ұрпақтары Шыңғыс ханның серіктері болып қана қоймай, ол бастаған істі әрі қарай жалғастырушылар ретінде түркі-моңғол халықтары тарихында үлкен із қалдырды.

**Будда** – будда дінінің негізін қалаған әулиенің лақап аты. Шын есімі – Гаутама Сиддхартһа. Солтүстік Үндістанда (бүгінгі Непал жерінде), шак (сақ) халқы патшасының отбасында дүниеге келген. Будда (біздің заманымыздан бұрынғы 623 – 544 жылдары; санскритше Буддһа көкірегі ояу, көзі ашық деген ұғымды білдіреді) сол кездері Үндістанда үстемдік құрған Веда ілімін мойындамай, аһимсаны (тіршілік иелеріне жамандық жасамауды) уағыздаған.

**Ғайып ерен, қырық шілтен** – мұсылмандар арасында сопылық ілім ықпалымен тараған түсінік бойынша, ерекше қасиеттерге қол жеткізген әулиелер. Қазақ фольклорының кейіпкерлері әдетте Құдаймен коса «Ғайып ерен, қырық шілтен», «Ғаусыл-ғиас» т.б.



әулие-пірлерді рухани көмекке шақырады. Ғайып еренге жататын әулиелер көбінесе өздерінің құпияларын көпшіліктен жасырын ұстайды. Ғайып ерenniң негізгі сипаты және мақсаты — жанашырлық танығыш, адамдарға әрқашан көмекке келу, рухани жолға түскендерге жол сілтеп, бата беру, жолаушыға, қысылған адамға қол ұшын беру т.б. Қыдыр (Хизр) да Ғайып еренге, оның ішіндегі қырық шілтенге (абдал) жатады.

**Ескендір Зұлқарнайын** (Александр Македонский, патшалық құрған мезгілі б.з.б. 336 – 323) – әлемге аты мәшһүр қолбасшылардың бірі. Александр шын мәнінде Филипп патшаның ұлы, «Македонский» деген қосымша есімі, ал Шығыс халықтарының арасында осы қолбасшының қос мүйізі бар екен деген лақап тарап кеткен. Сондықтан ол Зул-қарнайын («Қос мүйізді») аталыпты. Македонский осы өзі жаулап алған Азия аймағында тез арада-ақ өз есімі берілген онға жуық қала тұрғызыпты.

**Ібіліс** – діни ұғымда көктен қуылып, адамдарды Аллаһтың ақ жолынан тайдыратын, күнәға ұшырататын періштенің есімі. Оны басқаша – «шайтан», «Аллаһтың жауы» немесе жай ғана «лағин» деп атайды. Әдетте мұсылмандардың сиынулары шайтанға қарсы сөздерден басталады. Раджим – «таспен атқыланған» (күнәлі немесе ақ жолдан тайған) – Құранда жиі кездесетін Ібіліске байланысты қолданылатын эпитет.

**Дәуіт (ғ.с.)** – пайғамбар. Мұса (ғ.с.) пайғамбардан кейін 300 жылдан соң исаил қауымына келген. Аллаһ Тағала оған самауи (көктен түскен) төрт кітаптың бірі Забурды түсірді. Забур – Аллаһтың бірлігін, ұлылығын дәріптейтін, өлең ұйқасты мадақ (қасида) кітабы. Ибну Жадридің айтуынша Дәуіт жүз жасаған. Құранда бұл есім 16 жерде аталады.

**Дию** (парсы – жын, пері) – мифтік кейіпкер. Денелі, күшті, сиқырлы жан иесі түрінде бейнеленеді. Иесінің (бақсының т.б.) қалауынша таңғажайып істер істейді-мыс. Дию, көбінесе, ертегілердің кейіпкері түрінде жиі кездеседі. Қазақ халқының қиял-ғажайып ертегілерінде Дию кейде Дәу деп те аталады.

**Жақып (ғ.с.)** – Исхақ пайғамбардың ұлы. Бір аты – Исаил. Інжіл және Қасиетті Құран кейіпкері. Ысқақ пайғамбардың Ревеккадан жиырма жыл уақыттан кейін туған ұлы, пайғамбар. Кейбір тарихшылар Палестинада туды деседі. Әкесі Исхақтың тәрбиесінде өскен. Исхақ қасиетті Күддыста Пайғамбар болып, 80 жыл ғұмырын сонда өткізген. Құранда Жақып есімі 17 жерде аталады.

**Жәбірейіл** – Аллаһқа ең жақын жүретін періштелердің бірі, Аллаһ мен пайғамбарлардың, соның ішінде Мұхаммедтің (с.ғ.с.) арасындағы бас дәнекерші. Ол Мұхаммедке (с.ғ.с.) Аллаһ сөзін Құран аяттары

арқылы бөліп-бөліп түсіре отырып, рамазан айында тапсырып болған. Жәбірейіл Аллаһқа жақын төрт періштенің ең лауазымдысы болып табылады.

**Заратуштрашылдық, зороастризм** — Заратуштра негізін салған ең көне діни және философиялық ілім. Заратуштрашылдық – отқа табыну дінінің есімі оны бастаушысы Заратуштра атына байланысты қойылған. Бұл дін Заратуштраның насихаттық кітабы Авестада айтылған Ахұра Мазда ұғымын өзек етіп өрбиді. Кейде бұл дінді Маздалық дін деп те атайды.

**Заратуштра** (шамамен б.з.б. 630/18 – 541/33) – Зороастр дінінің негізін қалаған, көшпелі Азия халықтарының даласының ұлы, Еділдің шығыс жағын мекендеген тайпадан шыққан. Заратуштраның өмір сүрген уақыты туралы нақтылы мәліметтер жоқ. Орыс шығыстанушысы В.В. Струве (1889 – 1965) және тағы басқа ғалымдар Заратуштраның Орталық Азия кеңістігінде туып-өскенін дәлелдеді. Заратуштра ілімі Бактрия арқылы ежелгі Иранға тарайды. Арада бірнеше ғасыр өткен соң Заратуштраның діни-мистикалық уағыздары мен дұға-өлеңдері жинақталып, жүйеленіп, «Авеста» деген атпен көне парсы тілінде кітап болып шығады.

**Иса (ғ.с.)** – мәсіхшілікте, исламда, баһаизмде, манихшылдықта пайғамбар. Иса Мәсіх – көне грек тілінен орыс тіліне енген. Христос сөзінің мәні – Мәсіх немесе сенім келтірген адам баласы Құдайға сиынар алдында денесін уқалап тазалауы қажет, дәрет алғанда басты уқалап мәсіхтеу қажет, Иса пайғамбардың шашы әрқашан суланып тұратын мұғжизасы болған, мұны көрген адамдар оны Иса Мәриямұлы деп өз атымен атамай, Иса Мәсіх немесе шашы суланып тұратын Иса деп атап кеткен. Құран дерегі бойынша Иса (ғ.с.) пайғамбарға Құдайдан түскені хақ деп білетін қасиетті төрт кітаптың бірі – Інжіл (Евангелие) түсірілген.

**Исрафил** – Аллаһқа жақын төрт періштенің бірі. Ол адамдар мен әлем жөніндегі Аллаһтың бұйрығын оқиды және оны орындау үшін періштелерге тапсырады. Сұрды (сырнай) үрлеуші періште. Исрафил (ғ.с.) – хадистерде айтылатын төрт үлкен періштенің біреуі. Оның негізгі міндеті қиямет қайым басталатын кезде Аллаһтың әмірімен сұр үрлеу.

**Күлтегін** (684-731) – Құтлық (Елтеріс) қағанның екінші ұлы, Білге қағанның (Могилян) туған інісі. Шешесі Елбілге қатұн. Ачынұ текті. Екінші Шығыс Түрік қағанаты әскерінің бас қолбасшысы, «көк түріктің көк семсері» атанған атақты батыры. Әкесінен жастай жетім қалып, ағасы Қапаған қағанның тәрбиесінде өскен Күлтегін тым ерте есейіп, қабырғасы қатып, бұғанасы бекімей жатып, жау жарағын асынып, түрік еліне тұс-тұстан төнген басқыншы жауға қарсы ересектермен бірге, ерлікпен күреседі.



**Қорқыт Ата** – аты аңызға айналған, түркі халықтарына ортақ ұлы ойшыл, жырау, кобызшы. Қорқыт Ата өмірде ізі, артында әдеби-музыка мұрасы қалған тарихи тұлға ретінде белгілі. Қорқыт Атаның өмір сүрген кезеңі туралы ғылымда әр түрлі болжамдар қалыптасқан. Алайда зерттеулердің көпшілігі Қорқыт Ата Сырдария бойында өмір сүрген оғыз-қыпшақ тайпалық бірлестігінде Х ғасырдың басында дүниеге келген деген тұжырымға саяды. Рашид әд-Дин «Жамиғ ат-тауарих» атты тарихи шежіресінде Қорқыт Атаны қайы тайпасынан шыққан десе, Әбілғазының «Түрік шежіресінде» оның тегі баят екендігі, оғыздардың елбегі болып, 95 жасқа келіп қайтыс болғандығы айтылады.

**Лұқман Хакім** – Азар әулетінен шыққан Аюб пайғамбардың (ғ.с.) нағашы апасынан туған, Аллаһ мол ғылым, хикмет берген діни нанымдар мен үкімдерге пәтуа айтатын, жолы тура, ойы терең адам. Дәуіт пайғамбардан тәрбие көріп, тағылым алған. Өзінен көп өнеге, үлгі, насихат қалған. Өз ұлына айтқан ақыл-насихаты Құранда баяндалған. Пайғамбар емес, ұзақ жасаған. Есімі Құранда екі жерде аталады. Лұқман аса дана, тәуіп болған кісі. Жалпы көзқарас бойынша пайғамбар емес, дәрігер болған. Лұқман Хакім жайлы мағлұматтар аз кездеседі.

**Мұхаммед (с.ғ.с)** – ислам дінінің пайғамбары, Мекке қаласында туған. Бану Хашим тайпасынан шыққан. Аллаһтың соңғы елшісі, тура дінді насихаттаушы, әділеттің көркем мінезділіктің нышаны және үлгісі боп табылады. Бұған қоса – соңғы пайғамбар, мұсылмандар түсінігінде тек арабтардың пайғамбары ғана емес, жалпы адамзатқа келген биік адамгершілік, ахлақтық ғибраттың үлгісі. Мұсылмандардың қасиетті кітабы – Құран Құдайдың уаһи етілуімен Мұхаммед (с.ғ.с) арқылы адамзат баласына түсірілген.

**Сүлеймен (ғ.с.)** – пайғамбар, Дәуіт пайғамбардың (ғ.с.) Құран Кәрімде аты аталатын ұлы. Сүлеймен – бәни Исраил пайғамбары. Құранда он жерде есімі бар. Аллаһ Тағала оған пайғамбарлық та, патшалық та берген. Әкесі Дәуіт қаза болған жылы, он екі жасында таққа отырған. Дау-дамайда әкесінің қасында жүріп, әділ үкім айтуға үйренген. Көп ұзамай пайғамбарлық дәрежесіне жеткен.

**Тоныкөк (Тоңыұқық) (646-741)** – Екінші Шығыс Түркі Қағанатының негізін қалаушылардың бірі, оғыз тайпасынан шыққан ұлы дана, заманында Түркі қағанатының үш бірдей қағанына уәзір болып, түркі елінің халқын көбейтіп, жерін кеңейтуге үлкен үлес қосқан кемеңгер. Түркі жұртының азаттыққа қол жеткізіп, жеке дербестік ел болып отыруына айтулы еңбек сіңірген дала кемеңгері Білге Тоныкөк өзінің бағасын, тарихтағы орнын өзі қашатып, жаздырып кетті. Тоныкөктің қай жылы өлгені белгісіз. Тарихшылар

741 жылдың шамасында 95 жасқа жетіп қайтыс болған деген болжам айтады.


**Шыңғыс хан** (1162-1227) – Азияда тұңғыш біртұтас мемлекет құрушы, өз заманының аса ірі әскери және мемлекет қайраткері. Ежелгі ру басшысы Есүхей батырдың отбасында туған. Оның аты Тэмүүжин (моңғ.) болған. Ол дала ақсүйектері құрылтайының шешімімен барыс жылы (1206) барлық тайпалардың ұлы ханы болып жарияланды да, «Шыңғыс хан» лауазымын алды.

**Перғауын, фараон** — Құран кейіпкері, Мысыр патшасының аты. Аллаһ оған уағыз айтуға Мұсаны жіберген. Фараон Зулаутад деп те аталады. Құранда Перғауын өзін-өзі тәңірі санайтын, Мұсаның айтқанына сенбейтін, қатігез, озбыр ретінде көрінеді. Дінге сенетіндерді қудалайды. Мұса мен оның қандастары Мысырды тастап кетпек болғанда, соңынан әскер алып қуады. Бірақ теңіз көтеріліп, топан судың астында қалады. Тек жантәсілім сәтте ғана тәубасына келеді.

**Халифа, халиф (орынбасар)** – Аллаһ елшісінің орнын басушы, мұсылман қауымының басшысы. Мұсылман қауымына Әбу Бәкір басшылыққа сайланғаннан кейін «халифа» терминдік мәнге ие болды. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың ең жақын, алғашқы төрт халифасын (Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әли) сүнниттер «әулие халифалар» деп таныды. Олардың өмірі мен ісі мұсылмандарға үлгі-өнеге болып саналды.







## ЖИНАҚТА АТАЛАТЫН АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

**Әбдірхман Жәми** (1414-1492) – Хорасанда дүниеге келген. Ол өз заманымен бірге туындаған сопылық жолды қалап, сол жолда өз қаламын еркін сілтеген Шығыстың ұлы ақындарының бірі. Өмірінің соңы 1492 жылы Герат қаласында аяқталады. Кезінде Самарқант пен Герат қалаларында оқыған. Өзі ақын, өзі философ, өзі музыка зерттеушісі, өзі тіл білімін қатты игерген атақты филолог болған.

**Әбілқасым Фирдауси** (940-1020) – атақты парсы ақыны. “Шаһнама” дастанының авторы. Сонымен қатар романтикалық, драмалық сарындағы бірнеше поэмалар, дидактикалық және философиялық толғаулар енгізілген. Негізгі сюжет Иран және Тұран халықтарының басынан кешкен төрт мың жылдық тарихи оқиғаға байланысты өріледі. Сондай-ақ “Шаһнама” дастаны Жамбыл, Тұрмағамбет, Серәлі, Ораз-Молла, Қалмақан т.б. халық ақындарының шығармашылығына біршама ықпал етті. Абай да Әбілқасым Фирдаусиді ұстаз тұтты.

**Әл-Омари** (1301-349) – ортағасырлық араб әдебиетшісі, энциклопедист-ғалым. Дамаск қаласында туған. Халиф Омардың ұрпағы. Мәмлүк сұлтаны ан-Насыр тұсында мемлекеттік хатшысы міндетін атқарды. Ол «Масалик әл-абсар фи мамалик әл-алиар» (Қалалардың иеліктері туралы шолу) деп аталатын тарихи энциклопедиялық шығарма жазды. Шығармада авторға мәлім мемлекеттер суреттелген.

**Әмір Темір** (1336-1405) Орталық Азияда «Тимуридтер» империясының негізін қалаған. Барлас руынан шыққан. Қазақ жерінде Қожа Ахмет Иасауи кесенесін салдырған. Ол – Хорезм мемлекеті (1372 — 1388), Шығыс Түркістан (1376, Герат (1381), Хорасан (1381), Қандағар (1383) Сұлтания (Оңтүстік Әзербайжан, 1384), Тебриз (1384) Ауғанстанды т.б. көптеген елдерді бағындырған. Дарынды қолбасшы, катал әмірші ретінде аты аңызға айналған.

**Әл-Фараби** (870-950) – әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі. Отырар медресесінде, Шаш, Самарқан, Бұхара, кейін Харран, Мысыр, Халеб (Алеппо), Бағдад шаһарларында білім алған. Ол – түркі ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі, «Әлемнің екінші ұстазы» атанған ғұлама. Тарихи деректер бойынша 70-ке жуық тіл білген. Өздігінен көп оқып, көп ізденген ойшыл ғылымның әр саласына қатысты 150-ге тарта трактат жазып қалдырды. Шығармаларында көне

грек оқымыстыларының, әсіресе, Аристотельдің еңбектеріне талдау жасады.

**Әл-Хорезми** – орта ғасырлық ұлы ғалым, математик, астроном (жұлдызшы), тарихшы, жағрапияшы. Туған, қайтыс болған жылдары белгісіз. Бұл ғалымның өмірі туралы мәліметтер өте аз сақталған. Әл-Хорезми есімі оның туған елін – ортаазиялық Хорезм мемлекетін көрсетеді. Әл-Хорезми жайында сақталған соңғы мәлімет 847 жылға сәйкес келеді.

**Баласағұни Жүсіп** (1020 – ө.ж. белгісіз) – ақын, ойшыл, ғалым, мемлекет қайраткері. Туған жері Баласағұн қаласы. Философия, математика, медицина, астрономия, астрология, өнертану, әдебиеттану, тіл білімі, тағы басқа ғылым салаларының дамуына зор үлес қосқан. Жүсіп Баласағұнидің есімі әлемдік әдебиет пен мәдениет тарихында «Құтадғу білік» («Құтты білік») дастаны арқылы қалды. Жүсіп Баласағұни бұл дастанын хижра есебімен 462 жылы, қазіргі жыл санау бойынша 1070 жылда жазып бітірген. Дастанды «хандардың ханы» – Қарахандар әулеті мемлекетінің (942-1210) негізін салушы Сүлеймен Арслан ханға (908-955) тарту етеді. Қайтыс болған жері – Шығыс Түркістан, Қашқар қаласы.

**Бартольд В.В.** (1869-1930) – ғалым, зерттеуші, орыс шығыстанушысы, түрколог, арабтанушы, профессор. Санкт-Петербург қаласында дүниеге келген. «Моңғол шапқыншылығы дәуіріндегі Түркістан» атты бір томдық монографиясы үшін «Шығыс тарихының докторы» ғылымы атағы берілді. Оның «Арал теңізі мен Әмударияның төменгі бойы туралы деректер» (1902), «Түркістанның суландыру тарихына» (1914), «Түркі-моңғол халықтарының тарихы» (1958). Сондай-ақ, ол ислам тарихы жөнінде «Ислам» (1918), «Мұсылман қауымы мәдениеті» (1918), «Мұсылман дүниесі» (1922), «Мүсейлима» (1925) атты еңбектер жазған. Санкт-Петербург қаласында дүниеден өткен.

**Бернштам А.Н.** (1910-1956) – шығыстанушы, тарих ғылымының докторы (1942 жылы), профессор, Ленинград (Санкт-Петербург) университетін бітіріп, Шығыстану институтында жұмыс істеген. Ол «VI–VIII ғасырлардағы Орхон-Енисей түріктерінің экономикалық құрылымы» тақырыбы бойынша кандидаттық (1935 жылы) диссертация қорғаған. Сонда –ақ, ол Қазақстан мен Орта Азия халықтарының көне тарихына қатысты көптеген маңызды мәліметтер жинаған.

**Бичурин Н.Я.** (1777-1853) – шығыстанушы, саяхатшы, ғалым. Қытай тілінің білгірі. Ресей синологиясының негізін қалаушылардың бірі. Ол қытай мен оған көршілес елдер жайлы елеулі еңбектер жазған, әсіресе қытай дерекнамаларын ғылыми айналымға қосқан.

**Бертельс Е.Э.** (1890-1957) – академик, кеңес шығыстанушысы, түркі, иран тілдерін зерттеген. Петербург университетінің шығыстану факультеті, Иран тілдері кафедрасында білім алған. Низамидің «Шараф-



намесінің» сыни мәтінін дайындағаны үшін Сталин сыйлығымен марапатталған. Соғыс жылдарынан кейін Мәскеу қаласында тұрған.

**Березин И.** (1818-1896) – шығыстанушы. Қазан, Санкт-Петербург университеттерінің профессоры. Негізгі еңбектері шығыс халықтарының тарихына, филологиясы мен археологиясына арналған. 1849-1854 жылдары Березин «Шығыс тарихшыларының кітапханасы» атты жинақ шығарады. Бұған Рашид-ад-Дин, Шейбани, Жалаири, Әбілғазы еңбектерінің аудармасы кірген. «Шығыс елдеріне саяхат» атты еңбегі бар. Омбы кадет корпусының оқытушысы Н.Ф.Костылецкий арқылы Ш.Ш.Уәлихановпен байланыс жасап тұрған миссионер ғалым.

**Гродеков Н.И.** (1843-1913) – Қазақстан мен Орта Азия халықтарының тарихы мен этнографиясын зерттеуші. Түркістанда болған сапарлары кезінде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрыптарын зерттеп, маңызды деректер жинады. Гродековтың Орта Азия халықтарының байырғы әскери өнері, этнографиясы мен мұсылмандық құқық туралы еңбектерінің бірқатары француз, неміс тілдеріне аударылған

**Джувейни** (1226-1283) – Ала-ад-Дин Ата-Малик Джувейни белгілі парсы тарихшысы және мемлекет қайраткері. Хорасандағы (Шығыс Иран) Джувейни аймағында туылған. Оның «Тарих-и джахангуши» («Әлемді жаулап алушының тарихы») атты тарихи еңбегі 1252-1260 ж. аралығында жазылды. «Тарих-и джахангуши» – моңғолдар тарихына жазылған бірінші шығарма. Ол бізге дейінгі маңызды тарихи мәліметтермен қатар, ғалым-тарихшылардың қиял көріністерін, сол ғасырдағы тарихи оқиғалардың ерекшелігін жеткізді.

**Ибн Баттута** (1304-1377) – араб саяхатшысы. Танжер қаласының тумасы. Оның Қырым мен Алтын Орда иеліктерінде болып, жазған мақалалары, Өзбек ханның сарайы туралы хабарламалары түрік халықтарының тарихы үшін өте құнды деректер. Ол 30 жыл бойы саяхат жасаған (1323-53). Өмірінің аяғына дейін ол Мароккода тұрған. Фес қаласында (қазіргі Марокко) дүниеден өтеді.

**Ильминский Н.А.** (1822-1891) – орыс миссионері. Қазан университетінің профессоры, түрік халықтарының әдебиетін зерттеуші ғалым, ориенталист. Қазақ салт-санасы, тілі жөнінде «Древний обычай», «Материалы к изучению киргизского наречия» деген еңбектер жазған. Қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинап бастырған. Соның бірі – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры.

**Иүгнеки Ахмед** (XII ғасырдың соңы, Түркістан өңірі – XIII ғасырдың басы, сонда) – орта ғасырлық ақын, хакім, ойшыл. Иүгнек (қазақша Жүйнек) қаласында туып өскен. Ахмед Иүгнекидің ғұмыры, өмір сүрген ортасы туралы деректер тым тапшы. Шарифат қағидаларын жан-жақты зерттеп-танып, терең іліміне сай «Әдиб Ахмед» деген құрметті атқа ие болған. Ақыл-ойы толысып, діни танымы әбден кемелденген шағында

Ахмед Иүгнеки қысқаша тақырыптарға бөліп, ислам құндылықтарына негізделген өлең-жырларын өмірге келтіре бастайды. Кейін бұл жәдігерліктердің басы біріктіріліп, «Һибат-ул-хақайк» («Ақиқат сыйы») деп аталатын дидактикалық өлеңдер жинағына айналған.

**Иасауи Қожа Ахмет** (1093-1166) – түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының, байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ұлы ақын, пәлсапашы. Сайрам (Исфиджаб) қаласында дүниеге келген. Ол «Диуани хикмет» (Даналық кітабы) жинағының авторы. Ахмет Иасауидің «Диуани хикметі» – XII ғасырда түркі тілінде жазылған түркі әдебиетінің ең көне үлгілерінің бірі. Түркістан (Иасы) қаласында дүниеден озды.

**Көпейұлы М.Ж.** (1858-1931) – ойшыл, фольклортанушы, этнограф, тарихшы, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы. Павлодар облысы, Баянауыл ауданында туған. 10-15 жасынан бастап-ақ өлең жазып, хат жазарлық болғаннан-ақ Мәшһүр Жүсіп халық әдебиетін ел аузынан да, қағаз бетінен де жинаумен айналысады. Мәшһүр Жүсіптің үш кітабы: “Сарыарқаның кімдікі екендігі”, “Хал-ахуал”, “Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз” атты туындылары 1907 жылы Қазан қаласындағы Құсайыновтар баспаханасынан жарық көреді.

**Кәкішев Т.** (1927 жылы туған) – әдебиетші, ғалым, сыншы. Филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері. 1950 С.М.Киров атындағы ҚазМУ-ды (қазіргі ҚазҰУ) бітірген. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде бөлім меңгерушісі, «Мектеп» баспасында аға редактор міндетін атқарған. 1960–1968, Әдебиет және өнер институтында ғылыми қызметкер болды. 1968 жылдан Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде аға оқытушы, доцент (1968–1978), декан (1978–1986), кафедра меңгерушісі (1987-1999) болып қызмет атқарды. 2000 жылдан осы университеттің құрметті профессоры. Көптеген ғылыми еңбектердің авторы.

**Корш Ф.Е.** (1843-1915) – орыс шығыстанушысы, Ресей Ғылым Академиясының академигі. Мәскеу, Новороссийск университеттерінің және Лазарев институтының профессоры. Негізгі еңбектері славян, араб, иран, түркі тілдерін, әсіресе, олардың дәстүрлі әдебиетіндегі өлең құрылысын зерттеуге арналған. Ол тіл білімінде салыстырмалы-тарихи әдісті жақтап, әр түрлі тілдерді типологиялық жағынан салыстыра зерттеуге көп көңіл бөлді.

**Крачковский И.Ю.** (1883-1951) – белгілі арабтанушы, араб әдебиетінің маманы. Негізгі еңбектері – «Қазіргі заманның әдебиетіндегі тарихи роман», «Араб географиялық әдебиеті», «Испаниядағы араб мәдениеті», «Эфиоп филологиясына кіріспе», Б.Тураевтің «XIV-XVI ғғ. Абиссиния хроникалары». Ол көптеген шетелдік академиялардың мүшесі болды: Дамаскадағы Араб, Польша Ғылым Академияларының



толық мүшесі, Иран Ғылым Академиясының құрметті мүшесі болды. Қасиетті Құранды орыс тіліне аударушылардың бірі.

**Махмұд Қашқари** (1029-1101) – түркі ғалымы, әйгілі «Диуану лұғат-ит-түрк» («Түркі сөздерінің жинағы») атты еңбектің авторы. Толық аты жөні Махмұт ибн әл Хұсейн ибн Мұхаммед. Туған жері қазіргі Қырғызстан жеріндегі Ыстыккөл жағасындағы (кей деректе Шу бойындағы) Барсхан қаласы. Махмұд Қашқаридің әкесі белгілі қолбасшы, Барсханның әмірі болған. Ол кейін Қарахан әулеті билеген мемлекеттің мәдени саяси орталықтарының бірі Қашқарға ауысқан. Махмұд осында дәріс алған, ұзақ жылдар тұрған. Оның аты жөніне қай жерден шыққанын көрсететін дәстүрмен «Қашқариді» тіркеуінің мәнісі де содан. Өз заманының аса білімдар филологы, тарихшысы, этнографы, географы ретінде танылған.

**Марғұлан Ә.Х.** (1904-1985) — қазақтың ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы, шығыстанушы, әдебиеттанушы, өнертанушы, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі. 1925-1931 жылдары Ленинградтағы Шығыстану институтында және МГУ-дің Қоғамдық ғылымдар факультетінің шығыс бөлімінде оқыған. Тарих, археология, этнография, әдебиет және өнер салаларына қатысты ондаған кітап, үш жүзден астам ғылыми зерттеу және жүзден атсам энциклопедиялық мақалалар жариялаған.

**Нәджиб Әмір** (1899-1991) – тіл білімі маманы, түркітанушы, филология ғылымы докторы. Семей облысы, Мақаншы ауданы, Бақты ауылында дүниеге келген. Москвада Шығыс тілдері институтын бітірген. Орыс, ағылшын тілдерінде «Қазіргі ұйғыр тілі» (1960), «XIV ғасыр ескерткіші – «Мұхаббатнама» туралы зерттеу» (1961), «Ұйғырша-орысша сөздік» (1968), «XIV ғасыр ескерткіші – «Гүлістан» туралы зерттеу» және осы ескерткіштің тарихи-салыстырмалы сөздігінің авторы. Өмірінің соңғы жылдарында Жетісу, Алтын Орда және Египеттегі XI-XVI ғасырлардағы қыпшақ, оғыз, ұйғыр-қарлұқ тілдерінің 4 томдық салыстырмалы-тарихи сөздігін дайындады. 1991 жылы Москва қаласында дүниеден өтті.

**Низами** (1141-1209) – әзербайжан ақыны. Негізгі шығармалары парсы тілінде жазылған. «Гәнжауи» – оның лақап аты. Әкесі Иранда, кейін Гәнжа шаһарында тұрған, ұлын түркі халқының дәстүрінде тәрбиелеген. Оның басты шығармасы – «Хамса» («Бес кітап»), оған «Құпиялар қазынасы» (1173 – 80), «Хұсрау – Шырын» (1181), «Ләйлі – Мәжнүн» (1188), «Жеті сұлу» (1197) және «Ескендірнама» (1203) атты бес дастаны кірген. Низами дастандары ерте кезден-ақ қазақ арасына тараған. Низами дастаны негізінде Абай «Ескендір» поэмасын жазса, Шәкерім де шығармасында Низами сюжеттерін пайдаланған.

**Радлов В.В.** (1837-1918) – шығыстанушы, түркі тілдері мен фольклорының үлкен білгірі. Ұлты – неміс, Германияның Берлин қаласында дүниеге келген. Берлин университетін бітіргеннен кейін

Ресейге келіп, тіл үйрену мақсатымен Алтай өңіріне барып, оқытушылық қызмет атқарады. В.В.Радлов әр түрлі ғылыми сипаттағы экспедицияларға қатысып, фольклорлық үлгілерді ғылыми тұрғыда жинап, қағазға түсіреді. В.В.Радлов 1870 жылы «Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары» деген көптомдық еңбегінің үшінші томында қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жариялады.

**Сағди Ширази** (1203-1292) — парсы-тәжік әдебиетінің классигі. Шираз қаласында дін қызметкерінің отбасында өмірге келген. 1257 жылы «Бустан» дастанын (алғашқы аты «Сағдинаме») жазды. 1258 жылы “Гүлстан” атты шығармасын жариялады. Ақын екі шығармасын да Шираздың билеушісі Әбу Бәкр ибн Сағдиге (1226 — 60) сыйға тартты. Ресей ақыны А.С.Пушкиннің «Бақшасарай фонтаны», «Ескерткіш» атты туындыларынан Сағди шығармаларының әсері байқалады. Ақын М.Майлықентидің «Тухфа уа жумхурият» атты өлеңмен жазылған шығармасы мен “Бустан” дастанының композициялық желісінің ұқсастығын аңғаруға болады. Сағдидің «Бустан» дастанының үзінділері қазақ тілінде (1966, 1973) басылып шықты.

**Сайф Сарай** (1321-1396) – қыпшақ ақыны, Алтын Орда дәуірі әдебиетінің көрнекті өкілі. Сарай қаласында дүниеге келген. Хан ұрпақтары арасындағы тақ таласы тұсында туған жерінен кетіп, өмірінің соңғы кезеңін мәмлүктер билігіндегі Мысырда өткізді. Сайф Сарайды Ә.Наджип қазақ халқының негізін құраған қыпшақ тайпасынан шыққан деп есептейді. Бізге жеткен елеулі еңбегі – бес мың жолға жуық түркі (қыпшақ) тіліндегі «Гүлстан бит-түрки» (1391) туындысын Сарайда бастап, Египеттегі Ніл өзені бойында аяқтаған. Мысыр қаласында 1396 жылы дүниеден озды.

**Толстов С.П.** (1907-1976) – академик, Ресей ғылым академиясы, этнография институтының директоры, ММУ-дің тарих факультеті деканы қызметтерін атқарған. Тарихшы, этнограф, археолог, Орта Азия халықтары тарихын зерттеген. Ежелгі хорезмдік өркениетті ашқан және сол бағытта көптеген ғылыми еңбектер жазған.

**Уәлиханов Ш.Ш.** (1835-1865) – қазақ ғалымы, ориенталист, тарихшы, этнограф, географ, фольклортанушы, ағартушы. Жеке меншік мектепте оқып хат таниды. Шығыс тілдерінен араб, парсы, түркі тілдерін меңгерген. Омбы Кадет корпусын бітірген. ХІХ ғасырдың орта шенінде қазақтың өз ортасынан шығып, халық әдебиетін, этнографиясын көптеп жинап, оны баспа жүзіне шығаруда және сол материалдарды зерттеуде үлкен қызмет атқарып, үлес қосқан әйгілі ғалым.

**Потанин Г.** (1835-1920) – ғалым, жиһангер. Омбы облысы, Ямышск станциясында туып өскен. Омскідегі Кадет корпусында оқыған жылдарынан бастап Шоқанмен дос болған. Қазақ әдебиетіне байланысты жиналған материалдары Санк-Петербург, Омск, Томск, Алматы т.б.



қалалардың қолжазба қорларында сақтаулы. Ол Азияның аз зерттелген аудандарының географиясы, этнографиясы, фольклоры жөнінде деректер жинау мақсатымен бірқатар саяхаттар жасады. Ол Ш.Ш.Уәлихановтың еңбектерін жариялауда үлкен еңбек сіңірді.


**Пелльо П.** (1878-1945) – француз шығыстанушысы, қытай тарихы мен будда дінін зерттеген. Сонымен қатар моңғол жерін, орта азиялықтардың тарихы, мәдениеті, тілін зерттеген. Әсіресе ол оғыздардың шығу тегі мен «Қорқыт ата» кітабы жайлы құнды пікірлер айтқан ғалым.

**Пропп В.Я.** (1895-1970) – ресейлік атакты ғалым, фольклортанушы-филолог. Дүниежүзі бойынша фольклор ғылымында салыстырмалы-типологиялық әдістің негізін салушы, мәтін теориясын негіздеушілердің бірі.

**Ісімақова А.С.** (1958 ж.т.) – филология ғылымдарының докторы, профессор (1998). Мәскеу қаласындағы Дүние жүзі әдебиеті институтында аспирантурада (1982–1985) оқыған. «XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ көркем прозасының поэтикасы (тақырып, жанр, стиль)» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғаған. 400-ден астам ғылыми зерттеу мақалалары мен 5 ғылыми монографиялық еңбектің авторы. Он жылдан астам М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында бөлім меңгерушісі қызметін атқарған. Қазіргі таңда Абайтану және жана дәуір әдебиеті бөлімінің бас ғылыми қызметкері.

**Якубовский А.Ю.** (1886-1953) – академик, шығыстанушы. Петербор университетінің филология факультетін бітірген. Өзбекстан мен Тәжікстанның ғылым қайраткері. Орталық Азия, Кавказ, Алтын Орда дәуірі тарихын зерттеген.





## ТАРИХИ-ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАР ЖАЙЫНДА АҚПАРАТ

«**Ақиқат сыйы**» – тарихи- әдеби шығарма. Авторы – Ахмед Иүгінеки (Югнаки Адиб Ахмед ибн Махмуд). Түпнұсқасы сақталмаған. ХІҮ-ХҮ ғасырларда жасалған үш түрлі көшірмесі бар. Оның ішінде ең ескісі – 1444 жылы Самарқанда Арсылан Қожа тархан Әмірдің жазу шебері Зәйнүл Әбідін бин Сұлтан Бақыт Журжани Құсайынның көшіріп жазған нұсқасы. Хатқа түскен нұсқасының жалпы көлемі – 508 жол. Бұл мұра қазір Стамбулдағы Айя-София кітапханасы қорында сақтаулы. Екінші нұсқасы Стамбулда 1480 жылы Шайх зада Абд ар-Раззақтың ұйғыр және араб жазуымен көшірген, 506 жолдан тұратын үлгісі. «Ақиқат сыйының» үшінші арабша нұсқасы ХІҮ ғасырдың аяғында немесе ХҮ ғасырдың басында 524 жол өлең көлемінде көшірілген. Ол Стамбулдағы Топ-Қапы сарайында сақтаулы. Ә.Құрышжанов, Б.Сағындықов сынды тілші-ғалымдар «Ақиқат сыйының» қазақша тәржімасын жасаған.

«**Авеста**» – Авеста Зорастра дінінің қасиетті кітабы, Иран жерінде Аршак дәуірінен басталған және әсіресе Сасанилер кезінде бірнеше діни реформалар барысында қалыптасқан қағида болып табылады. Авестаның мәтіні көне парсы тілінен өзгеше және бірқатар белгілері бойынша неғұрлым кейінгі шығыс иран (соғды, хорезм, сақ және т. б.) тілдеріне жақын көне иран тілінде жазылған. Авестаның көп бөлігі жоғалған, ұмытылған. Ғалымдардың болжамынша, 1/7 бөлігі ғана біздің заманымыздың ІІІ ғасырында Аршак әулеті дәуірінде жинақталып, кітап етілген.

«**Білге Қаған ескерткіші**» – Орхон түркі жазба ескерткіштерінің ішіндегі көлемі мен мазмұны жағынан ең үлкені әрі аса ірі «мәңгі тас» (көне түркі тілінде – «Беңгү таш» ) қатарына жататын ескерткіш кешен. Ескерткіш Екінші Шығыс Түрік қағанатының атақты қағаны — Білге қағанға арналған. Көне түркі бітігіндегі «Білге қаған» деген сөздің мән-мағынасы – «білікті, билік-төрелікті ұстай білген, сұңғыла-білгір қаған» деген ұғымды білдіреді. Ескерткіштің тілі «таза» сақталған, кірме сөздер өте аз дерлік. Сол себептен түркі этностарының тілдік табиғатын, тарихи, әдеби, этнографиялық сыр-қырын анықтай зерттеу үшін қайталанбас дара мұра. ҮІІІ ғасырдан қалған тілдік және әдеби жәлігерлер.

«**Гүлстан бит-түрки**» – Саиф Сарайдың туындысы. Дастанның негізгі бөлімі Сағдидің «Гүлстан» шығармасының еркін аудармасынан тұрады,





сондай-ақ, оған өзімен тұстас сегіз шайырдың ғазалдары, ақынның өзі жазған лирикалық өлеңдері, нақыл, ғақлия, толғаулары енген. Саиф Сараидың бұл поэмасы ХІҮ ғасырдағы қыпшақ әдебиетінде қалыптасқан әдеби дәстүр, озық поэзия үлгісі болған. Саиф Сараидың қолжазбасы 1915 жылы белгілі болды, оның фотокөшірмесі Анкарада (1954), орыс әліпбиі негізіндегі транскрипциясы Ташкентте (1968) басылды.

«**Диуани хикмет**» – Қожа Ахмет Иасауидің сопылық идеясын жыр еткен, этикалық-дидактикалық мазмұндағы ХІІ ғасырда түркі тілінде жазылған әдеби шығармасы. Ақын өз кітабын қыпшақ даласы мен Орталық Азия түркілеріне түсінікті оғыз-қыпшақ тілінде жазған. Мұның өзі араб тілінде жазылған Құран Кәрім мен түрлі хадис, тәфсирлердің күрделі қағидаларын жергілікті түркі халықтарының түсініп оқуына мүмкіндік берді. «Диуани хикмет» – көшпелі елдің ауыз әдебиеті үлгілеріне негізделіп, түркі халықтары фольклорының тілдік-стильдік, модельдік тәсілдерін зор шеберлікпен пайдалана отырып жазылған көркем туынды. «Диуани хикметтің» түпнұсқасы сақталмаған. Ең ескі нұсқасы ХV ғасырдың орта кезінде араб әрпімен көшірілген. Бертін келе «Диуани хикмет» Қазан (1887–1901), Стамбұл (1901), Ташкент (1902–1911) баспаларынан жарық көрген.

«**Диуани лұғат-ит-түрк**» – Махмұд Қашқари 1072-1074 жылдары Бағдат қаласында жазылған түркіше-арабша сөздік. Ол түркі тілдері бойынша ең ауқымды және ең маңызды ежелгі тіл жәдігері. Оның қолжазба нұсқасы 638 беттен тұрады, онда 9000-нан астам түркі сөзінің араб тіліндегі егжей-тегжейлі түсіндірме-аудармалары қамтылған. Түркілердің тарихы, жағырапиялық таралуы, тайпалары, диалектілері және дәстүрлеріне қосымша мәліметтер берілген. Классикалық араб лексикографиясының қағидалары бойынша дайындалған бұл сөздік Махмұт Қашқаридің түркі тілі туралы білімінің ауқымдылығын ғана емес, араб филологиясы ғылымы бойынша дайындығының да көлемді екендігін айғақтайды.

«**Жүсіп-Зылиха**» – Шығыстағы көп елге тараған ғашықтық дастан. Негізінен Інжіл мен Құран Кәрімде баяндалатын Жүсіп пайғамбар туралы оқиғаға құрылған. Сюжеті Шығыстың бірқатар ақындарының шығармаларына өзек болған. Оның ауызша нұсқаларымен бірге жазба нұсқалары да бар. Дастанның көне қолжазбалары Британия музейінде және Будлин кітапханасында сақталған. Дастанның 1516 жылы көшірілген ең көне нұсқасы Түркияның Топқапы кітапханасында, ал 1563 жылы көшірілген 2-нұсқасы Париж ұлттық кітапханасының сирек кездесетін қолжазбалар қорында сақтаулы.

«**Көроғлы**» (**Көрұғлы**, **Көрғұлы**) – қаһармандық халық эпосы. Жырдың түрлі нұсқалары түрікмен, қарақалпақ, өзбек, құмық, әзербайжан халықтарында кездеседі. Алғашқы үлгілері ХІХ ғасырдың аяғы мен

XX ғасырдың бас кезінде жарияланған. Жыр сюжеті Қазақстан, Орта Азия, Кавказ халықтарынан бөлек Балқандағы гагауз, Сібірдегі Тобыл татарларына да жақсы мәлім. Жыр оқиғасы бірде тарихи-этикалық, бірде аңыз-эпсаналық, бірде мифтік мәліметтерге жүгініп, Көрұғлының халықтық тұлғасын сомдауға бағытталған. Жырдағы негізгі желілердің бірі – жылқы малы, оның бабы мен белгілеріне қатысты өрбиді.

«Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» – қазақ халқының лиро-эпостық жыры. XIII-XIV ғасырлардан бастап жырланып, қазақ арасына кең тараған. Жыр Сарыбай мен Қарабайдың аң аулай жүріп құда болып, Қозы мен Баянды күні бұрын атастыруынан басталады. Әрі қарай қос ғашық Қозы мен Баян, қара күш иесі Қодар, дүниеқоңыз Қарабай арасындағы шиеленіскен оқиғалар негізінде зұлымдық пен махаббат күресі баяндалып, Қозы мен Баянның қайғылы қазасымен аяқталады. Жырдың негізгі идеясы – адал махаббатты дәріптеу. Жырда айтыс, тұрмыс-салт жырлары: естірту, жоқтау, қоштасу т.б. кеңінен қолданылады. Бекбау, Жанақ, Сыбанбай, Шөже т.б. ақындар әр кезде дастан оқиғасын өздерінше жырлаған.

«Құтадғу білік» (Құтты білік) – түркі шайыры әрі ойшыл Жүсіп Баласағұн жазған дидактикалық поэма (1069-1070 жылдары жазылған). Бұл көне түркі тілінде жазылған түркі тектес халықтардың ортақ қазынасы. Поэма Жүсіп Баласағұнның мемлекетті басқару қағидалары мен принциптерін, елге билік жүргізудің ережелері мен тәртібін, қоғам мүшелерінің мінез-құлық және әдеп-ғұрып нормаларын жыр еткен этикалық-дидактикалық мазмұндағы көркем туындысы. Түркия ғалымдары 1942–1943 жылдары «Құтадғу Біліктің» үш нұсқасын да Стамбұлдан үш томдық кітап етіп шығарды. Дастанды зерттеу ісіне, әсіресе түрік ғалымдары Р.Р.Арат, М.Ф.Кепрюлзаде және А.Дильгар т.б. көп еңбек сіңірді. «Құтадғу Білік» дастаны орта ғасырларда бүкіл түркі әлеміне ықпал еткен Қарахан мемлекеті түріктерінің тілінде жазылған.

«Махаббатнама» – барлығы он бір бөліктен тұратын поэма. Авторы – Хорезми. Парсы және түркі тілдерінде 1353 жылы яғни һижраның 754 жылы жазылған. Поэмадағы ғашықтық өлеңдердің үш тарауы парсыша, сегізі – түркі тілінде. Дастан – 473 бәйіттен тұрады және 58 жолы «хикая» деп аталатын шығарманың негізгі мазмұнынан бөлек өлең бар. Шығармада ақын махаббат, адалдық, адамгершілік жайында айтады, азға қанағат етуді, бұрынғы салт-дәстүрлерден қол үзбеуді өсиет етеді. Хорезми бұл поэмасында нама жанрының өзіне дейін болмаған жаңа мүмкіндіктерін ашты, байытты. Өлеңнің араб-парсы поэзиясы арқылы келген ғазал, қасыда, мәснауи, фард дейтін шағын жанрларын қолданған.

«Моңғолдың құпия шежіресі» – XIII-XIV ғасырлардағы жазба мұра. Моңғолияны мекендеген түркі тайпаларының (найман, керей, меркіт, қоңырат, жалайыр, татар, ұйғыр) тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік-саяси өмірі суреттелген, сондай-ақ тарихы, тілі, этнографиясына қатысты



деректер мол кездеседі. Шежіре шамамен 1240 жылы аяқталған. Авторы белгісіз, ол хан ордасында қызмет етіп, еңбекті ұйғыр әліпбиі негізінде жазған. Еңбек ақсүйектер ғана оқитын мемлекеттің ішкі-сыртқы саясаты, стратегиясы мен тактикасы, әскери доктринасы жайлы жазылған кітап болғандықтан «Моңғолдың құпия шежіресі» аталған. Еңбек 1969 жылы қазақ тілінде М.Сұлтанаяұлының тәржімалауымен Баян Өлгий қаласында жарық көрді. Өлеңін аударған И.Байбатырұлы, алғысөзін жазған Б.Бұқатұлы. Кейіннен 1998 жылы Алматыда, 2002 жылы Улан-Баторда қазақ тілінде қайта жарияланды.

**«Мың бір түн»** – араб әдебиетінің орта ғасырдағы классикалық шығармасы. Бұл прозалық жинаққа үш жүздей аңыз-әңгімелер, новелла, ертегілер топтастырылған. “Мың Бір Түн” белгілі бір қаламгердің шығармасы емес, араб-парсы, үнді халықтарының әр кезеңде туындаған ауыз әдебиеті үлгілері. Шығарма әйелдер қауымын жазықсыз жазалаған Шахрия патша мен уәзір қызы Шахризаданың мың бір түн бойы айтқан қызықты әңгімелері арқылы ажал сағатын ұзартқаны төңірегінде өрбиді. Шығарма билеушілерінің озбырлығын әшкерелеу, жаман әдеттерден тыйылуға шақыру мақсатында туған. Жинаққа Құран Кәрім, «Қисса-ул-әнбия» оқиғаларымен байланысты діни дастандар да енген. Жанрлық тұрғыдан мұнда сатирикалық, дидактикалық шығармалар қамтылған. Қазақ тіліне Қ.Әбдіқадыров, Қ.Мұхамеджанов аударды. Шығыс елдерінде “Мың Бір Түн” сюжетінің желісінде жазылған жыр-дастандар нәзирагөйлік дәстүрін қалыптастырды.

**«Мұңлық-Зарлық»** – Шығыс сюжетімен құрылған жыр. Сюжеті жағынан жырдың халық арасына кеңінен таралуына қиссашыл ақын Жүсіпбек Шайхысламұлы көп еңбек сіңірді. Ол ауызша тараған үлгісі негізінде жырды қара сөзбен (өлең аралас) қайта жырлап, 1896-1916 жылдары Қазан қаласында «Хикаят Рисале-и Мұңлық-Зарлық» деген атпен бірнеше рет жариялады. Жыр сюжеті қазақтың ертегі, аңыздарымен сарындас, онда батырлық эпоста кездесетін сөз оралымдары мен бейнелеу тәсілдері кеңінен қолданылған.

**«Рабғұзи қиссалары» (Қисас-ул әнбия)** – XIII-XIV ғасыр әдебиетінің жинағы, әртүрлі жанрдағы шығармалар қамтылған, өз дәуірі әдебиетінің негізгі ерекшеліктерін аңғартатын құнды мұра. Шығарма 1310 жылы (710 қыжыра) Насреддин Токбұға бекке арналып жазылған. Авторы – Рабат Оғыз қыстағының қазысы Бұрханеддин ұлы қазы Насреддин. Рабғұзи – автордың туған жеріне байланысты алған лақап аты. «Рабғұзи қиссаларының» негізі – шығыстан ислам арқыл келген әңгімелерден тұрады. Ежелгі діни кітаптардан бірден бірге ауысып келе жатқан сюжеттерден құралған аударма-нәзира шығарма.

**«Рүстем-Дастан»** – парсы ақыны Ә.Фирдаусидің «Шаһнама» эпопеясы негізінде Т.Ізтілеуов жырлаған дастан. Дастанның көлемі – 24

мың жол, 30 тараудан тұрады, 11 буынды қара өлең үлгісінде жазылған, 7 – 8 буын жыр үлгісі де кездеседі. Дүниежүзілік әдебиетте жоғары бағаланатын «Рүстем-Дастан» қазақ танымына мейлінше жақын етіп жырланған, ол арғы-бергі ертегі-аңыз оқиғаларға толы. Дастанның үлкен бір бөлігі М.Әуезовтің алғы сөзімен 1961 жылы басылып шықты. «Жәмшитнама» (12 мың жол) және «Дарапнама» (4 мың жол) бөлімдерімен толықтырылған нұсқасы 2004 жылы «Шаһнама. Рүстем – Дастан» деген атпен жарық көрді.

**«Сейфүлмәлік-Бәдіғұлжамал»** – оқиғасы «Мың бір түннен» алынып, ел арасына кең тараған ғашықтық дастан. Тұңғыш рет 1807 жылы «Сейфүлмәлік» деген тақырыппен шағатай тілінде жарияланды. Осы кітаптан кейін қазақ арасына кең тараған жырдың екі нұсқасы он шақты рет басылып шықты. 1870 жылы В.В. Радлов жинағында басылған нұсқа, оны Ж.Шайхысыламұлы қайта жырлап, 1903, 1908 жылдары Қазан қаласында бастырған. Радлов жинағындағы және Жүсіпбек бастырған нұсқаның тілі таза, араб-парсы сөздері аз, көп сөзділік, қайталау кездеспейтін көркем туынды. «Сейфүлмәлік-Бәдіғұлжамал» дастаны шығыс сюжетіне құрылса да, қазақ халқының ауыз әдебиетімен орайласып, үйлесіп кеткен шығарма. Дастан «Ғашықнаме» жинағына енді (1979).

**«Таһир-Зуһра»** – ғашықтық дастан. Дастанның сюжеті өзбек, татар, ноғай, эзербайжан, түрікмен, қазақ арасында кеңінен танымал, батыстың «Ромео – Джульеттасы», шығыстың «Ләйлі – Мәжнүнімен» үндес. Қазақстан Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапхана қорында дастанның екі нұсқасы сақтаулы: бірі – А.Оразаев (1834 – 1883) бастырған нұсқа, ол 1889 – 1908 ж. аралығында Қазан қаласында қазақ тілінде 9 рет басылып шыққан. Екіншісі – 20 ғасырдың басында өмір сүрген қиссашыл ақын Ақылбек Сабалұлы өлеңмен жырлаған нұсқа.

**«Тотынама»** – хикаяттар жинағы. Үнді және Орталық Азия халықтарына ежелден мәлім. Әлемдік әдебиетте «Тотынаманың» 85 нұсқасы бар, оның 20-ға жуығы Ресей архивтерінде сақтаулы. «Тотынама» сюжеті қазақ арасына парсы әдебиеті арқылы еніп, кең тараған. Хикаяттың бір үлгісі 1892 жылы Қазан қаласында татар тілінде жарық көрген. Көтерген тақырыбы – әйел мекерлігі, олардың түрлі қулық-сұмдықтары туралы оқиғалар. Жинақ – циклдену процесінен өткен шығарма, «Тотынама» нұсқаларының бірінде 52, бірде 70 түннен тұратын хикаяттар баяндалады. Оның халықтық және авторлық нұсқалары бар. Ә.Қоңыратбаев және Т.Қоңыратбаевтардың аударуымен 1991, 2005 жылдары «Тотынама» деген атаумен қазақ тілінде шыққан.

**«Орхон-Енисей жазбалары»** – көне түркі жазба тарихи-мәдени ескерткіші. Көп уақытқа дейін сыры беймәлім, қай тілде жазылғандығы белгісіз болып келген. Орхон-Енисей жазбаларын руналық жазбалар



деп те атайды (Скандинавия халықтарының тілінде «рунь» сөзі «сыры ашылмаған», «құпия» деген мағынаны білдіреді). Тек 1893 ж. ғана даниялық ғалым В.Томсен құпия жазуды оқудың кілтін ашады. Біраз жылдардан кейін орыс ғалымы В.В.Радлов Орхон өзені бойынан табылған үлкен тастардағы жазуды толық оқып, аударды. Руна жазуындағы ең үлкен ескерткіштер Орхон мен Енисей өзендері алқабынан табылғандықтан, жазудың өзін де осылайша атап кетті.

**«Шаһнама»** – тәжік, парсы әдебиетінің классигі Әбілқасым Фирдаусидің 120 мың жолдан тұратын эпопеясы. «Шаһнама» көлемі «Илиада» мен «Одиссеядан» он есе үлкен. Ол мифтік, тарихи аңыздардың, шежірелердің және лирикалық толғаулардың аса үлкен жинағы. Фирдауси «Шаһнама» бірінші нұсқасын 994 жылы, 2-ші нұсқасын 1010 жылы аяқтаған. «Шаһнама» өз заманының әлеуметтік өзгерістерін, шетел басқыншыларына қарсы күресті, мемлекеттік тәуелсіздікті бейнелейтін, жас ұрпақты халық қамы үшін күреске шақыратын шығарма. М.Сералин, Ораз Молла, Серәлі, Тұрмағамбет т.б. қазақ шайырлары жырлаған. М.Сералин «Шаһнаманың» «Рүстем-Зораб» бөлімін орыс тілінен аударып, «Айқап» журналының бірнеше нөмірлеріне бастырды (1941-1915). Т.Ізтілеуов 1936 жылы «Шаһнама» дастанының сюжетін алып қазақ тілінде өзінше жырлап шықты. Ол 1961 жылы «Рүстем-Дастан», 2004 жылы «Шаһнама. Рүстем-Дастан» деген атаумен басылды.

**«Хұсрау мен Шырын»** — Алтын Орда дәуірінің әдеби мұрасы. Авторы – Құтб қыпшақ тайпасынан шыққан. Ол бұл шығарманы Низами Гәнжауидің парсы тілінде жазылған «Хұсрау уа Шырын» поэмасынан аударған. Поэма Хұсрау деген жігіт пен Шырын есімді қыздың арасындағы шынайы махаббатты баяндауға арналған. Әдеби ескерткіштің тілін түрік ғалымы профессор М.Фуад Копрулузаде Алтын Орданың XV ғасырдағы аралас оғыз-қыпшақ тіліне жатқызады. 1958 жылы ол қолжазбаны екі бөліктен тұратын факсимилесімен, транскрипциясымен жариялады. «Хұсрау-Шырын» дастаны қазақтың лиро-эпостық жырларымен сарындас, үндес, соларға мейлінше жақын болып келеді.



## МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ, ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ АТАУЛАРЫ

«**Жұлдыз**» – республикалық әдеби журнал. Шолпан (1922), Таң (1924) журналдарының ізбасары саналады. Алғашқы саны 1928 жылы жарық көрген. Әр жылдары «Жаңа әдебиет» (1928 – 32), «Жыл құсы», «Әдебиет майданы» (1932 – 39), «Майдан» (1941 – 45), «Әдебиет және искусство» (1939 – 1941 және 1945 – 1957) деген атаумен шығып тұрды. 1957 жылдан «Ж» деген атпен шығады. Алғашқы редакторы – С.Сейфуллин. Журналға Ғ.Мүсірепов, З.Қабдолов, Ә.Нұрпейісов, С.Мәуленов, Ш.Мұртаза, Б.Тілегенов, М.Мағауин т.б. әр жылдары бас редактор болды.


«**Қазақ тілі мен әдебиеті**» – ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журнал. 1958 жылдың наурыз айынан 1959 жылғы қарашаға дейін шығып тұрған. Алғашқы бас редакторы Т.Ақшолақов. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, 1991 жылы қайтадан шыға бастады. ҚР Білім министрлігінің алқасының 1993 жылы 20 желтоқсандағы шешімі негізінде 1994 жылы шілдеде журналдың ғылыми тәлім-тәрбиелік “Ұлағат” қосымшасы жарыққа шыға бастады.

«**Қазақ әдебиеті**» – Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер газеті. Әр апта сайын, жұма күні шығады. Газет – Қазақстан Жазушылар одағының органы ретінде тұңғыш саны 1934 жылдың қаңтарында жарық көрген. 1940-1954 жылдары газеттің шығуы тоқтатылып, 1955 жылдың қаңтар айынан қайта шыға бастады. «Қазақ әдебиеті» ұлтымыздың рухани айнасы, еліміздің әдеби һәм мәдени өмірін жан-жақты қамтитын басылым. Апталық өнер сүйгіш оқырман қауымның эстетикалық талғамын тәрбиелеуде елеулі рөл атқарды. Редакторы – Жұмабай Шаштайұлы.

«**Парасат**» – республикалық қоғамдық-саяси, әдеби-көркем безендірілген журнал журнал. Алғашқы саны 1958 жылы шілдеде “Мәдениет және тұрмыс” деген атпен шықты. Журналдың тұңғыш саны 10 мың дана тиражбен жарық көрді. 1990 жылдан «Парасат» деп аталады. Журнал бетінде тарих пен әдебиет, мәдениет пен өнер, руханият мәселелері көтеріледі. Басылымның «Ойтолғақ», «Жаңғырық», «Тарихтағдыр», «Таным», «Дерек пен дәйек», «Салауат», «Ғұмырдария», т.б. тұрақты айдарлары бар.

«**Түркістан газеті**» 1993 жылы қарашада ҚР Министрлер Кабинетінің арнайы қаулысымен ашылған. Үлкен форматты, көлемі – 8 бет Таралымы – 10 мың дана. Алғашқы бас редакторы – Қазақстанның Халық жазушысы Қалтай Мұхамеджанов (1993-1999). Қазіргі бас редакторы – Шәмшидин Паттеев.





## МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ӘДЕБИ ТЕРМИНДЕР

**Арнау өлең** (нама) – түркі халықтары поэзиясына тән жанр. Арнау өлең қазақ ауыз әдебиетінде, жазба әдебиетінде ерекше орын алған. Арнау өлеңді қазақ әдебиеттану ғылымында алғаш енгізіп, ішкі жанрлық түрге жіктеген әдебиеттанушы ғалым А.Байтұрсынов. Арнау өлеңнің жіктелуі негізінен тақырыптық сипатына, яғни кімге, қалай арналуына байланысты.

**Аруз** – орта ғасырдағы түркі классикалық поэзиясында созылыңқы және қысқа буындардың белгілі заңдылықпен кезектесуіне негізделген өлең өлшемі. Түркі әдебиетіне XI ғасырда еніп, ежелгі түркі өлең өлшемі – бармақты ығыстырып шығарды.

**Бәйіт** – өлең-жыр және екі жолды өлең деген ұғымдарды береді. Бұл – араб, парсы және түркі тілдес халықтар поэзиясындағы қос тармақты, егіз ұйқасқа құрылған өлең түрі. Айтылар ой барынша тұжырымды болып келеді. Мұның өзі Шығыс поэзиясындағы шумақ жасаудың негізгі ұйтқысы. Осыдан ғазел, қасида, маснави, рубаят т.б. шығыстың өлең түрлері туындайды. Қазақ поэзиясында аударма шығармалар да кездеседі.

**Ғазал** – араб, парсы поэзиясында XIII-XIV ғасырлардан бастап қалыптасқан өлең түрі. Ғазалдың әйгілі шеберлері Хафиз, Сағди болған. Мұнда көбіне сүйіспеншілік, махаббат сезімдері жырланады. Ғазалдың алғашқы екі жолы бір-бірімен ұйқасады да, ары қарай шалыс ұйқас болып келеді. Ғазалдың тағы бір ерекшелігі – соңғы бәйітте міндетті түрде автордың аты айтылуы тиіс. Дастанда осы ерекшелік сақталған. Хорезми ғазалдары 8-12 бәйіттен тұрады.

**Діни қисса** – пайғамбарлар мен әулие-әнбиелер, періштелер мен сахабалар т.б. өмірі мен олардың дін жолындағы іс-әрекетін бейнелеген шығармалар. Діни қиссалар сюжеті Құран Кәрімнен алынған. Негізінен, қарасөз түрінде айтылатын ертегілер мен әңгімелерді, аңыздар мен эпсаналарды араб тілінде қисса десе, парсы тілінде «дастан» деп атайтыны мәлім. Алайда қазақ қауымы Шығыс хикаяларының өлең жырға айналдырған үлгілерін ғана «қисса» немесе «дастан» деп таныған.

**Діни дастан** – ислам дінін уағыздайтын, Мұхаммед пайғамбар мен оның төрт сахаба-серіктерінің есімдеріне байланысты мифтік аңыздар негізінде туған дастандар. Бұлар – «Сал-сал», «Зарқұм», «Кербланың шөлі», «Хазрет Расулалланың Мағражға шыққаны», «Жұм-жұма», «Әзірет Әлінің құлдыққа сатылғаны», «Әлінің сараң байды жолға салғаны», «Мұса ғалаиссалам мен Қарын хикаясы», «Жүсіп-Зылиха»



т.б. Діни дастандар қазақ даласына XVIII ғасырда әуелде ауызша, кейін жазба түрде тарай бастады.

**Қыйт'а** – түркі өлеңіне араб, парсы поэзиясынан ауысқан түр. Ұйқасы а –б–в–б–г–б болып келеді. Ақындар шын сырын, арман-тілегін осында айтады. Ғазалдан айырмашылығы соңында автордың аты кірістірілмейді. Көбінесе қыйт'адағы бәйіт саны – бесеу.

**Қисса** (араб тілінде – әңгіме, аңыз) – ауыз әдебиетіне тән эпикалық жанр, сюжетті жыр, дастан, кітаби эпос. Мазмұны, құрылысы жағынан лиро-эпосқа жақын. Махаббатты, пәктік пен тазалықты, ізгілікті, адамгершілікті жырлайтын шытырман оқиғалы поэтикалық жанр ретінде Қисса араб, парсы, әдебиетінде кең дамыған. Түркі тілдес халықтарға араб әдебиеті арқылы енген.

**Мәснауи** – араб, парсы, түркі әдебиетінде кездесетін өлеңнің формасы. Әр екі жолы өзінше ұйқасады. Қазіргі әдебиетіміздегі кезекті ұйқасты өлең сияқты. Мәснауи «Махаббатнамада» көбіне үш бәйітті болып келеді.

**Миф** – көне аңыз, әңгіме. Ежелгі мифтер мен аңыздар алғашқы адамдар тіршілігінің маңызды бөлігі болып, олардың рәміздік мазмұны арқылы адам қоршаған ортаны игеріп, жете түсінді. Мұнда поэзия мен алғашқы білімнің, дін мен әдептің, өнер мен өмірлік тәжірибенің ерекше бірлігі орын алды.

**Нәзира, нәзирагөйлiк** (араб тілінен – жауап, ұқсату мағынасында) – Шығыс поэзиясында орта ғасырларда қалыптасқан әдеби үрдіс. Бір ақын жырлаған тақырыпты кейін басқа ақынның қайта жырлауы немесе алғашқы шығармаға екіншінің «жауап» қатуы. Бұл орайда бастапқы туындының сюжеті, кейіпкерлері, өлең ырғағы, ұйқасы, көркемдеу құралдары пайдаланылады.

**Сюжет** (француз тілінде – зат) – өзара жалғасқан оқиғалардың тізбегі, біртұтас желісі. Сюжеттің негізі – өмірлік тартыс, конфликт, кейіпкерлердің қарым-қатынасындағы қақтығыс. Сюжеттің жүйелі тұтастығы да, жекелеген сәттері, яғни бастамасы, шиеленісуі, шарықтау шегіне жетуі және шешілу-аяқталуы да өмірлік тартыс, қайшылықтың даму-өрістеу заңдылықтарына сәйкес келіп отырады.

**Фард** – ғазал, мәснауи, қыйт'а сияқты түркі өлеңінің формасы, араб тілінде жеке, біреу деген мағына береді. Ұйқасы, мазмұны жағынан шығарманың негізгі сюжетінен бөлек, өз алдына тұратын екі жол өлең.

**Эпос** (грек. epos – сөз, баяндау, әңгіме, өлең) – әдебиеттің бір саласы. Құрамына аңыз, ертегі, әңгіме, новелла, повесть, роман, эпикалық поэма, эпопея жанрлары, сондай-ақ көркем очерктер кіреді. Эпостың басты ерекшелігі – өзі әңгімелеп отырған өмір құбылыстарын кең көлемде, эпикалық тұрғыдан қамтып, кейіпкер образын, көркем әдебиеттің алуан түрлі әдістерін мейлінше мол қамту арқылы суреттеу.







## ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

**Араб халифаты** — халифалар басқарған араб-мұсылман мемлекеттерінің Еуропа елдеріндегі атауы. Мұхаммед пайғамбар Батыс Арабияда құрған мұсылман қауымы (Умма) Араб халифатының ең алғашқы түп негізі болды. 632-56 жылдардағы халифаттың астанасы — Медине қаласы. Халифат тұсында ислам дінінде сунниттер мен шииттердің, хариджиттердің алғашқы діни-саяси ағымдары және түрлі халифаттар (Омейя әулеті халифаты (929 — 1031), Аббас әулеті халифаты (750), Фатима әулеті халифаты (909 — 1171), Кордова халифаты), Сасани, Тулуни, Әли әулеті, Тахир әулеті, Самани әулеті т.б. билеген мемлекеттер мен жергілікті әмірліктер пайда болды. 1258 жылы Хулагу хан бастаған монғол әскерлері Бағдадты алғаннан кейін Араб халифаты мемлекет ретінде жойылды

**Ассирия** — біздің заманымыздан бұрынғы 2-мыңжылдықтың бас кезінде Тигр өзенінің орта ағысы тұсында (қазіргі Ирак аумағы) құрылған ірі мемлекет. Ассирияның болашақ астанасы Ашшур қаласы маңызды сауда жолдарының бойында орналасты. Біздің заманымыздан бұрынғы 14 ғасырда Митанияны жаулап алып, қуатты мемлекетке айналды. Ашшур-банипалдан кейін басталған елдегі дағдарыс, оны пайдаланған Мидия мен Вавилонның біріккен күштерінің соққысы нәтижесінде біздің заманымыздан бұрынғы 607 – 605 ж. Ассирия құлады.

**Баласағұн** – Қарахан мемлекетінің астаналарының бірі болған ортағасырлық қала атауы. Жазба деректерде 10 ғасырдан бастап белгілі. Ал Махмұт Қашқари Баласағұнның Күз-Ұлыс немесе Күз-Орда деген басқа аттары болғанын хабарлайды. Зерттеушілердің пікірінше, Баласағұн алғашқыда (8 ғасыр) түрікше Беклік (Бекелік – бекініс), соғдыша Семекне деп аталған. Баласағұн тұрғындары түркі және соғды тілінде сөйлеген. Қала 1210 жылы Мұхаммед Хорезмшахты жеңген қарақытайлықтардың қол астына қарайды.

**Баршынкент** – /Сырлытам, Қызқала/ – ортағасырлық қала орны. Сырдарияның төменгі ағысы маңында, Қызылорданың оңтүстік-батысында 25 км-дей жерде. Қала орнына өткен ғасырда П.И. Лерх, В.А. Каллаур, 1946 жылы С.П. Толстов экспедициясына зерттеу жүргізген. Ә.Марғұлан Баршынкентті Алпамыс батыр жырындағы Гүлбаршынның есімімен байланыстырады. Жошы хан әскерлері қаланы суға бастырып, берілуге мәжбүр еткен. Қираған қала кейіннен Жошы ұлысының Сыр бойындағы орталығына айналады.

**Бұлғар (Болгар)** – ортағасырлық Еділ Бұлғариясының астанасы, Еділ өңірінің ірі саяси және мәдени орталығы болған. Бұлғар қаласын

1431 жылы Мәскеу князі Василий Темный бағындырғаннан кейін, Еділ бойы өңірінің орталығы Қазан қаласы болды. Бұлғардың қираған орны Татарстан аумағында, Еділ өзенінен алты шақырым жердегі осы аттас ауылдың маңында.

**Византия** - /Шығыс Рим империясы/ (325-1453) - Батыс тарихшылары XIX ғасырда Шығыс Рим империясына «Византия империясы» деген атау берген. Византиялықтар өздерін *ромей* деп атаған. Византия астанасы Константинополь қаласы болды, император Юстиниан I заманда гүлденген ірі қала болды. XV ғасырдың басында түріктер Византияның Кіші Азиядағы иеліктерін толығымен басып, Константинопольді Стамбул деп жариялады. 1461 жылы түріктер Трапезунд империясын да басып алғаннан кейін, Византия империясы өзінің өмір сүруін мүлдем тоқтатады.

**Екіөгіз** – орта ғасырларда Іле алқабында болған қала. Қаланың орны төрт-бұрышты, қабырғаларының ұзына бойы мен бұрыштарында болған дөңгелек мұнаралардың орындары анық сақталған. Төбенің үстінен қазылған ұңғымадан және ескерткіштің үстінен табылған қыш ыдыстардың сынықтары қаланың VII–XI ғасырларда болғанын айғақтайды. В.Рубрук қалада парсы көпестерінің арнайы тұрақтары болғандығы жайында жазған.

**Дешті-Қыпшақ** – ежелгі түркі мемлекеттілігінің дәстүрлерін жалғастырған әрі дамытқан, орталықтандырылған ерте феодалдық мемлекет. Шыңғыс хан империясының батыс бөлігіндегі Жошы ұлысын (Алтын Орда) тарихшылар Дешті-Қыпшақ деп атады. Кейін бұл аумақта Қазақ хандығы құрылды.

**Жанкент** - орта ғасырлардан сақталған көне қала. Парсыша Дех-и-Нау, арабша әл-Карьят әл-Хадиса, түрікше Янгикент, қазақша Жанкент («Жаңа қала») деген мағынаны білдіреді Сырдың Арал теңізіне құяр тұсында орналасқан. Жувейнидің, Несевидің және Омаридің кейбір еңбектерінде ол «Шакаркент» деп те берілген. Шыңғыс хан шапқыншылығына дейін гүлденген қала болған.

**Жиделібайсын** – қазақ фольклорында («Алпамыс батыр» жырында, Асан Қайғы туралы аңыздарда, т.б.) жиі кездесетін берекелі, қасиетті, құтты мекен. ХҮІ ғасырда Мұхаммед Шайбани бастаған Дешті Қыпшақтың көшпелі түркі рулары Орта Азия жерін басып алғанда, Жиделібайсын қазақ, қарақалпақ халықтарының құрамындағы қоңырат тайпасының үлесіне тиген. Жаңа қонысқа ауысқан қоңыраттардың саяси және әлеуметтік тұрмысында орын алған тарихи оқиғалар қазақтың «Алпамыс батыр» жырында эпикалық түрде суреттеледі. Тарихи жағдайларға байланысты қалың қазақтан қол үзіп кеткен қоңыраттардың мекені уақыт өте аңызға айналып, қазақ фольклорында халық қиялының символы болды.

**Месопотамия** –Тигр және Ефрат (Қос өзен) өзендерінің бойында орналасқан ежелгі ескі қала орны. «Месопотамия — архивтер отаны» деп аталады. Өйткені мұнда мемлекеттік архивтермен қатар жеке адамдардың да архивтері болған. Сонымен қатар ең көне медициналық еңбектердің,



дәрі-дәрмек рецептері жинақтарының авторлары, диканшының тұңғыш күнтізбегін жасаған да осы Месопатамия тұрғындары (шумерлер).

**Мекке** – мұсылмандардың қасиетті қаласы. Онда бас мешіт әл-Мәжид әл-Харам мен Қағба орналасқан. Мұхаммед (с.а.с.) осы қалада дүниеге келген. Мұхаммед (с.а.с.) Меккеден кеткенімен Мәдинедегі жаңа құлшылық ету үйінің есігін Қағбаға қаратты (Құбыла). Мұсылмандардың Меккені 630-жылы жаулап алуы оның діни орталық ретіндегі айрықша жағдайын қалпына келтіріп қана қоймай, одан да жоғары дәрежеге көтере түсті.

**Мерке, Меркі** – ортағасырлық қалашық орны. Жамбыл облысы Мерке ауданы Мерке ауылының батыс жағында, Алматы – Тараз автодаңғылының солтүстігіне қарай орналасқан. Мирки қаласы YII ғасырдан бастап белгілі. Ол IX – X ғасырлардағы Кудам мен Ибн Хордадбехтің жолжазбаларында үлкен елді мекен деп аталып өтеді. Қалаға неғұрлым дәл сипаттама берген әл-Макдиси “Мирки – орташа аумақты, бекемделген, ішкі қамалы бар қала” деген.

**Мидия** – тарихи аймақ. Б.з.б. YII – IV ғасырларда Әзербайжанның оңтүстік мен Иранның солтүстік-батыс бөлігінде өмір сүрген қуатты патшалық. Мидия жөніндегі алғашқы деректер б.з.б. IX ғасырдың 2-жартысында жазылған ассириялық жылнамаларда кездеседі. Астанасы – Экбатана қаласы (қазіргі Хамадан маңында) болды.

**Мысыр** – араб елінің африкалық бөлігіндегі көне шаһар әрі ел атауы. Жергілікті арабтар Египетті де, оның астанасы Каирді де Мысыр деп атайды. Қазақ фольклорында, сондай-ақ, көптеген шығыс халықтарының ауыз әдебиеті шығармаларында Мысыр атауы жиі ұшырасады.

**Отырар (Фараб)** – ортағасырлық қала орны. Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданының Темір темір жол стансасынан солтүстік-батысқа қарай 7км жерде орналасқан. Отырар YIII ғасырдың басынан Тарбанд (Трабан) деген атаумен белгілі. Бұл атау Күлтегін және Білге қаған құрметіне арналған көне түркі жазбаларда кездеседі. Отырар IX ғасырдың өзінде-ақ ірі қала болған. X ғасыр жазбаларында Кедер деген орталық қаласы бар Фараб аймағы аталады. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, қалада сол кезде әлемдегі аса ірі кітапхана және көптеген мешіт-медреселер болған.

**Иран** (1935 жылға дейін Парсы елі), Иран Ислам Республикасы – Азияның оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан мемлекет. Ресми тілі – парсы тілі. Мемлекеттік діні – ислам дінінің шиит тармағы. Иран – діни мемлекет. Жоғарғы заң шығарушы орган – бір палаталы парламент – Ислам кеңесі жиналысы (меджлис) 4 жыл сайын сайланып отыратын 270 депутаттан тұрады. Ұлттық мейрамы 11 ақпан – Революция күні (1979).

**Қарахан мемлекеті** – Шығыс Түркістан, Жетісу және Мауараннахрдың едәуір бөлігін қамтыған ертедегі мемлекет. Шамамен X ғасырдың ортасында Қарахан мемлекетінде ислам діні тарады. Түркі тілінде шығармалар жазылды. Солардың ішінде – Жүсіп Баласағұнның «Құтты

білік», М.Қашқаридың «Диуани луғат ат-түрік», Қожа Ахмет Иасауидің «Диуани хикмет», С.Бақырғанидің «Ақырзаман» т.б. шығармалары бар.

**Қашқар, Қашғария** – Батыс Қытайдағы Тянь-Шань, Памир, Куньлунь және Бэйшань тауларымен шектелетін өлке. Ұйғыр халқының ежелгі мекені. Қашқар халқы қазақтармен ертеден араласып тұрған. Қазақтар оның Қашғар, Тұрпан, Жаркент, Ақсу қалаларына барып, саудасаттықпен айналысқан. Сондықтан Қашқар қазақтар тарихымен тығыз байланысты.

**Құлан** – I-ғасырларда пайда болған қала. Қазір Жамбыл облысы Тұрар Рысқұлов ауданының орталығы. Облыс орталығы – Тараз қаласынан шығысқа қарай 120 км жерде, Қырғыз Алатаудың бойында орласқан. Құлан ауылының солтүстігінде Луговой поселкасы орналасқан. Қаланы археологиялық тұрғыдан зерттеу – XIX ғасырдың соңында В.В.Бартольдтың жетекшілік етуімен басталды.

**Талас өзені** — Қырғызстан мен Қазақстан жеріндегі өзен, ұзындығы 661 км, су жиналатын алабы 52700 км<sup>2</sup>. Қазақстандағы бөлігі 453 км. Негізінен, Жамбыл облысының Байзақ, Талас, Сарысу аудандары жерімен ағады. Қырғыз Алатауы мен Талас Алатауы мұздықтарынан шығатын Қарақол және Үшқоша өзендері қосылған жерден басталып, Мойынқұмдағы Айдын көліне жетпей құмға сіңіп, тартылып қалады.

**Тұран** – Түркістан өлкесінің көне атауы. Ежелгі дәуірден жеткен мәліметтер бұл өңірде тұр деп аталатын көшпелі тайпа мекен еткенін көрсетеді. “Авестада”, Фердоусидің “Шаһнамасында” Иран мен Тұран елінің өзара қарым-қатынасы жайлы көптеген мәліметтер бар. Тұранда түркі халықтардың арғы тегінен сыр шертетін «Алып Ер Тоңға» атты дастан дүниеге келген. VI ғасырдан бастап Тұран сөзі – түріктер мекендейтін жер, елдің атауы.

**Түркістан** – Қазақстандағы қала. Түркістан – V-VI ғасырларда іргетасы қаланған. Есім ханнан бастау алып, XIV-XVIII ғасырларда Қазақ хандығының астанасы болған. Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан. XIV ғасырда Ақсақ Темір іргетасын қалаған Қожа Ахмет Иасауи кесенесі бар. Бұл қалада Қожа Ахмет Иасауи өзінің уағызшылық қызметін жүргізген.

**Сығанақ, (Сунақ)** – ортағасырлық қала орны. Қызылорда облысы Төменарық тау жыныстары стансасының солтүстік-батыс жағында 10 км жерде орналасқан. Ертедегі Сығанақ қыпшақ мемлекетінің сауда және саяси орталығы болған. Жошы ұрпақтары кезінде Сығанақ Ақ Орданың орталығы болып, онда теңге соғылған. XVII –XVIII ғасырларда бірнеше рет жоңғар шапқыншылығына ұшырады. Осы шапқыншылықтар және басқа да әр түрлі себептерден қала бірте-бірте өзінің өмір сүруін тоқтатты. Археологиялық қазба барысында табылған заттарға қарағанда Сығанақ VI – XVIII ғасырларда өмір сүрген қала.

**Сауран** – XII ғасырда ірі сауда орталығы ретінде іргетасы қаланған. Түркістанның солтүстік-батыс жағындағы 30 шақырым жерде орналасқан



орта ғасырдағы қалалардың бірі. XIII ғасырдың орта шенінде Сауран Ақ Орданың астанасы болды. XIV ғасырдың аяғында қаланы Әмір Темір әскери қамалға айналдырған. Сауран ХҮІІ ғасырдың аяғы мен ХҮІІІ ғасырдың басында әлсіреп, ХІХ ғасырдың басында біржолата күйреген. Жүргізілген зерттеу жұмыстары қаланың ХҮІІ – ХҮІІІ ғасырларға жағатынын дәлелдейді

**Сайрам Исфиджаб, Испиджаб** – Оңтүстік Қазақстанның орта ғасырдағы ірі қалаларының бірі. Жұрты қазіргі Сайрам кентінің Оңтүстік-батысында, Шымкент қаласынан 12 км жерде. Сайрам жайлы алғашқы дерек Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» атты еңбегінде кездеседі. Сайрам – Исфиджабтың кейінгі аты. ХҮ-ХҮІІІ ғасырларда қазақ хандықтары кезінде Сайрам ірі сауда, қолөнер және діни орталық болған.


**Сүткент** – ортағасырлық қала орны. Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы Сүткент ауылынан шығысқа қарай 3 шақырым жерде, Сырдарияның сол жағалауында орналасқан. Сүткенттің аты ХІ ғасырдың соңынан ХҮ ғасырдың басына дейінгі деректерде кездеспейді. Тек 1404-1405 жылдары Әмір Темірдің Отырарға жорығы кезінде қайта аталады. Қаланы 1900 жылы И.В.Руднев, 1951 жылы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедицияда (жетекші А.Н.Бернштам) зерттеген. Шардараның маңында қаланың атын осы күнге дейін сақтап қалған екі қалашық бар.

**Суяб, Суйаб** (түрікше Су – су, соғдыша Йаб – канал, арық деген мағына береді) – Шу алабындағы ортағасырлық қала. Тарихи, археологиялық және нумизматикалық зерттеулер бойынша ғалымдар Суяб қаласының орны Қырғызстанның Токмақ қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 8км жердегі Шу (Суйаб) өзенінің оңтүстік жағасындағы көне Ақбешім қала жұрты екенін дәлелдеді. Суяб қаласының іргесі 5 ғасырда қаланып, X – ХІІ ғасырларға дейін өмір сүрген. Суяб ҮІІ ғасырда Батыс Түрік қағандығының, ҮІІІ ғасырда Түркеш қағандығының, ҮІІІ ғасырдың 2-жартысынан X ғасырдың 1-жартысына дейін Қарлұқ қағандығының астанасы болды.

**Сырдария** – Орталық Азиядағы өзен. Парсы тілінен келген Сырдария атауы ежелден бері қолданылып келеді. Батыс елдеріндегілер болса ХХ ғасырға дейін бұл өзенді Яксарт атауымен атап келді. Өзен Қырғызстан мен шығыс Өзбекстандағы Тянь-Шань тауларындағы екі өзеннің: Нарын және Қарадария өзендерінің қосылуынан бастау алады да, 2,212 км қашықтықта орналасқан Арал теңізіне барып құяды.

**Ілебалық** – орта ғасырдағы қала. Алматы обл. Іле ауд. Іле өзінің орта ағысы, қазіргі Қапшағай СЭС-нің жанында болған. Қала туралы мәлімет М.Қашқари мен В.Рубруктың жазба деректерінде кездеседі, Ә.Марғұлан Мұхаммед Хайдардың дерегіне сүйеніп, І-ты өз алдына жеке қала болған деп тұжырымдайды.

**Үрімжі** – монғолша және қазақша деген талас бар – 1773 жылы Дихуа деп өзгертілген, 1884 жылы Шыңжан өлкесінің орталығы болған. 1954 жылы ақпан айының 1 күні ежелгі Үрімжі аты қайта қалпына келтірілген.



## РУ-ТАЙПА АТАУЛАРЫ

**Найман** – ежелгі түркі тайпаларының бірі. Наймандар туралы Рашид әд-Дин Х.Ховарс, П.Поуха, А.Бобрильников, Гржимайло, Н.А.Аристов, С.Аманжолов, Ә.Марғұланның еңбектерінде наймандар туралы көптеген мәліметтер кездеседі. Әбілғазы жазбасы бойынша «наймандар» – малы мен басы көп өскен көне жұрттардың бірі саналады. Қазақ шежірелерінде олар Орта жүз құрамына кіреді.

**Ғұн** – тәңірілік дінді ұстанып, түркі жазуын тұтынып, түркі тілінде сөйлеген халық атауы. Шығыста Мөде «шығыс ху» тайпаларын басқарып, оған шамамен алғанда, Керулен және Онон алқаптарында мекендеген сяньби және ухуань тайпалары кірген. Кореядан Тибетке және Шығыс Түркістаннан Хуанхэнің орта ағысына дейін созылып жатқан аумақ ғұн шаньюйлерінің, солтүстікте ғұн конфедерациясына біріккен тайпалар Байкалдан арғы онтүстік аудандарға дейінгі аумақты алып жатқан. б. з. б. 201 жылғы жорықта ғұндар Алтай тайпаларын түгелдей дерлік бағындырды деген деректер бар.

**Қарлұқ** – Жетісу өлкесін мекендеген көне Үйсін мемлекетінің жеріндегі түрік тайпалары. Ежелден олар Түркеш тайпаларымен қоян-қолтық араласқан, Ұлы Жібек жолының үстіндегі этникалық топтар. 766 жылы Жетісу және Шу өлкелерін билеген, Қарлұқ қағанаты (766-940) үстемдік етті.

**Қыпшақ** – қазақ халқының, басқа да бірқатар түркі халықтарының негізін құраған ежелгі тайпа. Орта Азия мен Шығыс Еуропаны мекендеген аса ірі ұлыстардың бірі. М.Қашқари еңбегі бойынша, оларға XI-дағы субар, қаңлы, карабөрікті, тоқсаба, жете, бөрлі, т.б. рулар мен тайпалар енген. Олар Түрік қағандығы ыдырағаннан кейін, Қимақ қағандығының құрамында болып, XI ғасырда бөлініп шықты. Қыпшақтар тез арада күшейіп, Орта Азия мен Шығыс Еуропаға тарала бастады.

**Түргеш** – дулы тайпа құрамының ішіне жатады, түргештердің өзі - қара және сары түргеш болып бөлінеді. Сақал қаған болған кезде түргеш қағанаты екіге бөлініп кетеді. Біреуінде Сақал өзі қаған болған, ал екіншісінде халықты Сулық қаған басқарған. Сақалға бағынатын бөлік «сары түргештер» деп аталған.

**Сақ** – б.з.б. 1-мыңжылдықта Орта Азия мен Қазақстан, Шығыс Түркістан жерін мекен еткен ежелгі тайпалар. Рим оқымыстылары



және грек тарихшысы Страбон оларды «азиялық скифтер» деп атаған. Геродот (б.з.б.V ғ) және басқа антик тарихшыларында «азия скифтері» аталған. Сақтар одақтарына яксарт, массагеттер, исседон, дайлар, астақ, камақ, аримаспы сияқты көптеген көне тайпалар біріккен.

**Яғма** – көне түрік тайпасы. Орта ғасырлардағы негізгі мекені Іле өзенінің бойында болған. Көне замандарда біршама уақыт оғыздарға билік жүргізген және Ұйғыр қағандығының хан әулеті яғма аталған. Сонымен қатар Солтүстік Моңғолия жерінде де тіршілік еткен. Қарахан әулеті мемлекетінің негізін қалауда елеулі рөл атқарған яғмалықтар XIII ғасырдағы моңғол шапқыншылығынан кейін Орталық Азиядағы түркі халықтарының (қазақ, өзбек т.б.) құрамына қосылып кетті.

## СӨЗДІКТЕР

### а

**аси (ғасый)** /а/– күнәкар  
**асы жапы (ғаси жапи)** /а/ – күнәкар, қатыгез  
**атас парас (аташпараст)** /п/ – отқа табыну

**аумат** /п/ – бағы жану, жолы болу  
**ахад** /а/ – бір, жалғыз деген мағынада.

### ә

**әзіз, ғазиз** /а/ – күдіретті, қымбатты, даңқты, ұлы  
**әрдам** /п/ – әр қилы, жан-жаққа, әр жаққа, сан саққа  
**әсел** /а/ – бал

### б

**батын** /а/– іші, ішкі деген мағына береді.  
**бажын** /п/– төлем алу  
**бағзыға** /а/ – кейбіреуіне  
**байтақ** /п/ – пайтақ, орталық, астана  
**бәдалі** /п/– беделі, абыройы  
**бузрук** /п/– үлкен, ұлы адамдар  
**бір пасан** /п/ – бір шақырым

### ғ

**ғар** /п/ – үңгір  
**ғибадат** /а/ – табыну, бас ұру, құлшылық ету  
**ғишық (а)** – сопылық ұғымда пенденің Аллаға деген шексіз махаббаты

### д

**диуана** /п/– сопылық дүниетанымдағы тариқат жолымен жүрген жан.

### ж

**жаллат** /а/ – жендет, баскесер  
**жам** /п/ – ыдыс, тостаған (шарбат ішетін)

### з

**зина** /а/ – нәпсіқұмарлық  
**зілінде** /а/ – негізінен, түбінде  
**зочи** /м/ – қонақ  
**заһир** /а/– сырты, тысы деген мағына береді. Сопылықта Алла Тағаланың бұйырған шарифат амалдарын, бұл дүниенің ілімін заһир деп тайды.

### и

**има** /а/ – ишара, тұспал, ым, ымдау

### к

**карьеризм** /о/ – баққұмарлық, мансапқорлық  
**карам** /а/ – қасиетті  
**кәуір** – кәпір, дінсіз мағынасында  
**күсәмет** /к.с./– араздық  
**көзгү** /т/– айна  
**кәләм** /а/– сөз, сөйлем деген мағына береді.





**к**

**қопал** /ж.с./– епсіз, ебедейсіз  
**құшнаш** /к.с./– бақсы-балгер, емші  
**шілтен** /п/– парсы тілінде қырық адам деген сөз.  
**Қап** /а/– діни аңыздарда әлемді орап тұрған биік тау.

**л**

**Лат-Манат** – қалмақтардың табынатын иесі, құдайы

**м**

**машұғ** /а/ – сүйікті  
**машырық** /а/ - күншығыс  
**мағұрып** /а/ - күнбатыс  
**мінәжат** /а/– құлшылық, ету, ғибадат қылу  
**мүштары** /а/– Юпитердің шығыс елдеріндегі атауы  
**малайк** /а/ – періштелер  
**мұддаға** /а/ – ой, арман, мақсат  
**мәулім** /а/ - жаратушым, ием, тәңірім.

**н**

**нама** /п/ – хат деген мағынада  
**най үміт** /п/ – үмітсіз, күдер үзу  
**наһан** /п/ – дәу, үлкен, ірі, алып  
**нәмі** /п/– аты

**р**

**Рәббім** /а/ – жаратушы ием  
**реңдер** /п/ – жақсылар, ұлы адамдар деген мағынада

**с**

**сада** /п/ – қарапайым, аңқау, жабық, бөгет, тоспа, қабырға  
**сүбісабық** /а.қ./– таң, таң шапағы, рауан

**т**

**тариқат** – сопылық ілімнің шарифаттан кейінгі екінші басқышы.

**төтем** – тотем (Солтүстік Америка аджибве тайпасының тілінен аударғанда – тек, ата) – белгілі бір тайпаның немесе этникалық топтың шыққан тегі, арғы атасы деп қарастырылатын өсімдік, жануар, зат немесе табиғат құбылысы  
**тәсір қылды** /а.қ./ – әсер берді, әсер етті

**тіллә** /п/ – ділда, алтын ақша

**ү**

**үшбу** – осы.

**п**

**пәлсафа** /а/ - философия  
**пайтахт** /п/ – астана, орталық  
**пәнт, панд** /п/ – ақыл, кеңес, өсиет, уағыз  
**пәйті** /п/ – орайы, ыңғайы  
**пақыр**/а/ – тариқат піріне қол беріп, Хақ жолына қадам басқан жан.

**х**

**харам** /а/– арам, тыйым салынған

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Абылқасымов Б. Телқоңыр. Алматы: – «Атамұра-Қазақстан», 1993. – 174 б.
2. Аверинцев С.С. Иосиф – Мифологический словарь. Москва: – «Советская энциклопедия», 1991. – 736 с.
3. Авеста. Москва: – «Дружба народов», 1993. – 206 с.
4. Авеста. «Парасат» журналы, № 8, 1993.
5. Адам Мец. Мусульманский Ренессанс. Москва: – «Наука», 1973.
6. Азибаева Б.У. Казахские народные романтические дастаны. Алматы: – «Ғылым», 1990. – 143 с.
7. Акишев, М.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрар. Алматы: – «Наука», 1972. – 215 с.
8. Ақатаев С. Күн және көлеңке. Алматы: – «Жалын», 1990. – 240 с.
9. Ақпанбек Ғ. Қазақтардың дүниетанымы. Алматы: – «Жазушы», 1993.
10. Алибеков Ш. Пути развития дореволюционной казахской сюжетной поэмы. Автореферат канд. дисс. Алматы: «Жазушы», 1962.
11. Алиев Г.Ю. Темы и сюжеты Низами в литературах народов Востока. Москва: – «Наука», 1985. – 332 с.
12. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. Алматы: – «Санат», 1996. – 127 б.
13. Аманжолов С.А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата: – «Наука», 1959. стр. 36.
14. Архаический ритуал в фольклорных и ранне-литературных памятниках. Москва: – «Наука», 1988. – 329 с.
15. Аушадияр. «Шалқар» газеті, 1991. Сәуір.
16. Ахмет Йүгнәки. Хибатул хақойық. Ташкент, 1971.
17. Ахмет Йүгнәки. Ақиқат сыйы. Алматы: – «Жазушы», 1985.
18. Ахметов Б.А. Государство кочевых узбеков. Москва: – «Наука», 1965. стр. 5.
19. Афанасьева В.К. «Гильгамеш» – мифологический словарь. Москва: – «Советская энциклопедия», 1991. – 763 с.
20. Әбдіғазиев Б. Асыл арна. Алматы: – «Қазақ университеті», 1992. – 127 б.
21. Әбілғазы. Түрік шежіресі. Алматы: – «Ана тілі», 1992. – 206 б.
22. Әдеби мұра және оны зерттеу. Алматы: – «Ғылым», 1961. – 374 б.
23. Әміров Р. Астары бар атаулар. «Жұлдыз» журналы, 1982. № 7.
24. Әуезов М. Проблемы изучения истории казахской литературы (Труды 1 сессии АН КАЗССР). Алматы, 1946.
25. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы: – «Ана тілі», 1991. – 204 б.
26. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Алматы: – «Санат», 1995. – 319 б.
27. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1959. – 150 б.



28. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. Алматы: – «Ғылым», 1962. – 143 б.
29. Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және Ортағасырлық Қазақстан. Алматы: – «Қазақстан», 1992. – 203 б.
30. Бакиханов А.К. Сочинения. Записки. Письма. Баку: – «Элм», 1983. – 344 с.
31. Барманкулов М. Тюркская вселенная. Алматы: – «Білім», 1996. – 237 с.
32. Баласағұни Жүсіп. Құтты Білік. Алматы: – «Жазушы», 1986. Аударған А.Егеубаев. – 614 б.
33. Басилов В.Н. Пари – Мифологический словарь. Москва: – «Советская энциклопедия». 1991. – 736 с.
34. Батырлық дастандар. Алматы: – «Ғылым», 1995. – 371 б.
35. Бердібаев Р. Гүлстанның бұлбұлдары. Алматы: – «Жазушы», 1970. – 239 б.
36. Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. Алматы: – «Жазушы», 1989. – 355 б.
37. Бердібаев Р. Эпос – ел қазынасы. Алматы: – «Рауан», 1995. – 349 б.
38. Беляев Е. А. Арабы. Ислам и арабский халифат в раннее средневековье. Москва, 1965. стр.154.
39. Бертельс Е.Э. Персидская любочная литература. Алматы, 1934. Сборник.
40. Бертельс Е.Э. Литература народов Средней Азии от древнейших времен до XV века. Москва: – «Новый мир», 1939. № 9.
41. Бертельс Е.Э. Абул-л-Касим Фирдоуси и его творчество. Л-М., Изд. АНССР, 1935. – 71 с.
42. Бертельс Е.Э. Низами. Москва: – «Изд.АНССР», 1959. – 262 с.
43. Бертельс Е.Э. История персидско-таджикской литературы. Москва: – «Изд.Вост.Лит», 1960. – 566 с.
44. Бес ғасыр жырлайды. – 1-том, Алматы: – «Жазушы», 1989. – 383 б.
45. Благова Г.Ф. Два издания рукописей «Махаббатнаме». — «Народы Азии и Африки». 1953. №2, стр. 209-212.
46. Бойс Мэри. Зороастрийцы. Верования и обычаи. Москва: – «Наука», 1983. – 301 с.
47. Борынғы татар әдебиаты. Казань, 1963.
48. Бөжеев М. Абайдың ақындық айналасы. Алматы: – «Жазушы», 1971. – 111 б.
49. Брагинский И.С. Из истории персидско-таджикской литературы. Москва: – «Наука», 1972. – 523 с.
50. Брагинский И.С. Проблема востоковедения. Кітапта: Актуальные проблемы восточного литературоведения. Москва: – «Наука», 1974. – 494 с.
51. Васильев Л.С. История религии Востока. Москва: – «Высшая школа», 1988. – 68 с.
52. Вейман Роберт. История литературы и мифология. Москва: – «Прогресс», 1975. – 344 с.

53. Веселовский А.Н. Историческая поэтика. Москва: – «Наука», 1967. – 405 с.
54. Гацак. В.Н. Восточнороманский героический эпос. Москва: – «Наука», 1967. – 407 с.
55. Герхардт М. Искусство повествования. Москва: – «Наука», 1984. – 455 с.
56. Горбовский А.А. Загадка древнейшей истории. Москва: «Наука», 1971, стр. 7 – 9.
57. Горбаткина Г.А. Пьесы-легенды Назым Хикмета. Алматы: – «Наука», 1984. – 455 с.
58. Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. М.-Л., Изд. АН СССР, 1950. – 479 с.
59. Гумилев Л.Н. Қиял патшалығын іздеу. Алматы: – «Балауса», 1992. – 455 б.
60. Гумилев Л.Н. Көне түркілер. Алматы: – «Білім», 1994. – 477 б.
61. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы: – «Білім», 1974.
62. Ғашық наме. Алматы: – «Жазушы», 1976. – 461 б.
63. Ғашықтық дастандар. Алматы: – «Ғылым», 1994. – 440 б.
64. Данте и всемирная литература. М., 1967.
65. Данте. Құдіретті комедия. Алматы: – «Жазушы», 1971. Аударған М.Мақатаев. – 232 б.
66. Дастандар. 1-2 том. Алматы: – «Жазушы», 1990. – 300 б. 318 б.
67. Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. Алматы: – «Рауан», 1995. – 236 б.
68. Дербісәлиев Ә. Шыңырау бұлақтар. Алматы: – «Жазушы», 1982. – 256 б.
69. Дессанлар. Ашгабат: Магарыф, 1982. – 248 б.
70. Дехтәр А.А. Проблемы поэтики дастанов урду. Москва: – «Наука», 1979. – 135 с.
71. Джавад Алмаз. Кисса-и Иусуф Али булгарско-татарский памятник. Алматы: – «Наука», 1960. XXV Международный конгресс востоковедов.
72. Диваев Ә. Тарту. Алматы: – «Ана тілі», 1992. – 255 б.
73. Древние обряды верования и культы народов Средней Азии. Москва: – «Наука», 1986. – 208 с.
74. Древние культуры Средней Азии и Индии. Л., 1984. – 186 с.
75. Дүйсенов М. Бір аспанның астында. Алматы: – «Жазушы», 1970. – 192 б.
76. Дүйсенбаев Ы. Қазақтың лиро-эпосы. Алматы: – «Ғылым», 1973. – 149 б.
77. Дүрбек. Юсуф ва Зулайхо. Москва: – «Художественная литература», 1987. – 271 с.
78. Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті. Алматы: – «Ғылым», 1994. – 614 б.



79. Еңсегенұлы Т. Әдебиетіміздің бастауы. – Авестада. Алматы: – «Ғылым», 1996. – 215 б.
80. Есімов Ғ. Абай. Алматы: – «Атамұра-Қазақстан», 1994. – 198 б.
81. Жаксылыков А. Философия всеединства и саморегуляция. Алматы: – ЦИУУ, 1994. – 100 с.
82. Жәңгірұлы Шәді. Назым Сияр Шариф. Алматы: – «Санат», 1995. – 122 б.
83. Жиреншин Ә. Қазақ кітаптарының тарихынан. Алматы: – «Қазақстан», 1971. – 179 б.
84. Жирмунский В.М., Зарифов Х.Т. Узбекский народный героический эпос. М., 1947.
85. Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. Ленинград: – «Наука», 1974. – 650 с.
86. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Алматы: – «Мектеп», 1985. – 319 б.
87. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. Алматы: – «Ғылым», 1994. – 310 б.
88. Жолдасбайұлы С. Ежелгі және Орта ғасырдағы Қазақстан. Алматы: – «Ана тілі», 1994. – 174 б.
89. Жолдасбеков М. Асыл арналар. Алматы: – «Жазушы», 1986. – 326 б.
90. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. Алматы: – «Қазмемкөркемәдбас», 1958. – 403 б.
91. Жұртбаев Т. Дулыға. Алматы: – «Жалын», 1994. – 1-2 том. – 365 б. – 383 б.
92. Зайончковский Ананиаш. «Хұсрау уа Шырын» Кутб. Транскрипция. Варшава. Акад. Наук. Кабинет ориенталистики. 1958. – 304 с.
93. Залесский Бронислав. Қазақ сахарасына саясат. Алматы: – «Өнер», 1991. – 131 б. Аударған Ә.Жәмішев.
94. Йассауи Ахмет. Хикметтер. Алматы: – «Өнер», 1995. – 207 б. Аударған Ә.Жәмішев.
95. Ибатов В.В. Иаков – Мифологический словарь. Москва: – «Советская энциклопедия», 1991. – 736 с.
96. Ибраев Ш.. Некоторые аспекты исторического развитие эпитета и его функции в «Книга моего деда Коркута» / Известия АН КазССР, серия филологии. 1979. стр. № 2
97. Ысқақов М. Халық календары. Алматы: – «Қазақстан», 1980. – 317 б.
98. Казахский фольклор (в собраниях Г.Н.Потанина). Алматы: – «Наука», 1972. – 379 с.
99. Календарные обычаи и обряды народов Восточной Азии. Москва: – «Наука», 1989. – 360 с.
100. Каскабасов С. Казахская волшебная сказка. Алматы: – «Наука», 1972 – 260 с.
101. Кәкішев Т. Қазақ әдеби сынының тарихы. Алматы: – «Санат», 1994. – 477 б.

102. Кононов А.Н. Рецензия. Қараңыз: Вопросы языкознания. № 5, 1963. стр.131-136.

103. Квятковский А. Поэтический словарь. Москва: – «Советская энциклопедия». 1966. – 375 с.

104. Келімбетов Н. Шәді ақын. Алматы: – «Жазушы», 1974. – 95 б.

105. Келімбетов Н. Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті. Алматы: – «Ана тілі», 1991. – 262 б.

106. Кенжебаев Б. Түрік қағанатынан бүгінге дейін. – Алматы: «Ана тілі», 2004, 19-б.

107. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. Алматы: – «Ғылым», 1973. – 166 б.

108. Кенжебаев Б. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті. Алматы: – «Мектеп», 1976. – 266 б.

109. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. Алматы: – «Жазушы», 1986. – 400 б.

110. Киелі кітап әңгімелері. Стамбул: – «Жаңа өмір», 1994. – 256 б.

111. Климович Л.И. Ислам. Москва: – «Наука», 1990. – 334 с.

112. Книга Марко Поло. Алматы: – «Наука», 1990. – 348 с.

113. Конрад Н.И. Запад и Восток. Москва: – «Наука», 1972. – 496 с.

114. Короглы Х.Г. Огузский героический эпос. Москва: – «Наука», 1976. – 299 с.

115. Короглы Х.Г. Узбекская литература. Москва: – «Высшая школа», 1976. – 299 с.

116. Короглы Х.Г. Взаимосвязи эпоса народов Средней Азии, Ирана, Азербайджана. Москва: – «Наука», 1983. – 335 с.

117. Косидовский З. Библейские сказания. Москва: – «Политиздат», 1979. – 476 с.

118. Көпеев М. Таңдамалы Алматы: – «Ғылым», 1990. – 271 б.

119. Көпеев М. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері. – 1-2 том. Алматы: – «Ғылым», 1992. – 220 б.

120. Кумусбаев О. Турмагамбет Изтилеуов и его Рустам-Дастан. Алматы: – «Наука», 1984. – 243 с.

121. Күмісбаев Ө. Терең тамырлар. Алматы: – «Ғылым», 1994. – 317 б.

122. Күмісбаев Ө. Абай және Шығыс. Алматы: – ҚазМҰУ, 1995. – 341 б.

123. Кішібеков Д. Рулық құрылым және рушылдық. «Қазақ әдебиеті» газеті, 1995. 15-қазан.

124. Кабуснаме. Алматы: – «Балауса», 1992. – 159 б. Аударған Т.Айнабеков.

125. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы: – «Ғылым», 1960-61. – 1-2 том. – 738 б. – 581 б.

126. Қазақ қиссалары. Бейжин. 1986. 12 том.

127. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Алматы: – «Ана тілі», 1993. – 175 б. Құрастырған М.Мағауин.



128. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Алматы: – «Ғылым», 1984. – 270 б.
129. Қашқари М. Түбір бір түркі тілі. Алматы: – «Ана тілі», 1993. – 191 б. Аударған Қ.Бекетаев, Ә.Ибаатов.
130. Қашқари М. Түркі сузләр девони. – 1-том. Ташкент, 1970. 15-б.
131. Қазақ ертегілері. Алматы: – «Жазушы», 1964. –3-том, 160-бет.
132. ҚҰ ҰҒА Ғылым академиясы кітапханасының қолжазба қоры. 202 – папка, №12.
133. Қожекеев Т. Талас пен таным. «Жұлдыз» журналы, 1991. № 9.
134. Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары. Алматы: –ҚазМУУ, 1991. – 400 б.
135. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы,: – «Санат», 1994. – 311 б.
136. Қорқыт ата кітабы. Алматы: – «Жазушы», 1986. Аударған Ә.Қоңыратбаев. – 287 б.
137. Қорқыт ата кітабы. Алматы: – «Жазушы», 1994. Аударған Б.Ысқақов. – 157 б.
138. Қисса-дастандар. Алматы: – «Жазушы», 1986. – 231 б.
139. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. Алматы: – «Жазушы», 1988. – 560 б.
140. Құдайбердиев Ш. Шежіре. Алматы: – «Білім», 1991. – 80 б.
141. Құпия шежіре. Өлгий, 1979. – 150 б. Аударған М.Сұлтанияұлы.
142. Құран Кәрім. Медине Мұнауарадағы басылым комбинаты. 1990. – 604 б.
143. Құран хикаялары. Алматы: – «Жалын», 1992. – 222 б.
144. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. Алматы: – «Мектеп», 1988. – 222 б.
145. Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. Алматы: – «Әл-Фараби», 1996. – 130 б.
146. Қырық қыз. Нөкіс: – «Мемлекет», 1956. – 481 б.
147. Лайли ва Мажнун. Тошкент: – «Фан», 1968. – 84 б.
148. Лелеков Л.А. Симуург – Мифологический словарь. Москва: – «Советская энциклопедия», 1991. – 736 с.
149. Липец Р.С. Образы батыра и его коня в тюрко-монгольском эпосе. Москва: – «Наука», 1984. – 2562 с.
150. Литература Востока в средние века. М., 1970. – 472 с.
151. Литература эпохи Возрождения. Москва: – «Наука», 1970. – 472 с.
152. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. Алматы: – «Ер Дәулет», 1994. – 237 б.
153. Мағауин М. Ғасырлар бедері. Әдеби зерттеулер. Алматы: – «Жазушы», 1991. 206-б.
154. Маданов Х., Мусин Ч. Ұлы дала тарихы. Алматы: – «Санат», 1994. – 272 б.

155. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности М-Л. , 1951, стр. 323.

156. Малов С.Е. Мусульманские сказания о пророках по Рабгузи. Записки коллегии востоковедов при Азиатском музее. Том V. Ленинград: – «Изд. АН СССР», 1930. стр. 507 – 525.

157. Маллаев Н.М. История узбекской литературы с древнейших времен до XVII века. Ташкент, 1963, стр. 27.

158. Маймин Е.А. О русском романизме. Москва: – «Просвещение», 1975. – 239 с.

159. Маколевский Е.А. Авеста. Баку: – «Изд. АНАЗССР», 1960. – 144 с.

160. Марғұлан Ә. Х. Қазақстан халықтары мен тайпаларының VI-XII ғасырлардағы мәдениеті. «Қазақ ССР тарихы», – 1-том, Алматы: – «Жазушы», 1957. 117-б.

161. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. Алматы: – «Жазушы», 1985. – 368 б.

162. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. Алматы: – «Қазақстан», 1994. – 191 б.

163. Махабхарата. Вып. I. Ашгабат: – «Ылым», 1986. – 162 б.

164. Мәлике қыздың хикаясы. «Егемен Қазақстан» газеті, 1992. 1-сәуір. Жариялаған – С.Дәуітов, И.Шафиғи.

165. Мелетинский Е.М. Средневековый роман. Москва: – «Наука», 1983. – 304 с.

166. Мелиоранский М.П. Сказание о пророке Салихе (изд. Кисас-ул-Энбия Рабгузи). Сборник статей учеников бароны В.Р.Розена к дню двадцатипятилетия его лекций. СПб, 1897, стр. 279 – 280.

167. Мифологический словарь. Москва: – «Советская энциклопедия», 1991. – 736 с.

168. Мифы древнего Рима. Саратов, 1995.

169. Мұқанов С. Халық мұрасы. Алматы: – «Қазақстан», 1974. – 235 б.

170. Мұхаммед пайғамбардың өмірі. Алматы: – «Жазушы», 1994. – 401 б.

171. Мұхтасар. Алматы: – «Жазушы», 1992. – 205 б.

172. Мың бір түн. Алматы: – «Жазушы», 1993. –1-4 том. – 475 б. – 464 б. – 496 б. – 399 б.

173. Мыңжани Н. Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы: – «Жалын», 1995. – 400 б.

174. Мырзахметов М., Әуезов М. Әуезов және Абайтану проблемалары. Алматы: – «Ғылым», 1982. – 229 б.

175. Навои Алишер. Избранное. Ташкент: – «Укутвчи», 1978. – 248 с.

176. Наджип Э.Н. Исследования по истории тюркских языков XI-XIV вв. Москва: – «Наука», 1989. – 282 с.

177. Наджип Э.Н. Кыпчакско-огузский литературный язык мамлюкского Египта XIV в. Автореферат. М., 1965, стр. 39.





178. Найманбаев Әсет. Шығармалар. Алматы: – «Жазушы», 1968. – 170 б.
179. Нахшаби Зийа ад-Дин. Книга попугая (Тути-наме). М., 1982.
180. Нахшаби Зийа ад-Дин. Тотынама. Алматы: – «Жазушы», 1991. – 300 б.
181. Немировский А.И. Мифы древней Эллады. М., 1992. – 318 с.
182. Никифоров В.Н. Восток и всемирная история. Москва: – «Наука», 1977. – 359 с.
183. Нуржанов Б.Н. Культурология. Алматы: – «Қайнар», 1994. – 128 б.
184. Нурланова К.Ш. Эстетика художественной культуры казахского народа. Алматы: – «Наука», 1987. – 172 с.
185. Орынбеков М. Предфилософия протоказахов. Алматы: – «Өлке», 1994. – 207 с.
186. Өмірәлиев Қ. ҮІІІ-ХІІ ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. Алматы: – «Мектеп», 1985. – 127 б.
187. Өмірәлиев Қ. Оғыз қаған эпосының тілі. Алматы: – «Ғылым», 1988. – 279 б.
188. Өсеров Н., Естаев Ж. Ислам және қазақтардың әдеп-ғұрпы. Алматы: – «Қазақстан», 1992. – 149 б.
189. Пиотровский М.Б. Коранические сказания. Москва: – «Наука», 1991. – 217 с.
190. Платон. Сочинения в трех томах. 3-том. Москва: – «Мысль», 1971. – 687 с.
191. Радлов В.В. Образцы народной литературы северных тюркских племен, 1885, 3 – 4 б.
192. Радлов В.В. Алтын сандық. Алматы: – «Ана тілі», 1993. – 252 б.
193. Рерих С. Сұхбат. «Комсомольская правда», 1989. – 27-қазан.
194. Рифтин Б.Л. От мифа к роману. Москва: – «Наука», 1979. – 360 с.
195. Рустамов Э.Р. Некоторые вопросы сравнительного изучения узбекской литературы XV века с другими восточными литературами. Москва: – «Ташкент», 1966. – Автореф.канд.дисс.
196. Сатпаева Ш.К. Казахско-Европейские литературные связи XIX и первой половины XX века. Алматы: – «Наука», – 280 с.
197. Сатпаева Ш.К. Казахская литература и Восток. Алматы: – «Наука», 1982. – 199 с.
198. Сатпаева Ш.К. Шәкәрім Құдайбердиев. Алматы: – «Ғылым», 1990. – 115 б.
199. Сейдімбеков А. Уақыт және кеңістік. «Ана тілі» газеті, 1995, 4-қаңтар.
200. Сейфуллин С. Шығармалар. Алты томдық. Алматы, 1964.
201. Сейітжанов З. Тарихи эпос. Алматы: – «Ғылым», 1994. – 109 б.
202. Смирнова В.В. Мировая художественная культура. Часть I. Москва: – Изд. центр «Аз», 1995. – 149 с.

203. Стеблин-Каменский М.И. Миф. Москва: – «Наука», 1976. – 104 с.
204. Стеблин-Каменский М.И. Мифология древнего мира. М., 1978.
205. Сүйіншәлиев Х. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Алматы: – «Мектеп», 1986. – 236 б.
206. Сүйіншәлиев Х. УІІІ-ХУІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Алматы: – «Мектеп», 1989. – 278 б.
207. Сүйіншәлиев Х. Ғасырлар поэзиясы: Зерттеулер. Алматы: – «Жазушы», 1987. – 7-б.
208. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. Алматы: – «Мектеп», 1980. – 126 б.
209. Тагирджанов Г.Т. «Влияние поэмы Фирдоуси», «Иусуф и Зулайха». Палест. Сб. Вып. 21. (84), Л, 1970, стр. 46 – 51.
210. Тайлор Э.Б. Первобытная культура. Москва: – «Политическая литература», 1989. – 573 с.
211. Тәжібаев Ә. Асыл арналарды оқығаннан кейін. Кітапта: Асыл арналар. Алматы: – «Жазушы», 1990. – 341-б.
212. Токараев С.А. Ранние формы Религии. Москва: – «Политиздат», 1990. – 621 с.
213. Толстов С.П. Пережитки тотемизма дуальной организации у туркмен ПИДО, 1985. № 9-10.
214. Толстова Л.С. Исторические предания южного Приаралья. М., 1984. – 246 с.
215. Торайғыров С. Қамар сұлу. Шығармалар. – 2-том. Алматы: – «Жазушы», 1987. – 318 б.
216. Тотынама. Алматы: – «Ғылым», 1991. – 301 б.
217. Тотының тоқсан тарауы. Алматы: – «Жазушы», 1970.
218. Түркі дүниасы ел кітабы. Анкара, 1992. – 3 том. – 778 б.
219. Тюркологический сборник. М., 1981. – 296 с.
220. Тұрлаулы толғанис //Кітапта: Б.Кенжебаев. Түрік қағанатынан бүгінге дейін. – Алматы: – «Ана тілі», 2004. – 7-б.
221. Туғанбаев К. Тағы да Ескендір поэмасы туралы. «Лен. жас» газеті, 1971, 23 апрель.
222. Ульмас Мирзакаримова, Морфологические особенности «Кисаси Рабгузи». Ташкент, 1969, автореф.канд. дисс.
223. Узбек әдебиати науналары. Самарканд – Ташкент, 1928; Маллаев Н.М. История узбекской литературы с древнейших времен. Стр. 27.
224. Устамов Э.Р. Узбекская поэзия в первой половине ХУ в. Москва: – «Изд. вост. лит», 1936. – 367 с.
225. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Алматы: – «Жазушы», 1985. – 558 б.
226. Усманов М.А. Татарские исторические источники ХХІІ-ХХІІІ вв. Казань: – «Изд.Казанского унив», 1972. – 223 с.
227. Филиштинский М.И., Шидфар Б.Я. Очерк арабо-мусульманской культуры. Москва: – «Наука», 1971. – 256 с.



228. Фирдоуси. Мәнүшеһр. Алматы: – «Жазушы», 1972. – 168 б.  
Аударған Б.Алдамжаров.
229. Фирдоуси. Кей Хұсрау. Алматы: – «Жазушы», 1976. – 184 б.
230. Фон Грюнебаум. Г.Э. Классический ислам. Москва: – «Наука», 1986. – 215 с.
231. Фрезер Дж. Золотая ветвь. Москва: – «Политиздат», 1983. – 703 с.
232. Фрейденберг О.М. Миф и литература древности. Москва: – «Наука», 1978. – 605 с.
233. Хисамов Н.Ш. Поэма «Кысса-и Иусуф» Кул Гали. Алматы: – «Наука», 1979. – 252 с.
234. Чернышевский Н.Г. Эстетические отношения искусства к действительности. М., 1955, стр. 32.
235. Чизхолм Джейн, Миллард Энн. Ранние цивилизация. Москва: – «Росмэн», 1995. – 96 с.
236. Шукасапгати. Москва: – «Наука», 1960. – 129 с.
237. Щербак А.М. «Огуз нама», «Мухаббат нама», Москва: – Издательство «Восточной литературы», 1959, стр 5.
238. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Алматы: – «Ғылым», 1993. – 295 б.
239. Ысмайылов Е. Әдебиет жайлы ойлар. Алматы: – «Ғылым», 1968. – 320 б.
240. Изтілеуов Т. Назым. Алматы: – «Жазушы», 1972, 1982. – 263 б.
241. Изтілеуов Т. Рүстем – дастан. Алматы: «Жазушы», 1961. – 7-б.
242. Эпос о Гильгамеше. Перевод с аккадского И.М.Дьяконова. М-Л. Изд.АН СССР. 1961. – 214 с.
243. Эрман В.Г., Темкин Э.Н. Мифы древней Индии. Москва: – «Наука», 1975. – 240 с.
244. Яншина Э.М. Формирование и развитие древнекитайской мифологии. Москва: – «Наука», 1984. – 248 с.
245. Ясауи тағылымы. Түркістан: – «Мұра», 1996. – 152 с.
246. Қазақ Энциклопедиясы. Алматы: – «Арыс», –2-том, 2005.
247. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: – «Аруна» 2005.

## РЕЗЮМЕ

Профессор Б. Кенжебаев был одним из выдающихся ученых, знатоком древней казахской литературы, который уделял много внимания на изучение первых периодов национальной литературы и придавал огромное значение на древнейшей литературе. Потому что, именно этот ученый прославился как единственный литературовед, который смог упорно отстаивать свое рассудительное мнение о том, что исследование казахской литературы надо начинать с древнейших времен и приступивший к реализации начатое собой дело.

Он оставил после себя не только драгоценное наследие, и еще твердо формирующую школу. Ученый-наставник, предлагая молодым ученым-исследователям, в процессе исследования древне тюркских письменных памятников новые темы, непосредственно руководствовал ими, и направлял их в новый путь. Под руководством профессора Б. Кенжебаева его ученики М.Магауин, М.Жолдасбеков, А.Кыраубаева защитили свои кандидатские диссертации на тему: «Поэзия акын-жырауов ХУ-ХУІІІ веков» (1967), «Древнетюркские литературные памятники и их отношение к казахской литературе» (1969), «Кисасул Рабгузи» и «идейно-художественные особенности «Махаббат-намы» (1974). А также были опубликованы монографии Б. Кенжебаева «Древняя эпоха казахской литературы» (1970), «Вопросы истории казахской литературы» (1973), М. Жолдасбекова «Литературные истоки» (1986), Х.Сүйіншіәлиева «Поэзия столетия» (1987), А.Кыраубаевой «Наследие эпохи» (1988), К.Сыдыикова «Акын и жырауы» (1974), М.Магауина «Мелодия кобыза» (1968) и антологическая книга «Алдаспан» (1970). Хрестоматия «Казахская литература в древности» (1967), в составление которого принимали участие несколько исследователи этой группы, в свою очередь считается значительным открытием.

Многие труды вышеперечисленных ученых до сих пор не теряли свою ценность. Их передовые труды, написанные на древнюю литературную тематику являются один из необходимых учебных пособия для исследователей истории современной литературы, для студентов и магистрантов филологического факультета высших учебных заведения. А также такие ценные книги, написанные истории казахской литературы имеет большой спрос среди читателей, интересующих проблемами тюркологии. Многие научные труды, опубликованные в 70-80 годах на сегодняшний день превратились на редкий экземпляр.

Учитывая все эти обстоятельство, Комитет Наука МОН РК и Отдел древнейшей и средневековой литературы Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова в рамках целевой программы «Ғылыми қазына» приступили к подготовке серию лучших исследований. В книгу, рекомендованную к изданию «Исследовательские труды по истории тюркской литературы» входят научные работы в которых всесторонне проанализированы актуальные проблемы по изучению древнейшей эпохи истории казахской литературы, методы их решения. В этих трудах, рассматривающие с научной точкой зрения актуальные темы достаточно прокомментированы генезис древней литературной наследии, ареалы их развития и распространения, сюжетно-типологические и художественные особенности.



## SUMMARY

Professor B. Kenzhebaev was one of the outstanding scientists, expert in ancient Kazakh literature, who has devoted much attention to the study of the first periods of the national literature and attached great importance to the ancient literature. Because that is what the scientist became famous as the only literary critic, who was able to defend its hard prudent belief that the study of Kazakh literature should start from the earliest times and to initiate a business started.

He left behind not only a precious heritage and a solid to form a school. Scientist and mentor, offering young research scientists in the study of ancient Turkic monuments written themes, directly guided by them, and guide them in a new way. Under the direction of professor B. Kenjebayev his students Magauin M., M. Zholdasbekov, A. Kyraubaeva defended his PhD thesis on “Poetry akin zhyrauov-XY-HYIII ages” (1967), “Ancient literary monuments and their relationship to the Kazakh literature “ (1969), “Kissa-ul Rabguzi» and «ideological and artistic features» Mahabbat-nama «(1974).

Also published monographs of B.Kenjebayev “Ancient era Kazakh literature” (1970), “Issues of the Kazakh literature” (1973), M. Zholdasbekov “Asyl arnalar (Precious direction)” (1986), H. Syyinshəliev “Poetry of the Century” (1987), A. Kyraubaeva «Legacy Era» (1988), K.Sydiykov «Akin-zhyrauy» (1974), M. Magauin «Kobyz Melody» (1968) and anthological book «Aldaspan» (1970). A Reader «Kazakh literature in antiquity» (1967), the drafting of which was attended by several researchers of the group, in turn, is a significant discovery.

Many works of the above scientists still do not lose their value. Their best works written in ancient literary themes are one of the essential teaching tool for researchers of the history of modern literature, for undergraduate and graduate students of philological faculty of higher education institutions. And such a valuable book, written in the ancient era of Kazakh literature has a great demand among readers interested in the subject of Turkic. Many scientific works published in the 70-80 years currently become a rare instance.

In all the circumstances, Ministry of Educatoin and Scientific, the Scientific Committee, Institute of Literature and Art M.O.Auezov, Department of Ancient and Medieval Literature in a focused program “Scientific treasure” started to prepare a series of top research. The study of ancient Turkic literature” will be made to studies that comprehensively analyze current problems on the study of the ancient era of the Kazakh literature, methods and approaches to address them. These works are, from a scientific point of view, the actual topics are commented on the genesis of the ancient literary heritage areas of their development and distribution, plot-typological and artistic features.

## МАЗМҰНЫ

Алғысөз (С.Қосанов) .....	5
---------------------------	---

### **Б.КЕНЖЕБАЕВ**

#### **ӘДЕБИЕТ БЕЛЕСТЕРІ**

Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу .....	16
Әдебиет тарихын зерттеудің кейбір мәселелері.....	25

### **М.ЖОЛДАСБЕКОВ**

#### **ЖАЗБА ӘДЕБИЕТ БАСТАУЛАРЫ**

Орхон ескерткіштері (ҮІІ-ҮІІІ ғғ.) .....	34
Орхон ескерткіштері туған дәуір, ондағы тарихи шындық .....	35
Тастар сөйлейді .....	42
Орхон ескерткіштерінің табылуы және ашылуы .....	43
Орхон ескерткіштерінің аударылуы .....	49
Орхон ескерткіштерінің жанрлық сипаты .....	56
Орхон ескерткіштері және қазақ эпосы .....	61
Образдар .....	75
Орхон ескерткішіне тән қасиеттер .....	80
Орхон ескерткіштерінің көркемдігі.....	84
Бейнелеу тәсілдері .....	91

### **Х.СҮЙІНШӘЛИЕВ**

#### **ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ӘДЕБИЕТ ҮЛГІЛЕРІ**

VІІІ-XIV ғасырдағы әдебиет .....	98
Көне түркі жазба ескерткіштері .....	104

«Диуани лұғат ат-түрік» - көне түркі поэзиясының	
тұңғыш жинағы .....	116
Оғыз нама.....	135
Қорқыт ата кітабы.....	138
«Құтадғу білік» - даналық дастан .....	156
Ахмет Йүгнәки .....	173

## **А.ҚЫРАУБАЕВА**

### **ТҮРКІ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ НӘЗИРА ДӘСТҮРІ**

Аударма – нәзира әдебиет. «Қисас-ул Рабғұзи»	
(«Рабғұзи қиссалары»).....	180
Тыңтума әдебиет. Махаббатнама .....	228
Қисса дастандардың мифтік негіздері .....	241
Түрік әдебиетіндегі Оянушылық және нәзира дәстүрінің тууы.....	294

### **ҒЫЛЫМИ ҚОСЫМШАЛАР**

Ғылыми түсініктемелер.....	346
Зерттеуші-авторлар туралы мәлімет .....	361
Жинақта кездесетін тарихи тұлғалар мен кейіпкерлер .....	364
Жинақта аталатын авторлар туралы мәлімет .....	369
Тарихи-әдеби шығармалар жайында ақпарат .....	376
Мерзімді баспасөз, газет-журнал атаулары .....	382
Мәтіндерде кездесетін әдеби терминдер .....	383
Жер-су атаулары .....	385
Ру-гайпа атаулары .....	390
Сөздіктер.....	392
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі .....	394
Резюме.....	403
Summary .....	405

ISBN 978-601-7414-05-4



Ғылыми басылым

КЛАССИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

6-том

**КӨНЕ ТҮРКІ ӘДЕБИЕТІ  
ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған

**Шығаруға жауапты: А.Хаван**

**Редакторлары: Б.Тоекина**

**Компьютерге терген: Н.Құдайбергенов**

**Компьютерде беттеген және дизайнын жасаған: Н.Серғожаұлы**

**«Ғылыми қазына» логотипінің идеясы –**

Аяған Б.Ғ., т.ғ.д., профессор

**«Ғылыми қазына» логотипінің дизайнын жасаған –**

Бекенова М.С., Нұрғожина Ж.Е.

---

Басуға 29.11.2012 қол қойылды.

Пішімі 60x90<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Қаріп түрі «Таймс».

Баспа табағы 25.5. Таралымы 1000 дана.

---

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы  
"Полиграфкомбинат" ЖШС-нде басылды. 050002, Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 41.